

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 94(100)"12/13": 327

Қолжазба құқығында

АБДИМОМЫНОВ НУРТАС ТАЛГАТЖАНОВИЧ

**Алтын Орданың сыртқы саясатының негізгі бағыттары
(XIII-XIV ғғ.)**

6D020300 – Тарих

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
тарих ғылымдарының докторы,
профессор Жұмағұлов Қ.Т.,

тарих ғылымдарының докторы,
Тюбинген университетінің
профессоры Майер М.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2011

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 БАТУДЫҢ БАТЫСҚА ЖОРЫҒЫ ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДАНЫҢ ЕУРОПАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....	23
1.1 Батыс жорығының тарихи алғышарттары	23
1.2 Батыс жорығының бастапқы кезеңі: Еділ бұлғарлары, Қыпшақ және Русь территориясын бағындыру.....	34
1.3 Моңғолдардың Орталық Еуропаға жорықтары және Батыс жорығының аяқталуы.....	46
1.4 Алтын Орданың Еуропамен саяси қарым-қатынастары	57
2 САРАЙ-ҚАРАҚОРЫМ ЖӘНЕ САРАЙ-ТЕБРИЗ САЯСИ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТАРЫ.....	73
2.1 XIII ғ. 40-60-шы жылдарындағы Сарай-Қарақорым саяси қарым- қатынастары	73
2.2 Алтын Орда және Хулагулық Иран: жауластықтың бастапқы кезеңі мен оның себептері.....	85
2.3 Жошы ұрпақтары және Хулагу әулеті арасындағы соғыстың барысы мен оның қорытындылары	99
3 САРАЙ-КАИР ЖӘНЕ САРАЙ-КОНСТАНТИНОПОЛЬ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....	118
3.1 Алтын Орда және Мысыр мәмлүк мемлекеті арасындағы әскери-саяси одақтың құрылуы	118
3.2 Сарай мен Каир арасындағы саяси және дипломатиялық қарым- қатынастар	127
3.3 Алтын Орда және Византия империясы арасындағы саяси қарым- қатынастар	147
4 АЛТЫН ОРДАНЫҢ XIV Ғ. 80-90-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ	156
4.1 Алтын Орда билігіне Тоқтамыстың келуі мен оның сыртқы саясатының негізгі бағыттары.....	156
4.2 Тоқтамыс пен Темір арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуі, Қондырша (Құндызша) шайқасы	170
4.3 Алтын Орда және Темір державасы арасындағы ақтық шайқастар....	183
ҚОРЫТЫНДЫ	193
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	199

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс XIII-XIV ғғ. әлемдік саяси үдерістер контекстінде Алтын Орда әскери-саяси державасының сыртқы саясатының негізгі бағыттары мен халықаралық байланыстарын кешенді түрде қарастыруға арналған зерттеу еңбегі болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің жиырма жылдығы қарсаңында әлемдік деңгейде саяси, экономикалық және мәдени іс-шараларды өткізумен қатар, Еуропадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымы, Ислам Конференциясы ұйымы сияқты аса беделді халықаралық ұйымдарға төрағалық ете отырып, ғаламдық саясатта өзінің беделі мен мәртебесінің биік екендігін тағы бір дәлелдеді. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың кемеңгерлігі мен сындарлы саясатының арқасында еліміз бүгінгі күні ғаламдық саясаттың әлем мойындаған ықпалды субъектісіне айналып үлгерді. Осыған байланысты ғасырлар қойнауының тарихи кезеңдерінде қазақ даласының халықаралық қатынастар жүйесіндегі сыртқы байланыстарының тарихын әлем жұртшылығының танып білуге деген қызығушылығын арттырғаны сөзсіз. Осы орайда, Еуразия континентінде бірнеше ғасырлар бойы державалық мемлекет ретінде өмір сүрген және орта ғасырларда әлемдегі ең ірі мемлекеттің бірі болған Алтын Орданың сыртқы саясаты мен халықаралық байланыстарын зерттеу отандық тарих ғылымы үшін аса өзектілігімен ерекшеленеді. Өйткені қазіргі Қазақстан территориясы географиялық орналасуы жағынан XIII-XIV ғғ. аса маңызды тарихи оқиғалар орын алған Еуразия континентінің жер кіндігінде орналасуымен қатар, осы аймақты мекендеген және қазақ халқының қалыптасуында елеулі рөл атқарған қыпшақ атанған түрік тайпаларының негізінде Алтын Орда державасының басты саяси-әлеуметтік тірегі мен әскери стратегиялық маңызды аймағы болды.

Алтын Орда – ортағасырлық кезеңде бірнеше ғасырлар бойы Еуразия халықтарының өмірінде маңызды орын алған және тарихи үдерісінде айрықша із қалдырған мемлекеттердің бірі. Бірақ державаның жүргізген саясатының XIII-XIV ғғ. Еуропа мен Азия халықтарының тарихи дамуына тигізген әсері мен ықпалын объективті түрде әділ бағалау мәселесі әлемдік медиевистикада әлі де күрделі және дискуссиялық бағыттардың бірі болып табылады. Әрине, ортағасырлық кезеңдегі мұндай ірі еуразиялық державаның тарихы әлем зерттеушілерінің назарын өзіне ерте аудартты. XVIII ғ. басында Батыс Еуропада, XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басында Ресейде бастауын алған зерттеулердің нәтижесінде қазірге дейін өзіндік ауқымды деректер базасы мен тарихнамасы қалыптасқанына қарамастан, державаның әлемдік геосаясатта алатын орны мен статусы және сыртқы саясатына қатысты мәселелер кешенді түрде толық қарастырылмаған. Тақырыпқа қатысты кейбір мемлекеттермен қарым-қатынастары жан-жақты қарастырылған. Әсіресе, оған Алтын Орда тарихнамасындағы Русь-Орда қарым-қатынастары қазіргі кезеңге дейін өте көп зерттелген тақырыптардың бірі. Бірақ Русь-Орда қарым-қатынастары Алтын Орданың сыртқы саясатының басты көрсеткіші бола алмайды. Бұл қатынасты

сюзерен мен вассал арасындағы қарым-қатынас ретінде қарастыруға болады, яғни Русь князьдіктері Алтын Орда билеушілеріне алым-салық төлеп тұрған тәуелді аймақ болды [1, с. 94]. Сонымен қатар, тақырыпқа қатысты жекелеген мәселелер ұзақ жылдар бойы зерттелгенімен, түрлі мемлекеттердің, түрлі қоғамның идеологиясының әсерінен біржақты көзқарастар тұрғысында қарастырылды, ал XX ғ. 90-шы жылдарынан бері қарай державаның жүргізген саясатының тек регрессивті рөлін ғана көрсетуге деген біржақты көзқарастардан азат етіліп, қазіргі кезеңде тарихшылар арасында оның позитивтік жақтарын көрсетуге деген пікірлері басымдылыққа ие болып отыр. Бірақ Алтын Орда моңғолдардың агрессиялық саясатының нәтижесінде құрылған мемлекет болды. Сондықтан мемлекеттің құрылуы кезеңінде оның жаулаушылық факторының басым болғанын ескергеніміз жөн. Моңғолдардың жойқын жорықтарының нәтижесінде Еуразияның саяси картасы өзгеріске ұшырап, бұл территорияда ғасырлар бойы мекендеген халықтардың тарихи даму үдерісін біршама уақытқа тежеген сол кезеңдегі тарихи деректерде сипатталғандай, үлкен алапаттар алып келгені белгілі. Бірақ жаулаушылық жорықтардың нәтижесінде Еуразия даласында Алтын Орданың құрылуынан кейін, оның жүргізген саясаты нәтижесінде ортағасырлық кезеңдегі феодалдық қоғамға тән түрлі тайпалар, халықтардың арасындағы өзара күрестер біршама тоқтатылып, олардың кейін мемлекет болып қалыптасуына оң әсері болды. Осы жағынан алғанда мәселенің ара салмағын салыстырмалы түрде қарастырғанда ғана объективтілікке қол жеткізе аламыз. Бұл жөнінде отандық зерттеуші ғалым З. Қинаятұлының айтқанындай, «Тарихтың қай кезеңінде болмасын шапқыншылықты ақтап алу мүмкін емес. Бірақ біз қалайда Шыңғыс хан шапқыншылығының әкелген қасіреті мен кейін оның ұрпақтары жасаған кейбір игі қадамдарының ара-жігін ажыратып көрсеткенде ғана шындыққа бір табан жақындаймыз» [2, 686 б.].

Алтын Орда – өзінің күш-қуаттылығы кезеңінде геосаяси мүмкіндіктеріне сүйене отырып, Шығыс және Орталық Еуропа, Орта Азия мен Сібір, Таяу және Орта Шығыс мемлекеттеріне қатысты саясатын жүргізген шын мәнісінде қуатты державалық мемлекет болған еді. Осы орайда, Алтын Орда державасы өзінің сыртқы саясатын әлемдік саясат контекстінде батыс, шығыс және оңтүстік бағыттарында (векторларында) жүргізгені айқын байқалады. Бұл бағыттардың жалпы сипаттамасын беру тақырыптың өзектілігін айқындай түсетіні сөзсіз.

Батыс бағыты – Алтын Орданың сыртқы саясатының эволюциясында маңызды орын алады. Шыңғыс хан көзі тірісінде тұңғыш ұлы Жошыға өз енші иелігін бөліп берумен қатар, әлі де бағындырылмаған батыс аймақтарға жорыққа аттануға тапсырма бергені белгілі. Бірақ Жошының әкесінен ерте қайтыс болуына байланысты бұл тапсырманы орындай алмады, әке аманатын орындау оның екінші ұлы Батуға жүктелді. Осыған орай, Бату жеті жылға созылған Батыс жорығына (1236-1242) қолбасшылық жасап, Еділ бұлғарлары, Қыпшақтың батыс бөлігі және Русь территориясын бағындырып, Шығыс және Орталық Еуропаның бірқатар мемлекеттеріне масштабты жорықтар жасады. Еуропа мемлекеттері – Алтын Орда мемлекетінің батыс бағытындағы

саясатының негізгі объектісіне айналды. Сондықтан батыс бағытында Алтын Орда – Русьтің батыс бөлігі (Оңтүстік Русь), Литва, Венгрия, Польша, Болгария және Сербиямен, тіпті Батыс Еуропаның ірі империялық мемлекеттерімен де аталған мемлекеттерге қатысты жанама саяси қарым-қатынастарға түсті. Ал XIII ғ. 80-ші жылдарында Алтын Орда әскерінің католиктік христиан әлемінің шығыс аудандары Венгрия және Польшаға жасаған жорықтары сол кезеңдегі еуропалық тарихи жазбаларда «моңғол-татарлардың Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропаға екінші шапқыншылығы» ретінде сипатталған еді. Тіпті Алтын Орданың сыртқы саясатының өзге де бағыттарындағы саяси жағдайлардың күрделенгеніне қарамастан, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа мемлекеттері Жошы ұрпақтарының назарында болды. Сондай-ақ, Алтын Орданың сыртқы саясатында Еуропамен экономикалық байланыстар орнатты. Берке билігі кезеңінен басталған Қырым және Солтүстік Қара теңіз аймағында Венеция, Генуя және Пиза сияқты итальян теңіз сауда республикалары белсенді түрде сауда экспедицияларын жүзеге асыра бастаған еді. Берке хан билігі кезінде итальяндықтар енді ғана Солтүстік Қара теңіз аймағында орнығып жатқан болатын, ал бұл аудандарға ресми түрде олардың бекітілуі оның мұрагерлерінің билігі кезінде болды. Алтын Орда хандары халықаралық теңіз саудасынан түсетін табыс көзін жоғары бағалады. Сондықтан Мөңке-Темір, Өзбек хандар билігі кезеңінде бұл аймақтарда бірімен-бірі бәсекелес генуялықтар мен венециялықтар тарапынан Танада (Азов) және Кафада (Феодосия) ірі сауда факторияларының орнығуына мүмкіндік беріп, оларға қатысты арнайы алым-салық жүйесін енгізген еді.

Шығыс бағыты – Бату қолбасшылығымен моңғолдардың Еуропаға жасаған жорығының соңына қарай, Моңғолия жерінде ұлы қаған Өгөдэйдің қайтыс болуынан кейін басталған империя ішінде тақ мәселесі төңірегіндегі саяси жағдайдың күрделенуіне байланысты Жошы ұлысының бұл бағыттағы саясатының маңыздылығы күшейді. Осыған орай, осы кезеңде Жошы ұлысын тәуелсіз түрде билеуге күш салған Бату өзінің сыртқы саясатында шығыстағы саяси оқиғаларға назарын аударып, Қарақорымдағы саяси мәселелерге араласуына тура келді. Өйткені бұл кезеңде Моңғол империясы әлі де болса біртұтас державалық мемлекет болды, ал оның билеушісі ұлы қаған әлемдік геосаясаттың өзгеруіне ықпал етуге мүмкіндігі болған еді [1, с. 95]. Моңғол империясының ұлы қаған тағына Батудың ескі қарсыласы Өгөдэй ұлы Гуюктің отыруы Сарай-Қарақорым қарым-қатынасының конфронтациялық сипатына алып келіп, тіпті Моңғол империясының ішінде азамат соғысының болу қаупі осы кезеңде туындады. Өйткені Шыңғыс хан ұрпақтары арасында (Жошы-Төле ұрпақтары және Өгөдэй-Шағатай ұрпақтары) екі тарапқа бөлініп, өзара қарама-қарсылығы да байқалған еді. Бірақ Гуюктің қаза болуы бұл қауіп-қатердің бейбіт шешілуіне оң әсер етті. Осыдан кейін Бату орталық билікке тікелей араласып, Төле ұрпақтарының билікке келуіне жағдай жасады. Басқаша айтқанда, Жошы-Төле ұрпақтары ішкі талас-тартыста жеңіске жетіп, іс жүзінде бейбіт түрде мемлекеттік төңкеріс жасаған еді. Моңғол империясының ұлы қаған тағы үшін Арық-Бұға мен Құбылай арасындағы күрес кезінде және одан кейінгі билікке келген Төле ұлы Құбылайдың империя орталығын Қытайға

көшіруінен кейінгі моңғол әлеміндегі болған саяси оқиғаларға байланысты Жошы ұрпақтарының бұл бағыттағы сыртқы саясатын белсенділікпен жүргізуіне тура келді.

Оңтүстік бағыты – Бату билігі кезінде негізі қаланғанымен, оның саясатын жандандырған Беркенің билікке келуінен кейін басты бағыттың біріне айналып, державаның бұл бағыттағы сыртқы саясатының маңыздылығы күшейді. Кавказ жері үшін территориялық және экономикалық мүддеге негізделген Хулагулық Иран мемлекеті арасындағы Әзірбайжан жері үшін талас-тартыстар ұзақ жылдарға созылып, сол кезеңдегі Мысыр мәмлүк мемлекеті мен Византия империясының сыртқы саясатының негізгі факторына айналды. Бұл бағыттағы жетістіктердің бірі – Таяу Шығыстың экономикалық және саяси дамуы жағынан ең жоғары Мысыр мемлекетімен ұзаққа созылған тұрақты дипломатиялық қарым-қатынастардың негізі қаланды. Сондай-ақ, Алтын Орда хандарының оңтүстік бағыттағы Әзірбайжан жеріне қатысты саясатында Хулагулық Иран мемлекетінің ыдырауынан кейін жалғаса берді. Жәнібек хан билігі кезеңінде Алтын Орда хандарының ғасырлар бойы Әзірбайжан жерін бағындыруды мақсат еткен армандары жүзеге асқанымен, бұл аймақ Жошы ұлысы құрамында ұзақ уақыт болған жоқ. Алтын Орда билігіне Бердібектің билікке келуінен кейін басталған саяси дүрбелең жылдарында Жошы ұрпақтары тек Әзірбайжан жерінен ғана айырылған жоқ, сонымен қатар сыртқы саясаттағы ықпалынан да айырылған еді. Бірақ XIV ғ. 80-ші жылдарында Тоқтамыс хан күллі Жошы ұлысының басын біріктірген соң, мемлекеттің оңтүстік бағыттағы саясатын қайта жандандыра бастады. Бірақ XIV ғ. 80-ші ж. соңына қарай Алтын Орданың саясаты Темір державасының мүддесіне қарама-қайшы келудің нәтижесінде соғыс отының тұтануына байланысты Тоқтамыс ханның бұл бағыттағы саясатының барлық күш жігері Темір агрессиясына қарсы бағытталды.

Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде кеңінен қолданылған Алтын Орда атауы тарихи деректерде XIII ғ. аяғы мен XIV ғ. басында алғаш рет Рашид ад-Дин мәліметінде кездеседі [3, с. 230]. Бірақ парсы тарихшысы, «урду-и заррин-и бузург зарин» (Большая Золотая Орда) жөнінде айта отырып, Бату құрған мемлекетті емес, Шыңғыс ханның ставкасын айтқан болатын [4, с. 59-60]. Сондай-ақ, Алтын Орда ұғымы біртекті емес, бір жағдайда Алтын Орда деп Бату мен оның мирасқоры Беркенің жеке иелігіндегі жерлерді, яғни Төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказ, ал енді бір орайда түгелдей Жошы ұлысына қатысты айтылады [5, 82 б.]. Бірақ осыларға қарамастан, Алтын Орда атауы ғылыми әдебиеттерде кең қолданылатын дағдылы атауға айналды. Сондықтан зерттеу жұмысында тақырыпқа арқау болған еуразиялық держава атауын Жошы ұлысы және Алтын Орда ретінде тең дәрежеде қолдануды жөн санадық.

Зерттеу нысаны. XIII-XIV ғғ. Алтын Орданың сыртқы саясатының негізгі бағыттары мен халықаралық байланыстары диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны болып табылады.

Зерттеу пәні. XIII-XIV ғғ. Еуразия континентінде болған саяси оқиғалар: моңғол жаулаушылық жорықтары, Алтын Орданың құрылуы мен оның сыртқы саясатының эволюциясы және державаның әлемдік саясатқа ықпалы мен сол

кезеңдегі ірі мемлекеттермен қарым-қатынастары зерттеу пәні болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Диссертациялық жұмыста Алтын Орданың сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтай отырып, оның эволюциясы мен жалпы үрдісін отандық және шетелдік тұжырымдамалық ой-пікірлер арқылы жаңаша көзқарастар мен тарихи деректер сабақтастығында кешенді түрде қарастыру көзделді. Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** жүзеге асыру көзделді:

– Алтын Орданың сыртқы саясаты мен халықаралық байланыстарына қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің қорытындылары мен тұжырымдамалық ой-пікірлерін жүйелеу;

– Жошы ұлысының құрылуы мен оның әскери-саяси стратегиялық маңызын айқындау;

– Батыс жорығының (1236-1242) тарихи алғышарттарын, жорықтың барысын және оның қорытындысын талдау;

– Алтын Орданың сыртқы саясатының жалпы эволюциясы мен оның негізгі бағыттарын анықтау;

– Алтын Орданың Еуропа мемлекеттерімен қарым-қатынастарының ерекшеліктерін сараптау;

– Жошы ұрпақтары мен Хулагу әулеті арасындағы соғыстардың себептерін, барысын және қорытындысын талдау;

– Алтын Орданың Мысыр мәмлүк мемлекеті және Византия империясымен саяси қарым-қатынастарын сараптау;

– Алтын Орданың Темір державасымен саяси қарым-қатынастарын және Тоқтамыстың Темір агрессиясына қарсы күресін тәуелсіз ой-пікірлер тұрғысында қарастыру;

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері. Әлемдік деңгейде сыртқы саясатын белсенді жүргізген Алтын Орданың сыртқы саясатының қалыптасу кезеңі Моңғол империясының шеңберінде Шыңғыс хан заманынан бастау алса, мемлекеттің әлемдік саясаттағы ықпалынан айырылуы мен мемлекеттің құлауына алғышарттар жасаған ортазиялық билеуші Темірдің билігі кезеңіне дейін жалғасын тапты. Осыған байланысты Шыңғыс ханнан Темірге дейінгі тарихи кезең (XIII-XIV ғғ.) зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері болып табылады.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. XIII-XIV ғғ. Еуропа мен Азия халықтарының тарихына аса зор ықпал еткен тақырыпқа арқау болған еуразиялық державаның сыртқы саясаты мен оның халықаралық байланыстары зерттеуші ғалымдардың назарын өзіне ерте аудартты. Сондықтан тақырыпқа қатысты жекелеген мәселелер бойынша ұзақ уақыт бойына жүргізілген зерттеулер нәтижесінде бүгінге дейін көптеген еңбектер мен зерттеулер жарыққа шықты. Алтын Орда тарихының мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулерде бастапқы кезеңнен бастап-ақ, Батыс Еуропа және Ресей зерттеушілері үлкен белсенділік танытты. Тіпті олардың арасында бәсекелестіктің болғаны да байқалады. Өйткені Кеңес дәуірі тұсында белгілі Ресей ғалымдары Батыс Еуропа зерттеушілерінің тақырыпқа қатысты

мәселелер бойынша жазған еңбектерінің ғылыми құндылығын жоққа шығаруға тырысты. Ал отандық тарихнамада бұл тақырып төңірегіндегі мәселелер XX ғ. бас кезеңінде қазақ зиялыларының еңбектері мен Кеңес дәуірі кезеңіндегі қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде біршама қарастырылғанымен, тақырыпқа қатысты мәселелер арнайы зерттеудің объектісі бола алмады. Тек XX ғ. 90-шы жылдарынан бастап, тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша отандық зерттеушілер еңбектерінде арнайы қарастырыла бастады. Осыған орай, тақырыптың ұзақ жылдар бойы зерттелу деңгейінің ерекшеліктеріне байланысты оларды батысеуропалық тарихнама (ағылшын, француз, неміс және т.б.), ресейлік тарихнама (Патшалық Ресей, Кеңестік Ресей және қазіргі Ресей тарихнамасы) және отандық тарихнама деп үш топқа топтастырып, жүйелі түрде объективті талдауды мақсат еттік.

– батысеуропалық тарихнама (ағылшын, француз, неміс және т.б.). Батыс Еуропада ориенталистиканың ерте дамуының нәтижесінде тақырыпқа қатысты жекелеген мәселелер бойынша зерттеулер XVIII ғ. басында-ақ жүргізіле бастады. Бірақ бастапқы кезеңінде батысеуропалық зерттеушілердің жүргізген зерттеулері ғылыми деңгейі төмен, тек моңғолдар тарихына шолу түрінде қызығушылық деңгейінен аса алмады. Тек XIX ғ. бас кезеңінен бастап, Батыс Еуропа мемлекеттерінде Азия халықтарын зерттеуге арналған ғылыми қоғамдар бастамасымен зерттеушілердің ғылыми жағынан сапалы еңбектері жарыққа шыға бастады. Батыс Еуропа зерттеушілерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының артықшылықтары, олар алғашқылардың қатарында тақырыпқа қатысты көптеген ортағасырлық қолжазбалық деректерді кеңінен пайдалана отырып, ғылыми айналымға енгізді және еуропалық тілдерге аудармасын жасау жұмыстарын жүргізді. Осы жағынан алғанда Батыс Еуропа зерттеушілері тақырыпқа қатысты мәселелерді зерттеуде басымдылыққа ие болды.

Ғылыми деңгейі жоғары, сапалы еңбектер қатарында 1834-1835 жылдары көлемді француз тілінде төрт томдық К.Д'Оссонның [6] зерттеу еңбегін ерекше атап өтуге болады. К.Д'Оссонның зерттеу еңбегі моңғолдар тарихының шеңберінде тақырыпқа қатысты мәселелерді кеңінен қарастырған. Зерттеуші еңбегінде өзінің назарын көп жағдайда саяси оқиғаларға арнаған, әсіресе тақырыпқа қатысты моңғолдардың Еуропаға жорығының мәселелері кеңінен талданған. Сондай-ақ, зерттеуші өз еңбегінде алғашқылардың қатарында Рашид ад-Дин шығармасын кеңінен пайдаланған. К.Д'Оссон енгізген мағлұматтар кейбір кемшіліктеріне қарамастан, кейінгі моңғол мемлекеттерінің тарихын зерттеудің бағыт-бағдарын айқындап берді.

Алтын Орда тарихына қатысты мәселелер бойынша ең алғашқы жүйелі түрде қарастырған Й. Хаммер-Пургштальдің [7] ғылыми-зерттеу еңбегі деректерді пайдалану жағынан тыңғылықтылығымен де, ғылыми құндылығының маңыздылығымен де ерекшеленеді. Австриялық шығыстанушы ғалымның неміс тіліндегі «Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak, d. i. Der Mongolen in Russland» атты еңбегі 1826, 1835 жылдары Ресей Ғылым Академиясының «Ресейдегі моңғол билігінің, мемлекеттің саяси байланыстарына, басқаруға, ішкі басшылыққа, тағы басқаларына қалай әсер еткені және оның салдары» тақырыбында арнайы сыйақы тағайындалып,

жарияланған конкурс нәтижесінде жазылған ғылыми зерттеу жұмысы еді. Бірақ академиялық комиссия шешімі бойынша зерттеу жұмысының кемшіліктеріне байланысты конкурсқа ұсынылған жалғыз ғылыми еңбекке сыйақы беруден бас тартты. Дегенмен, автор оған қарамастан ғылыми зерттеу жұмысының бірқатар кемшіліктерін түзетіп, 1840 жылы Пештте неміс тілінде жарыққа шығарды. Бұл ғылыми еңбек жөнінде Кеңес тарихшысы М.Г. Сафарғалиев былайша пікір айтты: «Хаммердің сәтсіздігі, оппоненттердің айтқанындай автордың асығыстығы мен дайындықсыздығы себеп болды деген пікірлері орынсыз айтылған. Ол кезеңде әлі де зерттелмеген аса ауқымды мәліметтерді алғаш рет жинақтап шығып, бір жүйеге келтіру сол кезеңдегі ешбір зерттеушінің қолынан келмейтін іс еді... кейінгі Алтын Орда тарихын жазған батысеуропалық шығыстанушылардың қай-қайсысы да Хаммер еңбегінде қолданылған деректермен де, Жошы ұлысының тарихын мазмұндаудағы тыңғылықтылығымен де тайталаса алмайтын еді» [8, с. 4-5]. Бірақ нақ Алтын Орда тарихына қатысты Й. Хаммер-Пургштальдің еңбегі сияқты ауқымды, іргелі ғылыми еңбек Ресейде немесе Батыс Еуропа елдерінде 100 жылға таяу уақыт шеңберінде жарыққа шықпады. Тек 1937 жылы Кеңес үкіметі кезінде Алтын Орданың тарихы жөніндегі маркстік-лениндік ұстаным бойынша ғылыми еңбек жазудың маңыздылығын түсінген екі көрнекті Кеңес тарихшылары – Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский алғашқы іргелі еңбекті жарыққа шығарды. Бұл ғылыми еңбек Ресей зерттеушілерінің 1832 жылы Ресей Ғылым Академиясының қойған талабына жауабы еді [9, с. 23-24].

XIX ғ. 80-ші жылдары жарыққа шыққан ағылшын шығыстанушысы Г. Ховарстың «History of the Mongols» атты моңғолдар тарихына арналған көлемді үш томдық еңбегін жарыққа шықты. Бұл зерттеу еңбегінің екінші томы [10] сол кезеңдегі қол жетерлік деректер негізінде тақырыпқа қатысты мәселелерді қарастырған. Бірақ Г. Ховарстың бұл еңбегі Кеңес зерттеушілері тарапынан қатаң сынға ұшырап, тіпті оның ғылыми құндылығын жоққа шығарды. Бұл жөнінде М.Г. Сафарғалиев былайша пікір айтқан еді: «Көлемі жағынан ауқымды бұл еңбектің авторы шығыс тілдерінің бірде-біреуін білмегендіктен, шығыс мәдениетімен таныс болмағандықтан, тың деректерді еңбегінде қолдана алмаған. Г. Ховарс көптеген зерттеушілердің, оның ішінде Хаммер-Пургшталь, Д'Оссон және орыс тарихшыларының баспа еңбектерін пайдалана отырып, тарихи оқиғаларды тек комплятивті мәліметтер негізінде ғана баяндады. Сондай-ақ, автор өзінің алдына қойған міндетін орындауға қол жеткізді деп айта алмаймыз. Өйткені зерттеу жұмысында көптеген қайталаулар, дәлсіздіктер мен қателіктер көп кездеседі» [8, с. 6]. Сондай-ақ, осы кезеңде Батыс Еуропа тарихнамасында (әсіресе, неміс тарихнамасында) моңғолдардың Еуропаға қарсы жасаған жорықтары мен тақырыпқа қатысты дискуссиялық мәселелерді қарастырған Ф. фон Эрдманның [11], О. Вольфтың [12], Г. Бахфельдтің [13] және Г. Стракош-Грассманның [14], Ф.М. Шмидттің [15] еңбектері жарыққа шықты. Бірақ бұл еңбектердің ғылыми деңгейі мен маңыздылығы жоғары болғанымен, неміс зерттеушілері арасында (әсіресе, жоғарыда аталған Ф. фон Эрдман, Г. Стракош-Грассман және О. Вольфтің еңбектерінде) моңғол шапқыншылығына қарсы тұрудағы неміс халқының рөлі мен моңғолдардың

кенеттен Еуропаны тастап кері қайтуының себептерін қарастыруда ұлтшылдық көзқарас тұрғысындағы пікірлері де көрініс тапты. Олардың пікірінше, неміс халқы Еуропаны «Азиядан төнген қауіп-қатерден құтқарушы» ретінде сипаттады. Сондай-ақ, мұндай көзқарас кейінгі неміс зерттеушілерінің көзқарастарына ықпал еткені де байқалды.

Батыс Еуропа зерттеушілері арасында ХХ ғ. 30-40-шы жылдары тақырыпқа қатысты мәселелерді зерттеумен белсенді түрде айналысқан неміс ғалымы Б. Шпулердің еңбектерін ерекше атап өту қажет. Зерттеушінің 1938 жылы Гёттингенде «Моңғолдардың Ирандағы билігі» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, оның бұл ғылыми еңбегі Германияда 4 рет баспадан жарыққа шықты [16]. Зерттеушінің тақырыпқа қатысты 1943 жылы Лейпцигте (ал 1965 ж. екінші рет) «Die Goldene Horde. Die Mongolen in Rußland, 1223-1502» [17] атты іргелі зерттеу еңбегі Алтын Орда тарихы мен оның Ресейдегі билігі жөнінде кең ауқымды деректік және тарихнамалық мәліметтер негізінде өте жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Бұл еңбектің құндылығы, ең алдымен тақырып аясындағы мәселелер жөнінде тұжырымдамалық пікірлер мен қорытындылар айтылған, осыған байланысты болар, кейінгі зерттеушілердің басым көпшілігі осы еңбекті кең ауқымды түрде пайдаланған.

Б. Шпулер жалпы моңғол дәуірін зерттеудің ғылыми ілімін жаңа деңгейге көтерді [18, с. 371-372]. Бірақ неміс зерттеушісінің еңбегі Кеңес ғалымдары тарапынан үлкен сын ескертпелерге ұшырап, сол кезеңдегі идеологиялық саясат әсерінен тіпті оның ғылыми құндылығын жоққа шығарды. Ол жөнінде А.Ю. Якубовский мынадай пікір айтты: «Б. Шпулердің еңбегі, ауқымды мәліметтерді пайдалану арқылы жазылып, деректерге нақты сілтемелер жасалған... құрылымы жағынан, ғылыми зерттеуге жатпайтын, орыс халқының тарихын және орыс халқының татарлармен күресін сипаттауда бұрмалаушылыққа жол берген», – деген еді [4, с. 9-10]. Сондай-ақ, Кеңес зерттеушісі Г.А. Федоров-Давыдов неміс зерттеушісі Б. Шпулерді «фашистік кезеңдегі неміс тарих ғылымының реакциялық ұстанымдарын көрсетті», – деп айыптады [19, с. 6]. Б. Шпулер аталған еңбектерден басқа 1948 жылы батыс әлеміне аса танымал «Geschichte der islamischen Länder, ein Überblick. Die Mongolenzeit» (Ислам мемлекеттерінің тарихына шолу. Моңғол дәуірі) [20] атты тарихи очеркін жарыққа шығарды.

ХХ ғ. Батыс Еуропа тарихнамасында танымал зерттеушілер М. Правдиннің (Ресейлік эмигрант) [21-23], Р. Груссенің [24], Дж. Бойлдің [25], Ч. Галпериннің [26], И. де Рачевилтздің [27], Д. Синордың [28] еңбектерінде тақырыпқа қатысты маңызды мәселелер қарастырылған. Ал соңғы жылдары Батыс Еуропа тарихнамасында тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша маңызы бар еңбектер қатарында П. Джексонның [29], А. Руотсаланың [30], Кристофер П. Атвудтың [31] еңбектері жарыққа шықты. Бұл зерттеушілердің еңбектеріндегі тұжырымдамалық пікірлер мен маңызды мәліметтер диссертациялық жұмыста кеңінен көрініс тапты.

– ресейлік тарихнама (Патшалық Ресей, Кеңестік Ресей және қазіргі Ресей тарихнамасы). Ресейде ХVIII ғ. соңы мен ХІХ ғ. басына қарай Алтын Орданың тарихы мен оның сыртқы саясатына қатысты мәселелер Ресей тарихының

шеңберінде зерттеле бастады. Ресей зерттеушілері тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша зерттеулеріндегі артықшылықтары мемлекеттің отарлық аймақтарындағы орналасқан Алтын Орданың ірі орталықтары мен қала орындарындағы археологиялық қазба жұмыстарының мәліметтеріне сүйене отырып, зерттеу мүмкіндігі болды. Сондықтан Ресей зерттеушілерінің басым көпшілігі жазба деректермен қатар, археологиялық, нумизматикалық мәліметтерге кеңінен сүйенді.

Ресей зерттеушілері бастапқы кезеңнен-ақ, моңғолдарды бөгденің жерін басып алушы басқыншы, варварлық сипаты мен Алтын Орданың саясатының кереғар жағын (татар-моңғол езгісі) ғана көрсетуге тырысты. Мұндай пікірлер бастапқы кезеңдегі орыстың белгілі тарихшылары В.Н. Татищев, М.М. Щербатов, П.И. Рычков, А.Н. Голицын еңбектерінде көрініс тапты. Бірақ орыс зерттеушілерінің келесі бір тобы «татар-моңғол езгісінің» зардаптарын сипаттай отырып, Ресей мемлекеттілігінің қалыптасуына Алтын Орда сыртқы саясатының оң әсері болғанын мойындады. Бұл көзқарасты қалыптастырушы орыс тарихының атасы атанған Н.М. Карамзин болды. Оның пікірі М.П. Погодин, Д.И. Иловайский еңбектерінде жалғасын тапты. Олардың пікірінше, моңғол шапқыншылығынан кейінгі Алтын Орда билігі дәуірінде Русь жерінде княздардың өзара алауыздықтары, талас-тартыстары тоқтатылып, ұлы князьдің билігі күшейді және мемлекеттіліктің негізі осы кезеңде жасалды деген тұжырымдамалық қорытынды жасады. Бұл жөнінде Н.М. Карамзин былайша атап өткен еді: «Әрине, Батудың шапқыншылығы нәтижесіндегі талқандау, қирату, кіріптарлық, құлдық мұның барлығы сол кезеңдегі жылнамалар арқылы белгілі болғандай ұлы алапаттардың бірі болғаны рас; алайда оның игілікті салдары да болғаны күмән тудырмайды. (Егер Русь моңғол билігін мойындамаған жағдайда – А.Н.), княздар арасындағы талас-тартыстар жүз жылға дейін созылғанда: оның соңы қалайша аяқталатыны белгісіз еді. Шамасы, біздің отанымыз құрып кетуі мүмкін бе еді: Литва, Польша, Венгрия мен Швецияның қай-қайсысы болса да Ресейді бөлшектеп, біржолата тұралатып тастаудан тайынбайтын еді; онда біз Мәскеуге бірігу арқылы сақтап қалған мемлекеттік болмысымыз бен сенімімізден жоғалтатын едік; Мәскеу өзінің айбындылығы үшін хандар алдында борышкер» [32, с. 152-153].

Ресей шығыстану мектебінде тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша қол жеткізген ірі жетістіктердің бірі, Алтын Орда тарихының деректерін жинақтау, аудару мәселелерімен көп жыл айналысқан зерттеуші ғалым В.Г. Тизенгаузеннің Алтын Орда тарихына қатысты араб, парсы және түркі жазба деректері негізінде үзінділер түрінде құралған аударма еңбектерін жазып, оның бұл салада бүгінгі күнге дейінгі басты дерек көздері ретінде өзінің ғылыми құндылығын әлі де жоғалтпаған еңбектер қатарынан орын алды. В.Г. Тизенгаузен еңбектері [33-34] өзі жинақтаған материалдары негізінде 1884 жылы Алтын Орда тарихына қатысты араб деректеріне негізделген еңбегі жарыққа шықты, ал өзі өмірден өткен соң, парсы, түрік деректеріне қатысты жинақтаған мәліметтерінің негізінде 1941 жылы А.А. Ромаскевич және С.Л. Волиннің өңдеуімен жарыққа шықты. Сондай-ақ, Ресейлік аса танымал

шығыстанушы-ғалым академик В.В. Бартольд (1869-1930) тақырыпқа қатысты жекелеген мәселелер бойынша аса маңызды тұжырымдамалық пікірлер айтып өтті. Шығыс тілдерін (араб, парсы және түрік) жетік білген шығыстанушы ғалым Батыс Еуропаның, Орта Азияның қалалары және Каир, Стамбул қалаларындағы ірі кітапханаларда ізденіс жұмыстарын жүргізіп, араб-парсы және түрік тілдеріндегі қолжазбалық деректерге талдаулар жасай отырып, тың деректерді өз еңбектерінде кеңінен пайдаланды. Ұзақ жылдар бойы жүргізген жемісті жұмысының нәтижесінде академик В.В. Бартольдтың жарыққа шығарған еңбектері [37-41] тақырыпқа қатысты бүгінгі күні ғылыми деңгейі жағынан өз құндылығын жоймаған еңбектер қатарынан орын алады.

Кеңестік Ресей тарихнамасында (оның құрамында басқа республикалар болғанына қарамастан) Алтын Орданың саясатына қатысты мәселелерді зерттеудің басым бөлігінде Ресей тарихының шеңберінде зерттеу дәстүрі жалғасын тапты. Тіпті, бастапқы кезеңде Кеңес тарихшылары тарапынан моңғол жаулауының нәтижесінде бағындырылған халықтардың (әсіресе, орыс халқының) тарихи дамуында Алтын Орда саясатының регрессивтік рөлін ғана көрсететін жалқы көзқарас негізгі ғылыми бағытқа айнала бастады. Кеңес тарихшысы А.Н. Насоновтың [42] тұжырымы бойынша, Русь князьдіктері арасындағы алауыздықтар Алтын Орда саясатының әсерінен болған, яғни Русьті бірігіп қарсы тұруға орталықтанған күшке айналуына қарсы жүргізген саясаты деген еш дәлелсіз пікір айтты. Сондай-ақ, Кеңестік тарихнамада Алтын Орда тарихына қатысты мәселелерді жүйелі түрде қарастырған Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский ғылыми деңгейі жоғары зерттеу еңбегін [43] 1937 жылы жарыққа шығарды. Бұл ғылыми еңбектің авторлары, бір жағынан, Алтын Орда саясатының басқыншылық, қиратушылық рөлін көрсетсе, екінші жағынан орыс жылнамалары мен шығыс деректері арқылы Алтын Орда державасының саясатын объективті түрде, оның позитивті жақтарын көрсетуге тырысқан. Бұл сол кезеңдегі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты авторлардың тәуекелге барып жасаған ерлігі ретінде бағалауға болады.

Кеңес дәуірі тұсында Алтын Орда тарихын зерттеуде ұлттық мүддеден бас тартқан «Еуразиялық» бағыттағы Н.С. Трубецкой [44], П.Н. Савицкий [45], Г.В. Вернадский [46-47], Э. Хара-Даван [48] сияқты зерттеушілер тақырыпқа қатысты тұжырымдамалық пікірлер айтып өткен еді. Сондай-ақ, осы кезеңде жарыққа шыққан Г.А. Федоров-Давыдовтың [19, 49], В.Л. Егоровтың [50], М.Г. Сафарғалиевтің [8], И.Б. Грековтің [51], В.В. Каргаловтың [52-54], В.Т. Пашутоның [55], Л.В. Черепниннің [56], С.Л. Тихвинскийдің [57], Л.Н. Гумилевтің [58-60] еңбектерінде тақырыпқа қатысты мәселелер көрініс тапты. Кеңес үкіметі кезінде оның құрамындағы өзге республиканың зерттеушілері де проблемалық мәселелерге арналған өз еңбектерін жарыққа шығарды. Олардың ішінде С. Закировтың [61], А.А. Али-Заденің [62] еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Кеңес үкіметінің ыдырауына байланысты Ресейде Алтын Орда тарихын зерттеуде оны позитивті тұрғыдан қарастырған көзқарастар қалыптасуының жаңа кезеңі басталды. Сондай-ақ, қазіргі кезеңдегі Ресей зерттеушілері еңбектерінің ерекшеліктері Алтын Орда тарихына қатысты мәселелерді тек

Ресей тарихының шеңберінде ғана зерттеудің сеңін жібітті. Ресей зерттеушілері В.В. Трепавловтың [63], Е.П. Миргалеевтің [64-65], Р.Ю. Почекаевтың [66-68], Р.П. Храпачевскийдің [69], М.С. Гатиннің [9] және тағы басқа көптеген зерттеушілердің еңбектерінде тақырыпқа қатысты мәселелер кеңінен қарастырылған. Оның ішінде тарихи кезеңдегі Алтын Орданың әлемдік геосаясатта алатын орны мен тарихи маңызы, саяси, экономикалық және дипломатиялық қарым-қатынастары жөнінде маңызды пікірлер мен тың қорытындылар жасалған. Сондай-ақ, Түркия Республикасында зерттеулер жүргізетін Ресей зерттеушісі И. Камаловтың [70] еңбегінде Алтын Орданың Оңтүстік Кавказ жеріндегі саясаты жөнінде мәселелер тыңғылықты қарастырылған.

– отандық тарихнама. Алтын Орданың сыртқы саясатына қатысты қазақ зерттеушілері ХХ ғ. бас кезінен-ақ, жанама болса да өз зерттеулерінде тақырыпқа қатысты туындаған мәселелерді қарастырды. Қазақ халқының ұлттық рухани сана-сезімінің өркендеу кезеңінде қазақ зиялылары (М. Тынышпаев, С. Асфендияров және т.б.) өз еңбектерінде кейбір жекелеген мәселелерге қатысты біршама ой-пікірлерін айтып өткен. Кеңес дәуірі тұсында тақырып шеңберіндегі кейбір мәселелерге қатысты қазақстандық зерттеушілер арасында В.П. Юдиннің [71], К.А. Пищулинаның [72], С.М. Ахинжановтың [73] және тағы басқа зерттеушілердің еңбектерін ерекше атауға болады. Кеңес үкіметінің ыдырауына байланысты, тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бастап, отандық тарихнамада моңғол билігі дәуіріндегі Қазақстан тарихының шеңберінде тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша зерттеулерде тың серпіліс кезеңі болғаны анық байқалады. Тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша отандық зерттеушілер арасында Б.Е. Көмековтің [74-75], З. Қинаятұлының [2, 76-77], Қ.Т. Жұмағұловтың [78-79], Т. Омарбековтің [80], Б. Батыршаұлының [81], Қ. Өскенбайдың [82], А.К. Көшкімбаевтың [83] еңбектерінде өзіндік ғылыми ой-пікірлер, тұжырымдамалар мен қорытындылар келтірілген. Отандық тарихнамада соңғы жылдары ерекше атап өтерлік еңбектер қатарында моңғолтанушы, медиевист ғалым З. Қинаятұлының еңбектерінде тақырыпқа қатысты дискуссиялық мәселелерді қарастыру мен талдауда объективті көзқарасқа негізделген тұжырымдамалық ой-пікірлері маңыздылығымен ерекшеленеді. Зерттеушінің еңбектері біз үшін онда қолданылған бізге мәлім деректермен қатар, моңғол жазылымдары мен ғылыми әдебиеттерін кеңінен пайдалануымен құндылығы арта түседі.

Сондай-ақ, моңғолдар әулеттік билік құрған мемлекеттің саясаты жөнінде моңғол зерттеушілерінің еңбектері де маңызды болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, соңғы жылдары моңғол тілінде жарық көрген Ч. Чойсамбаның [84], С. Цолмонның [85] еңбектерінде моңғол жазылымдары негізінде тақырыпқа қатысты тарихи оқиғалар жан-жақты сипатталған.

Зерттеу тақырыбының деректік базасы. Алтын Орданың сыртқы саясатына қатысты деректер сан түрлілігімен ерекшеленеді. Өкінішке орай, Алтын Орданың өзіндік жазба деректері сақталмаған, тек хан жарлықтары сияқты шағын ғана ресми құжаттар сақталған. Бірақ державаның көптеген алыс, жақын шет мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастарға түсуінің

арқасында қазірге дейін тақырыпқа қатысты араб, парсы, моңғол, қытай, орыс, латын, армян және тағы басқа тілдердегі жазба деректер жеткен. Тарихи жазба деректердің сан алуандығы мен ерекшеліктеріне байланысты топтастырып қарастырған жөн.

– араб-мысыр деректері қатарында Ибн әл-Асир, Рукн ад-Дин Бейбарс, ан-Нувейри, әл-Айни, әл-Омари, әл-Муфаддал, Ибн Баттута, Ибн Халдун, Ибн Арабшах сияқты авторлардың шығармаларын атауға болады. Араб-мысыр авторларының басым көпшілігі тарихи кезеңнің замандастары болғандықтан, олардың қалдырған деректері маңызды болып табылады. Бірақ кемшіліктері – Алтын Орданың алғашқы онжылдығының тарихы жалпылама түрде және хронологиялық қателіктермен баяндалған. Бұл түсінікті жайт. Өйткені Алтын Орда мен Мысыр арасындағы тұрақты дипломатиялық қарым-қатынастардың орнауына дейінгі Жошы ұлысына қатысты мәліметтер тек саудагерлер мен саяхатшылардың ақпараттары негізінде қағаз бетіне түсірілді. Сондықтан олар көп жағдайда толық және нақтылы мәліметтер бере алмады. Оны ортағасырлық хроникалар мен жылнамаларды жазушылардың өздері де мойындады. Мысалы, ан-Нувейри өз шығармасында Жошы, Бату, Сартақ және Борақшын туралы мәліметтерді сипаттай отырып, былай деген: «Мұнымен үш хан жөнінде бізге белгілі мәлімет аяқталады, ал олардың жеке-жеке (түрлі) оқиғаларын, соғыстарын, шайқастары мен жаулаушылық жорықтары жөнінде толық айту үшін біз оны толық біле алмадық» [33, с. 151]. Мысыр мен Алтын Ордамен достық қарым-қатынас орнатып, Хулагулық Иранға қарсы дұшпандық қатынаста болған. Сондықтан ортағасырлық мысыр-араб авторларының көпшілігінің шығармаларында Алтын Орда хандарының саясатын біршама дәріптеушілік, оқиғалардың ресми версиясын ғана мәлімдегендері байқалады. Бірақ араб-мысыр авторларының барлығы сұлтан сарайының тарихшылары болмаған. Олардың ішінде жеке тұлғалар да болған, яғни олар оқиғалардың шынайлығын жазуға мүмкіндігі болған.

– парсы-хулагулық деректері қатарында оқиғалармен замандас куәгерлердің мәліметтері негізінде жазылған Джувейнидің «Тарих-и-Жаһангушай» (1252-1260) тарихи шығармасы және замандас тарихшы ғалымдар, жылнамашылар, өз заманының озық ойлы адамдарынан жиналған мәліметтері негізінде жазылған Рашид-ад-Диннің «Жами-ат-тауарих» (1300-1311) энциклопедиялық тарихи шығармасы, сондай-ақ, Хамдаллах Казвинидің «Тарих-и гузиде» (1329-1330) сияқты бірқатар парсы авторларының деректерін атауға болады. Бірақ Хулагулық Иран көптеген уақыт бойына Алтын Ордамен жауластықта болған мемлекет еді. Сондықтан көптеген парсы авторлары Алтын Орданы жауласушы мемлекет ретінде қарастырып, көптеген тарихи оқиғаларды, әсіресе екі моңғол ұлыстары арасындағы қарым-қатынаста мемлекет құрылымның және билеушілерінің саясатының ресми концепциясы негізінде қарастырды. Осыған сәйкес, бұл кезеңде Иранда жоғарғы мемлекеттік қызметте болған авторлар, тиісінше оқиғалардың ресми версиясын ғана баяндады. Бірақ бұл парсы авторларының барлығына қатысты емес. Мысалы, Джувейни өз шығармасын Алтын Орда мен Иран арасындағы әскери қақтығыс басталғанға дейін бірнеше жыл бұрын толықтай жазып бітірген еді.

– моңғол деректері қатарында «Моңғолдың құпия шежіресі» мен Лубсанданзанның «Алтын тобчы демек-дүр» тарихи шығармасын атауға болады. «Моңғолдың құпия шежіресі» [86] алғаш зерттеле бастағаннан бері дүниежүзі ғалымдары тарапынан олардың ғылыми зерттеу деңгейлеріне байланысты әртүрлі аталды. Туындының қытайша көшірмесінің бастапқы парағында «Юань-чао ми-ши» және «Ман-хо-лунь нюча то-ча-ань» деген қытай иероглифті жазуы бар. Оны зерттеушілер орысша «Монгольский обыденный изборник», «Сокровенное сказание», «Тайная история монголов», ағылшынша «Yüan-ch'ao pi-shi», «The History of the Mongols» деп және тағы басқаша аударды. Бұл тарихи шығарма Шыңғыс ханның арғы ата-бабасынан таратып келе жатқан шежірелердің және Моңғол империясының этносаяси және тарихи оқиғаларға қатысты топтамалық туындыларының жасырын тарихи жинағы болып табылады. Бұл тарихи шығармада тақырыпқа қатысты Жошының Орман халықтарын бағындыру, Батыс жорығының (1236-1242) тарихына қатысты мәселелер қарастырылған. Моңғолдың құпия тарихының тікелей жалғасы немесе онымен кіндігі бір егіз еңбек Лувсанданзанның «Алтан тобч» еңбегі [87] ғалымдардың шамалауы бойынша 1651-1675 жж. жазылды. Мұның кіндігі бір егіз еңбек деп атауының себебі «Алтан тобч» жазылымында Құпия тарихтың 12 бөлімінің тек 6-шы бөлімінің соңы, 7,8-ші бөлімдер және 12-ші бөлімнің соңғы баптары ғана жоқ. Басқасы «Моңғолдың құпия шежіресін» сол күйінде қайталайды. «Алтан товч» жазылымында біздің зерттеп отырған нысанамызға байланысты аса құнды деректер бар. Атап айтқанда, «Алтан товч» тарихи шығармасында Шыңғыс хан тұңғыш ұлы Жошыға Қыпшақ даласын еншіге беріп, өзінің сондағы билеуші өкілі (даругач) етіп аттандырарда оған айтқан өсиет, тапсырмасы туралы жазылған. Жошының иелігіне берілген аймағы жайында мұнда былай делінген: «Ұлы әміршіміздің тұңғыш ұлы Жошы эзеннің (ежен) ұлдары Қыпшақ, Тоқымақ, Ағысар хан, Тарбис хан, Шибан, Өлейбе, Исгэр, Тоху, Сангууд (Новгород) одан арғы тұрақты мекендерді игерді». Бұл аймақ Жошы ұлысы державасының ауқымын көрсетеді [77, 13 б.].

– католиктік Еуропа авторлары – Платано Карпини, Гильом де Рубрук және Марко Полоның тарихи шығармалары. Аталған авторлардың шығармалары еуропалықтардың Шығыс халықтары жөніндегі іргелі фактілік тұрғыда жазылған еңбектер қатарына жатады. Сонымен қатар, Алтын Орданың сыртқы саясатына қатысты (әсіресе, Еуропа мемлекеттерімен қарым-қатынастарында) маңызды мәліметтер береді. Бұл деректердің маңыздылығы ондағы ақпараттар арнайы дайындықпен келген және білімді авторлардың жеке өздері жіті қадағалап жазғандығында болып табылады. Ал басқа адамдардан естігендерін авторлар өз еңбектерінде арнайы ескертіп жазған. Мұндай нақтылық және шындыққа негізделіп жазылған мәліметтердің болуын түсіндіру үшін, Платано Карпини мен Гильом де Рубрук саяхатының рухани миссиясының негізі моңғолдар жөнінде нақты ақпараттарға негізделген мәліметтер жинақтау, империяның әскери күш-қуаты, жақын арадағы моңғолдардың жаулап алу жорықтарының жоспары жөнінде ақпараттар жинақтау еді. Олардың кітабы тарихи немесе әдеби шығарма ретінде емес, сапардың нақты есебі ретінде жазған еді. Өйткені Платано Карпини және Гильом де Рубрук еліне келген соң,

тиісінше Рим папасы IV Иннокентий және француз королі IX Людовикке сапарлары жөнінде арнайы есеп берген еді. Осыған байланысты Плато Карпини мен Гильом де Рубрук шығармаларының [88] кейбір кемшіліктеріне қарамастан нақты деректер қатарына жатқыза аламыз. XIII ғ. Алтын Орданың саяси тарихы жөніндегі ақпараттарды Марко Полоның кітабынан кездестіруге болады. Айта кететін мәселе Марко Поло Алтын Ордада еш уақытта болмаған, бірақ Берке хан, Ноғай және Тоқта хан жөнінде олардың туыстарынан естігендерін жазып өтті. Сонымен қатар, саяхатшы өз кітабын Еуропаға қайтып келген соң жаздырған еді [89, с. 18]. Сондықтан Марко Поло қалдырған кейбір мәліметтерге ұқыптылықпен қарау қажет.

– еуропалық хроникалар, тарихи шығармалары қатарында маңыздылары Матвей Парижскийдің «Великая хроника» [90] (өз шығармасын автор оқиғалармен синхронды түрде 1259 жылға дейінгі оқиғалар сипатталған), Фома Сплитскийдің «История салонских и сплитских архиепископов» [91], Рогериустың «Горестная песнь о разорении Венгрии» (1244). Фома Сплитский және Рогериус деректерінің ерекшелігі – олар Венгрияға жасалған моңғол жорықтарының куәгері болды және олардың шығармалары оқиғалардан кейін аз ғана уақыттан соң жазылды. Бұл хроникалар мен тарихи шығармаларда тарихи кезеңмен замандас ретінде моңғолдардың Русь, Польша және Венгрияға жасаған жорықтары мен бағындырылған халықтарға жүргізген саясаты туралы сипатталған. Сонымен қатар, Бату қолбасшылығымен моңғолдардың жорыққа дайындығы мен моңғол шапқыншылығының болу мүмкіндігін еуропалықтарға алғаш рет хабар жеткізген миссионер Юлианның мәліметтері де тақырыпқа қатысты нақты деректер бере алады [92, с. 23-25]. Юлиан – моңғолдардың әлемге үстемдік жасауға деген ұмтылысын және моңғол жорықтары жөніндегі мәліметтерді хабарлаған алғашқы Батыс авторы. Ол өзінің мәлімдемесін ұлы қаған Өгөдэйдің жолдаухатымен бірге Венгрия королі IV Белаға тапсырған еді. Ал IV Бела бұл мәліметтерді тиісінше, католик христиан әлемінің рухани және саяси билеушісі Рим Папасы мен еуропалық монархтарға хабарлады. Бұл жолдаухат моңғолдардың Батыспен қарым-қатынастарын айқындайтын ең ерте кездегі моңғолдық құжат болып есептеледі.

– орыс деректері қатарында жылнамалық деректерді (Новгородтық бірінші жылнама, Галицк-Волынь жылнамасы, Ипатев жылнамасы, Густин жылнамасы, т.б.) атауға болады. Орыс жылнамалық деректері моңғолдардың Шығыс және Орталық Еуропаға жорықтары, Алтын Орда хандарының Русьтегі саясаты, XIII-XIV ғғ. орыс-моңғол елшілік, саяси, мәдени, діни байланыстары жөнінде мәліметтер береді. Сонымен қатар, барлық тарихи шығармаларда билік үшін қиян-кескі күрес, саяси қастандық, жаппай жазалау шаралары туралы мәліметтер де кездеседі. Сондай-ақ, орыс жылнамаларында қателіктер арқылы және ықшамды түрде жазылса да, көптеген мәліметтер алуға болады. Әсіресе, Бату хан билігі кезіндегі мәліметтер орыс жылнамаларында өте көп жазылған. Жылнамалардың сан алуандығы бір-біріне қайшы келіп те жатады, бірақ соған қарамастан Алтын Орда тарихы бойынша хронологиялық тізбекті құрады.

– армян деректері қатарында тақырыпқа қатысты маңыздысы Киракос Гандзакесидің «История Армении», Григор Акнерцидің «История инок

Магакии» және «Летопись Себасци», «Летопись Степаноса», «Летопись Смбага Спарапета» тағы басқа деректерін атауға болады. Армян авторлары көпшілігі Хулагу әулетінің билігі кезеңінде өмір сүрген замандас тарихшылар, бірақ олар парсы тарихшылары секілді жоғары қызметтерде болмаған. Сондықтан олардың шығармаларында моңғол билеушілеріне деген мадақтаушылыққа жол берілмеген немесе оқиғалардың тек ресми версиясы ғана баяндамаған және сол үшін маңыздылығы жағынан моңғолдардың жорықтары жөнінде нақты мәліметтер қатарына жатады. Дегенмен, мұндағы мәліметтер қысқа мерзімді қамтып, көптеген оқиғалар фрагменттік тұрғыда ғана сипатталған. Бірақ авторлардың бірқатары оқиғамен замандас бола отырып, мәліметтерін өздері тікелей қатысушы ретінде баяндады. Мысалы, Киракос кейбір оқиғалардың куәсі ретінде, Балақан және Тұтар түмендердің Дербенттен өтіп Хулагу әскеріне қосылуы жөніндегі мәліметін айтуға болады [93, с. 88]. Сонымен қатар, мұнда моңғол жаулаушылық жорықтарының хронологиясы, әскери қимылдары, жаулап алынған территориялардағы алым-салық жүйесі және басқару жүйелері жөнінде тыңғылықты мәліметтер келтірілген. Алайда армян авторларының кейбір мәліметтері біржақты тұрғыда баяндалғанын да мойындауымыз қажет. Мысалы, Киракостың христиан Сартаққа берілген мадақтамалық сипаттамасы, басқа деректермен (мысалы, Гильом де Рубруктың берген мәліметімен) сәйкес келмейді. Бірақ армян деректерін зерттеуші К.П. Патканов, «армяндық тарихи шығармаларды жазған авторлардың мәліметтерінің басқа мұсылман және византиялық деректерден ерекшелігі – олар оқиғалармен замандас ретінде ұстамды ой-пікірлермен және шынайы көзқарастармен қарағандығы үшін маңызды», – деп баға берген еді [94].

– хан жарлықтары – XIV ғ. аяғындағы Алтын Орданың мемлекеттік маңызды құжаттары – Тоқтамыстың Польша королі Ягайлоға (1393 ж.) [95] берген жарлығы Алтын Орданың сыртқы саясаты, XIV ғ. 80-90 жылдардағы Польшамен қарым-қатынастары, тіпті Алтын Орданың Темір державасына қарсы күресі бойынша дерек көзі болып табылады.

– түркілік тарихи шығармалары ішінде Өтеміш-қажының «Шыңғыс-наме» (XVI ғ. ортасы) [96], хорезмдік (хиуалық) Әбілғазы Бахадур-ханның «Түрік шежіресі» (1643-1663 жж.) [97] шығармалары бірнеше ғасырлардан кейін жазылса да, бұл еңбектердің мәліметтері айтарлықтай маңызды және басқа деректермен салыстырмалы түрде қарағанда оқиғаларға шынайы сипаттағаны байқалады. «Шыңғыс-наме» шығармасы XVIII ғ. мен XIX ғ. басына қатысты, негізінен діни тақырыптағы өзге жеті шығармамен бірге түптелген. Өкінішке қарай, онда да толық емес, Тоқтамыс хан (782/1380-797/1395) билікке келген уақыттан кейін оқиғалар желісі үзіліп қалады. Бұл мәтін Шайбанның ұрпағы Еш-сұлтанның (965/1558 жылы өлтірілген) тапсырмасымен XVI ғ. алғашқы жартысында жазылған. Келесі түрік шығармасын жазған Хиуа хандығының билеушісі және ортағасырлық Шығыстың ірі тарихшысы Әбілғазы Бахадур-хан жазған еді. Оның шығармасы «Түрік шежіресі» 1664 жылы өзі өмірден өткен соң, әкесінің тапсырмасымен оның ұлы Ануш Мұхаммед аяқтаған. Еңбек жазылған соң, жарты ғасырдан аса уақыттан кейін Тобылда айдауда жүрген тұтқын шведтік офицер Табберт фон Страленбург «Түрік шежіресі»

қолжазбасын тауып алып, оны ғылымға әйгілі етті. Бұл еңбекте Жошы ұлысының саяси мәселелері, Батудың Батысқа жорығы және Алтын Орданың тарихына қатысты жекелеген мәселелер бойынша мәліметтер сипатталған.

– қытай деректері моңғол жаулаушылығына аналитикалық шолу жасай отырып, кейбір деректер (мысалы, армян жылнамалары) сияқты фрагменттік сипатқа ие. Оған «Юань-ши» («Юань әулетінің тарихы») тарихи деректі шығармасын айтуға болады. Алтын Орда қытай деректерінде «Цзинь чжан го» атауымен белгілі [98, с. 30]. Шығарма Қытайдағы Юань династиясы құлағаннан кейін қысқа ғана уақыт аралығында жазылды. 1368 жылы Юань әулетін алмастырған Мин әулетінің негізін қалаған Чжу Юань-чжан «Юань әулетінің тарихын» жазуға жарлық береді. Сун Лян және Ван Вэем бастаған 16 ғалым 188 күн және 14 ғалым 143 күн жұмыс істеп, 1379 жылы бар болғаны 331 күнде дайын болды. Мұны дайындаған ғалымдар уақыттың тығыздығына байланысты көптеген кемшіліктермен жазды. Сондықтан мұнда көптеген деректер нақты емес, қателіктері көп немесе әдейі бұрмаланып көрсетілген. Соған қарамастан, бұл еңбекте моңғолдардың батысқа жасаған жорықтары және Сарай-Пекин қарым-қатынастары жөнінде мәліметтерді кездестіруге болады.

– византиялық деректер қатарында император Михаил VIII Палеологтың тарихшылары атанған Георгий Пахимер (1242-1308) және Никифор Григор (1295-1359) империяның солтүстіктегі көршісі болған Алтын Орданың сыртқы саясаты жөнінде өз шығармаларында бірнеше беттерді арнады. Михаил Палеологтың ресми тарихшысы болған Георгий Пахимер өз шығармасында Византия билеушісінің Ирандық моңғол ханы Хулагумен, Алтын Орда тарапынан Ноғаймен жасаған некелік келісімдері жөнінде және сол кезеңдегі Мысыр сұлтаны Байбарыс пен Византия императорының арасындағы келісімдер жөнінде нақты мәліметтер айтып өткен еді. Келесі византиялық тарихшы Никифор Григор шығармасында Палелогтар билігі кезеңіне сипаттама бере отырып, ол моңғолдар және мысырлық мәмлүктермен қарым-қатынастары жөнінде маңызды мәліметтер береді. Никифор Григор Дешті Қыпшақ жеріндегі мекендеген халықтарды солтүстікте мекендеген сансыз көп халықтар ретінде қарастырып, моңғолдардың жорықтарын стихиялық сипатта түсіндірген. Византиялық тарихи шығармаларды зерттеген академик Ф.И. Успенскийдің айтуынша, моңғолдардың Кіші Азияға басып кіруі сол кезеңдегі Батыс пен Шығыс халықтарының арасындағы қарым-қатынастарын күрт өзгеріске ұшыратып, халықаралық одақтастық келісімдерге жаңаша сипат алып келді. Бұл жағынан алғанда, Византия тарихшылары сол кезеңдегі болып жатқан оқиғалардың бел ортасында болып, беделді бақылаушылар ретінде тарихи оқиғаларға өз бағасын берді. Сонымен қатар, олардың мәліметтерінің тарихи маңызын анықтай отырып, біз оларды басқа шығыс авторларының, әсіресе парсы, араб деректерімен салыстыра отырып, оқиғаларға қатысты өзгеше сипаттағы және тың мәліметтері көзге бірден түседі деп атап өтті [99, с. 6].

– темірлік деректер – Алтын Орданың XIV ғ. 80-90-шы жылдарындағы сыртқы саясаты және Темір державасымен қарым-қатынастары жөніндегі деректерді біз темірлік тарихшылар атанған Низам ад-Дин Шамидің Зафар-наме», Шереф ад-Дин Йездидің Зафар-наме», Мирхондтың «Раузат әс-сафа»

тағы басқа деректері біржақты көзқарас тұрғысында жазылса да, оларды басты деректер қатарында пайдалануға тура келеді. Темірдің Алтын Ордаға қатысты ұстанған саясаты жөнінде көптеген оқиғаларды сипаттайтын Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-намесі» болды. Шығарма авторы Темір Бағдат қаласын жаулаған соң, оған қызмет етуге қабылданған. Сондай-ақ, кеңсе қызметін атқара жүріп, шығармасында Темірдің ресми құжаттары, сол дәуірдің ауызша әңгімелері, оған дейінгі хатшылардың хроникаларын пайдаланған. Шығарма Темірдің көзі тірісінде оның тапсырмасымен 1402 жылы басталып, 1404 жылы аяқталған. Сондықтан оның шығармасы Темірдің ресми тарихы болып табылады. Осыған аты жағынан да, көзқарасы, мазмұны жағынан да ұқсас «Зафар наме» атты еңбекті Шереф ад-Дин Йезди де 1419-1425 жылы жазып қалдырды. Шами секілді Йезди де Темірдің Алтын Орда жеріндегі басқыншылық әрекеттерін, қырып-жоюы мен Жошы ұлысындағы мал-мүлкін тонап алып кеткендігі жөнінде бүгіп қалмай толық жазды. Бірақ бұл еңбектің Темірдің әрекеттерін, жеңістерін дәріптеу үшін жазылғаны белгілі.

Алтын Орданың сыртқы саясаты жөнінде археологиялық және нумизматикалық деректер де тақырыпқа қатысты ақпаратылығымен ерекшеленеді. Мысалы, Алтын Орда хандарының билік жылдарының хронологиясын анықтауға және жекелеген тарихи оқиғаларды дұрыс түсіну үшін нумизматикалық мәліметтер маңызды. Қазірге дейін жүргізілген кең көлемді археологиялық зерттеулер – алтынордалық нумизматикада ерекше ілгерілеу байқалғаны анық. Ондаған жаңа типті монеталар, Болгар теңге сарайында ұлы қағандар Мөңке және Арық-Бұғаның кезінде соғылған алтынордалық дирхемдер даталық тұрғыда белгіленбесе де, Сарай және Қаракорым арасындағы қарым-қатынастарын фактілік түрде дәлелдейді. Сондай-ақ, олар Алтын Орданың сыртқы саясаты жөнінде жазба деректерінің шынайылығын дәлелдеумен қатар, қосымша нақты мәліметтер де бере алады.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Алтын Орда тарихына қатысты көптеген еңбектер жазылса да, отандық тарихнамада оның сыртқы саясаты бойынша кешенді түрде арнайы қарастырылмаған немесе зерттеушілердің көпшілігі жекелеген мәселелер бойынша қысқаша шолумен ғана шектелген. Зерттеу жұмысының жаңалығы да тақырыпты кешенді әрі жүйелі түрде терең зерттей отырып, отандық медиевистикада тақырыпқа қатысты арнайы қарастырылмаған аспектілерін зерделеу және ғылыми айналымға енгізу болып табылады. Нақты түрде айтатын болсақ, зерттеу жұмысында төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткіздік:

– Зерттеу жұмысында қолданылған тарихи жазба деректер талданумен қатар, Алтын Орданың сыртқы саясаты мен халықаралық байланыстары жөніндегі шетелдік және отандық зерттеушілердің тұжырымдамалық ой-пікірлері сарапталып, жаңа жүйеге түсірілді;

– Алтын Орданың Батыс пен Шығыстағы қарым-қатынастары жеке-жеке проблемалық тұрғыда қарастырылып, державаның саясатына әсер еткен факторлар мен жалпы сыртқы саясаттың негізгі бағыттары (векторлары) айқындалды;

– Батудың Еуропаға жасаған жорықтары бойынша әлемдік медиевистикада туындаған дискуссиялық мәселелері тәуелсіз ой-пікірлер тұрғысында қарастырылып, объективті пікір қалыптастыруға әрекет жасау мақсатында оның нәтижелері сарапталды;

– Алтын Орданың сыртқы саясатына қатысты осы кезеңге дейін әлсіз зерттелген тұстарын, Батыс жорығынан кейінгі Еуропа мемлекеттерімен, Византия империясымен қарым-қатынастарын отандық тарихнамада алғаш рет кешенді түрде зерттеуге талпыныс жасалды;

– Алтын Орда мен Темір державасы арасындағы қарым-қатынастар жөніндегі проблемалық мәселелер жаңаша көзқарастар тұрғысынан пайымдалып, Темір мен Тоқтамыстың ұстанған саясаттарын объективті түрде бағалау мақсатында тарихи оқиғалар тәуелсіз ой-пікірлер тұрғысынан сарапталды;

Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі. Қатаң тарихи-ғылыми объективтілік, тек зерттеу әдіснамасын салыстырмалы түрде сыни талдау арқылы зерттеген кезеңде ғана жүзеге асырылады. Қазіргі кезеңдегі тарих ғылымындағы зерттеу әдіснамасындағы позитивтік дамуының көрінісі, оның қатып қалған теория мен әдіснамаға ғана сүйенуден азат етілуінде екендігі белгілі. Әдіснамалық мағынада біз үшін ғылыми зерттеулер жиынтығы мен тұжырымдамалық пікірлердің нәтижесі маңызды болып табылды. Осыған байланысты, біздің әдіснамалық арсеналымызға отандық және шетелдік тарихи мектептердің ой-пікірлерін сыни талдау мен салыстыру арқылы ғылыми нәтижелерге жетуге талпыныс жасалды. Диссертацияны жазу барысында қолданылған негізгі зерттеу әдістері қатарында: жүйелік талдау, салыстырмалы тарихи талдау және ретроспективтік, логикалық дәйектілік, хронологиялық-проблемалық сияқты зерттеу әдістері қолданылды.

Сонымен қатар, тарихтың теориялық-әдіснамалық мәселелері бойынша зерттеуші отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың (В.В. Трепавлов, Қ.Т. Жұмағұлов, З. Қинаятұлы т.б.) еңбектеріндегі тақырыпқа қатысты жаңаша көзқарас тұрғысынан жазуға мүмкіндік беретін тұжырымдамалық ой-пікірлер басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы. Зерттеу жұмысында жасалған негізгі тұжырымдар мен қорытындыларын халықаралық қатынастар, шығыстану ғылымының арнайы салалары бойынша, ортағасырлар тарихы, ортағасырлардағы қазақ елінің тарихы және тақырып шеңберінде арнайы курстар бойынша дәрістер оқу кезінде пайдалануға болады. Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы – қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен ой тұжырымдары негізінде тарихи кезеңге қатысты күрделі және дискуссиялық мәселелер бойынша объективті көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді және тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша бұдан кейінгі зерттеу жұмыстарына арқау бола алады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар: Тақырыпты зерттей келе, диссертациялық жұмысты қорғауға мынадай тұжырымдар жасалды:

1. Жошы ұлысы – моңғолдардың батысқа қарай масштабты түрде келешекке жоспарланған экспансиялық саясаты бойынша жорықтың

плацдармы және батысқа қарай бағытталған әлеуетті күшінің түрік халықтарының материалдық және адам ресурстары негізінде Моңғол империясының әскери базасы ретінде құрылды. Осыған байланысты, Жошыға бөлінген енші-иелігі әскери фронттық жағдайға негізделген мемлекеттік құрылым (ұлыс) түрінде болған еді.

2. Хорезм жорығынан кейін 1224 жылы Шыңғыс ханның бұйрығымен Жошы – Дешті Қыпшақтағы алғашқы, бірақ әлі де тәуелсіз емес моңғол билеушісі (даруга) ретінде тағайындалды. Сондықтан Батыс жорығына дейін бұл мемлекеттік құрылымның (ұлыстың) сыртқы саясаты да орталық биліктің шешімімен жүзеге асырылды. Сондай-ақ, Жошы ұлысының территориясын батысқа қарай кеңейткен Батыс жорығы (1236-1242) жалпы империялық құрылтай шешімімен жүзеге асырылған жорық болып табылады.

3. Бату басқарған моңғолдардың Батыс жорығының аяқталуы мен Еуропаны тастап кері қайтуы, орыс зерттеушілері айтқандай, тылдағы бағындырылған халықтардың көтерілісінен емес, неміс зерттеушілері айтқандай, неміс билеушілерінің саясаты мен жеңімпаз неміс рыцарлық әскери күш-қуатының тойтарысынан қауіптенгендіктен емес, моңғолдар өздерінің алдына қойған мақсат-міндетін толық орындады, яғни далалық аймақ жерлерінің барлығын жүріп өтіп, тек Өгөдәйдің өлімінен кейін ата-жұртта ұлы қаған тағы үшін талас-тартыстан қауіптенген Бату жаңадан жаулап алған Еуропа территориясын тастап шығысқа кері қайтты.

4. Батыс жорығының нәтижесінде Алтын Орда – Батыс пен Шығыста тәуелсіз сыртқы саясатын жүргізген қуатты державалық мемлекетке айнала бастады. Сонымен қатар, өзара қырықпышақ болып жатқан түрлі тайпалардың, халықтардың басын біріктірген бұл мемлекет Еуропа мен Азияны мекендеген көптеген халықтардың мемлекет болып қалыптасуына, тарихи дамуына ықпал етіп, олардың саяси өмірін түбегейлі өзгеріске ұшыратты.

5. Бату қолбасшылығымен моңғол әскерлерінің Еуропаға жасаған (1241-1242) жорықтарынан кейін Шығыс және Орталық Еуропа мемлекеттері Жошы ұрпақтарының сыртқы саясатының басты назарында болып, Алтын Орда – Рим Папасы және Батыс Еуропа билеушілерінің бұл аймақтарға деген саясатына қарсы тұра алатын державалық мемлекет ретінде танылды және кейінгі кезеңдегі оқиғалар көрсеткендей, Русьтің батыс бөлігі (Оңтүстік Русь), Литва, Венгрия және Польшаның өзара саяси қарым-қатынастарында да моңғол-татар факторы жетекші рөлге ие болды.

6. Сарай-Тебриз шиеленістері территориялық келіспеушіліктен басталып, соғыстың басты себептері геосаяси және геоэкономикалық мүддеге негізделді, ал әулетаралық келіспеушіліктер соғыстың жанама себептері ғана бола алады. Өзірбайжан жері – Жошы ұрпақтары мен Хулагу әулеті арасындағы ұзаққа созылған талас-тартыстар объектісі болды, бұл моңғол билігіндегі екі мемлекеттің арасындағы жауластық Хулагулық Иран мемлекеті құрылған кезден басталып, оның құлауына дейін бір жарым ғасырға созылды.

7. Алтын Ордамен әскери одақ құрған Мысыр мәмлүк сұлтандары бір жағынан Алтын Ордамен достық қарым-қатынас орнату арқылы Хулагулық Иранға қарсы әскери одақ құру болса, екінші жағынан объективті түрде

қарастыратын болсақ, екі моңғол билігіндегі мемлекетті өзара араздастыра отырып, Таяу Шығыстағы моңғол факторын әлсірету болды.

8. XIII ғ. 60-шы жылдары қалпына келтірілген Византия империясының сыртқы саясатына моңғол факторы үлкен ықпал етті. Византия билеушілері моңғол әулеттік билігіндегі екі мемлекеттің (Алтын Орда және Хулагулық Иран) тарапынан әскери тегеурінінен қауіптеніп, әскери күш-қуатының арқасында емес, матримониалдық келісімдер жасау арқылы және түрлі сыйлықтар мен тартулар бере отырып, моңғол қылышынан аман қалды. Сондай-ақ, Мысыр сұлтандарының арнайы келісімдері бойынша Византия билеушілері өздерінің бақылауында болған Қара теңіздің Геллеспонт (Дарданеллы) және Босфор бұғаздары арқылы Мысыр және Алтын Орда арасындағы елшіліктердің еркін қатынауы мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған.

9. Әмір Темірдің Қыпшақ даласына жасаған жойқын жорықтары Алтын Орда мемлекетінің саяси-экономикалық құрылымына үлкен алапат алып келумен қатар, оның табиғи даму үдерісін үзіліске ұшыратып, мемлекеттің ыдырауының алғышартын жасады. Осы жорықтардан кейін саяси жағынан Еуразия даласы күрделі өзгерістерге ұшыраумен қатар, қуатты державалардың бірі болған Алтын Орда іс жүзінде әлемдік саясаттағы саяси ықпалынан айырылып, екінші деңгейлі мемлекетке айналды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 16 мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде, 7 мақала ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне енген журналдарда, 4 мақала шетелдік журналдарда, 5 мақала шетелде және республикада болған халықаралық ғылыми конференция материалдарында жарық көрді. Диссертация қолжазбасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің дүниежүзі тарихы кафедрасында дайындалып, кафедра мәжілісінде талқылаудан өткен соң қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 БАТУДЫҢ БАТЫСҚА ЖОРЫҒЫ ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДАНЫҢ ЕУРОПАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

1.1 Батыс жорығының тарихи алғышарттары

Жошы ұлысының құрылуы моңғолдардың сырт аймақтарға жасаған жаулаушылық жорықтарының нәтижесінде иемденген ұлан-ғайыр территорияның Шыңғыс хан және оның ұрпақтары қатаң сақтаған әулеттік дәстүріне негізделген ұлыстық жүйеге бөлінуінен басталады. Шыңғыс ханның көзі тірісінде моңғол әскерінің Орман халықтарын, Ұйғырларды, Қара-кидан мемлекетін, Хорезмді, Солтүстік Қытайды бағындыруы есебінен империяның орасан зор аймаққа кеңеюіне байланысты оны бір орталықтан тікелей басқару Қарақорым әкімшілігі үшін аса тиімсіз еді. Ал бұл уақытта жаңадан ғана бағындырылған жерлерді егер тиімді басқармайтын болса, онда ол аймақтардағы моңғол билігінің уыстан оңай шығатыны да белгілі еді. Сондықтан орасан зор аймақты алып жатқан империяны сақтап қалудың жалғыз жолы – ұлыстық жүйеге бөлініс арқылы басқару болды.

Бұл жөнінде неміс зерттеушісі Б. Шпулердің пікірінше, Қыпшақ даласындағы Жошы ұлысының құрылуы Шыңғыс хан империясының концепциясы негізінде жүзеге асырылған. Жошы мен Шағатай ұлыстарының құрылуы Шыңғыс ханның негізгі жоспарында болды, ал бұл мемлекеттік құрылым (ұлыс) моңғол империясының орасан зор территориясын бір орталықтан басқарудың мүмкін еместігіне байланысты пайда болды деген еді [17, s. 10-11]. Ал Й. Хаммер-Пургштальдің пікірінше, Жошы ұлысының құрылуы Жошының да, әкесі Шыңғыс ханның да идеясы негізінде жүзеге асырылып, ұлы қаған өз ұлына территориялық экспансиялаудың бағытын көрсетті, ал Қыпшақ даласы Жошыға әкесінің (Шыңғыс хан) құрған ұлы империядан үлесі ретінде берілген еді дейді [7, s. 89-90].

Жошы ұлысы құрылғанға дейін Шыңғыс хан әскери стратегиялық жоспарына сәйкес, тұңғыш ұлына Моңғолия территориясынан тыс аймақтарға территориялық экспансиялаудың бағыт-бағдарын нұсқады. Жошы бастаған қол 1207-1208 жылдары Селеңгі мен Енисей аралығын мекендеген «Орман халықтарына» қарсы жорыққа аттанып, бұл аймақты қан төгіссіз бағындырған соң, Шыңғыс хан тұңғыш ұлына ризашылықпен осы аймақты иелік енші ретінде берген еді. Ол жөнінде «Моңғолдың құпия шежіресінде» оқиға былайша сипатталған: «Қоян жылы (1207 ж.) Жошының оң қол қанат әскерлерімен Ой-еркінге (Орман еліне) аттандырды. Бұқа оған жерші болып барды. Ойраттың Құдұқа бек түмен Ойраттан бұрынырақ ілесіп кіріп келді. Ол келіп Жошыны басқарып түмен Ойрат жеріне жерші болып, Шықшытқа дейін апарды. Жошы, Ойрат, Бұрыят, Барқұн, Ұрсұт, Қабқанас, Қаңқас, Тұбасты бағындырып, Түмен Қырғыздарға жеткенде қырғыздың нояндары Еді-ынал, Алдыгер, Өребек-тегін ілесіп бағынып, ақсұңқар, ақ жылқы, қара бұлғын алып келіп Жошымен кездесті. Шібір, Кесдім, Байыт, Тұқас, Теңлес, Төгелес, Тас, Бажықыттан бергі орман ел-жұртын Жошы бағындырып, қырғыздардың түмендік, мыңдық нояндары мен орман елінің нояндарын ертіп алып Шыңғыс қағанға ақсұңқар, ақ жылқы, қара бұлғындарымен кездестірді. Ойрат Құдұқа

бекті алдымен ілесіп бағынып, ойратты басқарып ертіп келдің деп Шыңғыс қаған сый тарту ретінде оның ұлы Ыналшыға Чечейкенді берді. Ыналшының ағасы Төрелшіге Жошының қызы Қолұйханды берді. Алақа бикені Оңғұтқа берді. Шыңғыс қаған Жошыға сый тарту етіп: Ұлдарымның ағасы сен үйден енді ғана шыға сала жолың болып, барған жерінде ерді де, ат жылқыны да жарақаттамай, қиналмай, ырысты Орман ел-жұртын бағындырып келдің. Осы ел-жұртты саған берейін деп жарлық етті» [86, 298-299 бб.]. Осылайша, Хорезм жорығына дейін-ақ, Хангай жотасы, Байкөлден Енисей, Ертіске дейінгі кең өлке Жошының құзыр билігіне өткен еді. Орман елімен қанаттас тұрған Хорчы ноян билігіндегі Хор Түметтер және Шыңғыс ханға өз еркімен келіп бағынған Ойғырдың Идиқұты, Қарлұқтың Арсалаң ханы өздерінің аймақтық билігіне ие болып қала бергенімен, олар әскери стратегиялық саясат тұрғысынан батыс шекара әскери тобының қолбасшысы Жошыға бағынышты болды [76, 120 б.]. Бірақ Орман жұрты қарсылықсыз бағынғанымен кейінгі жылдары моңғолдарға қарсы бас көтеріп, бірқатар жерлерінде қарсылық әрекеттері болған еді. Осыған байланысты, «Орман жұртын» толық жаулап алу жорығы он жылға созылып, 1217-1218 жж. аяқталған еді. Жошының әскери бөлімі елінің батыс шекара шебін күзетіп, осында тұрып қалады [76, 67 б.]. Жошының «Орман жұртына» жасаған жорығының нәтижесінде Моңғол империясының құрамына қазіргі Хакасия, Алтай және Ертіске дейінгі кең өлке еніп, моңғолдардың өз территориясынан тыс жерде Шыңғыс хан ұрпақтарының алғашқы ұлыстарының құрылуының алғышарты болды [63, с. 47-51].

Зерттеуші В.В. Трепавловтың пікірінше, Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының империяны құру жолында түрік халықтарын бағындырудың маңыздылығы аса зор болған дейді. Өйткені империяны құру үшін түрік-моңғол «бірлестігі» негізінде ол тайпалардың басын біріктіретін кең ауқымды әскери науқан ұйымдастыру қажет болды. Шыңғыс хан бүкіл моңғол тайпаларының басын біріктірді. Ал ұлы даланың моңғолдар мекендеген аймақтан батысқа қарай түрік тайпалары өмір сүрді (әсіресе, Дешті Қыпшақ даласында – А.Н.), демек олардың мекендеген жері болашақ державаның екінші жартысы ретінде есептелді. Осы жерде қандай халықтар ежелгі далалық мемлекеттілікті тасымалдаушылары ретінде бола алуы мүмкін еді деген сауал туындайды? Моңғол билеушілері үшін түріктердің тек тарихи тәжірибесі ғана емес, сондай-ақ адам ресурстарына негізделген әскери күш-қуаты да аса маңызды болды. Сондықтан О. Латтимордың осы мәселеге қатысты айтқан орынды пікірін есепке алуымыз қажет, яғни оның пікірінше, далалық аймақтағы шайқастардың әдістерімен жақсы таныс, аттылы жер қайысқан түріктер, отырықшы мемлекеттердің жасақтарына қарағанда аса үлкен қауіп туғызған. Міне, сондықтан Моңғолия территориясынан тыс жерлердегі түрік халықтары моңғолдарға бірінші болып күшпен біріктіріліп, моңғолдардың әскері мен қазынасын толықтырып, империяны басқаруға білікті кадрлармен қамтамасыз ету қажет болған [63, с. 46-47].

Түрік халықтарын бағындырудың шешуші кезеңі Ертістен Дунайға дейін созылып жатқан Дешті Қыпшақ территориясын жаулаумен аяқталуы тиіс еді. Сондықтан Жошы ұлысының территориялық қалыптасуында 1219-1224

жылдары Шыңғыс хан және оның ұлдары мен қолбасшылары жасаған Хорезм жорығының нәтижесі маңызды орын алады. Өйткені бұл кезеңде бұл сайын даланы көп тайпалық қыпшақ атауымен әлемге мәшһүр болған түрік тайпалары мекендеген еді. Осы Қыпшақ конфедерациялық тайпа бірлестігі негізінде Жошы ұлысы құрылды [2, 519 б.]. Сондай-ақ, қыпшақтар моңғол жорықтарынан кейін олардың қол астында саяси жағынан тәуелді болғанымен, қыпшақ факторы келешек Жошы ұлысы қоғамында шешуші рөл атқарды. Бұл жөнінде араб авторы әл-Омаридың мәліметінде былайша сипатталған: «Ертеде бұл мемлекет Қыпшақтар елі болған еді, бірақ татарлар басып алған соң, қыпшақтар оларға бағынышты болды. Содан кейін олар (татарлар) олармен (қыпшақтармен) араласып, туыстық байланысқа түсті, ал өмір сүрген ортаның табиғи және нәсілдік қасиеттері олардан (татарлардан) басым түсіп, олардың барлығы қыпшақтармен бір атаның балалары секілді болып кетті. Осыған байланысты, моңғолдар мен татарлар Қыпшақ жеріне қоныс теуіп, олармен некелік байланысқа түсіп, олардың (Қыпшақ) жерінде өмір сүріп қалды...» [100, с. 174].

Моңғолдардың Хорезмге қарсы жорығы кезінде Дешті Қыпшақ жерін жаулауға аттанған моңғол әскерлерінің бір бөлігі Жошының қолбасшылығымен Сыр өзені бойында орналасқан Сауран, Сығанақ, Женд, Ашнас, Янгикент сияқты қалаларды жаулап алды. Бұл жорықтың соңы 1222 жылдың көктем айына қарай Үргеніш қаласын бағындырумен аяқталғаны белгілі. Моңғолдар осылайша, 1219-1224 жылғы Хорезм жорығының нәтижесі бойынша Шығыс Дешті Қыпшақ пен Мәуераннахр жерін бағындырып, Жошы ұлысы (сол сияқты Шағатай ұлысы да) осы жорық нәтижесінде жаңадан ғана бағындырылған сырт аймақты тиімді басқару үшін мемлекеттік құрылым (ұлыс) ретінде құрылды. Парсы тарихшысы Джузджанидың мәлімдеуінше: «Туши (Жошы – А.Н.) мен Шағатай, Хорезм мәселесін аяқтаған соң, Қыпшақ пен Түркістанға қарсы аттанып, қыпшақ тайпаларын бірінен соң бірін бағындырып, солардың есебінен әскерін толықтырып, барлық (бұл) тайпаларды өзінің билігіне бағындырды. Ал Шыңғыс ханның үлкен ұлы Туши, Қыпшақ жерінің ауасы мен суын көрген кезде, ол мұндай ауасының тазалығы, суының мөлдірлігі, ұлан-байтақ жайылымының шүйгіндігі жағынан әлемде бұдан асқан жер жоқ деп тамсанған еді» [101, с. 40].

Моңғолдар Дешті Қыпшақ жерінің шығыс бөлігін бағындырғанымен, батыс бөлігі әлі де болса толық бағынышты болған жоқ еді. Бірақ Хорезм жорығы кезінде Шыңғыс ханның арнайы тапсырмасымен аса тәжірибелі қолбасшылар Сүбәдей мен Жебе Тогучардың таңдамалы 30 мың әскерімен Мұхаммед сұлтанның соңынан қуғынға аттандырды. Моңғолдың бір жазылымында осы жорыққа аттанар алдында қағанның Сүбәдейге берген тапсырмасынан үзінді келтіреді. Онда «Мұхаммедті қолға түсірмей қайтушы болмаңдар, ... бұл мақсат жолында еш аяныш болуы тиіс емес. Тапсырманы үш жыл ішінде аяқтап орыс, қыпшақ жерін басып Хорезмге оралатын болыңдар!» – делінген. Сүбәдей жорығының бұл жолғы басты мақсаты тек қана Мұхаммедті қолға түсіру ғана емес, оны сылтау етіп батыс Қыпшақ даласы,

Кавказ, Русь шебіне дендеп кіріп, келешек ұлы жорықтың стратегиясын айқындау болса керек [76, 122 б.].

Бұл әскери топ Каспийдің оңтүстік жағалауын бойлай жылжи отырып, Иранның батыс шебін басып өтіп, Ирак, Әзірбайжан жерінің кейбір елді мекендерін бағындырды, ал 1222 жылы Грузин жеріне аяқ басады. Бұл елдің билеушісі Георгий Лаша өзінің 60 мың қарулы жасақтарымен моңғолдарға қарсылық көрсеткенімен, оларға қарсы ұзақ тұра алмай жеңіліске ұшырады. Моңғолдар бұдан кейін жергіліктілердің көмегімен Ширван шатқалымен өтіп Кубань шебінде Қыпшақ және Алан тайпаларының қарсылығына тап болады. Жебе мен Сүбәдей бастаған моңғол жасақтарының Аландар (Осетин) мен Қыпшақ тайпаларының біріккен әскерін жеңгені жөнінде парсылық тарихшы Рашид ад-Дин және араб авторы әл-Асир мәліметтерінде сипатталған. Олардың мәліметтері бойынша моңғолдар әскери айлалы әдістерді қолданып, аландар мен қыпшақтардың біріккен келісімін жояды. Осыдан кейін алғашында аландарды, одан кейін қыпшақтарды талқандайды [3, с. 229; 33, с. 25].

Араб авторы әл-Асирдің мәліметіне сәйкес, Сүбәдей мен Жебе басқарған моңғол әскерлеріне қарсы тұрған аландармен бірігіп, шайқасып жатқан қыпшақтарға моңғолдар былайша жолдау жібереді: «...сіздермен біз етене жақын туыстармыз, ал аландар болса, жат-жаладан болғандықтан, оларға сендердің көмектесетін жөндерің жоқ. Аландардың діні де, салты да сіздерден мүлдем бөлек. Біз сендерге жау емеспіз, не қалағандарыңды орындаймыз, сендер тек бізді аландармен жеке-дара қалдырсаңдар болғаны», – деді [33, с. 25]. Моңғолдар қыпшақтармен етене жақын туыстармыз деп жайдан-жай айтқан жоқ, моңғолдар мен қыпшақтардың туыстықтығының тамыры тереңде жатыр еді. Ол жөнінде араб авторы ибн Халдун мәліметіне сәйкес, Қыпшақтар ертеден бұл сұлтанның (Шыңғыс хан) және оның ұрпақтарының халқымен (татарлармен) тығыз байланыста болды. Көп жағдайда татарлар шеше жағынан туыстық қатынастыққа түсті. Сондықтан Шыңғыс хан оларды (қыпшақтарды) туыс-жақындармыз деп есептеді [74, с. 60]. Бұл мәселеде қыпшақтар мен моңғолдардың туыстығының тамыры тереңде жатқаны көрсетілген. Ал көшпенді дала дәстүріне сәйкес, тайпалар мен халықтар арасындағы туыстық байланыстардың маңызы зор болғаны белгілі. Сондықтан қыпшақтар моңғолдармен туыстықтың тамыры тереңде жатқанына сеніп, (немесе әл-Асирдің мәліметі бойынша, моңғолдардың қыпшақтарға сыйлаған ақша, киім-кешек, сый-сыяпатына алданып) аландарды шайқас алаңына жеке-дара тастап кетті, нәтижесінде аландар тас-талқан болып жеңіліске ұшырады. Ал әл-Асирдің келесі бір мәліметі бойынша, моңғолдар Аландарды талқандаған соң, бейбіт келісім негізінде жайбарақат күй кешкен қыпшақтарға қарсы жорыққа шықты. Олар тек моңғолдардың өз территориясына аяқ басқан кезде ғана қателескендіктерін түсінген. Моңғолдар дүркін-дүркін шабуылдар жасап өздерінің берген дүние-мүліктерінен екі есе артық олжаны тартып алды. Бұл хабарды естіген басқа қыпшақтар шайқассыз қаша жөнелді. Олардың бірқатары ми батпақтарға, басқа қалаларға, ал басқалары Русь жеріне бас сауғалады. Қыпшақ жерлерінің шөбі шүйгін алқабы жаз бен қыс айларында жеткілікті жайылым болғандықтан моңғолдар осы жерге қалды деген еді [33, с. 25]. Бұл

шайқаста моңғолдардың әскери соғыс саясатын ұтымды пайдаланғаны анық байқалады. Әл-Асир мәліметіне сәйкес, моңғолдың қаһарлы қолының алдында қауқарсыздығын сезінген қыпшақтар енді Руське бет бұрмасқа шарасы қалмайды. Қыпшақ даласында қалыптасқан әскери стратегиялық жағдайға байланысты өз қолының аздық ететінін сезген Сүбәдей өздеріне ең жақын тұрған Жошыға жаушы аттандырып, әскери қолдау көрсетуін сұрайды. Бұл кезде Жошы Үргенішті әлдеқашан тастап, Сырдарияны өтіп Ырғыз, Жем өзені аралығында ат арқасын суытқан екен. Жошы Сүбәдей тобының талабын қабыл алып, Мөнхэур бастаған әскери жасақты аттандырады [76, 123 б.].

Бұл кезде Русь тек Ока өзені бойына енді-енді ғана аяқ басып, Еділ, Жайыққа іліне қоймаған және ұлт жүзінде біріге қоймаған бытыраңқы ел болды. Георгий Всеволодович (1224-1238) аға князь болғанымен, басқа княздар тек ел басына іс түскен жағдайда ғана бір орталыққа бағынатын, ал басқа кездері өзара талас-тартыстарға толы еді. Шығыстан дала өртіндей қаулап келе жатқан моңғолдардан қауіптенген Русь князьдері Киевте жиын өткізеді. Жиын моңғолдарға қарсы қыпшақтармен одақтасу жөн деп табады. Бұл жайдан алдын-ала хабардар болған моңғол қолбасшылары, «Біз өз қыпшақтарымыздың басын біріктіру үшін жүрміз, Русьтар, сендермен ісіміз жоқ, сондықтан сендер қыпшақтармен одақтасудан бас тартыңдар!» – деп елші аттандырады. Русь князьдері моңғолдардың пікірін қабылдамағаны былай тұрсын, моңғолдың он елшісінің басын алады [76, 124 б.]. Осыдан кейін біріккен орыс-қыпшақ біріккен әскеріне қарсы моңғолдардың Калька өзені бойындағы шайқасы басталады. Қыпшақ ханы Котян өзінің қайын атасы Галицкілік князь Мстислав Удалойды орыс жасақтары мен қыпшақ атты әскерлерін біріктіріп, моңғолдарға қарсы шығуға көндіре алды. Мстислав Удалой осы одаққа Оңтүстік Русьтің үш ықпалды князьдерін: Мстислав Киевский, Мстислав Черниговский, Мстислав Немой Пересопницкий және Волынь князы Даниил Романовичті біріктірді.

Моңғол деректеріне қарағанда, Калька өзені бойындағы шайқасқа бір жағынан Русьтің 80 мың жасағы, Қыпшақтардың 50 мың жасағы, барлығы 130 мың жауынгер, екінші жағынан жергілікті түрік тайпаларын қосқанда моңғол әскерлерінің 25 мың жауынгері шайқасқа қатысқан, күш салмағы 5,2:1 есебімен Русь-Қыпшақтардың пайдасында болған көрінеді. Калька шайқасы 1223 жылы 31 мамырда басталып, үш тәулікке созылған қырғын шайқаста моңғолдар жағы әскери-тактикалық шеберліктерінің арқасында жеңіске жеткен. Бірқатар зерттеушілердің (Б.Д. Греков, Л.В. Черепнин және т.б.) пікірінше, моңғолдар алдын ала жоспарланған әскери маневр бойынша алдап түсіріп, далалық аймаққа алып барып талқандады дейді. Моңғол жазылымдарында бұл шайқаста біріккен Русь-Қыпшақ әскері 70 мың қарулы қолынан айырылғаны туралы хабарлайды. Осы шайқаста Русьтің бірнеше князьдері қолға түсіп, қалғандары Днепрге қарай шегінеді. Қыпшақ тайпалары да ауыр күйзеліске ұшырайды. Қыпшақ тайпаларының біршама бөлігі Дунайдан өтіп Рим империясының жеріне барып, ол елдің патшасы Иоанн Дукаға қызмет етеді. Қыпшақ босқындарының бір бөлімі Франк және Македонияға бас сауғалап, қалғаны Кіші Азияға өтеді. Қайсыбір бөлімдері Русь жеріне ішкерілей түседі. Моңғол қолы екіге бөлініп, бір тобы Русьтерді өкшелей қуып Днепрге дейін барады.

Енді бір тобы Қырым түбегімен Қыпшақтардың ізіне түсіп Италияның Генуя билігіндегі Судак қаласына басып кіріп үлкен олжаға батады. Бұл Шыңғыс хан Орталық Азияда үлкен жеңіске жетіп, енді ата-жұртына қарай ат басын бұруға дайындала бастаған кезеңі болатын. Сүбәдей басқарған әскер Калька жеңісінен кейін Шыңғыс хан тапсырмасы бойынша ат басын Хорезмге қарай бұрды. Екі топ Еділ бойында бас қосып, қайтар жолында Еділ Бұлғарларымен шайқасады. Бұлғарлар кәнігі моңғол қолына төтеп бере алмай жеңіледі. Келешек Жошы ұлысының батыс шекара шебі осылайша қалыптасқан еді. Сүбәдей және Жебедей басқарған қол Орал жотасын қиып өтіп, Еділді ылдилап Жошы қосынына келіп, Жошыға тиесілі әскери тобын өзіне қалдырып, Сырдарияны өтіп Құлан басындағы Шыңғыс ханға келіп қосылады [76, 125 б.].

Кіші Батыс жорығы кезінде Сүбәдей және Жебе басқарған моңғолдардың біріккен орыс-қыпшақ әскері арасындағы Калька бойындағы шайқас – Батыс жұрты үшін бұл шайқас «аспаннан жай түскендей» әсер қалдырған, әлемдік соғыс тарихында елеулі орын алатын оқиғалардың бірі болды. Батыс жұрты Сүбәдей мен Жебе басқарған әскери тобының алдында өздерінің қауқарсыздығын танытты. Аталмыш жорық осы қырларымен моңғолдар үшін батысқа қол созуына сенім тудырды, келешек Ұлы Батыс жорығының алғышарты болды [76, 126].

Калька бойындағы шайқас – ортағасырлық Шығыс Еуропа тарихындағы айтарлықтай тарихи оқиғалардың бірі екендігі белгілі. Батыс тарихнамасында Калька шайқасын ірі тарихи оқиға ретінде қарастырылған [9, с. 94]. Ол жөнінде неміс зерттеушісі Б. Шпулердің пікірінше, Жебе мен Сүбәдей басқарған моңғол әскерінің мақсаты барлаушылық жорық жасау болған және бұл жорықты «жанадан ғана Кавказда бағындырылған территорияларда моңғол билігін нығайтуға» байланысты қажеттіліктен туындады дейді [17, s. 12]. Келесі неміс зерттеушісі Л. Рюль біріккен орыс-қыпшақ әскері жеңілісінің бірқатар себептерін сипаттаған, яғни біртұтас басшылықтың болмауы, Батыстан көмектің келмеуі, орыс әскерінің әскери соғыс өнерінің артта қалуы және моңғол-татарлардың саны жағынан да, әскери-техникалық күш қуаты жағынан да басым түсуі болды деп сипаттаған [9, с. 96]. Жалпы Калька шайқасының салдары жөнінде неміс ғалымдарының пікірі ортақ, олардың пікірі бойынша Русь бұл жеңілістен кейін бұдан сабақ алған жоқ және моңғолдардың қарымта шабуылына қарсы қорғанысты күшейтудің орнына ішкі араздықтар күшейіп, бірімен-бірі қырқысып жатты деген қорытындыға келді.

Сүбәдей мен Жебе басқарған моңғол әскерінің Шығыс Еуропаға жасаған жорықтарының «алғашқы толқыны» аса ірі болмады. Бұл жорық барысында Русь пен Дешті Қыпшақтың батыс бөлігін мекендеген бірқатар халықтарға жорықтар жасалғанымен, олар көп уақыт кідірмей шығысқа кері қарай қайтып, бұл аймақты толық бағындырған жоқ. Шыңғыс хан әскери стратегиялық жоспарына сәйкес, бұл тек барлаушылық мақсаттағы жасалған жорық еді, сондықтан жорықтың жалғасын табуы тиіс болды. Сондай-ақ, Жебе мен Сүбәдей қолбасшылар басқарған бұл алғашқы барлаушылық жорық барысында әскери айлалы әдістерінің арқасында басым түсті.

Шыңғыс хан Хорезм жорығының жеңісін 1224 жылы Құлан басында тойлайды. Бірақ Жошы бұл кездесу жиынға қатыспаған. Ал Хорезм жорығы және кіші Батыс жорығында қолға түскен соғыс олжасын бөлісу мәселесі Құлан басында емес, 1224 жылы күзде Ертіс бойындағы Бұқа шошығанда болған ұлы жиында шешіледі. Мұнда да Жошының өзі емес оның жақын адамдары да қатысты, бірақ бұл жолы Шыңғыс ұрпақтары ішінде ең үлкен олжаға ие болғаны Жошы болды. Ертістен батысқа қарай Қап таулары, Саксин, Бұлғарға дейінгі ұшы-қиырсыз аймақ Жошының билігіне өтті. Аталған аймақта Жетісудың батыс бөлігі және Еділдің құяр жеріне дейінгі жерді қоса бүкіл шығыс Қыпшақ даласын қамтыды. Жошы аталған алып даланың иесі (даруга) деп танылды [76, 126 б.].

Бұл жөнінде Лубсанданзанның «Алтын тобчы» тарихи шығармасында былайша сипатталған: «Данышпан Боғда Шыңғыс қаған ұлы Жүшиге Қыпшақтардың жерін билеуге енші бөледі. Шағатайды Сартағчиннің жерін билетуге жібереді. Жүчи мен Шағатай екеуін бөліп жіберерде жарлық болдырып: «Мен сендерді жеке бөгде елге жіберіп жатқаным жоқ,

Иеленген жерге ие болсын деп,
Уысқа түскенді шығармасын,
Ұлтарак жерді ұзартсын.
Ұлы төрді нығайтсын! – деп,
Сыңар үй,
Сыңар жаным етіп,
Жақсы ырыммен аттандырып отырмын.
Ауылдан ауыл бөліндік деп ойламаңдар,
Ауылдың бараны алыс емес,
Ақтаға қонсаңдар жетесіңдер!
Үйірден үйір бөліндік деп,
Содырланып кетпендер,
Үйірдің қасиеті,
Үйірсектігінде болады!
Ұрпақтарым, ағайын туысқа ардақты болыңдар! – деп,
Қия жартасқа қарсы аттанғанда,
Қиқулатып ұранға берік болыңдар!
Мұхиттар кешіп өткенде,
Дауысты ұрандарыңды үзбеңдер!
Бар-барлаған дауыстарыңмен ұрандап,
Дауысты ұранға ұмтылып,
Қарсы келгенге бөгелмеңдер!
Барул-Барул деп
Малақайларыңмен шақырысып,
Қарар көз, қастарыңды қақпаңдар!
Алысқа кезіп, шалдығып,
Ағайын-туыстан қол үзіп қалмаңдар!
Келіскен сөзге тастай қатып,
Таулы алыста айтқан серттен қайтпаңдар!

Ағалап, інілеп сыйласып жүріңдер!

Қалың ұлыс елді,

Қалтқысыз адал басқарып,

Артта қалар жақсы атты,

Ардақ етіп жүріңдер!» – деп жарлық етеді [87, 249-250 бб.].

Сондай-ақ, аталған тарихи шығармада Шыңғыс хан нұсқауымен Боғұрчи ноянның өсиеті Жошыға айтқан өсиеті де сипатталған. «Шыңғыс қаған Жүчи ақайды Қыпшаққа басшы етіп тағайындарда да, Боғұрчи ноянға өсиет айт дейді. [Сонда] Боғұрчи бүй дейді: «Жүчи ұл тында! Қаған әкең сенің өрісінді кеңейтіп, жат елді басқартуға бөлек шығарып, аттандырды! Қайраттан!

Аса алмас асу барын естісең,

Қалай асамын деп, ойлама,

Асайын десең, асасың!

Солай тәуекелмен ассаң,

Сол асудың арғы бетінде,

Ән-күй,

Қызық-думан

Қарсы алар!

Өткел бермес дария бар,

Қалай өтермін деп ойлама,

Өтемін десең, өтесің!

Солай өткенде,

Қауіп-қатерден аман болсаң,

Өтіп барған сол жағалауыңда,

Арбалы үйің қарсы алар!» – дегенде,

Жүчи ақай:

«Даңқты Еженнің бұйрығын,

Мені өзі жетпеген жерге жетіп,

Қалың елді жинасын,

Жерін кеңейтіп,

Өрісін молайтсын! Дегені деп ұқтым мен.

Сен [Боғұрчи],

Түгел елді басқарып,

Дайын асты таратқандай, болып сөз айтасың!» дейді. Бұл сөзге Шыңғыс қаған жарлық етіп: «Жүчи сен, балалығыңа басып, балалық қылып тұсың!

Топ елді басқара алмасаң,

Топ болып жарытпайсың!

Ас үлестіріп үйренген,

Аспазшы жиналған жұртты,

Аш қалдырмас.

Тойда табақтан құр тастамас!

Өзіне де жеткізіп ішер.

Ұлы ұлысты басқару –

Піскен аспен бірдей!

Боғұрчидың сөзі дұрыс!» – деп бұйырады [87, 250-251 бб.].

Бұл айтылғандардан екі жағдайды аңғаруға болады. Шыңғыс хан біріншіден ұлдарының басқаруына берілген ел мен жерлер қаншама жат жұрт дегенімен, империяның бөлегі (отау) екендігін ескеріп отыр. Екіншіден, пәрменді билік арқылы ел іргесін одан ары кеңейте беруін аманат етіп отыр. Моңғолдың көне жазбаларының бірі – Лу. Алтан товч шежіресінде Хохин ноянды Русь, Черкестен алынған ел жерге билік жүргізу үшін Жошының «батыс бөлімін басқарушы» етіп тағайындап, Мөнхэту батырды қосып берді. Алыс сапарға аттанарда Шыңғыс хан Мөнхэтуге «Алыстағы жауға аттандым деп ойлама, Жошы ағанды сырт теппе, айтқанына көніп жүргейсің», – деп оған әдейі ескерткен. Бірақ Шыңғыс хан батыс жұртын «Моңғол шабысының ат тұяғы жеткен жеріне дейін жаулап алуды» Хохин, Мөнхэтуге емес, Жошының тікелей өзіне тапсырған еді [76, 127 б.].

Моңғолдардың Хорезм жорығынан кейін, 1224 жылы бағындырылған аймақтарды ұлыстарға бөлуден кейін Жошының енші иелігі Ертіс өзенінен батысқа қарай Жетісудың солтүстік бөлігін және Төменгі Еділ бойына дейінгі жерлерді қоса бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақ жерін қамтыды. Ол жөнінде XIV ғ. араб тарихшысы ан-Нувейри былайша сипаттайды: «ол (Шыңғыс хан) оған (Жошыға) жаз жайлауы мен қыс қыстауы ретінде Қойлық пен Хорезм шекарасынан Саксин пен Булгардың шеткі шебіне дейінгі шапқыншылық кезінде татар аттарының тұяғы тиген жерлерін белгілеп берді», – деген еді [33, с. 150]. Сонымен қатар, Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, Ертіс өзені мен Алтай тауының аралығында орналасқан барлық аудандар мен ұлыстарды, бұл төңіректің жаз жайлауы мен қыстау қоныстарымен қоса, Шыңғыс хан бұл аймақты басқаруды Жошы-ханға тапсырды және оған [Жошы-хан] Дешті Қыпшақ аймағын және сол өлкедегі мемлекеттерді бағындыруы мен оны өз иелігіне қосуды мүлтіксіз орындауға арналған бұйрық берді. Оның орталығы мен елінің астанасы Ертіс маңында болды [102, с. 78-79].

Алтын Орда тарихнамасында оның құрылу уақыты мен оның негізін қалаушысы жөніндегі мәселе дискуссиялық пікірлерді туғызды. Зерттеушілердің басым бөлігі Алтын Орданың құрылу мерзімін 1242-1243 жж. бастап, ал оның негізін қалаушысы Бату хан екендігі жөнінде пікірді қолдайды. Алғашқылардың қатарында көрнекті орыс шығыстанушы В.В. Бартольдтың еңбегінде: «Батый» Бату хан – моңғол билеушісі, Русьті жаулаушы және «Алтын Орданың негізін қалаушысы», – деп көрсетті [38, с. 496]. Мұнымен батыс тарихнамасының көрнекті өкілі Р. Груссенің пікірі де үйлеседі, яғни «Батыс жорықтары нәтижесінде «Бату хандығы» қалыптасты [103, р. 392]. Сонымен қатар, қазіргі кезеңдегі неміс зерттеушісі А. Каппелер өзінің еңбегінде Жошы ұлысының негізін қалаушы Бату екендігін атап өтеді. А. Каппелер бұл мемлекеттік құрылымға мынадай сипаттама береді: «Шыңғыс ханның немересі, Жошының ұлы Бату, XIII ғ. 40-шы жылдары негізін қалаған Жошы ұлысы, яғни орыстар Алтын Орда деп атаған мемлекет ортағасырлық кезеңде әлемдік держава болды. Оның саяси және экономикалық байланыстары Қытайдан Италияға дейін, Литвадан Египетке дейін созылып жатты» [9, с. 84].

Зерттеушілердің екінші тобы мемлекеттің құрылуын Шыңғыс ханның тұңғышы Жошы есімімен байланыстырады. Австриялық шығыстанушы Й. Хаммер-Пургшталь парсы деректеріне сүйене отырып, Жошыны Қыпшақтағы алғашқы, бірақ әлі де тәуелсіз емес моңғол билеушісі деген еді [7, s. 94]. Сонымен қатар, Й. Хаммер-Пургшталь Жошы өз территориялық үлесін (енші-ұлысын) әкесінен алды десе, О. Вольфтің 1872 жылы Бреслауда жарыққа шыққан «Моңғолдар немесе татарлар тарихы» атты еңбегінде Жошының Қыпшақ даласындағы мәңгілік билік етуін ұлы құрылтайда бекітті деген деді. Сондай-ақ, О. Вольф жаңа мемлекеттік құрылымның (ұлыстың) бастамасын «1221 жылы Жошының Қыпшақтағы билігінің бекітілген» кезеңімен байланыстырады [12, s. 110]. Бірақ зерттеушінің еңбегінде қандай құрылтай екені және оның өткен уақытын қандай тарихи дерекке сүйеніп айтқанын көрсетпеген.

Мәселенің түйінін шешуде отандық зерттеуші З. Қинаятұлының пікірі аса ұтымды болып табылады. Зерттеушінің пікірінше, Жошы ұлысы державасының шаңырағы алғаш қазақ даласында (Ертісте, 1224 ж.) бой көтерді. Ал ұлыстың іргесі батысқа қарай кеңейе түсіп, держава деңгейіне көтерілуі Жошының өзі, оның серіктері мен ұлдарының бес дүркін жасаған ірі жорықтарының нәтижесі болып табылады дей отырып, оны төмендегідей тізбектеп атап өтеді:

1) Алғаш Жошы өзі бастап 1207 (қоян) жылы Орман жұртын бағындыруы.

2) Жебе ноян бастаған қол 1218 жылы Найман ханзадасы Күшлікті өлтіріп, Лиану патшалығын бағындырған жорығы.

3) 1219-1221 жылдары Хорезм жорығы аясында Сыр бойы қалаларын жаулап алуы.

4) Жебе, Сүбәдей әскери тобының 1222-1224 жылдары Батысқа жасаған барлаушылық мақсатындағы кіші Батыс жорығы.

5) Бату хан бастаған тұңғыш ұлдардың 1235-1241 жылдары Батысқа жасаған ұлы жорығы [77, 5 б; 2, 516 б.].

Жошы 1225 жылы 46-47 жасында өмірден озған және ол өмірден аяқ асты кеткен соң, өзінің мұрагерінің атын да атамаған. Өйткені Жошы жеке-дара билеуші емес еді, империя орталығы немесе ұлы қаған әмірін атқарушы болғандықтан, Жошы ұлысының тақ мұрагерін «Ұлы жасақ» заңы бойынша Жошының өзі емес, империя орталығы немесе ұлы қаған анықтауға тиіс болды [2, 520 б.]. Жошы қайтыс болған соң, оның орнына мұрагерлік мәселесі бойынша Өтеміс-қажының «Шыңғыс-намесінде» былайша сипатталған: «... Ежен (Орда Ежен – А.Н.) мен Сайын (Бату – А.Н.) хандықты бір-біріне ұсынды. Сайын хан кіші еді. Ол өзінің ағасы Еженге: «Әке орнына әке болған ағам едің. Олай болса, сен менің әкемсің. Жат жұртқа бара жатырмыз. Сен хан бол», – деді. Бұған Ежен: «Менің жасым сенен үлкен екені рас. Бірақ әкеміз сені ерекше жақсы көрді де, еркелетіп өсірді. Осы уақытқа дейін мен сені әлпештеп бағып, саған бағынып келдім. [Алайда], егер мен хан бола қалсам, бұрынғыдай сенің еркіңе көне алмауым мүмкін, содан арамызда ұрыс-керіс пен өшпенділік пайда болады. Мен сенің хандығыңа шыдармын, ал сен менің хандығыма шыдамассың», – деп айтты. ...Ол бұған келіспегеннен кейін, Сайын былай дейді: «Олай болса, бір амалын табайық. Ұлы бабамыз Шыңғыс ханға баралық.

Мен өз сөзімді айтамын, сіз өз сөзіңізді айтасыз. Бабамыздың әмірі қандай болмасын, сол бойынша жасаймыз», – [ол] бұл сөздерді мақұл көріп, қабыл алды. Бір шешеден туған екі ұл және өзге аналардан туған он жеті ұл – бәрі қосылып ұлы ханға көрініске кетті. Олар өз [бабасы] хандарына қызмет етуге келгенде, хан бұларға үш орда тікті: алтын босағалы ақ орданы Сайын ханға салды, күміс босағалы көк орданы Еженге салды, болат босағалы боз орданы Шайбанға салды. ...Шыңғыс хан немерелеріне орда құрған күннің кешінде сусын-қонағын есептеп, таңертеңгісін [олармен] көрініс құрды. Он екі шеңбер түзіліп, бектері рет-ретімен орналасты. Ас салтанатты жағдайда ішіліп болған соң Сайын хан қайта жүгініп былай деді: «Әкеміз қайтыс болғанда мен [Еженге]: «[Сен] әке орнындағы әкемдейсің. Жат жұртқа бара жатырмыз, сен хан бол», – дедім. Қабыл етпеді. Не себептен қабыл етпегенін біле алмадым. Осы арызымды сізге айтайын деп келдім». [Шыңғыс] хан айтты: «Сайын жосыққа сай сөз айтып тұр. Неге сен қабыл алмадың»? Сонда Ежен де жүгініп, былай деді: «Солай, хан ием! Жасым үлкен екені рас. Бірақ біздің әкеміз оны өте жақсы көріп, ерке қылып өсірді. Осы кезге шейін мен оған бағынып келемін. Ол [болса] маған бағынған емес: егер мен хан болсам, бұрынғыдай оған бағына алмаспын, арамызда ызалық пен өшпенділік пайда болады. Мен сіздің көзіңізге жаман көрінбеу үшін оның сөзін қабыл алмаймын. Енді тек ол хан болсын. Мен оның хандығына шыдаймын». Шыңғыс хан бұл сөздерді естігеннен көңілі босап кетті, баласы Жошы хан есіне түсіп көзіне жас келді, екеуіне одан да көп алғыс-мақтау айтып, былай деді: «Ертең біз бектермен кеңесіп жауабын береміз». Ертеңіне бектермен кеңесіп, [Шыңғыс] хан яссысына сәйкес Еділ дариясының уәлаяттары бар оң қанатты Сайын ханға, Сырдария бойындағы уәлаяттары бар сол қанатты Еженге берді» [96, 157-159 б.]. Бұл мәлімет бойынша Жошы ұлысының мұрагерлік мәселесінің шешілуі мен Жошы ұлысының екі қанатқа бөлінгені территориялық жағынан да көрсетілген.

Әбілғазының «Түрік шежіресінде» оқиғаны бұдан ары қарай былайша жалғастырады: Шыңғыс хан інісі Отчигинге «Сен Дешті Қыпшаққа бар. Жошы ханның екінші баласы Батуды әкесінің орнына отырғызып, інілерімен әмірлерін соған бағындыр. Егер інілері мен әмірлері сенің сөзіңді тындамаса, өзің сонда қалып маған хабарла, біз сенің айтқаныңды істелік», – деді [97, 113 б.]. Сондай-ақ, Әбілғазының шығармасында Батыс жорығы қарсаңындағы жағдайды былайша сипаттайды: «Жошы хан мажар, башқұрт, орыс, кәрел және неміс жұрттарына аттанбақ болып: «Жеті жылдық сапар жарағының қамын жесін», – деп елге жарлық қылды. Әскер жиналып жатқанда өзі ауырып, көп ұзамай қайтыс болды. Ол жөнінде бұрын да айтылып еді. Шыңғыс хан ол кезде тірі еді, немересі Бату ханға (лақабы Сайын хан): «Әкең қай жерге барайын деп дайындалса, сол жерге бас болып барасың», – деп хукім қылды. Сайын хан әскерін жиыстырып жүргенде, Шыңғыс хан өлді. Екі жылдан кейін Үкідай қаған болды. Ол Сайын ханға: «Аттан», – деп жарлық қылды [104, 198 б.].

Сонымен, Жошы ұлысы «Батыс жұртын батысында реттеу арқылы» империяның батыс шебін ұлғайтуды мақсат тұтқан стратегиялық маңызы бар фронт жағдайындағы мемлекеттік құрылым ретінде құрылды. Сондықтан Жошы ұлысы Оң және Сол әскери екі қанатқа бөлінді. Орда Ежен елінің әскери

сол қанатын басқарып, інілері Удур, Тоқай-Темір, Шингкур (Сұңқар), Сэнгум (Сингкум)-дермен бірге Ертісте қалды. Бату хан елінің әскери оң қанатын басқарып батысқа аттанды. Негізгі орда екеу болуының бір қисыны, міне осында жатыр. Ал тарихшылар әрқилы атап келген Шайбан ордасы жеке мемлекеттік құрылым ретінде Ұлы Батыс жорығынан кейін пайда болды. Ақ Орда, Алтын Орда әу бастан-ақ әскери екі қанаттың штабы тұрғысынан өзін-өзі билейтін мемлекеттік дербес құрылым ретінде қалыптасты [2, 524-525 б.]. Алтын Орданың сыртқы саясатының қалыптасуында Батыс жорығына дейінгі кезеңде Жошы ұлысы моңғолдардың батысқа қарай кейінгі кезеңде жалғасын табатын экспансиясының плацдармы ретінде Батысқа қарай бағытталған әлеуетті күші еді. Өйткені бұл аймақ, жоғарыда аталғандай моңғолдар секілді көшпелі түрік тайпаларының негізінде адам ресурстары мен табиғи, материалдық ресурстардың бай қорына ие еді. Сонымен қатар, Шыңғыс хан Жошы иелігінен батысқа қарай әлі бағындырылмаған сырт аймақ территорияларын (Русь, Еділ Бұлғариясы, Шығыс Еуропа) бағындыруды Жошыға тапсырғаны белгілі. Бірақ Жошы әкесінен ерте қайтыс болуына байланысты әке аманатын орындай алмады. Бұл аманатты оның ұрпақтары орындады.

1.2 Батыс жорығының бастапқы кезеңі: Еділ бұлғарлары, Қыпшақ және Русь территориясын бағындыру

Батыс жорығы (1236-1242) – моңғолдардың жалпы империялық жорықтарының ішіндегі ең ірі жорықтарының бірі. Бұл жорықпен тек Шыңғыс ханның тірі күнінде жасалған Хорезм жорығы және кейінгі кезеңдегі Хулагудың қолбасшылығымен моңғолдардың Иранға жасаған жорығы ғана теңесе алады. Шыңғыс хан негізін қалаған агрессиялық саясаттың қатаң қағидалары мен моңғолдардың әскери-әкімшілік жүйесі негізінде жасақталған Батудың қолбасшылығымен батысқа аттанған әскерлер орасан зор күш-қуаттылығын көрсете отырып, жеті жылдық жорық барысында Еуразия континентінің саяси картасына үлкен өзгерістер жасаумен қатар, сол кезеңдегі әлемдік саясаттағы ірі күштердің арасалмағын өзгеріске ұшыратты.

Батыс жұрты аталған жорыққа дейін-ақ, Шыңғыс ханның көзі тірісінде Жебе мен Сүбәдей басқарған моңғол әскерінің біріккен орыс-қыпшақ әскерлеріне қарсы 1223 жылғы Калька өзені бойындағы шайқасы және одақтастар әскерінің ойсырай жеңілуі жөніндегі мәліметтер арқылы алғашқы таныстығы басталғаны белгілі. Бұл жөнінде Новгород жылнамасының белгісіз авторының, «Сол жылы 6732 (1223) біздің жасаған күнәларымыз үшін беймәлім халық келді, олар кімдер және қайдан келді, олардың тілі қандай, қандай тайпадан тараған, діні қандай екенін ешкім жақсы білмеді. Ал оларды «татарлар» деп атайды, басқалары «таурмендер» дейді, ал үшіншілері «печенегтер» деп атады...», – деген сөздермен басталатын оқиғаға қатысты айтқан мәліметтері, Цистерциандық орденнің рейндік монахы Цезариус Хайстербахскийдің берген мәліметімен үйлеседі. Бұл мәліметте де оқиғаға қатысты ақпараттар бойынша, осыған дейін бір жыл бұрын Руське әлдеқандай белгісіз халық шапқыншылық жасап, оның тұрғындарын талқандағаны

айтылған және бұл қандай халық және олардың қандай мақсаты болды, ол жағы белгісіз деген еді [105, с. 12; 106, с. 82]. Бұл мәліметтерден байқағанымыздай, далалық көшпенді моңғолдардың күтпеген шабуылы және алғашқы шабуылынан кейін моңғолдар шығысқа жылдам кері қайтса да, Русь пен Еуропада абыржушылық пен сенімсіздіктің пайда болғанын айқын көрсетеді. Бірақ моңғолдардың кіші Батыс жорығы кезіндегі Калька бойында шайқасы еуропалық замандас хронистердің бейтаныс жат халықтың шығу тегі мен олардың мақсаттарын білуге деген құлшыныстарының пайда болуына себеп болды. Сонымен қатар, осы кезеңнен бастап-ақ, еуропалықтар үшін жат халық жөнінде бірінен-бірі ерекшеленетін түрлі сипаттамалар бере бастады. Осыған байланысты, еуропалықтардың сол уақытқа дейін Шығыс елдеріндегі саяси оқиғаларға назар аудармауының нәтижесінде моңғолдар жөніндегі түсініктерінің таяздығы байқалды.

Батысқа масштабты түрде ауқымды жорық жасау мәселесі моңғолдар құрылтайында екі рет қарастырылған. Оның алғашқысы – 1229 жылы Өгөдэйдің (Ogedei, 1229-1241) қаған тағына отырғызылған құрылтай барысында Шыңғыс хан аманатына байланысты Жошы ұлысынан батысқа қарай жатқан жерлерге келешекте жасалатын жорықтың алғышарты ретінде әскери барлаушылық жорығына тәжірибелі қолбасшы Сүбэдейді жасақтарымен аттандырды. Ол жөнінде «Моңғолдың құпия шежіресінде» былайша сипатталған: «Тағы Сүбегетей батырды солтүстікке Қаңлылар, Қыпшақтар, Башқұрттар, Орыстар, Мажарлар, Асулар (авар), Сасұлар (осетин), Серкестер (Шеркес), Кешмір, Болар (Бұлғар), Рарал (?) он бір аймақ жат еліне жеткенше Еділ, Жайық су өзендерін кешіп Кіуа (Киев) мен Кермен қалаларына жеткенше Сүбегетей батырды аттандырды» [86, 330-331 б.].

Сүбэдей басқарған бұл барлаушылық жорық – ұлы Батыс жорығының бастамасы және моңғолдардың Шығыс Еуропаға жасаған жорықтарының «екінші толқыны» еді. Сонымен қатар, бұл ақпараттың шынайылығын Ибн Василдің мәліметі де растайды, яғни «627 х.ж. (1229-1230) жылы Татарлар мен Қыпшақтар арасындағы соғыс өрті қайта тұтанды», – делінген [100, с. 83], Бұл деректен байқайтынымыз, Батыс жорығының бастамасы ретінде 1229 жылы Сүбэдей біршама әскермен аттандырылған, бұл жорық батысқа қарай масштабты түрде жаулаушылық жорығының жолын ашу, жорықтың негізгі бағыттарын анықтау үшін барлаушылық мақсаттағы жорық болды. Сүбэдей басқарған әскер біршама халықтарды бағындырған соң, ұлы жорықты күтіп, Еділ, Жайық бойында қала берді. 1236 жылы Бату қолына Сүбэдей 30 мың әскерімен Еділ бойында орта жолдан қосылды [2, 491 б.].

Өгөдэй қаған Сүбэдей басқарған жорықтың жолы ауыр болғаны жөнінде хабар алған соң, Ұлы Батыс жорығын бастау қажеттілігін түсініп, моңғол ақсүйектерін құрылтайға шақырды. Ал Л.Н. Гумилев: «1229 жылы моңғолдардың екі майданда соғыстар жүргізуіне байланысты, яғни шығыста жүргендік Кинь империясы және таңғұттық Си-Ся мемлекетіне қарсы соғыстар жүргізгендіктен, моңғолдардың Батысқа масштабты жорық жасайтын артық күші болмаған. Тек таңғұттардың астанасы Чжунсиді (1227), Кайфын және

Цайчжоу бекіністерін (1234) басып алғаннан кейін ғана Батыс жорығын жүзеге асыруға мүмкіндік туды» деген пікір айтқан еді [58, с. 115].

1235 жылы Қарақорымда ұлы хан Өгөдэй ұйымдастырған құрылтайда «империяның әскери стратегиялық жағдайы және Бағдад халифаты мен Русь, Еуропа жұртын жаулап алуды жалғастыру туралы» мәселелер қарастырылды. Құрылтай Бағдад халифатына Оготор, Мөнхет қолын, ал Батысқа Бату бастаған «Тұңғыш ұлдар» тобын аттандыруға шешім қабылдайды. Бату тобының құрамына Өгөдэйдің тұңғыш ұлы Гуюг, Шағатайдың ұлдары Бөрі, Байдар, Төленің тұңғышы Мөңке және бәрінен жасы үлкен аса тәжірибелі қолбасшы Сүбәдей қосылды. Жалпы майданды Жошы ұлы Бату, ата жұрттан аттанған әскери тобын Өгөдэй ұлы Гуюг басқаруға шешім қабылданды [76, 129 б.]. Рашид ад-Дин мәліметіне сүйенсек, 1235 жылы ұлы хан Өгөдэйдің бастамасымен өткізілген құрылтайда Батысқа жорық жасауға нақты шешім қабылданып, жалпы моңғолдық Батыс жорығын ұйымдастыру мәселелері қарастырылған [102, с. 35]. Сонымен қатар, парсы тарихшысы Джувейнидің мәліметіне сәйкес, Шыңғыс хан мұрагері ұлы «қаған (Өгөдэй) екінші рет құрылтай шақырып, бұрын бағындырылмаған елдерді қырып-жою, Бату иелігімен көршілес жатқан өздерінің санының көптігімен мақтанатын Бұлғар, Ас және Русь елдерін біржолата басып алу туралы шешім қабылдайды. ... осыған байланысты Батуға көмекке қосымша күш ретінде ол (Өгөдэй) (келесі) ханзадаларды – (Төленің ұлы) Мөңкені және оның бауыры Бучек, өз балаларынан Гуюг және Қадағанды және басқа да ханзадалардан – Құлқан, Бөрі, Байдар қатарлы хан ұлдары, Батудың бауырлары Хорду (Орда) және Таңғұт және бірнеше өзге ханзадаларды, ақсүйек әмірлерден (онда) Сүбәдейді тағайындады. Ханзадалар өз әскерлерін және соғысқа дайындықты ұйымдастыру үшін әрқайсысы өз ордалары мен тұрақтарына барып, ал көктемде өз мекендерінен шығып, бірін-бірі басып озу үшін асыға жорыққа аттанды. Бұлғардың шебінде ханзадалардың басы бірікті; әскердің санының көптігінен жұмыр жер діріл қақты, ал олардың шуылынан жабайы аңдар мен жыртқыш хайуандардың өзі безіп кетті», – деген еді [101, с. 58].

1235 жылы Бату бастаған қолдың ұлы Батыс жорығына Сүбәдейдің соңынан аттануы жөнінде «Моңғолдың құпия шежіресінде» былайша сипатталады: «Өгөдэй хан өзін хан көтертіп жақын жүрер түмен кезекшілерді орта қол қанат ұлысты өзіне іріктеп болып, бұрын Шағатай ағасымен ақылдасып, Шыңғыс қаған әкесін торқұт (бақылау) етіп қойған елдің Бағдат елінің Қалыбай (Халифат) сұлтанға аттанған Чормақан садақшының кезегіне Оқотұр, Мөңгету екеуін жіберді. Тағы Сүбегетей батырды Қаңлылар, Қыпшақтар, Башқұрттар, Орыстар, Астар, Сестер, Мажар, Кешімір, Сергес (Шеркес), Бұлар (Бұлғар), Керел еліне жеткенше Еділ, Жайық өзендерін кештіріп, Мекетмен Кермен, Кейіб (Киев) бастаған қалаларға аттанғанымен, сол жерде күш жетіспей, Сүбегетей батырдың артынан Баты, Бөрі, Гуюг, Мөңке бастаған көп ұлдарды жіберді. «Осы жорықтаушыларды Баты басқарсын», – деп жарлық етті. «Орта қанаттан жүргендерді Гуюг басқарсын», – деп жарлық етті... тағы Өгөдэй қаған: «Осы біздің ұлдардың ағаларын басқаруды Шағатай ағам айтқан болатын». Шағатай ағам бұй деген: «Сүбегетейдің артынан

ұлдарының ағасы Бөрі жорытар. Ұлдарының ағасы жорытса, әскер мол шығады. Әскер көп болса, сұсты күшті жеңеді. Арғы жақтарда қалың адам жау көп. Сол шеткерідегілер қиын елдер болар. Олар ашуланса, өлімнен тайынбайды. Қылыштары өткір көрінеді», – деп жіберді. Өгөдэй қаған: «Шағатай ағаның күшімен, сол сөзіне біз ұлдардың ағаларын аттандырып жан-жаққа таратып Баты, Бөрі, Гуюг, Мөңке бастаған төрт ұлды жорыққа аттандырған себебіміз сол еді», – деген еді [86, 341 б.].

Сонымен, Батыс жорығы жөніндегі шешім қабылданды, енді оны іске асыруға дайындық жұмыстары басталды. Батыс жорығына дайындықтың қорытынды және маңызды кезеңі жорыққа шығатын әскер жасақтау еді. Ол жөнінде «Моңғолдың құпия шежіресінде» Өгөдэйдің жарлығы былайша сипатталады: «Осы жорықтарға ұлысты білер, өз ұлдарының үлкендерін жіберсін. Ұлысты білмейтін ұлдарын, түмендіктің, мыңдықтың, жүздіктің, ондықтың нояндары көп ұлды болса ұлдарының ағасын жіберіндер. Қыз-күйеулер де сол жосықпен ұлдарының ағаларын жіберіндер», – деп бұйырды [86, 341 б.]. Жалпы, Батыс жорығына аттанған моңғол әскерлерінің жалпы саны қазірге дейін нақты анықталған жоқ. Русь-Орда қарым-қатынастарын алғашқылардың бірі болып зерттеген Н.М. Карамзиннің пікірі бойынша, 1237 жылы Руське қарсы басып кірген әскердің саны 500 мың адам болды деген пікірді келтірсе [107, с. 182], Кеңес тарихшысы В.В. Каргаловтың пікірі бойынша, Бату басқарған Батыс жорығына шыққан әскерінде 120-140 мың жауынгер болған дейді [53, с. 24-25]. Л.Н. Гумилев моңғол әскерлерінің жалпы мобилизациялық мүмкіндіктерін сипаттай отырып, оны 30-40 мыңнан аспады деп пайымдады [58, с. 116].

Батыс тарихнамасында да жорыққа қатынасқан моңғол-татар әскерлерінің саны жөнінде көптеген пікірлер бар, Й. Хаммер-Пургшталь орыс жылнамаларына сүйене отырып, жорықтың бастапқы кезеңінде Еділ бұлғарлары астанасын жаулауға Бату қолбасшылығымен 300 мың жауынгердің қатысқанын [7, s. 101], ал Польша мен Венгрия жеріне жорыққа аттануға жаулаушы моңғол әскерінің саны 500 мыңға жеткен деп сипаттады [7, s. 110]. М. Правдиннің пікірінше, жорықтың бастапқы кезеңінде Бату әскерінде 150 мың жауынгер болды дейді [22, s. 248]. Х. Рюсстің пікірінше, Бату әскерінің саны бағындырылған халықтар есебінен 120-140 мыңға дейін көбейіп отырған дейді [108, s. 353]. Л. Рюлдің пікірінше, Шығыс Еуропаға шабуыл жасаудың алдында шамамен 120-150 мың моңғол әскерлері мен 60 мың түрік жауынгерлері болған дейді [109, s. 29].

Отандық зерттеуші З. Қинаятұлының пікірінше, Моңғол империясының адам ресурстарының жалпы жағдайын сипаттай отырып, сәйкес әскер саны 120-150 мың шамасында болған дейді [2, 534 б.]. Сондай-ақ, зерттеушінің пікірінше, Шығыс Еуропаны шапқан негізгі күші тек моңғолдар ғана емес, дені түрік халықтары болған, ал моңғолдар мұнда тек басқарушылық рөл атқарған деген пікірді келтіреді [76, 127-128 бб.]. Ол кезде моңғолдарда мұндай әскери-стратегиялық мүмкіндігі болғанымен, адам ресурстары жеткіліксіз болатын. Моңғол нояндары майданда әскери командалық рөл атқарған. Бірақ майдан жауынгерлерінің негізгі құрамын жергілікті халықтың өкілдері құраған. Бату,

Берке бастаған түмені Еділ бойында, Орда Ежен және Шайбан бастаған түмен Ақ Орданың астанасы Сығанақта, Бувал бастаған түрік түмені Батыс Сібірде, Тангут бастаған түмен Қоқанда, Гуюг, Бөрі бастаған түмен Алтай, Жетісу, Іле бойында жасақталды. Тек Сүбәдейдің қарамағындағы моңғол түмені және Мөңке бастаған түмен моңғолдың өз ата жұртында жасақталды. Барлығының басы Еділ, Жайық бойында қосылып жорық алдындағы әскери жиын осында өтті [2, 532 б.]. Сонымен, біздің пікірімізше, Моңғол империясының әскери мобилизациялық мүмкіндіктері мен түрлі факторларын ескере отырып, Бату әскерінің 120-150 мың адам болғаны ақиқатына сәйкес келеді. Бірақ жорық барысында бағындырылған жерлердің халықтары, қыпшақтардың, орыстардың, бұлғарлардың, тағы басқаларының жорыққа қатысуын ешкім жоққа шығара алмайды.

Парсы тарихшысы Джувейнидің мәліметіне сәйкес, Батыс жорығына қатысу міндеті жүктелген «... ханзадалар өз жасақтарын және жорыққа дайындықты ұйымдастыру үшін әрқайсысы өз ордалары мен иеліктеріне барып, ал көктемде өз иеліктерінен шығып, бір-бірінен басып озу үшін асыға жорыққа аттанды. Бұлғардың шебінде ханзадалар бірікті», – делінген [34, с. 22-23]. Демек, 1236 жылдың аяғына қарай моңғолдардың негізгі әскери күші Еділ Бұлғарларының шекарасына шоғырланған. Батыс жорығының жоспарына сәйкес, оның алғашқы соққысы да осы Еділ Бұлғарларына бағытталуы тиіс болды. Еділ Бұлғарларының моңғолдармен алғашқы шайқасы Сүбәдей және Жебе басқарған әскердің кіші Батыс жорығы (1222-1223 жж.) кезінде-ақ болғаны белгілі. Ал 1229 жылы, жоғарыда айтылғандай, Сүбәдейдің батысқа жорығында моңғол әскерлері бұлғарларға қарсы ірі әскери барлаушылық жорық жасады. Олар Еділ бұлғарлары шекарасын бойлай барлаушылық жорық жасап, Бұлғария территориясына жасырынған саксин, бургас және қыпшақтардың біршама бөлігін талқандаған еді. Бұлғарлар бұл барлаушылық жорықтардың соңы ірі жаулаушылық жорыққа ұласатынын жақсы түсінді. Сондықтан Еділ Бұлғариясының билеушілері жаудың сұсынан қауіптеніп, моңғолдарға қарсы қорғану үшін дайындық жұмыстарын жүргізген.

Джувейни және Рашид ад-Дин мәліметтері бойынша, бұлғарлар моңғолдардың жақындағанын біліп, шамамен 40 түмен (400 000) әскер жинақтағанын айтады. Әрине, бұл сан тым асырып айтылған. Бірақ Батыс жорығы кезінде моңғол әскерлерінің жартысына жуығын Батудың өзі тікелей қолбасшылық жасап, Бұлғария жеріне басып кіруі, бұлғарлық әскерлердің саны жағынан көптігі ақиқатқа жақын сияқты. Ал әскердің қалған жартысын Гуюг, Мөңке және тағы басқа ханзадалар басқарып, Қыпшақтарға қарсы шықты. Бату, Бұлғария мен оның одақтасы башқұрттарға қарсы өзінің бауырлары – Орда, Таңғұт, Шайбан және Шағатайдың немересі Бөрі, Шыңғыс ханның кіші ұлы Құлқанмен бірге тікелей өзі бастап кіруінің өзі де, Бұлғар жерлерінің өз иелігіне кіруі тиіс екендігін тағы да дәлелдейді [66, с. 98].

Батудың бұлғарлармен шайқастары жөнінде Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, Бату және оның әмірлерінің жорыққа шыққаны жөніндегі ақпаратты бұлғарлар естіген соң, әскери дайындыққа көшіп, қырық түмен әскерімен әскери қимылға шықты. Қарсылас екі жақтың әскері біріне-бірі қарсы сап

түзеген уақытта, Шыңғыс хан дәстүрі бойынша Бату төбеге шығып, бір тәулік бойы тәңірге табынған... Екі жақтың арасында үлкен өзен болған. Бату мен Боралдай түнде бұл өзеннен өтіп, шайқасқа түсті. Шайбан да шайқасқа қызу араласты. Әмір Боралдай бастапқы кезден-ақ, барлық әскерге шабуыл жасап, олардың басшысының әскери ставкасын талқандады. Әскери ставканың талқандалғанын көрген жауынгерлер кері қарай қаша жөнелді. Моңғолдар батыл арыстанша өз қарсыластарының соңына түсіп, олардың әскерінің көптеген бөлігін талқандады. Осылайша, бұл аймақтар моңғол билігіне бағындырылды. Бұл жеңіс сол кездегі ұлы істердің бірі болатын деген еді [110, с. 173]. Шамасы, шекаралық аймақта ғана Бату әскері бұлғарлардың негізі әскерлерімен шайқасқан. Оларды тас-талқан еткен соң, олармен моңғол әскерлері қайтып кездеспеген. Демек, бұлғарлардың негізгі әскери күші бірінші шайқаста ғана талқандалып, Бату әскері ішкерілей еніп, қарсылық көрсеткен қалаларды біртіндеп бағындыра бастаған.

Бұлғар қаласын бағындыруы жөнінде Джувейнидің мәліметінде былайша сипатталған: «Олар (хан ұлдары) әуелі Бұлғар қаласын күшпен және шабуылмен алды; бұл қала жерінің тарлығы және халқының көптігімен әлемге белгілі болған еді. Басқалардың жүрегін алу үшін, қала тұрғындарының бір бөлігін өлтіріп, қалған бөлігін тұтқынға алады. Бұл жерден олар (хан ұлдары) орыс жеріне қарай аттанып, олардың М.к.с. (Машку немесе Москва) қаласына дейінгі аймағын өздеріне бағындырады, халқы есепсіз көп еді, ал қамалдары батпақпен және орманмен қоршалған болатын, оның қалыңдығы соншалықты, тіптен жылан да бауырлап жылжи алмайтын еді. Хан ұлдары қаланы біріге отырып, әр жақтан қоршауға алады және ең алдымен әрбір бүйірден қатарынан 3-4 арба жүре алатындай кең жол салады, ал содан кейін қабырға бұзатын құрал орнатады. Бірнеше күннен кейін олар бұл қаланың тек атын ғана қалдырады, ал қаланы тұтас қиратып, жойып жібереді, көп олжаға кенеледі. Олар адамдарының оң құлағын кесуге бұйрық береді. Кесілген құлақтың саны 270 мың болады. Хан ұлдары осы жерден кері қайтуға шешім қабылдайды» [104, 221 б.]. Бұдан кейін, бірқатар шығыс хронистерінің деректері мен орыс жылнамаларында моңғолдардың бұлғарлық – Бұлғар, Жукотин, Биляр, Кернек сияқты қалаларын басып алғаны жөнінде сипатталған [66, с. 101]. Осылайша, моңғолдар Еділ Бұлғарларын бір жыл шамасында бағындырған. Бірақ бұл моңғолдардың батысқа қарай масштабты жорығына дейінгі Еділ Бұлғарларына қарсы 12 жыл бұрын басталған күрестің қорытындысы еді.

1238 жылы жаздың басында Бату өз әскерлерін қыпшақ даласына бұрды. Тарихи деректерге сәйкес, Батыс жорығы барысында моңғолдардың қыпшақтардың батыс бөлігіне жасаған жорықтары, Еділ бұлғарларына жасаған жорықтармен бір уақыт мерзіміне ұйымдастырылған. Сайын даланы мекендеген қыпшақтар өздерінің тәуелсіздіктерін бағалады және олар ешкіммен вассалдық қатынасқа түсуді қаламады. Сондықтан қыпшақтар моңғолдарға қарсы ұзақ уақыт бойы аянбай күресті.

Кезінде моңғолдарға қарсы айтарлықтай қарсы тұрған қыпшақ билеушісінің бірі – Котян болған еді. Ол 1223 жылғы Калька шайқасында Сүбәдей мен Жебе басқарған моңғол әскерлеріне табандылықпен қарсы тұрып,

ұзақ уақытқа моңғолдармен жауласып, кері шегінуге мәжбүр болған. Котян өз жұртымен моңғолдардың тегеуріне шыдамай шегіне отырып, шамамен 1239 жылы Венгрия территориясына қашып барды. Бұл жерде Венгрия королі IV Бела қыпшақ ханы Котянды өз қызметіне қабылдап, тіпті олардың арасында некелік туыстық қатынас орнайды. Венгрия билеушісінің мұрагері Стефанға (Иштванға) Котян өзінің христиан дінін қабылдаған Елизабета есімді қызын қалыңдыққа беріп, королден қыпшақтардың билеушісі ретінде «dominus Cumanorum» титулын алды. Алайда жергілікті феодалдар король IV Бела қыпшақтардың көмегі арқылы өз билігін нығайтып, өздерінің бұрынғы саяси ықпалынан айырылып қалу мүмкіндігінен қауіптеніп, Котянды опасыздық жасады (моңғолдар және орыстармен байланысты) деген сылтаумен өлтірді. Котянның өлімі үшін Қыпшақтар көтеріліске шығып, бірқатар Венгрия қоныстарын талқандап, біршама бөлігі көршілес Болгария жеріне кетті [111, с. 180]. Тіпті, 1270 жылдың өзінде-ақ, қыпшақтар (шамасы, Котянның билігінде болған қыпшақтардың ұрпақтары) Венгрияда жасырынған, тек шамамен 1282 жылы ғана Венгрия билеушілері қыпшақтарды христиандық пен отырықшылықты қабылдатуға күштеп көндіру кезінде ғана олардың біршама бөлігі моңғолдарға келіп, бағынуға мәжбүр болған [111, с. 180-181].

Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, Батудың Еділ бұлғарларына жорығы кезінде моңғол әскерінің жартысына жуығын оның немере бауырлары Гуюг пен Мөңке бастаған моңғол әскерлері қыпшақтар, мокша және бұртастарға қарсы жорық жасап, қысқа ғана уақыт аралығында оларды бағындырғаны сипатталған [102, с. 38]. Джувейнидің мәліметі бойынша, Өгөдэй қаған Мөңке, Бату және басқа да ханзадаларды Бұлғар, Ас, Русь, қыпшақ, алан және басқа да тайпалардың жерін жаулауға аттандырған соң, бұл жерлердің барлығы бүлік пен дүрбелеңнен азат етілді, ал олар моңғол қылышынан аман қалу үшін бағынуға бастарын иген еді дейді [112, р. 557]. Осылайша, Мөңке мен Гуюг басқарған бұл әскери топ 1237 жылдың қысында Қыпшақтарды талқандаған соң, Бату әскерімен бірге Руське қарсы жорық жасауға дайын болды.

Алайда Мөңке және Гуюг басқарған моңғол әскерлері Қыпшақ даласын тастап кеткен кейін-ақ, жергілікті тайпалар бүлік шығарды және 1238 жылы Бату өз қолбасшыларын қыпшақтарға қарсы қайта жорыққа аттандыруға мәжбүр болды. Қыпшақ жеріндегі ең үлкен көтеріліс Дешті Қыпшақтың батыс бөлігіндегі жетекші әулет бурджоглы тайпасының (Рашид ад-Динде – «ольбурлик») басшысы, шамасы орыс жылнамалары арқылы белгілі Боняк ханның (1090-1167) ұрпағы – Бачманның моңғолдарға қарсы күресі еді [66, с. 111].

А.Ю. Якубовскийдің пікірінше, Бачман – қыпшақ, бұлғар және аландардың моңғол басқыншыларына қарсы біріккен көтерілісінде аса жігерлі басқарушы болған дейді [4, с. 59]. Бачманның моңғолдарға қарсылығы айтарлықтай деңгейде болғандықтан, оған қарсы Мөңке және оның бауыры Бучек қолбасшылығымен 20 мыңға жуық моңғол жасақтары аттандырылды. Джувейнидің шығармасында «Бачман бастаған көтерілісі мен оның талқандалуы» жөніндегі мәліметіне сәйкес, Өгөдэй қаған бұйрығымен Мөңке, Бату және басқа да ханзадалар Бұлғар, Ас, Русь жерлері мен қыпшақ, алан және

тағы басқа тайпаларды бағындыруға аттандырылған соң, бұл аймақтарға жасаған жорықтардан кейін бұл аймақтардың барлығы бүліктерден азат етіліп, моңғол қылышынан аман қалғандары жоғары әміршінің билігіне бас иді. Тек қыпшақтар арасынан Бачман өзінің жақтастарымен бірге моңғолдарға бағынудан бас тартып, көтеріліске шықты. Бачман бастаған бүлікті жазалауға аттандырылған Мөңке мен Бучек басқарған әскер олардың ізіне түскенімен, көтерілісшілер Еділ өзенінің бойына жасырынып, қолға түспеді. Осыған байланысты, Мөңке 200 желкенді қайық жасатып, оған моңғол қарулы жасақтарын отырғызып, өзінің інісі Бучек екеуі екі жақтан қаумалап, қыспаққа алды. Джувеини мәліметіне сенсек, кенеттен жел тұрып, моңғол жасақтарын толқынмен өзеннің келесі жағасына шығарып, Бачман бастаған бүлікшілер орналасқан аралдың үстінен түсіп, олардың көптеген бөлігін талқандаған. Бачманның өзі Мөңкенің қолына тірідей түсіп, інісі Бучекке оны өлтіруді бұйырған [101, с. 60-61]. Джувеинидің өз шығармасында Бачман көтерілісінің уақытын көрсетпеген, бірақ мәліметтің жалпы мазмұны негізінде Төленің ұлдары Мөңке мен Бучек басқарған әскери топтың Бачманның және оның жақтастарының ізіне түскен оқиғаның уақыт мерзімі Бұлғар, Русь жерлері мен қыпшақ, алан және тағы басқа тайпаларды бағындырған соң болғаны байқалады.

Рашид ад-Диннің шығармасында да Бачман бастаған көтеріліс жөнінде арнайы тоқталып, кеңінен қарастырып өткен және ол өзінің баяндауында Джувеинидің шығармасындағы оқиғаны толық қайталайды [101, с. 84-85]. Осыған байланысты, Бачман бастаған бүлікшілерді моңғолдар қас жауы ретінде бағалап, оны халқымен қоса толық талқандауға үлкен күш жұмсаған. Қыпшақтардың жасаған бүліктері, Батудың Оңтүстік Русь және Венгрияға жасаған жорықтары кезінде де тыйылған жоқ, ол жөнінде Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, «барыс жылы, сәйкесінше 639 х.ж. [12 шілде 1241 ж. - 30 маусым 1242 ж.], қыпшақтар көп жауынгермен Құтанға және Жошының ұлы Сонкурға қарсы соғысқа шығып, шайқас нәтижесінде қыпшақтар талқандалды», – делінген [102, с. 45]. Демек, Қыпшақ даласындағы жергілікті халықтардың жасаған бүліктері Батудың Батыс жорығын аяқтап, Еділ бойына келіп, өз билігін нығайтқан соң ғана 1243 жылдары шамасында толық аяқталған секілді [66, с. 112].

Моңғол қолбасшылары Еділ бұлғарлары мен Қыпшақтарға қарсы жорықтарын тәмәмдап, бұл аймақтарды бағындырған соң, Бату жорық бағытын жоспар бойынша Русь территориясына бұрды. Моңғолдың құпия шежіресінің мәліметіне сүйенсек, Сүбәдей бағындыруға аттанған солтүстік аудандарда орналасқан он бір халықтың ішінде «орусут» атымен белгілі Русьті бағындыру бастапқы кезеңде-ақ, арнайы жоспарланғаны белгілі. Моңғолдардың алғашқы соққысы Русь жерінің солтүстік-шығыс жеріне бағытталды. Неміс зерттеушісі Ф. Шусельканың айтқанындай, Русь моңғол жорықтарының алдында княздар арасындағы қырқыстар нәтижесінде өз күш-қуаттылығын әлсіреткен еді [113, с. 28-29].

Русьті моңғолдардың жаулауы жөнінде оқиғамен замандас венгриялық монах Юлианның мәліметінде моңғолдардың Русь территориясын

бағындыруының жоспары былайша сипатталған: «...бізге олардың алдына түсіп қашып бара жатқан орыстар, венгрлер мен бұлғарлардың өздерінің айтуы бойынша, олар (моңғолдар – А.Н.) қыстың түсуімен жердің, өзендер мен батпақтардың катуын күтуде, бұл татарлардың қалың қолының Русьті, бүкіл орыс елін тонап-талауын жеңілдетеді» [92, с. 23]. Осыған сәйкес, 1237 жылдың жазы мен күзінде Бату басқа да қолбасшылар басқарған әскерлер жорыққа шығуға шоғырланған. Сол жылдың күзінің соңына қарай немесе желтоқсан айының алғашқы күндерінде Русь жерінің шекаралық аймақтарында келіп, шабуылға шығуға дайын тұрды. Бұл жөнінде Юлианның келесі мәліметінде былайша сипатталған: «...Ал қазір Русьтің шекарасында тұрып, біз моңғолдардың батыс елдеріне қарай бағытталған әскерінің барлығы төрт бөлікке бөлінгені туралы ақиқат шындықты анықтап білдік. Русьтің шығыс шекарасындағы Еділ өзенінің бойындағы бір бөлігі Суздальға жақындады. Оңтүстік бағыттағы екінші бөлігі басқа орыс князьдігі Рязань шекарасына басып кірді. Үшінші бөлігі Дон өзеніне қарсы орыс князьдігінің Воронеж камалына таяу барып орналасты» [92, с. 24].

Моңғолдар Русь жеріне аяқ басқан соң, Самарск ирені ауданына, яғни Еділдің оң жағына өтіп, батысқа Рязанға қарай жылжыды [50, с. 182]. Рязань бейбіт түрде тізе бүгуден бас тартқан соң қаланы қоршауға алды. 1237 жылы 21 желтоқсанда алты күндік шабуылдардан кейін Рязань алынды. Мұнымен қатар Белгород, Пронск, Ижеславец және тағы басқа қалалар басып алынды. Моңғолдар Русьті қыстың көзі қырауда басып алуға асықты. Өйткені көктем келіп қары еріп, сені бұзылса, Русь жерінің орманды батпағынан өту мүмкін еместігін олар жақсы түсінді. Ал 1238 жылы қаңтарда Коломнаны басып алған соң, Мәскеуге қарай жылжыды. Моңғолдардың Мәскеуді жаулағаны жөнінде Өтеміс-қажының «Шыңғыс-наме» мәліметінде былайша сипатталған: «...Сайын хан Еділ дариясының бойына келіп, әскер жасақтап, орыс уәлаятының шаһары Мәскеуге жорыққа шықты. Былай деседі. Сол жорықта [Сайын хан] Шайбан ханға отыз мың кісі қосып беріп әскердің алдына жіберді, [ал] өзі артынан жүрді. [Шайбан хан] үш күншілік жерде алда жүріп отырды. Мәскеу патшасы [жау туралы] хабар алып, жүз елу мың кісімен қарсы шықты. Олар Мәскеу патшасының қарсы келе жатқандығы туралы хабардар болды. Шайбан хан оларға тосыннан шабуыл жасауға бел буды. Бектер мұнысын қабылдамаса да, [ол] келіспеді. [Негізгі күштерден] үш күншілік жердей қашықтықтан суыт жүріп, бейхабар жатқан [орыс патшасының] әскеріне тосыннан тиісті. Орыс патшасы Шайбан ханға тойтарыс бере алмады, ол орыс уәлаятының патшасын тұтқындады. Әскерінің өлтіргенін өлтіріп, қалғанын тұтқын етті, қолдарына тиген мүлік [пен] қару-жарақтың сауыт пен қалқандардың есебі де, қисабы да жоқ еді. Бірақ Шайбан хан әр адамның [қолына] түскен зат пен қару-жарақтың біреуін де иемденіп қалмай әкелсін деп әмір етті. Заттардың әр түрін жеке-жеке төбе қылып үйді. Ол төбелердің саны жоқ болды. Екі күннен соң Сайын хан келіп, осы жеңісті көрді. Бар олжаны әкеліп, Сайын ханға тарту етті. Ол қатты риза болып Шайбан ханды жоғары мадақтады. Содан соң [Сайын хан] келгеннен кейін көрініс құрғанда Шайбан ханға ізет пен құрмет керсетіп сыйлық жасады. Бар [қолдарына] түскен олжаны [ол] Шайбан ханға сыйлады,

[ал ол] оның барлығын әскеріне таратып берді. Ертесіне олар көшіп, Мәскеу уәлаятына келді. Олар мұнда бірнеше ай тұрып, уәлаяттың ісі-күшін ретке келтіріп, мал-хараждарын алып, даруға мен хәкімдерін тағайындап, жеңіспен және шаттықпен өз уәлаятына қайтты» [96, 160-161 б.]. Бату қолбасшылығымен моңғол әскерлерінің Руське жорығы кезінде Мәскеуді қоршап, оны басып алғандығы жөнінде Әбілғазының «Түрік шежіресі» шығармасында да сипатталған. «Шыңғыс-наме» және «Түрік шежіресі» шығармасында да жорық кезеңінде аса ірі орталық болмаған Мәскеуді орыс қалаларының ішіндегі ірі қала ретінде сипаттап, екі автор да өз ата-бабасының әрекетін даңқты, зор жеңісі ретінде сипаттауға тырысқаны да байқалады.

Моңғолдардың Русьтің Владимир-Суздаль жеріне жасаған жорығының келесі шабуылы Владимир қаласына бағытталды. Ұлы князь Юрий моңғолдар келген уақытқа дейін қаланы тастап, әскер жинақтау үшін солтүстікке кеткен еді. Ал қала қорғанысын оның ұлдары Всеволод және Мстислав ұйымдастырды. Қала қорғанысының бірнеше күндерінен кейін, моңғолдардың жойқын-жойқын шабуылдарына князьдің ұлдары шыдамсыздық танытты. Дүркін-дүркін шабуылдар нәтижесінде Владимир қаласын басып алған соң, орыс жылнамалық деректеріне сәйкес, Бату әскери күшін бірнеше бағытқа бағыттаған, олардың бір бөлігі Ростовқа, келесі бір бөлігі Ярославльге, басқалары Волгаға, Городецке барды және олар Волгадан Галич Мерьский жеріне дейін бағындырды; татарлардың басқа бөлігі Переяславльге барып, оның айналасындағы барлық жерлерді Торжокқа дейін бағындырды. Суздаль жерінде моңғолдар басып өтпеген бірде-бір деревня мен село қалмады [114, с. 75].

1238 жылы наурыз айының басында моңғолдар Сить өзенінің бойында Юрий Всеволодовичтің әскери лагерін тауып, ұлы князьдің қазаға ұшыратқан. Ол жөнінде Лаврентьев жылнамасында былайша сипатталған: «...құдайдан безген татарлар князь Юрийге қарсы Ситьке таяу жақындап келді. Мұны естіген князь Юрий өзінің інісі Святославпен, бөлелері Васильмен, Всеволодпен, Владимирмен және өзінің жасақтарымен оларға қарсы шықты. Екі жақтың жасақтары шайқасты, бұл қырғын шайқас болды, біздің әскерлер басқыншылардың алдына түсіп қашты. Осы жерде князь Юрий өлтірілді, ал Васильді құдайдан безгендер тұтқынға алып, өздерімен бірге алып кетті. Бұл бақытсыздық наурыз айының төртінші күні, әулие Павел мен Ульянаны еске алу күні болды. Осылайша ұлы князь Юрий Сить өзенінде өлтірілді, оның көптеген жасағы да осы жерде қаза болды» [114, с. 75-76]. Неміс зерттеушісі Т. Шиманның пікірінше, Сить өзені бойындағы моңғолдардың жеңіске жетуінің үлкен маңызы болды дейді, яғни мұнымен Русьтің тағдыры шешілді, ал кейінгі орыс халқының ерлікпен қарсыласуы тек шапқыншылықтың эпилогы ғана болған еді дейді [9, с. 103].

Гуяг бастаған әскери топ Ростов, Ярославль, Тверь, Дмитров қатарлы 14 қаланы бағындырды. Ал бұл кезеңде Бату Новгородқа қарай бет бұрған еді. Бірақ Новгородқа жете жаз шығып, жүруге жол қиындығына байланысты, ат басын кері бұрып, жолда Смоленск Чернигов князьдігін жаулап алып қайтқан жолында Калуга князьдігінің Козельск елді мекені тұрғындарының жан берісіп,

жан алысқан қарсылығына ұшырайды. Козельск тұрғындары моңғолдардан 49 күн жан аямай қорғанады. Моңғол қолы ақыры Козельскіні алып, оны «Түрэмгий хот» (Жауынгер қала) деп атап жермен-жексен етеді [2, 535 б]. Козельск қаласын Бату басқарған моңғол әскерлерінің басып алғаны жөнінде Галицк-Волынь жылнамасында былайша сипатталған: «Владимир қаласын қиратып, Суздаль қақпасын алған Батый Козельск қаласына келді. Ол жерді Василий атты жас князь басқаратын. Басқыншылар қала халқының рухы берік болғандықтан, оларды айламен басып ала алмайтынын білді. Козельск тұрғындары бәрі бірауыздан Батыйға берілмеуге келісіп, былай деді: «Біздің князь жас болса да, ол үшін өз өмірімізді қиямыз, бұл дүниеде даңққа бөленіп, о дүниеде Христос құдайдың аспан тәжіне ие боламыз». Татарлар қиян-кескі шайқасып, қаланы қалай да алғысы келді, қала қабырғасын бұзып, қорғаныс дуалын талқандап кірді. Козельск тұрғындары олармен қолма-қол шайқасқа шықты. Олар татар қолына қарсы шығуға бел байлап, қаладан шықты, татар жасақтарына шабуыл жасап, төрт мың татарларды қырып тастады, бірақ өздері де қырылды. Батый қаланы алғаннан кейін тұрғындардың барлығын қырды, ол балаларды да, тіпті емшектегі нәрестелерді де аяған жоқ. Василий князь туралы ештеңе белгісіз; біреулер ол жас болғандықтан қанға батып опат болды деп айтады. Сол кезден бері татарлар бұл қаланы Козельск деп атауға ауыздары бармай, оны «жауынгер қала» деп атаған, себебі бұл қаланы алу үшін олар жеті апта бойы шайқасқан болатын. Татарлар жағынан қолбасшылардың үш ұлы өлтірілген. Татарлар оларды өлтірілгендердің арасынан таба алмады. Козельск қаласын алғаннан кейін Батый Половецк жеріне беттеді» [115, с. 19]. Л.Н. Гумилевтің пікірінше, Батудың Козельскіні 7 апта қоршап, оны аяусыз талқандауының себебін Чернигов князінің 1223 жылы Калька шайқасының алдында моңғол елшілерін өлтіруге қатысқаны үшін кек қайтаруы еді дейді [58, с. 118-120].

Бату 1238 жылы Еділден өтіп, өз ордасында қыстап шығып, 1239 жылы қайтадан атқа қонады [2, 535 б.]. Осылайша, Бату 1237-1238 жж. Солтүстік-Шығыс Русьті жаулауын аяқтаған соң, 1239 жылы Оңтүстік Русь жерін жаулауға аттанды. Бұл жөнінде М. Правдиннің пікіріне сәйкес, Бату қолбасшылығымен моңғол әскерінің жорық бағытын алғаш Русьтің Солтүстік-Шығыс бөлігіне қарсы бағыттап, бұл аймақты бағындырған соң ғана жорық бағытын оңтүстікке қарай бағыттауы кездейсоқтық емес еді дейді. Оңтүстік Русь даласы өзінің байлығымен көшпенділердің назарын бірден аударуы тиіс болды, сондай-ақ бұл жерден Еуропаға тікелей шығатын жол жатыр еді, бірақ осыған қарамастан Сүбәдей қолбасшы бұл жерде аса айлалы әскери тактиканы қолданды. Егер ол жорық бағытын далалық аймақтан бастайтын болса, Оңтүстік Русь князьдері орманды жерлерге шегініп, бұл моңғол атты әскері үшін айтарлықтай қиындық туғызары сөзсіз еді. Ал ол жерден олар (Русь князьдері) Солтүстік-Шығыс Русь әскерлерінің көмегін тосып, олармен бірге моңғолдарды Батысқа қарай жылжыған кезеңінде, қос қанатынан немесе тылдан үлкен соққы беруі мүмкін еді. Сондықтан Сүбәдей бастаған моңғол әскерлері бастапқы кезден-ақ, Русьтің солтүстік-шығыс орманды аймақтарынан

жорықты бастап, Солтүстік Русь князьдерінің әскери күштерін талқандауды жоспарлаған еді дейді [22, с. 30].

Оңтүстік Руське ат басын бұрған моңғолдардың жорық бағыты бұл жолы маңызы жағынан Русьтегі үшінші қала болып саналатын Переяславль қаласына қарсы бағытталды. Ол жөнінде Галицк-Волынь жылнамасында былайша сипатталған: «Козельск қаласын алғаннан кейін Батый Половецк жеріне беттеді. Ол жақтан орыс қалаларына жасақтарын жіберіп, шабуылмен Переяславль қаласын алып, тұтас талқандады, архангел Михаилдың шіркеуін қиратты, ондағы қымбат тастармен безендірілген баға жетпес шіркеу ыдыстарын тонады, аса мәртебелі епископ Семионды өлтірді» [115, с. 19]. Бату бұдан кейін бірқатар моңғол жасақтарын Чернигов қаласын шабуылдауға жіберген. Ол жөнінде Галицк-Волынь жылнамасында былайша сипатталған: «...Сол кезде ол Черниговке әскерін жіберді, қаланы үлкен қарулы күшпен қоршап алды. Мстислав Глебович қалаға келімсектердің шабуылы туралы естіп, оларға қарсы өзінің барлық әскерімен келді. Олар шайқасты, Мстислав жеңіліске ұшырады, оның көптеген жауынгерлері қаза тапты, басқыншылар қаланы алып, оны отқа орады. Епископты тірі қалдырып, оны Глуховқа алып кетті» [115, с. 19-20].

1240 жылы Мөңке басқарған топ Киевке ат басын тірейді. Қаланың өз еркімен берілуі үшін моңғол елшілерін жіберді, бірақ қала билеушісі Михаил Чернигов моңғол елшілерін өлтірді. Бұл оқиғаға байланысты моңғолдар шұғыл түрде қаланы қоршауға алып, жойқын шабуылдар ұйымдастырды. Бірақ Мөңке қаланы басып алуға асықпады, оның себебі қаланы басып алатын әскердің күші жеткіліксіз екенін түсінді (бірақ соған қарамастан Михаил өзінің ұлы Ростиславпен бірге Венрияға қашып кетті). Сонымен қатар, Мөңке Батудың тапсырмасымен барлаушылық мақсатта жорық жасаған еді, ол жөнінде Галицк-Волынь жылнамасында Мөңке-хан Киев қаласын көруге ғана келді деп айтылған [115, с. 20]. Ал Бату басқарған негізгі әскери күш қалаға қайтадан шабуыл ұйымдастырды. Бұл жолы ол Киевті жаулап алуға Батыс жорығына қатынасқан барлық әскерді шоғырландырып, негізгі күшпен қуатты соққы берді. Оған Орда, Байдар, Бөрі, Қадан, Бюджек, Мөңке, Гуюг, Сүбәдей және Бурундай бастаған әскердің барлығы да қатынасты. Ол жөнінде Галицк-Волынь жылнамасында былайша сипатталған: «6748 (1240) жылы Батый Киевке қарулы күшімен, саны жағынан мол әскерімен келіп, қаланы қоршап алды, татар қолы тұтас қоршады, қала қоршауда қалды. Батый қаланың сыртында тұрды, ал оның жауынгерлері қаланы шабуылдады. Оның арбаларының сықырлағанынан, сансыз көп түйелерінің бақырғанынан, жылқы табындарының кісінегенінен адам дауысын есту мүмкін болмады, Русь жері түгел әскерге толды. Олардан Товрул атты татар тұтқынға алынып, ол өздерінің барлық жасағы туралы мәліметтерді айтып берді. Бұлар оның ағалары, мықты әскербасылар: Урдю, Байдар, Бирюй, Кайдан, Бечак, Меньгу және Куюк (ол ханның қаза болғаны туралы естіп қайтып келіп, хан болған), Себедяй батыр және Бурундай батыр (Болгар және Суздаль жерін басып алған) және басқа да көптеген әскербасылар, бұл жерде олардың барлығын атамаймыз» [115, с. 20-21].

Бату Киев қаласын 6 қыркүйекте қоршауға алып, екі жарым ай бойына қалаға жебелер мен тас атқыш қарулармен дүркін-дүркін атқылады. Тек 19 қарашада моңғолдар қаланы басып алды, алайда Киевтің жекелеген бөліктерінде қарсыластық 6 желтоқсанға дейін созылды. Орыс жылнамалық деректеріне сәйкес, әскербасы Дмитрий жараланып моңғолдарға тұтқынға түскен соң, Батудың тапсырмасымен оның жарасын емдеп, қайсарлығы үшін өмірін сақтады және оны моңғол қолбасшысы өзіне қалдырды делінген [115, с. 21]. Осылайша, Шыңғыс ханның бір арманы орындалды. Русьтің ол кездегі бас князьдіктерінің орталығы Киевті (моңғолша - Киваны) басып алу Моңғол империясы тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі саналды. Өйткені Киев Шығыс Еуропа жұртына өтудің баспалдағы еді [2, 535 б.].

Бату әскері Киевті басып алған соң, жорық бағытын Русьтің Галицк-Волынь жеріне қарай бағыттады. Русьтің бұл аудандары айтарлықтай қарсылық көрсетпегені жылнамалық деректерде сипатталған. Ол жөнінде Галицк-Волынь жылнамасында былайша сипатталған: «Батый Киевті алғаннан кейін Даниилдің Угор (Венгрия – А.Н.) жерінде екенін естіп, өзі Владимирге барып, Колодяжну қаласына таяп келді. Ол қала қабырғаларын бұза алмаған соң, адамдарды азғыра бастады. Оның арбауына түскен олар беріліп, түгел талқандалды. Содан кейін Батый Изяславль мен Каменецті де басып алды. Кременец пен Данилов қалаларын басып ала алмайтынына көзі жеткен соң, оған аса көп күш жұмсамады. Ол Владимирге келіп, оны шабуылмен басып алып, ондағылардың ешқайсысын аямастан соққының астына алды. Сондай-ақ, Галич және басқа да сансыз қалаларды басып алды» [115, с. 21]. Осылайша Бату қолбасшылығымен моңғол әскерлері Колодяжин, Каменец, Изяславль, Владимир және көптеген шағын қалаларды бағындырды. Тек кейбір берік қоршалған бекіністер, жоғарыда аталған Кременец пен Данилов талқандаудан аман қалды. Осылайша, Бату әскері Польша, Венгрия және Валахия шекарасына етене жақын келді. Бұлғар, Қыпшақ және Русь жерлерін бағындырған моңғол әскерлері Орталық Еуропа территориясына аяқ басты.

1.3 Моңғолдардың Орталық Еуропаға жорықтары және Батыс жорығының аяқталуы

Бату басқарған моңғол әскерлерінің 1240-1241 жж. қысында Еуропаға қарсы жасаған жорықтары еуропалықтар үшін қолайсыз кезеңде басталды. Өйткені Бату қолбасшылығымен моңғол әскерлерінің Еуропаға қарсы жасаған жорықтары қарсаңында Венгрия мен Польша да Русь секілді орталық билікке бағынбай, шағын бөліктерге ыдырап, феодалдық қоғамға тән өзара таластартыс пен бір-бірімен қырқысып жатқан еді [7, с. 108]. Орталық Еуропаға басып кірген моңғолдардың алғашқы мақсаты Венгрия территориясын бағындыру болды [17, с. 21]. Өйткені Венгрия – Карпаттан Адриатикаға дейін созылып жатқан бай-қуатты, жайылымы шүйгін және моңғолдар үшін экономикалық жағынан аса тиімді аймақта орналасқан мемлекет еді. Сонымен қатар, моңғолдарды ат басын әуелі Венгрияға бұруының себебі ретінде 1222-1223 жж. Сүбәдей және Жебемен болған ұрыста жеңіліс тапқан Русь, қыпшақтың көптеген белгілі адамдары Венгрияға қашып барып, сонда

тығылған қыпшақтың ханы Котянға қатысты, Бату хан үшін король IV Беладан: «Қашқан жұртымды қайтарып бер», – деп талап қоюына, егер ол талабын қабыл алмаса басып кіруіне таптырмайтын себеп болды [76, 129-130 б.]. Бұл жөнінде Котянның Венгрияға барып IV Беланың қызметіне қабылданып, жасырынғанын білген Өгөдәйдің корольге жазған Юлиан жеткізген қаһарлы жолдау хатында былайша сипатталған: «Мен, Хан, жер бетіндегі өзіме бағынғандарды асырып, қарсы келгендерді басып-жаншуға билік берілген аспан патшасының елшісімін, саған таңқаламын, мен саған 30-шы рет өзімнің елшілерімді жіберсем де, неліктен олардың біреуін де кейін қайтармадың, не өзіңнің елшілеріңді де жібермейсің, не хатыңды жібермейсің. Сенің бай және қуатты король екеніңді, қол астыңдағы жауынгерлеріңнің саны көп екенін, ұлы корольдікті бір өзің басқаратыныңды білемін. Сол себепті де сенің маған өз еркіңмен бағынуың қиынға соғады. Ал сен өз еркіңмен маған бағынсаң, бұл сен үшін аса қолайлы және пайдалы іс болар еді. Бұған қоса, сен менің куман құлдарымды қамқорлығыңа алғаныңды білемін; солар үшін сенімен жауласуыма жол бермеу үшін, оларды өзіңнің қол астыңда қамқорлығыңа алмауды бұйырамын. Сенімен салыстырғанда кумандарға қашу оңай, өйткені олар шатырсыз үйлерде көшіп-қонып жүретіндіктен, қашып кете алады; ал үйлерде тұратын, қамалдары мен қалалары бар сен менен қалай қашып құтыласың?» [92, с. 24-25]. Бұл жолдау хатқа байланысты Венгрия королі IV Бела шұғыл түрде нақты шешім қабылдамауы мен моңғол қолбасшыларына нақты жауап қайтармауы, моңғолдардың тікелей Венгрия корольдігіне қарсы шығуға шұғыл шешім қабылдағаны түсінікті жайт.

Венгрияға қарсы жорыққа Батумен бірге жорыққа аттанған «Тұңғыш ұлдардың» барлығы толық қатысқан жоқ. Ұлы хан Өгөдэй Киевті қоршау кезінде немесе оны бағындырған соң, өзінің ұлы Гуюг пен немере інісі Мөңкені кері шақырып алды. Шамасы, Батыс жорығында өздерін дарынды қолбасшы ретінде көрсете білген бұл ханзадаларға Корей және Оңтүстік Қытайға қарсы жоспарланған жорыққа аттандырмақшы болған секілді [116, с. 34]. Бірақ Өгөдәйдің бұл жоспары орындалмады, өйткені ханзадалар Моңғолия жеріне жеткенше ұлы қаған Өгөдэй қайтыс болды, ал олар өз ордаларына барып орналасты [102, с. 40]. Еділ Бұлғариясы мен Руське жаулауға қатынасқан басқа қолбасшылар: Жошының ұлдары: Бату, Орда, Шайбан, Шағатайдың ұлы Байдар мен немересі Бөрі, Өгөдәйдің ұлы Қадан, Төленің ұлы Бучек және даңқты қолбасшы Сүбәдей Венгрия мен Польшаға қарсы барлық шайқастарға қатынасты [66, с. 138].

Бату бастаған моңғол қолбасшыларының жоғарыда аталған себептерге байланысты жорықтың негізгі бағытын Венгрияға қарсы бағыттады. Бірақ оған көршілес орналасқан Польша территориясында бірнеше шағын герцогтіктерге бөлініп, бірімен-бірі қырқысып жатқанына қарамастан, моңғолдар үшін айтарлықтай қауіп туғызды. Өйткені Венгрия королі IV Бела, польшалық герцогтар Сандомирлік Болеслав және Мазовиялық Конрадпен, неміс герцогы Силезиялық Генрихпен туыстық байланыстары бар екенінен моңғол қолбасшылары жақсы хабардар еді. Ал Генрих өз жағынан Богемия королі Вацлавпен туыстық байланысы болды. Сонымен қатар, бұл мемлекеттер бір-

бірімен шекаралас аймақта орналасты, сондықтан Венгрияға шұғыл түрде көмекке төрт тараптан да әскер келуі мүмкін еді. Ал бұл мүмкіндік жүзеге асқан жағдайда олардың әскерлері шешуші шайқасқа дейін Венгрияда шоғырланып, орасан күшке ие болған соң моңғолдарға үлкен қарсылық туғызу мүмкіндігі бар еді [22, с. 246-247; 29, р. 63]. Осыған байланысты, моңғол әскерлері Галицияда бірнеше бөлікке бөлініп, Венгрия, Польша, Чехия және Моравия билеушілеріне бір уақытта шабуыл жасаған, оның себебі олардың бір-біріне көмек көрсету үшін бірігуіне жол бермеу еді [9, с. 107]. Осы мақсатта аттандырылған моңғол әскерлерінің сол қанатын Өгөдәйдің ұлы Қадан, Шағатайдың немересі Бөрі және Төленің ұлы Бучек басқарып, шамасы олардың негізгі міндеті қазіргі Молдавия және Трансильвания территориясындағы Венгрия короліне бағынышты жергілікті тұрғындардың көмекке келуін жүзеге асырмау мақсатында оларға қарсы әскери қимылдар жүргізу еді. Бұл әскери операция жөнінде Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, Қадан және Бөрі сасан халқына қарсы жорыққа шығып, үш реттік шайқастан кейін бұл халықты жеңді. Бучек, Караулаг (Валахия) арқылы сондағы таулардан өтіп, мұндағы [Караулаг] тайпаларды талқандады, бұл жерден орманды алқаптар мен Баябук тауынан өтіп, Мишлява шебіне жетіп, оларды мұндағы қарсы тұруға күтіп тұрған тұрған жауды талқандады дейді [102, с. 45].

Моңғолдардың Венгрияға шапқыншылығы кезінде бір жарым жылға жуық уақыт тұтқында болған Варадиндік Рогери (Roger of Varad) оқиғаның куәсі ретінде қалдырған мәліметі бойынша, моңғолдардың сол қанат әскерін басқарған ханзадалар Оңтүстік Венгрияға басып кіріп, Родна, Варадин сияқты бірқатар қалаларды еш қиындықсыз басып алған. Бұл әскери топ өзінің алдына қойған міндетін толық орындап, соғыс олжасын толық өздерімен бірге алып, Батудың негізгі күштеріне қосылу үшін солтүстік бағытқа қарай жылжыды деген еді [66, с. 139; 29, р. 67]. Моңғол әскерінің оң қанатын Жошының үлкен ұлы Орда мен Шағатайдың ұлы Байдар басқарды. Бұл әскери топтың басты міндеті жоғарыда аталған король IV Белаға одақтас болуға аса ықтимал болған поляк князьдері, тевтон ордені әскерлері мен чех королі Вацлав әскерлерінің әскери көмекке бірігуіне жол бермеу және олардың тарапынан болатын әскери қимылдарына қарсы тұру болды. Сондықтан бұл топ әскери операциясын Венгрияға моңғолдардың шабуылдарына дейін бірнеше апта бұрын бастады. 1241 жылдың қысында Люблин, Завихост және Рацибужға дейін басып кірді. Ал Бату Венгрияға қарсы шабуылға шыққан кезінде (сол жылдың көктемінде) Орда мен Байдар басқарған әскери жасақтар Висланы кесіп өткен еді. Еуропалық деректерге байланысты наурыз айында Хмельник түбінде моңғолдар Краков, Сандомир қалаларының жасақтарын талқандаған. Ал Ополь (Opole) түбінде моңғолдарға қарсы шыққан жергілікті поляк князьдері Владислав Опольский және Болеслав Сандомирский жасақтары да талқандалып, шайқас алаңынан тырағайлап қашты. Бұдан кейін моңғолдар батысқа қарай Одер алқабына дейін жылжып, Ленчиц, Серадз және Куявияны талқандады. Жоғарғы Силезияның князьдерін де шегінуге мәжбүр етті. Ал 9 сәуірде Байдар және Орда басқарған моңғол әскерлері Легниц түбінде

Силизиялық Генрих (Благочестивый) бастаған еуропалық біріккен ірі әскери коалиция күштеріне қарсы шықты [29, р. 63].

Бұл 1241 жылы 9 сәуірде болған еуропалық біріккен әскери коалиция күштері мен моңғол әскерлері арасындағы болған Легниц түбіндегі шайқас – ортағасырлық Польша мен Германия тарихындағы ірі шайқастардың бірі еді. Бұл шайқасқа силезиялық князь Генрих өзінің әскерімен қоса, поляк рыцарларын, моравиялық, неміс рыцарлық жасақтарын, француздық тамплиерлерін, тевтондық жасақтар мен кіші Польшаның қалған әскери күштерінің басын біріктіріп, моңғолдарға қарсы ірі әскери коалиция құруға қол жеткізген еді. Моңғолдарға қарсы көмекке келуге тек чех королі I Вацлав ғана асықпады. Бұл шайқасқа еуропалық ірі әскери күштердің жиналғанына қарамастан, олар моңғол әскерінің тегеуріне қарсы тұра алмады. Шайқас нәтижесінде біріккен еуропалық коалиция әскері, Орда және Байдар басқарған моңғол әскерінен ойсырай жеңіліс тауып, көптеген еуропалық әскери қолбасшылар, оның ішінде Болеслав Щепелкте қаза тапты. Моңғолдар II Генрих әскерін толық талқандап, князьдің басын найзаға шаншыды. Бірақ бірқатар деректерде ол тұтқынға түсіп, шайқаста қаза болған моңғол қолбасшысының (Бірақ кімнің екені деректерде айтылмаған) денесінің алдында тізе бүктіріп, одан кейін оның басы алынып Батуға жеткізді делінген [117, р. 99].

Й. Хаммер-Пургшталь өз еңбегінде Легниц шайқасын – еуропалық өркениет пен моңғолдық тағылықтың арасындағы күресі деп сипаттады [7, s. 13]. Сондай-ақ, зерттеушінің пікірінше, жеңілістің себебін шайқас кезеңінде әскери күштің арасалмағына қатысты болғанын сипаттай отырып, моңғол әскерлері бар-жоғы 30 мыңға жетер-жетпес жинақталған христиандардың әскерінен бес есе артық болды дейді [7, s. 112]. Бірақ бұл пікірмен келісуге болмайды, өйткені моңғол әскерлері еуропалық коалиция әскерінен бес есе артық болуы мүмкін емес, өйткені моңғол әскерлері бұл кезеңде бірнеше бөліктерге бөлініп, бір уақытта шабуылдар жасаған белгілі. Сонымен қатар, бұл әскери топ моңғолдардың мақсаты да жоғарыда атап өткеніміздей, тек еуропалық әскери күштердің Венгрия әскерімен бірігуіне жол бермеу еді. Сондықтан бұл әскери топтың құрамында христиан әскерлерінен бес есе артық әскер болуы мүмкін емес.

О. Вольфтің пікірінше, Легниц шайқасында моңғолдар әскери күшінің саны жағынан көп болуымен қатар, әскери соғыс өнерінің шеберлігі жағынан да басым болғанын мойындайды [12, s. 186-187]. М. Правдиннің пікірі бойынша, Легниц түбіндегі шайқаста еуропалықтарға қарағанда моңғол әскері саны жағынан аз болған дейді. Ал одақтас еуропалық әскерлердің жеңіліс табуының басты себебін моңғол-татарлардың әскери-техникалық жағынан сапалық қасиеті мен әскери өнерді игеру жағынан басымдыққа ие болуына байланысты болды дейді [22, s. 248-249].

Легниц түбіндегі шайқас жөнінде Р. Мёллер және Б. Шпулер секілді неміс тарихшылары ұлттық мүдде тұрғысында біршама бұрмалаушылықтар жасаған. Олардың пікірінше, неміс рыцарлық әскери күші мен неміс билеушілерінің саясаты Еуропа өркениетін моңғолдардың талқандауынан құтқарып, Легниц

түбіндегі шайқаста маңызды рөлге ие болғанын айтып өтсе, тіпті А. Брюкнер және О. Хётчтің пікірлері бойынша, бұл шайқас Бату басқарған моңғол әскерлерінің Еуропаға жаулаушылық жорықтарын тоқтатуына алып келді дейді [9, с. 111-112]. Бұл мәліметтердің бұрмаланғанын бұдан кейінгі болған оқиғалар дәлелдейді. Бізге мәлім, Генрих басқарған еуропалық коалиция әскерінің талқандалуынан кейін, моңғолдар Еуропаға жорықтарын одан ары жалғастырып, 1241 жылы 11 сәуірде Шайо өзені бойында Венгрия королі IV Беланың әскері талқандалған, одан кейін Далмацияны бағындырған соң ғана Бату басқарған моңғол әскерлері Солтүстік Италияға дейін жетіп, ол жерден жорықты Австрия астанасы Венаны қоршауға алғаны белгілі.

Легниц шайқасында ірі жеңіске жеткен Орда мен Байдар басқарған моңғол әскерлері бір ай бойы Моравия жерін ойрандап, содан кейін негізгі бағытта шайқастар жүргізіп жатқан Батудың негізгі әскери күштеріне келіп қосылған. Осылайша моңғол әскерінің оң қанаты алдына қойған міндетін толық орындады. 1241 жылы 9 сәуірінде Легниц түбінде болған шайқас моңғол қолбасшыларының жоспарына сәйкес, асқан дәлдікпен орындалды. Бұл кезеңде Бату басқарған негізгі моңғол қолы екі күннен кейін Шайо өзені бойында Венгрия әскерлеріне қарсы шайқаста айтарлықтай жеңіске жетті. Бұл шайқасқа Венгрия королі өз әскері мен вассалдық әскерлерін жинақтап, моңғолдарға қарсы Шайо өзені бойында кездескен еді. Бұл шайқас жөнінде қарастыру үшін біз моңғолдардың Венгрияға қарсы шапқыншылығы жөнінде қарастырып өтуіміз қажет.

1241 жылдың 10 наурызында моңғол әскерлерінің Венгрияға қарай биік Карпат асуынан өткені жөнінде ақпарат келіп түскендіктен, король IV Бела және оның барондары ұйымдастырған кеңесін тоқтатып, шұғыл түрде әскери дайындық шараларын ұйымдастыруға мәжбүр болды. Бату мен Сүбәдей бастаған негізгі әскери күш Вереске (Verecke) асуынан өтті, ал Қадан және Бөрі ханзадалар 28 наурызда Борго (Borgo) асуынан өтті. Қалған әскери бөлімшелерді басқарған Бучек және оқиғаның куәсі болған автор Варадиндік Рогери мәліметінде Богутай (Бахадур?) атанған моңғол нояны елдің оңтүстік-шығыс территориясы арқылы кірді. Бату бастаған моңғол қолбасшылары әскери жасақтарының басын біріктіріп жатқан уақытта Венгрия королі де өз дворяндарының әскери күштерін шұғыл түрде жинақтады. Еуропалық деректерге сәйкес, король әскері мен моңғол әскерлері арасындағы алғашқы шайқас Ракос жазығында (Пешт маңында) болған [29, р. 63-64]. Алғашқы шайқастан шегінген Бела өз әскерін 1241 жылы 6 сәуірінде шайқас алаңы ретінде Шайо өзенінің маңындағы Мохи жазығына дейін алып барды. Король Бела моңғолдардың алғашқы шайқасынан-ақ үрейленген әскерін тәртіпке келтіруге деген сәтсіз әрекеттер жасаумен шектелді. Ал Бату Фома Сплитский мәліметінде айтылғандай, өз әскерінің әскери рухын көтеру мәселелерін басты назарға алып, шайқасқа жауынгерлерін жігерлендірді [91, с. 107].

1241 жылы 11 сәуірде таңертең король IV Беланың бауыры герцог Коломан және епископ Хугрин қолбасшыларымен ақылдаспай, өз жасақтарымен Шайо өзенінен өтетін көпірге шабуыл ұйымдастырып, көпірге жиналған шағын ғана моңғол жасақтарын талқандап, онда өз күзеттерін қойды.

Ал Бату көпірге қарсы жеті тас атқылауыш соғыс машиналарын қойып, венгриялық күзетті тас-талқан етті. Осыдан кейін Бату әскері көпірден өте бастады. Көпірден өту барысында венгрлік алдыңғы шептегі әскерлерін моңғол әскерлері талқандаса да, Бату қолы күшті қарсылыққа тап болды. Тіпті «Юань ши» мәліметіне сәйкес, бұл шайқаста «Бахадур» атты моңғол қолбасшысы қаза болды делінген. Бенедикт Поляктың мәліметінше, герцог Коломан «алғашқы ұрыста жеке өзі моңғол қолбасшысын жауынгерлік аты мен қару-жарағымен қоса көпірден құлатып, ажал құштырды» делінген. Венгрлердің жан аямай қарсыласуына қарамастан, моңғол әскерлері өзеннен өтіп, қуатты әскери күшпен өз қарсыластарын талқандады. Венгрия әскери лагерлерін қоршауға алып, моңғолдар жебені нөсерше жаудырды. Венгрия әскери күштері бірлесіп шайқасуға келісе алмады, көптеген барондар шайқасқа дайындық кезеңінде-ақ, келіспей жеке-жеке шабуылдар жасады. Атап айтқанда, герцог Коломан, епископ Хугрин және оларға қосылған Венгриядағы тамплиер магистрі моңғолдарға қарсы шабуылға шықты. Олардың азғана жасақтары талқандалып, герцог пен епископ жараланған соң, өз лагерлеріне қайтуға мәжбүр болса, магистр шайқаста қаза болды. Қалған Венгрия әскерлерінің көпшілігі нөсерлете атылған жебелерден қаза болса, басқалары шабуылға шығуға әскери бұйрық алмағандықтан, майдан шебін тастап, жан-жаққа бас сауғалады. Моңғолдармен шайқас қорытындысы бойынша әскері жеңіліс тапқан король IV Бела өз елін, жерін тастап, Австрияға жан сауғалап қашты. Ал оның бауыры герцог Коломан Пештте жасырынуға талпыныс жасағанымен, Бату, Сүбәдей, Орда және Қадан басқарған моңғол әскерлерінің келесі шабуылы осы қалаға жасалды. Пешт және Буда қалалары көп кешікпей моңғолдарға берілді. Эстергом қаласының тағдыры да осындай болды [66, с. 141-143; 29, р. 64-66].

Моңғолдар 1241 жылдың сәуірінен желтоқсанға дейін сол уақыттағы Венгрияның бір бөлігі болған Словакияны талқандады. Бянка, Штявница, Пуканец, Крупина сияқты қалаларын басып алды. Братислава тұрғындары ғана өз қаласын қорғап қалды. 1241-1242 жж. Байдар және Қадаған басқарған моңғол әскерлері Дунайдан өтіп, Бату әскеріне келіп қосылды. 1242 жылдың наурызында моңғолдар Загребті басып алып, Адриатика теңізінің жағалауына келді [55, с. 218-222]. Австрияның бас қаласы әйгілі Венаны қоршауға алады. Дәл осы 1241 жылы 11 желтоқсанда империяның екінші ұлы қағаны Өгөдәйдің дүниеден өтуіне байланысты Бату хан қоршаудағы Венаны тастап, ат басын атамекенге бұруға шешім қабылдады [2, 535 б.]. Бұдан кейін Бату өз әскерін бастап шығысқа Босния, Сербия және Болгария территориясы арқылы жылжыды. 1242 жылдың аяғында моңғол түмендері Дунайдың төменгі ағысында жиналып, ал 1243 жылдың көктемінде Қыпшақ даласына қайтып келді [50, с. 27]. Осылайша, Бату басқарған моңғол әскерлерінің жалпы Батысқа жорығы жеті жылға, ал оның ішінде Орталық Еуропаға жорығы екі жыл жуық уақытқа созылды. Батыс жорығының нәтижесінде «моңғол аттарының тұяғының жеткен жері» Адриатика теңізіне дейінгі территорияны бағындыруды Шыңғыс хан тұңғышы Жошыға аманат еткен тапсырмасын немересі Бату орындады.

Рашид ад-Дин мәліметтері бойынша, Бату Венгрия территориясында Еділ бойына кері қайту жөнінде шешім қабылдағанша, 1242 жылдың күзіне дейін болған дейді [102, с. 46]. Бірақ бір жарым жыл ұзақ уақыт еді. Сонымен қатар, мұның алдындағы жорықтарда Бату бағындырылған жерлерде ұзақ уақыт болған емес. Шамасы, Бату бұл территорияларда өз билігін нығайтуға тырысқан секілді. Сондай-ақ, Б. Шпулердің айтуынша, Венгрияда моңғол-татарлар өз монеталарын соға бастады... Олар Тиса және Дунайдың жазық аймақтарын, Еділдің орта және төменгі ағысы бойындағы далалық аймақтар секілді мал жайылымы мен өмір сүру ортасына айналдыруға ұмтылыс танытқан дейді [20, s. 16].

Батудың Венгрияда болған уақыты Венгрия тарихнамасында ауыр кезең ретінде бағаланған. Ал Шайо өзені бойындағы жеңілістен кейін король IV Бела қарсыласпақ түгілі, өзінің жеке басының амандығын ойлап, тайып тұрған еді. Бату оның артынан Қаданды қуғынға жіберді. IV Бела моңғол әскерлерінен қашып, Хорватияға барып паналады, осылайша бұл территориялардың да моңғолдар шапқыншылығына ұшырауына алып келді. Қадан бұл елге қаһарлы бұйрық берді. Оны Фома Сплитский былайша сипаттайды: «Мұны сіздерге жеңілуді білмейтін әскер бастығы Кайдан мырза хабарлайды. Өзгенің қанын төгуге себепші болған адамды қабылдамаңдар, кездейсоқтан жазалауға ұшырап, бекерге қаза болмау үшін, жауларды біздің қолымызға тапсырыңдар» [91, с. 119]. Фома Сплитский және Рашид ад-Дин мәліметтері бойынша, король IV Бела кемемен қашқан, ал Қадан басқарған моңғол атты әскерлері жағалаумен оның ізіне түсіп, жорық барысында жүріп өткен – Трансильвания, Босния, Сербия, Далмация территорияларын талқандаған. Бұл аудандарды бағындыру жөнінде Батудан арнайы бұйрық алмаған Қадан, берік қорғанысы бар қалалар мен қамалдарға қоршау мен штурм жасамаған. Бірақ Перг, Темешвар, Загреб, Свач, Катарро сияқты қалалар моңғол әскерінің талқандауына ұшырады [91, с. 120; 102, с. 45]. Король IV Беланың басына өз державасынан айырылып, соңынан аралда қаза болған Хорезм шахы II Мұхаммедтің тағдыры түсті. Бела әскерінен, иеліктерінен, одақтастарынан (Рим Папасы, неміс билеушілері, Австрия герцогы, Венеция да оған көмек көрсетуді қаламады) айырылып, бақытына орай, Қадан басқарған моңғол әскерлерінің қолына түскен жоқ. Осылайша, моңғол әскері Адриатика теңізі жағасына жеткен соң, бірқатар себептерге байланысты Орталық Еуропа жерін тастап, ат басын ата мекеніне қарай бет бұрады. Бұл бетбұрыс әлемдік медиевистикада түрлі дискуссиялық пікірлер топтамасын қалыптастырды. Батудың поляктар мен венгрлерді жеңген зор жеңісінен кейін жорықты жалғастырмай, Орталық Еуропаны не үшін тастап кеткені, тіпті басып алған территорияларда орнығып қалмағаны да белгісіз. Осыған байланысты зерттеушілердің төмендегідей пікірлерін қарастырып өтуіміз қажет.

Бату басқарған моңғол әскерлерінің Еділ бұлғарларын, Қыпшақтарды және Русьтің жерлерін бағындыру кезінде үлкен шығынға ұшырап, жорықты жалғастыруға әскери күші әлсіреп, тылдағы бағындырылған халықтардың (әсіресе орыс халқының) азаттық күресінен кейін жоспарланған жорықты аяқтай алмай, шығысқа кері бұруға мәжбүр болып, моңғолдардың Еуропаға

орасан зор шапқыншылығын тоқтатты деген пікір топтамасы кеңестік тарихнамада үстем болып, осы кезеңдегі көптеген зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты [4, с. 58-59; 53, с. 94; 57, с. 8]. Зерттеушілердің тылдағы көтерілістердің ішінде Евпатия Коловрат жасағының әрекеттері, бұлғар көсемдері Боян мен Джику, қыпшақтардан Бачман бастаған, Бұхарадағы Махмуд Тараби бастаған көтерілістердің әрекеттерін ерекше назарға алды [55, с. 212-215]. Алайда бұл пікірмен келісуге болмайды. Өйткені біріншіден, Бату және оның қарамағындағы қолбасшылар (әсіресе, Сүбәдей) тек батылдығымен танылған жоқ, сонымен қатар, жорықтарда соғыс тәжірибесін меңгерген тәжірибелі қолбасшылар еді. Егер аталған территорияларда моңғол әскерлері жорықтан әлсіреп, жауынгерлік рухынан тайып, жорықты жалғастыруға дайын емес болса, онда олар асығыс және ойластырылмаған шешім қабылдамайтыны айқын. Сонымен қатар, моңғол қолбасшылары Польша мен Венгрия территориясына жорық жасаудан да бас тартатын еді. Егер Бату әскері әлсіреген болса, ұлы қаған Өгөдэй Мөңке мен Гуюкті кері шақырмай, тіпті батысқа қосымша әскерлер жіберетін еді. Дегенмен, бас қолбасшы Бату және ұлы қаған Өгөдэй алдыға қойған мақсатқа жету жолында майдандағы әскердің өзі жеткілікті екендігін түсінді. Ал моңғолдарға қарсы тылдағы көтерілістер қысқа ғана уақыт аралығында басылғаны белгілі. Мысалы, Евпатий Коловрат 1238 жылы қаза болды [56, с. 194]. Бачман 1240 жылдың күзінде өлтірілді. Ал Бұхарадағы көтеріліс 1238 жылы болса, Еділ бұлғарларының көтерілісі 1243 жылға дейін болған [50, с. 179]. Сонымен қатар, тарихи деректердің негізін ала отырып, бағындырылған халықтардың өздері де моңғол әскерінің құрамында Польша мен Венгрияға қарсы жорыққа қатынасқанын айтуға болады.

Бату басқарған моңғол әскерінің жорық барысында көптеген шайқастардағы әскери шығындарына қарамастан, олардың шайқастардағы аса белсенділігінің себебі жөнінде монах Юлианның айтқан мәліметі шындыққа жанасады. Оның айтуынша, моңғолдар күшпен бағындырылған көптеген соғыс тұтқындарының ішіндегі соғысқа жарайтындарын жауынгер қатарына алып, оларды шайқас кезінде алдыңғы шепке жіберіп отырған, егер жеңіп жатса оларға алғыс аса үлкен емес, ал егер қаза болып жатса аса назар аудармаған, ал егер шегініп жатса аяусыз өлтірілген. Ал олар моңғол қылышынан аман қалу үшін соғыста қайсарлықпен күресіп, шайқастарда қасық қаны қалғанша күрескен деген еді [119, с. 87]. Міне сондықтан моңғол әскеріндегі адам шығыны аса маңызды болмады. Бұдан шығатын қорытынды бұл көтерілістер моңғолдардың Орталық Еуропаға қарсы жорығының дайындығына және оның жүзеге асуына кедергі бола қоймаған.

Моңғолдардың Еуропаны тастап кері қайтуын, неміс билеушілерінің саясаты мен жеңімпаз рыцарлық әскери күш-қуатының тойтарысынан қауіптеніп, кері қайтты деп айтқан неміс тарихшыларының ұлтшылдық көзқарастағы пікірлері [17, с. 22-23; 14, с. 227]. Олардың пікірінше, неміс рыцарлық әскери күш-қуаты мен билеушілерінің жүргізген саясаты нәтижесінде Легниц шайқасы кезінде негізгі күшке айналып, шешуші сәтте моңғол әскерлері жеңіске жеткенімен, олардың сұсынан қаймығып, неміс халқы Еуропаны құтқарды дейді. Бұл пікірмен келісуге мүлдем болмайды. Өйткені

Бату Еуропада әскери қимылдарды үздіксіз жүргізді және айтарлықтай ірі жеңілістерге тап болған жоқ. Бату тіпті барлық әскерді бір топқа біріктірмей-ақ, түрлі бағыттар бойынша ұрыс қимылдарын жүргізді. Қадан, Бөрі, Орда мен Байдар бір жылға жуық жеке-жеке ұрыс қимылдарын жүргізді. Ерекше көзге түсетін шайқастар – Шайо өзенінің бойындағы шайқас, Легниц түбіндегі шайқастан кейін бір күннен кейін ғана болды [55, с. 218]. Легниц және Шайо өзенінің аралығындағы ең қысқа жолдың ұзақтығы 500 шақырым, демек, бұл шайқастарда моңғол әскерлерінің екі бөлек құрамда қатысқан және олар қысылтаяң жағдай қалыптасқан болса да бір-біріне шұғыл түрде ешқандай әскери көмек көрсете алмайтын еді. Ал тәжірибелі Бату, Сүбәдей сияқты қолбасшылар моңғол әскерінің күш-қуаттылығына сенбейтін болса, онда жеке-жеке құрамда шайқастарды жүзеге асырмайтыны белгілі.

Моңғол әскерлерінің кері қайту себебі әскери қолбасшылар арасындағы келіспеушіліктер (Батуға қарсы бағынбаушылық танытқан Гуюг, Бөрі ханзадалардың әрекеттері) және ұлы хан Өгөдәйдің алыс Моңғолия жерінде қайтыс болуына байланысты жаңа ұлы ханды сайлау жөніндегі құрылтайға байланысты кері қайтуы себептері болды деген зерттеушілердің пікір топтамасы [38, с. 497; 50, с. 26-27; 48, с. 166; 120, с. 27]. Жорық барысында ата жұрт тобын басқарған Гуюг және бас қолбасшы Бату арасында келіспеушілік пайда болды, ата-жұрттың атынан жолға шыққан ұлы хаған Өгөдәйдің ұлы Гуюг, Жошының ұлы Бату билігін мойындамағаны рас [76, 45 б.]. Бірақ осы жағдайдан хабардар болған ұлы хан Өгөдэй жорық барысында алауыздыққа бастама жасаған Гуюгті кері шақырған. Басқаларына қатаң сөгіс бергені тарихи деректерден белгілі. Ол жөнінде «Моңғолдың құпия шежіресінде» былайша сипатталған: «Баты Қыпшақ жорығында Өгөдэй, қағанға елші жіберіп өтініп, «Мәңгілік Тәңірінің күші дүр! Қаған енемер ағаның сұсында (күдіретінде) Мекет қаланы бұзып, Орыс елін жаулап, он бір жат елді ілестіре бағындырып алтын тізгінді қайта бұрып, жол жүрер айырылыспақ той жасайық десіп, үлкен шатыр тұрғызып тойлатып жаттық. Мен осы барлық ұлдардың аға ханы болдырып бір-екі аяқ ішімдік бұрынырақ ішкен деп мені Бөрі, Гуюг екеуі жамандап тойлатпай аттанып кетті. Аттанарда Бөрі: «Батыға теңесер едім, менен бұрын қалай ішпек деді. Сақалды әйелдер, Тең болып, Өкшесімен итеріп, Башпайымен баспақ», – депті. Гуюг: «Сол қорамсақты әйелсымақтардың төсімен төбелеспейік. Сен екеуіміз», – депті. Елжігідейдің ұлы Харғасұн: «Оларға ағаш құйрық тағайық», – депті. Біз барлығымыз басқа жат жұртқа аттанып жөн жосығын табармыз деп жүргенде, Бөрі мен Гуюг екеуі осылайша ақылға тоқтамай тарасты. Енді осыны қаған немере аға білсін» деп өтініп елші жіберіпті. Батының бұл сөзіне қатты ашуланған қаған Гуюгпен кездеспей: «Бұл дөрекі кімнің сөзіне дүлейленіп аға кісіге қарсы шығады. Жалғыз жұмыртқа шірітеді! Және аға кісінің көкірегіне жауласып жүр екен... Гуюг, Харғұсын екеуін бірге жібер! Харғұсын өлтірілмек! Алаландық дейсіңдер сендер! Бөрі жайын Батыға сөйле: «Шағатай ағаға сөйлеп жібер! Шағатай аға білсін», – деді. Ұлдардан Мөңкені, нояндардан Алчыдай, Қоңқортай, Жаңқы бастаған нояндар өтініп сөйлер: «Шыңғыс қаған әкесінің жарлығы даланың ісі далада ғана шешілмек. Үйдің ісі үйде ғана шешілмек. Қаған бұйырса, қаған Гуюгке

ашуланып жатырсыз, бұл даланың ісі ғой! Батыға тағайындап жіберсе болмас па!», – деп өтінсе бұл сөзді қаған мақұлдап жылы шырайланып, Гуюгпен кездесіп, сөгіп қатты ұрысып: «Аттанып кетер арасы, бөкселі адамның бөксесі қалмады демекші сен, шерік кісі-қараның намысын қорлап кеттің сен, Орыс елі сол сенің ашу-ызаңнан қорқып бағынды демекпісің сен! Орыс елін жалғыз өзің бағындырып ілестірген секілді ойлап, өр кеуде өз еркіңмен аға адамға жауласпақшысың сен! Шыңғыс қаған әкенің жарлығында бар: «Көп қауіпі бар, терең жыралық өлім бар», – деген емес пе еді! Жалғыз өзің тындырғандай Сүбегетей, Бөжек екеуінің қалқасында жүріп бәрің бір болып бірігіп, Орыстар, Қыпшақтарды бағындырып бір-екі орыс, қыпшақ тауып алып, ешкінің ішек-қарнын тасымай жатып, үйден жалғыз шығып, жалғыз өзің тындырғандай тілаузың зорайып кетіпті сенің! Мөңкей, Алчыдай, Қоңқортай, Жаңғы сендерге жалындаған жүректің қасында серік болып кідіртіп, тасыған қазының жалпақ шөміші болып төктірмей жүргей! Даланың ісі Батынікі дейік! Гуюг, Харғасұн екеуінді Баты білсін», – деп жіберіпті. «Бөріні Шағатай аға білсін», – депті [86, 346-348 б.].

Әрине, даланың ісін жақсы білетін Батуға қарсы шығар адам болса, Батыс жорығы сәтсіздікке тап болатынын ұлы хан Өгөдэй түсінген болар. Бірақ Гуюгпен бірге Батуға тіл тигізген Бөрі де әкесі Шағатай тарапынан тиісті жазасын алған соң, ол қайта келіп, жорыққа қатынасқаны белгілі. Бөрі бұдан кейін Батуға қарсылық білдірмегені айқын. Оның Польша мен Венгрия территориясындағы ұрыстарда белсенділік көрсету фактісінің өзі де жеткілікті болады. Сонымен қатар, моңғол қолбасшылары арасындағы алауыздықты тоқтатып, қатаң тәртіпті нығайтып, әскердің шайқасқа деген қабілеттілігін арттырды. Осылайша, еуропалық жорық кезінде моңғол қолбасшыларының арасындағы келіспеушіліктен моңғол әскерлері кері қайтты деген пікір толық түрде дәлелсіз екенін мойындау қажет. Бірақ осы пікір топтамасындағы ұлы қаған Өгөдэйдің 1241 жылы қаза болуынан кейін Бату қолбасшылығымен шығысқа кері қайтуға шешім қабылдауы кездейсоқ емес еді. Өйткені Бату бұл кезеңде қолбасшылық қабілетімен ғана танылып қойған жоқ, сонымен қатар саяси жағдайды алыстан байқайтын көреген саясаткер еді. Жоғарыда аталған моңғол қолбасшылары арасындағы басталған келіспеушілікке байланысты, моңғол империясының ұлы хаған тағы үшін бір жағынан Жошы және Төле әулеті, екінші жағынан Өгөдэй мен Шағатай әулеттері арасындағы қайшылықтың салдары кейінгі кезеңдегі империяның тақ мәселесі төңірегіндегі саяси жағдайға әсер ететінін жақсы білді. Сондықтан Бату қолбасшылығымен моңғол әскерлерінің жорықты ары қарай жалғастырмай, жаңадан ғана бағындырылған Орталық Еуропа территориясын тастап кетуінің басты себебі ұлы қаған Өгөдэйдің қаза болуына байланысты империядағы тақ мәселесі төңірегіндегі саяси жағдайдың күрделенуіне байланысты болды. Осылайша, Еуропаны моңғол шапқыншылығынан шалғай Моңғолия жеріндегі ұлы қаған Өгөдэйдің қайтыс болуына байланысты қалыптасқан саяси жағдай құтқарды.

Еуропа моңғолдардың шапқыншылығына қарсы тұруға дайын емес еді, тіпті үлкен қауіптің алдында бетпе-бет тұрса да, еуропалық билеушілер агрессияға қарсы бірігіп күресуге де келісе алмады. Одақтас әскер құру

керектігі жөнінде бірнеше рет дабыл қаққанымен, нақты іс-әрекет жасалмады. Венгрия королі IV Бела императордан, корольден, герцогтан және папалық куриядан көмек сұрады, бірақ тек хаттардан басқа ешқандай нақты көмек ала алмады. Ал Легниц бойындағы шайқаста польша, моравия, француз және неміс рыцарларының біріккен түрде қарсы тұруы кездейсоқтық сипатта болды және Бату басқарған моңғол әскеріне қарсы күресу үшін ешқандай халықаралық келісімдердің нәтижесі де емес еді [116, с. 37-38]. Моңғол қолбасшылары шығысқа кері қайтуға шешім қабылдаған соң, моңғол әскерлері біртіндеп шығысқа қарай жылжып, Босния, Сербия және Болгария жерлері арқылы жорықтың жалғасы іспеттес кері қайтты. 1242 жылы моңғол түмендері Дунайдың төменгі ағысында бірікті, ал 1243 жылдың басына қарай Қара теңіз және Каспий маңы далалық аймағына жетті [50, с. 27].

Батыс жорығы мақсаты мен жоспары батысеуропалық тарихнамада да үлкен назарға ие болып, зерттеушілердің негізгі объектісі ретінде Батыс жорығының мақсаты, Еуропаны жаулауға қатынасқан моңғол-татар әскерлерінің саны, Русьті жаулаудың сипаты, Легниц түбіндегі шайқастың маңызы, жорықтың аяқталу себептері болды. Австриялық шығыстанушы Й. Хаммер-Пургшталь, Джувейни және Рашид ад-Дин мәліметтеріне сүйене отырып, ұлы қаған Өгөдэй Батуға Қыпшақ пен Русьті жаулауға бұйрық берді дейді [7, с. 100]. Ал неміс зерттеушісі Б. Шпулердің пікірінше, моңғолдардың батысқа қарай масштабты жорығы кезінде олар тек Қыпшақ пен Русь территориясына ғана бағындыруды мақсат еткен жоқ, сонымен қатар, Шығыс Еуропаның Польша мен Венгрия территорияларын, тіпті одан ары қарай ішкерілей еуропалық территорияларды толықтай бағындыру мақсаты болған дейді [17, с. 16]. Бұл пікірмен неміс зерттеушісі Х. Гёкеньянның пікірі де біршама сәйкес келеді. Оның пікірінше, моңғолдардың Батыс жорығындағы алғашқы кездегі мақсаты – Куман елі (Қыпшақ), Еділ Бұлғариясы және Русь князьдіктерін бағындыру болды. Польша мен Венгрияға шабуыл жасауға деген жоспарлары кейіннен пайда болып, ақыр соңында бүкіл Еуропаны да жаулау мақсаттары болған дейді [121, с. 38-39].

Неміс зерттеушісі Л. Рюль моңғол-татарлардың шапқыншылығын кезекті тағы халықтардың шапқыншылығы ретінде қарастырып, моңғолдардың Еуропаға жорықтарын тек жортуыл ретінде бағалады және XIII ғ. моңғолдардың Азияның кең-байтақ даласы мен Еуропаның орталық аймақтарына дейін басып кіруіне байланысты батысеуропалық билеушілердің Русь жерін бағындыруға деген пікірлерін өзгеріске ұшыратты деген еді. Сондай-ақ, зерттеуші моңғолдардың жорықтарын тағы халықтардың ауқымды жортуылдарының соңғысы; моңғолдар кезінде Рим империясы мен Орталық Еуропаны ғасырлар бойы тітірентіп, Грек-Рим өркениетіне қауіп төндірген көшпелі тайпалар ғұндардың ізімен келді. Бірақ олардың ғұндардан ерекшелігі Римге де, Византияға да қауіп төндірмей, Ұлы қоныс аудару кезіндегі қоныстанған көшпелі халықтар секілді Еуропа жеріне де қоныстанбай, 1241-1242 жж. Силезия, Венгрия және Далмацияға жортуылдар жасады да, Азияға кері қайтты деген еді [9, с. 116].

Сонымен, жеті жылдық Батыс жорығының (1236-1242) нәтижесінде Жошы ұлысының қалыптасу үдерісі аяқталды. Елдің шеп-шекарасы әйгіленіп, империя құрамындағы кіші державалық мемлекеттік сипатқа ие болды. Державаның аумағы Ертістен Дунайдың төменгі ағысы, шығысы Дербент (Дағыстан), Арраннан (Әзірбайжанның шығысы), батысы Еділ бұлғарларына дейін шығысынан батысына дейін 5600 верст, оңтүстігінен солтүстігіне дейін 4000 верст (1 верст = 1,1 шақырым) ұлы сахараны алып жатты [2, 537 б.]. Сондай-ақ, Батыс жорығы нәтижесінде Батудың әулет ішінде беделі өсіп қана қойған жоқ, сонымен қатар, халықаралық аренада аса ықпалды саясаткер билеуші ретінде танылып, империя билігінен айтарлықтай оқшауланған Алтын Орданың сыртқы саясатын іс жүзінде тәуелсіз түрде жүргізуге мүмкіндігі болды.

1.4 Алтын Орданың Еуропамен саяси қарым-қатынастары

Бату қолбасшылығымен моңғол әскерлерінің Русьті бағындырып, католиктік Еуропаның шығыс аудандарына жасаған жойқын жорықтары батыс әлемінің саяси жағдайын күрделендіре түсті. Моңғол жорықтары жөніндегі қорқыныш Батыс Еуропаның шалғайда орналасқан мемлекеттеріне дейін кеңінен тарап, еуропалық анналистер сол уақыттарда өз жазбаларында моңғолдардың шапқыншылығы жөнінде мәліметтерді түрліше сипаттаған. Ортағасырлық ағылшын хронисті Матвей Парижский өз жазбаларында 1237 жылы Батудың Еуропаға жорықтары кезіндегі қорқыныштан тіпті алыс Англия жағалауында жыл сайынғы сельд балығы сауда-саттығы үзіліп, Готланд және Фрисланд саудагерлері Ярмутқа моңғолдардың шапқыншылығынан қауіптенгендіктен келмегенін сипаттаса [29, p.115], моңғол жорықтары кезіндегі Еуропаның саяси жағдайы жөнінде Понс д'Обеннің Франция короліне жазған хатында толық сипатталған: «Татарлар туралы біздің Польшадағы бауырларымыздан алған мәліметтер бойынша, жоғары мәртебелім, біз татарлардың поляк князі Генрихтың жерін ойрандап, оның көптеген барондарымен және алты бауырымызбен, үш рыцарымен және екі сержантымен бірге өлтірілгенін хабарлаймыз, ал біздің бес жүз адамымыз қаза тауып, біздің жақсы білетін үш бауырымыз қашқан. Венгрия мен Богемияның тұтас аумағы ойрандалды, олар кетерінде үш отрядқа бөлінген, оның біреуі – Венгрияда, екіншісі – Богемияда және үшіншісі – Австрияда орналасты. Олар Польшадағы біздің ең тамаша екі мұнарамыз бен үш вилламызды қиратты, Богемиядағы және Моравиядағы да қиратылған. Біз Алеманиядағы жағдай да осындай деп ойлаймыз. Патша өзінің қыруар жасағымен олардың бірде-бір отрядына қарсы шабуылдауға батылы жетпегенін біліп қойыңыз. Алеманияның барлық барондары, патшаның өзі де, барлық дінбасылар, барлық шіркеу қызметкерлері крест көтерді. Әулие Иаков рыцарлары мен Венгриядағы ағайынды минориттер де татарларға қарсы шығу үшін крест көтерді» [122, с. 22-23].

Тіпті батысеуропалық билеушілер моңғол әскерінің жорықтарын құдайдың оларға арнайы жіберген жазасы деп ойлады. Матвей Парижскийдің жазбаларында Батыс билеушілерінің құдайдың жіберген тиісті жазасын алуға

дайын екендігі жөнінде әңгіме бар. Ол былайша сипатталған: «Құдайдың қаһарына тап болған кезеңде, – дейді монах, – королева Бланш (Франция королінің шешесі) бұл ақпаратты естіген соң, «Король Людовик, ұлым қайдасың», – деп аяқай салды. Король оған таяп келіп: «Анашым, сізге не жағдай болды», – деп сұрады. Королева күрсініп, көзінен аққан жасты сүртіп, былай деді: «Ұлым, енді не істейміз? Біз барлығымыз, қаситетті шіркеуде татарлардың тарапынан өлуге тура келе ме?» деп сұрады. Бұл сөзге король қамыққан күйінде былайша жауап қайтарды: «Құдай бізді қолдайды. Дегенмен, ел айтып жүрген моңғолдар бізге де жететін болса, бәрібір біз құдайдың қаһарына тап болатынымыз айқын. Біз оларды жеңеміз бе, әлде жеңілеміз бе – бәрібір өзекті жанға бір өлім келетінін» – бәрінің есіне салады. Оның бұл сөзі француз ақсүйектерінің ғана емес, қарапайым халықтың да осы бір қорқыныш сезімін жеңілдетуіне көмектесті», – деген еді [48, с. 219]. Бұл жөнінде Д. Феннелдің пікірі бойынша, моңғолдардың Легниц түбінде және Шайо өзенінің бойында жасаған қырғын шайқастарынан кейін, Еуропада үрей мен қорқыныш билеуіне толықтай негіз бар еді дейді [123, с. 124].

Моңғолдардың шапқыншылығы жөніндегі ақпараттар Батыс Еуропа мемлекеттеріне ертерек келіп жетсе де, олардың моңғолдарға қарсы тұруға дайындығы жоқ еді [55, 210 б.]. Ол жөнінде қазіргі кезеңдегі батысеуропалық тарихнама өкілі И. де. Рачевилздің айтқанындай, XIII ғасырдың алғашқы жартысында моңғол жаулауы Еуропаға үлкен қауіп туғызды. Еуропада оған қарсы төтеп бере алатын, әскери жағынан жеткілікті деңгейде күш-қуатты және сол кезеңде сипаттағандай, озбыр көшпелі халықтың әскеріне қарсы тұра алатын шіркеу немесе бірде-бір еуропалық ұлт жоқ еді [27, р. 14].

Л.Н. Гумилевтің пікірінше, моңғолдар шапқыншылығы жөніндегі қорқыныш сол кезеңде Батыс Еуропада тек император II Фридрихті ғана алаңдатпаған. Себебі ол Батумен құпия түрде байланыс жасаған еді дейді. Бату II Фридрихтен сол кездегі қалыптасқан дәстүрге сәйкес оның бағынуы жөнінде хат жіберіп, оның нәтижесі бойынша бір-біріне соғыс ашпау жөнінде келісімге келген еді. II Фридрих өз жауабында сұңқармен аңшылықтың білгірі ретінде, ханның сұңқары бола алатынын айтты. Осыған байланысты Гибеллиндер мен моңғолдар арасындағы құпия келіссөздердің нәтижесі моңғолдардың Венгрияны басып алуына қол жеткізсе, II Фридрихтің Ломбардиядағы жеңісі, 1243 жылы папа IV Иннокентийдің Лионға қашып, хан мен императорға қарғыс айтуына алып келді дейді. Сонымен қатар, осы кезеңде христиандық Еуропа екіге бөлініп, Гибеллиндер және Никей империясы моңғолдармен одақ құруға ұмтылыс жасады. Олардың соңынан оған Владимирдің ұлы князі Ярослав Всеволодович, Кіші Арменияның (Киликия) патшасы Гетум қосылды десе, ал папа IV Иннокентийдің басшылығымен гвельфтер, Оңтүстік Русьтің беделді князьдері Галицкілік Даниил мен Черниговтық Михаилмен бірігіп антимоңғолдық коалиция құруға ұмтылыс жасағанымен, ол сәтсіздікке ұшырады дейді [59, с. 538].

Бату басқарған моңғол әскерлері 1242 жылы Орталық Еуропаны тастап шығысқа кері қайтты. Бірақ Еуропа мемлекеттерінде моңғол экспансиясының қаупі сейілген жоқ, сонымен қатар, моңғолдардың әлемді жаулап алу

мүмкіндігін ешкім жоққа шығара алмады. Рим Папасы мен еуропалық монархтардың бұлайша қауіптенуіне негіз де бар еді, өйткені Моңғол империясының ұлы қаған тағына отырған Гуюгтің 1246 жылы қараша айында Платано Карпинидің жеткізуімен Рим Папасы IV Иннокентийге жазылған хаты ашық түрде қоқан-лоқы түрінде былайша сипатталды: «Құдіретті құдайдың күшімен күннің батысынан шығысына дейінгі барлық жерлер бізге берілген. Құдайдың құдіретінен басқа ешкім бұлайша жасай алмайды. Енді сіздер шын жүректен былайша: «біз сіздерге тағзым етеміз, біз бар мүлкімізді береміз», – деп айтуларыңыз керек деді. Сен өзің королінді бастап, бізге қызмет етуді иіліп сұраңдар. Сол кезден бастап біз сендерді бағынды деп есептейміз. Ал, егер құдайдың жазғанына көнбей, қарсы болсаңдар, онда (біздің) қарсылас жауымыз боласыңдар» [88, с. 199]. Сондай-ақ, Платано Карпини өз мәліметінде: «Егер Гуюг қағанның бұйрығын Рим Папасы, Батыстағы ел билеушілері орындамаса, ол барлық князьдерімен Құдай шіркеуі мен Рим империясына, барлық христиан патшалықтары мен Батыс халықтарына қарсы соғысқа аттанбақшы ниетте болды...» – деген еді [104, 421 б.].

XIII ғ. 40-шы жылдарында Рим Папасы мен батысеуропалық монархтар шығысқа арнайы мақсаттармен елшіліктер аттандыруға құлшыныс таныта бастады. Моңғолдармен дипломатиялық байланыс орнатуда Рим Папасы IV Иннокентий мен француз королі Людовик IX Қасиетті белсенділік көрсетті. Бастапқы елшіліктің мақсаты моңғолдар қайта жорыққа шықпай ма деген қауіпті анықтау және Моңғол империясының әскери потенциалы, саяси және экономикалық жағдайы жөнінде мәліметтер жинақтау еді. Елшіліктердің бұдан басқа мақсаттары қатарында моңғолдар арасында христиан дінін тарату, моңғолдарды саяси жағынан антиарабтық жоспарларына қолдану секілді жоспарлары да болған еді.

1245 жылы Папа IV Иннокентий моңғолдарға аттандырған итальяндық Платано Карпини бастаған алғашқы елшілік саяхатын 1245 жылы сәуір айының 16-нан бастап, 1247 жылдың күзіне дейінгі екі жарым жыл ішінде аяқтап шықты. Бұл елшіліктің алдында жоғарыда аталғандай екі міндет тұрды: барлаушылық және миссионерлік. Соңғы міндетке байланысты елшіліктің құрамы толықтай францискандық-минорит орденінің үгіт-насихат жүргізуде ерекшеленген монахтарынан тұрды. Миссия басшысы минорит итальяндық Платано Карпини францискандық орденнің негізін қалаушылардың бірі, Франциска Ассизскийдің досы болды. IV Иннокентийдің моңғол ханына арналған булласын алған елшіліктің құрамында францискандық монахтар Польшалық Бенедикт және Богомиялық Стефан болды. Платано Карпини ең әуелі Бату ордасына келді. Батуға елшіліктің мақсатын түсіндірді және Бату ордасы жөнінде құнды мәліметтерді қалдырды. Бірақ Бату Рим Папасының жолдау хатын қабылдамай, Платано Карпиниді Қарақорымға жіберді. Онда ол Гуюгті таққа отырғызу салтанаты үстінен түсті. Гуюгтің ордасында төрт ай тұрып, Платано Карпини әуелі Киевке, онан соң Лионға оралды. Осында ол Рим Папасы IV Иннокентийге Гуюгтің жауабын және саяхат жөніндегі өзінің есебін (бұл есеп «*Libellus Historicus*» (Тарихи шығармалар) деген атпен әлемге әйгіленген) тапсырды. Платано Карпини елшілігі өздеріне жүктелген тек бірінші міндетін

толық меңгеріп шықты. Ол моңғолдардың саяси және экономикалық жағдайы, әскери күш-қуаты мен қорғанысы, соғыс тактикасы жөніндегі мәліметтерді алып келді [88, 8 б.]. Францискандық елшілердің Азиядан алып келген хабарламасын оның замандастары тарихи баяндау ретінде қабылдады. 1247 жылы францискандық миссияға қатысушылар алып келген хабарлар діни ілім үстемдік еткен Батыс әлемінің сол уақытқа дейін белгісіз болып келген халық жөнінде туындаған сұрақтарға жауап беретін тарихи шығарма болып табылады. Олардың хабарлары Азия халықтарын Матвей Парижский шығармасында (Великая хроника) апокалипсистік тұрғыда сипаттаған көріністерден айтарлықтай өзгешелігімен ерекшеленді. Францискандықтар алғаш рет Еуропаға моңғолдар жөнінде жаңаша сипаттамаларын берді [124, с. 113-115].

Плано Карпини елшілігінен кейін бірнеше жылдан соң моңғолдарға француз королі IX Людовиктің тапсырмасымен ерекше дипломатиялық мақсаттармен алтыншы крест жорығына қатысушы, терең білімді монах-минорит Гильом де Рубрук аттанды. Алғашқы елшіліктен ерекшелігі онда көрсетілген мақсаттарға қосымша негізінен моңғолдармен крестшілердің мұсылмандарға қарсы біріккен одағын құру мүмкіндігін анықтау болды. Батыс Еуропалық билеушілерге моңғолдарды өзінің одақтасы болуына француз королі IX Людовиктің 1248 жылы алтыншы крест жорығында шешуші шайқаста мұсылмандардан жеңілісі, мұсылман мемлекеттерінің табандылықпен шайқасуы, тағы басқа себептерге байланысты король IX Людовик соғыс жүргізуде жеңіске жету үшін жаңа мүмкіндіктерді қарастыру қажет болды.

Константинопольден Қырымға 1253 жылдың мамырында сапар шеккен Гильом де Рубрук ең алдымен Сартақтың, онан соң Батудың ордасында болды. Бату хан бұл жолы да елшіліктің миссиясына байланысты Мөңке ханға (Möngke Khan, 1251-59) аттандырды. Гильом де Рубрук Мөңке хан басқарған Қарақорымға сапар шекті. Бұл елшілік те Моңғол империясының ұлы қағанына арнайы жолығып, құнды мәліметтер жинақтады. Содан Гильом де Рубрук Еуропаға 1254 жылдың өзінде-ақ қайтып оралғанына қарамастан, ол Плано Карпиниден гөрі әлдеқайда көптеген мәліметтерді сипаттап, өз еңбегінде жазды. Плано Карпини бастаған бірінші елшілік, Еуропаға 1247 жылы келсе, екіншісі Гильом де Рубруктің елшілігі 1254 жылы Еуропаға келді. Шығысқа жасаған сапарлары жөніндегі Плано Карпини мен Гильом де Рубруктың мәліметтері Еуропада үлкен қызығушылық туғызды. Сонымен қатар, олардың саяхаттары бойынша жазған есептері батыс еуропалықтардың катал шындыққа деген көзін ашты. Екі саяхатшының қорытындылары бір жерден шықты: моңғолдар христиандар емес, католиктік Еуропа үшін достар да, бауырлар да емес, ал еретиктер (шерік қатушылар) мен дұшпандар. Міне, бұл соңғы қорытынды Папа тағының шығыс христиандары жөніндегі іс-әрекеттерін бүкіл кейінгі ғасырлар бойына анықтап берді [60, 212 б.].

Плано Карпини мен Гильом де Рубруктың Шығысқа жасаған саяхаттары әр түрлі құқықтық статусқа ие болды. Плано Карпини ресми түрде дипломат қызметін атқарды және «татар королі мен халқына» IV Иннокентийдің екі буласын апарды. Ал Гильом де Рубрук король IX Людовиктің елшісі екендігін мойындамады, оның Сартаққа жазған хатын жеткізе отырып, өзін тек діни

миссионер ретінде ғана көрсетуге тырысты. Бірақ мұндай ерекшеліктеріне қарамастан, екі елшілік ортақ сипаттарға ие болды: алғашқысы – барлаушылық, ал екіншісі – дипломатиялық, тек содан кейін ғана үшіншісі – діни сипаты байқалады. Басты тапсырмаларын екі францискандық елшілік те толық аяқтап шықты. Плато Карпини, Гуюг ханның Еуропаға жорыққа шығу қаупі жөніндегі хаты батысеуропалық билеушілер үшін алғашында үрей тудырса, ал Гильом де Рубруктың моңғолдардың мұсылмандарға қарсы шығу дайындығы туралы мәліметі оларға біршама қуаныш алып келді. Батыс зерттеушілерінің пікірінше, дипломатиялық іспен, яғни Шығыс билеушілерімен, былайша айтқанда «модус вивенді» табуға тырысу, олармен тең деңгейде мемлекет аралық қатынас орнату Плато Карпинидің де, Гильом де Рубруктің де қолдарынан келмеді. Бірақ бұған қарамастан, екі елшілік те орта ғасырдағы Батыс Еуропа мен Азияның арасында саяси, дипломатиялық, сауда-саттық және мәдени байланыстардың пайда болуына, дамуына объективті бастама жасады [125, 40 б.]. Бұдан кейін Батыс Еуропа мен Алтын Орда арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар Өзбек хан (Özbeğ Khan, 1313-41) билігі кезінде жүзеге асты. Тіпті Өзбек ханның мұсылмандықты мемлекеттік дін ретінде жариялауының өзі де католиктік Еуропамен қарым-қатынастарына әсер еткен жоқ. 1338 жылы 13 шілдедегі Папа XXII Иоанның жазған хатында Өзбек ханға католик миссиясына құрметпен қарағанына өз ризашылығын білдіреді. Ал 1339 жылы Өзбек хан папа XII Бенедикттің елшісі францискандық Жан де Мариньолиді қабылдады. Ол Шағатай мемлекетіне және Пекин сапарына шықпас бұрын арнайы келіп, керемет сәйгүлікті Өзбек ханға сыйлық ретінде берді [126, 153 б.].

Моңғолдардың Еуропаға ірі масштабты жаңа жаулаушылық жорығы болған жоқ. Еуропаға (1241-42) жасалған жорықтан кейін Жошы ұлысының билеушісі Бату өмірінің соңғы 13 жылында ешқандай ірі жорықтарды ұйымдастырған жоқ, өз иелігіндегі территорияларды кеңейтуге деген идеяға тым ұстамдылықпен қарады. Бұл бағытта ол ешқандай белсенді әрекет жасаған жоқ. Сонымен қатар, Б. Шпулердің пікірінше, ұлы қаған Үгегейдің өлімінен соң, ішкі саяси жағдайларға байланысты Батудың Шығыс Еуропада өз иеліктерін кеңейтуге деген жоспарын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Моңғол империясындағы тақ мұрагерлігі айналасындағы шиеленістер соңғы он жылдықта (XIII ғ. 40-шы жылдары) оның барлық күш-жігерін шығыста болып жатқан саяси оқиғаларға жұмсауына тура келген дейді [20, s. 16].

Ал ұлы қаған Гуюгтің жоғарыда көрсетілген хатына сүйенсек, оның империяның батыс шебіндегі жорықты қайта жалғастыруды қалайтыны байқалады. Моңғол билеушілерінің Польша мен Венгрияға жаңа жорық жасау жөніндегі ойы Плато Карпинидің шығармасында кездеседі, сонымен қатар оның мәліметі бойынша, «император өз аузынан Ливония мен Пруссияға әскер жіберуді қалайтынын айтты», – деген еді [88, с. 60]. Бұл аталған жаулаушылық жоспарын іске асыру үшін ұлы қаған үлкен қиындыққа тап болды, ол шабуыл жасау үшін әскери плацдарм ретінде Батуға тиесілі Алтын Орда территориясы болуы мүмкін еді, ал Бату мен Гуюг арасындағы қарым-қатынас іс жүзінде комфортациялық сипатта болды. Тіпті Батыс жорығы кезінде Бату мен Гуюг

арасындағы келіспеушілік кейіннен бір-біріне қырғи-қабақ соғысқа да алып келді. Осыған байланысты Батыс жорығынан кейінгі жылдары Моңғол империясының ішкі саяси жағдайына байланысты Қарақорым әкімшілігінің сыртқы саясатында еуропалық бағыт бойынша назарын аудара алмады [127, с. 155].

В.В. Бартольдтың пікірінше, 1243 жылдан бастап Бату да ешқандай жаулаушылық жорықтарға қатынаспаған, ал 1237-1242 жж. бағындырылған территориялардан тек Русь жері ғана татар бодандығында қалды деген еді [38, с. 497]. Бірақ зерттеуші Р.Ю. Почекаевтың пікірінше, Бату Батыс жорығын аяқтаған соң, жаулаушылық жорықтары кезінде бағындырылған еуропалық территориялардың барлығынан айырылған жоқ. Тек IV Бела билігін қайта қалпына келтірген соң, Венгрияның негізгі бөлігін ғана тастап кеткен, ал Прут және Днестр өзендерінен оңтүстік-шығысқа қарай Карпатқа дейінгі бұрынғы Венгрия королінің иелігінде болған жерлердің барлығы Жошы мұрагерінің бақылауында болған дейді [66, с. 171-172]. Сонымен қатар, Болгария Жошы ұлысының вассалы ретінде моңғолдарға алым-салық төлеп тұрған және Э. Хара-Даванның пікірінше, Бату бұл территорияға жас та болса, қабілеттілік көрсеткен Ноғайды басқаруға қалдырған дейді [48, с.174].

Болгария мен Валахияның Жошы ұрпақтарының билігінде болғаны жөнінде 1253-1254 жж. Алтын Ордаға барған Гильом де Рубрук шығармасында алым-салық төлеп тұрған оңтүстік еуропалық мемлекеттер қатарында былайша сипаттап өткен: «Танаид сағасынан батысқа қарай Дунайға дейінгі жерлер оларға тиесілі болды; сонымен қатар, Дунайдан ары қарай Константинополь бағытына қарай, Валахия, Ассанға (Асен-А.Н.) тиесілі жерлер және кіші Булгария Склавонияға дейінгі жерлердің барлығы оларға алым-салық төлеп тұрған; тіпті олар уәделескен алым-салық мөлшерінен де тыс көлемде алып отырған... » [88, с. 89]. Еуропаға жасалған жорықтан кейін Батудың ықпал аймағында орасан зор территория Дунайдың төменгі ағысынан Аралға дейін және Солтүстік Кавказдан оңтүстік Русь шекарасына дейінгі жерлер болды. Бұл мәліметтер арқылы Батудың Еуропаға жорығының нәтижесіз болмағандығын көрсетеді.

Моңғолдардың 1240-1241 жж. жасаған жорықтарынан кейін де Шығыс және Орталық Еуропа мемлекеттері арасында феодалдық қоғамға тән князьдіктер арасындағы немесе ұлттар арасындағы талас-тартыстар тоқтамай, жалғасын тауып жатқан еді. Осы кезеңде Еуропаның шығыс аймақтары католиктік христиан әлемі мен Алтын Орда хандарының сыртқы саясатының басты назарында болды. Сонымен қатар, Алтын Орда – католиктік христиан әлемінің православияға қарсы жарияланған крест жорықтарына қарсы тұра алатын бірден-бір ортағасырлық ірі мемлекет еді. Ал православияның цитаделіне айналған Русь жері осы екі күштің ықпалында болды. Бұл жөнінде еуразиялық бағыттағы орыс ғалымы Г.В. Вернадский былай деп жазады: «1240 жылы (6 желтоқсанда) татарлар Киевті алды; сол жылы «дінсіздерге» қарсы крест жорықтарына папаның түрткілеуіне байланысты швед билеушісі және қолбасшысы Биргер (шілде айында) Нева жағасына келді. Русь екі оттың ортасында жанкешті күрес кезінде жойылып кету қаупінде болды. Бірақ бір

уақытта екі майданда күрес жүргізу мүмкін болмады. Сондықтан Батыс немесе Шығысты таңдау уақыты таяды. Сол кезеңдегі Русьтің екі белді князьдері өз таңдауларын жасады. Князь Даниил Галицкий Батысты таңдады және оның көмегі арқылы Шығысқа қарсы күрес жүргізуді көздеді. Ал князь Александр Невский Шығысты таңдады және оның қорғауымен Батысқа қарсы тұруды жоспарлады», – деген еді [47, 153 б.]. Сонымен қатар, Русьтің батыс бөлігіндегі мәселелерді Бату өз қалауы бойынша шешуге тырысты. Бұл мәселе бойынша Бату Русьтің Даниил Галицкий және Михаил Черниговский секілді көрнекті екі князьдері арқылы әскери күш қолданбай мәселені шешуді көздеді.

1243 жылы Папа тағына IV Иннокентий отырғаннан кейін, екі жылдан соң Лионда (Франция) жетінші крест жорығы және Иерусалимді азат ету жорығын ұйымдастыру жөніндегі жиын өткізілген еді. Бұл жиынға орыс игумены Петр Акерович те қатысты. Оны Чернигов князі Михаил Всеволодович жіберген еді. Өзінің жіберген сенімді адамы арқылы татарларға қарсы әскери көмек сұрады. Петрдің сөзін толық тыңдаған соң, Платон Карпини елшілігімен қатар Шығыс Балтық жағалауына арнайы легат аббат Мессандық Опизоны жіберген еді. Онда ол крестшілерді жинады. 1245 жылы бұл крестшілер Русь князьдіктеріне қарсы шабуылдар ұйымдастырды. Ярослав Всеволодовичтің кіші ұлы Александр литвалық әскерлермен Торка және Бежицы аймағында шайқасты. Сонымен қатар, бұл шайқастарға дейін-ақ, жылнамашылардың айтуынша, Бату Владимир князі Ярославты барлық орыс князьдерінің ағасы етіп (1238 ж.) бекіткен. Ярославтың ұлы Александрды Бату хан өкіл бала етіп алады. Монғолдардың шапқыншылығы кезінде орыстардың талқандалғанын пайдаланған шведтер мен Ливондық крестшілер Псков пен Новгородты басып алды. Бату хан өзінің өкіл ұлы Александрге қыпшақ әскерін беріп, Жошы ұлысының солтүстік-шығыс шекарасын қорғауға аттандырды. Сөйтіп 1240-1242 жж. әйгілі Нева шайқасы мен мұз қырғыны болып, Новгород пен Псков азат етілгені белгілі [129, 116 б.]. Бұл кезеңде Чернигов князі Михаил Всеволодович Рим Папасының көмегіне иек артып, 1245 жылы Лион жиынына өз өкілін қатыстыруға жіберіп жатқан уақытта, келесі белді князь Даниил Галицкий де император II Фридрихтен қашып, Лионға барған Папа IV Иннокентиймен одақтас болуға ұмтылыс жасады. Сондай-ақ, дәл осы уақытта Бату ханнан жолдау хат келді. Венгрлерді, поляктарды және өзіне қарсы келген боярларды жеңген жеңімпаз князь бұдан аса қауіптенді. Татарлармен соғысу еш нәтижесіз болатынын түсінген Даниил Галицкий Батудың талап етуіне байланысты оның ставкасына өзі барды. Бату оны жылы қарсы алып, той-томалақ кезінде қымыз орнына шарап ішуге рұқсат берді. Сонымен қатар, оған өз князьдігінде билік етуге жарлық беріп, өзінің бейбіт ниетін қолдаушы ретінде қарады. Бұл екеуі үшін де саяси жағынан тиімді еді. Бату осылайша батыс шекарасын крестшілердің шабуылынан қорғауын қамтамасыз етті, өйткені 1245 жылы Папа IV Иннокентий Лион соборында татарларға қарсы крест жорықтарын жариялаған еді [47, 155 б.].

Даниил Галицкий Сарайға барған соң, бірнеше айдан кейін князь Михаил Черниговский Батумен кездесуге аттанды. Бірақ Даниил Галицкийге қарағанда сәтсіздікке ұшырады. Бату үшін екі князьдің бір-бірінен айырмашылығы – Галицкілік князь Черниговтық князьға қарағанда саяси жағынан аса ықпалды

болды. Сондықтан Бату үшін Даниил тарапынан ғана вассалдықтың маңыздылығы бар еді. Сонымен қатар, Галич жері Венгрия мен Польшаға жақын орналасты және Даниил Галицкий кез келген уақытта ол мемлекеттердің біріне барып, паналауға мүмкіндігі болды. Михаил Черниговский мен оның ұлы Ростислав та бірнеше жылдар бойы Венгрияда болған еді, тек оның Даниил Романовичке қарсы жорығының сәтсіздікке ұшырауына байланысты ғана қайтып келді. Алайда Михаил Черниговский Бату билігі орнаған қаласына қайтып келуді жөн санады. Шамасы, Бату Чернигов князінің пиғылына күмәнмен қараған секілді. Сондықтан, Михаил Всеволодовичті тек екі оттың ортасынан өтіп, тазартылатын болса ғана қабылдауға келісімін берді. Бұл хан сарайына баруды қалайтын шетелдіктерді қабылдауға арналған дағдылы рәсім еді [46, с. 151]. Бірақ Плато Карпини мәліметіне сәйкес, Чернигов князі Михаил Батудың талабын орындаудан бас тартқаны үшін өлім жазасына кесілгенін айтып өтті [88, с. 177]. Осылайша, Бату Оңтүстік Русьтегі өзінің вассалы болуға келісімін берген Чернигов князіне қарағанда ықпалды Галицкілік князь Даниилді қолдап, оның бәсекелесінің көзін құртты.

Даниил Галицкий Батудың вассалына айналып, оның талаптарын орындауды өз міндетіне алуы ол үшін кездейсоқ, ойсыз саяси қадам еді, сондықтан ол жалғасын таппады. Сондай-ақ, Батудың Руське қатысты саясаты да Даниилді қанағаттандырмады. Ол Батыс билеушілерімен одақтас болуды әлі де қалады. Бұл жөнінде орыс жылнамаларында былай келтіріледі: «О злее зла честь татарская: Данилови Романовичу князю бывшу велику, обладавшу Русскою землею, Киевом и Володимером и Галичем... ныне сedit на колenu и холопом называется... О злая честь Татарская - его отец (князь Роман Мстиславич) бе царь в Русской земле, иже покори Половецкую землю и воева на иныя страны все», – делінген [47, с. 155]. Нәтижесінде Рим Папасының Русь князьдеріне католик дінін қабылдауға шақырған бірнеше хаттарынан соң, католик дінін қабылдаған жағдайда оларға моңғолдардан қорғауға әскери көмек көрсетеді деген уәдесіне сүйеніп, Даниил Галицкий өз келісімін берген еді. Даниил Галицкий моңғол ықпалынан құтылу үшін Батыс Еуропаның нақты түрде, өзін «христиан әлемінің» басшысы ретінде есептеген Рим Папасы IV Иннокентий көмегіне иек артты. Рим католик шіркеуімен келіссөздер жүргізе отырып, оның мақсаты жаңа крест жорықтарының көмегіне сүйену арқылы моңғол тәуелділігінен құтылу еді. Папа IV Иннокентий шіркеулерді біріктіру арқылы түрлі көмектер мен жеңілдіктер бере отырып, князьдің өзіне король титулын беруді уәде етті. Нәтижесінде (1253 және 1254 жылдары) Пападан Орталық және Шығыс Еуропаға жаңа крест жорығына шығуға және моңғолдарға қарсы Даниил Галицкийге көмек көрсетуге бағытталған елшілер жіберілді. Батыстың көмегіне сүйенген Даниил Галицкий моңғолдарға қарсы күресуге дайындала бастады. 1255 жылы Дрогоичине қалашығында Даниил Галицкий Рим Папасынан жіберілген король тәжін кию рәсімін жасады. Бірақ оған король тәжінен басқа, негізінен әскери көмек қажет еді. Бұл жөнінде Л.Н. Гумилев былай деп жазады: «1250 жылы император II Фридрих өлімінен соң оның империясы әлсіреді, Папа IV Иннокентий өзін «христиан әлемінің» басшысы ретінде есептеді. Сол кезеңде Папаның қолынан Даниил Галицкий

Кіші Русьтің тәжін алды. Ол үшін ол моңғолдарға қарсы күресу және біртіндеп Папалық унияны дайындау қажет еді. Галиция православияның цитаделінен Петрдің қасиетті тағының вассалы ретінде кішігірім еуропалық корольдікке айналды. Басқаша айтқанда, Кіші Русь өзінің емес, басқаның (Рим Папасының – Н.А.) мүддесін қорғауға мәжбүр болды» [59, с. 560].

Рим Папасының уәдесіне арқа сүйенген Русь князі Даниил Галицкий моңғол сюзерендігіне қарсы шықты (1257). Оның бастапқы әрекеті моңғол әскерлеріне ашық түрде қарсылық көрсетіп, өзіне қойылған бірқатар міндеттерін орындаудан бас тартты. Осыған байланысты Русьтің батыс аймақтарында Алтын Орда билігінің әлсірегенін түсінген Бату қайтыс болған соң, қысқа ғана уақыт аралығындағы Сартақ, Ұлақшы билігінен кейін таққа отырған Берке хан 1258 жылы Оңтүстік Русьтегі даругач Куремсаның орнына XIII ғ. 30-шы жылдары Еділ Бұлғариясы мен Солтүстік-Шығыс Руське жорық жасауға қатынасқан тәжірибелі қолбасшы Бурундаймен (Боролдаймен) алмастыруды шешті. Бурундай Литва және Русь жеріндегі князьдердің толқуын тоқтату мақсатында ең алғашқы жорықты Литва жеріне жасауға шешім қабылдады. Осы кезден бастап моңғолдар Литва мәселесіне үлкен назар аудара бастады. Көптеген әскермен (кейбір деректер бойынша 60 мың жауынгер) Бурундай Даниил иелігіне келіп, корольді өзіне шақырды. Даниил Алтын Ордамен әскери қақтығысқа түсуден қауіптеніп, оған өзінің бауыры Василько мен үлкен ұлы Левті жіберді. Алайда Даниил және оның қарамағындағылар күткендегідей, қоқан-лоқы көрсету арқылы Оңтүстік Русь князьдерін бағындыру емес, оларды Литва мен Польшаға жорыққа шығуға атсалысуға шақырған еді. Мұндай жағдайды күтпеген Галицкілік князь оған дайын емес еді, егер Даниилға қарсы соғыс ашқанда, ол амал жоқ қарсы тұрар еді. Бірақ қантөгіссіз мәселені шешудің жолы түскендіктен, Даниил інісі Василько мен ұлы Левке литвалықтар мен поляктарға қарсы шыққан Бурундай әскеріне қосылуды бұйырды. Шындығында, Бурундай Литва мен Польшаға бірнеше жорықтар жасап, Даниилдың одақтасы болған жергілікті билеушілерді оның қарсыласына айналдырды.

Беркенің бұйрығымен Еуропаға жасалған жорықтары жөнінде 1259 жылға жататын Кромерус хроникасының мәліметі бойынша, моңғол кавалериясының батысқа қарай жылжығаны сипатталған. Литваға басып кірген моңғолдар орманға қашып тығылып үлгермеген жергілікті тұрғындарды қырып-жойды және осыдан кейін моңғолдар өздерімен бірге жорыққа аттануға мәжбүрлеген орыс жасақтарымен бірге Польшаға басып кірді делінген [126, с. 147]. Сондай-ақ, моңғол генералы Бурундай бастаған жасақтар поляк князі Болеслав (Целомудренный) иелігіндегі Краков пен Сандомир жерлерін ойрандап, елге қайтар жолында Сандомир қаласын тонады. Ал польшалық жылнамашылардың мәліметіне сенетін болсақ, жорық кезінде тұтқынға түскен жергілікті тұрғындардың көпшілігі құлдыққа алынғаны сипатталған. Тіпті бір польшалық жылнамашының пікірі бойынша, бұл шабуылдың қасіреті Польшаға 1241 жылғы жорық кезіндегі шабуылдардан асып түсті деген еді [29, р. 123]. Сандомир қаласын екінші рет қиратқан моңғол әскері жергілікті тұрғындар жасырынған қаланың цитаделіне қарай жылжыды. Бекініс коменданты Пьер де

Крэмпа берілуден бас тартты. Моңғолдар тиімді шарттарды ұсына отырып, оған Даниил Галицкийдің ұлы мен оның бауырын елшілікке жіберді. Моңғолдар осы сәтте сертті бұза отырып, қаланың шарасыз қорғаушыларының барлығын қырып-жойды. Осы жерден ары қарай Краковқа қарай жылжып, оны тас-талқан етті. Король Болеслав (Целомудренный) Венгрияға қашып барып паналады. Моңғолдар елді Оппельн ауданына дейін ойрандап, үш айдан соң соғыс олжаларын өздерімен бірге алып, шығысқа кері қайтты [126, с. 147]. Кейбір зерттеушілер бұл жорықты ірі масштабты жорықтың алдындағы дайындық түріндегі барлаушылық жорық болды деген пікірлерді айтып өтті [127, с. 156]. Әрине, бұл пікірмен келісуге де болады. Өйткені моңғолдардың барлық ірі масштабты жорықтарының алдында міндетті түрде барлаушылық жорықтар жасағаны белгілі. Сонымен қатар, алғашқы жорықтан кейін біршама уақыт өткен соң, тылда өздері нығайып қайта жорықтар ұйымдастырып, ол мемлекеттерді толық талқандайтыны да белгілі.

Сонымен қатар, бұл жорыққа қатынасқан Даниил Галицкийдің інісі князь Василько мен ұлы Лев іс жүзінде алтынордалық қолбасшының кепіл ретінде қалып, моңғолдарға қарсы тұруға Даниилдің батылдығын бәсеңдетті. Бурундай жорықтан қайтып оралу барысында Галицк-Волынь жері арқылы өтіп, өзінің шынайы пиғылын білдіріп, Галицк-Волынь жеріндегі қалалардағы қорғаныс бекіністерін талқандауды бұйырды. Василько мен Лев бұл бұйрықты орындауға мәжбүр болды [67, с. 23-24]. Галич, Владимир, Львов, Каменец және тағы басқа қалалар қорғаныстарын айырылды. Бекіністі қабырғаларын тек Даниил астанасы – Холм ғана сақтап қалды. Өйткені жергілікті қала тұрғындары тікелей билеушісі Даниилдың бұйрығын алмайынша, Василько мен Левтің бұйрығын орындаудан бас тартты. Бурундай қан төгіссіз жеңісі үшін, бұған аса үлкен назар аудармады. Себебі бір ғана жақсы бекінген қала Романовичтер тарапынан үлкен қауіп төндірмейтінін жақсы түсінді. Соңында Алтын Орда қолбасшысы Оңтүстік Русьтегі бірнеше қоныс-мекендерді тонап, Жошы ұлысының билігіне қарсы тұруға болмайтындығын тағы да бір дәлелдеп берді [130, с. 283-285].

Рим Папасының Шығыс және Орталық Еуропа мемлекеттеріне жасаған үндеуі де нәтижесіз болды. Сондықтан Даниил Галицкий Рим католик шіркеуімен қарым-қатынасын біржолата үзді. Осылайша, Берке әскери жорық жасамай-ақ, іс жүзінде Даниил Романовичтің Кіші Русьтің королі ретінде Еуропалық мемлекеттермен коалиция құрып, Алтын Ордаға қарсы шығуға деген кеудемсоқтық жоспарларын талқандады. Польша, Венгрия мемлекеттері және Папалық шіркеу мен рыцарьлық ордендердің ешқайсысы оған көмек көреткен жоқ, сондықтан король Даниил Алтын Орда билеушісінің билігін мойындап, алым-салық төлеп тұруға міндеттелді. Даниил осы соққыдан айықпай өмірінің соңғы бірнеше жылдарында мемлекеттік қызметке көп араласпай, інісі мен балаларына жүктеді. Ал өз кезегінде оның інісі мен ұлдары Алтын Ордаға қарсы шығуға талпыныс жасаған жоқ. 1264 жылы Даниил Галицкий өлді. Осылайша, оның «үлкен саясаты» сәтсіздікке ұшырады. Ол тек «кіші саясатында» көрші литвалықтармен күресте жеңіске жетті [47, с. 156].

Ал Шығысты таңдау жасаған Александр Невскийге де татарларға қарсы ливондық рыцарьларға көмек көрсетуге және Рим шіркеуіне өзін мойындату мақсатында жіберілген 1248 жылғы папа булласы келді [47, с. 156]. Александр Невский папа IV Иннокентийдің саясаты Русь пен Алтын Орда арасында қарым-қатынасты салқындату екенін түсінді. Сондықтан оған еш жауап қатпады. Осыдан кейін Александр өзінің інісі Андреймен Батуға барды. Батудан ұлы қағаны Гуюгке аттанды (бұл сапар екі жылға созылды). Оның нәтижесінде Андрейге Владимир, ал Александрге Новгород пен Киев берілді. Тверьде оның үшінші інісі – Ярослав князьдігі болды. Александр ағалығын пайдаланып інілерінің бағынуын талап етті. Оның мақсаты Русьті бір ұлы князьдікке біріктіру еді. Бауырларының бағынбауынан оларға қарсы татарлардың да көмегіне сүйенді. 1252 жылы татар отрядтары Андрейді Владимирден қуып шықты. Ұлы князьдік билік Александрға өтті. 1256 жылы Александр күшпен Новгородтан інісі Ярославты да қуып шықты. 1262 жылы Александр Батысқа қарсы соңғы рет қарсы соғысты. Оған (Юрьев-Ливондық) жорығына өзінің ұлы Дмитрий мен оған бағынған бауыры Ярославты жіберді. Орыстар немістерге қарсы жойқын жорықтар жасады [47, с. 157].

Жалпы алғанда, Александр Невский тарихи кезеңдерде Русь пен православияға негізгі қауіп Батыстан, яғни шығыстық моңғолдардан емес, католиктік Еуропадан келетінін түсінді. Моңғолдық экспансия бұл діни және рухани жүйені құртушы емес, ол тек саяси жүйені өзгеріске ұшыратты. Ал Батыс Еуропа экспансиясының мақсаты бұл діни жүйе арқылы рухани жағынан бағындырып, католиктік мемлекетке айналдырып, өздеріне тәуелді ету болды. Моңғолдар Русьті бағындырғанымен, православия толық бостандықта болды. Сонымен қатар, моңғолдардың көмегіне сүйене отырып, батыстан қорғанды. Сайып келгенде, Александр Невский Шығысты таңдау жасай отырып, моңғолдардың көмегімен Русьті католиктік Батыстың экспансиясынан аман алып қалды. Бұл жөнінде әйгілі орыс тарихшысы Лев Гумилев, «Невский атанған Александр сол кездегі қалыптасқан саяси жағдайды пайдаланып, татарлармен одақтасып, Ресейді аман алып қалды», – деген пікір айтқан еді [129, 116 б.].

XIII ғ. 50-ші жылдарының соңына қарай моңғолдардың Еуропаға қарай жаңа шабуылдары басталды. Бұл 1241 жылы Еуропаға жасалған жорықтан ерекшелігі бұл жолы жорықтың инициаторы ұлы қаған емес, Алтын Орданың сыртқы саясатын тәуелсіз түрде жүргізген Берке хан болды. Шамасы, Берке ұлы қаған Мөңкенің қайтыс болғанын пайдаланып, өз ықпалын Еуропада нығайтуға ұмтылыс танытқан секілді. 1259 жылы Берке хан Венгрия билеушісі IV Белаға өздерінің ұл-қыздарын некелестіру арқылы туыстық одақтастық орнату, Венгрия әскери жасақтарының моңғолдармен бірге оның латындық көршілеріне қарсы әскери науқандарға атсалысуы және сол үшін Венгрияны алым-салықтардан босату, болашақ еуропалық жорықтардан түсетін соғыс олжасының бестен бір бөлігін беретіні туралы жолдау хат жіберді. Сонымен қатар, Венгрия билеушісіне бұл талаптарды орындамаса, оның патшалығына қарсы жорық жасайтынын да ескертті. Король IV Бела XIII ғ. 50-60-шы жылдары Чех королі II Оттокарден бірнеше рет айтарлықтай жеңіліс тапқан еді.

Осындай саяси күрделі жағдайда іс жүзінде Беркенің ұсынысын қабылдауға дайын еді. Бірақ Рим папасы IV Александрдің саяси ықпалы мен оған шығыстан төнген жауларына қарсы көмек беруге деген уәдесіне байланысты IV Бела Алтын Ордамен одақтасудан бас тартты. Бірақ Берке хан Венгрияға қарсы жазалаушы әскерін жіберу жөнінде әрекетін моңғол әлеміндегі ішкі азаматтық соғыстардың басталуына байланысты жүзеге асыра алмады [29, p. 124; 67, с. 31]. Сонымен қатар, Батыс Еуропа зерттеушісі П. Джексонның еңбегінде Батудың орнына отырған Алтын Орда ханы Беркенің Парижге IX Луистің (Людовик) бағынуын талап еткен жолдау хат жібергенін айтып өтті. Осыған байланысты, IX Луис (Людовик) 1261 жылы мамырда қайтыс болған Папа IV Александрға аттандырған елшіліктің жолдау хатының деталды мәліметтеріне сүйене отырып, Беркенің король IX Луиске (Людовик) моңғол билігін мойындамаса, Францияға басып кіретіні жөнінде үзілді-кесілді талап қойғанын атап өтті. Сондай-ақ, зерттеуші бұл жолдау хаттың Берке хан тарапынан келгенін нақты айтып өткен [29, p. 123].

Сонымен, XIII ғ. 50-ші жылдарының соңына қарай Еуропаға ішкерілей масштабты түрде жорыққа шығудың дайындық жұмыстары басталды. Бірақ Беркенің алдыға қойған бұл жоспары іс жүзіне аспады. Оған әсер еткен жағдай Моңғол империясындағы Құбылай және Арық Бұға арасындағы күрес нәтижесінде Берке – Арық Бұға және Құбылай – Хулагу коалициясының құрылуы мен Алтын Орданың оңтүстіктегі бәсекелес көршісі Хулагулық Иран мемлекетімен Кавказ жеріндегі үздіксіз соғыстар Еуропаға масштабты жорықтың жүзеге асырылуына кедергі келтірді.

1262 жылы IV Беланың ұлы және онымен тең билеуші (соправитель) II Иштван Беркемен бейбіт келісімді орнатуға қол жеткізді. Берке бұл кезеңде Хулагулық Иранға жорыққа негізгі күштерін бағыттағандықтан, батыс шекарасында мәселенің шиеленісуін қаламады. 1264 жылы Хулагумен соғыста біршама тыныштық орнаған кезеңде Берке хан IV Беламен байланысуын қайта бастады. Бірақ IV Бела қайтадан Рим папасының ықпалымен Алтын Орда билеушісінің ұсынысы мен талабын орындаудан бас тартты. Нәтижесінде Венгрия біршама уақыт бойына Алтын Орда әскерінің жортуыл объектісіне айналды.

Католик әлемі үшін XIII ғ. 60-шы жылдарының басына қарай Алтын Орданың оңтүстік шекаралық аймақтарда Кавказ жері үшін Хулагу әулетімен соғыс жүргізуіне байланысты біршама қолайлы жағдай туындағандай еді. Бірақ Алтын Орданың Моңғол империясынан оқшаулануы және Бату ханнан басталған тәуелсіз түрде сыртқы саясатын жүргізуіне байланысты, Елхан мемлекетімен соғыстардың жүргізгеніне қарамастан, Жошы ұрпақтарының сыртқы саясатында Еуропа мемлекеттері назарда болды. Венгрия сияқты басқа еуропалық мемлекеттер, әсіресе Польша мен Литва мемлекеттері Берке ханнан Өзбек ханға дейін Алтын Орда әскерінің жортуылдар объектісі ретінде болды. Сондай-ақ, Рим Папасы IV Иннокентийдің Шығыс Еуропа халықтарына моңғол-татарларға қарсы крест жорықтарына шығуға шақырған үндеулер жариялаған еді. Бірақ моңғолдарға қарсы жорыққа шығуға Рим Папасының өзі

тікелей қолдаса да, ол жалпы Еуропалық мемлекеттерден ешқандай қолдауға ие болған жоқ, сондықтан оның бұл аймақтарға қатысты саясаты іс жүзіне аспады.

Ал XIII ғ. 80-ші жылдарында Алтын Орда әскерінің Болгария, Венгрия және Польшаға жасаған жорықтары тарихи жазбаларда «Моңғолдардың Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропаға екінші шапқыншылығы» ретінде белгілі болған еді. Моңғолдардың батысқа жаңа жорық жасау жөніндегі идеясы осы кезеңде Алтын Ордадағы ықпалды Ноғайдың билікке араласуы кезеңіне сәйкес келді. Ол батысқа қарай моңғолдардың ықпал аймағын кеңейтуді шешті. Бұл әскери экспедицияға Төле-Бұғаны шақырды. Еуропалық тарихи деректерде моңғолдардың Венгрия мен Польшаға жасаған шапқыншылығының екі кезеңі сипатталған. Біріншісі 1241 жылы Батудың жасаған жорықтары болса, ал екіншісі 1285-1285 жылдары жасаған Ноғай мен Төле Бұғаның жорықтары көрсетілген.

Алтын Ордадағы екі белгілі мемлекет қайраткері түменбасы Ноғай, болашақ Алтын Орда ханы Төле Бұға (латын тілді деректерде - Teleboga) еуропалық мемлекеттерге қарсы ірі жорық ұйымдастырды. Ол жөнінде мысыр авторы Рукн ад-Дин Байбарыс мәліметіне сәйкес оқиға былайша сипатталған: «686х.ж. Төле-Бұға өзінің немере ағасы Туда-Мөңкемен бірге билік жүргізе бастады, осы кезеңде жорыққа дайындалып, Краков (Крулевск?) жері мен оның тұрғындарын талқандап, тонау мақсатында әскермен аттанды. Ол (сонымен қатар) Ноғайды да аттандырып, оған өзінің қарамағындағы әскермен Краков жеріне бірлескен түрде шабуылдау жасауға бұйрық берді. Ноғай өзінің қарамағындағы он мыңдық әскермен аттанды. Олар келіскен жерде кездесіп, шабуылдарын бастап, ол төңіректің барлығын талап-тонауға ұшыратты... » [100, с. 96].

Ноғай мен Төле Бұғаның Венгрия мен Польша жеріне жасаған жорықтары жөнінде Н.И. Веселовский орыс, поляк тарихи деректеріне сүйене отырып, біршама қарастырған. Ипатев жылнамасының мәліметіне сәйкес, 6790 (1282) жылдың жазында Ноғай мен Төле Бұға Венгрияға қарсы қыруар әскермен жорыққа аттанып, өздерімен бірге орыс князьдерінің де бұл жорыққа атсалысуына бұйрық берген. Осылайша, бұл жорыққа Русьтің князьдері (Лвови Мьстиславоу. Володимероу. Юрьи Лвовичь...) да қатынасқан [131, с. 30]. Ипатев жылнамасында келесі жылы 6791 (1282) Төле Бұға мен Ноғайдың Польшаға жасаған жорықтары да сипатталған. Бұл мәліметке сәйкес, олардың Краковқа, Сандомирге жасаған жорықтары сипатталып, жорық соңында Ноғай өз жолымен, Төле Бұға өз жолымен кері қайтқаны сипатталған [131, с. 31].

Төле-Бұға мен Ноғайдың Польша жеріне жасаған жорығы жөнінде польшалық деректерде де сипатталған. Бұл мәліметке сәйкес, сол жылдың (1286 ж.) желтоқсан айында Ноғай және Төле-Бұға бастаған орасан зор татарлардың әскері келді, сонымен қатар, олармен біріккен орыстармен бірге Люблин және Мазовия жеріне, ал одан кейін Сандомир жеріне келді; Бірақ Сандомирден оларды қуып шықты; одан кейін олар Краков жеріне қарай жылжып, жол бойындағы көптеген костёлдерді (поляк католик храмы – А.Н.), монастырьлар мен камалдарды тонап-талқандап, өртеп жіберді, тек орыстардың кеңесі бойынша Қасқа таудағы (Лысой горе) монастырьға ғана

тиіскен жоқ. Краков қаласына олар Христостың Рождествосы қарсаңында келді; бұл жерде қоршау кезінде өздерінің беделді тұлғаларынан айырылған соң, олар оның төңірегіндегі жерлерді талқандап, үлкен шығындар келтіре отырып, бұл жерден кетіп, Татрға (таулар) дейін жетті. Күш-қуаты әлсіз Лешек, өзінің әйелі Грифинаны алып, Венгрияға тайып тұрды. Бұл кезеңде Болеславтың әйелі Кунегунда, өзінің екі сінлісі Иоланта мен Констанцийді, орыс королі Даниилдің әйелі және 70 бойжеткен қыздармен бірге Сондецкий монастырынан қашып, Пенинския тауына барып жасырынып, татарлардың жорығы аяқталғанша сол жерлерде паналады. Ал олар тұрған монастырьды татарлар сонда да өртеген жоқ, оның себебі қасиетті Кунегунданың арқасында болды деп жазады. 1287 жылдың жазында бұл жерден моңғолдар көптеген олжаға батып, кері оралды. Владимир жерінде соғыс олжасын бөліске салған кезде тек бойжеткен қыздардың өзі 20 000 болған; осыған байланысты тұтқынға түскендердің саны өте көп болған көрінеді. Қайтар жолында Русь жері арқылы өтіп, орыстардың оларға көмектескені үшін Русь жеріне тиіскен жоқ дейді [131, с. 34-35].

Төле-Бұға мен Ноғайдың Венгрия мен Польшаға жорығы жөнінде жазылған шығыс деректері мен орыс жылнамалық деректерін салыстыратын болсақ, онда мысыр-араб деректері бойынша, оқиғаның тек бір ғана уақыты көрсетілген және екі жорықты да Краков жорығы ретінде сипаттаған, ал орыс жылнамаларында оқиға басқаша сипатталады, яғни Венгрияға бірінші жылы, Польшаға келесі жылы жасаған жорығы сипатталады [131, с. 31]. Осыған орай, орыс зерттеушісі Н.И. Веселовский Ноғай мен Төле Бұғаның жасаған жорықтары бойынша араб деректерінде көрсетілген уақыт мерзімі Венгрия және Польша хроникаларында көрсетілген уақыт мерзімімен сәйкес келеді. Моңғолдардың Венгрия мен Польшаға қарсы жасаған жорығы бір уақытта жасалған деген қорытындыға келді [131, с. 37].

Төле Бұға мен Ноғайдың Венгрия мен Польшаға жасаған жорығы кезеңінде бірқатар территорияларды тонап талқандап, ішкерілей еніп, польшалық деректерде сипатталғандай, үлкен олжаға батқанымен жорықтың соңы сәтсіздікке ұшырады. Төле-Бұға басқарған әскери топ қайтар сапарында табиғаттың дүлейіне тап болған еді. Ноғай басқарған әскери топ қауіпсіз қонысқа барып орналасты, ал Төле Бұға басқарған әскери жасақтар ашық табиғат аясында қалып, жауын-шашын мен суық аязға ұрынды. Олар жан сақтау үшін өз жылқыларын, иттерді, өлген жолдастарының денелерін азық етіп, жан сақтауларына тура келген. Олар Карпат асуынан өткен кезеңде Төле-Бұға басқарған әскери топтың шағын ғана жасақтары қалған еді [29, р. 207]. Бұл оқиғаны мысыр-араб авторы ан-Нувайри мәліметі де растайды. Оның мәліметіне сәйкес, Ноғай мен Төле-Бұға жоспарға сәйкес, Краков жеріне тонаушылық шабуылдар жасап кері қайтты. Қайтар жолда қар қалың жауып, суық аяз күшейе түсті. Ноғай өзінің қарамағындағы әскермен одан (Төле-Бұғадан) бөлектеніп, өзінің қыстауына аман есен жетіп, (үйіне) жетті. Төле-Бұға болса, қайтар сапарында жолдан адасып, онымен бірге көптеген жауынгерлері табиғаттың суық аязына ұшырады. Тіпті жағдайдың қиындығына байланысты олар жүк артқан малдарын, аңшы иттерін және аштықтан өлген адамдардың

етін жеумен жан сақтады. Ол (Төле-Бұға) бұл тұзақты Ноғайдың каскөйлік ниетпен жасаған әрекеті деп күмәнданып, оған қарсы әрекетті ойластырды деген еді [100, с. 126].

Алтын Орда ішінде өзара соғыстар кезеңінде: Төле Бұға мен Ноғай (1290-91) немесе Ноғай мен Тоқта (1298-99) арасындағы талас-тартыс кезеңінде, латындық христиан әлемі біршама уақыт моңғол шабуылдарынан азат етілді. Бірақ Алтын Орданың ішкі қайшылықтары реттелген тұста Еуропаға үздіксіз шабуылдар қайта жаңғыртылып отырды. Андрас III (Andras III) ресми құжатында қыс мезгіліне таман моңғолдардың оңтүстіктен жортуылы болғаны және оған қарсы әскерді жібергенін атап өтті [29, р. 205]. Бұл оңтүстіктен болған шапқыншылық Ноғайдың Болгарияны немесе Сербияны Венгрияға қарсы әскери база ретінде пайдаланғанын көрсетеді. Венгрияға 1296 жылы моңғолдардың жасаған жортуылдары жөнінде аз ғана мәліметтер кездеседі. Бірақ бұл мәліметтер 1291-1292 жылдары шапқыншылықты сипаттауы ғажап емес. Келесі моңғол жортуылдары 1305 жылы Лелес (Leles) ауданына (қазіргі Словакия жерінде) жасалғаны жөнінде нақты құжаттық деректерде сипатталған. Ал Польшаға моңғол шабуылдары 1293 жылы бұл елдің билеушісі Богемия королі Вацлавпен болған соғысын моңғолдар ұтымды пайдаланып, Сандомир қаласын талқандайды. Осы эпизодтардан кейін Польшаға қарсы жасалған шабуылдар жөнінде Өзбек ханның билікке келуіне дейінгі кезең аралығында тарихи деректерде ешқандай мәліметтер кездеспейді [29, р. 206]. Өзбек хан өз тарапынан әлденеше рет өз әскерін Литва мен Польшаға жортуылға жасақтар аттандырды. 1324 және 1337 жылдары Алтын Орда жасақтары ханның бұйрығымен Литваға шабуылдар жасап, көптеген адамдарын тұтқынға алды. Сондай-ақ, оның 1337 жылы Польшаға жасаған жорығы Батыс Русь жерлерін қорғау мақсатында емес, Рим папасының Алтын Ордаға қарсы крест жорығына жауап ретінде жасалған еді [76, с. 98-99].

XIII ғ. соңғы онжылдығында Хулагулық Иран билеушілерінің католиктік Еуропамен жасаған дипломатиясы оларды әлеуетті одақтастарына айналдырса, ал Алтын Орда тарапынан Еуропа елдеріне деген мұндай қатынас қалыптасқан жоқ. Батыс Еуропа билеушілері мен Рим Папасы Алтын Орда тарапынан жорықтан аса қауіптенді. 1286 жылы тевтондық рыцарьлар моңғолдардың Польшаға жорығына дайындығы жөнінде ақпарат алған соң, одан қауіптеніп, төрт прустық бекіністерін көшіріп алып келді. 1340-41 жж. Польшаға шабуылы кезінде де осы жағдай қайталанды, яғни моңғолдардың Бранденбургке шабуыл жасады деген ақпарат жеткен соң, Венгрияның батыс бөлігіндегі папаның алым-салық жинаушысының қаражаттарын қауіпсіз Загреб қаласына жеткізуді тапсырған [29, р. 206]. Моңғолдардың XIV ғ. бастап, Венгрия мен Польшаға жасаған жортуылдары жөніндегі мәліметтер өте аз. 1326 жылы Венгрияға моңғолдардың шапқыншылығы жөніндегі мәліметті қалдырған жылнамашы алыс Пруссия жерінде жазған және ол өш алу үшін жазуы да мүмкін. Сонымен қатар, Кароберт (Carobert) патшалығы кезіндегі моңғол шапқыншылығы жөніндегі нақты мәлімет, яғни келе жатқан қауіп жөніндегі 1340 жылы венециялық Кеңес алдында берілген ақпарат жалған мәлімет болып табылады. Шындығында, патша өзінің немере ағасы Казимирге Галицияда көмек беру

үшін жасалған шара еді. Қазіргі кезеңдегі зерттеуші ғалымдар 1332, 1334 және 1338 жылдарда моңғол жорықтары жөніндегі мәліметтер туралы сол кезеңдегі Папаның қатынас қағаздарында келтірілген мәліметтеріне сүйене отырып қорытынды жасаған. Ол мәліметтер 1241-42 және 1285-88 жылдары және одан кейінгі уақытта болған кішігірім жортуылдар мәліметтері бізге жеткен түрлі грамоталарда қайталанып аталуы да мүмкін. Ал Папа хаттарының бір де біреуінде осы кезеңде моңғолдардың Венгрияға жорықтары жөнінде нақты дәлелді мәлімет жоқ. 1332 жылы Иоанн XXII Папаның булласындағы өмір сүруін тоқтатқан Милков (Milcov) епархиясын қалпына келтіруге берген бұйрығында тек 1241 жылы моңғол жорықтарының салдарынан епархияның талқандалғаны ғана атап өтілген [29, p. 208].

Сонымен, Алтын Орда әскерінің католиктік Еуропаның шығыс аудандарына (Венгрия, Польша) қарсы жасалған сәтсіз (Төле Бұға мен Ноғайдың) жорықтарынан кейін, әсіресе, Венгрияда Карл Роберт (1301-1342), кейіннен әсіресе Лайош Великий (1342-1382) корольдер билігі кезінде мемлекеттің шығыс саясатында моңғол-татар шабуылдары аса үлкен қауіп төндірмеді. Бірақ Шығыс және Орталық Еуропаның мемлекеттері Венгрия, Польша, Литва және Оңтүстік Русьтің өзара саяси қарым-қатынастарында моңғол-татарлар маңызды факторға айналды [128, с. 22]. Бастапқы кезде Жошы ұрпақтары Венгрия, Польша территорияларын Еуропаға ішкерілей масштабты түрде жасалатын жорықтың плацдармы ретінде қарастырған секілді. Бірақ бұл жоспарлар іс жүзіне асқан жоқ. Кейінгі кезеңде болған тарихи оқиғалар көрсеткендей, Алтын Орда тарапынан бұл аудандарда жалғасын тапқан жорықтарды талдайтын болса, онда бұл жорықтар тек тонаушылық сипатта ғана болғаны байқалады.

2 САРАЙ-ҚАРАҚОРЫМ ЖӘНЕ САРАЙ-ТЕБРИЗ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

2.1 XIII ғ. 40-60-шы жылдарындағы Сарай-Қарақорым саяси қарым-қатынастары

Моңғолдардың батысқа қарай масштабты жорығының соңына қарай (1241) ұлы қаған Өгөдэй қайтыс болғаннан кейін, уақытша билікте болған оның жесірі Төркін-хатун билігі кезінде Алтын Орда билеушісі Бату хан Қарақорымдағы жоғарғы моңғол билігін тек формалды түрде ғана мойындап, сыртқы саясатын тәуелсіз түрде жүргізуге ұмтылыс танытса, ал ұлы қаған тағына Гуюгтің сайлануынан кейін, тіпті оның билігіне конфронтациялық бағыт ұстанғаны байқалады.

Бату мен Гуюг арасындағы карама-қайшылық Батыс жорығында басталғаны белгілі. Жорық барысында ата-жұрт тобын басқарған Гуюг және бас қолбасшы Бату арасында келіспеушілік пайда болды, ата жұрттың атынан жолға шыққан ұлы қағанның ұлы Гуюг Бату билігін мойындамады. Бату бұл туралы қаған ағасы Өгөдэйге құпия хат жолдады. Өгөдэй өз ұлы Гуюг пен Шағатайдың ұлы Бөріге сөгіс жариялады. Бірақ Гуюг пен Бату арасында қақтығыс жалғаса берді [76, 45 б.]. Бұл жөнінде 1247 жылы католиктік Еуропадан аттандырылған францискандық миссиясына қатысушылардың өзіне жақсы белгілі болды. Францискандық елшілік құрамында болған Бенедикттің хабарламасына сәйкес, Бату Венгрия жерінде болған кезеңде Өгөдэй-ханның қайтыс болғанын естіген соң, шұғыл түрде Қыпшақ жеріне (Комания) келді. Оны сонымен қатар, татарлардан Папаға келе жатқан біздің бауырларымыз [францискандықтар] да көрген. Сонымен қатар, олардың арасында қатынас салқындағанын байқап, егер бұл жалғасын табатын болса, онда христиандар көптеген жылдар бойы татарлардан біршама тыныштық табатын еді дейді [132, с. 88]. Сонымен қатар, осы кезеңде Шыңғыс ханның төрт ұлының ұрпақтары екі тарапқа (Жошы-Төле және Өгөдэй-Шағатай) бөлініп, біріне-бірі қарсылығы байқала бастаған еді. Ол, әсіресе, моңғол империясының ұлы қаған тағына құрылтай өткізу мәселесі бойынша көрініс бере бастады. Моңғол империясының ұлы қағаны Өгөдэй қайтыс болған соң, билікті Төркін-хатун (Toregene regent, 1242-1246) өзіне жүктеп, мұнымен Шыңғыс хан ұлдарының ішіндегі тірі қалғаны және «Ұлы жасақ» заңының орындалуын қатаң қадағалаған Шағатай да, Бөржегін тайпасының белді ақсүйектері де келісті. Джувейнидің айтуынша, тіпті ол Өгөдэйдің үлкен әйелі болмаса да, билікті қолына алуы, оның ұлы қаған тағына отыруға құқығы бар ұлдарды дүниеге әкелгенінен болар деген еді [112, р. 240].

Рашид ад-Дин мәліметтері бойынша, ұлы қаған Өгөдэй тірі күнінде мұрагері ретінде өзінің үшінші ұлы – Куджуды (Кучук) сайлағанымен, ол әкесінен бұрын қаза болған. Өгөдэй бұл ұлын басқалардан ерекше жақсы көргендіктен, оның (Кучуктың) ұлы «алғыр және ақылды» Ширамунды өзі тәрбиелеп, осы немересін тақ мұрагері болатындығын жариялаған еді [102, с. 118]. Билікке келген Төркін-хатун алғашқы кезде марқұм Өгөдэйдің қалауымен келісіп, Ширамунды тақ мұрагері ретінде мойындаған. Бірақ біршама уақыт

өткен соң, Шыңғыс хан мен Өгөдэйдің заңдары мен өкім-биліктерінің аса мұқият орындалуын қадағалаған Шағатай қайтыс болғаннан кейін, Төркін-хатунның саясаты да өзгеріп шыға келді [66, с. 220]. Моңғол империясында саяси ықпалын нығайтуға тырысқан Төркін-хатун Өгөдэйдің өсиеті бойынша көптеген Шыңғыс хан ұрпақтары мен моңғол ақсүйектерінің ұлы қаған тағына Ширамунды отырғызуға құрылтай жасамай уақытты соза берді. Бұл моңғол ақсүйектерінің, тіпті өзінің ұлдарының да қарсылығын туғызды [66, с. 220]. Ал бұл уақытта Батудың құрылтайға келуге енжарлық танытуының өзі де Төркін-хатун үшін әбден тиімді еді, өйткені оның үмітсіз билікте біршама уақыт отыруына мүмкіндік беріп, Шыңғыс хан ұрпақтары арасындағы жасы жағынан үлкен, аға ұрпақ Батудың келмеуі құрылтайдың болмауына сылтау болған секілді. Ақыр соңында 1246 жылы құрылтайға моңғол ақсүйектері жиналды. Құрылтайға шамамен барлық Бөржегін тайпасының игі-жақсылары, оның ішінде Төленің жесірі Сорхугтан-хатун ұлдарымен бірге, Тэмугэ-отчигин 80 ұлымен бірге, Шыңғыс ханның немере інісі Илжигдэй және Шыңғыс хан бауырларының ұрпақтары, Шағатай ұлысынан – Қара-Хулагу, Йису-Мунке, Байдар, Бөрі, Есен-бұға және тағы басқа Шағатай ұрпақтары, сондай-ақ, құрылтайда сайланатын Өгөдэй ұрпақтары қатысты. Тек Бату ғана құрылтайға қатысуға енжарлық танытып, денсаулығының сыр беруі мен аяғына түскен ақауды алға тартып, бұл рәсімге келмеді [102, с. 118]. Плано Карпини мәліметі бойынша, әлемнің жан-жағынан келген көптеген шетелдік меймандар қатынасып, дүниенің төрт бұрышынан төрт мыңнан аса қонақ қатысты. Бірақ Жошының мұрагері моңғол дәстүрі және Шыңғыс хан негізін салған моңғол қағидасы мен заңын құрмет тұтқандықтан, құрылтайға өзінің бауырларын – Орда, Шайбан, Берке, Беркечар, Таңғұт және Тұқа-Темірді жіберді. Сонымен қатар, құрылтайда көпшілік кімді қолдаса, соны қолдандар деп, моңғол империясының ішкі татулығын сақтау үшін, ашық қарсылыққа барудан бас тартқан еді.

Сонымен, құрылтай өтіп, Өгөдэйдің өсиетіне сәйкес немересі Ширамун емес, оның үлкен ұлы Гуюг (Güyüg Khan, 1246-48) ұлы қаған тағына отырды. Ол жөнінде Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, қаған тағына отыруға лайық тұлға тағайындау кезінде ханзадалар мен әмірлер [былайша] айтқан: «Шыңғыс хан қаған тағына мұрагер ретінде тағайындауды қалаған Кудэн қайтыс болды, ал қағанның өсиеті бойынша [мұрагер] Ширамун кемел жасқа жеткен жоқ, ең тәуірі – қағанның үлкен ұлы Гуюк-ханды тағайындайық. [Гуюк-хан] өзінің жауынгерлік жорықтары кезінде әскери жеңістерімен даңқы мәшһүр және Төркін-хатун оның жағына шықты, әмірлердің көпшілігі бұл шешіммен келісті. Бұл айтыс-тартыстан кейін [барлығы] оны [таққа] отырғызуға келісімге келді, ал ол әдеттегідей бұдан бас тартып, [мұны] әрбір ханзадаға жүктеп, ол өзінің аурушаңдығы мен денсаулығының нашарлығын алға тартты. Әмірлердің табанды өтініштерінен кейін ол былай деді: «Мен келісемін, тек менен кейін [қаған билігіне] менің ұрпақтарым бекітіледі деген шартым бар деді» [102, с. 119].

Бастапқы кезеңде Гуюг Жошы ұрпақтарының құрылтай кезеңінде өзінің кандидатурсын қолдауда ашық түрде қарсылық көрсетпей, оны қолдағанын

бағалап, тіпті моңғол империясындағы билікті басып алуға ұмтылған Темугэ-отчигинге қатысты тергеуді Жошы ұрпақтарынан Орда мен Төле ұрпақтарынан Мөңкенің жүргізуін бұйырды. Тергеу аяқталған соң, олар үкім шығарып, «Ұлы жасақ» заңына сәйкес Отчигинді өлім жазасын кесті. Осылайша, Моңғол державасының тағы үшін Шыңғыс хан ұрпақтары мен Бөржегін тайпасының басқа мүшелерінің арасындағы таластың соңғы нүктесі қойылды [112, p. 255; 102, c. 119]. Сонымен қатар, жоғарыда аталғандай Бату мен Гуюг арасындағы қарама-қайшылықтың барын Бенедикт Поляк байқаса да, осы елшілікті бастап барған Плато Карпини ұлы қағанның ресми қабылдауында олардың арасындағы ешқандай қарама-қайшылық жөнінде айтпаған. Гуюгпен кездескен соң, Плато Карпини қайтар жолында Батуға арнайы кіріп жолықты. Бірақ бұл жолы да Бату мен жаңа сайланған ұлы қаған арасындағы келіспеушілікті байқамады, себебі Плато Карпинидің бір мақсаты Моңғол империясының ішкі саяси жағдайын да бақылау еді, бірақ ол өз есебінде Бату мен Гуюг арасындағы араздық жөнінде еш мәлімет қалдырмаған.

Осы жағдайларға байланысты Бату мен Гуюг арасында татулық орнаған секілді көрінеді. Сондай-ақ, билікте біршама уақыт болған Төркін-хатун да билік тізгінін өз қолында ұстап отыруға талпыныс жасады, себебі оның билігі кезінде мемлекеттік маңызды қызметтерге қойылған моңғол ақсүйектері де өз қызметтерін жалғастыра берді. Бірақ көп кешікпей Гуюг таққа отырғаннан кейін бірнеше айлардан соң, анасы Төркін-хатун жұмбақ жағдайда қаза тапты. Кейбір авторлар Гуюг пен Төркін-хатун арасында айтарлықтай қарама-қайшылықтың болғанын тұспалдайды, яғни Төркін Гуюгті билікке жібермей, өз иелігі Емілде отырғызуға мәжбүрлеген [112, p. 244]. Шамасы, ол таққа отырған соң, шешесі шынайы билікті қолдан бермейтінін түсініп, билікті берсе қолынан, бермесе мәселені шешудің басқа жолын таңдаған секілді.

Гуюг қаған Төркіннің өлімінен соң, оның сенімді адамдары болған Фатима-хатун мен Абд ар-Рахманды өлімге кесті. Төркіннің тағайындаған ірі шенеуніктерін қызметтерінен айырылып, ол қызметтерге Гуюгтің өзі қойған адамдары отырды. Мысалы, Батуды да, Гуюгті де қолдамай бейтарап бағыт ұстанған Шағатайдың немересі және мұрагері Қара-Хулагудың орнына Шағатай ұлысында Йису-Мөңке таққа отырды. Сондай-ақ, Батумен Кавказ және Кіші Азиядағы саяси ықпалдастыққа мүдделі Байджу-ноянның орнына Илжигдэй отырды. Илжигдэй Батумен жақсы қарым-қатынаста емес еді. Сонымен қатар, Байджуға қарағанда ықпалды және әрі Шыңғыс ханның немере інісі, әрі Гуюгтің сенімді адамы болды. Төркін-хатун билігі кезінде Иран – Батудың сенімді резиденті Шараф ад-Дин Хорезми арқылы ықпал аймағында болған еді. Бірақ Шараф ад-Дин 642 х.ж. (1245 ж.) қайтыс болған соң, Гуюг оның орнына өзінің адамы Фахр ад-Дин Бихиштиді отырғызды [102, c. 119-120].

Гуюг ұлы қаған тағына отырып, өз билігін біршама нығайтқан соң, Алтын Орда билеушісі Батуға қарсылығын күшейте бастады. Гуюгтің Жошы ұрпақтарына қарсы жасаған алғашқы қадамы – Батудың сюзерендігін мойындаған, мемлекеттердегі билігін шектей бастады. Бату Гуюгпен ортақ тіл табысуға әрекеттеніп, вассалдық мемлекеттердің тағына отыруға үміткерлерді

Қарақорымға аттандыра бастады. Олардың қатарында грузин ханзадалары, патшайым Тамараның екі немересі – Георгий IV Лашидың ұлы Улу Давид, Русуданның ұлы Давид Нарини; Селжүк сұлтаны Изз ад-Дин Кей-Кавус II пен онымен таққа таласушы оның бауыры Рукн ад-Дин; Екі орыс князьдері Ярославтың ұлдары – Александр Невский мен Андрей бар еді. Батумен қарама-қарсы Гуюг оның таңдауы түскен адамды таққа отырғызбай, кері әрекет жасады. Мысалы, Александр Невскийді қоюдың орнына, оның кіші інісі Андрейді отырғызуды қалады. Селжүк ханзадасы Рукн ад-Дин, IV Килич-Арслан атымен сұлтан тағына отырып, сұлтанаттың шығыс жағындағы жерлерін – Сивас, Эрзинджан, Эрзурум және тағы басқа қалаларды билеуге мүмкіндік алса, ағасы II Кей-Кавусқа батыс иеліктері – Конья, Анкара, Анталья жерлерін берді. Грузияның патшасы болып, Георгий IV Лашидың некесіз туылған ұлы Давид VII Улу отырғызылса, Давид VI Нариниге тек оның мұрагері болуға ғана үміті болды [133, с. 195; 102, с. 120]. Вассалдық мемлекеттердің билеушілерін тағайындауда Гуюгтің мақсаты Батудың таңдауымен келіспей, оның орнына өз адамдарын қою арқылы Жошы ұлысы билеушісінің саяси ықпалын әлсірету болды [66, с. 226]. Сонымен қатар, Гуюг ұлы қаған тағында отырған бес жылда (1246-1251) Орталық Азияда Шағатай әулетінің құзыр билігі артып, Шағатай және бұрынғы Өгөдэй ұлысының жер көлемі Жошы ұлысы (Ақ Орда) жері есебінен кеңейе түсті. Бату ханға бет бұрып кеткен Масуд Бек қайтып оралып, 1246 жылғы құрылтай шешімімен Мәуераннахр, Түркістан және сол мандағы отырықшы жұрттың өкілетті билеушісі (даругач) болып қайта тағайындалды. Әрине, мұндай өзгерістер Бату хан бастаған Жошы ұлысы билеушілерінің көңілінен шықпады [2, 557 б.]. Ақыр соңында, Гуюг Батудың көзін құртуға әрекеттеніп, ашық соғысқа шығуға шешім қабылдады. «Батыста алынбай қалған Исмайыл елін жаулап алу» деген сылтаумен әуелі Илжигдэй қолын батысқа аттандырды. «Емел елінің табиғаты жұмсақ, жер суы ауруыма дауа болушы еді» деген сылтаумен соңынан өзі аттанды. Оның мақсаты «Емел табиғатында» емес, Батудың көзін құрту болса керек [76, 46 б.].

Батуға бұл жағдай Қарақорымдағы сенімді адамдары арқылы белгілі болғаны шүбәсіз. Сонымен қатар, Төленің бәйбішесі Сорхугтан-хатун бұл хабарды Батуға жеткізу үшін, жедел жаушы аттандырып, бұл хабар туралы мынадай хат жолдайды: «Дайын бол, Гуюг-хан сансыз әскерімен сенің жеріңе бара жатыр». Бірақ Бату біршама тартыншақтық та жасады, себебі сол кезеңге дейін Моңғол империясында ішкі азаматтық соғыс болмаған, сондықтан Жошы ұлысының билеушісі бірінші бастауға бел бумағанымен, қалай дегенмен жаудың аты жау екенін жақсы білетін Бату оған қарсы тұруға қамданған секілді. Аталған жайды алдын ала білген Бату әскерін сапқа тұрғызып, Гуюгті Қыпшақ шекарасында күтіп алып, соққы беруге дайындалды. Бірақ Гуюг көздеген мақсатына жете алмады. 1248 жылы сәуірде Самарқан маңында Бесбалыққа жетуге бір-ақ апта жол қалғанда кенеттен қайтыс болды [76, 46 б.]. Гуюгтің өліміне Батудың қатысы жөнінде деректерде ешқандай мәлімет жоқ. Бірақ Гуюгтің өлімі тек Жошы ұлысының билеушісі Бату үшін ғана тиімді

болған жоқ. Сонымен қатар, Гуюгтің өлімі Моңғол әлеміндегі ішкі азаматтық соғыс болу қаупін тоқтатқаны айқын.

Гуюгтің өлімінен соң, Моңғол империясында билік ұлы қағанның жесірі – Оғыл-Ғаймыш (Oghul Qaimish d. 1251) қолына өтті. Бірақ оның биліктегі отырған кезеңінің өзінің енесі Төркін-хатун билігінен ерекшелігі – ол өз билігін нығайту үшін Шыңғыс хан ұрпақтары арасындағы қарама-қайшылықтарды өз мүддесіне пайдалануға тырысқан да жоқ. Керісінше, Гуюгтің жесірі Қарақорымнан Өгөдэй ұрпақтарының иелігі Емілге кетуге шешім қабылдап, осылайша оның Моңғол империясындағы билігі айтарлықтай әлсіреді. Тіпті оның ұлдары Наху мен Қожа ашық түрде қарсы шығып, әрқайсысы өзін билеуші жариялап, өз аттарынан жарлықтар шығара бастағаны жөнінде деректер бар [112, p. 265].

Бату Гуюгтің қазасынан кейін, Оғыл-Ғаймышқа күйеуінің қайтыс болғаны жөнінде оған көңіл айтып, жаңа ұлы қаған сайлағанға дейін уақытша билікке отыруға оның кандидатурасын толықтай қолдайтыны жөнінде жолдау жіберді [112, p. 263]. Гуюгтің өлімінен кейін-ақ, Оғыл-Ғаймыш билігі кезеңінен бастап, Бату өзінің вассалдық мемлекеттерге деген саяси ықпалын қайта жандандыра бастады. Оның алғашқы қадамы вассалдық мемлекеттердің билеушісі ретінде өзінің сенімді адамдарын отырғыза бастады. Ал Мөңке ұлы қаған тағына отырған соң, ол тіпті сәтті жүзеге асырылды. Мысалы, Русьте оның сенімді одақтасы Александр Невский билікке келді. Грузияда Батудың көмегі арқылы Русудан патшайымның баласы Давид Нарини билікте отырған өзінің немере бауыры Давида Улудың (Гуюгтің шешімімен) мұрагерліктен, тең басқарушы (соправитель) болып, іс жүзінде Грузияны екіге бөліп басқарды. Рум сұлтанатында II Кей-Кавус Батудың көмегі арқылы өзінің бауыры IV Килич-Арсланнан іс жүзінде иеліктерінен айырып, билігін нығайтты [66, с. 226-227].

Батыс Еуропа тарихнамасында осы кезеңдегі Сарай-Қарақорым қарым-қатынастары маңызды орын алады. Оның ішінде батыс зерттеушілері осы мәселеге қатысты арнайы тоқталып, өзіндік пікірлері мен тұжырымдарын жасаған. Олардың еңбектерінде осы кезеңдегі ұлы қаған Өгөдэйдің қайтыс болуынан кейінгі ұлы қаған тағы үшін күрес, Гуюгтің ұлы хан тағына отыруы мен оның Батумен күресі, Мөңкенің ұлы хан тағына отыруы және соңында Жошы ұлысының орталық Моңғол империясынан оқшаулануы арнайы мәселе ретінде кеңінен қарастырылған. Й. Хаммер-Пургшталь өзінің еңбегінде Өгөдэй қайтыс болған соң, Рах Mongolia жағдайын сипаттай отырып, Батудың Төркін-хатун мен Гуюгті жек көруінің себебін тарихи деректерге сүйене отырып, ұлы хан Өгөдэйдің қалауы бойынша билік оның немересі Ширамунға берілуі керек еді, бірақ Төркін-хатун – Өгөдэйдің бес ұлының анасы, үлкен ұлы Гуюгті қолдады. Жаңа ұлы ханды салтанатты жариялағанға дейін ол билікті өз қолына шоғырландырды. Құрылтай Өгөдэй қайтыс болған соң тек үш жылдан соң ғана ұйымдастырылды, ал Бату Төркін-хатун мен оның ұлы Гуюгті жек көргендіктен ертерек келуге (Еуропадан) асықпады. Нәтижесінде, Батудың құрылтайға қатыспауына қарамастан (жаңа ұлы ханды) сайланды дейді [7, s. 131]. Неміс зерттеушісі О. Вольфтің пікірінше, Бату Төркін-хатун тарапынан «дұшпандық пиғылдан» қауіптеніп, Еуропалық жорықты тоқтатып, кері қайтуға асығып,

Моңғолиядағы жаңа қағанды сайлауға ықпал жасауға әрекет етті дейді [12, с. 381].

Неміс зерттеушісі Т. Шиманның пікірінше, Өгөдэй тірі күнінде ұлы хан тағының мұрагері ретінде өзінің үшінші ұлын бекітті, ал ол ұлы өлген соң, немересін, яғни үшінші ұлының баласын таққа отырғызуға бекітті. Бірақ «моңғол құқығы бойынша жаңа хан сайланғанға дейін үстемдік етуші ұлы ханның жесірі таққа өзінің үлкен ұлы – Гуюгті отырғызуды қалады. Осыдан кейін қарбаластық басталып, сол кезеңдегі ең қуатты моңғол князі Бату үшін кімге болысатындығы маңызды болды дейді. Бату Өгөдэй қайтыс болған соң, Батыс жорығын тоқтатты, бірақ шешуші құрылтай оның қатысуынсыз болмайтындықтан, ол түрлі сылтауларды айтып, Моңғолияға баруға асықпады. Ақыр соңында, Бату Гуюгтің сайлануына қарсы тұра алмайтынын түсініп, өзінің өкілдерін жіберді, нәтижесінде 1246 жылы тамызда Гуюг ұлы хан болып сайланды деген еді [9, с. 85-87].

Гуюгтің қаған сайлануы, Моңғолиядағы ықпалды саясаткер, империяның Батыс бөлігінің билеушісі Батумен арадағы шиеленісудің асқынуына алып келді. Д'Оссонның пікіріне сүйене отырып, Гуюг пен Батудың қарым-қатынастарын сипаттаған Й. Хаммер-Пургштальдің айтуынша, Гуюгтің әскери жорық жасау ниетінің себебі – Батудың жаңа қағанға ант етуден бас тартуы еді, яғни Гуюг ұлы хан тағына отырған құрылтай өткен жерде қыстап шығып, Батуға қарсы жорыққа аттанды. Төленің жесірі – Соркуктани, Гуюгтің Батуға ант беруге келмегені үшін дұшпандық пиғылда жорыққа шыққаны деген қауіппен соңғысына құпия түрде хат жолдады. Бірақ жорық сапары кезінде Гуюг қайтыс болды. Бату, Гуюгтің қазасы жөніндегі хабарды алған соң, билікті Шыңғыс ұрпақтарының ішіндегі үлкен үй болып саналатын, «дәстүрге сәйкес, Гуюгтің үлкен әйелі Оғыл-Ғаймышқа беріп, Моңғол империясының жаңа қағанын сайлау жөніндегі құрылтай өткізілетін мерзімін белгіледі дейді [7, с. 133-134].

Б. Шпулердің пікірінше, Бату мен Гуюг арасындағы шиеленіс тек тақ мәселесі төңірегінде ғана болған жоқ, сонымен қатар, Моңғол империясының болашақтағы даму концепциясының негізінде бақталастығы еді дейді. Төркінхатун баласы Гуюгті ұлы хан тағына отырғызу үшін бар мүмкіндікті пайдаланды, ал Бату бұған қарсы болды. Сонымен қатар, ол Гуюг қолдаған діни және мәдени саясатпен келіспеді. Бату, Шыңғыс хан және Өгөдэй қаған секілді Моңғол империясының территориясында барлық діндерге салқынқандылықпен қараған еді. Ол шамандықты берік ұстанды... Ал Гуюг... жаңа тенденциямен бағыт алды, ол сол кезеңде моңғолдарға жалпыға бірдей танылғысы келді. Несториандық формасындағы христиандық... моңғолдарға бірнеше ғасырлар бойына белгілі еді, ал бұл ішкі қуаты мен діни құлшынысы жаулаушыларға да таралып, Гуюгке айтарлықтай әсер етті. Яғни, ол христиандарға өте үлкен көңіл бөліп, өз қарамағында христиандарға айрықша құрметпен қарады. Оның хан сайлануы моңғолдар арасындағы христиандықтың жеңісі мен оның билігінің орнығуының бастамасы еді. Бірақ Бату бұған қарсы тұруға күш-қуаттылығы жеткілікті еді дейді. Б. Шпулердің пікірінше, Гуюгтің сайлануы Батумен қарулы қақтығысқа дайындыққа себеп болған еді... Қалыптасқан осындай

жағдай кезінде 1248 жылы Гуюг қайтыс болды, оның өлімі көптеген мәселені бейбіт түрде қан төгіссіз шешті, бірақ оның билік ету кезіндегі көп үміт күттірген христиандықтың несториандық бағытының толқыны да жойылған еді деген еді. Сондай-ақ, Б. Шпулер Батудың өз қалауымен жасалған іс-әрекеттері нәтижесінде біршама уақыттар бойына Русь жерлері ханның назарынан тыс қалды. Бұл уақытта жаңа қаған Гуюгпен ашықтан-ашық қарсылыққа дейін барды. Оның көрінісі ретінде осындай жағдайлар кезінде Гуюг Александр Невскийдің Қаракорымға келуін екінші рет келуін талап етті, ол болса Қаракорымға баруға шешім қабылдамақ түгілі, Бату аудиенциясында болған соң, Руське кері қайтарылды. Мұнымен Бату өзінен жоғары тұрған билеушінің бұйрығына құлақ аспағаны анық байқалады. Әскери қақтығыс болуға жақын қалғанда, 1248 жылы сәуірде өзінің қарсыласының өлгені жөніндегі хабар келді деді [17, s. 28-29].

Гуюг өлімінен кейін Моңғол империясының ұлы қаған тағына ата жолын қуса да, жасын сыйласа да, еліне еткен еңбегін бағаласа да, ұлы қаған тағына отыратын ендігі жол Батудікі еді. Бірақ көреген Бату мұндай тәуекелділікке бармай, Төле ұрпағын қолдауға бел буды. «Олай істеуінің өзіндік себебі бар, – деп жазады моңғол авторлары – Жошы ұрпағы қаған тағына ие болуға еш қарсы емес еді, бірақ Шыңғыстың «өз әулетінің» арасында жаттан туған делініп шеттетіліп келгендіктен, хан әулетінен қолдау таппай қалуымыз мүмкін дегенді сезіп, өздерімен бір тарапта болған Төле ұрпағын қолдауға бел буды деген еді [76, 46 б.]. Сондай-ақ, Джужжани мәліметі бойынша жаңа қағанды сайлау жөніндегі ұсынысқа байланысты Бату былайша жауап қайтарған: «Мен және менің бауырым Беркеге бұл аймақтағы (яғни Дешті Қыпшақтағы) көптеген мемлекеттер мен иеліктер тиесілі, сондықтан бұл аймақтармен қоса, Қытай (Чин), Түркістан және Иран (Аджам) аймақтарын бір орталықтан басқару мүмкін емес» [101, с.49].

Моңғол империясының ұлы қаған тағына жаңа үміткерді тағайындау жөніндегі мәселені шешу үшін, Бату хан өзінің жасын бұлдап, Шыңғыс әулетінің біліктілерін өз ордасына (Еділ бойына) шақырды. Бірақ Шағатай, Өгөдэй ұрпақтары арасынан бірқатары «Шыңғыс қағанның ордасы, шаңырағы Онон, Хэрленде жатса, Қыпшақ жерінде біздің неміз бар», – деп бұл шақырудан бас тартты. Осынау үзілісті пайдаланып, Төленің бәйбішесі Сорхугтан хатун тұңғыш ұлы Мөңкені жол-жоралғысымен ағасы Бату ханға «сәлем беруге» аттандырды. Сөйтіп, Мөңкені ұлы қаған көтеру мәселесі Қыпшақ даласында, Бату ордасында шешілді [76, 46-47 б.]. Бұл құрылтайға Батудың бауырларымен қатар, Төленің ұлдары – Мөңке, Арық-Бұға және Мөге, Өгөдәйдің ұлы Қадан және Шағатайдің ұлы Мауци келді. Соңғы екеуінің келмеуге шарасы қалмады, себебі Батудың ықпал ету аймағында олардың иеліктері бар еді. Мауераннахрдағы биліктен айырған Гуюгке наразы Қара-Хулагу, Гуюгтің ұлдары Наху мен Қожа да келді. Бірақ соңғы екеуі, тәуелсіз бағыт ұстанса да, келесі күннен соң-ақ, орындарына Темір-ноянды тастап, «Бату – ханзадалар арасында аға ұрпақ. Ол не айтса да, оның сөздері заң. Біз оның айтқандарының барлығымен, кеңестерімен, қандай мәселені дұрыс деп шешсе, сонымен келісеміз және оған ешқандай қарсылық көрсетпейміз», – деген еді. Осыған

ұқсас түрде Өгөдэйдің таққа отырмаған мұрагері Ширамун, тіпті құрылтайға келмей, өзінің өкілі ретінде Қонқыр-Тоқай ноянды жіберіп, Өгөдэйдің ұлдары Темір-ноянға айтқандарындай нұсқаулықты берді [112, р. 557-558; 102, с. 129]. Өгөдэй ұрпақтарының құрылтайға толық қатыспауы Батуды әбігерге түсірген жоқ, керісінше олардың қатыспауына байланысты мынадай өзіндік айыптау қорытындысын айтқан еді: «Үгедейдің ұрпақтары өз әкесінің айтқан өсиетіне қарамастан, ұлы қаған тағын Ширэмунға бермеді және дәстүр мен заңды бұзып, сотсыз түрде Чаур-сэченнің кіші қызын өлтірді. Осы себептерге байланысты оларға хандықты иеленуге жол жоқ» [102, с. 80]. Құрылтай соңы салтанатты той-томалақпен аяқталып, келесі жылы Төле ұлы Мөңкені ұлы қағандыққа сайлау жөнінде шешімге келді. Төле ұрпағы Мөңкенің ұлы қаған тағына салтанатты отырғызуды Жошы мұрагері атасы Шыңғыс хан негізін қалаған заңы мен моңғол дәстүрін құрметтеп, ағайындар арасындағы алауыздықты туғызбау үшін, келесі жылы құрылтайдың дәстүрлі өтетін орны Онон мен Керулен арасында өткізуді жоспарлап, Батудың інісі Беркені қыруар әскермен Моңғолия жеріне жіберді. Джувейнидің мәліметіне сәйкес, Беркемен бірге Тұқа-Темір үш түмен әскермен барған, ал Рашид ад-Диннің Тұқа-Темірдің орнына Сартақтың атын атайды. Моңғолия жерінде Төле ұлысы оның одақтастарының әскери күштері де шоғырландырылды [112, р. 563; 102, с. 80]. Ал 1249 жылдың аяғына қарай Жошы ұлысының өкілдері және құрылтайдың негізгі ұйымдастырушысы Берке дайындық жұмыстарын бастап кетті. Беркенің өзі Қаракорымға орналасып, Шыңғыс хан ұрпақтары мен нояндарын жинауға кірісті, бірақ олардың толық басы қосылмай біршама қиындықтар туындады. Алғашқы болып Төленің ұрпақтары: Мөңке өзінің жеті бауырымен және бірқатар моңғол ақсүйектері келді. Ал Гуюгтің ұлдары мен Ширэмун, Шағатай ұрпақтары Йису-Мөңке, Бөрі, Есен-Бұға және тағы басқалары бұрынғысынша келуден бас тартты. Берке біршама алаңдаушылық танытып, Батуға мынадай хат жазды: «Біз Мөңке-қағанды таққа отырғызуға келгенімізге екі жыл өтті, ал Өгөдэй қаған мен Гуюг ханның ұрпақтары, Шағатайдың ұлы Йису-Мөңке келген жоқ», – деді. Бұған Бату қысқа да, нұсқа жауап қайтарды: «Сен оны таққа отырғыза бер, ал жасақ заңына бағынудан бет бұрғандар болса, онда олардың басы алынады», – деді [102, с. 131-132].

Осылайша, құрылтайға келмегендерді, іс жүзінде қалыптасқан дәстүр мен заңды бұзушылар деп айыптады. Бірақ осындай жағдайларға қарамастан құрылтай өткізілді. Берке сахналанған түрде қатысушылардың жартысына жуығы қатынаспағанына қарамастан, құрылтайды сәтті өткізуді жүзеге асырды. Сондай-ақ, қатысушылардың көп бөлігі Мөңкені қолдаушылар қатарынан болғанына қарамастан, қауіпсіздік шараларын жасады. Құрылтай өтетін жерді мыңдаған әскерімен қоршады және қатысушылардың тиісті орындарына отыру тәртібін бұзып, құрметті орындарға сенімді нөкерлерін отырғызды, ал сенімсіз ақсүйектер мен ханзадаларды алысқа отырғызып, олардың келіспейтін мәселелері бойынша пікірлерінің жарқын-жарқын шығуын шектеуге тырысты. Осылайша, Батудың тікелей араласуының нәтижесінде құрылтайды дәстүрге сәйкес өткізіп, ұлы қаған сайласа да, іс жүзінде мемлекеттік төңкеріс жасаған еді [66, с. 231-241]. Сонымен қатар, Бату хан Мөңкені ұлы қаған сайлау кезінде

сіңірген еңбегі үшін Мөңке қағанның жарлығымен «Мемлекеттің (империяның - автор) батыс бөлігінің иесі (Ежен қаған)» деген дәрежеге көтерілді. Осы кезден бастап Жошы ұлысы державасы іс жүзінде империялық орталықтан бейтарап мемлекетке айнала бастады [2, 566 б.].

Жошы әулетінің қолдауымен Мөңке-хан (Möngke Khan, 1251-59) таққа отырғаннан кейін, Шағатай, Өгөдэй ұрпақтары империялық биліктің қысымшылығына ұшырады. Шағатай, Өгөдэй әулетінен тараған хан және хан оғландары ұлы қағанға қарсы астыртын әрекеттері үшін қайсыбірі жазаланып, қайсыбіреулері басқа елдерге өтіп кетті. Бұл іске Бату хан тікелей араласып отырды. Бату хан ордасында басы алынғандардың бірі Шағатайдың немересі Бөрі еді. Гуюг, Байдар, Бөрілер Батыс жорығы кезінде топтасып Батуға қарсы шыққан еді. Бұларға кезінде Өгөдэй қаған басу айтқан болатын. Бірақ бір жағынан Өгөдэй, Шағатай ұрпақтары, екінші жағынан Жошы, Төле ұрпақтары арасындағы қақтығыс толастамады. Қақтығыс Бату ханның көмегімен Мөңкені қаған сайлаған кезде тіптен ушығып кетті [2, 557-558 б.]. Неміс зерттеушісі Т. Шиманның пікірінше, Гуюгтің өлімінен соң, империядағы басқарушылық рөлі Батудың қолына көшіп, соның арқасында 1251 жылы құрылтай ұйымдастырылып, ұлы хан тағына Төленің ұлы Мөңке отырған соң, соңғы жылдары империяда билік еткен Өгөдэй ұрпақтарының көзін біртіндеп жоя бастады деген еді [9, с. 89-90]. Сондай-ақ, Моңғол империясында Гуюг хан билігі кезінде-ақ, Жошы ұлысының билеушісі Бату ішкі саясатында тәуелсіз саяси қадамдар жасай бастағаны белгілі, ал Гуюгтің өлімінен кейін, Моңғол империясының тағына Мөңке-хан отырған соң, сыртқы саясатын тәуелсіз түрде жүргізе бастады. Бұл жөнінде Т. Шиманн, Жошы ұлысының оқшаулану үдерісін сипаттай отырып, Мөңке ұлы қаған тағына отырған соң, «Қыпшақ хандығы немесе Алтын Орда империясы» тәуелсіз мемлекет болды дейді [9, с. 91].

1242 жылы Шыңғыс ханның көзі тірі ұлы Шағатайдың қайтыс болуынан кейін-ақ, Бату Бөржегін тайпасының ішіндегі жасы жағынан да, беделі жағынан да үлкен аға ұрпақ болғаны белгілі. Бірақ Өгөдэйдің жесірі Төркін-хатунның да, ұлы қаған болып сайланған Гуюгтің де мұны мойындағысы келмегені анық. Ал Гуюгтің Батуға қарсы ашық түрде соғыс бастауына жол бермеген факті оның өлімі ғана себеп болды. В.В. Трепавловтың пікірінше, Шағатай өлімінен соң, империяның батыс жерлері жасы жағынан үлкен Бату бастаған Жошы ұрпақтарына берілді дейді. Ал Гуюг ұлы қаған тағына отырған соң, 1246-1248 жж. іс жүзінде Бату мен Гуюг тең басқарушы (соправитель) болған дейді [63, с. 78-79]. Ал Гуюгтің өлімінен соң, 1248-1251 жж. аралығында Бату Моңғол империясындағы ең беделді адам болғаны белгілі. Ол жөнінде Киракос Гандзакецидің мәліметтерінде былайша сипатталған: «...Осыны естіген Русудан өзінің ұлымен, Давидпен бірге Абхазия мен Сванетияға қашып кетіп, ханның туысы, Русьтегі, Осетия мен Дербенттегі жасақтарды басқаратын Бату атты басқа татар әскербасына елшілер жіберіп, ол ханнан кейінгі екінші тұлға болғандықтан, өзінің оған тәуелділігін мойындауды сұрады. Оған [Бату] Тифлисті басқаруды бұйырды, ал татарлар оған қарсы келмеді, өйткені бұл кезде хан қайтыс болған еді» [133, с. 181]. Бұдан байқайтынымыз – ұлы қаған

қайтыс болған соң, жаңа кандидатты таққа отырғызғанға дейін Батудың империядағы бірінші адам болғаны анық байқалады. Ал Мөңкені таққа отырғызған соң, Батудың саяси ықпалы артып, Моңғол империясындағы ұлы қаған әкесі ретінде болғаны байқалды. Армян тарихшысы Киракос Гандзакечи Мөңке-хан таққа отырған соң, даңқты қолбасшы Батудың «патша әкесі» (хан әкесі) титулын иемденгенін жазады [133, с. 222]. Сондай-ақ, Гильом де Рубрукке ұлы қаған Мөңке: «Күн сәулесі түскен төңіректегі аймақтардың барлығында менің және Батудың үстемдігі таралған», – деп айтқан еді [88, с. 124].

1259 жылы Қытай жорығында жүріп ұлы қаған Мөңкенің қайтыс болуына байланысты орын алған кезекті саяси дағдарыс Моңғол империясының тұтастығының жойылуына алып келді. Бұрын саяси қарама-қайшылықтар бір жағынан Өгөдэй-Шағатай, екінші жағынан Жошы-Төле ұрпақтары арасында болса, ендігі жерде Жошы әулетінің қолдауындағы Төленің өз ұрпақтары арасында қаған тағы үшін күрес басталды. Тақ үшін талас Мөңке қағанның інілері Құбылай мен Арық-Бұға арасында болды. 1260 жылы Қытайдағы моңғол әскері Құбылайды ұлы қаған деп мойындаса, Қарақорымда Арық-Бұғаға да оның жақтастары мен қолдаушылары адалдыққа ант берді. Осылайша, империяда екі қаған, екі орталық, бірінен-бірі өзгеше екі билік жүйесі пайда болды. Осыған байланысты Шыңғыс хан ұрпақтары да екі топқа бөлінді. Бұл күресте Берке хан бастаған Жошы ұрпақтарының негізгі бөлігі Арық-Бұғаның ұлы қаған тағына отыруының заңды екенін мойындап, оны белсенді түрде қолдады. Ол жөнінде араб авторы әл-Муфаддал шығармасында Берке Арық-Бұғаға әскери көмек те көрсете отырып, ол жіберген жасақтар бір шайқаста Құбылай әскерін жеңіліске ұшыратқаны сипатталған [100, с. 146]. Сонымен қатар, Берке Бұлғарда Арық-Бұға атынан теңге соқтырған. Осыған байланысты, зерттеушілер Беркенің Арық-Бұғаны ұлы хан ретінде мойындап, оған қолдау көрсетті деп айтып өтті [8, с. 321]. Б. Шпулердің пікірінше, Берке мен Арық-Бұға арасын көшпенділік байланыстырса, Хулагу мен Құбылай қалалық мәдениетті қолдаушылар қатарында болды дейді. Осыған қарағанда, Арық-Бұға өз тарапынан Беркенің Алтын Орда территориясындағы билігін ресми заңдастырып, олардың араларында тығыз саяси қарым-қатынас орнаған болуы тиіс. Мұндай қатынас Құбылай мен Хулагу арасында орнады. Соңғысы Құбылайдың билігінің заңды екенін мойындап, оған Арық-Бұға мен оның одақтастарына қарсылығын білдірді. Құбылай да өз кезегінде Хулагудың жаулап алған территорияларына ұлыстың заңды билеуші (Елхан) ретінде бекітті.

Моңғол империясының ұлы қаған тағы үшін теке-тірескен күрес Құбылайдың жеңісімен аяқталғаны белгілі. 1264 жылы Арық-Бұға қарсыласуын тоқтатып, өзінің қалған әскерімен Құбылайға берілді. Құбылай Арық-Бұғаның өмірін сақтап қалды, бірақ оның барлық жақтастарын саяси қастандық ұйымдастырушы, арандатушы ретінде қатал жазалады. Олардың көпшілігін өлім жазасына кесті [134, с. 324-326]. Құбылайдың таққа отырған кезеңінен бастап, моңғол империясының құрамындағы ұлыстар орталық биліктен қашықтап, іс жүзінде орталық әкімшілік пен ұлыс әкімшіліктері арасындағы

байланыс үзілді. Жошы ұлысының билеушісі Берке мемлекеттің қуаттылығын арттыруда осындай қолайлы жағдайды кеңінен пайдаланды. Ұлыс билеушілері де ұлы қағанның ішкі саясатына араласпады және бұл мемлекеттердің билеушілері де Құбылайдың ұлыстардың ішкі мәселелеріне араласуына ерік бермеді. Осылайша бүкіл Моңғол империясының ұлы қағаны Құбылай деп саналғанымен, іс жүзінде империя бір-біріне тәуелсіз төмендегідей төрт мемлекетке бөлініп кетеді.

1) Моңғолия мен Қытайдағы Төленің ұрпақтары, соның ішінде Құбылай билеген – Юань империясы.

2) 1258 жылы Иранда Төленің ұлы Хулагу негізін қалаған – Хулагуидтер немесе Елхандар мемлекеті.

3) Мәуереннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан аймақтарын біріктірген – Шағатай мемлекеті.

4) Шығысында Ертістен батысында Дунайға дейінгі жерлердегі Ұлы даланы біріктірген Жошы ұрпақтары билеген – Алтын Орда мемлекеті.

Тарихи әдебиеттерде Берке мен Құбылай арасындағы қарым-қатынас жөніндегі мәселе әлденеше рет қарастырылды. Көптеген зерттеушілер, XIII ғ. 60-ші жылдарының басында олардың арасындағы қатынасты конфронтациялық бағытта болды деген пікірге келді. Құбылай ұлы қаған болған соң, Сарай мен Пекин арасындағы қатынас тіпті күрделене түсті. Берке мен Құбылай арасындағы қатынастың сипаттамасында белгілі бір қызығушылық туғызатыны ұлы қағанның Моңғол империясының ұлыстық билеушілеріне жіберілген жолдауында Беркенің тіпті аты да аталмайды [102, с. 162]. Демек, Құбылай оның Алтын Ордадағы билігінің заңды екендігін мойындамады, бірақ қалыптасқан жағдайды түбегейлі өзгертуге де мүмкіндігі болмады. Арық-Бұғаны толық жеңгеннен кейін немесе оған дейін Құбылай Хулагуға жарлық берді, оның негізінде «ол Амудария өзенінен Сирия және Египеттің шеткі шегіне дейін жерлердің билеушісі» болып табылды [34, с. 75]. Осылайша, ұлы қаған Берке мен Хулагу арасындағы территориялық келіспеушілікті өзінің әрі одақтасы, әрі бауырының пайдасына қарай шешті. Бірақ Алтын Орда ханы ол шешіммен келіспей, Хулагуға қарсы соғысқа шықты, ал ол өлген соң оның мұрагері Абағаға қарсы соғыс қимылдарын белсенді түрде жалғасыра берді. Бұл дегеніміз – Берке империялық биліктің бұйрықтарына қарсы тайсалмай күрескенің белгісі екені белгілі.

Кейбір тарихи деректерде Берке мен Құбылай арасында «ынтымақтастық» жөніндегі жекелеген мәліметтер бар. Мысалы, Құбылай-хан моңғол тағы үшін бүлік салған Арық-Бұғаның мәселесіне қатысты сот жүргізу үшін оның жұмыстарына қатынасуға Хулагу, Берке және Алғұйды шақырғаны жөніндегі мәлімет еді. Бұл фактінің сенімділігіне күмәнданудың қажеті жоқ, бірақ оны ұлы қағанның саяси айласы іске асқан жоқ деп бағалауға болады, өйткені шақырылғандардың ешқайсысы келген жоқ [61, с. 11]. 1264 жылы Құбылай өзінің бауыры Арық-Бұғамен күресте жеңіске жеткен соң бірден бір ұлы қаған болды, ал Алтын Орда Моңғол империясынан іс жүзінде толықтай тәуелсіз мемлекетке айналды деп айтуға болады. Егер Алтын Орда мемлекетінің ұлы қағаннан белгілі бір тәуелділігі болса да, ол формалды сипатқа ғана ие болды.

Құбылайға қарсы күресте Арық-Бұға жеңіліс тапқан соң, оның жақтасы болған және саясатын жалғастырушы Өгөдэй ұрпағы Хайду күресті жалғастырды. Хайду Юань мемлекеті құрылған соң, империя орталығын Қытайға көшіруіне үлкен қарсылық туғызды. Осының нәтижесінде Моңғол империясының шығысында талас-тартыстар басталып, ол 1301 жылы Хайдудың қайтыс болуына дейін жалғасты. 1266 жылдың аяғына қарай Хайду Құбылайға қарсы әскерді бастап шықты. Оның негізгі әскери күші Еміл маңына шоғырланды. Құбылай да Хайдудың шабуылына қарсы күресуге дайындықты бастады. Құбылай өзінің ұлы Номғонға Хайдуға қарсы әскерге қолбасшылықты жүктеді. Номғон ұлы ханның мұргері және империяның Моңғолиядағы бөлігін басқарушы ретінде тағайындалып, оның резиденциясы Қаракорымда орналасты. Номғонға империяның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Хайду қарсылығын талқандау міндеті тұрды. Номғон Қаракорымға келген соң, Хайдуға қарсы әрекетке кірісіп, таңдаулы моңғол әскерлерін жасақтады. Сондай-ақ, Шағатай ұлысы мен Алтын Ордаға елшілер аттандырып, Құбылайдың атынан жолдаулар арнады және Қытайдан әкелінген бағалы сыйлықтарды бере отырып, Шағатай ұлысының билеушісі Жапармен және Алтын Орда билеушісі Мөңке-Темірмен уақытша келісімге келді. Алтын Орда ханы Мөңке-Темір алғашқы кезде тіпті Хайду соғыс ашатын болса, Құбылайға көмек көрсетуге дайын екеніне уәдесін берді. Номғон қысқа ғана уақытта моңғол ұлыстарының қолдауына ие болса да, бұл келісім өте осал болды [134, с. 328-329]. Номғон империяның қауіпсіздігі мәселелерімен айналасып жатқан кезде, Хайду да ұлыс билеушілеріне өз елшілерін жіберді.

Номғон мен Хайду мақсатқа жету жолында екі түрлі әдісті қолданды. Номғон Құбылай атынан жазылған хат жіберіп, бағалы сыйлықтар беру арқылы Қытайдың дәстүрлі дипломатиялық жолымен мәселені шешуді көздеді. Ал Хайду болса Құбылайдың дәстүрлі моңғол құқығы мен Шыңғыс хан негізін қалаған ұстанымдарды бұзғандығын әшкерелеу арқылы өз жағына ұлыс билеушілерін үгіттеуді жүзеге асырмақшы болды. Сондықтан Алтын Орда билеушісі көп кешікпей Құбылаймен жасаған келеісімін бұзып, Хайдудың жағына шығып кетті [134, с. 329]. 1268 жылы Құбылайдың одақтасы, Шағатай ұлысына билеушісі ретінде қойған Барақ Хайдуға қарсы соғыс ашты. Осыған байланысты Алтын Орда билеушісі Мөңке-Темір Құбылай мен Шағатай ұлысының билеушісімен біріккен әскери одағының күшеюін қаламағандықтан, Хайдуға көмекке немере атасы Беркечар бастаған 30 000 жауынгер жіберді. Екі жақты қысымға шыдай алмаған Барақ Оңтүстік-Қытайдың Сун империясымен соғысып жатқан Құбылайдан көмек келмеген соң, тізе бүгуге мәжбүр болды [102, с. 70].

Хайду ендігі жерде Құбылаймен күресін тоқтатып, Орталық Азия ұлыстарының береке-бірлігін нығайтуға күш сала бастады. Әуелі Барақты ымыраға шақыру үшін немере інісі Қыпшақты тарту-таралғысымен Бараққа аттандырады. Барақ Хайдудың елшісін Самарқандта қабылдап, арадағы шиеленісті күшпен емес, келісім арқылы шешу керектігін айтып, Орталық Азиядағы моңғол ұлыстарының басын қосқан құрылтай шақыру туралы Хайдудың пікірін қолдайды [2, 562 б.]. Осыған байланысты бұл құрылтай

Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, 667 х.ж. көктемде (1269 ж.) Талас өзені бойында өтті [137, с. 71.]. Құрылтай Хайду, Барақ және Жошы, Шағатай, Өгөдэй ұлыстарының арнайы өкілдері қатысты. Рашид ад-Дин мәліметіне сүйенсек, құрылтайға Жошы ұлысының билеушісі Мөңке-Темірдің өзі қатысқан. Құрылтайға қатысушылар жеті күн тойлап, сегізінші күні Хайдудың басшылығымен жүргізіліп, тыныштық орнату жөнінде сөз алды. Сондай-ақ, құрылтайға қатысушылар Моңғол империясының болашақ тағдырына қатысты бірқатар шешімдер қабылдады. Оның ішінде жер мәселесі, ұлысаралық қатынастар мәселесі, тағы басқалар қарастырылды. Сондай-ақ, зерттеуші Р.Ю. Почекаевтың пікірінше, бұл құрылтайдың маңызды шешімдерінің бірі құрылтайға қатысушылар өз ұлыстарының Құбылай билігінен тәуелсіздігін ресми түрде қабылдап, ұлыс билеушілері енді хан титулын иемденді дейді [67, с. 40.]. Дегенмен, құрылтай жөнінде егжей-тегжейлі айтып өткен Рашид ад-Дин мәліметтерінде, ұлыстардың ресми түрде тәуелсіздігін жариялағаны және олардың билеушілерінің хан титулын қабылдағаны жөнінде ештеңе айтылмайды. Бірақ Бату, Берке кезінде Алтын Орданың тәуелсіз саясат жүргізген байқалса да, ал бұл құрылтай шешіміне байланысты ресми түрде Шыңғыс хан ұрпақтары арасында тең дәрежеде қарым-қатынас, олардың бірінен-бірі және орталық биліктен тәуелсіз билеуші ретінде болғаны анық байқалады. Сондай-ақ, Шыңғыс хан ұрпақтары арасында ұлыстардың арасындағы қарым-қатынастар жөніндегі мәселелер біршама реттелген соң, Мөңке-Темір жалпы империялық саясатқа көп араласпай, одақтастарына көп жағдайда моралдық және дипломатиялық қолдау көрсетумен ғана шектелді.

2.2 Алтын Орда және Хулагулық Иран: жауластықтың бастапқы кезеңі мен оның себептері

XIII ғ. 50-ші жылдарында моңғолдардың батысқа қарай жасаған Иран жорығы жалпы империялық масштабты жорықтардың бірі болды. Бұл жорықтың нәтижесінде моңғол билігіне Батыс Азияның көптеген бөлігі – Хорасан мен Кухистаннан Сирияға дейінгі территория бағындырылды.

Бұл жорық ұлы қаған Мөңкенің билігі кезінде жүзеге асырылып, ол өзінің ортаңғы інісі Құбылайды шығысқа Қытайға жіберсе, ал кіші інісі Хулагуға (Hule'u, Hulagu 1217-1265) батыс аймақтарға жорыққа аттануға бұйырды. 1256 жылы қаңтар айының басына қарай Хулагу басқарған моңғол әскерлері Амудариядан өтіп, жорық бағытын Иран территориясындағы исмаилиттерді жаулаумен бастады, қысқа ғана уақыт ішінде олардың қырық шақты бекіністері мен қамалдарын, оның ішінде мызғымас Аламут қамалын да басып алды. Исмаилиттерді жаулаған соң, моңғол әскерлері жорық бағытын Араб халифатының орталығы Бағдадқа бұрды. Бұл уақытта билікте отырған халиф Мустасим (1242-1258) тұсында Бағдат халифаты саяси ықпалы жағынан да, әскери күш-қуаты жағынан да әлсіреген мемлекет еді. Оның әлсіреуінің себебі С. Закировтың пікірінше, мемлекеттің ғасырлар бойы жинақталған байлықтарын халиф Мустасим әскер санын ұлғайту арқылы күш-қуатын арттыруға, болмаса Батыс Еуропа крестшілерімен қарсы соғыстарда шыныққан

Мысыр мәмлүк қолбасшыларын көмекке шақырудан тартынуға сараңдығы себеп болды дейді [61, с. 8].

1258 жылы ақпан айында Бағдат қаласын Хулагу басқарған моңғол әскерлері бағындырып, халифтің мұндағы орасан байлығы жаулаушылардың қолына түсіп, халифтің өзі өлім жазасына кесілді. Бағдатты жаулаудың маңыздылығы моңғолдар үшін Жерорта теңізіне шығып, Парсы шығанағынан Сирияға дейінгі маңызды сауда жолдарына бақылауға алуға мүмкіндік алатын еді. Сондықтан Хулагу Бағдатты бағындыруға басты назарын аударған. Моңғолдардың бұдан кейінгі жорықтары ары қарай жалғасын тауып, тек ұлы қаған Мөңкенің қаза болуы мен 1260 жылы Мысыр мәмлүк мемлекетінің күшті қарсылығына тап болған соң ғана жорықты аяқтауға мәжбүр болды. Хулагу кейінгі жылдары Сирияны жаулауға деген ұмтылысының сәтсіздіктерге ұшырағанына қарамастан, қысқа ғана уақыт аралығында Алдыңғы Азияның ұлан-байтақ территориясында моңғолдардың саяси билігінің орнауы мен нығаюын жүзеге асырды. Бағындырылған Иран және Ирак территориясында Хулагу жана моңғол әулеттік билігіндегі мемлекеттің негізін қалап, астанасы ретінде алғашында Мерагу, кейіннен Тебриз қаласын белгілеп, мемлекетінің орталығы ретінде Әзірбайжан жерін таңдады. Мемлекет құрамына Армения, Грузия, Әзірбайжан, Кіші Азияның біршама бөлігі, Месопотамия және тағы басқа жерлері кірді.

Мөңке қаған қайтыс болған соң, Моңғол империясының тағы үшін талас-тартыс нәтижесінде жеңіске жеткен Құбылай 1261 жылы Хулагуды Ирандағы моңғолдардың жаулап алған барлық жерлердің заңды билешісі ретінде бекітіп, оған «Елхан» титулын берді [61, с. 9]. Осылайша, Алтын Орданың оңтүстігінде ғасырлар бойы саяси жағынан да, экономикалық жағынан да бәсекелес болған жаңа мемлекет пайда болды. Тағдырдың жазуымен, Ирандағы моңғол әулеттік билігіндегі бұл мемлекет құрылуынан құлауына дейін Алтын Орда державасымен ұзаққа созылған соғыстар жүргізумен ерекшеленді. Екі моңғол билігіндегі мемлекеттер арасындағы соғыс бір жарым ғасырға жуық уақытқа созылып, халықаралық қатынастарға ықпал етумен қатар, бірқатар мемлекеттердің (Мысыр, Византия т.б.) сыртқы саясатының негізгі факторына айналды.

Батысқа қарай жасалған масштабты Иран жорығы мұның алдындағы ірі екі жорық секілді жалпы империялық жорық болғандықтан, ұлы қаған Мөңкенің бұйрығымен ұлыс билеушелері де өз тарапынан жорыққа атсалысуға міндетті болды. Осыған байланысты, Жошы ұрпақтары да жорыққа атсалысып, Хулагу әскерінің құрамында Иранды жаулау жорығына қатынасты. Рашид ад-дин мәліметіне сәйкес, Батудың тірі кезінде-ақ Мөңке қаған өзінің үшінші бауыры Хулагудың қолбасшылығымен моңғол ұлыстары тарапынан әскер жасақтап Иран жеріне аттандырған. Бұл жорыққа Жошы ұлысынан Орда Ежен өзінің үлкен ұлы Құлиды бір түмен әскермен Хорезм және Дехистан арқылы жіберсе, Бату Шайбанның ұлы Балақан және Жошының жетінші ұлы Бувалдың немересі Тұтарды Дербент арқылы Хулагу әскеріне бірігіп, оған қызмет етуге аттандырған [101, с. 117]. Хулагу әскеріне көмекке Жошы ұлысының әскери жасақтарының жіберілуі жөнінде мәліметтер армян тарихшысы Киракостын

шығармаларында кездеседі. Оқиғаның куәсі болған автор мәліметіне сәйкес, Бату мен Сартақ ұлысынан сансыз көп әскер Дербент қақпасынан өтіп, осында келді. Бұлардың барлығы мемлекет басында тұрған ақсүйектер еді. Олардың есімдері: Балақан, Тұтар, Құлиды мен жеке өзім көрдім деген еді [133, с. 226-227]. Киракостың мәліметінде бұл жорыққа Жошы ұлысы жасақтарын тікелей Батудың бұйрығымен жібергені айтылмайды, тек «Бату және Сартақ ұлысынан» жіберілгені сипатталған. Бірақ соған қарамастан, жорыққа Жошы ұлысының билеушісі Батудың өмірінің соңында Балақан, Тұтар және Құли ханзадалар басқарған әскердің Хулагу әскеріне көмекке аттануға бұйрық бергенінің ақиқат екені күмән тудырмайды.

С. Закировтың пікірінше, ханзада Берке бұл жорыққа қарсы болып, оны ағасы ұлыс билеушісі Батуға ықпал жасау арқылы жорықты тоқтатуға әрекеттенген дейді. Оның мәнісін зерттеуші саяси тұрғыдан түсіндіріп, егер моңғолдардың Иранды жаулау жорықтары сәтті аяқталса, онда Алтын Орданың оңтүстігінде оған бәсекелес қуатты мемлекеттің пайда болуы Жошы ұрпақтарының мүддесіне қарама-қайшы келетін еді дейді [61, с. 8]. Сондай-ақ, Беркенің шынайы мұсылман ретінде Хулагу бастаған жорыққа қарсылығы жөнінде мысыр тарихшысы әл-Омари мәліметінде сипатталған. Оның мәліметіне сәйкес, Хулагу халифтің иелігін басып алу жөніндегі жоспары туралы хабар Беркеге белгілі болған соң, өзінің халиф екеуі арасында достық орнауына байланысты бұл хабар оған ұнамады. Ол өзінің ағасы Батуға Мөңкені ұлы қаған тағына отырғызуда сіңірген еңбектерін айта отырып, Беркемен достық дәнекері жалғасқан, одақтасы халиф Мустасим иелігіне қарсы ұлы қаған Мөңкенің ұйымдастыруымен, інісі Хулагудың жорығын айыптады. Хулагудың әрекеттерін ағасына тым жағымсыз түрде сипаттағаны соншалықты, Бату Хулагуға орнынан қозғалмауға, Жейхун (Амудария) өзенінен өтуге тыйым салды. Хулагу ханзада Бату қайтыс болғанша, толықтай екі жыл жылжымады дейді [100, с. 183].

Әрине, Хулагу қолбасшылығымен орасан зор әскер Амудария жағасында екі жыл уақыт толық әрекетсіз болған жоқ. 1253 жылы бұл әскер Моңғолиядан шығып, тек 1255 жылдың күзінде Самарқандқа жеткені мәлім. Хулагудың бұл жорығы Джувейни шығармасында жақсы сипатталған. Оның баяндауы бойынша, көптеген той-томалақ, салтанатты қабылдаулар, аңшылық, көшіп-қону және жаз жайлауындағы тынығу жөнінде мәліметтер бар. Осыдан кейін Хулагу әскерінің соғысуға емес, көңіл көтеруге бара жатқаны секілді пікір қалыптасады. Әскердің Моңғолияның шет аймағынан Самарқандқа дейін екі жылдай уақыт жылжығанына қарап, күніне 3 шақырым жер жүргенін есептеу қиынға соқпайды. 1254 жылдың жазынан 1255 жылдың көктеміне дейін Хулагу ордасы жаз жайлауында болғанына қарағанда, ол тіпті орнынан жылжымағаны байқалады [116, с. 54-55].

Джувейни шығармасында көптеген оқиғалардың нақты уақыты көретілгені өте маңызды, оның ішінде Хулагу әскерінің Амудария өзенінен 1256 жылы қаңтар айының алғашқы күнінде өткені көрсетілген [112, р. 607-614]. Хулагудың мұндай жайбасарлығы түсінікті жайт, егер оның өзі әскерімен бірге қиын жағдайға тап болғанын ескерсек, артқа қайтуға ұлы қағанның бұйрығы

рұқсат бермеді, ал Амудариядан өтуге Бату рұқсат бермеді [63, с. 81]. Бірақ Батудың бұл әрекеті ханзада Берке мен Мустасим арасындағы шексіз достықтың әсерінен болды деп толық айта алмаймыз. Бұл мәселеде жоғарыда аталғандай, Шыңғыс хан өсиеті бойынша Амудариядан батысқа қарай жатқан жердің барлығы Жошы ұрпақтарының билігіне өтуі тиіс болды және осыған байланысты ұлы қаған Мөңке Жошы мұрагерінің бұл әрекетінің заңды екенін мойындап, ол екеуінің арасындағы мәселеге тікелей араласа алмады.

Шамасы, Хулагу мен Берке арасында қарама-қайшылықтар XIII ғ. 50-ші жылдарында-ақ, яғни жаулаушылық жорыққа дайындық кезінен-ақ басталған, бірақ олар ашық түрде қарулы қақтығысқа бармаған. Ол кезде Берке де, Хулағуда тек беделді ханзадалар ғана еді, яғни барлық даулы мәселелер сөзсіз өздерінің аға ұрпақтары Бату мен Мөңкенің қалауымен ғана шешілетін. Бату өлген соң, жағдай күрт өзгерді. Әл-Омаридің мәліметіне сәйкес, Хулағудың қалауы күшейіп, ол өзінің ағасы Мөңкеге бастаған істі аяқтау үшін, яғни халифтің иелігін жаулауға рұқсат сұраған еді. Мөңкенің келісімін алған Хулагу жорықты жалғастырған еді дейді [100, с. 183].

Зерттеуші Е.П. Мысковтың пікірінше, Берке Хулағудың жаулаушылық жорығын тоқтатуға және жорыққа аттанған түмендерді кейін қайтаруға мүмкіндігі болмады дейді. Өйткені ұлысты алғашында Сартақ (Sartaq) одан кейін Борақшын мен Ұлақшы (Ula'achi) басқарды және оларды ұлы қаған Мөңке тағайындап, жалпы империялық саясатқа байланысты болғандықтан, Қарақорым әкімшілігінің шешіміне қарсы әрекет ете алмады. Егер ұлы қаған жаулаушылық жорықтарына бұйрық берсе, онда олар міндетті түрде Хулагуға жан-жақты қолдау көрсетуге тиіс болды. Шамасы, нақ осы мәселе негізінде оларда тығыз саяси қарым-қатынастар орнаған секілді. Ал Беркенің пікірі олардың көңілінен шықпады, ал оның ұмтылысы Мөңке, Хулагу, Сартақ, Борақшын мен Ұлақшы бастаған кең масштабты жаулаушылық жорықты қолдаушылардың мүддесіне қарама-қайшы келді дейді [116, с. 87]. Шамасы, ұлы қаған Мөңкенің бұйрығымен Жошы ұлысының билігіне келген Сартақ Хулагу басқарған моңғол әскерлеріне Джейхун (Амудария) өзенінен өтіп, батысқа қарай жорықты жалғастыруын қолдаған. Хулағудың батысқа жорықтары, әрине, Алтын Орданың көптеген ақсүйектерін де қанағаттандырмады, сондықтан Киракостың мәліметі бойынша, Сартақтың кенеттен қаза болуы мен ол уландырып өлтірілді деген мәліметі шындыққа келуі де ықтимал [93, с. 87]. Мысыр тарихшылары әл-Макризи және Рукн ад-Дин Байбарыс шығармаларында Беркенің Хулагу әскеріне көмекке өз жасақтарын жібергені жөнінде мәліметтер бар [100, с. 90, 301]. Бірақ бұл мәліметтер қысқаша түрде ғана жазылған және күмәнді. Өйткені мұндай қалыптасқан жағдайда Беркенің өз бастамасымен қарсыласы Хулагуға әскер жіберуі де сенімсіздеу. Сонымен, Берке мен Хулагу арасындағы қарама-қайшылық осы кезеңде басталып, он жылға жетер-жетпес уақыттан соң бір жарым ғасырға созылған соғысқа ұласты. Сонымен қатар, бұл соғыс Алтын Орданың сыртқы саясатының басты бағытына айналды.

Соғыстың себептері сол кезеңнің өзінде оқиғамен замандас тарихшыларға, хронистерге де белгілі болған еді. Ол жөнінде венециялық Марко Поло

мәліметтерінде соғыстың себептері былайша сипатталған: «1261 жылы татарлардың шығыс бөлігінің патшасы Алай (Хулагу) мен батыс бөлігінің патшасы Берка (Берке) арасында екеуінің шекарасымен жапсарлас жатқан аймақтар үшін жауластық басталып, әрқайсысы ол жерлерді иемденуге ұмтылып, бір-біріне дес бермеді», – десе [89, с. 371], парсы авторы Вассаф, талас-тартыстың қай жерлер үшін болғанын нақтылайды. Оның мәліметіне сәйкес, Дербенттің артында орналасқан Демир-капук (Темір қақпа) аталған жер қашанда Жошы ұлысының қыс қыстауы мен бұл аймақта таралған оның әскерінің жиналатын орны болған; мезгіл-мезгіл олар Арранға дейін жортуылдар жасап отырған және олардың айтуынша, Арран мен Әзірбайжан олардың иеліктерінің құрамына кіретін аймақ болған. Міне, сондықтан Хулагулықтар мен Жошы ұрпақтарының да бұл аймақты иеленуге деген ниет танытып, бұл мәселе екі жақтың да талас-тартысының себебі болған еді дейді [101, с. 160-161]. Парсы авторы Джузджанидің мәліметіне сәйкес, Хулагу жаулаушылық жорықтары кезінде Бағдаттың адам айтқысыз мөлшеріндегі бүкіл қазынасын тартып алған. Бүкіл қаржы-қаражат, асыл тастар мен тағы басқа да қымбат бағалы әшекейлерді ол өзінің әскери лагеріне алып кеткен. Азмаз бөлігін мұсылман Беркеге соғыс олжасы ретінде берді, ал қалған бөлігін өзі жасырып қалды. Мұны білген Берке Хулагудың әрекетіне орай оның бергендерін қабыл алмады және оның елшілерін өлтірді. Бұл әрекеттерге байланысты Берке мен Хулагу арасында жауластық басталды [101, с. 51]. Ал араб авторлары Ибн Абд аз-Захир және Рукн ад-Дин Бейбарыс соғыстың басталуына Мысыр мәмлүк сұлтаны аз-Захир Байбарыстың инициативасының болғанын айта отырып, оның мәліметіне сәйкес, 660 ж. (= 26 қараша 1261ж.-14 қараша 1262 ж.) ол (әл-Мәлік аз-Захир) татардың ұлы патшасы Беркеге хат жазды, оның сөзі бойынша мен жазған бұл хатта ол оны Хулагуға қарсы әрекет жасауға азғырып, олардың арасындағы дұшпандық пен өшпенділік отын тұтатты. Ол тіпті мұсылман дінін қабылдағаны рас болса, кәпірлерге қарсы, яғни Хулагуға қарсы өзінің туысы болса да, қасиетті соғысқа шығуға итермеледі дейді [100, с. 68-69].

Хулагу әскерінің құрамында алтынордалық әскери бөлімшелерін басқарған Жошы ұлысының ханзадаларының өлімі жөнінде түрлі авторлардың шығармаларында көрініс тапты. Киракос Гандзакеди мәліметіне сәйкес, Хулагу өзінің әскері құрамында болған Бату мен Берке әулетіне қарасты Құли, Балақан, Тұтар сияқты ақсүйектер мен ханзадаларды өзімен тең дәрежелі болғанына қарамастан, рахымсыз және аяусыз түрде әскермен қырып-жойды деген [133, с. 236]. Григор Акнерци шығармасының мәліметіне сәйкес, ханзадалар Хулагудың хан тағына отыратынын білген соң, олардың арасындағы төртеуі оған бағынудан бас тартып, оған қарсы ашу шақырды. Такудар және Бора-хан бағынды, ал Балақан, Тұтар, Гатаган және Миган оны хан ретінде мойындаудан бас тартты. Осы кезеңде Мөңке-ханның билеуші өкілі Хулагу бұл төртеудің өзіне бағынудан бас тартқанына анық көзі жеткен соң, сонымен қатар қарсылық тудырғаны үшін оларды жасақ заңына сәйкес, жазалуға, яғни садақтың адырнасымен буындырып өлтіруге бұйрық берді. Осыдан кейін даругач армян

және грузин әскерлеріне бүлікшілерге қарсы шығып, оларды талқандауға бұйрық берді деген еді [136, с. 31-32].

Рашид ад-Дин өз шығармасының түрлі бөлімдерінде алтынордалық ханзадалардың өлімінің екі түрлі версиясын сипаттайды. Оның екінші томында сол уақыт аралығында жорыққа қатынасқан әскер құрамында болған алтынордалық ханзада Балақан Хулагу-ханға қарсы опасыздық жасау пиғылын ойластырып, сыйқыршылық әрекетті жүзеге асыра бастады. Байқаусызда бұл әрекеті белгілі болған соң, оған байланысты тергеу жүргізілген еді, ол мұны өзі де мойындады. Бұл мәселеге қатысты наразылық туындамауы үшін Хулагу-хан Балақанды әмір Сунджақпен бірге Беркеге аттандырды. Олар мұнда келген соң, оның кінәсінің айғақтығына көзі жеткен соң, Берке оларды [кері] Хулагу-ханға аттандырып, оған былай деді: «Ол кінәлі, бұған байланысты қандай әрекет жасайсың, оны өзің білерсің». Хулагу-хан оны өлім жазасына кесті, бұдан кейін көп кешікпей Тұтар мен Құли қаза тапты. Берке осы жағдайға байланысты оларды қаскөйлік ниетпен у беріп өлтірді деп күмәндана бастады. Сондықтан олардың арасында наразылық туындап, Берке Хулагу-ханмен жауластықты бастады деген [102, с. 81-82]. Үшінші томында осыған ұқсас, бірақ Жошы ұлысы ханзадаларының рөлдері ауысқан, яғни Балақан ханзаданың жасаған әрекетін Тұтар-огул жасады деп сипатталған. Тіпті Хулагу-ханның Тұтарды опасыздығы үшін өлім жазасына кескен уақытын сафара айының 17 күні [02.02.1260] болды деп көрсеткен [137, с. 54].

Сонымен қатар, ортағасырлық автор ан-Нуайридің мәліметінде (30 томдық «Нихайат әл-араб...» энциклопедиялық шығармасының авторы), Берке мен Хулагу арасындағы талас-тартысқа ықпал жасаған, негізгі себептің бірі болмаса да, жанама себептердің бірі ретінде Батудың жесірі Борақшынның Хулагумен құпия байланыс жасап, оны Алтын Орда тағына отыруға шақырғаны жөніндегі ұсынысына, ан-Нуайридің пікірі бойынша, Хулагу шындығында оның ұсынысын пайдаланып қалуға шешім қабылдағаны себеп болып, нәтижесінде «653 х.ж. (1255/56 ж.) Берке мен Хулагу арасында соғыс болды...» дейді [33, с. 151]. Бірақ ан-Нуайридің 653 х.ж. (1255/56 ж.) мәлімдеген уақыты басқа авторлар мәлімдеген соғыстың басталған уақытымен 660-661 х.ж. (1261-1263 ж.) сәйкес келмейді. Ан-Нуайридің хронологиялық түрде қателескені анық, өйткені Хулагу әскерінің Иранға шыққан жорығында 1256 жылдың 1 қаңтарында ғана Амудариядан өткені белгілі [61, с. 10].

Зерттеушілердің басым көпшілігі екі мемлекеттің соғысуының басты себебін екі моңғол билігіндегі мемлекеттің мүддесі түйіскен Әзірбайжан және Арран жері үшін территориялық келіспеушіліктен, экономикалық мүддеге негізделген талас-тартыстан болды дейді. Өйткені Әзірбайжан территориясы экономикалық жағынан стратегиялық маңызды аймақ болды. Әзірбайжан және Арран аймағының жайылымы шүйгін аймақ ретінде мал шаруашылығына қолайлы болуымен қатар, бұл территорияның билеушісі Еуропа мен Азияның арасын байланыстырған кірісі мол континенталды сауда қатынастарына бақылау орнатып, бүкіл Кавказ территориясы мен Солтүстік Иранға үстемдік жүргізуге мүмкіндігі болатын еді.

Батыс тарихнамасында Ч. Гальпериннің пікірінше, халықаралық деңгейде белсенді әрекет етуші Алтын Орда мемлекетінің экономикасы мал шаруашылығы мен сауда-саттыққа негізделген еді. Ал қалған шаруашылық түрлері мен қолөнершілер мемлекет ішінде ғана жетерлік қолданысқа қажетті тауарларды шығарып, олар халықаралық саудада артық өнім шығарған жоқ. Көптеген жергілікті халық мал шаруашылығы негізінде өмір сүріп жатқан кезеңде, экономиканың қаймағы болған халықаралық сауда моңғолдардың сауда керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуінің арқасында дамыды. Ең түсімі мол сауда жолы шығыс сауда жолы Сарай және басқа да Төменгі Еділ бойындағы қалалар арқылы өтіп, жібек және түрлі тауарларды алып шыққан керуендер Жерорта теңізі мен Еуропаға бағыт алды. Сонымен қатар, зерттеушінің пікірінше, моңғолдардың өздері сауда-саттықпен айналыспаған, бірақ Рах Mongolica артықшылығын мойындаған шетелдік саудагерлерден алым-салық алып отырған. Олар негізінен армяндар, итальяндықтар, еврейлер және ортаазиялық мұсылмандар болған еді дейді [138, с. 235-236]. Сондай-ақ, неміс зерттеушісі К. Хеллердің пікірінше, моңғолдар сауда-саттыққа аса үлкен көңіл бөлген, алым-салықтардан үлкен табыс көзіне ие сауда бағыттарына бақылауды көздеген дейді [139, с. 113]. Осыған байланысты, Берке мен Хулагу арасындағы әскери қимылдардың негізгі аренасы да оңтүстік сауда жолы бағыттары өтетін Кавказ территориясы үшін болғаны белгілі. Бірақ зерттеуші Е.П. Мысковтың пікірінше, Алтын Орда ханы Берке тек даулы Кавказ территориясы үшін ғана соғыспаған, ол жалпы Иранның өзіне қарсы соғысты. Алтын Орда ханының басты және жеке-дара мақсаты Кавказ территориясын иемдену болса, ол сөзсіз өзінің барлық әскери күшін бір ғана бағытта шабуылдар жасайтын еді дейді [116, с. 90]. Бірақ Беркенің іс жүзінде әскери іс-қимылдарын Иран мен Алтын Орданың шекаралас аймақтарының барлығында белсенді шабуылдар жасағаны белгілі. Ол жөнінде Беркенің сұлтан Байбарысқа 1263 жылы 11 мамырда жазған хатында, оның он мыңдық жасағы Дурбайдың басшылығымен бір түмен әскерді Хорасанға шабуыл жасау үшін жіберілгені айтылған [33, с. 99]. Хорасанға жіберілген алтынордалық әскер саны жағынан да көп болды, демек Берке онда белгілі бір мақсатты түрде ірі әскери операция жасауды жоспарлаған. Өкінішке орай, аталған жорықтың нәтижесі белгісіз. Бірақ XIV ғ. араб авторы Ибн Дукмақтың мәліметіне сәйкес, Ирандағы моңғол билеушісі Олжайту хан қайтыс болып, оның орнына Абу Сайд таққа отырғанға дейін, Ирандағы ықпалды әмір Шопан Өзбек ханға Хулагулық Иран тағын ұсынған еді. Бірақ Ирандағы моңғол билігінің тұрақсыздығына байланысты Өзбек хан бұл ұсыныстан бас тартқан еді. Сондықтан Е.П. Мысковтың Жошы ұрпақтарының толық түрде Ирандағы моңғол билігіне қарсы болды деген пікірі аса дәлелді емес. Өйткені кейінгі оқиғалар көрсеткендей Жошы ұрпақтары мен Хулагулықтар арасындағы соғыстың басты аренасы тек «Даулы Кавказ жері» үшін ғана болғаны белгілі.

Жошы ұрпақтары көздеген мақсаттары үшін Хулагулық Иранға қарсы агрессиялық саясат ұстанып, жорықтардың басым көпшілігін ұйымдастырғаны ақиқат. Бірақ Жошы ұрпақтарының аталған территорияларды Шыңғыс ханның өсиеті және сол кезеңде қалыптасқан моңғол дәстүрлі құқығы бойынша

иемденуге заңды құқығы болды ма? Әлде ол таза экономикалық себептерге байланысты болды ма? Тақырыпқа қатысты тарихи оқиғаларды баяндау үшін, осы мәселелердің бетін ашып алуымыз қажет. Осы екі моңғол билігіндегі мемлекеттің жауласуының тамыры тереңде жатыр еді. Бұл жауластықтың себептерін анықтау үшін оның себептерін қарастыруымыз қажет. Шыңғыс хан тірі күнінде алып Моңғол империясын ұлыстық жүйе арқылы ұлдарына үлестіргені белгілі. Бірақ академик В.В. Бартольдтың айтқанындай, Шыңғыс хан ұлдарына енші жерлерді үлестіргенде, нақты территориялық межелеу жөнінде арнайы нұсқау бұйрық қалдырмаған [37, с. 80]. Осыған байланысты, бұл оның кейінгі ұрпақтары арасындағы территориялық шекара мәселесінің күрделенуіне алып келді. Сонымен қатар, айта кететін мәселе – алғашқы кезеңде, яғни империяның тұтастығы кезінде ұлыстық аймақтар ұлыс билеушілерін тек экономикалық жағынан қамтамасыз етті, ал саяси жағынан олардың барлығы бір орталыққа империя билеушісіне бағынды. Моңғол империясындағы атқарушы билік ұлы қағанның ұлыстардағы билеуші өкілдерінің (даруға) қолында болды. Алайда мұндай жүйе ұзаққа созылмады, уақыт өте келе билік жергілікті ханзадалар қолына өтіп, Шыңғыс хан құрған біртұтас империя жеке тәуелсіз мемлекеттерге ыдырады.

Вассафтың мәліметтері бойынша, Қойлық пен Хорезм шекарасы және Саксин Бұлғардың шеткі аймақтарынан Дербенттің шеткері аймақтарына дейінгі территориялар Жошыға берілген, ал Дербенттің артындағы Темір қақпа (Демир-капук) Жошы ұлысының қыстауы мен әскерінің жиналатын орны болған. Мезгіл-мезгіл осы жерден Арранға шабуылдар жасап тұрған және Жошы ұрпақтары Арран мен Әзірбайжан жері Жошы ұлысының құрамдас бөлігі ретінде кіретіндігін айтып, бұл аймақтарды иемдену құқығын білдіріп отырды. Осыған байланысты, Хулагу мен Жошы ұрпақтары осы аймақтарды иемденуге деген ұмтылыстары жауласудың басты себебі болғанын атап өткен еді [101, с. 161]. Сонымен қатар, Бату хан тірі күнінде саяси ықпалын Кавказ маңы, Иран және Кіші Азияға дейін жүргізіп, Жошы мұрагерінің бұл аймақтарға деген ықпалын Қарақорым әкімшілігі мойындап отырған. Хулагудың жорықтарына дейін Жошы ұрпақтары Иран билеушілерімен тығыз қарым-қатынаста болғандығын Бату мен Мөңке бірге 1254 жылы ұйымдастырған Турага мен Аргун жүргізген халық санағы да растайды [140, с. 25].

Шыңғыс ханның өсиетіне сәйкес, Жошы ұлысының құрамына Жетісудан бастап, Хорезм, Саксин және Бұлғардан Дербентке дейінгі барлық жерлер [101, с. 161] және одан ары қарай батысқа «моңғол аттарының тұяғы тиген жерлердің» барлығы кіруі тиіс еді. Ал мысырлық тарихшы әл-Омари мәліметіне сәйкес, Жошы ұлысының құрамына Арран, Тебриз, Хамадан және Мерага қосылуы тиіс екенін айта отырып, Дербент және Баку Ширван аудандарымен бірге Жошы ұлысының құрамына кіргенін көрсетті [100, с. 176, 182]. Келесі бір мысырлық автор әл-Фураттың мәліметіне сәйкес, Дербент (Темір қақпа) және оның маңындағы аймақтар Жошы ұлысының құрамына тиесілі болғанын атап өтті. Бірақ зерттеуші А.А. Али-Заденің пікірі бойынша, бұл мәліметтер кейінгі кезде болған оқиғаларды бейнелейді (XIV ғ.), яғни

Алтын Орда билеушісі Жәнібек ханның Әзірбайжан, Тебриз және Мерага жерлерін иемденген кезеңін айтқан дейді [62, с. 25]. Сондықтан әл-Омаридің мәліметтері бойынша, жоғарыда аталған аймақтар Алтын Ордаға тиесілі жер ретінде болды деген мәліметіне келісуге болмайды, оны тек ол Шыңғыс хан өсиетіне байланысты «моңғол аттарының тұяғы тиген жерлерді» иемденуге құқығы болуына байланысты Жошы ұрпақтарының Кавказ маңы және Иран территорияларының белгілі бір бөлігін иемденуге деген талабын атап өту қажет. Сонымен қатар, Жошы ұрпақтарының Иранға қарсы Хулагу қолбасшылық жасаған моңғол әскерінің құрамында (ұлы қаған Мөңкенің бұйрығы бойынша) алтынордалық әскердің 20 пайызы қатынасқаны белгілі. Осыған орай, моңғол дәстүрлі құқық нормасы бойынша соғыс олжалары Шыңғыс хан ұрпақтарының барлығына тиесілі болуы қажет еді және әулет өкілдерінің ағалық және жекелеген құқықтары бойынша бөлінуі тиіс еді. Осыған сәйкес, Қарақорым әкімшілігі шешімімен ұйымдастырылған Хулагудың жаулаушылық жорықтарында Жошы ұрпақтары қатынасқаны үшін «барлық түскен олжаны... бес бөлікке: екі бөлігін ұлы қағанға, екі бөлігін әскерге, ал бір бөлігін Жошы ұлысына» беруі тиісті болды [33, с. 188]. Бірақ Хулагу Жошы ұрпақтарына тиісті соғыс олжасының бестен бір бөлігін беруден бас тартты. Хулагу бұл қалыптасқан дәстүрді алғашқы бұзушы болды. Хулагу империяның тұтастығын жақтаушылардың бірі бола отырып, ол қалыптасқан дәстүрге тіпті бағынғысы да келмеді, сонымен қатар, ол өз сөзінде Беркені әулеттің үлкені болса да, оның жасаған қоқан-лоққы және күштеу әрекеттеріне байланысты бұдан әрі оған құрмет көрсетуді қаламаймын деп ашық түрде айтты [34, с. 73-74.]. Осылайша, екі жақ та өз қарсыласын ата заңын, дәстүрді бұзды деп бірін-бірі айыптаумен бұл ымырасыз соғысты бастады.

Кезінде Батудың тікелей қолдауымен ұлы қаған тағына Мөңке отырған соң, біртұтас Моңғол империясының ішкі саясатын Жошы мұрагерінің мүддесіне сәйкес жүргізуге тиіс болды, ал Бату ханның билеуші өкілдері Тебриз, Мерага және Хамаданнан алым-салықтар жинап отырған. Алайда Хулагу моңғол әскерін бастап, Иранды жаулап мемлекет құрған соң, жаңа моңғол билеушісі мұнымен келіспеді. Оның өз есебі бойынша, Хулагулық Иран мемлекеті мен Жошы ұлысы арасындағы шекарасы Кавказ таулары мен Дербент арқылы өтеді деп есептеді. Хулагу Жошы ұлысының Әзірбайжанды иелену құқығына қарсы болғаны соншалықты, тіпті Тебриз қаласын өз мемлекетінің астанасы ретінде құрды. Осыған байланысты, Хулагудан бастап кейінгі ұрпақтарының басты міндеттерінің бірі Кавказ жерлерін Алтын Орда тарапынан қорғау болды және мемлекет билеушілері осыған басты назарын аударып, Әзірбайжан мен Арранды мемлекет орталығы ретінде құрды.

Зерттеушілердің басым бөлігі Берке мен Хулагу арасындағы соғысқа Моңғол империясының ұлы қаған тағы үшін Арық-Бұға мен Құбылай арасындағы күрестің де әсері болған дейді. 1259 жылы Мөңке-ханның өлімінен соң, Арық-Бұға мен Құбылай арасындағы соғыс Хулагу мен Берке арасындағы қатынасқа әсерін тигізді. Хулагу Құбылайды қолдаса, Берке Арық-Бұға жақтасы болды. Моңғол империясының ұлы қаған тағы үшін күресте Құбылай мен Арық-Бұға екеуінің де жағдайы орнықсыз болды. Әрқайсысы Шыңғыс хан

ұрпақтарының, моңғол ұлыстары билеушілерінің қолдауы мен оны ұлы қаған ретінде мойындауына аса мұқтаж болды. Берке бұл уақытта Алтын Орданың тағына отырған соң саяси ықпалын біршама орнықтырған еді. Осындай жағдайда Берке бейтараптық бағыт ұстанып, сырттай бақылаушы ретінде немесе Шыңғыс хан ұрпақтарының арасында ағалық құқығымен бітімге келістіруші ролінде қатынасқа түсуге болатын еді. Бірақ Берке шешімді және ерікті түрде Арық-Бұғаның жағына шықты. Оның мәнісі – Берке үшін сол кезеңде Қарақорыммен одақтасудың маңызы аса зор болған. Осындай жауапкершілігі бар шешімді қабылдаудың себептеріне экономикалық және саяси мәселелер де ұштасып жатыр еді. Оның бірі – даулы Кавказ территориясының талас-тартыс мәселесі. Бұл дау-дамай Берке мен Хулагу арасында шегінен шығып, егер Берке Арық-Бұғаны белсенді түрде қолдаса, ол жеңіске жеткен жағдайда, Алтын Орда ханына әскери көмек беріп, тіпті Ширван, Арран және Әзірбайжан территорияларына қожалық етуін заңдастырып беруі де мүмкін еді [116, с. 82]. Жоғарыда айтылған себептердің қатарындағы туыстарының өлтірілуі, исламды қорғау жолында қасиетті соғысқа шығу, соғыс олжаларын тең бөліспеу – бұлардың барлығы қиян-кескі соғыстың басталуы мен ұзаққа созылуының жанама себептері бола алады. Ал басты себеп болған территориялық талас-тартыс тек бұрынғы империялық бөлісу немесе көшіп-қону қажеттілігінен ғана емес, Әзірбайжан және Солтүстік Иран арқылы Ұлы жібек жолының ірі тармағы өтіп, ал екі қарсылас жақ та бұл аудандарға иелік етсе, олардың бұл аймақтардың айтарлықтай табыс көзіне айналатынын жақсы түсінді дейді [141, с. 236]. Сондықтан Беркеден кейінгі Алтын Орда хандары Мөңке-Темір, Туда-Мөңке, Төле-Бұға, Токта, Өзбек, Жәнібек және Тоқтамыстың да жүргізген соғыстары да нақ осы территориялар үшін болған.

Тақырыпқа қатысты зертеушілердің еңбектерінде даулы Кавказ территориясы үшін Берке мен Хулагу арасындағы соғыстың себептері мен мәселелері кеңінен қарастырылып, барлық зертеушілер бірауыздан Алтын Орда мен Иран арасындағы соғыстың болу фактісі таза экономикалық мүддеге негізделген территориялық келіспеушіліктен болғанын дәлелдейді. Соғыстың жанама себептері жеткілікті еді, жоғарыда атап өткеніміздей, Хулагу Берке достық қарым-қатынаста болған Таяу Шығыстың Бағдат халифы бастаған бірқатар мұсылман билеушілерін қиратты, жорықтан соң дәстүрге сәйкес соғыс олжасының бестен бір бөлігін Жошы ұрпақтарына беруден жалтарды, Хулагу жорықтарында әскери қызметте болған бірқатар алтынордалық әскери қолбасшылардың өлімдері, соңында, Хулагудың дұшпаны болған мамлүк сұлтаны Байбарыстың Алтын Ордамен одақтас болған соң, Беркеге мұсылман жауларына қарсы шығуға ықпал жасауы еді.

Берке мен Хулагу арасындағы шиеленістер бейбіт жолмен шешілмегендіктен, екі мемлекет арасындағы алғашқы әскери қақтығыс парсы тарихшысы Рашид ад-Дин және араб авторы әл-Муфаддал мәліметіне сәйкес, 1262 жылы тамыз айында орын алды. Берке хан бұйрығы бойынша түменбасы Ноғай Жошы ұлысының алдыңғы шептегі әскерімен Ширванға басып кіріп, Ирандық моңғол билеушісінің әскерімен қарулы қақтығысқа түсті. Алғашында

Ноғай Хулагудың шекаралық әскерлерін талқандағанымен, Ирандық моңғол билеушісі негізгі әскерімен келіп, Ноғай басқарған Алтын Орда әскерін қуғынға салады. Алтын Орда әскері 12 күн бойы шегінуден кейін өз шекарасына дейін таяп келді. Хулагу өз әскери жетістіктерін жіті пайдалана отырып, желтоқсан айында Алтын Орда шекарасына жақындап, көп кешікпей Дербентке дейін жетті. Екінші реттік шабуылдан соң ол Дербент қақпасын басып алды. Әскердің бір бөлігін Хулагудың ұлы Абага басқарып, Ноғайдың соңынан қуғынға түсті. Терек өзенінен өткен соң, тіпті оның әскери лагеріне де лап қойды. Алтын Орда ханы Берке енді ғана мемлекетті нығайту жолына кіріскен Хулагудан мұндай тойтарысын күтпеген еді. Алайда Ирандық моңғол билеушісінің әскери жетістігі осымен аяқталды. Жағдайдың күрделі екендігін түсінген Берке шұғыл түрде Алтын Орданың негізгі әскерін жасақтауды ұйымдастырды [137, с. 59; 100, с. 146]. Ол жөнінде Вассаф мәліметіне сәйкес, Ноғайдың шайқаста жеңілгенінен хабардар болған Берке жауға қарсы шығуға лайықты барлық әскердің он жауынгерінің сегізін шұғыл түрде атқа қонып, жауға қарсы шығуына бұйрық берген [101, с. 163].

1263 жылы 13 қаңтарында Алтын Орданың қалың қолы Хулагу әскеріне қарсы шабуылға шығып, оның әскерін талқандады. Зерттеуші И.Х.Камалов айтқандай, Хулагу әскері жеңіліс тапқан бұл шайқас «Темір қақпа» (Дербент) түбінде болған шайқас деп аталды дейді [120, с. 55]. Сонымен қатар, бұл мәліметті Рашид ад-Дин мәліметі де растайды. Оның мәліметіне сәйкес, Берке Алтын Ордада шұғыл әскер жасақтап, Хулагу әскерінен асып түсетін сансыз көп әскермен қарсы шықты. Хулагу әскері соғысудан қашып, кері шегіне түсті. Шегіну кезінде Хулагу әскері Терек өзенінен өтуде көптеген әскери жасақтары мұздың үстінен өтуде ауыр салмаққа шыдамай, мұз жарылып, жауынгерлер суға батып көп шығынға ұшырады. Өз шекарасына жеткен Хулагу қолбасшы Ширэмун (Ирандағы белгілі алғашқы моңғол билеуші өкілі Шормагунның ұлы) басқарған әскерді тосқауылға қойып, өз ставкасына барды [33, с. 187-189; 137, с. 59-60]. Осы қысқа ғана уақыт аралығында болған алғашқы шайқас жөнінде деректер өте көп, олардың қатарында араб, парсы, армян, түрік және еуропалық деректердің барлығында жан-жақты сипатталған. Тек алғашқы шайқастың уақыты және соғыстың бастаушысы жөніндегі мәліметтер бір-бірімен аса үйлеспейді. Рашид ад-Дин мәліметі бойынша, соғысты Алтын Орда ханы Берке бастағаны сипатталған [137, с. 58-60]. Бірақ армян авторы Киракос Гандзакечи мәліметтері бойынша, әскери қимылды Хулагу бастап, қарсылықты кездестірмеген елхан әскері Дербентке дейін жетіп, тек сонда ғана Берке әскерлерімен кездесіп, қиян-кескі шайқаста оның әскері талқандалған дейді. Осыдан кейін Хулагу әскері шегіне отырып, Ширэмун бастаған жасақ тосқауыл ретінде Берке әскерін біршама кідіргіп, елханның негізгі әскерлері өз иелігіне жетуіне мүмкіндік берді дейді [133, с. 237]. Армян тарихшысы сипаттаған осыған ұқсас мәліметті араб авторы әл-Айнидің шығармасынан да байқаймыз. Онда Берке мен Хулагу арасындағы Терек түбіндегі шайқаста елхан әскері жеңіліс тапқан соң, өзеннен өту барысында опат болғаны сипатталған [33, с. 508]. Араб тарихшысы ибн Васил мәліметтеріне сәйкес, Хулагу Берке иелігіне ішкерілей 15 күн бойы алға жылжып отырған және Алтын Орда билеушісі оған

қарсылық көрсетпей Кура өзеніне дейін шегінген. Хулагуға Алтын Орда әскери лагерін басып алып, оның керек-жарақтарын иемденген. Берке осы кезде өз әскеріне ұлыстан 10 жастан асқандарға атқа мініп, жауға қарсы шығуға үндеу тастады. Хулагу сансыз көп әскердің келе жатқанын біліп, шегінуді бастап, Кура өзенінен кері өтті. Алайда оның әскері өзеннен өтуге үлгермей, тас-талқан болғанын сипаттайды. Сонымен қатар, араб авторының мәліметі бойынша, Хулагу мен Берке арасындағы жауластық 662 х.ж. (1263-1264 ж.) басталған деп көрсетілген [33, с. 73-75]. Венециялық Марко Поло мәліметінде, Хулагу мен Берке арасындағы қиян-кескі соғыс кезінде екі моңғол билеушісінің ерліктері, соғыс тактикасы және Беркенің соғыста жеңіліп, шайқас алаңынан шегінуі, ақыр соңында Алаудың (Хулагудың) ақырғы кезеңде жеңіске жеткені сипатталған. Жеңіске жеткенімен, үлкен соғыс шығындарына тап болған Хулагу кері қайтуға мәжбүр болған дейді. Бұл мәліметте Алаудың (Хулагудың) жеңіске жеткені нақты сипатталған [89, с. 375]. Бірақ Марко Поло оқиға бойынша сипаттауларды өзге адамдар арқылы алғандықтан оның мәліметтерін нақты дерек деп айта алмаймыз. Берке мен Хулагу арасындағы болған соғыстың барысы туралы мәліметтер Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесінде» де сипатталған, бірақ мұнда оқиға бірқатар діни тұрғыда асыра дәріптеушілік және асыра сілтеушілік түрінде сипатталған. Деректің жалпы мазмұнына қарап отырып, Берке мен Хулагу арасындағы соғыста соңғысының бастаушысы және жеңіліске ұшырағаны айтылған [96, 165-166 б.].

Қазірге дейін Берке мен Хулагудың арасындағы соғысты кім бастағанын нақты айту күрделі және ол жөніндегі ортағасырлық деректер бір-бірімен қарама-қайшы келеді. Мысыр тарихшылары Алтын Орданың іс-әрекетін толық ақтайды, ал парсы деректері керісінше, Беркені әділетсіз түрде соғысты бастағаны үшін айыптады. Бірақ кейінгі жалғасқан әскери шайқастар мен соғыстың нәтижелеріне талдасақ, Кавказдағы әскери қақтығыстар көп жағдайда Алтын Орда хандарының бастамасымен жасалғаны ақиқат. Ал Хулагулық Иран билеушілері болса, тек қорғаныс тактикасын ұстанған және өз территориялық аймақтарын Алтын Ордамен шекаралас жатқан жерлердің есебінен ұлғайтуға ұмтылыс жасамаған. Демек, Алтын Орда билеушілері Хулагулық Иран жеріне территориялық келіспеушілік нәтижесінде бір жарым ғасырға созылған соғыста жаулаушылық саясат ұстанғаны айқын.

Бастапқы шайқастың салдары екі жаққа да ауыр болды, екі жақтың да әскери шығыны орасан зор болды. Ол жөнінде араб тарихшысы ибн Василдың мәліметі бойынша, «Берке хан шайқас алаңында қырылып жатқан жауынгерлерді көріп, моңғолдарды моңғол қылыштарымен қырғынға ұшыратқан Хулагу хан Алланың қаһарына тап болсын. Егер біз бірігіп әрекет етсек, бүкіл әлемді бағындыратын едік», – деген Берке хан сөзін айтып өткен еді [33, с. 75]. Кура өзені маңында болған шайқас Жошы ұлысы мен Хулагулықтар арасындағы сауда қатынастарына үлкен әсерін тигізді. Хулагу бұйрығымен Тебризде орналасқан Жошы ұлысының саудагерлерін өлтіруге бұйрық беріп, олардың мал-мүлкін қазынаға тартып алынды. Берке де Хулагудың ісін қайталап, саудагерлерін өлтіріп, мал-мүлкін иемденді. Осылайша, Берке мен Хулагу арасындағы алғашқы әскери қақтығыс екі жаққа

да шығыннан басқа аса үлкен олжа алып келген жоқ. Берке Дербентті қайтарып алды, ал Хулагу Тебризге оралып, жаңа территорияны иемденген жоқ. Жыл өткен соң, Берке келесі бір жорықты ұйымдастырды. Бірақ Алтын Орда әскерін басқарған Ноғай Дербенттен өтіп, Иранға қарай беттеген уақытында Хулагу соғысқа дайындықсыз екенін біліп, алтынордалық әскери лагерьге жалған ақпар жіберді. Оның мазмұны мынадай еді, Құбылай өзінің бауыры Арық-Бұғаны талқандап, оған қолдау көрсеткен Хулагуға көмекке отыз мыңдық әскерді жіберді деген ақпар еді. Сондықтан Ноғай шегінуге асықты [137, с. 60.].

Моңғолдардың батысқа қарай жасаған Иран жорығында моңғол әскерлері алғаш рет 1260 жылы Айн-Джалутте мәмлүк сұлтанынан ірі жеңіліс тауып, ал одан кейін Алтын Орда әскерінен ірі жеңіліс тапқан соң, Иран жерінде моңғол әулеттік билігінің негізін қалаушы Хулагу 1265 жылы ақпан айының басында келесі соғыс науқаны басталуға таяу тұста қайтыс болды [120, с. 56.]. Берке осы кезеңде әскери қақтығыстан гөрі, дипломатиялық жолмен қарым-қатынасқа түсуді жөн санады. Осыған байланысты Хулагулық Иран тағына отырған жаңа Елхан Абагамен келіссөздер жүргізе бастады. Ал Абага таққа отырған соң ішкі саясатта өзінің билігін нығайту үшін және кейбір туындаған ішкі мәселелерге байланысты жауластықты дипломатиялық жолға ауыстыруға шешім қабылдады. Алтын Орда билеушісі екіжақты достық қатынастың белгісі ретінде Тебризде жаңа мешіт пен бірнеше тоқыма фабрикаларын салуға өтініш білдірді. Абага Беркенің бұл өтінішіне келісімін берген соң, оны Алтын Орда ханы Иран билеушісінің босаңсығаны деп бағалап, осы сәтті пайдаланып, жаңа жорық жасауды жоспарлады. Ал Тебризде салынып жатқан мешіт Алтын Орда жақтастарының жиналатын орны және тоқыма фабрикасының жұмысшылары жансыздар болуы тиіс еді. Алтын Орда ханының бұл жоспарын біліп қойған Абага шұғыл түрде тоқыма фабрикаларын талқандауды бұйырды. Ал Берке өз кезегінде Алтын Орда территориясындағы Ирандық саудагерлерді қырып-жойып, шұғыл түрде жаңа жорықты ұйымдастыруға бұйрық берді.

Беркенің Тебризде құрылыстарды жүргізгені жөнінде мәмлүк кезеңінің белгілі авторы әл-Омаридың мәліметтерінде де сипатталған. Оның мәліметі бойынша: «Хулагу қаза болған соң, оның орнына баласы Абага отырды, сонда олар оны алдауға әрекет жасады, ол үшін олардың сұлтаны Берке Тебризде мешіт соқтырмақшы болды. Ол (Абага) бұған келісімін берді және олар оны соқты және оған Берке сұлтанның есімін жаздырды. Осыдан кейін мата өңдейтін зауыт соқтыруға (рұқсат) сұрады. Ол (Абага) бұған да рұқсат берді. Олар сұлтан Беркеге осында мата өңдеп шығара бастады. Бұл жағдай екеуінің арасындағы келіспеушілік болғанша сақталды, олар ашық қарсылыққа келді және Берке Абаганы жеңіп шықты. Абага қаһарланды және фабриканы талқандады» [33, с. 239-240]. Мұның алдында ғана Берке мен Абага арасындағы тыныштық орнап, екі мемлекет арасындағы әскери қимылдар тоқтағанымен, Ирандық моңғол билеушісінің Кура өзені бойында Алтын Орда тарапынан қауіптеніп, қорғанысын нығайту жұмыстарын жалғастырғаны белгілі. Ол жөнінде парсы тарихшылары Вассаф және Рашид ад-Дин ғана емес, араб тарихшысы аз-Захаби мәліметтерінде де сипатталған. Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, 664 ж. [=1265/1266 ж.] Абага-хан Кура өзенінің Даланнаурдан Гардеман

даласына дейінгі жағасын бойлай қабырға соғып, терең ор қазып, онда мұсылман және моңғол жасақтарынан қорғау үшін жасақтар жіберуге бұйрық берген. Екі жақтың арасындағы сауда керуен жолдары қайта байланыса түсті дейді [34, с. 76]. Ал аз-Захиби сипаттамасына сәйкес, Абага-хан өз мемлекетінің басшыларының басын құрап, Кура өзенінің бойында ағаштан қорғаныс қабырғаларын салу жөнінде кеңес өткізген. Бұл кеңестің нәтижесі бойынша, олар бұл қорғаныс құрылысын салуға келіскен. Ол өзен жағасына келіп, Тифлис шекарасынан басталған шекараны өлшеп көрді. Әрбір басшыға өлшеніп, қабырға салу міндеті жүктелген жер өлшемі 120 шынтақтан келген. Осыған байланысты, Абага оларға өздеріне өлшеп берілген жерлеріне қорғаныс қабырғаларын салуға бұйрық берді. Олар бұл жұмысқа кірісіп, жеті күнде қорғаныс қабырғасы дайын болған дейді [33, с. 204].

Екі моңғол билігіндегі мемлекеттер арасындағы ұзаққа созылмаған тыныштықтан кейін, Абага мен Берке арасындағы алғашқы шайқастар басталған еді. Бұл шайқас жөніндегі мәліметтер де парсы және араб деректері бойынша бір-бірімен үйлеспейді. Парсы деректері қатарында Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, 1265 жылы 19 шілдеде Ноғайдың қолбасшылығымен Алтын Орда әскері Хулагулық Иран мемлекетінің шекаралық шебіне басып кіріп, Кура өзенінің маңына өзінің әскери лагерін орналастырды. Оған қарсы шыққан Абаганың бауыры Юшумут ханзада Кура өзенінен өтіп, Ноғайға қарсы жойқын соққы берді. Ноғай осы шайқас кезінде жараланып, бір көзінен айырылды, ал оның әскері кері шегініп, қаша жөнелді. Осыдан кейін бірінші соғыстың сценарийі қайталанды, яғни Абага шегінген Ноғай әскерінің артынан қудалап Ширванға дейін жетті. Берке осы кезде үш жүз мыңдық атты әскермен Абагаға қарсы тұрды. Бұған қарсы тұра алмаған Абага кері шегінуге мәжбүр болып, Кура өзенінен өткен соң, өткелді басып алып Алтын Орда әскеріне өтуге мүмкіндік бермеді. Өзеннің екі жағында жауласушы екі жақ та әскери лагерьлерін орнатып, бір-біріне жебемен атқылаған. Берке он төрт күн бойы өзеннен өтуге деген ұмтылысы нәтижесіз болғандықтан, әскер бағытын Тифлиске қарай бағыттап, сол жер арқылы өзеннен өтуге талпыныс жасады. Бірақ жол үстінде Берке қайтыс болып, оның өлімі Алтын Орда қолбасшыларын соғыс қимылдарын тоқтатуына мәжбүр етті. Абага осыны пайдаланып, шекарада терең ор қазып, қорғаныс шептерін жасаған соң, өзі Хорасанға оралды [137, с. 68].

Парсы авторы Хамдаллах Казвини мәліметіне сәйкес, жалпы оқиға мәтіні Рашид ад-Дин мәліметі бойынша баяндалып, тек соңында Берке өлімінен соң, «оның әскері тым-тырақай қаша жөнелді; кейбіреулері тұтқынға алынды және ол (Йушумут?) оларды құлдыққа кім болса соған берді», – деген еді [101, с. 183]. Бірақ араб деректері оқиғаны басқаша мазмұнда сипаттайды. Мысалы, ан-Нувейри мәліметтеріне сәйкес, Берке әскер жасақтап, оның қолбасшылығына Ноғайды қойып, ол авангардтық әскерді бастап жорыққа аттанған. Оның соңынан Берке келесі қолбасшы Сунтайды 50 000 атты әскермен аттандырған. Ноғай әскерді бастап алға шығып үлгерді және Абага әскерімен бетпе-бет келген. Сунтай оның артынан жылжып отырды. Осы кезеңде Абаганың әскері Сунтай басқарған орасан көп жасақтарды көріп, олар үймелеп, қашуға қам

жасай бастады. Сунтай болса бұл жағдайға байланысты Ноғай қоршауда қалып, шегінуге бет бұра бастады деп көз алдына елестетіп, ұрыссыз шайқас алаңын тастап қаша жөнелді. Ноғай Абага әскерінің соңына түсіп, оларға тарпа бас салып, оларды талқандап, көп бөлігін қырғынға ұшыратқан соң, Беркеге жеңіспен қайтып оралған. Содан кейін Беркенің алдында оның мәртебесі жоғарылады. Берке оған бірнеше түмен әскерге басшылықты жүктеді. Ал Беркенің көз алдында Сунтайдың жасаған кінәсі зор еді дейді [100, с. 124]. Бұл версиямен келесі араб авторлары Ибн Халдун және әл-Айни мәліметтері де сәйкес келеді [100, с. 270-271, 354].

Сонымен, Алтын Орда мен Иран арасындағы соғыстың бастаушылары – Хулагу мен Беркенің өлімі бұл ымырасыз соғыстың алғашқы кезеңін аяқтады. Екі моңғол билігіндегі мемлекеттер арасындағы жауластық осымен аяқталған жоқ, соғысты олардың ұрпақтары ары қарай жалғастырды. Жалпы бұл соғыстың шығуының негізгі себебі жоғарыда айтылғандай, Әзірбайжан территориясы үшін талас-тартыс еді. Ал басқа себептер соғыстың басталуына түрткі болған жанама себептер еді. Сонымен қатар, Алтын Орданың оңтүстігінде оған бәсекелес Хулагулық Иран мемлекетінің құрылуының өзіне геосаяси тұрғыдан алғанда, алдағы уақытта соғыстың болатыны сөзсіз еді. Берке мен Хулагу, Абага елхандар арасындағы соғыс барысында парсы авторлары өз мемлекетінің әділетті соғыс жүргізгенін көрсетіп, соғыс кезінде Алтын Орданың жеңілгенін көрсетуге тырысса, ал мысыр авторлары Хулагулықтардың жеңіліске ұшырап, Жошы ұрпақтарының мерейі үстем болғанын көрсетуге тырысты. Бұл соғыста қай жақтың жеңгені аса маңызды емес, сонымен қатар, бұл соғыс екі мемлекет үшін шығыннан басқа ешқандай табыс алып келмеді, бұл соғыс тек Мысыр мәмлүк сұлтандары үшін аса тиімді болды. Беркенің Хулагулық Иранға жасаған соғыстарына байланысты, моңғолдық Иран билеушісі Сирияға жоспарлаған жорықтарының алдын алды. Дәл осы кезеңде Берке хан одақтас Мысыр мәмлүктерінен нақты әскери көмек алған жоқ, сол сияқты өз мақсаттарына жету жолында еуропалық мемлекеттермен одақтас болуға ұмтылыс танытқан Хулагу да олардан нақты көмек алмады. Айта кету керек, Берке хан моңғол билеушілерінің ішінде бірінші болып ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекеттерімен достық қарым-қатынастар орнатты. Ал мұсылман өркениетінің орталығына жақын орналасса да, Елхандар мемлекеті ислам дінін Алтын Ордаға қарағанда кеш қабылдады. Тағдырдың жазуымен моңғол билігіндегі бұл екі мемлекет өзара жауласып, өмір бойы соғысумен тарихта қалған еді.

2.3 Жошы ұрпақтары және Хулагу әулеті арасындағы соғыстың барысы мен оның қорытындылары

Берке хан қайтыс болған соң, оның орнына 1266 жылы Алтын Орда тағына отырған Батудың немересі Мөңке-Темір (1207-1280) билігі кезінде екі мемлекет арасындағы соғыс қайта жалғасын тапты. Мөңке-Темір Батудың екінші ұлы Тұқанның ұлы еді [102, с. 72-73]. Бату әулетінен тараған ұрпақ ішіндегі жасы жағынан үлкендігі және жастайынан алғырлығына орай, Берке өлімінен соң, Мөңке-Темір Жошы ұлысының билігін қолына алды. Сондай-ақ, Берке көзі

тірісінде-ақ, Мөңке-Темір Алтын Орда тағына мұрагерлік құқығын иемденген еді. Ол жөнінде әл-Муфаддал мәліметіне сәйкес, 661 х.ж. (1263 ж.) Алтын Ордаға келген Мысыр елшілерінің айтуына қарағанда Мөңке-Темір Беркенің мұрагері ретінде сипатталып, оның «Әмір Оғлы», «Кіші Әмір» титулын иемденгенін атап өткен еді [100, с. 151].

Ибн Касир мәліметіне сәйкес, Мөңке-Темір Беркенің ұстанған сыртқы саясатын жалғастырушы болды [100, с. 205]. Сарай және Каир арасындағы достық қарым-қатынастар жалғасын тапты, ал Тебриз бен Пекинге конфронтациялық қатынаста болды. Мөңке-Темір сыртқы саясатында, ең алдымен, Беркенің билігі кезінде негізі қаланған Мысыр мәмлүк сұлтандарымен достық қатынасын қолдап, оны ары қарай жалғастырды. Сұлтан Байбарыс, Мөңке-Темірдің ислам дінін ұстанбай, дәстүрлі моңғол дінін ұстанғанына қарамастан, онымен достық қарым-қатынас орнатып, бұрынғысынша бірімен-бірі елшіліктер алмасып, бағалы сыйлықтарды тарту етіп отырды. Сұлтан Байбарыстың әлі де басты мақсаты Алтын Ордамен одақтасу арқылы Хулагулық Иран мемлекетіне қарсы шығып, Таяу Шығыста өз саясатын жүргізу болса, Мөңке-Темір билігінің алғашқы жылдарындағы мақсаты даулы Кавказ жері үшін Хулагудың мұрагері Абагамен соғысты жалғастыру болды. Бірақ Мөңке-Темір мұсылман болмағандықтан, Алтын Орда мен Хулагулық Иран арасындағы соғыстың таза діни сипаты болған жоқ.

Парсы тарихшысы Рашид ад-Дин мәліметтеріне сәйкес, алғашқы кезде Мөңке-Темір әскері Иран билеушісі Абагадан айтарлықтай жеңіліске ұшырып, Хулагулық Иран билеушісімен бейбіт келісім жасауға мәжбүр болған. Сонымен қатар, бұл бейбіт келісім Мөңке-Темір билігінің соңына дейін жалғасқаны сипатталған. Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, Мөңке-Темір де Абага-ханға ұзақ уақыт бойы қарсыласты және олардың арасында бірнеше рет шайқастар болып, Абага-хан жеңіске жетіп отырған. Ақыр соңында олар аса қажеттіліктен өзара бейбіт келісімін орнатты. Сол уақыттан бастап, олардың арасындағы талас-тартыс тоқтап, Аргун-хан билігі кезеңіне дейін жалғасты. Тек 687 х.ж. рамазан айында [29 қыркүйек - 28 қыркүйек 1288 ж.] олардан Тама-Тоқты мен Бұқа басқарған орасан көп әскер келді. Ал жоғарыда айтылған бейбіт келісім Мөңке-Темір қаза болғанға дейін жалғасын тапты дейді [102, с. 82]. Ал келесі парсы авторы Вассаф мәліметі оған қарама-қайшы келеді, яғни Мөңке-Темір мен Абага-ханның ескі жауластығы қайта жаңғырып, олардың арасында бірнеше қақтығыстар болған және шайқастардың бірінде Абага 30 мың жауынгерімен өзеннен өту кезінде мұз астына түсіп, үлкен әскери шығынға ұшыраған. Сонымен қатар, олардың арасындағы жауластық Гейхату-хан кезіне дейін жалғасқанын сипаттаған [101, с. 165]. Дегенмен, Мөңке-Темірдің Абагадан алғашқы кезде айтарлықтай жеңіліске ұшырағаны шынайы оқиға секілді. Өйткені XIV ғ. ортасындағы сириялық автор Ибн Касирдің баяндауынша, 665 х.ж. (=2 қазан 1266 ж. -21 қыркүйек 1267 ж.) Мөңке-Темір мен Абага шайқас алаңында кездесіп, соңғысының жеңіске жетіп, көптеген соғыс олжаларына ие болған соң еліне оралғаны сипатталған [100, с. 204]. Ибн Касир келесі мәліметінде Алтын Орда мен Иран арасындағы соғыста Мөңке-Темірдің Абаганы жеңгенін сипаттайды, яғни 669 х.ж. (= 20 тамыз 1270 ж. - 9

тамыз 1271 ж.) Мысыр сұлтанына Мөңке-Темірдің Абага әскерін жеңгені жөнінде қуанышты хабар келеді. Бұған Мысыр сұлтанының қуанғаны сипатталған [100, с. 205]. Сондай-ақ, бұл мәлімет араб тарихшысы аз-Захаби берген мәліметпен сәйкес келеді, 669 х.ж. (= 20 тамыз 1270 ж. - 9 тамыз 1271 ж.) әл-Мәлік аз-Захир сұлтанға Беркенің немере інісі Мөңке-Темірдің Абага әскерін талқандағаны жөнінде хабар келіп жеткен [100, с. 165]. Демек, Мөңке-Темір мен Абага арасындағы шайқастар бірнеше рет болып, жеңіс бір-біріне алма-кезек ауысып отырған.

Зерттеуші И. Камаловтың пікірінше, өзін ұлы қаған ретінде жариялаған Құбылай екі моңғол билігіндегі мемлекеттің арасындағы шиеленісті бейбіт түрде шешуге мәжбүр болып, нәтижесінде 1269-1270 жылдары екі жақты бейбіт келісім орнатуға қол жеткізіп, сұлтан Байбарыстың жоспарларын бұзды дейді. Сондай-ақ, Шафи ибн Али мәліметіне сәйкес, Абаганың елшілері, Византия билеушісінің елшілері және Мөңке-Темірдің елшілері Мысыр сұлтанына келіп, оларды Дамаск бекінісінде қабылдап, сый-сияпат жасағаны сипатталған [100, с. 118-119]. Алайда Байбарыстың уайымға түсуі ұзаққа созылмады, бір жылдан соң Ноғайдан достық қатынас жөнінде хат алды. Ноғайдың Байбарысқа арнап жазған бұл хатында оның мұсылмандық жолына түсіп, Беркенің ісін ары қарай жалғастыратынын айтқан еді [120, с. 60].

Мөңке-Темірдің Иранға қарсы жаңа соғысқа шығуына деген ниеті шамамен 671-672 х.ж. (1272-1273 жж.), яғни Абагамен қарым-қатынасының шиеленісуінен кейін болған секілді. Өйткені осы кезеңдерде Мөңке-Темір Мысыр билеушісіне Иранға қарсы бірлескен түрде соғысуға деген ұсыныспен елшілерін жіберген. Алайда әл-Муфаддал және әл-Фураттың мәліметтеріне сәйкес, бұл елшілік франктік қарақшылардың қолына түсіп, біршама уақыт сол жерде тұтқында болған. Тек сұлтан Байбарыстың тікелей араласуының арқасында, тек бір жылдан соң ғана Алтын Орда елшілерін тұтқыннан босатып алған. Шамасы, осы аралықта Мөңке-Темір мен Абага арасында шиеленісті шешудің оңтайлы жолы табылып, Алтын Орданың Мысырмен одақтасуының маңызы төмендеген [120, с. 61-62].

Мөңке-Темір қайтыс болған соң (1282), Алтын Орда тағына оның кіші інісі Туда-Мөңке отырды. Бірақ оның билігі ұзаққа созылмады. Туда-Мөңке 1287 жылға дейін билікте отырып, бұдан кейін мемлекеттік қызметке араласудан Төле-Бұғаның мүддесі үшін өз еркімен бас тартты [120, с. 62]. Осы кезеңде тек Алтын Ордада ғана емес, Хулагулық Иран мемлекетінде де монарх өзгерген еді. Сонымен қатар, ислам діні тек Алтын Ордада ғана таралмай, Иран мемлекетіне де кеңінен тарап, мұсылмандандыру үдерісі басталған еді. 1282 жылы Абага қайтыс болып, оның орнына бауыры ислам дінін қабылдап, мұсылманша Ахмад есімін иемденген Тохудар (1282-1284 жж.) таққа отырды [120, с. 63]. Берке хан билігі кезінде «кәпірлерге қарсы қасиетті соғыс» деген ұранмен соғыстың себебі діни реттелу нәтижесінде тыныштық орнауы тиіс деп күткенімен, ислам дінінің Алтын Орда да, Хулагулық Иранда да толық таралмауына байланысты екі мемлекет арасындағы жауластық оты қайта тұтанды. Сондай-ақ, Мысыр сұлтаны Хулагулық Иран билеушісі Ахмадтың ислам дінін қабылдауын аса қуанышпен қабылдамады. Мысыр мәмлүк сұлтаны

Иран елшілерін Ахмадтың қайтыс болуына дейін кепілдікте ұстап отырған [120, с. 64]. Ал кейінгі тарихи оқиғалар барысы көрсеткендей, Мысыр сұлтаны тіпті ислам дінін қабылдамаған Алтын Орда билеушісі Тоқта ханмен одақтастығын жалғастырып, ислам дінін қабылдаған Иран билеушісі Қазанханға қарсы жауластықта болған. Мұның барлығы Хулагулық Иранға қарсы Алтын Орда және оның одақтасы Мысыр мемлекетінің соғысқа шығуына діннің аса маңызды рөл атқармағанын көрсетеді [120, с. 63].

Мұсылмандықты қабылдап, Ахмад есімін иемденген Тохударды ішкі талас-тартыс нәтижесінде Абаганың ұлы, будда дінін ұстанған Аргун тақтан тайдырды. Ал Алтын Орда тағына Төле-Бұға отырған соң, ол Ноғаймен бірігіп, Хулагулық Иранға қарсы жаңа жорық ұйымдастыруды ойластырды. Өзара қырқыстардан соң, 1284 жылы Ирандағы билікке жаңа келген Аргун мемлекетте өз билігін нығайту істерімен айналысқандықтан, Алтын Ордамен соғысуды қаламады. Ал Төле-Бұға өз билігінің бастапқы кезеңінде, жоғарыда атап өткен Краков (Польша) жорығында саяси беделін жоғалтып, оны Хулагулық Иран мемлекетімен соғысу арқылы қайтадан қалпына келтіруге тырысты. Ол үшін 1288 жылы көктемде Әзірбайжанды жаулап алуға Тама-Тоқты мен Ноғай басқарған әскерді жіберді. Дербент арқылы өткен Тама-Тоқты әскері Кура өзенінен солтүстікке қарай орналасқан аудандардағы өмір сүрген саудагерлерді тонады. 1288 жылы 5 мамырда Аргун-хан оларға қарсы шықты. Ол Кура өзенінен өтіп, 9 мамырда Шемахаға дейін жетті. Осы жерден Аргун-хан өз әмірлері Бұқа және Кунчукбалды барлаушы ретінде жаудың әрекеті жөнінде мәлімет алып келуге аттандырады. Төрт-бес күннен соң, әмірлер қайтып келіп, Аргун-ханға Алтын Орда әскерінің кері шегінгенін хабарлайды [120, с. 64]. Алтын Орда әскерінің Иранға қарсы келесі жорығы 1290 жылы мамыр айында болды. Рашид ад-Дин мәліметіне сәйкес, Алтын Орда әскеріне қарсы қорғануға әскер жасақтап, әмірлер Тукал, Шиктур-ноян және Кунчукбал қарсы шықты. Аргун-ханның өзі Шабранға 27 сәуірде жетіп, алдыңғы шептегі екі жақтың әскерлері кездесті. Алтын Орда әскерінің басшылығында Абачи, Мөңке-Темірдің ұлы Менгли-Бога, Йеркече және Токта Муртад болды. Хулагулық Иран әскерінің қолбасшылығында Тогачар, Кунчукбал, Тогрулджа және Тайчик болды. Қарасу өзенінің жағасында болған бұл шайқаста Алтын Орда әскерінде болған 10 000 жауынгердің көпшілігі қаза болып, жеңіліс тапты. Қаза болғандардың ішінде қолбасшылар Боролтай, Кадай және Йеркече болды. Әмір Тоқты Чериктай тұтқынға түсті [137, с. 121-122].

1291 жылы Аргун-хан қайтыс болған соң, Алтын Орда мен Хулагулық Иран мемлекеті арасында біршама тыныштық орнады. Өйткені бұл кезеңде Алтын Ордада өзара талас-тартыстар (әсіресе, Тоқта мен Ноғай арасындағы) орын алған еді. Сондықтан Ирандағы Гейхату-хан (1291-1295 жж.) билігі кезінде әскери қақтығыстар орын алған жоқ. Тек 1294 жылы 24 наурызда Тоқта ханның елшілері Қалынтай мен Пулад Арранға келді. Елшілерді Гейхату-ханның өзі жылы қабылдап, сый-сыяпатпен шығарып салды. Иран тарихшыларының пікірінше, Хулагулық Иран билеушілері Алтын Ордадағы өзара талас-тартысты пайдаланып, оларға қарсы жорық жасамаған, тек қорғаныс қажеттілігіне байланысты шайқастарға шығып отырған.

Бұл жөнінде Рашид ад-дин мәліметіне сәйкес, Тоқта ханнан келген достық ниетін білдірген алтынордалық елшілерге Қазан-хан былай деп айтқан: «Сіздердің ішкі өзара істеріңізге мен араласпаймын және (сіздердің) тұрақсыз жағдайларыңызды өз мүддеме пайдалануға тырыспаймын; егер өзара түйткілдеріңізді реттесеңіздер, онда ол мадақтаулы және жақсы болар еді». Ал өзінің қарамағындағыларға былай деп кеңес берген: «Біз қандай жағдай болғанына қарамастан (дейді ол) лаңға алып баратын талас-тартысты бастамаймыз, келтірілетін залалдың кінәсі бізге артылмауы үшін біз бірінші болып жорыққа аттанбаймыз» [61, с. 17]. Бұл уақытта Алтын Орданың ішкі жағдайы талас-тартыстар орын алып, Ноғай мен Тоқтаның күресі жүріп жатқан еді. Кезінде Ноғай, Төле-Бұғамен жоғары бөлімде сипатталған Краков жорығына байланысты араздасып, осыдан кейін ішкі шиеленісті ұйымдастырып, оны Тоқтаның қолымен өлтіріп, Тоқтаның өзін хан тағына отырғызған еді [120, с. 108]. Сол кезеңде Ноғай түменбасы ретінде Алтын Орда әскерін бастап Хулагу билігі кезеңде Иранға қарсы кезеңнен бері қарай 30 жыл уақыт өткен еді. Осы уақытта Ноғай өзінің күш-қуаты мен кәнігі саясаткер ретінде кемел кезіне жеткен еді. Мөңке-Темірден бастап, Алтын Орда хандарының барлығы оның көмегімен таққа отырған еді. Ноғай – Алтын Орда тарихында жоғарғы қолбасшылық қызметтерін атқарған көрнекті және сарай маңында түрлі шиеленістерді ұйымдастырған саяси ықпалды тұлға болды. Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы және саяси ықпалды болғанына қарамастан, неге екені белгісіз, оның Алтын Орда тағына отыруға құқығы болмаған. Оның себебін оның Шыңғыс хан ұрпағы болғанымен, Жошының күннен туылған ұлы Бувалдың немересі болуына байланысты деп тұжырымдауға болар еді. Бірақ ортағасырлық моңғол дәстүрінде күннен туылған ұлды әкесі өз әйелдерінен туылған ұлмен тең қараған және оның мұрагерлікке толық құқығы болған. Ол жөнінде Пано Карпини мәліметіне сәйкес, күн мен заңды түрде некелескен әйелден туылған балалардың арасында ешқандай айырмашылығы болмаған, егер баланың әкесі ақсүйектер әулетінен болса, онда олар күн мен заңды әйелінің баласы болғанына қарамастан екеуі де ақсүйектер әулетіне жатады деп атап өткен еді [88, с. 32].

Ноғай Берке билігі кезінде Алтын Орда әскерін басқарып, алғашқы кезде түменбасы болып, одан кейін бүкіл әскерге қолбасшылық жасаған. Г.В. Вернадскийдің пікірінше, Ноғай Берке қазасынан кейін Жошы ұлысының тағына отыруға ұмтылыс жасап, Мөңке-Темір билігі кезінде ол іс жүзінде оның тең билеуші (соправитель) болған дейді [46, с. 181]. Алайда Г.А. Федоров-Давыдов және В.В. Трепавловтың пікірі мұнымен мүлдем келіспейді, яғни Мөңке-Темір билігі кезінде Ноғай тіпті жоғарғы қолбасшылық қызметтерінде де болмаған: әскердің оң қанатын – ноян Тайыр, сол қанатын – Маву, ал орталығын ханның өзі басқарды [49, с. 58-60; 63, с. 88]. Ноғайдың Төле-Бұғамен қарым-қатынас жасауы болашақтағы кемел келешекке жол ашты. 1280 жылы Мөңке-Темірдің қайтыс болуынан кейін, Ноғай Жошы ұлысының саяси өміріне белсенді түрде араласа бастады. Кезінде Мөңке-Темір Ноғайдың Алтын Орданың саяси өміріне араласуын шектеп, оның Дунайға жер аударылуы да оған оң әсерін берді. Біз білетіндей, Мөңке-Темір өзінің артынан мұрагер

тағайындаған жоқ. Бұл оның соңынан кейінгі тақ мұрагерлігіне талас мәселесін тудырды. Жошы ұлысының ақсүйектерінің бірқатары ханның кіші інісі Туда-Мөңкені қолдаса, бірқатары ханның немере інісі Төле-Бұғаны қолдады. Төле-Бұғаның жақтастары, Мөңке-Темір тірі күнінде оны тақ мұрагері ретінде тағайындаған деген сияқты пікірді алға тартса, Туда-Мөңке жақтастары, оның жас шамасы жағынан үлкендігі мен отбасылық иерархияда ағалық орнын алға тартты. Сонымен қатар, ең маңыздысы, оның ислам дінін ұстанатынына байланысты оны алтынордалық мұсылман дінбасылары мен саудагерлері қолдады. Ноғай Төле-Бұғамен достық қарым-қатынас орнатқанына қарамастан, бұл жолы оның немере ағасы Туда-Мөңкені қолдап, ол хан тағына отырды. Жаңа сайланған хан Ноғайдың қолдауын құрметтеп, оған беклер-бек дәрежесін беріп, іс жүзінде Алтын Орданың бүкіл әскерінің бас қолбасшылығы қызметін де атқарды [67, с. 58-59]. Туда-Мөңке Ноғайдың саяси ықпалын әлсіретуге бағытталған әрекеттері сәтсіздікке ұшырап отырды. Ал Ноғай болса Туда-Мөңкені саяси істерден шеттей отырып, хан тағына келесі үміткер Төле-Бұғаның кандидатурасын қолдай бастады. Сарай төңірегіндегі саяси шиеленістерді ұйымдастыруға оған алғашында Беркенің әйелі болған, Беркенің өлімінен соң, Мөңке-Темірдің әйелі болған Джиджек-хатун көмектесті. Мұсылмандықты ғибадат еткен Джиджек-хатунды мұсылман мемлекеттері мен Алтын Орда мұсылмандары қолдаған еді. 1287 жылы Төле-Бұға өзінің туыстарымен бірігіп, мемлекеттік төңкеріс жасады. Төңкерістің себебі – ханның діни жөн-жоралғыларға үлкен көңіл бөліп, мемлекеттік істерге араласпай шет қалғанын алға тартты. Саяси шиеленісті ұйымдастырушалар Туда-Мөңкені тақтан көз еркімен бас тартуына мәжбүр етті. Хан жанын сақтап қалу үшін, тақтан өзі кетіп, қалған күндерін тақуалықпен өткізуді жөн санады [67, с. 61]. Алтын Орда тағына Ноғайдың таққа отырғызған адамы Төле-Бұға келді. Бірақ Ноғай саяси билікті толық беруді қаламады. Сондықтан оның жаңа ханның іс жүзіндегі тең билеушілері (соправитель) болып туған бауыры Күнчек пен немере бауырлары, Мөңке-Темірдің ұлдары Алғуй мен Тоғырыл болды. Ноғай өз тарапынан беклер-бек қызметін сақтап қалумен қатар, өз қалауымен аға ұрпақ ретінде сайланып, Жошы ұрпақтарының басшысы түрінде хан сарайындағы мәселелерге өз қалауымен араласып отырды.

Төле-Бұға Ноғайдың Алтын Орда әскеріне қолбасшылық жасауда бірқатар әскери операцияларының сәтсіздікке ұшырауына байланысты оған ашық қарсылық көрсете бастады. Ноғай болса, Төле-Бұғаның таққа отыруын жалғастыруына көңілі толмай, оның орнына келесі үміткер – Мөңке-Темірдің 16 жасар ұлы Тоқтаны құпия түрде дайындай бастады. Сарай ішіндегі саяси шиеленіс нәтижесінде 17 жасар Тоқта (1291-1313) Ноғайдың ықпалымен хан тағына отырды. Алғашқы кезде Тоқта хан мен Ноғай арасында қарым-қатынас өте жақсы болды. Тоқта хан таққа отырған соң біршама уақыт өткен соң, Ноғайдың әрекеттеріне наразы болып, екеуінің арасында күрес басталды. Рашид ад-дин мәліметіне сәйкес, тіпті Ноғай, Тоқта ханмен күресі кезінде Иран билеушісі Қазан-ханнан көмек сұрауға елші жіберді [42, с. 75]. Бірақ Ирандағы моңғол билеушісі Алтын Орданың ішкі мәселелеріне араласпаған. Осындай жағдайда 1300 жылы Ноғай мен Тоқтаның арасындағы шайқас кезінде Ноғай

каза болды [120, с. 66]. Осымен Ноғайдың Алтын Орданың ішкі және сыртқы саясатына араласуы да аяқталды. Тоқта хан өз саясатын тәуелсіз түрде ешкімнің ықпалынсыз жүргізе бастады. Орыс моңғолтанушысы Г.Е. Грумм-Гржимайлоның пікірінше, Тоқта Мөңке-Темір ұлдарының ішінде айрықша атаққұмарлығы және дарындылығымен ерекшеленді деген еді [142, с. 110]. Шындығында, Тоқта Ноғай тарапынан болған билік үшін қанды күресте үстем болып, Алтын Орданың ыдырау қаупінен сақтап қалды. Ал Тоқтаның өмірінің соңғы жылдарында Алтын Орда державалық қуаттылығы артып, халықаралық аренада маңызды үлкен саяси ықпалға ие болды.

Тоқта хан Ноғаймен күресте жеңіске жеңіп, Алтын Орданың ішкі мәселелерін шешіп, ішкі саясатта өз билігін нығайтқан соң, Кавказдағы сыртқы саясатын қайта жандандыра бастады. 1303 жылы қаңтарында Тоқтаның бұйрығымен Хулагулықтарға 325 пошталық аттармен (улаг) 3 ұймақ (аймақ) елшілік аттандырды. Бұл елшілік делегациясы Қазан-ханнан бүкіл Арран және Әзірбайжан жерін беруін талап етті. Олар Тоқтаның атынан былайша мәлімдеме жасады: «Арран және Әзірбайжан жері Хулагу келгенге дейін Жошы ұлысына тиесілі болған, Шыңғыс хан территориялық үлестіру кезінде аталған аймақты Батуға берген, осыған байланысты бұл территориялар заңды түрде Алтын Ордаға тиесілі аймақ болып есептелді. Ал бұл аймақтарда көптеген жылдар бойы Хулагулықтар алым-салық алып, заңсыз иеленіп отыр, егер бұл аймақты бермей, талабымызды орындамасандар, 10 түменнен асатын әскермен жорыққа аттанып, күшпен тартып аламыз» – деп ескертті. Сондай-ақ, олар Алтын Орда әскерінің көптігін көрсетпек болып, бір қап тарыны жерге шашып, әскердің саны тарыдай көп екенін көрсетуге тырысты [101, с. 165-166].

Тоқта хан өзінің қойған талабын сыртқы саясатында біршама тұрақсыздық байқалған Ирандық моңғол билеушісі сөзсіз орындайды деп ойлады. Өйткені Қазан-хан Абага билігі кезінде тоқтатылған Мысырға қарсы жорықтарды қайта жаңғыртып, 1299-1300 жж. Сирияға жасаған жорығы кезінде сәтсіздіктерге ұшыраған еді. Қазан-ханның бұл жорықты қайта жандандыруына бірқатар себептер әсер етті, олардың қатарында сол кезеңдегі шекаралық аймақтардағы мәмлүктердің әскери жортуылдары мен ол аймақтағы қоныстарды талқандауы, Суламыш көтерілісіне мәмлүктердің әскери көмек беруі және осы жағдайлардан кейін Мысырдағы ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығына байланысты мүмкіндікті пайдалану секілді жағдайлар себеп болды [120, с. 68]. Хулагулық Иран мен Мысыр мәмлүктері арасындағы 1299 жылы желтоқсанда болған шайқаста мәмлүк әскерлері талқандалған еді [137, с. 195]. Алайда Алтын Орда мен Шағатай ұлысынан келетін қауіп-қатерден қауіптеніп, Қазан-хан Сирияда ұзақ уақыт бола алмады. Қазан-хан Дамаск бекінісін басып алған соң, мұнда өз әскерлерін қалдырып, кері қайтты. Қазан-хан Дамаскіден Әзірбайжанға қайтып кеткен соң, басып алған жерлерде көтеріліс болып, моңғол әскерлері де кері қайтуға мәжбүр болды. Бағындырылған территорияларды пайдалана алмаған Қазан-хан Сирияға екінші жорық жасауға шешім қабылдады. 1300 жылы қыркүйек айында Қазан-хан Сирияға қарсы әмір Құтлұқшахты үлкен әскермен аттандырды. Алайда қыстың суық болуына байланысты жылқылары қырылғандықтан, Хулагулық Иран әскері бұл жолы да

Сирияны тастап кері қайтуға мәжбүр болды. Сирияға қарсы жорықтар кезінде сәтсіздіктерге ұшырағанына қарамастан, Тоқта хан елшілерінің талабын орындаудан үзілді-кесілді бас тартып, Алтын Ордаға қарсы соғысуға дайын екендігін білдірді [120, с. 68]. Ол жөнінде Вассаф мәліметіне сәйкес, Қазан-ханның Алтын Орда елшілеріне «Егер елшілер Хулагулықтардың иелігін басып алуға келетін болса, онда олардың санын көбейту қажет, ал егер елші ретінде келсеңдер онда бес нөкердің өзі жеткілікті» деген деген сөзі бар. Елшілердің территориялық мәселе бойынша қойған қатаң талабына Қазан-хан бұл жерлер «үнділік қылышпен» бағындырылған, ал оны иелену құқығын тек қылышпен ғана алуға болады деді [101, с. 165-166]. Осыдан кейін елшілер алтынордалық әскердің санын көрсету үшін жерге тарыны шашты. Сол мезетте Қазан-хан бірнеше тауықты алып келуді бұйырып ол тауықтар дәндерді толығымен теріп жеді. Елшілердің барлық талаптарына Қазан-хан қысқа да, нұсқа түрде мынадай мағыналы жауап қайтарды: «Токтайу не было известно, что для птицы большое количество зерна есть удобство и наслаждение, что высокопарящий сокол считает стаю голубей удобным случаем для себя и что волк при многочисленности стада приходит в любовный восторг» [101, с. 166]. Болған оқиғалардың барлығы Қазан-ханның Сирияға жорығын тоқтатқан жоқ. Алайда 1303 жылы сәуір айында Дамаск маңында мәмлүктермен болған шайқаста Хулагулықтар тағы да сәтсіздікке ұшырады [120, с. 69]. Жоғарыда айтылғандай, Қазан-хан Алтын Орданың ішкі саяси шиеленістеріне араласу мүмкіндігі болған кезеңінде ол араласқан жоқ. Өзінің билігінің соңғы жылдарына дейін ол Мысыр мәмлүк сұлтандарына қарсы күрескен. Сонымен қатар, оңтүстіктегі саяси жағдайдың қысылтаяң болғанына қарамастан, әскерлерінің көптеген бөлігін Алтын Ордамен шекаралас аймақтарға шоғырландыруға мәжбүр болды. Бұл Қазан-ханның бір жағынан оңтүстіктен мәмлүктерден, екінші жағынан солтүстіктен Алтын Орда тарапынан шабуылдау қаупінен, шекаралық аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысқан қадамы еді. Осындай қысылтаяң кезеңде Қазан-хан шамамен 1303 жылы Хамаданда қайтыс болды [120, с. 70].

Бірақ осыған қарамастан Хулагулық Иран және Алтын Орда арасында 1303 жылы арасындағы ірі шайқастар орын алды. Бұл шайқастан кейін екі мемлекет арасында біршама уақыт тыныштық орнаған еді. Бірақ Қазан-хан қайтыс болған соң, оның орнына таққа отырған Олжайту хан (1304-1316) билігінің бастапқы кезеңінде екі мемлекет арасындағы әскери қақтығыстар қайта басталды. Алғашқы кезде Тоқта хан Олжайтуға бейбіт келісім орнату мақсатында Нухтай әмір бастаған елшілік жіберген еді, бірақ 1308 жылы қыркүйек-қазан айында екі моңғол ұлысы шайқас алаңында қайта кездесіп, бұл шайқаста Алтын Орда әскерінің мерейі үстем болып, Хулагулық Иран әскері жеңіліске ұшырады [100, с. 109]. Абдуллах Кашани мәліметіне сәйкес, Алтын Орда әскеріне қарсы шайқасқан әмір Шопан басқарған Хулагулық Иран әскері Дербентке дейін шегінуге мәжбүр болған. Осыдан кейін, әмір Шопанның Кура өзені маңында жасаған әрекеттерінен соң, Тоқта хан Иранға тағы да бір елшілік жіберуіне тура келді. Бұл елшілік Султанияға 1310 жылы 30 мамырда жетті, бірақ бұрынғыдай нәтижесіз кері оралды [120, с. 70]. Әл-Муфаддал мәліметі

бойынша, оған дейін Алтын Орда елшілері 1304-1305 жж. Мысырға барып, Иран билеушісі Олжайтуға қарсы Мысыр сұлтанына бірлескен түрде жорыққа шығуын ұсынды және Тоқта хан арнайы жіберген хатында біріккен түрде әскери жорыққа аттанып, Иран билеушісі Олжайтуды өз иелігінен қуып шыққан соң, екі жақты жаулап алған жерлерін иемденуге ұсыныс жасады [100, с. 154]. Алайда Мысыр сұлтаны Хулагулық Иранмен бейбіт келісім жасағандықтан, Алтын Орда елшілерінің бұл ұсынысын қабылдамады. Сұлтан Мәлік ан-Насирдың бұл әрекеті түсініксіз еді, бірақ екінші жағынан алып карағанда, Мысыр сұлтанының шешімін бұлайша қабылдауы Хулагулық Иран мемлекетінің әлсіреп, Мысырға аса үлкен қауіп туғызбауына байланысты болса керек. Алайда сұлтан ан-Насир 1308-1309 жылдардың өзінде-ақ, Хулагулық Иранға қарсы Сирия шекарасында әскери дайындық жұмыстарын жүргізген еді.

Осылайша, Тоқта хан билігі кезеңінде Алтын Орда Әзірбайжан территориясын иемдену мақсатына жете алмады. Тоқта ханның билігі кезеңінде қол жеткізген маңызды жетістіктердің бірі екі мемлекет арасындағы сауда қатынастары біршама дұрыс жолға қойылды [120, с. 71]. Бұл жөнінде Вассафтың мәліметіне сәйкес, Тоқта ханның билігі кезеңінде екі мемлекет арасында саудагерлерге жол ашылып, олардың еркін қарым-қатынас жасауы үшін сауда жолдарының қауіпсіздік шаралары жасалған. Арран аймағында біршама уақыт бойы тоқтатылған сауданың қайта жандануына байланысты, бұл өңірде көптеген тауар тиеген арбалар, құлдар, жылқылар мен қойлар және басқа тұтыну тауарлары келіп жатты [101, с. 165].

Екі мемлекет арасында сауда жолы ашылып, сауданың дамуына Қазан-ханның реформалары да маңызды рөл атқарды. Қазан-хан сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шараларды жүзеге асырды. Қазан-ханның бұйрығы бойынша, барлық қалаларда базарлар, керуен-сарайлар, монша, түрлі цехтар құрып, сауданың дамуына жағдай жасады. Алтын Орда мен Хулагулық Иран арасындағы сауда қарым-қатынастарының болғаны жөнінде Дешті Қыпшақ территориясында археологиялық қазба жұмыстары кезінде Хулагулық Иран теңгелері табылғанын және Алтын Ордада парсы тілі сауда қатынастарының тілі ретінде қолданғанын атап өтуге болады [120, с. 72].

Тоқта хан қайтыс болған соң, оның орнына Өзбек хан (Özbeğ Khan, 1313-41) таққа отырды. Өзбек ханның Алтын Орда тарихында атқарған қызметі орасан зор. Ол ең алдымен исламды мемлекет дін ретінде бекітті және экономикалық саясатының нәтижесінде ақша реформаларын жүргізіп, ірі экономикалық маңызы бар қала орталықтарын дамытты. Сондай-ақ, Өзбек хан Еуропа мен Таяу Шығыста сыртқы саясатын аса тиімді жүргізе білді және Алтын Орданың саяси-дипломатиялық байланыстарын да нығайта түсті. Зерттеушілер бір ауыздан Өзбек хан билігі кезінде Алтын Орданың күш-қуаты артып, дамуының шарықтау шегіне жеткенін мойындайды.

Өзбек хан – Мөңке-Темірдің немересі, ал оның жолы болмаған ұлы Тоғырұлдың ұлы еді. Тоғырұл алғашқы кезде Төле-Бұға ханмен кіші тең билеуші (соправитель) болған, бірақ ол Ноғай мен Тоқта хан жасаған саяси қастандық нәтижесінде қаза болған еді. Тоғырұлдың қазасынан кейін он жастағы Өзбек Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» мәліметіне сәйкес, анасы

Келін-Байалын әрекеті нәтижесінде Солтүстік Кавказға (Шеркес уәлаятына) аттандырылып, билік үшін ішкі саяси талас-тартыстар біршама бәсеңдегенше сол аймақта паналаған. Ол жөнінде «Шыңғыс-намеде» былайша сипатталған: «Ол [Тоқтаға хан] өзі өлгеннен кейін оның ұлымен [әл-Басармен] хандық үшін таласады деп, өзінің туған-туыстары мен үрім-бұтағын түгел қырып тастайды. Тіпті өзінің інісі Тоғрұлды да өлтірген делінеді. Кейбіреулер Тоғрұл ауырып қайтыс болды дейді. Тоғрұлдың Келін-Байалын атты әйелі болады. Ол өте көрікті болады. Тоғрұл қайтыс болған кезде оның ұлы қалады. Ол Тоқтаға хан ұлы үшін барлық туыстарын қырып жатқанын көрді. Бірнеше кісімен бірге баласын Шеркес уәлаятына асырып жібереді. Атақты Өзбек хан – Алла оған жар болсын – осы бала еді», – дейді [96, 172 б.]. Біршама уақыт өтіп, билік үшін талас-тартыстар тынышталған кезеңде Тоқта хан өзінің немере інісіне қайтып келуге рұқсат етіп, оны таққа отыратын «Алтын әулеттің» ұрпағы ретінде қараған. Ол жөнінде Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» дерегінде былайша сипатталған: «[Тоқта хан – Н.А.] күні өтіп, өмірі аяқталар шағында өзінен кейін хан болсын деп аялап өсірген ұлы өзінен бұрын қайтыс болып кетті. Ол баласы болып, өзінен кейін хандыққа таласар деп, өз ұрығын қырып тастағанына, ал енді өзі өмірінің шегіне жеткен уақытта ұлының өзінен бұрын өлгеніне қатты қайғырып қапаланды. Осы қайғыдан ол құса болып ауырды және ауруы ұзаққа созылды. Бір күні ол төсегінде әрі-бері дөңбекшіп, уһілеп жатты. Келін-Байалын оның неге бүйтіп жатқанын біліп: «Сіздің ауырғаныңызға көп болды. Не себептен дәл қазір Сіз уһілеп жатырсыз?», – деп сұрады. Хан: «Неге қапаланбайын. Жалғыз ұлым әл-Басармен хандыққа таласар деп өз тұқымымның бәрін қырдым. [Сол] ұлымның өзі де қаза болды. Өзім де ажал аузында жатырмын. [Енді] жұртым жат адамға кетпек. Менің қапалануым осыдан», – деді. Келін-Байалын: «Сіздің жарлығыңызға кері бір іс жасап едім. Егер күнәмді кешірсеңіз, айтайын», – дейді. Хан сол сәтте басын көтеріп отырып: «Не істеп едің», деп сұрады. «Ініңіз өлген кезде, одан бір бала қалған еді. Сіз өлтіріп тастай ма деп, оны Шеркес уәлаятына асырып жіберген едім. Қазір жыл сайын оның аман-саулығы жөнінде хабар келіп тұрады. Биыл ол он төрт жасқа толды. Егер сіз [оның] артынан адам жіберсеңіз, мүмкін, ол қайтып келер», – дейді. Мұны естіген хан қуанып, бейне ауырмағандай серпіледі. [Тоқтаға-хан] Келін-Байалынға сүйінші есебінде екі мың адамдық түмен береді. Ертесіне ол бектерін шақырып, Қийат Исатай мен Сыжут Алатайға қырық мың кісі қосып, Өзбек ханды, Алла нұрын шашсын, әкелуге жіберді» [96, 172-173 бб.]. Тоқта хан ұлының көзі тірісінде қайтыс болып, оның артынан таққа отыратын мұрагерінің болмағанын араб авторларының (Ан-Нувайри, Әл-Бирзали, Аз-Захаби, Ибн Халдун) мәліметтері де растайды.

Өзбек хан Алтын Ордада беделді болуының арқасында оның көптеген жақтастары болды. Олардың қатарында аса ықпалды Хорезмдегі ханның билеуші өкілі Құтлұқ-Темір өзінің бауырлары Сарай-Темір және Мұхаммед-қожа, шейх-уль-ислам Имад ад-Дин ал-Маскири сияқты тұлғалар болған еді. Темір-Құтлұқтың қолдау көрсетуінің бір себебі Өзбектің онымен шеше жағынан да бөле ретінде туыстық байланыстығы бар еді. Ал Хорезмдік шейх-уль-исламның қолдауына діни іскерлігі нәтижесі де байланысты еді, Өзбек

жастайынан мұсылман дәстүрінде тәрбиеленгендіктен болар, Алтын Орда мұсылмандары оның билікке келуінен үлкен нәтиже күтті [67, с. 90].

Өзбек хан, Алтын Ордадағы билігін нығайтқан соң, Хулагулық Иранмен ұзақ уақыт бойы талас-тартыс объектісі болған Кавказ территориясын иемденуге деген талабын қою үшін және бұл мәселені бейбіт жолмен шешу мақсатында елхан Олжайтуға жаңа елшілік аттандырды. Елшілік құрамында Өзбек ханның беделді әмірлері Кек Темір Көреген, Байбаниал және Байбұқа болды. Байқағанымыздай, жаңа хан Алтын Орданың тағына отырған сәттен бастап-ақ, Хулагулық Иран билеушісіне өз талаптарын орындатуға тырысты. Оның себебі ретінде мемлекет құрамына жаңа жерлерді қосу арқылы мемлекетте өз беделін нығайтудың алғашқы қадамы еді. Әрине, Хулагулық Иран билеушісі Өзбек ханның қойған талабын орындаудан бас тартты. Өзбек хан өз талабын күшпен орындатудың қиындығы мен Олжайтудың Алтын Орда ханына бас имейтіндігін жақсы түсінді, осыған байланысты оған қысым көрсетудің қажетсіз екенін түсініп, онымен достық қарым-қатынас орнату мақсатында екінші елшілігін аттандырды. Бұл елшілікті 1314 жылы 11 мамырда Иран билеушісі жылы қарсы алды. Елшілік белгілі бір деңгейде екі мемлекет арасындағы қарым-қатынасты жандандырудың жолын қарастырды. Сонымен қатар, Олжайту хан да екі мемлекет арасында достық қарым-қатынастың орнағанын қалады [120, с. 73]. Бірақ Олжайту хан Алтын Орда тарапынан шабуыл жасау қауіпінен өз әскерінің бір бөлігін Арран аймағында тұрақты түрде ұстап отырған еді. Ол кезде Арран жерін басқаруды Қазан-хан билігі кезінде қаза болған Нуриннің орнына отырған, Құсайынға тапсырған еді [62, с. 325].

Осы кезеңде екі мемлекет арасындағы бейбіт келісімнің бұзылу қаупі туындаған оқиға орын алды, яғни 1315 жылы 30 қыркүйекте Жошы иелігінен Баба-огул өз түмен әскерімен Хулагулық Иран билеушісі Олжайтуға барып, оның қызметіне қабылданған соң бір жарым мың атты әскерімен Хорезмге қарсы жорыққа аттанды. Ал Хорезм билеушісі Құтлұқ-Темір оған 15 мың атты әскермен қарсы шығып, шайқас кезінде оның әскерінің бір бөлігі оны тастап кетті, ал Құтлұқ-Темір өзі қашуға мәжбүр болып, оның қалған әскері Баба-огул жағына шығып кетті. Баба-огул Хорезм аймағына шабуылдар жасап, бірқатар Хорезмдік маңызды аймақтарды талқандады, атап айтқанда: Замахшар, Гарбин, Хазарзамин, Кермарун, Шавкан, Кят және тағы басқа да қалалар мен қыстақтарды талқандап, тонаушылыққа ұшыратты. Көптеген тұтқындарды иеленіп, Баба-огул кері қайтты. Ал бұл хабар Шағатайлық ханзада Йасавурға белгілі болған соң, ол 20 мың әскерімен Баба-огулға шабуыл жасап, оны талқандаған соң тұтқындарды босатуына мәжбүр етті. Ал Баба-огул елханның алдына келіп өз жасағандары үшін ешқандай айып санамады; ал бұл кезде Өзбек пен Олжайту арасында жауластық оты тұтанудың алдында тұр еді. Өзбек хан бұл оқиға туралы хабардар болған соң, шұғыл ашулы түрде Елханға хат жіберіп, Баба-огулды беруін талап етті. Ал Баба-огул өз кінәсі үшін Елханның алдына келіп, оны сол жерде Өзбек хан елшілерінің көзінше өлім жазасына кесуге бұйрық берді. Осылайша, екі мемлекет арасындағы бейбіт келісім қайта калпына келтірілді [101, с. 275-276].

Бұл оқиғадан кейін біршама уақыт өткен соң, Олжайту хан 716 х.ж. рамазан айының 27-де (13 желтоқсан 1316 ж.) қайтыс болды. Хулагулық Иран тағына оның 12 жасар ұлы Абу Сайд (1316-1335) отырды [120, с. 75]. Сондай-ақ, XIV ғ. араб авторы Ибн Дукмак мәліметіне сәйкес, Абу Сайд таққа отырғанға дейін әмір Шопан Өзбек ханға Хулагулық Иран тағын иемденуге ұсыныс жасаған дейді. Бірақ Өзбек хан белгілі мемлекет қайраткері Құтлұқ-Темірмен кеңесіп, ақылдаса отырып, бұл ұсыныстан бас тартқан дейді. Оның себебін Ибн Дукмак мәліметіне сәйкес, әмір Шопан ұсынысын тыңдап болған соң, Құтлұқ-Темір Өзбек ханға егер бұл ұсынысты қабыл алып, Хорасанға баратын болсаң, онда Солтүстік мемлекетке деген биілігің уысыңнан шығып кетеді және оны басқа кісі иемденіп кетуі де мүмкін. Сондай-ақ, шалғайда жатқан өзге мемлекетті басқару аса қиынға түседі, сондықтан екі кемеңнің басын ұстаймын деп өз мемлекетіңе деген билігіңді жоғалтып алуың да мүмкін деген сипатта ақыл-кеңес берген [100, с. 243]. Осылайша, оның Иран тағынан бас тартуының себебі сол кезеңдегі қалыптасқан жағдайға байланысты Ирандағы моңғол билігінің тұрақсыздығына байланысты болса керек. Бұл оқиға Берке ханның таққа отыруына дейін Борақшын-хатунның Алтын Орда тағына отыруға Хулагуға ұсыныс жасаған оқиғасын еске түсіреді.

1320 жылы Өзбек хан Хулагулық Иранға қарсы әскери қимылдарын қайта жандандырып, Алтын Орда құрамына Әзірбайжан жерін күшпен қосып алуға деген мақсатын қайта жаңғыртты. Алайда оның бұл әрекеті жүзеге аспады. Жорық барысында тәжірибелі билеуші ретінде танылған Өзбек ханға қарсы Хулагулық Иран билеушісі 16 жасар Елхан Абу Сайд қарсы тұрған еді. Сонымен қатар, бұл уақытта Абу Саидқа қарсы Хорасандағы ханзада Йасавурдың көтерілісі және Мысыр мен Сирия жасақтарының Хулагулық Иранға қарсы Диярбақырдағы жасаған шабуылдары бірімен-бірі тұспа-тұс келді. Осылайша, Абу Саидтың бір уақытта үш майданда қатар соғысуына тура келді. Әмір Құсайын Хорасанға аттандырылса, әмір Иренсин Мысыр мен Шамға қарсы шықса, әмір Есен-Құтлұқ Өзбек ханға қарсы күресті [120, с. 76]. Әрине, ең үлкен қауіп Өзбек хан тарапынан болып, Алтын Орда хандары ғасырлар бойы Әзірбайжан территориясын иемденуге ұмтылысына бір қадам жақын тұрды. Өзбек хан әскерлері тіпті Дербентті алып Ширванға басып кірді. Бұл уақытта Абу Сайд әскерлері де Кура өзені маңына келді. Алайда Өзбек хан әскерлері «Темір қақпаға» жақындаған тұста Абу Сайд әскерлері кері қарай шегініп, Елхан ставкасына келді. Абу Сайд шағын ғана әскерімен «Темір қақпаға» қарай жылжып, Кура өзенінің жағасына дейін келді. Өзбек хан әскерлері өзеннің екінші жағынан (Дербент пен Ширван) төмен түсіп, өзеннің суы молдығынан ағыннан өте алмады. Абу Сайд Өзбек хан әскерлерінің өзеннен өте алмайтынын біліп, біршама қулыққа көшті. Ол азғана әскерін өзеннің екінші жағына шашыратып, әскерінің соғысқа дайын екендігін және санын көп сияқты етіп көрсетуге тырысты. Осыдан кейін, әмір Шопанға хабар жіберіп, шұғыл түрде оның әскерімен келуін бұйырды. Әмір Шопан әскерімен Кура өзеніне келген уақытта Өзбек хан әскері әлдеқашан кетіп үлгерген еді [120, с. 76-77].

Осылайша, Өзбек хан билігі кезінде де Өзірбайжан жері үшін Хулагулық Иранға қарсы жорығы кезеңінде нақты нәтижеге қол жеткізе алмады. Ал оның орнына шайқас болған аймақтардың әлеуметтік жағдайы қиындай түсті. Өзбек хан әскерлері өзінің жолында көптеген қалалар мен қыстақтарды талқандап, халықты тонаған. Абу Сайд бұл соғыста Өзбек ханға қарсы тұра алмаған қолбасшыларының көзін жойды. Оның ішінде әмір Курумиди да болған еді. Кейін бұл оқиға Иран әскербасыларының орталық билікке бағынбауына алып келді [120, с. 78]. Осы оқиғалардан кейін, біршама жылдар бойына тыныштық орнады. Әл-Айни мәліметтеріне сәйкес, 723/1323 жылы Абу Сайд өзінің елшісі арқылы Өзбек ханға екі мемлекет арасында бейбіт қарым-қатынасты орнатуға деген өзінің ықыласын білдірген жолдау хат жіберді. Алайда Казвини мәліметіне сәйкес, 725 х.ж. (1324-1325 жж.) өзінде-ақ, әмір Шопан көптеген әскерімен Алтын Орда шекарасына өткен. Сонымен қатар, Хафиз-и Аbru мәліметіне сәйкес, әмір Шопан Дербент арқылы әскермен өтіп, Терек өзеніне дейін жетіп, осы аудандарда орналасқан елді-мекендерді талқандап кері қайтқан дейді [143, с. 327]. Хафиз-и Аbruдың мәліметінде осы оқиғаға қатысты бұдан басқа ақпараттар кездеспейді, сондықтан осы мәселе бойынша бірқатар сауалдар туындайды. Оның бірі – Шопан әскеріне қарсы Алтын Орда ханы қарсы соққы берді ме? Сол кезеңдегі жағдайға байланысты Өзбек хан оған қарсы әскери қарсылық көрсетуге шамасы жетерлік еді. Бірақ Хафиз-и Аbru бұл жөнінде ешқандай мәліметтер бермейді. Екінші сауал әмір Шопанның бұл жерлерге келіп әскери жорық жасауының қандай мақсаты болды? Жоғарыда айтылғандай, Хулагулықтар өздері ешқашан бірінші болып жорықты бастамаған. Сондай-ақ, Қазан-хан өз әскерлеріне де осы мәселе бойынша қатаң ескерткенін білеміз. А.А. Али-Задениң пікірі бойынша, әмір Шопан Алтын Ордаға жорық жасаған соң, жорық бағытын Хорасанға бұрып ондағы көтерілісті басуға бағыттаған. Сонымен қатар зерттеушінің пікірінше, әмір Шопан алғашқы болып Алтын Орда тарапынан болған қауіптен арылып, содан кейін ғана Хорасандағы мәселені шешуді көздеген дейді [143, с. 327]. Егер әмір Шопанның әрекеті осылайша жоспарланса, онда ол өзінің мақсатын жүзеге асырды. Өйткені Алтын Орда территориясына шабуылдың нәтижесінде олар Хулагулық Иран территориясына 1335 жылға дейін қарсы жорық жасамаған.

Өзбек ханның Иранға жорық жасауға деген әрекеті 1335 жылы Елхан Абу Сайд өлген кезеңде қайта көтерілді. Абу Сайд өлген соң оның соңында мұрагер қалдырмаған еді, осыған байланысты Хулагулық Иран билігі үшін ішкі талас-тартыс басталды. Ал Хамдаллах Казвини мәліметі бойынша, Өзбек хан Иранға қарсы жаңа жорықты Елхан Абу Сайд билігінің соңғы күндерінде жасаған, тіпті Хулагулық Иран билеушісі бұл жорыққа қарсы тойтарыс беруге дайындық үстінде болған десе [101, с. 185-186], оқиғамен замандас Абу Бакр ал-Ахари мәліметіне сәйкес, «Абу Сайдтың өлімі жөніндегі хабар Дешті Қыпшаққа жеткен кезеңде Өзбек ханның соғысқа деген ниеті қайта жанданып, Иранға қайтадан жорыққа аттанды», – деп нақты сипаттаған. Сонымен қатар, Тарих-и шейх Увейс мәліметіне сәйкес, Абу Сайд қайтыс болған соң, оның әйелі Бағдат-хатунның Өзбек ханмен құпия түрде байланысқаны жөнінде айтылады. Олар «Хулагулық Иран мемлекеті» өзінің өмір сүруін тоқтатқанын және оның тағы

бос екенін хабарлай отырып, тақты иеленуге Өзбек ханды шақырған дейді [61, с. 20]. Сондай-ақ, тарихи деректерде Бағдат-хатунның Абу Сайдты уландырып өлтіргені жөнінде мәліметтер де бар. Бағдат-хатунның бұл әрекеті күйеуі Абу Сайд арасындағы бастапқы кезеңдегі дау-дамайға байланысты болса керек. Бұл дау-дамайдың басы 1323 жылы әмір Шопан өзінің қызы Бағдат-хатунды әмірлердің бірі Шейх Құсайынға қалыңдыққа берген еді. Алайда 1325 жылы 20 жасар Абу Сайд көркем сұлу Бағдат-хатунды ұнатып, моңғол дәстүрі бойынша оған кез келген қалыңдықты таңдауына мүмкіндігі болғандықтан, оған сөз салды. Бірақ әмір Шопан оның бұл шешіміне келіспей, оған қарсы шықты. Нәтижесінде, әмір Шопан және оның екі ұлы – Димашк Хадж бен Шейх Махмуд өлтірілді, ал басқа ұлдары – әмір Құсайын мен Теміртас Дешті Қыпшақ пен Мысырға қашып, сол жерлерде бас сауғалады. Ал әмір Шопанның басқа ұлдары мен оның жақтастары биліктен шеттетіліп, Абу Сайд Бағдат-хатунды күйеуінен зорлықпен айырып өзіне әйелдікке алған еді. Әкесі мен бауырларының өлімі үшін Бағдат-хатун оған кек сақтағаны айқын. Шамасы, алғашқы кезеңде Бағдат-хатун Абу Сайдтың сеніміне ие болуға тырысқан. Бірақ кейіннен Дешті Қыпшаққа барып паналаған өзінің бауыры мен әмір Құсайын арқылы Өзбек ханмен құпия байланысқа түсе бастаған [120, с. 79].

Алайда Бағдат-хатунның Өзбек ханмен құпия түрдегі байланысы белгілі болған соң, ол өлім жазасына кесілген. 1335 жылы желтоқсан айында Өзбек хан қалыптасқан саяси жағдайды пайдаланып қалу үшін Алтын Орда әскерін Әзірбайжан жерін жаулауға бағыттады. Бұл жолы Алтын Орда әскеріне қарсы Хулагулық Иран тағына жаңадан ғана отырған Арпа-хан қарсы тұрды. Бірақ парсы тарихшылары Хамдаллах Казвини және Фасих Хавафи мәліметіне сәйкес, Өзбек хан Иранға жорық жасауы кезінде өзінің қолдаушысы беделді әмірі Құтлұқ-Темірдің қайтыс болғаны жөнінде хабар алған соң, хан мен оның әскерінің жауынгерлік рухы түсіп, жорықты жалғастырмай кері қайтқан дейді [101, с. 186]. Бірақ бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша, Хулагулық Иран билеушісі Арпа-хан Алтын Орда ханы әскерін 45 күн қарсы тұрып, бірнеше шайқастарды басынан өткізген десе, Шебанкардың мәліметі бойынша, Өзбек хан әскерінің кері қайтуына Кура өзені бойында өскен улы шөптерді жеген жауынгерлік аттар қырыла бастаған. Бұл Алтын Орда әскерлерінің әлсіреуіне алып келген соң кері қайтқан дейді [120, с. 80]. Бұл Өзбек ханның Әзірбайжан жерін жаулап алуға деген соңғы ұмтылысы еді. Бұдан кейінгі күресті оның мұрагерлері жалғастырды.

Өзбек хан билігі кезінде Алтын Орда мемлекеті халықаралық аренада күш-қуаттылығы артып, өзінің дамуының шарықтау шегіне жетті. XIII ғ. 20-30 жылдарында Жошы ұрпақтары халықаралық аренда орасан зор беделге ие болып, оның вассалдары ханға тікелей тәуелді болып, оның дұшпандары шекаралық аймақтарға қауіп төндіре алмады. Ал Абу Сайд өлімінен кейін, Хулагулық Иран мемлекеті құлдырау кезеңін басынан кешіре бастады. Өзбек ханның 1335 жылы жасаған жорығы қарсаңында, әмірлер өзара кеңесе отырып таққа Арық-Бұғаның шөбересін Арпа-ханды таққа отырғызуға келіскен еді. Алайда Өзбек хан жорығы кезеңінде әмірлер арасындағы келіспеушіліктер нәтижесінде Хулагулық Иран тағына жаңадан ғана отырған Арпа-ханды тағы

да бір Хулагулық Мұсахан сол жылы оны тақтан тайдырып, қазаға ұшыратты. Осылайша, 1336-1353 жж. Хулагулық Иран мемлекеті ішкі алауыздықтар нәтижесінде бір-бірімен билікке таласқан шағын бөліктерге ыдырап кетті [120, с. 80]. Оның ішінде Алтын Орданың сыртқы саясатына қатысты аймақтарда 1340 жылы шейх Хасан орталығы Бағдат қаласы ретінде Жалайыр мемлекетін құрса, әмір Шопанның ұлдары Әзірбайжан жерін басқаруды қолына алды. Олар Хулагулық Иран орнына мемлекет құра алмағанына қарамастан, Әзірбайжан жерін 1359 жылға дейін басқарды [143, с. 330-336].

Өзбек хан қайтыс болған соң, оның орнына отырған Жәнібек хан (Janibeg Khan, 1342-57) Хулагулық Иран мемлекеті күйреген кезеңінде, Алтын Орда хандарының ғасырлар бойы Әзірбайжан жерін жаулауға деген мақсатын жүзеге асырды. Таяу Шығыста сол кезеңдегі қалыптасқан саяси жағдай Жәнібек хан пайдасына шешілген еді. Жәнібек Өзбек ханның үшінші ұлы болды. Өзбек хан XIV ғ. 20-шы жылдарында Алтын Ордада реформалар жүргізе отырып, тақ мұрагерлігі мәселесі бойынша біршама өзгерістер енгізген еді. Ол өзгерістерге байланысты Алтын Орда билігі әкеден балаға берілуге тиіс болды. Осыған байланысты алғашқы кезде Өзбек ханның мұрагері болып оның тұңғыш және сүйікті ұлы Темір тағайындалған еді. Бірақ оның жастай қайтыс болуына байланысты, тақ мұрагері ретінде жас жағынан екінші ұлы Тыныбек бекітілді. Алайда 1339-1340 жылдары Өзбек хан бірқатар себептерге байланысты пікірін өзгертіп, тақ мұрагері ретінде Жәнібекті бекітті. Хан мұрагері ретінде Жәнібек бекітілген соң, тіпті оның аты әкесінің тірі күнінде теңгелерге соғылған және шетелдік билеушілер жолдау хаттарын тек ханның атына ғана емес, «ханзада Жәнібектің» атына да арнап жіберіп отырған [67, с. 108]. Бірақ 1341 жылы Өзбек хан қайтыс болған соң, Алтын Орда билігі үшін ішкі талас-тартыстар орын алып, Тыныбек пен Жәнібек арасында күрес басталған. Бұл күресте Жәнібек жеңіске жетіп, Тыныбектың өлімімен аяқталды. Ол жөнінде араб деректері бойынша, «Сұлтан әл-Мәлік ан-Насир биографиясында» былайша сипатталады, Тыныбек Сарайға қайтып келе жатқан кезде, оның алдынан Жәнібек жақтастары шығып, оны қоршауға алып, жаңа ханға ант қабылдану сылтауымен өлтірген десе [100, с. 194], парсы авторы ал-Ахари мәліметі бойынша, Тыныбек және Жәнібек шайқас алаңында ұшырасып, соңғысы оны жеңген соң, тұтқындап өлім жазасына кескен дейді.

Жәнібек хан таққа отырған соң, ресми түрде «Джалал ад-Дин Абу Музаффар Махмуд Жәнібек-сұлтан» есімін иемденіп, әкесі секілді Алтын Ордада ислам дінінің кең таралуына ықпал етті. Ол көптеген мешіттер салдырды, медреселер мен ғұламаларды қамқорлығына алып, діни ілім алуға деген әмір ұлдарына қолдау көрсетті. Араб авторларының мәліметі бойынша, алтынордалық игі жақсыларға сәлде мен фараджийат («ферязь») – мұсылман киімдерін киюге мәжбүр етіп, түрік-моңғол дәстүріне қайшылық жасағанына қарамастан, ол өзінің талабын орындатты дейді. Сол кезеңдегі көрнекті ғұламалардың бірі Маулан Сад ад-Дин өзінің в 756 х.ж. (1355/1356 ж.) діни шығармасы «Мухтасар ал-таххис» еңбегінде хан жөнінде түсіндірмелер қалдырды. Жәнібек ханның исламды таратуына байланысты атқарған істері жөнінде ортағасырлық авторлар еңбектерінде кеңінен сипатталған.

Жәнібек хан билігі кезінде Алтын Орда басқа Шыңғыс хан ұрпақтары билік құрған мемлекеттермен салыстырғанда, әскери күш-қуатты мемлекет болды, ал басқа моңғол ұлыстары бұл уақытта әлсіреп, ыдырау үдерісін басынан кешіріп жатқан еді. Сондықтан Жәнібек хан өзінің күш-қуаттылығына сене отырып, ғасырлар бойы Әзірбайжан территориясы үшін дау-дамайдың ақырғы нүктесін қою қажеттілігін түсінді.

Жоғарыда айтылған талас-тартыстарға байланысты XIII ғ. 50-жылдарына қарай Хулагулық Иран мемлекеті бірқатар шағын иеліктерге ыдырап кетті. Хорасанда шығу тегі арабтық парсы әмірлерінің династиясы – Музаффаридтер билік етіп, өз кезегінде олар Хулагу әулетімен туыстық байланысты орнатып үлгерді. Ал Орта Иран жері түркіленген моңғол әулеті Жалайырлар билігіне түсіп, олар да өз кезегінде Хулагу әулетімен туыстық байланысты орнатып, тіпті хан титулын иемденуге тырысқан. Әзірбайжан жері әмір Шопан шыққан Сулдуздар әулеті билігінде болып, әмір Шопанның немерелері Шайх Хасан Кучак және оның бауыры Мәлік Ашраф Хулагу ұрпақтарымен шеше жағынан ғана туыстық байланыстарының болғанына қарамастан, олар да өз биліктері кезінде Шыңғыс хан әулетінің қуыршақ монархтарын таққа отырғызуға ұмтылыс танытты. Сонымен қатар, олар да бір-бірімен өзара жауластық саясатын да ұстанып отырды. Сондай-ақ, бұдан басқа да сол кезеңдегі Ирандық әулеттер: Гераттағы Куртылар, Фарстағы Инджуидтар, Систандағы Саффаридтер және тағы басқалары болды, бірақ олардың иелігі Алтын Орда мүддесінен тым шалғайда жатқан еді [67, с. 117].

Ғасырлар бойы талас-тартыс аймағы болып келген Әзірбайжан жері бұл кезеңде іс жүзінде түбі түрік-моңғолдық Шопан әулетінің қолына көшкені белгілі. Бұл әулеттің негізін қалаушы әмір Ашраф (1344-1356 жж.) және оның бауыры Хасан Әзірбайжанда саяси жүйесі берік, бірақ деспоттық билікті орнықтырды. Сондықтан Тебриздің игі-жақсылары Жәнібек ханға келіп, оны үгіттеу арқылы күйреген Хулагулық Иран мемлекетінің бұрынғы иелігі Әзірбайжан жерін жаулап алуға ықпал етті. Осылайша, Мәлік Ашраф бин Теміртас өз халқына зорлық-зомбылық жасауының нәтижесі Алтын Орда ханының жорық жасауына ықпал етті. Мәлік Ашрафтың жөн-жосықсыз әрекеті үшін оған қарсы Жәнібек ханға сол өлкенің игі-жақсылары келіп, оның жорыққа шығуына шақырғаны жөнінде Өтеміс-қажының «Шыңғыс-намесінде» былайша сипатталған: «Даңқты әзірет Жәнібек хан – оған Алланың рақымы жаусын – әкесінің тағына отырып хан болғанда, оның әділдігі, әулиелігі мен дарқандығы елге мәлім болды, Дешті Қыпшақ уәлаятында ақ жолдан таймайтын, адал да қуатты, теңдесі жоқ патша болып, атасының бүкіл мемлекетіне әмірін жүргізді. Одан соң Тебриздің Мәлік Ашраф деген әкімі бар еді. Шайтан оны жолынан тайдырып, [ол] өз қызын [әйелдікке] алды. Бұның тарихы былай болды. Оның бір тамаша сұлу қызы бар еді. Бұл бетпақ соған ғашық болды. Бар ынтызары сонда болып, тағаты қалмады. Тебриздің ғұламаларына ол мынадай сұрақ қояды: «Егер біреу ағаш отырғызып, оның жемісі пісіп жетілсе, оны өзі жеу керек пе, жоқ өзгеге беру керек пе?» Оған ғұламалар: «Өзі де жеуіне болады, өзгеге беруіне де болады», – деп жауап береді. Бұл бетпақ – [ал] оның көздегені өз қызы болатын – осы сөзге сүйеніп,

өз қызын әйелдікке алады. Қысқасы, Тебриз ғұламалары [Жәнібек] ханға шағым жасайды: «Бұл кісі бізге қияңқы сұрақ қойып, бір бұзық ниетінің шешімін тапты. Біз оның мақсатын білмей, сөздің ретіне қарай айтып едік. Ал оның мақсаты, [өз] қызы екен. [Енді] ол қызын [әйелдікке] алды. Сонымен [қазір] ол кәфір болды ғой: біз болсақ – кәфірдің құлымыз. Ислам патшасы бүгінде сізсіз, сіздің [ендігі] парызыңыз [одан] мұсылмандарды азат ету». Айтушылар бұл шағым келген кезде [Жәнібек] хан мешітте екінді намазын оқып отыр еді дейді. Сол жерде ол ғұламалардың барлығын жиып, олардан: «Сіздер бұл сөздерге не айтасыздар?», – деп сұрады. Олар да: «Иә, мұсылмандарды осы кәфірден азат қылу сіздің міндетіңіз», – деп айтты. [Хан] бұл сөздерді естігеннен кейін, мешіттен үйіне қайтпады. Ол үш күн бойы сол мешітте қалып, [содан кейін] жасақтанып жорыққа шықты, ал [Тебризге] келгеннен кейін, Мәлік Ашрафты өлтіріп, Тебриз бен Ирак уәлаяттарын алды», – дейді [96, 180-181 б.].

Жәнібек хан Алтын Орданың сансыз көп әскерін бастап, Дербент арқылы Кура өзеніне жеткен соң, ол жерден жорық бағытын Тебризге бағыттады. Бұл ақпарат Мәлік Ашрафқа келіп жеткен кезде, оған ол сенген жоқ. Оның пікірі бойынша, оның қарамағындағылар оны қитұрқылықпен ойдан шығарып, одан ақша алудың амалын жасауда деп ойлады. Ақыр соңында, жаудың Ширванға жеткені жөніндегі ақпаратқа көзі жеткен соң ғана бірқатар дайындық шараларын жүзеге асыра бастады. Ең алдымен Мәлік Ашраф өзінің балалары мен әйелдерін және бағалы заттары мен алтындарын сандықтарға салып, 400 түйе мен 1000 қашырға тиеп Уджанға аттандырды. Осыдан кейін ғана әскерді жасақтауға дайындық жұмыстарын жүргізіп, әрбір келген жауынгерге алтын, жылқы, халат, қару-жарақ беріп, шайқасқа аттандырды. Бірақ осындай шараларға қарамастан, Мәлік Ашраф әскерінің саны бар болғаны шамамен 17-18 мың ғана болды. Ал Жәнібек хан әскерінің саны жөнінде түрлі деректерде шамамен, 100 мың және 300 мың шамасында болған. Ал Мысыр сұлтаны әл-Мәлік ан-Насыр Хасанға осы шайқастағы жеңісін хабарлау үшін аттандырылған Алтын Орда елшісінің әсірелеп айтқан мәліметі бойынша, Жәнібек хан әскерінің құрамында, тіпті 700 мың жауынгер болды деп айтқан еді [61, с. 92]. Әрине, бұл аса әсерленіп, Мысыр сұлтаны алдында Алтын Орданың беделін арттыру мақсатында айтылғаны белгілі. Бірақ Әзірбайжанды жаулауға сансыз көп әскердің жорыққа аттанғаны айқын. Мәлік Ашраф әскері Саид-абадқа дейін жеткенше, оның көп бөлігі жан-жаққа шашырап кетті. Осы кезде Жәнібек хан өз әскерімен Мәлік Ашраф әскеріне қарсы шабуылға шықты. Жәнібек хан Мәлік Ашраф әскерін қоршауға алуға бұйрық берді. Ал Мәлік Ашрафтың өзі осы қоршаудан әзер қашып шықты. Бұдан кейін, жеңіске жеткен Жәнібек хан Уджанға басып кірді. Осы кезеңде Мәлік Ашраф балалары мен мал-мүлкін сақтап қалу үшін, ол жерге алғаш баруға асықты. Жергілікті халық өздерін көптеген жылдар бойы езіп-жаншып келген, жеңіліске ұшыраған билеушісін көріп, оның мал-мүлкін талапайға салды. Тіпті Мәлік Ашрафтың өз әйелдері де одан безіп кетті. Жападан-жалғыз әскерсіз, биліксіз қалған Мәлік Ашраф Хоедегі шейх Мұхаммед Балықшыдан пана іздеп, соған барды. Алайда шейх бір жағынан Алтын Орда ханына құрмет көрсетіп, екінші жағынан өз

қауіпсіздігі үшін одан қауіптеніп, Жәнібек ханға шабарман жіберді. Осылайша, Мәлік Ашрафты Жәнібек ханға ұстап берді. Оны әмір Бейаз және диван басшыларының бірі Қожа Махмұд Тебризге алып келген кезде, халық оған өздерінің өшпенділігі мен ашуымен оған қарсы лағнет сөздер айтып, тас атқылады. Жәнібек ханның: «Сені өз халқыңды күйзелтуге, зорлық-зомбылық жасауға, халықтың мал-мүлкін тонауға, Алланың құлдарына қорлық көрсетуге не итермеледі?» – деген сауалына, ол былайша жауап қайтарды: «Мұндай әрекетті барлық билеушілер, басшылар мен сұлтандар жасаған», – деп жауап қайтарған еді. Жәнібек хан Мәлік Ашрафты өлім жазасына кесуді аса қалаған жоқ, бірақ әмір Кавус пен қазы Мухиддин ал-Бердаидың «егер Ашраф тірі қалған күнде халық зорлық-зомбылық қайта орнайды деген қауіптен, тыныштықпен өмір сүре алмайды» деп айтқан сөздерінен кейін, ғана оны өлім жазасына кесті. Осыдан кейін, Жәнібек хан Тебризге он мыңдық әскерімен кірді. Жәнібек хан әмірлердің бірінің үйіне тоқтап, бір күн болды және Тебриздегі Али Шах мешітінде намаз оқыды. Алтын Орда әскері де «Рудхане» деген жерде орын теуіп ханның бұйрығымен жергілікті халықты тонаушылыққа жол берілмеді. Ал Мәлік Ашрафтың мал-мүлкі әскер арасында соғыс олжасы ретінде бөлініске салды. Осылайша, Алтын Орда хандарының ғасырға жуық уақыт бойы талас-тартысқа негіз болған Әзірбайжан жерін жаулап алуы Ирандағы Хулагу ұрпақтарының билігі күйреген кезеңде жүзеге асты. Қысқа ғана уақыт аралығында Әзірбайжан жері Алтын Орда құрамына енді.

Тебризде соғылған монеталарға байланысты зерттеу жүргізген түркиялық зерттеуші М. Кафалының пікірінше, Әзірбайжан жерін жаулап алу 1356 жылдың қаңтары мен 1356 жылдың желтоқсан аралығында болған. Сондай-ақ, монеталар Тебризден басқа Хоеде, Нахичиванда, Мерагада соғылған. Жәнібек хан атынан соғылған монеталар күйреген Хулагулық Иран мемлекетінің ыдыраған аудандарында таралуы Әзірбайжан жерін жаулаудың маңыздылығын көрсетеді [120, 84-85]. Бірақ Әзірбайжан жерінде Алтын Орда билеушісінің билігі ұзаққа созылмады, Жәнібек хан жорық кезінде аса қатты сырқаттанған еді. Жәнібек ханның сырқаты жөнінде оның әмірлері жауынгерлер мен Әзірбайжан халқы арасында аса құпия түрде сақтап, ханды Сарайға аттандырды. Әзірбайжанға ханның билеуші өкілі ретінде оның үлкен ұлы ханзада Бердібекті тағайындап, ал бас қолбасшы ретінде әмір Ахиджук тағайындалды. Хамдаллах Казвини мәліметіне сәйкес, Ахиджук алғашқы кезде Мәлік Ашрафтың қызметінде болған, ал кейін Алтын Ордаға қызмет етуге қабылданған, бірақ ол Әзірбайжан жерінен Жошы ұлысы әскерлері кеткенін пайдаланып билікті басып алған дейді [101, с. 188- 192].

Жәнібек ханның өлім аузында жатқанын білген ықпалды әмірлердің бірі Тоғлубай (Тұлымбай) шұғыл түрде Бердібекке хабар жіберіп, ханзадаға әкесінің жағдайы жөнінде хабарлап, хан тағын басқа да көптеген туыстарына бермеу үшін тез арада Сарайға келуі жөнінде кеңес берді. Бердібек әмірдің кеңесіне құлақ асып, Әзірбайжанды Ахиджукқа сеніп тапсырып, өзі шұғыл түрде астанаға жол тартты. Бұдан кейінгі оқиға желісі деректерде түрліше сипатталады. Бірқатар авторлардың мәліметтеріне сәйкес, Жәнібек хан Сарайға қайтып келе жатқан сапарында жол үстінде көз жұмып, Бердібек оны тірі

кезінде ұшыраса алмады десе, басқа деректерде, яғни Алтын Орда мен оның билеушілеріне жеккөрушілік көзқарастардағы авторлар мәліметтері бойынша, Бердібек Сарайға келіп, әкесінің сыртқатынан айығып, жақсара түскенін білген соң, оның сарайына кіріп, әмір Тоглубай екеуі ханды тұншықтырып өлтірген дейді. Осыдан кейін, әкесінің орнына таққа отырған соң Бердібек-хан бірнеше уақыт аралығында өзінің бауырлары мен туыстары қатарында жалпы саны 12 адамды өлтірді [101, с. 255]. Осылайша Бердібек-хан тақ билігі үшін күресте мемлекеттің сыртқы саясатына тіптен көңіл бөлмеді. Осыны пайдаланған Тебризде ханның билеуші өкілі ретінде отырған әмір Ахиджук көп кешікпей аман қалған Мәлік Ашраф жақтастарының басын біріктіре отырып, өзін тәуелсіз билеуші ретінде жариялады. Алайда Алтын Орда әскерінің көмегінсіз оның билігі ұзаққа созылмады. Біршама уақыттан соң, Музаффаридтер әулетінен шыққан Фарстың билеушісі Мубариз ад-Дин Мұхаммед оны талқандап, өзін өлтірді. Әзірбайжан жері Алтын Орда билігінде тек бір жылға жетер-жетпес уақыт болып, қайтадан Ирандағы жергілікті әмірлердің қолына көшті. Осылайша, Әзірбайжан жері ғасырлар бойы талас-тартыс аймағы болып, енді ғана бағындырған кезеңде тақ билігі үшін талас-тартыстан Алтын Орда билігінен оңай шығып кетті. Бердібектің жүргізген саясаты халықтың наразылығын туғызып, оның тірі күнінде-ақ таққа таласқан жеті бәсекелесі пайда болды. Әрине, ішкі алауыздықтар кезеңінде Алтын Орда хандарының Әзірбайжан жерін иеленуге деген саясаты кейінге қалдырылғаны белгілі. Жоғарыда аталғандай, Бердібек өзінің бауырларының барлығын құртып, тек өзінің ұлын ғана қалдырды. Бірақ біршама уақыт өткен соң, оның ұлы қаза болып, оның күйігінен хан ішімдікке әуес болып, үш жылдан соң қаза болды. Осылайша, 1227 жылдан Бату ханнан басталатын әулет тармағының билігі 133 жылдан соң үзілген еді. Осыдан кейін түрлі әмірлер мен ұлыс бектері бірінен соң бірі таққа отырып өздерінің саясатын жүргізіп, Сарай билігі үшін талас-тартысқа түсті.

Сонымен, Жошы ұрпақтары мен Хулагулықтар арасындағы талас-тартыс объектісі болған Әзірбайжан жері үшін болған соғыстар тек Хулагулық Иран мемлекеті ыдыраған соң ғана Алтын Ордадағы Жәнібек хан кезеңінде жүзеге асқан еді. Бірақ бұл аймақтағы Алтын Орда билігі ұзаққа бармады. Бердібектің билік үшін күресінің нәтижесінде Алтын Орданың Кавказ жеріндегі саясаты әлсіреп, бұл аймаққа деген бақылау қайтадан жергілікті әмірлер қолына көшті. Сонымен қатар, Бердібек-хан өлімінен кейін Алтын Орда ішінде саяси дүрбелең басталды. Ал ішкі саясаты әлсіреген мемлекетте сыртқы саяси мәселелер екінші кезекке қалатыны белгілі. Сондықтан Алтын Орда ішінде билікке таласып, бірін-бірі жылдам ауыстырған монархтар күйреген Хулагулық Иран мемлекетінің иелігі болған Әзірбайжан жеріне қатысты саясат жүргізген жоқ. Әзірбайжан жеріне қатысты мемлекеттің сыртқы саясаты тек осы аймақтар үшін Темірге қарсы тұрған Тоқтамыс билігі кезінде ғана қайта жандана түсті.

3 САРАЙ-КАИР ЖӘНЕ САРАЙ-КОНСТАНТИНОПОЛЬ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

3.1 Алтын Орда және Мысыр мәмлүк мемлекеті арасындағы әскери-саяси одақтың құрылуы

XIII ғ. Таяу және Орта Шығыстың бірқатар мұсылман мемлекеттері сол кезеңдегі әлемдік саясаттың басты назарында болып, Батыстан крестшілер жорықтар жасаса, Шығыстан моңғолдардың жойқын жорықтарына тап болды. Бұл жөнінде араб авторы Ибн ал-Асирдің мәліметінде былайша сипатталған: «Сол кезеңде ислам мен мұсылмандар бірде-бір халық басынан кешірмеген [түрлі] бақытсыздықтарға ұшырады. Олардың қатарына осы татарлар жатады, Аллах оларды қарғыс атсын! Шығыстан келген олардың жасаған [сондай] іс-әрекеттері жөнінде естіген әркім де қорқынышты жәйт екендігін мойындайды... Соның қатарында (яғни, бақытсыздықтар) Франктердің жорықтары да жатады – Аллах оларды қарғыс атсын! – батыстан Сирияға, Мысыр мемлекетіне жасаған шапқыншылықтары мен Димиат айлағын басып алуы; құдіретті Алланың рахымы мен оларға қарсы көмегі болмағанда, олар Мысыр, Сирия және басқаларын басып алуға сәл-ақ қалған еді» [100, с. 27-28]. Ибн ал-Асир өз мәліметін Хулагу бастаған моңғолдардың масштабты жорығына дейін жазған еді. Соған қарамастан, Ибн ал-Асир шығыстан моңғолдар тарапынан болған шабуылдарды сол кезеңдегі мұсылман әлеміндегі ең ірі бақытсыздықтар тарапына жатқызған еді.

Моңғолдардың Таяу және Орта Шығыс мемлекеттеріне жасаған бірнеше жорықтарынан кейінгі масштабты жорығы ұлы қаған Мөңкенің билігі кезінде жүзеге асырылды. Ол өзінің кіші інісі Хулагуды бүкіл моңғол ұлыстарынан жиналған сансыз көп әскермен жорыққа аттандырғанын жоғарыда айтып өткен едік. Моңғол әскерлері Хулагудың қолбасшылығымен жоғарыда сипатталған бірқатар мұсылман елдері мен Месопотамия территориясын бағындырып, жорық бағытын Сирия, Палестина және Мысыр аймағына қарсы бағыттауы аталған мемлекет билеушілеріне үлкен қауіп туғызды. Бірақ 1260 жылы 3 қыркүйекте Айн Джалут маңындағы шайқаста найман Кетбұға басқарған моңғол әскерлеріне қарсы Мысырда билікті қолдарына алған мәмлүктердің күшті тойтарыс беруі мен ұлы қаған Мөңкенің қайтыс болуынан кейін бас қолбасшы Хулагу жорықты аяқтауға мәжбүр болды. Осылайша, Мысыр – экономикалық даму деңгейі жағынан ең жоғары, орталықтандырылған Таяу Шығыстың ең қуатты мемлекеті ретінде Батыстан төнген крестшілер мен Шығыстан төнген моңғолдардың басқыншылық жорықтарына қарсы төтеп бере алды. Бұл әскери науқанда қатаң әскери тәртіпке негізделген күш-қуаты мол мәмлүк жауынгерлері мен қатаң әрі берік мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастырған мәмлүк сұлтандарының шебер саясатының арқасында мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап қалды. Тек өз тәуелсіздігін сақтап қана қалған жоқ, қуатты державалық мемлекет ретінде халықаралық аренадағы саяси ықпалын да арттырып, мәмлүктер мұсылман әлемінің басты қорғаушысына айналып үлгерген еді.

Бұл кезеңде крест жорықтарын ұйымдастырған Рим Папасы мен Батыс Еуропа монархтары да Таяу Шығыста мәмлүк билігі орнаған қуатты Мысыр мемлекеті өмір сүріп тұрған кезеңде өздерінің бұл аймақтарға қатысты жоспарларын жүзеге асыру мүмкін еместігіне әлденеше рет көздері жетіп, оларға қарсы күрескен моңғолдар тарапынан мұсылмандарға қарсы одақтастыққа мүдделік танытты. Олар өз жоспарларында қуатты моңғол билеушілерімен одақтаса отырып, өз мақсаттарына жетуді көздеп, моңғолдарға аттандырылған дипломатиялық елшіліктердің миссиясының бірі болған еді. Сондай-ақ, бұл кезеңде моңғол хандарының христиан дінін ұстануы жөнінде әсірелеп айтылған мәліметтер де Еуропаға кеңінен тараған еді. Папа куриясы мен Батыс Еуропа монархтарының моңғолдарға елшіліктер аттандыруы, ең алдымен, Батыста моңғолдардың шапқыншылығы жөніндегі үрейден туындаса, Шығыста Мысырдың басты қарсыласы болған Хулагулық Иран билеушілері де «христиандармен шынайы одақтас» болуды мақсат етіп, бірқатар елшіліктерді аттандырды. Алайда кейбір зерттеушілердің пікірінше, Папа мен еуропалық монархтар Ирандық моңғол билеушілерінің үмітін ақтамады, ешқандай нәтижеге қол жеткізілмеді, тек олардың адасуына алып келді дейді. Бірақ моңғолдар мен Батыс Еуропа арасындағы елшілік миссиялары біржақты болды деп ойлауға болмайды. Мысыр сұлтандары Хулагулық Елхандар мемлекетіне қарсы күресуде одақтас іздеген болса, сол сияқты Хулагулықтар да Мысырға қарсы одақтастардың көмегіне сүйенуге ұмтылыс жасады. Осыған байланысты Ирандық моңғол билеушілері Сириядағы крестшілермен, Еуропаның христиандық мемлекеттерімен (Франция, Англия және Генуя) және Рим Папасымен елшіліктер алмасқан еді [61, с. 24].

Мысыр жерінде түрік династиялық билігінің негізін қалаған мәмлүк сұлтандары моңғол әскерлерінің алғашқы жорықтарына күшті тойтарыс бергенімен, алдағы уақытта бұл аймақтан келетін үлкен қауіптің барын жақсы түсінді. Зерттеуші Амин әл-Холидің пікірінше, Мысыр мемлекеті бұл кезеңде моңғолдардың шабуылдарына қарсы төтеп бере алса да, мемлекет әбден шаршап-шалдыққан күрескер ретінде өзінің күш-қуаттылығын сарқып, «өз аяғымен тік тұрып» жауға қарсы шығуға қабілетсіздік танытты дейді [144, с. 8]. Сондай-ақ, моңғол әскерінің мәмлүктерден жеңіліске ұшырағанына қарамастан, біршама уақыттан соң Хулагулық Елхандар мемлекеті тарапынан Сирия жеріне жасаған жортуылдары толастамады. Осыған байланысты, 660 х.ж. сұлтан Байбарыс тіпті солтүстік аудандарының тұрғындарын басқа аймақтарға көшіріп, моңғолдарды әскери азық-түлігі мен аттарының жем-шөбінен айыру үшін Алепподан Месопатамия және Кіші Азияға дейінгі аймақтардағы шабындықтар мен тал-шіліктердің барлығын өртеп, құртуға бұйрық берді [61, с. 43]. Осыған байланысты, Мысыр билігін қолына алған сұлтан әл-Мәлік аз-Захир Байбарыс (1260-1277) ымыраға келмейтін басты дұшпаны – Ирандық моңғол билеушілерінің жаулаушылық жоспарына қарсы қуатты мемлекетпен одақтастық орнатуға мұқтаж болды. Ал бұл кезеңде күш-қуаттылығы жағынан да, ортақ мүддесі жағынан да Хулагулық Иран мемлекетіне қарсы тек Алтын Орда ғана одақтас мемлекет болуға лайықты еді.

Бұл уақытта Алтын Орда мемлекетінде Бату билігінен кейінгі уақытта Сартақ, Ұлақшының қысқа ғана билік еткен уақыт аралығынан соң, ислам дінін алғаш қабылдаған моңғол билеушісі Берке хан (1256-1266) билікке келген еді. Жошы ұлысындағы моңғол ақсүйектері мен мұсылман (көпестерінің) қауымының қолдауымен билікке келген Берке хан үшін мемлекеттің орасан зор шекаралық аймағының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлемдік геосаясатта өз мақсатына жету жолында сыртқы саясатын жандандыру үшін Таяу Шығыстың Мысыр секілді қуатты мемлекетімен одақтас болуы заңды құбылыс еді. Осыған орай, Беркенің сыртқы саясаттағы алғашқы қадамдарының бірі Мысыр мәмлүк мемлекетімен әскери-саяси одақтастыққа қол жеткізгендіктен, сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі Таяу Шығысқа бағытталды. Бір қызықтысы, екі мемлекет арасындағы әскери-саяси одақ орнатуға деген бастама Әзірбайжан жері үшін Хулагуға қарсы күрес жүргізу үшін одақтасқа зәру Берке тарапынан емес, 1260 жылы Айн-Джалут маңында моңғолдарға қарсы шайқаста жеңіске жеткен мәмлүк сұлтаны әл-Мәлік аз-Заһир Байбарыс тарапынан болды.

Хулагулық Иран мемлекетінің Мысыр иелігіндегі аймақтарға бағытталған шабуылдарына қарсы тосқауыл қою қажеттілігіне байланысты сұлтан Байбарыс Алтын Ордамен әскери-саяси одақ құруға деген ұсынысын алғаш рет XIII ғ. 60-шы жылдары жасады. Бұл уақытта Берке хан Моңғол империясының ыдырау қарсаңында Құбылай мен Арық-Бұға арасында талас-тартыс кезінде қалыптасқан саяси жағдайды өз мүддесіне шебер пайдалана отырып, өзінің сыртқы саясатын тәуелсіз түрде жүргізуге мүмкіндігі болды. Сондай-ақ, Берке ислам дінін қабылдаған соң, Таяу және Орта Шығыстың мұсылман мәдениетімен араласқан алғашқы моңғол билеушісі ретінде танылып үлгерген еді. Осыған байланысты Беркенің ислам дінін қабылдауы Алтын Орданың сыртқы саясатының тарихында маңызды оқиға болып, оның сыртқы саясатының бағыты да осы аймақтарға қарай бағытталды. Берке ханды алғашқы кезден-ақ ислам дінін қабылдаған Еуразиядағы қуатты Алтын Орда мемлекетінің билеушісі ретінде Мысыр мәмлүк сұлтандары өздерінің сенімді әскери стратегиялық одақтасы ретінде жоғары бағалаған. Беркенің ислам дініне бет бұруы мысыр-араб деректерінде шынайы діннің жеңісі ретінде сипатталған. Беркенің атқарған ісінің тарихи маңызы жөнінде Ибн Кассир Мысыр мемлекетінің мүддесі тұрғысында былайша сипаттайды: «Оның ұлы істерінің қатарында Хулагуды жеңіліске ұшыратуы мен оның қолын талқандауы еді. Ол әл-Мәлік аз-Захирдің досы болды, оны құрметтеді, оның елшілеріне ізет көрсетіп, оларға үлкен сыйлықтар тарту етіп отырды» [33, с. 276].

Мысыр жерінде мәмлүктер билікті XIII ғ. 50-ші жылдары өз қолдарына алып, түрік династиялық билігінің негізін қалағанымен, Алтын Ордамен қарым-қатынасының бастауын он жылға таяу уақыттан кейін XIII ғ. 60-шы жылдары бастады. Сондай-ақ, хронологиялық жағынан да екі мемлекеттің саяси өмірінде болған тарихи оқиғалар арасында параллелизмнің болғаны байқалады: Алтын Ордада Жошының үшінші ұлы, ислам дінін алғаш қабылдаған мемлекеттің көрнекті қайраткер билеушісі болған Берке билікті қолына алып, орталық Қарақорым билігінен тәуелсіз түрде сыртқы саясатын жүргізуге қол жеткізсе, Мысыр жерінде Қыпшақ даласының тумасы Бейбарыс билікті қолына алды

және Аббасидтер халифатын қалпына келтірді, Шығыстан төнген моңғол жаулауына Батыстан төнген крест жорықтарына қарсы тұрып, мұсылман мемлекеттерінің қорғаушысына айналды және Мысыр мемлекетінің шекарасын Сирия, Палестина, Хиджаз, Солтүстік Африка мен Кипр жерлерінің есебінен кеңейтті. Бұл екі державалық мемлекет ұзақ жылдар бойы әскери-саяси альянсын құрып, бірқатар факторлар екі мемлекеттің тұрақты байланыс жасауының стимулына айналды: саяси тұрғыдан (олардың басты қарсылас дұшпан мемлекеті ортақ болды), идеологиялық тұрғыдан (Беркенің ислам дінін қабылдауына байланысты кәпірлерге қарсы қасиетті соғыс), экономикалық тұрғыдан (Мысырда мәмлүктерге сұраныс әсерінен екі мемлекет арасындағы құл саудасы), мәдени және лингвистикалық тұрғыдан (түрік-қыпшақ мәдениетінің ықпалы) болды.

Екі мемлекеттің байланыс орнатуына алғашқы кезекте Байбарыс сұлтанның Қыпшақ даласының тумасы болуы да ықпал еткен басты себептердің бірі болды. Моңғолдардың Қыпшақ даласына жорықтары кезінде тұтқынға түскен түріктер тірі тауар (құл) ретінде Сирия мен Мысыр жеріне құлдыққа сатылғаны белгілі. Ол жөнінде әл-Айни мәліметіне былайша сипатталған: «От них-то, [и произошли] мамлюки адилийские, камиллийские, ашрафийские, муззамийские, насирийские да азизийские, оставившие прекрасные следы в государствах мусульманских» [33, с. 503]. Тұтқын түріктердің арасында мәмлүк әулеттік билігінің негізін қалаған Байбарыс пен кейінгі кезеңдегі сұлтан болған Қалауын да қыпшақ даласының тумасы болған. Әл-Айни мәліметтерінде олардың түрік-қыпшақ бурджоглы тайпасынан шыққанын атап өтті. Ал араб авторы әл-Омаридің мәліметіне сәйкес, қыпшақ даласынан әкелінген түріктер адалдығымен, қайсарлығымен, дене бітімінің келістілігімен және бекзат мінез-құлқымен ерекшеленген. Мысыр әскерінің көпшілігін осы мәмлүктер (құлдар) құрап, олардың арасында аса шебер қолбасшылар шыққан дейді. Сонымен қатар, әл-Омари мәмлүктерден шыққан мысыр сұлтандары «өз тумаларына ықылас танытып, оларды Мысырға көптеп қоныстандыруға ұмтылыс жасады», – дейді [33, с. 232].

Й. Хаммер-Пургшталь өз еңбегінде Байбарыстың шығу тегін бірнеше рет атап өтіп, араб авторларының мәліметтеріне сүйене отырып, мәмлүк сұлтандарының өз қандастарымен достық қарым-қатынас жасауға аса қызығушылық танытқанын атап өтті. Байбарыс Дамаскіде 800 дирхемге бір көпеске сатылып, бірақ ол оның көзінде ақ шел барын байқап, көпес сауда келісімін бұзады. Ақыр соңында Байбарысты әмір Айдакин әл-Бундукдари сатып алып, қалыптасқан дәстүрге сәйкес, Байбарыс әл-Бундукдари аталды. Оның қожайыны өз мәмлүктерінен айырылған соң, Байбарыстың әскери қабілеттілігін байқаған аюбидтер сұлтаны Салих 1254 жылы өзінің жеке гвардиясының бөлімшесінің қолбасшы қызметіне тағайындады. Салихтың өлімінен соң оның ұлы Тұран-шах мәмлүктердің қарсылығына тап болып, ақыр соңында мәмлүк қылышынан ажал құшты. Сұлтанның өліміне алып келген саяси қастандыққа қатысушының бірін оның орнына отырған Айбек сұлтан өлім жазасына кескен соң, Байбарыс бұдан қауіптеніп Сирияға қашып кетті. Кейіннен Айбек сұлтанның өзі де мәмлүктер қолынан қаза болған соң,

Байбарыс Каирге келді. Көп кешікпей жаңа сұлтан Құтыз (1259-1260) Байбарысқа моңғолдарға қарсы жорыққа Мысыр әскеріне қолбасшылық жасауды жүктеді. 1260 жылы Айн-Джалуттегі моңғолдармен болған шайқаста мәмлүктер жеңіске жетіп, Сирия территориясына саяси ықпалын сақтап қалды. Ал Байбарыс Мысыр жұрты үшін қайсарлығы және ерлігімен танылды. Құтыз сұлтан барлық әмірлерді жомарт марапаттап, ал Байбарысты назарға алмады. Бұдан кейін Байбарыс Құтызбен өштесіп, әмірлер арасында құпия келіссөздер жүргізе отырып, Каирге қайтар жолда Құтызды өлтірген еді. Мысыр қолбасшылары мен әмірлері бірауыздан Байбарысты Мысыр билеушісі ретінде жариялап, 1260 жылдың соңында Байбарыс Каирге салтанатпен оралды. Байбарыс Мысыр тағына әл-Мәлік аз-Захир Рукн ад-дуний ва-д-дин Байбарс ал-Бундукдари ас-Салих атымен отырған еді [61, с. 37]. Зерттеуші Амин әл-Холидің айтуынша, қыпшақтар Мысыр әскерінің құрамында командалық қызметтерде болған, тіпті олардың арасындағы кейбіреулері Мысыр жерінде жүз жылдан аса уақытқа созылған билеуші әулеттің негізін қалады. Бізге белгілісі – Байбарыстан басқа қыпшақтан шыққан Қалауын мемлекетті 103 жыл билеген әулеттің негізін қалады. Кусун – ұлы әмір, қыпшақ даласының тумасы болды. Ол бүкіл Мысыр әскерінің үштен бірінің басын біріктірген еді [144, с. 11].

Тарихи дамуы жағынан да, географиялық орналасуы жағынан да бір-бірінен шалғайда орналасқан екі мемлекеттің арасындағы тығыз және ұзаққа созылған әскери-саяси одақтастық орнатуы әлемдік саясаттағы тарихи оқиғалардың нәтижесіне байланысты болғаны айқын. Сондықтан оған ықпал еткен төмендегідей бірқатар алғышарттарын қарастырып өтуіміз қажет.

Біріншіден, Еуразия даласында Алтын Орда секілді қуатты мемлекеттің құрылуы мен XIII ғ. 60-шы жылдары тарихи аренада Иран және Ирак территориясында құрылған Хулагулық Елхандар мемлекетінің саясатына қарсы шығуының өзі моңғолдармен қарсылас басқа мемлекеттердің назарын өзіне бірден аударғаны түсінікті жайт. Сондай-ақ, Мысыр сұлтандары Таяу Шығыста саяси жағынан ықпалды Хулагулық Иран мемлекетімен соғысып, оның қаншалықты қауіпті қарсылас бола алатындығын жақсы түсінді. Мысыр сұлтандары, бір жағынан, Алтын Ордамен достық қарым-қатынас орнату арқылы Хулагулық Иранға қарсы әскери-саяси одақ құруды көздеген болса, екінші жағынан, моңғол билігіндегі екі мемлекетті өзара араздастыра отырып, Таяу Шығыстағы моңғол үстемдігін әлсірету болды. Сондай-ақ, жаңа одақтастың шамадан тыс күшеюі мен Хулагулық Иранның толық талқандалуы да Мысыр сұлтандарының мүддесіне сай келмеді.

Бұл жөнінде С. Закировтің пікірінше, екі мемлекеттің дипломатиялық қатынастарының тарихында Мысыр мәмлүк мемлекеті қуатты Алтын Орданың қолдауына «аса мүдделі болған», сонымен қатар, Жошы ұрпақтарының Хулагулық Иранға қарсы күресі жалғасын тауып жатқан жағдайда ғана бұл әскери-саяси одақтастық өз маңыздылығын жоғалтпайтын еді дейді [61, с. 4].

Екіншіден, Жошы ұлысының билеушісі Беркенің ислам дінін қабылдауы Мысыр мәмлүк мемлекетінің алдына қойған мақсаттарына жетуіне біршама жеңілдеткен, мүмкін шешуші рөл атқарған фактор болуы да ықтимал [81, с. 95-

96]. Бұл мәселеде айта кететін жағдай, сол уақыттарда діннің рөлі аса маңызды болып, идеологиялық саясаттың құралы ретінде қолданылған. Тіпті қазірдің өзінде Таяу Шығыс елдерінде діннің саясатта маңызды рөл атқаратынын мойындауымыз қажет. Бастапқы кезеңде Мысыр мемлекетіне қауіп төндірген Хулагулық Иранға қарсы Жошы ұрпақтарын араздастыруға мәмлүк сұлтандары «кәпірлерге қарсы қасиетті соғысқа» шақыру сияқты күшті идеологияны қолданғаны белгілі. Алайда бұл идеологиялық құрал тек 40 жыл уақыт қана саяси күшке ие болып, соғыстың діни сипаты маңызды орынға ие болды. Бірақ XIII ғ. соңы мен XIV ғ. басындағы Хулагу әулетінің ислам дінін қабылдауына байланысты соғыстың бұл сипаты өзгеше сипат алды. Сұлтан Байбарыстың елшілері 1262 жылдан бастап-ақ, Берке ханға келген еді. Олар Алтын Орда ханына бағалы сыйлықтар бере отырып, Беркенің исламға бет бұрғанына аса ризашылығын білдіріп, Алтын Орда билеушісінің шынайы мұсылман ретінде кәпірлерге қарсы, яғни Хулагулық Иранға қарсы шығатына сенім білдірді. Берке бұған жауап ретінде елші жіберуге асықпады, себебі Алтын Орда ақсүйектері арасында кең тарамағандықтан, ислам дінінің аса ықпалы болмады. Ислам діні Алтын Орда қоғамында тек Өзбек, Жәнібек хандар кезінен бастап, мемлекеттік дін ретінде маңызды орын алғаны белгілі. Сондықтан Берке Шыңғыс хан негізін қалаған әскери қағидаларына негізделген Алтын Орданың мұсылман емес ақсүйектері Мысыр мәмлүк мемлекетімен бірігіп, Алла жолында «Джихад» қасиетті соғысына шығуға моңғол қолбасшыларының қолдауына аса ие болмайтынын түсінді. Осы жерде Беркенің ислам дінін ұстануы жөнінде қарастырып өтуіміз қажет. Әрине ол мұсылман дәстүрінде тәрбиеленіп, нәтижесінде мұсылмандықты қабылдап, Джамал ад-Дин Ибрахим мұсылмандық атын да иемденді. Бірақ Беркені діни тақуа ретінде сипаттап, әлемге «шынайы дінді» таратуға ұмтылысы тым дәріптеліп, баяндалуы ортағасырлық мұсылман авторларының әсірелеуінің жемісі еді. Беркенің ислам дінін Алтын Ордада мемлекеттік дін ретінде қабылдап, вассалдық мемлекеттерге ислам дінін тарату жоспарында болған емес [67, с. 28].

Үшіншіден, Мысыр мәмлүк мемлекетімен әскери-саяси одақтастық Алтын Орда үшін аса тиімді болды. Өйткені Хулагу мемлекетіне қарсы соғыс өрті тұтанып, қандай жағдай болса да соғыстың болатыны сөзсіз еді. Берке мен Хулагудың әскері арасындағы алғашқы шайқас сол оқиғаның замандасы Ибн Василдың хабарлауынша, «Берке соғыс болған жерге келіп, қорқынышты көріністі көріп, былай деді: Алла моңғолдың қылышымен моңғолды қиратқан Хулавунаны қарғыс атсын. Егер бірігіп қимылдасақ, бүкіл дүние жүзін бағындыратын едік», – деген еді [33, с. 85]. Мысыр мемлекеті мен Алтын Орда қарым-қатынастарын зерттеуші С. Закировтың пікірінше, Беркенің өзінің немере інісіне қарсы соғысы үшін мұсылмандар алдында оны кәпір деп айыптаса, ал моңғолдар алдында оны ұлы жасақ заңын бұзғаны үшін айыптады [61, с. 15-16]. Сонымен қатар, Беркеден кейінгі билікте болған Жошы ұрпақтары да Кавказ территориясында саясатын жүргізуде Мысырмен одақтасуға аса мүдделі болған. Олардың жіберген елшіліктерінің басты мақсаты Хулагулық Иран мемлекетіне қарсы бірігіп әскери қимылға шығуға шақырған еді. Мысыр сұлтаны Беркеге жазған хаттарында көп айтылған ислам

діні үшін «Қасиетті соғыс» Алтын Орда билеушілерінің мұсылман емес мемлекетке (Хулагу әулетіне) қарсы Әзірбайжан территориясы үшін күресудің негізгі себептерінің бірі болса, Мысыр сұлтандары үшін Ирандық моңғолдар жаулап алуға ұмтылыс жасаған Сирия территориясын қорғау үшін арқа сүйейтін басты одақтасы еді.

Сондай-ақ, екі мемлекеттің тағдыры XIV ғасырдың соңына дейін «күл саудасы» арқылы байланысып отырды. Өйткені Мысыр мәмлүк мемлекетінің күш-қуаттылығын мәмлүктер (ақ күлдар) есебінен элиталық армия құраған еді, ал бұл мемлекетті сақтап қалған мәмлүктер әскері өмір сүріп тұрған кезеңде күлдарға деген сұраныс жыл сайын артып отырды. Бұл жөнінде Византия тарихшысы Георгий Пахимер, «... мысырлықтар скиф тайпаларын жоғары бағалаған еді, бұл халықтан күлдыққа адамдар сатып алып, әсіресе олардың есебінен әскер жасақтады; ал енді, скиф жоғарғы билікті қолына алған соң, скиф тайпалары Мысырдың негізгі әскери күші ретінде ерекше сипатта бағаланды. Ал скиф тұтқындарын тек Қара теңіздің бұғазы арқылы ғана жеткізу мүмкіндігі болды, ал бұл мүмкіндікті жүзеге асыру үшін патшаның келісімі қажет болды. Осыған байланысты, Мысыр кемелерінің Евксин Понт (Ρόντος Εύχενος (Қонақжай теңіз) - Қара теңіздің ежелгі грек тіліндегі атауы – А.Н.) арқылы өтіп, скиф жастарын сатып алып қайтқан кемелерінің еркін қатынауын қамтамасыз етуге деген өтінішпен бірнеше елшіліктерді аттандырды», – деп сипаттаған еді [99, с. 2].

Беркенің Мысыр мемлекетімен арнайы қарым-қатынастарды орнатуына дейін сұлтан Байбарыстың пайдасына орай бір әрекет жасаған еді. Моңғолдардың Иран мен Иракты жаулауы кезінде Алтын Орда жасақтары Хулагу әскерінің құрамында жаулаушылық жорықтарға қатынасқаны белгілі. Бірақ көп ұзамай Хулагу мен Берке арасында араздық пайда болып, Берке Алтын Орда әскерін кері қайтаруды қажет деп санады. Сонымен қатар, Хулагу Бағдатты жаулауынан кейін Жошы ұлысына қарасты қолбасшылардың көзін құрта бастаған соң, Алтын Орда әскерінің қауіпсіздігі үшін ешкім кепіл бола алмады [16, с. 62]. Хулагумен ашық соғысқа шығуды жоспарлаған Берке моңғолдардың Таяу Шығысқа қарсы жорық жасаған Хулагулық әскердің құрамындағы Алтын Ордаға қарасты жауынгерлерге кері қайтуды бұйырды, ал егер ол әрекеттері жүзеге аспаса, Мысырға қарай өтулеріне бұйрық берді. Соның нәтижесінде екі мыңға жуық Алтын Орда жауынгерлері Хулагу әскерінің қоршауын бұзып шығып, Сирия территориясына қарай өтті. Ол жерде Байбарыс сұлтанның билеуші өкілдері күтіп алып, Мысырға алып келген соң, сұлтан Байбарыс оларды құрметпен қарсы алып, алтынордалық жауынгерлерден (шамасы, көпшілігі түрік-қыпшақтар) өзінің гвардиясының құрамына қабылдаған. Ол жөнінде XV ғ. мысыр авторы әл-Мақризидің мәліметіне сәйкес, 660 жылы (= 26 қараша 1261 - 14 қараша 1262 ж.) Мысыр жерінде пана іздеген татарларды ұстауға байланысты Дамаскіден барлаушылар шығып, олардың көпшілігін қолға түсірді. Мәселенің түйткілі Берке хан Хулагу әскері құрамындағы алтынордалық жасақтарды екеуінің арасындағы (яғни, Берке мен Хулагу) талас басталған соң, өзіне қайтып келуге, ал мүмкіндік болмаса, мысырлық әскерге барып қосылуға бұйрық берген еді дейді [100, с. 301]. Ал ан-

Нувейри мәліметеріне сәйкес, Алтын Орда жауынгерлері ислам дінін қабылдаған және мәмлүктердің барлық артықшылықтарын иемденіп, қызметке қабылданған соң, өздеріне тиесілі жер иеліктерін де алған. Алтын Орда жауынгерлері Мысырға бұдан кейін де келген. Оның ең ірісі 1 300 жауынгерден тұратын, жасақтар Каирге 1263 жылы қазан айында келіп, сұлтан гвардиясына қызметке қабылданды [100, с 132-133].

Осы оқиғалардан кейін Алтын Орда мен Хулагулық Иран арасында жауластық оты күшейе түсті. Ибн Касирдің мәліметі бойынша, 660 х.ж. (26 қараша 1261 ж. - 14 қараша 1462 ж.) Берке хан мен немере ағасының баласы Хулагу арасында жауластық басталғанын айтып өтіп, оның себебін былайша түсіндіреді, Берке ол (Хулагу) жаулаған елдерден түскен олжадан, ақша, тұтқындар есебінен қалыптасқан дәстүрге сәйкес үлесін талап етуге (елші) жіберді. Ал ол болса, оның елшілерін өлтірді. Сонда Берке қаһарланды және Хулагуға қарсы бірігіп, әрекет жасау үшін (Мысыр сұлтаны Эльмелик) Эззахырмен хат жазысуды бастады дейді [33, с. 276]. Сондай-ақ, Батыс тарихшыларының пікірінше, мысырлықтармен басқыншылық пиғылда болған крестшілер Хулагулық Иранды қолдаған дейді. Ол жөнінде Лэн-Пуль, Құлаулық Иран билеушілерінің христиандармен достық қатынаста болған деп атап өткен. Әрине, бұл өте қисынды пікір, өйткені крестшілер мен Хулагулық Иран билеушілері бірін-бірі саяси жағынан мүдделес және олардың ортақ жауы Мысыр мемлекеті болған белгілі. Ал Мысыр мемлекеті крестшілерді ығыстырып, Хулагулықтарға қарсы күресінде өзінің саяси ықпалын нығайтты, әрине бұл Алтын Ордамен одақтасуының нәтижесінде ғана жүзеге асқан еді [61, с. 38].

Мысыр мен Алтын Орда арасындағы байланыстары жөнінде жазып өткен мәмлүк сұлтаны Байбарыстың жеке хатшысы қызметін атқарған Ибн Абд аз-Заһир өзі қызметін атқару кезеңінде екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар енді ғана басталған еді. Ибн Абд аз-Заһир өз заманының аса маңызды тарихи оқиғаларын баяндаған еңбегінде мемлекеттік маңызы бар құжаттарды пайдаланумен қатар, көптеген саяси оқиғалар мен маңызды келіссөздердің тікелей куәсі болды. Бұл автор екі мемлекеттің байланыс орнатуына діни факторды бірінші кезекке қояды. Тәжірибелі хатшы Ибн Абд аз-Заһир Мысыр сұлтанының тапсырмасы бойынша Берке ханға хат жазып, онда мұсылман емес, кәпір Ирандық моңғол билеушілеріне қарсы қасиетті соғысқа шығуға шақырып, оның бұл күреске шығуын шынайы мұсылман ретіндегі басты міндеттерінің бірі екенін айта отырып, Хулагуды өзінің туысы болғанына қарамастан, оған қарсы соғысқа шығуға үгіттеп, мұсылман болу тек сөздерден ғана құралмайды, кәпірлерге қарсы қасиетті «джихад» соғысына шығу оның басты тіректерінің бірі деп Байбарыс сұлтанның тапсырмасымен Берке ханға хат жазған еді [81, 98-99 б.]. Бұл хат мазмұны Мысыр мен Алтын Орда арасындағы тұрақты түрде болған дипломатиялық келіссөздер барысында, соңғысын Хулагу әулетіне қарсы соғысқа айдап салуға үгіттейтін негізгі идеологиялық құрал ретінде қолданып, одан кейінгі кезеңдерде де осы мазмұндас түрде жолдау хаттар арналып жазып отырды. Нәтижесінде Берке мен әл-Мәлік аз-Захир Байбарыстың арасында тұрақты түрде елшілік алмасу

мен жолдау хаттар жалғасын тапты. Жолдау хаттарда Берке тарапынан исламға шынайы берілгендігіне сендіру мен бір Алла жолында соғысқа шығуға дайын екендігіне сұлтанның көзін жеткізуге тырысса, сұлтан тарапынан жоғарыда айтылғандай, Хулагуға қарсы «қасиетті соғысқа» үгіттеп, Беркенің Хулагумен бір әулеттен шыққан қарамастан, оның соғысқа шығу қажеттілігін атап өтті. Оған Мұхаммед пайғамбардың өз руластарымен және туыстарына қарсы келіп, құрайшиттерге қарсы соғысқанын мысал ретінде сипаттады [100, с. 68-69].

Мысыр сұлтандарының саясаты Алтын Ордамен әскери-саяси одақ құруы нәтижесінде Хулагу Елхандарға қарсы үгіттеу арқылы соғысқа итермелеп, Ирандық моңғол билеушілерінің үздіксіз түрде Әзірбайжан жеріндегі қақтығыстарға назарын аударып, Сирия территориясын тастап, солтүстік майданына кетуіне ықпал етуді көздеген. Ол жөнінде әл-Мақризиді мәліметіне сәйкес, Хулагудың Сирия жеріне жорыққа аттанудан жағдайларға байланысты болмағанына, «[мысырлық] сұлтан қуанды... және халық та қуанышқа бөленді», – десе [33, с. 429], Ибн Халдун, Мысыр сұлтаны Хулагулықтар әскерінің Сирия жерінен аластату мақсатында Алтын Орда ханы Беркенің Хулагуға қарсы шығуына ықпал етті деген еді [33, с. 385]. Ал Берке ханнан басталған Алтын Орда хандарының саясаты бойынша, Мысыр мемлекетімен одақтас бола отырып, екі жақтан күшті соққы беру арқылы Хулагулық Елхандар мемлекетін әлсіретіп, оның Әзірбайжан жеріне деген үстемдігін жою еді. Сондықтан олардың сұлтанға жазған хатында нақты әскери қимылдарға көшу қажеттілігі жөнінде үздіксіз айтып отырды. Ол жөнінде Беркенің Мысыр сұлтанына екі жақты Хулагулық Иранға қарсы соғысқа шығу жөнінде 661 х.ж. (1262/1263 ж.) жазған хатында Мысыр сұлтанына өз территориясы арқылы, ал Алтын Орда әскері де өз жағынан жорыққа шығып, бір уақытта Ирандағы моңғол билеушісіне қарсы екі жақтан шабуыл ұйымдастыруды ұсынды. Сонымен қатар, Хулагу әулетін өз территориясынан қуып шығып, оның қол астындағы бүкіл мұсылман территорияларын Мысыр билеушісіне беруге уәдесін берді [33, с. 189].

Осылайша, екі мемлекет арасында әскери-саяси одақтастық құрылып, тұрақты түрде байланыс орнады. Бұл байланыстардың айқын ерекшелігі тұрақты түрде бағалы сыйлықтар алмасып, екіжақты сый-сияпат жасалып отырған. Әрине, Мысыр мемлекеті Алтын Ордадан өзінің байлығы мен сыйлықтарының алуан түрлілігімен ерекшеленді. Ал Алтын Орда билеушілері елшілерге алтындар мен халаттар тарту ете отырып, достық қарым-қатынастағы мемлекет билеушісіне өз қару-жарақтарының түрлерін, қыран құстарын, далалық жылқыларды, әсіресе құлдар мен күндерді сыйлап отырған. Сонымен қатар, ең бастысы Алтын Орда мен Мысыр арасындағы белсенді дипломатиялық қарым-қатынастар Берке мен Хулагу арасындағы әскери қақтығыстардың күшеюі мен алтынордалық әскерлердің ірі жеңісімен қатар келгені анық. Әрине, Беркенің жеңістері Мысыр мемлекетімен тығыз қарым-қатынас жасаудың стимулы болып, билеушілердің қаншалықты қуатты одақтасқа ие екендігін Алтын Орда ханы ретінде дәлелдеуіне мүмкіндік алды. Ал Меккеде сұлтан Байбарыстың бұйрығы бойынша Беркенің құрметі үшін салтанатты шерулер өткізіліп, мешіттерде оның атынан Аллаға құлшылық етіп,

құтбада Беркенің аты Мысыр сұлтанының атынан кейін аталып отырған [33, с. 61-62].

Хронологиялық жағынан Мысыр мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастардың басталуы сұлтан Байбарыстан Берке ханға алғашқы хаты келген уақыт 1261 жылдан басталып, оның ұзақтығы Алтын Орда тарапынан 1438 жылы Мысырға барған соңғы елшілік уақытына дейін жалғасын тапты. Осылайша, Мысыр мен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастар 177 жылға созылып, екі мемлекет арасындағы елшіліктер саны 50-ге жуық болды. Бұл байланыстар 1261-1438 жж. аралығында жүзеге асырылып, ол жөнінде XIII-XVI ғғ. өмір сүрген 62 автордың шығармаларында мәліметтер қалдырылған [81, 51 б.]. Саяси тұрғыдан Мысыр мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы байланысты екі кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең – 1261-1262 жылдардан басталып, XIV ғасырдың екінші жартысына дейін созылды. Бұл одақтастық Иран жеріндегі моңғол династиялық билігінің негізін қалаған Хулагу әулетіне қарсы бағытталды. Сондай-ақ, бұл жауластық жоғарыда айтып өткеніміздей, Хулагу әулетінің билігінің орнауы мен құлауына дейін жалғасты, тіпті Хулагу әулетінің билігі құлағанына қарамастан, Жәнібек ханның Әзірбайжан жерін жаулап алуымен аяқталды.

Екінші кезең – Алтын Орда ішіндегі саяси дүрбелең аяқталған соң, күллі Жошы ұлысының басын біріктірген Тоқтамыстың билікке келуінен басталып, оның билігінің аяқталуына дейін жалғасты. Бұл жолы екі мемлекет арасындағы саяси байланыстар ортақ жауы Темір агрессиясына қарсы бағытталды.

Сонымен, екі мемлекет арасындағы ресми байланыстар орнағанға дейін Мысыр астанасы – Каирдің үш жүз жылдық тарихы мен мәдениеті қалыптасқан араб-мұсылман әлемінің орталығына айналып үлгерді, ал Алтын Орда астанасы – Сарай қаласының негізі қаланғанына бар болғаны жиырма жыл болғанына қарамастан, оның билеушілері Еуразия даласындағы әскери-саяси жағынан зор күш-қуатқа ие болды. Осылайша, Алтын Орда араб әлеміндегі сол кезеңдегі ең қуатты мемлекетпен саяси, дипломатиялық және мәдени қарым-қатынастарға түсе бастады.

3.2 Сарай мен Каир арасындағы саяси және дипломатиялық қарым-қатынастар

Алтын Орда мен Мысыр мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстар екі мемлекет арасындағы әскери-саяси одақтың құрылуының нәтижесінде XIII ғ. 60-шы жылдарының басына қарай басталды. Бұл уақытта елшілік іс – дипломатияның аса маңызды элементтерінің бірі ретінде ортағасырлық Шығыс елдерінде өз дамуының шарықтау шегіне жеткен кезеңі еді. Екі мемлекет арасындағы елшілік байланыстар – Византия, Араб халифатынан қалған және Моңғол империясының дипломатиялық дәстүрлері мен қағидалары негізінде жүзеге асырылды. Сарай ішінде шетелдік елшілікті қабылдаудың нақты тәртіптері жасалып, монархтар елшілерді сән-салтанатпен қабылдап, мемлекеттің күш-қуаттылығын, байлығын көрсетуді мақсат етті. Тиісінше, елшілер де өз мемлекеттерінің әлсіз тұстарын көрсетпеуге тырысты.

Сондықтан елшілерге арнайы жоғары дәрежесі, сапалық қасиеті бар қабілетті адамдарды тағайындаған. Оның себебі елшінің атақ-абыройы мемлекеттің беделін айқындап, арттыратындығы белгілі еді. Елшілерді таңдауда олардың ұлты емес, қабілеті мен білімі және діни сенімі маңызды болған. Сондай-ақ, елшілік тапсырмалар тек ресми елшілер ғана емес, жолаушы саудагерлер арқылы да жүзеге асырылған. Билеушілер мұндай жағдайда елшілікті жабдықтауда қосымша шығындардан құтылу үшін жолдау хаттарын сапардан қайтып бара жатқан сол елдің саудагерлері арқылы да жіберген [61, с. 40]. Осыған орай, қол жетерлік деректер арқылы Мысыр сұлтаны әл-Мәлік аз-Захир Байбарыс өзінің Берке ханға арналған алғашқы жолдау хатын сенімді адам ретінде аландық саудагер арқылы беріп жіберді. Сондықтан бұл жолдау хаттың жіберілген уақытын яғни, 660 х.ж. (20 қараша 1261 ж. - 14 қараша 1262 ж.) Алтын Орда мен Мысыр арасындағы байланыстардың басталған мерзімі деп айтуымызға болады [100, с. 68-69].

Ибн Абд аз-Захир мәліметіне сәйкес, бұл хатта сұлтан Байбарыс Алтын Орда ханы Беркеге моңғолдар билік құрған екі мемлекет арасындағы жауластық отын өршіту мақсатында хат жазған еді. Беркенің Хулагулық Иранға қарсы соғысқа шығуы оның қасиетті борышы екенін айқындап, егер ол мұсылмандықты қабылдаған болса, мұнымен оның кәпірлерге қарсы шығуға тиіс екені, тіпті ол бір әулеттен шыққан болса да соғысқа шығу қажеттілігін атап өтті. Оған мысал ретінде Мұхаммед пайғамбардың өз руластарымен және туыстарына қарсы келіп, құрайшиттерге қарсы соғысқанын сипаттады. Соңында ол мынадай сөздермен аяқтаған: «Ислам тек ғана сөздерден тұрмайды; қасиетті соғыс оның пәрменінің бірі [негізгісі] болып табылады», – деген еді [100, с. 68-69]. Басқа деректер бойынша, сұлтан әл-Мәлік аз-Захир Байбарыстың алғашқы хаты 659 х.ж. (1260/61 ж.), яғни бір жыл ерте жазылғаны айтылған [33, с. 98]. Бірақ Ибн Абд аз-Захир сұлтан Байбарыстың жеке хатшысы қызметін атқарғандықтан, бұл мәселеге қатысты нақты мәліметтер бере алады. Сондықтан бұл жоғарыда аталған деректің мәліметтері хронологиялық жағынан қате болып табылады.

Сұлтан Байбарыс алғашқы ресми елшілігіне елші ретінде әмір Сайф ад-дин Кушарбек пен заңгер Маджд ад-дин Рузравериді тағайындап, 661 х.ж. мухаррам айында (15 қараша - 14 желтоқсан 1262 ж.) Алтын Ордаға аттандырды [100, с. 70-71]. Сұлтан елшілерге өзінің атынан Беркеге кәпірлерге қарсы күресте барлық көмекті беруге уәде беретіндігін және бірлескен түрде әрекет етуге дайын екендігін айтуды тапсырды. Сондай-ақ, өзінің жолдау хатында сұлтан Беркеге «қасиетті соғысқа» шығудың қажеттілігін тағы да ескерте отырып, өз әскерінің күш-қуаттылығын сипаттады және оған мұсылман, франк билеушілерінің арасында кімдер бағынышты екенін, кімдердің дұшпан екенін, кіммен достық қарым-қатынаста байланысы бар екенін, кімдердің оған сый-тартулар беретіндігі және кімдермен бейбіт келісімге келгені жөнінде мәліметтерді егжей-тегжейлі сипаттай отырып, елшілерге өзінің қуатты мемлекет билеушісі екенін мақтанышпен айтуды тапсырды [33, с. 56-57].

Мысыр елшілері Қырымға келіп, Судак жағалауына түскен соң, оларды осы өңірдегі Таюк (Табук) есімді Алтын Орда ханының билеуші өкілі күтіп

алды. Осы жерден пошталық аттармен оларды ханның келесі билеуші өкілі Тұқбұға түменбасының жеріне дейін жеткізіп салды. Бұл жерден елшілер Берке ордасына дейін 20 күн жазық даланы басып өтті [61, с. 46]. Мысыр елшілері Алтын Ордаға жақындаған кезеңде оларды өз заманының аса білімді тұлғасы ретінде танылған, араб және түрік тілдерінде еркін сөйлеген уәзір Шараф ад-дин әл-Казвини күтіп алды. Елшілерді қонақ үйге орналастырған соң, келесі күні таңертең оларды Берке хан өзіне арнайы қабылдады. Мысыр делегациясын Шараф ад-дин әл-Казвини алып жүрді. Ол елшілерге хан ордасында өздерін қалай ұстайтындығы жөнінде нұсқаулықтар берді. Олар шатырға қарусыз және табалдырықты баспай кіріп, ханға сол жақпен барып, грамотаны берер кезде оң жағына өтіп, тізерлеп отырып тапсыру секілді тәртіптерін орындау қажет болды [100, с. 150].

Алтын Орда ханының сарайында елшілерді осы рәсімдерге сәйкес қабылдаған соң, бас қазы хатты түрік тіліне аударып, Берке ханға оның уәзірі оқып берді. Берке мен арнайы рәсімге қатысушылар оның мазмұнына ризашылықтарын білдірді. Берке елшілерді қонақ етуді бұйырып, елшіге лайық сый-құрмет көрсетті. Елшілердің ресми қабылдауынан кейін, Беркенің әйелдерінің бірі – Джиджек-хатун қабылдаған соң, Мысыр елшілерінің құрметіне той-томалақ ұйымдастырды. Берке осы кезде әлденеше рет елшілерді өзіне жеке шақырып, Мысыр мемлекеті жөнінде мәліметтер сұрап отырды. Елшілер Беркенің ордасында 26 күн болды. Хан оларға алтындар тарту етті, ал Джиджек-хатун оларға халаттар сыйлады. Қайтар сапарға аттандыру алдында Берке оларға жауап грамоталарын беріп, олармен бірге өзінің елшілері Арбұға, Ұрти-мұра және Ұнамасты бірге аттандырды [33, с. 194].

Беркенің алғашқы елшілігінің құрамында, жоғарыда айтылғандай, әмір Джалал ад-дин ибн ал-Кади және шейх Нур ад-дин Али өзінің нөкерлерімен Мысырға бастап барды. Алтын Орда ханы да елшілерді жоғары қызметтегі шенеуніктер қатарынан тағайындап, әрқайсысына сұлтанға арнап хат берген. Бұл хатта Берке амандық-саулық сұрасып, өз ризашылығын білдірді және өзінің шынайы діннің шамшырағын жағушы ретінде имам мен мұсылман халқының кегі үшін Хулагуға қарсы шыққан алғашқы шайқасы жөнінде сипаттап жазды [с. 59]. Ол Мысыр сұлтанына екі жақтан Хулагуды қыспаққа алу үшін бір уақытта соғысқа шығуына табанды түрде өтініш жасап, жорықтан кейін Иран территориясының бір бөлігін беруге уәде етті. Рукн ад-дин Байбарыс мәліметіне сәйкес, Берке елшілері әмір Джалал ад-дин ибн ал-Кади мен шейх Нур ад-дин Али бастаған елшілердің Мысырға 661 х.ж. (1262/63 ж.) келгенін баяндап, Алтын Орда ханы жазған хатының мазмұнына байланысты оның исламға шынайы түрде бет бұрғанын былайша сипаттайды: «Сұлтан менің Алла сөзін жоғары көтеру үшін, исламға ыждағаттылықпен тәубе еткенім үшін өзімнің қаны жағынан туыстас Хулагуға қарсы шайқасқанымды білсін, өйткені ол [Хулагу] бүлікші, ал бүлікші Алла мен оның елшісіне сенім білдірмейді» [33, с. 99].

Тарихи деректерге сәйкес, Берке хан Байбарыс сұлтанға арнап жазған алғашқы хатын «Итиль төңірегінде» (Еділ бойында) 661 х.ж. раджаб айының бірінші жұлдызында (11 мамыр 1263 ж.) жазған [33, с. 189]. Беркенің алғашқы

елшілігін сұлтан әл-Мәлік аз-Захир Байбарыс үлкен құрметпен қарсы алды. Сондай-ақ, Беркенің Хулагу әскеріне қарсы бірлескен түрде әрекет жасауға байланысты ұсынысын қабыл алды. Елшілер Мысыр жерінде өткізген уақыттарының барлығында сұлтанның ұйымдастырған түрлі ойындары мен сауық-сайрандарына қатынасты және әрбір кездесулердің соңында Мысыр сұлтаны тарапынан бағалы сыйлықтар алып отырды. Қайтар сапарында елшілерді жабдықтап, сұлтан олармен бірге өз елшілерін – әмір Фарис ад-дин Акуш ал-Масуди және Имад ад-дин ал-Хашимиді бірге аттандырды. Елшілерді сапарға аттандыру алдында оларды халифтің уағызын тыңдауға шақырып, рәсім аяқталған соң, оларға сыйлы шапандар жапты. Сонымен қатар, халиф сұлтан Байбарыстың діни тақуалығы, оның жеңімпаздығы мен сансыз көп әскері, даналығы мен әділеттілігін Берке ханға айтуды елшілерге аманат етті. Елшілер мен Алтын Орда ханына жіберілген арнайы бағалы сыйлықтарды тиеу үшін арнайы галера (еспелі кеме) дайындап, оны жиі жасалатын теңіз қарақшыларынан қорғау үшін көптеген жасауылдармен бірге аттандырды. Байбарыс бұл жолы Беркеге арнайы Осман халифтің өзі жазған Құран кітабын жіберді [144, с. 38]. Бұл қасиетті кітапты алтынмен кестеленген қызыл атласпен түптеліп, жібекпен астарланған қою қызыл түсті былғары құтыға салды. Бұл тартуға қосымша қара ағаш пен піл сүйегінен жасалған Құранды қойып оқуға арналған тіреуіш, піл сүйегі және күміспен безендірілген қара ағаштан жасалған тақ жіберді. Байбарыстың Беркеге жіберілген қыруар сыйлықтары өзінің құндылығы мен талғампаздығымен ерекшеленді. Шамасы, сұлтан Байбарыс Алтын Орда ханы Беркені таң қалдырып, оның алдында өзінің байлығы мен жомарттығын көрсеткісі келген секілді. Өйткені жоғарыда көрсетілген сыйлықтармен қатар, Алтын Орда аймақтарында кездеспейтін экзотикалық жануарлар мен құстарды: пілдерді, жираф, маймыл, зебра, мысыр есектерін, тотықұс тағы басқаларын сыйлыққа жіберген. Сондай-ақ, қару-жарақ түрлері: күміспен өрнектелген қылыш, алтын жалатылған темір күрзі, шеткі жағы күмістелген франк дулығасы, лакталған сауыт, хорезмдік ер-тұрман, дамаскілік жібек адырналы садақ, ядро лақтыратын садақ, темірден жасалған арабтық ұштығы бар найза, былғары құтыларға салынған арнайы дайындалған жебелер, тағы басқа тартулар жіберілді. Мұнымен қатар, сыйлықтар ішінде тұрмыстық заттардан венециялық маталар, венециялық шыныдан жасалған шамдар, бағалы киім-кешектер, кілемдер, қытай ыдыстары, күміс шырақтар, алтын кестелі маталар және тәтті-тағамдар, тағы басқалары болды. Сыйлық ретінде жіберілген жануарлар мен құстарды күтетін арнайы бақылаушылар, түрлі қызметшілерді де арнайы жіберді. Елшілерге Алтын Орда ханы Беркеге хатшы Ибн Абд аз-Захир жазған Байбарыс сұлтанның арнайы жолдау хаты да тапсырылды. Жолдау хатта Құраннан алынған «қасиетті соғыс» жөніндегі сөздер, Мысыр мәмлүк мемлекетінің айбындылығы, пайғамбардың соңынан еру қажеттілігі, мұсылмандық қажылығын өтеу жерлері, мысырлық әскерлердің күш-қуаттылығы және тағы басқалары сипатталды [33, с. 59-61]. Елшілік сапар барысында қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етуге жылға жуық уақытқа арналып жабдықталды. Сұлтан елшілерге қасиетті жерлерге барып, қажылық жөн-жоралғыларын жасауды бұйырды. Елшілік Мысырдан 661 х.ж. рамадан

айының 17-де (27 шілде 1263 ж.) аттандырылып, ал 662 х.ж. рамадан айында (27 маусым - 26 шілде 1264 ж.) Байбарыс сұлтан елшіліктің Византия императоры Михаил Палеологтың тұтқынында отырғаны жөнінде хабар алды. Бұл Византия жерінде болған оқыс оқиға жөнінде толығырақ келесі бөлімде қарастырамыз. Елшілер Мысыр сұлтанының тікелей араласуы мен Ноғай қолбасшылығымен Алтын Орда әскерінің араласуынан кейін тұтқыннан босанған елшілік ешқандай оқиғаларға тап болмай, Қырымға дейін жетіп, содан кейін төменгі Еділ бойына Беркенің көшіп-қонып жүрген жеріне келіп жетті.

Берке 664 х.ж. (1266 ж.) Хулагулық Иранмен соғыстың қызған кезінде қайтыс болды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Алтын Орда тағына оның немере інісі, Батудың ұлы Тоғанның ұлы Мөңке-Темір таққа отырды. Осыған орай, 666 х.ж. (1267/68 ж.) әл-Мәлік аз-Захир Байбарыс, таққа отырған Мөңке-Темірге немере ағасы Беркенің қайтыс болуына байланысты көңіл айтты, сондай-ақ жаңа ханды таққа отыруына байланысты құттықтауын да жеткізе отырып, оны Хулагулық Иранға қарсы соғысқа шығуға үгіттеуді де ұмытқан жоқ [33, с. 510]. Мөңке-Темірдің таққа отыруынан кейін, Мысыр мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынастары жалғасын тапты. Осы кезеңде Алтын Орда мен Мысыр мемлекеті арасындағы саяси-дипломатиялық қатынастардың белсенді болуы қалыптасқан саяси жағдайларға байланысты екі мемлекетте өзінің қуатты әскери одақтасынан айырылғысы келмеген еді.

Деректерге сәйкес, Мөңке-Темірдің алғашқы елшілігі Мысыр сұлтанына 667 х.ж. (1268/69 ж.) келген. Ол жөнінде екі автор Шафи ибн Али және әл-Айни мәліметтерінде сипатталған. Сондай-ақ, Ибн Василдің мәліметтері бойынша 668 х.ж. (1269/1270 ж.) Мысыр сұлтанына Хулагулықтар әскеріне қарсы бірлесіп күресу жөнінде келісім жасауға «Берке елшілері» келгенін жазады. Әлбетте, бұл мәліметтің даталық түрде қате екені анық, яғни бұл уақытта Хулагу да, Берке де өмірден өткені белгілі. Мөңке-Темірдің екінші елшілігі жөнінде көптеген араб авторлары мәліметтер қалдырған. Ол жөнінде әл-Муфаддал мәліметіне сәйкес, елшілік сұлтанға Дамаскіге 670 х.ж. (1271/1272 ж.) келген [33, с. 194-195]. Ибн Васил мәліметінде де сол уақыт кезеңіндегі бір елшілік жөнінде былайша сипаттайды: «...671 х.ж. (1272/1273 ж.) Мысырға Берке елшілері келіп, әл-Мәлік аз-Захир және Берке арасындағы келісім бойынша мәселелерді қарастырды», – деген [33, с. 75]. Шамасы, бұл жерде хронологиялық түрде қателік бар немесе Берке атымен Мөңке-Темірді тұспалдап жазған. Аз-Захаби Мөңке-Темірдің бұл елшілігінің мақсатын былайша сипаттайды: «Тоғаның ұлы Мөңке-Темір сұлтаннан Абағаны талқандау үшін көмек көрсетуін талап етті» [33, с. 205]. Мөңке-Темірдің бұл елшілігі Мысырға аттанған сапары кезінде франк қарақшыларының тұтқынына түсіп қалады. Сұлтан Алтын Орда елшілерін босатуға көп күш салуына тура келді. Әл-Фурат мәлімдегендей, Мөңке-Темірдің сұлтанға арнаған бұл хаты араб және парсы тілдерінде жазылған. Мөңке-Темір хатта сұлтанға: «олар [алтынордалықтар] оның дұшпанының дұшпаны және Берке хан кезіндегідей [сондай] достық қарым-қатынаста», – деген еді [33, с. 361]. Сондай-ақ, бұл елшілік жөнінде әл-Муфаддал да мәліметтер қалдырған. Оның мәліметі бойынша, Мөңке-Темір өз елшілері арқылы сұлтанға «Хулагу әулетінің

бағындырған барлық мұсылман иеліктерін билеуге» деген грамотасын беріп, оларды талқандау үшін бірлесіп көмектесуін сұрады [33, с. 195]. Демек, Мөңке-Темір Мысырға қатысты Беркенің саясатын ұстанған және оның уәдесін де орындауды құптаған, яғни сұлтанға бұл жерлердің әлі де кәпірлердің қолында болғанын жазғырып, нақты қимылдарға көшу қажеттілігін ұсынған. Сұлтанның бұған жауап ретіндегі келесі елшілігі 671 х.ж. (21 ақпан - 21 наурыз 1273 ж.) Алтын Орда елшілерімен бірге Мөңке-Темірге аттандырылды. Әл-Фураттың мәліметі бойынша, сұлтанның елшілігін әмір Сайф ад-дин ас-Саваби және Бадр ад-дин ибн Азиз бастаған. Сондай-ақ, сұлтан Байбарыс, Мөңке-Темірге арнайы дайындалған сыйлықтары мен тартуларын жіберуді де ұмытқан жоқ [33, с. 512]. Мысыр деректерінде бұдан кейінгі кезеңдегі Мөңке-Темірдің елшіліктері жөнінде айтылмайды, бірақ Ибн әл-Фураттың мәліметіне сәйкес, 674 х.ж. (1275/1276 ж.) Мысыр сұлтаны Мөңке-Темір Алтын Орда елшілерін аттандырып, олармен бірге Изз ад-дин әл-Фахри және әл-Багдади бастаған өз елшілігін бірге аттандырған. Сондай-ақ, әдеттегідей олармен бірге сұлтан Алтын Орда ханының өзіне және хан әулетінің мүшелеріне арнап түрлі тарту-таралғылар жібергені айтылған [33, с. 361].

1277 жылы сұлтан әл-Мәлік аз-Захир Байбарыс қайтыс болып, оның орнына ас-Саид Насир ад-дин Барака-хан ибн Байбарыс (1277-1279) таққа отырады. Бұдан кейінгі елшілік жөніндегі мәліметтер тек 679 х.ж. (1280 ж.) сұлтан теңіз жолы арқылы өзінің елшілері Шамс ад-дин Сонкор ал-Гутми және Сайф ад-дин Балабанды 679 х.ж. раби ал-аввал айында (1280 ж. шілде) аттандырған. Сұлтан Қалауынның биографиясында Мөңке-Темір сарайына жіберілген сыйлықтар мен тартулар жөнінде толығырақ сипатталған. Сұлтанның жіберген сыйлықтары мен тартулары тек ханның өзіне ғана емес, оның қолбасшысы Ноғай, бауырлары – ханзадалар Аукаджи, Туда-Мөңке және Төле-Бұға, хан әйелдері – Тутаюн-хатун, Султан-хатун, Хутлу-хатун, Джиджек-хатун, Олджайт-хатун, Тутлын-хатунға және оң қанат пен сол қанат билеушілері мен басқа да қолбасшылары мен шенеуніктеріне арналған [33, с. 67-68]. Елшілер Алтын Ордаға 680 х.ж. джумада аль-ахир айында (17 қыркүйек - 15 қазан 1281 ж.) келген уақытта Мөңке-Темір өмірден өткен еді. Сондықтан сұлтанның жолдауы мен тарту-таралғыларын таққа жаңадан ғана отырған Туда-Мөңкеге табыстады. Туда-Мөңке сұлтанның жіберген сыйлықтары мен сұлтанның жолдау хатын алып келген елшілерді қуанышпен қарсы алып, оларға сый-құрмет көрсеткен. Елшілер Ноғай ордасында болып, сыйлықтардың барлығын ғанибеттілікпен қабылдады. Осылайша, елшілерді Алтын Ордада бұл жолы да бұрынғысынша аса салтанатты түрде қабылдады. Елшілерді ханның өзі ғана емес, сонымен қатар сарай әмірлері мен хан әулетінің мүшелері де қабылдады.

Туда-Мөңке (Töde-Möngke, 1280-87) таққа отырғаннан кейін көп кешікпей (1280/1281 ж.) Мысырға өзінің таққа отырғандығы және ислам дінін қабылдағанын жөніндегі хабарымен өз елшілігін аттандырды. Оның елшілері заңгер Мадж ад-дин Ата және Нур ад-дин Мысырға 682 х.ж. джумада ал-ахир айында (7 тамыз - 24 қыркүйек 1283 ж.) келді. Олар өздерімен бірге моңғол тілінде жазылған ханның жолдау хатын алып келді. Сонымен қатар, елшілер

Туда-Мөңкенің Мысыр сұлтанынан өзіне мұсылмандық есім, діни дұшпандарға қарсы жорыққа аттану үшін қолданылатын халиф мен сұлтаннан ту мен накарлар [труба] беруін сұранған [33, с. 68-69]. Туда-Мөңке жолдаухатта сұлтаннан елшілерді Меккеге қажылық жөн-жоралғыларын жасауына жәрдемдесуін де өтінді. Мысыр сұлтаны бұл өтінішті орындады. Қалауынның биографиясын құрастырушының айтуынша, елшілер сұлтанның жомарттығы мен мәрттігінің арқасында Меккеге барып қажылық сапарын орындаған. Елшілердің қажылық сапарын орындап қайтып келген соң, сұлтан Туда-Мөңкеге арнап жауап жолдау хатын жазып, елшілерді үлкен құрметпен Алтын Ордаға шығарып салды [33, с. 68-69].

Қалауын биографиясын құрастырушының мәліметі бойынша Мысыр сұлтаны Туда-Мөңкеге алғашқы елшілігін 683 х.ж. мухаррам айында (наурыз 1284 ж.) аттандырған [33, с. 69]. Рукн ад-Дин Байбарыс жылнамасында 682 х.ж. құрамында Сайф ад-дин Балабан ал-Халеби ал-Кабир және Музаффар ад-дин Муса ибн Гарса есімді елшілер басқарған елшілік аттандырылғаны сипатталған. Сонымен қатар, олармен бірге әмір Кутуган және Шамсад-дин ибн Абу-ш-Шавариб те бірге барған [33, с. 105].

685 х.ж. (1286/1287 ж.) Туда-Мөңкеден Мысырға тағы да бір елшілік келді. Оны бұрынғы келген елші заңгер Мадж ад-дин Ата және нөкерлерімен бірге келді [33, с. 69]. Бұл елшілікке жауап ретінде Мысыр сұлтаны, Алтын Орда ханы Туда-Мөңкеге арнайы сыйлықтарымен бірге әмір Сайф ад-дин Балабан алд Гутмиді аттандырды. Ибн әл-Фураттың мәліметіндегі елшіліктің нақ осы елшілік екенін анықтау қиын. Оның мәліметі бойынша, 686 х.ж. шаввал айының 15-інде (21 қараша 1287 ж.) Каир цитаделіне Алтын Ордаға елшілік аттандыруға елшілердің сыйлықтарымен бірге келгенін сипаттайды. Сыйлықтар дәстүрлі түрде қымбат маталардан, кейбіреулерінде алтын жиектері болған. Ал басқаларында жібек маталар, ақ қант, дәмдеуіштер және Қырымда (Солгатта) соғылып жатқан мешіт үшін жалпы сомасы 2 мың динар тұратын көптеген түрлі заттар мен майлы бояуларды жіберді. Тіпті бұл мешітте сұлтанның титулын қашап салу үшін арнайы тас қашаушыны да аттандырған [33, с. 363].

686 х.ж. (1287/1288 ж.) Туда-Мөңке өзінің немере інісі Төле-Бұғаның мүддесі үшін биліктен бас тартқанын жоғарыда айтып өттік. Рукн ад-Дин Байбарыс мәліметі бойынша, оның ақылынан алжасуы мен мемлекеттік істерге араласудан алшақтауы себеп болған дейді. Автор, сондай-ақ, оның шейхтар және пақырлармен тым байланысып кеткенін айыптады. Шамасы, әулет мүшелері мен ақсүйектері тақта қуатты билеуші отыруын қалағандықтан Туда-Мөңкенің тақтан өз еркімен бас тартуын талап еткен.

Төле-Бұғаның (Töle-Bughā, 1287-90) билік еткен жылдары Алтын Орда мен Мысыр арасында елшіліктер алмасу болмаған. Өйткені қолда бар деректер бойынша, олардың елшілік алмасуы жөнінде мәліметтер кездеспейді.

Төле-Бұғаның орнына Ноғайдың ықпалымен таққа отырған Тоқта хан (Toqto'a Khan, 1290-1312) билігінің алғашқы (1290-1304 жж.) 14 жыл бойына Мысыр мен Алтын Орда арасында ешқандай елшіліктер мен хат алмасулар болмаған. Өйткені бұл уақыт аралығында тарихи деректерде мәліметтер

кездеспейді. Мұндай ұзақ уақыт аралығында Мысырмен дипломатиялық қарым-қатынастардың болмауының (яғни 18 жыл: 1286-1304 жж.) себебі Алтын Орда ішіндегі Ноғайдың өліміне дейінгі (1299/1300 ж.) аралықтағы билік үшін өзара алауыздықтар мен қырқыстардың әсерінен болған секілді. Дегенмен, екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың болмағанына қарамастан, Мысыр билеушілері Алтын Ордадағы саяси оқиғалар барысынан айтарлықтай хабардар болып отырған. Мысыр тарихшылары Алтын Орда ішкі қарама-қайшылықтар жөніндегі оқиғалардан құнды мәліметтер қалдырған. Әсіресе, Алтын Орда ханы мен Ноғай арасындағы қақтығыстар жөнінде Рукн ад-Дин Байбарыс мәліметтерінде жан-жақты сипатталған [33, с. 106-109]. Тарихи деректерді салыстыра отырып, Алтын Орда мен Мысыр мемлекеті арасындағы бұл уақытта дипломатиялық қарым-қатынастардың үзілуі екі мемлекет арасындағы реніш немесе араздықтың әсерінен болмаған, оның себебі ішкі феодалдық қырқыстарға байланысты болған және ол аяқталған соң, дипломатиялық қарым-қатынастар қалпына келтірілді деп қорытындылауға болады.

Алтын Орда ішіндегі ішкі күресте жеңіске жетіп, Тоқта хан билікті толық өз қолына алған соң, мемлекеттің сыртқы мәселелеріне көңіл аударып бастады. Вассафтың мәліметі бойынша, Тоқта хан 1303 жылы Хулагулық Иран билеушісі Қазан-ханға Әзірбайжан және Арран аудандарынан үзілді-кесілді бас тартуын талап еткен елшілік жібергенін жоғарыда айтып өттік. Қазан-хан бұл талапты орындауға келіспеді [33, с. 82-83]. Қалыптасқан саяси жағдайды талдай отырып, Тоқта хан бұрынғы одақтасы Мысыр сұлтанына жүгінуге шешім қабылдады. Әл-Муфаддал мәліметі бойынша, Тоқта ханның елшілері бағалы сыйлықтар мен құлдар және күндерді алып, теңіз жолы арқылы Александрияға 704 х.ж. (1304/1305 ж.) жеткен. Тоқта хан сұлтанға жолдау хатында оның Елхан Олжайтудан, Хорасаннан Тебризге дейінгі жерлерді беруін талап еткенін, болмаса, басқаша жағдайда оларға қарсы соғысқа әскермен шығатынын айтып сұлтанға хабарлады. Бұдан әрі Тоқта хан өз хатында: «Сіз бен біз оны [Харбендті (Олжайтуды)] осы аймақтан қуып шығу үшін бірігейік. Сіздің атты әскеріңіз жаулаған жерді сіз алыңыз, ал біз жаулаған жер біздікі болсын», – деген еді [33, с. 196].

Рукн ад-дин Байбарыс мәліметінде, бұл уақыттағы елшілікті Тоқта ханның бір ғана елшісі – Курукджидің бастап келгені және оның сұлтанның құрметпен қарсы алғаны баяндалған. Сонымен қатар, онымен бірге Алтын Ордаға Мысыр елшісі Сайф ад-дин Балабан ас-Сархади аттандырылғаны айтылған [33, с. 119]. Бұл елшілік жөнінде әл-Макризи мәліметіне сәйкес, Тоқта елшілері Мысырға 704 х.ж. раби ал-аввал айында (1304 ж. қараша) келгені және оларды ал-Хабша мұнарасына орналастырғаны айтылған. Елшілер Мысыр сұлтанына арнайы сыйлықтар берумен қатар, Тоқта ханның Хулагулық Иранға қарсы соғысқа шығатыны және бұл жорыққа Мысыр сұлтанының атсалысуын өтінгені жөніндегі хатын берді. Сұлтан бұған жауап ретінде Қазан-хан мәселесін бір Алла шешті, ал оның інісі Харбендтің (Олжайту) бейбіт келісім жасауға сұранғанын айтқан еді [33, с. 436].

Мысыр сұлтанның бұған жауап ретіндегі елшілігін Алтын Ордаға 704 х.ж. раджаб айында (28 қаңтар - 27 ақпан 1305 ж.) аттандырған. Елші ретінде әмір Сайф ад-дин Балабан ас-Сархади тағайындалып, әдеттегідей, Тоқта ханға арнайы сыйлықтар жіберілді. 706 х.ж. (1306/1307 ж.) Мысыр елшісі әмір Сайф ад-дин Балабан ас-Сархади Алтын Ордаға келді, ал онымен бірге серіктері ретінде – Сайф ад-дин Балабан ал-Хакими және әмір Фахр аш-Шамси болды. Сонымен қатар, олармен бірге Алтын Орда елшісі Намун да келген еді. Мысыр сұлтаны Алтын Орда ханы Тоқтаның Хулагулық Иранға қарсы бірлескен түрде күресуге тікелей көмек көрсету жөніндегі ұсынысынан бас тартқанына карамастан, хан әлі де болса бірлескен түрде әскери қимылдарға көшу жөніндегі ұсынысымен сұлтанға екінші рет табанды түрде ұсыныс жасады. Тоқта ханның хатын жоғарыда аталған елші Намун бағалы сыйлықтармен бірге қайтадан Мысыр сұлтанына жеткізді. Тоқта хан бұл жолы да сұлтанға Хулагулық Иран иеліктеріне бірлескен түрде бір уақытта шабуыл жасап, одақтастардың әрқайсысы жаулап алған Иран территориясын иелену жөнінде ұсыныс жасаған еді. Алайда Мысыр сұлтаны бұл жолы да Алтын Орда ханының ұсынысы бойынша бірлескен түрде әскери қимылдарға шығудан бас тартты. Оның себебін ежелгі дұшпанымен бейбіт келісім орнатқаны үшін болды деп түсіндірді. Бірақ Хулагулық Иран тарапынан егер қандай да бір жолсыздықтар орын алып жатқан болса, міндетті түрде іс-шара қолданатынын айтып уәдесін берді. Бұл жолдау хатты Алтын Ордаға жауап елшілік ретінде құрамында әмір Бадр ад-дин Бекмиш ал-Хазанадари және әмір Фахр ад-дин Махмуда аш-Шамси бастаған сұлтанның елшілігі алып келді. Сондай-ақ, әл-Макризи мәліметінде, бұл елшілік құрамында тағы да бір «сұлтан гвардиясының қолбасшыларының бірі» Сонкор әл-Ашкар есімді елшінің атын атайды. Мысыр сұлтанының Алтын Ордамен бірігіп, Хулагулық Иранға қарсы бірлескен әскери қимылдарға көшуден бас тартса да, біршама уақыт өткен соң, 708 х.ж. (1308/09 ж.) Мысыр билеушісі Хулагулық Иранға қарсы әскери дайындықтарын бастауына тура келді. Өйткені Мысыр барлаушылары Сириямен шекаралас аймақтарда ежелгі дұшпан әскерінің жылжығанын байқағандықтан, қарсы шығуға мәжбүр болды. Алайда Тоқта ханның шекаралық әскері мен Хулагулық Иран әскерлері арасында қақтығыс орын алып, тіпті Алтын Орда әскерінен жеңіліске ұшыраған соң ғана моңғолдық Иран билеушісі Мысырға қарсы әскери қимылдарын тоқтатуға мәжбүр болды [61, с. 70]. Осылайша, Мысыр сұлтаны бұл жолы да екі моңғол билігіндегі мемлекеттер қақтығысының нәтижесінде өз мемлекетінің қауіпсіздігін қан төгіссіз сақтап қалды.

Жошы ұрпақтары мен Хулагу әулеті арасындағы бұл қақтығыс 708 х.ж. раби ал-ахир айында (18 қыркүйек -16 қазан 1308 ж.) болған еді [33, с. 120]. 710 х.ж. (1310/1311 ж.) Мысыр сұлтаны сарайына Тоқта ханның елшілері – Ала ад-дин Али және серіктесі Ахиабкардың ұлы келді. Алтын Орда ханы Мысыр сұлтанын әл-Мәлік ан-Насир Мухаммад ибн Қалауынның билік үшін талас-тартыста жеңіске жеткені үшін құттықтады [33, с. 126]. Өйткені 1310 жылы сұлтан әл-Мәлік ан-Насир Мухаммад ибн Қалауын таққа үшінші рет отырған еді. Әрине, достық қарым-қатынаста болған билеушінің мұны назардан тыс

қалдырмағаны белгілі. Мысыр сұлтаны Тоқта ханның елшілерін жылы қарсы алып, оларды құрметпен қабылдаған соң, бағалы сыйлықтар тарту етіп оларды қайтар сапарына аттандырды. Сондай-ақ, олармен бірге өз елшісі Насир ад-дин Мухаммад ибн әл-Йемени және оның серіктерімен бірге аттандырды. 712 х.ж. (1311/1312 ж.) Алтын Ордадан Мысыр сұлтанының елшілері қайта оралды. Сонымен қатар, олармен бірге Тоқта ханның елшілері де бірге келді. Сапар барысында Мысыр елшілері франк теңіз қарақшыларының қолына түсіп, олар үшін 60 мың динар шамасында құн төлеуін сұрады. Бұдан хабардар болған сұлтан Александриядағы франк көпестерін қамауға алуға бұйрық беріп, олардың мал-мүліктерін тартып алды. Тек осы іс-шарадан кейін ғана тұтқынға алынған елшілердің ертерек босатылуына мүмкіндік туып, 712 х.ж. раби ал-аввал айының 16-шы жұлдызында (22 шілде 1312 ж.) олар сұлтан сарайына қайта оралды [33, с. 513-514].

Тоқта хан 713 х.ж. (1312/1313 ж.) Сарай қаласынан он күндік қашықтағы өзінің жазғы резиденциясында қайтыс болды. Оған дейін Алтын Ордаға Мысыр сұлтанының елшілігі келген еді, бірақ хан сырқаттанып жатқандықтан елшілердің жолығуына рұқсат берілмеді. Елшілер хан әйелдеріне сыйлықтарды тарту етіп, ханның сауығуын күтті. Бірақ хан бұл сырқаттан жазылмай, қайтыс болды. Хан әйелдері Мысыр елшілерін қайтар жолға жабдықтап, оларға ақшалай тартулар беріп шығарып салды [33, с. 323].

Бұл кезеңдегі Алтын Орда мен Мысыр мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарының идеологиялық тұрғыдан ерекшеліктеріне біршама назар аудару қажет. Екі мемлекет арасында одақ құруға екі жақ та тең деңгейде ұмтылыс танытты. Екі мемлекет осы кезге дейін өз жолдауларында ислам идеясын алға тартып, кәпірлерге қарсы, яғни қалыптасқан жағдайда Хулагулық Иранға қарсы «қасиетті соғысқа» шығуға үндеу тастаған еді. Бұл түсінікті жайт, өйткені одақтас екі мемлекет билеушілері ислам дінін ұстанған, ал олардың дұшпаны Хулагулық Иран билеушілерін кәпір санады. Бірақ XIII ғ. аяғы мен XIV ғ. басындағы жағдай өзгерді. Өйткені 1295 жылы Хулагулық Иран тағына отырған жетінші Елхан Қазан мұсылман болды. Осылайша, «қасиетті соғыс» сарыны маңызынан айырылып, одақтастар үшін Хулагулық Иранға қарсы негізгі идеологиялық құрал бола алмады. Жоғарыда айтылғандай, Берке өзінің сыртқы саясатында бір діндегі мәмлүктермен одақтаса отырып, діни сенімін негізгі идеологиялық құралы ретінде бірге пайдаланғанын әлденеше рет айттық. Тіпті Беркенің сыртқы саясатының негізі діни түсінікпен байланыстырылды. Алайда бұдан кейінгі тарихи оқиғалар барысында Хулагулық Иран тағына отырған мұсылман Қазан-хан бір діндегі Мысыр мемлекетіне қарсы соғысқа шығып, Мысыр сұлтандары өзге діндегі Алтын Орда ханы Тоқтамен одақтастық жасауға ұмтылыс танытуынан діннің негізгі рөл атқармағаны байқалады [61, с. 73].

714 х.ж. (1313/1314 ж.) Алтын Орда тағына Тоқта ханның немере інісі – Өзбек хан отырды. Замандас авторлар мен тарихшылар Өзбек ханға аса үлкен назар аударып, мұсылман билеуші ретінде оның жеке тұлғалық қасиеті мен қызметін мақтанышпен сипаттаған. Билікке келген соң, ішкі саясатта бүлік салған әмірлердің жазасын беріп, мемлекеттің ішкі жағдайын нығайтқан Өзбек

хан Мысыр мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынастарын қайта жандандыра бастады. Жоғарыда айтылғандай, Тоқта хан сырқат кезінде келген Мысыр елшілері біршама уақыт кідірген еді. Мысыр сұлтаны мұнан кейін тағы да екі елшісі Ала ад-дин Кайдогды ал-Баба-оглы және Ала ад-дин Тайбұға ал-Карамуниді жіберді. Қырымда олар Тоқта ханға барып, қайтып келе жатқан Мысыр елшілерімен кездесті. Алғашқы елшілік Мысырға қайтты, ал екінші елшілік Алтын Ордаға сапарын жалғастырып, тиісті жерге жетті. Мысыр елшілерін Өзбек хан арнайы күтіп алып, үлкен құрмет көрсетті. Елшілерді қабылдауда Құтлық-Темір де қатынасқан. Мысыр елшілерін қайтар сапарына жабдықтаған соң, Өзбек хан олармен бірге Мангуш есімді елшісін бірге аттандырды [33, с. 516].

Ан-Нувайри мәліметіне сәйкес, Алтын Орда елшілері Мысыр билеушісі әл-Мәлік ан-Насир сарайына 713 х.ж. зу-л-хиджжа айында (19 наурыз - 16 сәуір 1314 ж.) келіп, сұлтанға арналған көптеген сыйлықтар алып келгенін жазады. Сондай-ақ, Өзбек хан өз жолдауында сұлтанға ислам дінінің Қытайдан бастап, батыс мемлекеттерінің шебіне дейін таралғанын қуанышпен хабарлаған. Сонымен қатар, өзінің Алтын Орда тағына отырып, өз қарсыластарының (әсіресе, мұсылмандықты қабылдамағандар) бір бөлігін құртып, біршама бөлігін құлдыққа салғанын баяндаған. Осылайша, Өзбек хан өз қарсыластарын жеңіп, өзінің жеңісін айтып, Мысыр сұлтанының алдында беделін көтеру үшін шебер пайдаланды. Ол тіпті Мысырға бірнеше тұтқындалған бүлікшілерді де елшілермен бірге аттандырған [33, с. 162-163]. 1314 жылдың 22 мамырында Өзбек хан елшілері кері қайтты. Мысыр сұлтаны олармен бірге өзінің елшілері әмір Сайф ад-дин Утуджа және сұлтан гвардиясы қолбасшыларының бірі (мукаддам ал-ха-лака) ал-Хусами Хусайн ибн Саруды бірге аттандырды [33, с. 265].

Әл-Макризи осы уақыт кезінде біршама қосымша мәліметтер келтіреді, яғни 714 х.ж. (1314/1315 ж.) Мысырға «Тоқта иелігінен» Зайн ад-дин Караджа ал-Хазанадари бастаған елшілер келіп, Тоқтаның өлімін хабарлағаны сипатталған. Ал 715 х.ж. джумада айында (1315 ж. қыркүйек) Мысырға сұлтан елшілері Сайф ад-дин Балабан және Зайн ад-дин Караджа ал-Хазанадари қайтып оралды. Сондай-ақ, олармен бірге Өзбек ханның елшілері келіп, Алтын Орда билеушісінің ислам дінін қабылдағанын хабарлап, одан көптеген сыйлықтарын сұлтанға тарту етті. Мысыр сұлтаны олармен бірге әмір Ала ад-дин Айдогды әл-Хорезми бастаған елшілігін Өзбек ханға арналған сыйлықтарымен кері жолға аттандырды [33, с. 437]. Мысыр деректерінің мәліметтеріне қарағанда, осы кезеңде елшілік алмасу қарқынды сипат алған. 1316 жылы Мысырға тағы да Өзбек ханның 170 адамнан тұратын елшілігі келген. Бұл елшіліктің аса маңызды болғанына қарамастан, әл-Мәлік ан-Насир биографиясын құрастырушы автор оны жай ғана атап өтіп, бұл елшіліктің мақсаты жөнінде толық ештеңе айтпаған [33, с. 265]. Ан-Нувайри мәліметіне сәйкес, дәл осы жылы Алтын Ордадан сұлтан елшілері Сайф ад-дин Утуджи және Хусам ад-дин Хусейн ибн Сару бастаған елшіліктің Мысырға оралғанын атап өткен [33, с. 167].

716 х.ж. (1316/1317 ж.) Мысыр сұлтанының сарайында түрлі мемлекеттерден сегіз елшілік жиналған, оның ішінде Өзбек хан елшілігі де болған. Әл-Макризи «мұндай оқиғаның түрік державалары кезеңінде бұрын-соңды болмаған» деп ерекше атап өткен. 717 х.ж. (1317 ж.) Мысырға Алтын Ордадан сұлтанның елшілері әмір Ала ад-дин Айдогды ал-Хорезми өзінің нөкерлерімен және Өзбек ханның елшілерінің де келгенін баяндайды. Ибн Дукмак және әл-Макризи мәліметтері бойынша, бұл жолы Өзбек ханның елшілігінің құрамында Шерік, Бұғыртай, Құртұқа және Қырымдық Омар болған [33, с. 335, 437]. Бұл елшілер арқылы Өзбек хан сұлтанға аса ынсапты сыйлықтарын, үш қыран құс, алты құл, сауыт, болат дулыға мен қылыш жіберді. Ибн Дукмак мұны ешқандай хан осы секілді жұпыны сыйлықтар жібермегенін атап өтті. Кезінде Өзбек ханның сыйлықтары, сұлтанның құрметі үшін 200 толық қару-жарақ жиынтығы, жабу, сәлдеге ақ кәсей, алтын жиекті сырт жамылғы, алтын сапты қылыш, алтын белбеу, алтын жүген салынған жылқы және ер-тұрманы бағалы тастармен өрнектелген басқа жылқы жібергенін айтады. Әл-Мәлік ан-Насир биографиясын құрастырушы мен Ибн Дукмак мәліметіне сәйкес, 718 х.ж. (1318/19 ж.) Мысыр сұлтаны Өзбек ханға Алтын Орда елшілерімен бірге өз елшілерін Ала ад-дин Айдогды ал-Хорезми және Хусейн ибн Саруды аттандырғанын жазады. Сонымен қатар, олармен бірге Утуджи және Байрам кеткен. Бұдан кейін Ибн Дукмак, олар өздерімен бірге ұлы патшаға лайық сыйлықтарды алып кетті деп сипаттайды [33, с. 326].

Осы кезеңде Алтын Орда мен Мысыр арасындағы қарым-қатынастар аса қарқынды сипат алғаны соншалықты, Алтын Орданың барлық мешіттерінде сұлтан әл-Мәлік ан-Насирдің есімін Өзбек ханнан кейін атап өтіп, оған ерекше құрмет көрсеткен. Ұзақ жылғы Алтын Орда мен Мысыр арасындағы қарым-қатынас ақыр соңында туыстық байланыстың орнауына алып келді. Жалпы, Өзбек хан өзге мемлекет билеушілерімен некелік қатынастар арқылы туыстық одақтасу саясатын ұстанған. Ибн Батутаның мәліметі бойынша, Өзбек хан әйелдерінің бірі «Константинополь билеушісінің» қызы болған [33, с. 294]. Туыстық байланысты орнату жөніндегі ұсыныс Алтын Орда тарапынан Өзбек хан билігінің бастапқы кезінде Құтлұқ-Темірдің бастамасымен көтерілді. 1314 жылы Мысырға барған Алтын Орда елшісі Мангуштың елшілігі кезінде Мысыр сұлтанына осы ұсынысты айтқан еді. Ол жөнінде әл-Айни мәліметтерінде Алтын Орда елшісі Өзбек хан мен Құтлұқ-Темірдің жолдаухатын сұлтан әл-Мәлік ан-Насирге бере отырып, «он лично объяснился с султаном о том, что Кутлуг-Тимур указал ему [Мангушу] по части брака и союза», – деген еді. Сонымен қатар, Мысыр сұлтаны да келешектегі мұндай туыстық одақтасуды ризашылықпен қолдайтынын білдірген [33, с. 167].

716 х.ж. Мысыр елшісі Ала ад-дин Айдоғды әл-Хорезми Алтын Орда билеушісі Өзбек ханға сұлтанның «Шыңғыс хан әулетінің қыздарына» құда түсіп, туыстық байланыс орнатуға ұсынысы жөніндегі жолдаухатын берді. Бұл мәселені шешу үшін Өзбек хан 70 әмір және он мыңдық қолбасшылардан құралған кеңесте қарап, елшіге былайша жауап қайтарды: «мұндай өтініш Шыңғыс хан дәуірінен қазірге дейін ешқашан болған емес, ненің құрметіне Шыңғыс хан әулетінен шыққан ханшайым қыз жеті теңізден өтіп, Мысыр

жеріне баруы керек деді», – деді [33, с. 168]. Әрине, Өзбек ханның елшіге берген жауабы Шыңғыс хан әулеті ханшайымдардың беделін ұлықтау үшін айтқаны айқын. Алғашқы кезде туыстық одақтасу жөніндегі ұсыныс Алтын Орда тарапынан болса да, нақты істі шешуге келгенде Өзбек ханның бұлайша тәкаппарлық танытқаны түсініксіз. Дегенмен, хан мен оның қарамағындағы әмірлерге арналған сұлтанның арнайы сыйлықтарын тарту еткен соң, пікір біршама өзгерді. Бірақ некелік одақты құруға дайын екенін білдіргенімен, бұл мәселені 4 жылға кейін қалдырды. Оның себебі бір жыл уақыт өзара келіссөздер жүргізуге кетсе, бір жыл құдалыққа, бір жыл сыйлықтар алмасу және бір жыл некені ұйымдастыруға кететінін мәлімдеді. Сондай-ақ, Өзбек хан Мысыр сұлтанына қалың мал мен некеге отыру шарттары бойынша шамадан тыс талаптар қойды. Ибн Касирдің мәліметіне сүйене отырып, әл-Айни адам айтқысыз қалың мал сомасын көрсетеді. Қалың мал ретінде Алтын Орда тарапынан Мысыр сұлтанынан миллион динар, мыңдаған жылқы және мыңдаған қару-жарақ жиынтығын талап етті деген сияқты мәліметтер бар еді. Сонымен қатар, сұлтан қалыңдықты алып кетуге көптеген «ұлы әмірлері өздерінің жұбайларымен бірге келуін» талап еткен [33, с. 517].

Мысыр билеушісіне Алтын Орда тарапынан қойылған некелік шарттары жөнінде талаптар айтылған соң, сұлтан бұдан бас тартты. Біршама уақыт бойы бұл мәселе қайтып көтерілген жоқ, дегенмен қарқынды түрде елшілік алмасып жатты. Бірақ Мысыр сұлтанының жолдауларында тек сәлем-саулық пен достықты мәлімдегеннен басқа ештеңе айтпады. Келесі бір Мысыр елшілігін бастап келген әмір Сайф ад-дин Утуджи сұлтанның сыйлықтарын Өзбек ханға табыстау кезінде, неке туралы мәселе қайта көтерілді. Алайда әл-Айни бұл мәліметіне сәйкес, Өзбек хан Мысыр елшісі Утуджиге неке жөніндегі әңгімені өзі қозғаған. Өзбек хан Мысыр елшісіне: «Менің өзімнің бауырым сұлтан әл-Мәлік ан-Насирге өзінің өтініші бойынша Шыңғыс хан әулетінен шыққан қызды таңдап, неке-жоралғыларына жабдықтап қойдым», – деген еді [33, с. 168]. Мысыр елшісі Утуджи некелік одақтасу жөніндегі ресми келіссөзге арнайы уәкілдік етпегендіктен, Өзбек ханның айтқан сөздеріне байланысты қапыда қалды. Бірақ ол аспай-саспай былай деген: «Сұлтан мені бұл мәселе бойынша жіберген жоқ, бұл – ұлы іс, ал егер сұлтан бұл мәселені алдын-ала білген болса, онда мені бұл ұлы іске арнайы жабдықтап, маған тікелей осы міндетті жүктейтін еді», – деп ақталуға тырысты [33, с. 168-169]. Алайда Мысыр елшісіне құдалықты кейінге қалдыруға деген ойы жүзеге аспады. Шамасы, Өзбек хан бұл уақытта некелік одақ құруға ақырғы шешім қабылдап, сұлтанмен некелік одақ жасауды Алтын Орданың алдағы уақытта Хулагулық Иранға қарсы Әзірбайжан территориясы үшін күресте тиімді санаған. Сондықтан Мысыр елшісі қалың малдың алғашқы жарнасын беруге арнайы қаржысы жоқ екенін айтқан кезде Өзбек хан көпестердің оған қарыз беруін бұйырды. Мысыр елшісінің мұны орындаудан басқа амалы қалмады [61, с. 79].

Сонымен, 1319 жылы қалыңдық Тулунбия және онымен бірге құдалыққа арнайы жабдықталған елшілік Мысырға аттандырылды. Бұл елшіліктің құрамында Айтұғды, Түкбұға, Мангуш, Тарджи, Осман-қожа, моңғолдық ақсақал Баянжар, Өзбек ханның имамы шейх Бурхан ад-дин, Сарай кадиі,

Бектемір мен Құртұқа болды. Соңғы екеуі сапар барысында қаза болған. Елшілік құрамында болған елшілер арасында Мысыр жерінде бұған дейін тек Мангуш ғана болған, сондықтан оның елшілік құрамында болуы маңызды еді. Өзбек хан өзінің имамы шейх Бурхан ад-дин кезінде оны таққа отырғызуға қолдау көрсеткен, сондықтан оның мұндай сенімге ие болуы ғажап емес. Сарай қазысы заңгер ретінде аттандырылды. Жоғарыда аталған елшілермен бірге шейх Ала ад-дин ан-Нуман әл-Хорезми ибн Даулетшах ибн Али де барды. Ол кезінде Өзбек ханның билікке келуіне қолдау жасап, сарай маңында беделді болды. Алтын Ордадан Мысырға аттанған бұл елшілік құрамында 400 адам болды. Ханшайым Тулунбияның жанында оның сенімді адамдары, күтушілері, құлдары мен күндері болды. Күз айы мен теңізде ілеспе желдің болмауына байланысты Мысырға бағыт алған Алтын Орда делегациясы Ибн-Ментеши айлағы және одан кейін Византияның кеме жайында 5 ай бойына кідірулеріне тура келді. Византия императоры бұл делегацияны жылы қарсы алып, үлкен шығындарға қарамастан, біршама уақыт бойы қонақжайлық көрсетті. Византиядан шыққан елшілік ханшайымды аман-есен Мысыр сұлтанына 720 х.ж. раби ал-аввал айында (11 сәуір-10 мамыр 1320 ж.) жеткізді. Мысырлықтар Тулунбия ханымды салтанатпен қарсы алды. Оның қасына көптеген хаджибтар мен сұлтан сарайынан 18 әйел күтушіні жіберді. Сондай-ақ, ханшайымға арнап арнайы шатыр тігіп, оған сый-сыяпат жасады. Бұдан кейін сұлтан Өзбек ханның елшілерін, сондай-ақ осы уақытта келген бірқатар мемлекеттің елшілерін өзіне шақырды. Сұлтанның билеуші өкілі (Аргун), сарай қызметкері Бектемір және сұлтанның сенімді адамы қазы Карим ад-дин ханшайым Тулунбияны қамалға жеткізді. Некелік келісім-шарт Раби аль-авваль айының 6-шы жұлдызында (16 мамыр 1320 ж.) жасалды. Бұл іс-шараға барлық әулет басшылары қатынасты. Сонымен қатар, қауіпсіздік үшін әскери жасақтар да мұздай қаруланып, дайындықта тұрды. Ибн Дукмак мәліметі бойынша, мұндай салтанатты жиын «Мысыр жерінде ешбір түрік патшасы кезінде болған жоқ», – деген еді [33, с. 327].

Некелік келісім-шартты Алтын Орда ханы атынан бас қазы Бадр ад-дин Мухаммад ибн Ибрахим ибн Джамал ад-дин, ал Мысыр сұлтаны атынан оның билеуші өкілі әмір Сайф ад-дин Аргун жасады. Келісімнің мәтінін сұлтанның құпия хатшысы Ала ад-дин Али ибн әл-Асир осыған ұқсас құжаттарға сәйкес тәртіп шартын сақтап, жеке өзі жазды [33, с. 439]. Өзбек ханның бұл елшілігі өздеріне тапсырылған міндетін толық атқарып, 1320 жылдың күзінде сұлтанның бағалы сыйлықтарын алып, Алтын Ордаға кері қайтты [33, с. 170, 521]. Әл-Мәлік ан-Насир биографиясын құрастырушының мәліметіне сәйкес, Өзбек хан елшілерімен бірге сұлтан өз елшілерін Токсаба аз-Захир және Кутлубуга ал-Багдадиды да аттандырған [33, с. 266]. Осы жылы салтанатты некелесу тойына елшілік келген соң, бірнеше айдан кейін сұлтанға тағы да Өзбек ханның елшілері: Керей, Бұрылғай және Буграс келеді. Бұл елшілік таза ресми түрдегі әскери одақтасуды көздеген елшілік еді. Әл-Айни мәліметіне сәйкес, бұл елшілердің Мысырға келуінің себебі – Хулагулық Иран әмірі Шопанның шабуылдарына қарсы жорыққа Алтын Орда мен Мысырдың әскери бірігуі арқылы нақты әскери іс-қимылға көшуге үгіттеді [33, с. 521].

Тарихи деректерге сәйкес, Мысыр сұлтаны Өзбек ханның бұл ұсынысына қалай қабылдағаны және қандай жауап қайтарғаны жөнінде нақты мәлімет жоқ. Бірақ Ибн Дукмак және ан-Нувайри мәліметтері бойынша, Өзбек хан қабылдауында болып, 1321 жылы Мысырға қайта оралған жоғарыда аталған сұлтан елшілері Тоқсаба аз-Захир және Кутлубуга ал-Багдадидың елшілігі жөніндегі мәліметтері баяндалған. Олар Мысыр сұлтанына Өзбек хан оларды салқын қабылдап, тәкаппарлық танытқанын хабарлаған және оның себебін сұлтанның «Ирак жеріне әскер жіберіп, әмір Шопанды талқандау жөніндегі келісімін» орындамауына байланысты болғандығымен түсіндірді. Демек, Мысыр сұлтаны мен Өзбек хан арасында әскери одақтастық келісімнің болғаны және соңғысының келісімге сәйкес өз міндетін орындамағаны байқалады. Өзбек хан бұған қатты ашуланды. Ол елшілерден сыйлықтарды қабылдап, ал елшілікті қабылдау кезеңінде ашу шақырып, ұрыскандықтан елшілердің зәре-құты қашқан. Сонымен қатар, Өзбек хан тағы да Мысырға қайтқалы жатқан елшілікпен бірге өз елшілігін аттандырды. Бұл жолы да дипломатия саласында сыннан өткен Мангуш және оның серіктері, Урус, Ардажук және Тоғайбахши аттандырылды. Мангуш – көптеген елшіліктерге тағайындалған көрнекті дипломат еді. Ортағасырлық авторлардың мәліметтерін салыстыратын болсақ, көп жағдайда елші болып тағайындалған жаңа тұлғалардың есімдерін көптеп кездестіруге болады. Өзбек хан сұлтанға арнайы хат жолдап, онда табанды түрде өктем үнмен сұлтанның Хулагулық Иранға қарсы жорыққа қатынасуына ұсыныс жасап: «Бұлар [Хулагулықтар] сенің де, біздің де ортақ жауымыз, сондықтан біз бұл жауымызды ортамыздан аластатып, құртуымыз керек, өйткені [бұл барлық] жерлер біртұтас болуы қажет», – деген еді [33, с. 522]. Сонымен, Өзбек хан сұлтанның Хулагулық Иранға қарсы күресінде мақсатқа жету жолында көмектесуіне табанды түрде өтініш жасады, тіпті талап етті. Бірақ Мысыр сұлтанының бұл уақытта екіжақты саясат ұстанғаны белгілі. Ол Жошы ұрпақтарымен туыстық байланыс орнатып, тек достық қарым-қатынасын нығайтуға тырысты. Ал Өзбек хан үшін одақтасының бірден іске көшіп көмек беруі қажет болды. Алайда сұлтан мәселені шешудің басқа жолын таңдады. Хулагулық Абу Сайд-ханның (1316-1335) билеуші өкілі Шопаннан Алтын Орда әскерімен қақтығыстар басталғаны жөнінде хабар алып, оған шындықты бүкпестен Өзбек ханның одан көмек сұрағанын хабарлап, өзінің шешімін былайша айтты: «ол (Өзбек хан –А.Н.) сіздерге қарсы шығу үшін Мысырдан әкери көмек жіберуін өтінді, бірақ мен [оған] бұл өтінішін орындаудан бас тарттым», – деді [100, с. 367].

Сұлтан әл-Мәлік ан-Насирдің Өзбек ханға әскери көмек көрсетпеуінің қандай саяси себептері болғандығын анықтау қиын. Бірақ Мысыр сұлтанының бұл саяси қадамына сол кезеңде билік үшін ішкі талас-тартыстарға байланысты Хулагулық Иранның әлсіреуі Мысыр мемлекеті үшін аса үлкен қауіп туғызбауына байланысты болғанын жоққа шығара алмаймыз. Мысыр мемлекетінің Алтын Ордаға әскери көмек көрсетпеуінің формалды түрдегі себебі Хулагулық Иран билеушілерінің ислам дінін қабылдауына байланысты болғандығымен түсіндірілді. Егер Өзбек хан Мысыр елшілерін салқын қабылдаған болса, Мысыр сұлтаны да өз тарапынан Алтын Орда елшілеріне тек

салқын қабақ танытып қана қойған жоқ, тіпті оларға құл саудасымен айналысуына тыйым салды. Шамасы, бұл тыйым салу Өзбек ханның Мысыр елшілеріне де құл саудасымен айналысуына рұқсат етпеуіне байланысты болса керек.

1322/1323 жылы Өзбек хан елшілері Алтын Ордаға кері қайтты. Ал олармен бірге Мысыр сұлтаны өз елшісі Баха ад-дин Каракуш аз-Захириды Өзбек ханға сұлтанның жауап хаты және оған арнайы бағалы сыйлықтарымен бірге аттандырды. Сұлтан өзінің жауап хатында былай деп жазды: «Мен патша Абу Саид патшамен оның мұсылмандығы үшін, өзі және оның қарамағындағы адамдардың шынайы сенімге тәубе келтіргені үшін бейбіт келісім орнаттым; оның [Меккеге] келіп, қажылық жасауына тыйым салуға болмайды; бұл исламның негіздерінің бірі, ол діннің жеңісі мен бейбіт өмірдің жақтасы болады. Ал патша [біздің] саудагерлерге [сіздерден] құл сатып алуға тыйым салу мәселесін қозғайтын болсақ, онда – Алла жарылқасын – біз құлдарға аса мұқтаж емеспіз. Егер сіз достық пен бейбіт қатынасты [біздермен] ары қарай жалғастырғыңыз келсе, онда сіз біздің жолдасымыз боласыз. Қош бол!», – деді [33, с. 328].

Осылайша, Алтын Орда мен Мысыр мемлекеті арасындағы қарым-қатынастың салқындағаны және әскери-саяси одақтастықтың маңыздылығы төмендегені билеушілердің бір-біріне жазған хаттарында анық байқалады. Оның басты себебі ретінде Мысыр – Алтын Орда – Хулагулық Иран үшбұрышының ара салмағы қалыптасқан жағдайға байланысты өзгерістерге ұшырауына байланысты болса керек. Өйткені Елхан Абу Сайдтың өлімінен соң (30 қараша 1335 ж.), Хулагулық Иран империясы іс жүзінде өмір сүруін тоқтатқан еді. Кезінде Мысыр мемлекетіне үлкен қауіп тудырған қуатты держава ішкі талас-тартыстар мен өзара күрестер нәтижесінде шағын бөліктерге ыдырап, әлсіз мемлекетке айналды. Әмірлер арасындағы билік үшін бітіспес күрестерінің нәтижесінде XIV ғ. ортасына қарай бұрынғы қуатты Хулагулық Иран державасының орнына ондаған өзара жауласқан әулеттік иеліктердің құрылуына алып келді.

Бұл кезеңдегі елшілік алмасу жөнінде әл-Айни мәліметіне сәйкес, Мысыр елшісі Сайф ад-дин Тоқсаба аз-Захирдың Алтын Ордада болғаны жөнінде мәліметтер қалдырған. Бұл мәлімет бойынша, Өзбек хан Мысыр елшісіне ешқандай назар аудармаған, тіпті елшіге ханмен аудиенция жасауына, құл саудасымен айналысуына тыйым салған. Сонымен қатар, елшінің Алтын Ордада төрт күн ғана уақыт болуына рұқсат берілді. Өзбек хан Мысыр елшісіне «Әл-Мәлік ан-Насир аман-есен бе?», – деп бір ауыз сөз ғана айтты. Елші, «Иә», – деп жауап берді. Өзбек хан «Біз де аман-есенбіз», – деп қысқа ғана жауап қайтарды. Осымен Өзбек хан мен Мысыр елшісінің арасындағы сұхбат аяқталды [с. 524]. Автор Өзбек ханның Мысыр елшісін салқын қабылдауының себебін сұлтан некелік елшілікпен бірге аттанған Өзбек ханның зор құрметіне ие болған шейх Нуманға өз дәрежесінде құрмет көрпегені үшін болды деп түсіндіреді. Шейх Нуман Мысырға елшілікпен бірге аттандырғанда оны Өзбек хан қажылық жөн-жоралғысын орындауы үшін қаражат берген еді. Бірақ сұлтан Өзбек ханның бұл өтінішін орындамады [33, с. 522-524]. Ақиқатында,

Мысыр мен Алтын Орда арасындағы салқындықтың пайда болуы Нуманға қатысы жоқ еді, оның себебі ретінде Мысыр сұлтаны өзінің одақтастық міндетін орындамағаны үшін айыптаған еді.

Бұл аталған жағдайларға қарамастан екі мемлекет арасында елшіліктер алмасу жалғасын тауып жатты. 1324 жылдың 25 наурызында Мысырға қайтқан сұлтан елшілері Каракуш ал-Кандуки және Баха ад-дин Каракуш аз-Захиримен бірге, қайтадан Өзбек ханның елшілері де бірге келді. Өзбек ханның елшілері Мангуш және Урус сұлтанға арнайы ынсапты сыйлықтарын тарту етті. Өзбек хан сұлтанға осы сыйлықтарын жібере отырып, өзінің жолдау хатында Мысыр сұлтанының Елхан Абу Саид және оның билеуші өкілі Шопанға қарсы күресуден бас тартқанын айтып жазғырды. Осы жылы Мысыр сұлтаны жауап ретінде Алтын Ордаға өз елшілігін аттандырды. Мысыр елшілігін Сайф ад-дин Бакмыш аз-Захири және Бадр ад-дин Абугудда ас-Салари бастап барды. Олар Өзбек ханға сұлтанның хаты мен арнайы сыйлықтарын алып келді. Бұл елшілік Алтын Ордада біршама уақыт кідіріп, Мысырға 1325 жылдың 25 тамызында оралды. Осы уақытта Өзбек ханның елшілері Мысырға келді. Сұлтан елшілерге сыйлықтар тарту етіп, қайтар сапарға жабдықтап, олармен бірге өзінің елшілігіне әмір Сайф ад-дин Утуджи және гвардиялық қолбасшылардың бірі Қаратемірді аттандырды. Олар Алтын Ордаға 1325 жылдың 19 қыркүйегінде аттандырылды [33, с. 171, 266, 526].

Өзбек ханның келесі елшілігі Мысырға 1328 жылдың 21 мамырында келді. Осы уақытта Алтын Ордадан Сайф ад-дин Утуджи нөкерлерімен бірге оралды. Сол жылы Мысыр сұлтаны алтынордалық елшілікті аттандырып, олармен бірге Өзбек ханға Мысырдағы онбасы Сайф ад-дин Маджар ибн Абгана мен оның немере ағасы Білікті жіберді [33, с. 267, 526]. 1329 жылдың 20 қарашада сұлтан елшісі Маджар Мысырға Рум жері арқылы құрлықпен жолымен келді. Сондай-ақ, әл-Муфаддал мәліметіне сәйкес, 1332 жылы ақпанда Өзбек ханнан «бағалы сыйлықтарын» арқалап, Алтын Орда елшілігі келгені сипатталған. Олар сұлтанға 1320 жылы некелік елшілікпен бірге келген шейх Нур ад-диннің өлгені туралы хабарлады. Олармен бірге әл-Мәлік ан-Насир Алтын Ордаға өзінің елшілігін аттандырды. Осы елшіліктерден кейін екі мемлекет арасында дипломатиялық елшілік алмасулардың үзіліс кезеңі байқалады. Тарихи деректерге сәйкес, бұл кезеңдерде екі мемлекеттің қарым-қатынасы жөнінде ешқандай мәлімет кездеспейді. Оның себептерін сол кезеңдегі Таяу Шығыстағы саяси жағдайды талдай отырып, бірқатар версияларын көрсетуге болады. Біріншіден, Мысыр мен Иран арасындағы татуластық пен сұлтан үшін Хулагулық Иран тарапынан үлкен қауіптің болмауына байланысты жасаған саяси қадамы болған тәрізді. Екіншіден, егер Жошы ұрпақтары Хулагу ұрпақтарының иеліктерін Алтын Орда құрамына қосып, оның күш-қуаты артатын болса, көрші орналасқан Мысыр мемлекетінің шекаралық аймағының қауіпсіздігіне үлкен қауіп туындайтыны белгілі еді. Сондықтан сұлтан дипломатиялық қарым-қатынас этикетін сақтаудан қашқақтап, елшіліктерді салтанатты қабылдау мен бағалы сыйлықтарды жіберуін тоқтатты [61, с. 86-87].

Әл-Айни мәліметтеріне сәйкес, тек 1334/1335 жылы Мысырға Өзбек ханның елшілері келген. Олар өздерімен бірге Өзбек ханның «Мысыр еліне

калындыққа жіберілген хатунның (Тулунбияның – А.Н.) мәселесі бойынша, сұлтанды айыптаған» хатын алып келді [33, с. 527]. Әл-Макризи мәліметтеріне сәйкес, Алтын Орда ханшайымы Тулунбия, некелескен түннен кейін-ақ, ол сұлтанға ұнамағандықтан ажырасып кетті деген [33, с. 439]. Бірақ мұнымен әл-Мәлік ан-Насир биографиясын құрастырушының мәліметі сәйкес келмейді. Оның айтуынша, Тулунбия сұлтанмен некеде сегіз жыл бірге тұрған. Содан кейін ғана сұлтан онымен ажырасып, оны Меңлібұғаға әйелдікке берген. Ал ол өлген соң, Тулунбия Сусунға үйленген, ал оның өлімінен соң, ол тағы да тұрмыс құрды. Бұл жолы Тулунбия сұлтанның билеуші өкілі Омар ибн Аргунмен тұрмыс құрып, онымен өмірінің соңына дейін некеде болған. Тулунбия 1342 жылы 18 тамызында қайтыс болған делінген [33, с. 269].

Қалай болғанда да, сұлтанның Тулунбиямен ажырасуы Өзбек ханға мүлдем ұнамағаны айқын. Өз кезегінде әл-Макризи мәлімдегендей, Өзбек ханның елшісі Баянжар Мысыр сұлтанына некені қиюға арналған салтанат іс-шара басталмай тұрып, Өзбек ханның ақсүйектер әулетінен шыққан қызды қалыңдыққа аттандырғанын және сізге ұнайтын болса ғана ал, бұдан асқаны жоқ деген еді [33, с. 438-439]. Бірақ сұлтан оған әкелінген қалыңдыққа көңілі толатындығын мәлімдеген. Сондықтан сұлтанның бұдан кейінгі әрекеті түсініксіз, тіпті оның бұл әрекетіне байланысты екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың салқындайтыны белгілі еді.

Өзбек хан сұлтанға кесімді түрде хат жазып, өз елшісіне төмендегідей сәлемдемесін жеткізуді жүктеді: «Сұлтан маған хан әулетінен шыққан қызды беруге [құдалық] мәселесі бойынша бірнеше рет елшілік жіберген еді; мен мұны кейінге қалдырып отырдым, тек [ақыр соңында] сұлтанның алдында ұятты болып, ар-ожданым жібермегендіктен, мен оған хан қыздарының ең таңдаулыларының бірін жібердім. Бұдан кейін, егер ол сенің мархабатыңа қолайсыздық жасаса, онда саған оны өзіңнің мәмлүктеріңнің біріне сыйлыққа бермей, өзінің келген жағына [кері] қайтаруың керек еді. Сендей [тұлғаға] хан қызындай [тұлғаның] мерт болуына жол бермеуің керек еді. Біз саған оны қайтып жібергеніңді сұранамыз, өйткені ол жақындарының қасында болсын. Сенің бикештерің көп және [сенің] елің де кең байтақ», – деді. Өзбек хан бұл жолдау хатына байланысты сұлтанның берген жауабы да түсініксіз: «Менің бауырым, патша Өзбекке жеткен хабарлардың барлығы да жалған, [менің тарапымнан] оған (Тулунбияға – А.Н.) қарым-қатынаста немқұрайдылыққа жол берілген жоқ, ал құдіретті Алланың қалауына шара жоқ. Менің бауырым маған ол әйелді жіберген кезде мен онымен некелестім және ол менімен бір жыл отбасын құрды; содан кейін ол сырқаттанып, Алланың шапағатымен өмірден өтті», – деген еді [33, с. 527]. Тіпті сұлтан Тулунбияның өлімін ресми түрде құжат арқылы да дәлелдеп, елшінің осы құжатқа сүйену арқылы хабарды жеткізуге мүмкіндік жасады. Қазымен кеңесе отырып, сұлтан екі мәмлүк пен әскерден бірнеше адамды шақырып, олардың түсініктемелерін жазбаша акт түрінде куәландырды. Сұлтан бұл құжатты елшіге ұсынып, ал Өзбек ханға жоғарыда аталған мазмұндағы хатты жіберді. Бірақ бұл құжаттың шынайы екендігі күмән тудырады, өйткені басқа деректерде де Тулунбия сұлтанмен ажырасқан соң, бірнеше рет тұрмыс құрған. Сондай-ақ, әл-Мәлік ан-Насир

биографиясын құрастырушының да мәліметі бойынша, оның өлімі біршама кейінгі уақытта болған дейді [61, с. 89].

Бірақ осы даулы оқиғаға қарамастан, елшілік алмасу қайта жалғасын тапты. 1337 жылдың 21 шілдесінде Мысырдан Өзбек ханға пошта басшысы Сартақтай бастаған елшілік аттандырылған. Әл-Муфаддал мәліметі бойынша, аталған жылы Мысырға да Өзбек ханның елшілігі келгенін хабарлайды [33, с. 189]. 1338 жылы 27 желтоқсанында Мысырға тағы да Өзбек хан елшілігі және Мысыр елшісі Сартақтай Алтын Ордадан қайтып келген. Бұл жолы Алтын Орда елшілігінің құрамы 153 адам, ал оның ішінде 10 ақсүйек болды. Алтын Орда елшілігін салтанатпен қарсы алып, шығындарға қарамастан, аса құрметпен қонақжайлылық танытқан. Оларды күту кезінде күніне екі мың дирхем және 20 қой мен жылқылар сойылған. Мұндай көптеген елшілердің келуі мен салтанатты қабылдаудың себебі – Алтын Орда ханының Мысыр сұлтанының қызына құда түсуге ниеті мен арнайы елшілік арқылы жіберген жолдаухаты еді. Мысыр сұлтаны «олардың өзі жасаған әрекетін кері қайтарады деген пиғылын» жақсы түсінгендіктен, Алтын Орда ханына төмендегідей жауап жазды: «Менің қызым [әлі де] неке жасына толмаған және олардың ішіндегі жасы үлкені бар болғаны алты жаста; Алланың қалауы болса, оның некеге отыруға заңды мерзімі келсе, біз оны құдалыққа жабдықтап, оған [Өзбекке] аттандырамыз», – деген еді [33, с. 262-263]. Сұлтан елшілерге бұл жауап хатын беріп, оларға халаттар және ақшалай сыйлықтар берді. Ал сенбі күні 1339 жылы 27 наурызда елшілер Алтын Ордаға кері қайтты. Олардың соңынан-ақ, сұлтан құрамында Алам ад-дин Сүлеймен және гвардиялық қолбасшылардың бірі Ладжин әл-Хамави басқарған Мысыр елшілігін аттандырды [33, с. 266-267].

Мысырға 1340 жылдың 30 тамызында тағы да алтынордалық елшілік аттандырылып, оның құрамында ақсүйектер Ұрықтемір, оның ұлы Мұхаммед-қожа, Құтлұқ-қожа, оның ұлы Әбубәкір және аңшылық басшысы (амир шикар) Байдар келді. Сұлтан оларды өз сарайында қабылдап, оларға шапандар жауып, ақшалай сыйлықтар берген еді. Бұл елшіліктің мақсаты белгісіз, бірақ олар Мысырда бес айдан астам уақыт тұрып, 1341 жылдың 18 ақпанында Алтын Ордаға кері қайтты [33, с. 268]. Бұл Өзбек ханның Мысырға жіберген соңғы елшілігі еді. Жоғарыда айтылғандай, 742 х.ж. (1341/42 ж.) Өзбек хан қайтыс болған еді. Оның ортаншы ұлы Жәнібек хан өзінің бауырларынан үлкен ағасы – Тыныбек және кіші інісі – Қыдырбектен билік үшін күресте басым түсіп, Алтын Орда тағына отырғаны белгілі.

Жәнібек хан таққа отырған соң, Мысырға өзінің алғашқы елшілігін аттандырды. Қарабахадыр бастаған бұл елшілік Мысырға 743 х.ж. (1342/43 ж.) жетті. Алтын Орда елшілігі Мысыр сұлтанына арнайы бағалы сыйлықтар: алты қыран құс, бұлғын терілері және құлдар мен күндер алып барды. Сондай-ақ, Жәнібек хан Мысыр сұлтанына «аман-саулық және бейбіт келісім жөніндегі ұсыныс» хатын жолдады [33, с. 264]. Жәнібек ханның бұл «бейбіт келісім жөніндегі ұсынысының» қандай мақсаты мен мағынасы болғаны белгісіз. Ал әл-Асади мәліметінде бұл елшілік жөнінде тек әңгіме арасында ғана баяндалған. Тарихи деректерге сәйкес, Жәнібек хан кезінде Мысыр

мемлекетімен Берке, Өзбек хандардың кезіндегідей қарқынды дипломатиялық қарым-қатынастар болмаған. Оның себебі ретінде Хулагулық Иранның ақырғы түрде толық әлсіреп, ыдырауына байланысты болса керек. Сондай-ақ, 1345-1350 жж. аралығында Батыс пен Шығыс халықтарына үлкен шығын алып келген, оба індетінің таралуы оқиғасының әсері болғанын жоққа шығара алмаймыз. Бұл аса қауіпті эпидемия мемлекеттің сыртқы саясатындағы өзге мемлекеттермен байланыс жасауына кедергі келтіргені белгілі.

Әзірбайжан жерін иемденуге деген Жошы ұрпақтарының ертеден келе жатқан арманы мен мақсаты Жәнібек хан билігі кезеңінде жүзеге асырылды. 1357 жылы Жәнібек хан Әзірбайжанға жорық жасап, Иранның солтүстік астанасы – Тебриз қаласын бағындырды. Алтын Орда ханы бұл хабарды Мысыр сұлтанына хабарлауды кешеуілдеткен жоқ. Осы мақсатты орындауға байланысты сұлтанға аттандырылған елшілік Мысырға 1357 жылдың жазында жетті. Жәнібек хан өзінің жолдау хатында Мәлік-Ашрафты жеңгенін хабарлап, әдеттегідей елшілік сұлтанға арнайы сыйлықтарын: құлдар, бұлғын терілері, аңшылық құстарын және тағы басқаларын табыстады. Әл-Макризи мәліметтеріне сәйкес, Алтын Орда елшілігі сұлтан тарапынан үлкен құрметпен, салтанатты түрде, тіпті елшілерді қарсы алуға әмірлер әскері, мәмлүктер, қолбасшылар, жауынгерлер үлкен шерумен шыққан дейді [33, с. 91].

Мысыр сұлтаны әл-Мәлік ан-Насир Хасан (2-ші билігі 1354-1361 жж.) Жәнібек хан жолдаухатына былай жауап берді: «сенің әкең мен менің әкем өзара одақтас болды, біз саған бұл достықты қайта жандандыруды ұсынамыз» [33, с. 530]. Бұл фразалық сөйлем бұған дейінгі жылдарда Алтын Орда мен Мысыр мемлекеті арасындағы қарым-қатынастың күрделеніп, біршама уақыт салқын қатынас болғанын тағы да растайды, ал сұлтан олқылықтың орнын достық қарым-қатынаспен қайта жандандыруға шақырғаны анық байқалады. Алайда Жәнібек ханның бұл ұсынысқа жауап қайтару маңдайына жазылмаған еді. Тебризге өзінің билеуші өкілі ретінде баласы Бердібекті тағайындап, Алтын Ордаға қайтып бара жатқан кезеңде жол үстінде қайтыс болды [33, с. 389]. Жәнібек хан қайтыс болған соң, оның орнына Алтын Орда тағына баласы Бердібек отырды. Оның билігі ұзаққа бармады, бар болғаны үш жылға созылып, бұл кезеңде оның Мысыр мемлекетімен қарым-қатынасы жөнінде мәліметтер кездеспейді. Оның өлімінен кейін Алтын Ордада ішкі саяси алауыздықтар орын алып, бұл қырқыстар 20 жылға созылған саяси дүрбелеңге алып келді. Алтын Ордадағы саяси дүрбелең кезінде мемлекеттің сыртқы саясатында басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы екінші кезектегі мәселе ретінде кейінге қалдырылатыны белгілі. Бұл уақыт ішкі таластарыстарға байланысты әлсіреген Алтын Орда мемлекеті үшін Таяу және Орта Шығыстағы үлкен саясатқа араласу және Мысыр мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас жасайтын кезең емес еді [61, с. 92]. Бірақ Алтын Орда мен Мысыр мемлекеті арасындағы ішкі жағдайларды салыстырып, талдайтын болсақ, Алтын Ордаға қарағанда Мысыр мемлекетінде ішкі саяси алауыздықтар көп болған және сарай төңірегінде қанды төңкерістер жиі болып тұрған. Мысалы, Мысыр сұлтаны Мұхаммед ибн Қалауын таққа үш рет отырған. Алайда бұл жағдай мемлекеттің сыртқы саясатында алдына қойған мақсатына

әсер еткен жоқ және алғашқы билеушінің саясатын ары қарай жалғастырып отырған. Сонымен қатар, екі мемлекет арасындағы саяси-дипломатиялық қатынастарда жоғарыда айтылғандай әулеттік некелесудегі бақытсыздықтар, Хулагу ұрпақтары несториандық бағыттағы христиан дініне деген ықыласынан бас тартып, ислам дінін қабылдауы, тіпті екі мемлекеттің басты дұшпаны болған Хулагулық Иран мемлекетінің ыдырауына қарамастан, елшілік байланыстар жалғасын тапты. Саяси дүрбелең кезеңінде саяси-дипломатиялық қарым-қатынастардың үзілуі Алтын Орда билігіне келген Тоқтамыс хан кезінде жалғасын тапты.

3.3 Алтын Орда және Византия империясы арасындағы саяси қарым-қатынастар

Еуропа мен Азия түйіскен аймақта орналасқан Византия империясы – жеті ғасырға жуық (VI ғ.-XIII ғ. басына дейін) қуатты империя ретінде ортағасырлық Еуропа мен Таяу Шығыстың көптеген халықтарының саяси, экономикалық және мәдени өмірінде жетекші рөлге ие болған еді. Бұл тарихи кезеңде империяның ұстанған бағыты, оның жеңістері немесе жеңілістері алыс, жақын орналасқан көптеген мемлекеттердің саяси өміріне ықпал етті. Византия императорларымен көптеген христиан және мұсылман билеушілері одақтастыққа қол жеткізуге ұмтылыс танытты. Сонымен қатар, империяның рухани ықпалы Балтық теңізінен Қызыл теңізге дейін, Сирия және Армениядан Атлантикаға дейін тараған қуатты мемлекет болды [145, с. 7]. Бірақ XIII ғ. басына қарай Византия империясы өзінің қуаттылығынан айырылды. Батыстан келген төртінші крест жорығына қатысушылар Константинопольді опасыздықпен талқандап, 1204 жылы Латын империясын құрған соң Византиялық державаның қалдықтары ретінде Никей, Трапезунд және Эпир мемлекеттері қалған еді. Бірақ Никей империясының билеушілері жігерлілік танытып, Михаил VIII Палеолог (1261-1282) билігі кезеңінде латындарды Константинопольден қуып шығып, Византия империясын қайта қалпына келтірді. Сонымен қатар, сол уақытқа дейін Константинопольді латындықтар иемденіп, Мысыр билеушілері үшін Алтын Ордамен елшілік байланыс жасауға мүмкіндік беретін жалғыз теңіз жолы арқылы қатынау мәселесі күрделі сипатқа ие болған еді [61, с. 26].

Константинополь қаласын астана ретінде құрған Михаил VIII Палеолог империяның бұрынғы шекаралық аймақтарын қалпына келтіре алмаса да, Византия империясы қайта өмір сүруін жалғастырды. Бірақ мемлекеттің сол кезеңдегі саяси және экономикалық жағдайы өте тұрақсыз болды. Хулагу басқарған моңғол әскерінің әскери қимылдары мен Мысыр мәмлүктері, Алтын Орда секілді мемлекеттердің енді ғана бұрынғы күш-қуаттылығын қалпына келтіруге күш жұмсап жатқан Византия империясына саяси ықпалы императорды ерекше алаңдатты. Михаил VIII Палеолог осындай қауіпті билеушілермен күресуге қауқары да жоқ еді. Сондықтан XIII ғ. екінші жартысында Византия империясының саясатына Хулагулық Иран, Алтын Орда және Мысыр мәмлүк секілді үш мемлекет ықпал жасады. Михаил VIII Палеолог моңғол факторының Таяу және Орта Шығыста маңызды рөл атқаратынын

түсінгендіктен, мұны әлденеше рет өзінің сыртқы саясатында тиімді қолдануды ойластырды.

Византия империясының қалпына келуіне байланысты Шығыс Жерорта теңізіндегі саяси және коммерциялық үрдістері жалпы түрде қайта құрыла бастады. Латын империясы кезінде венециялықтар тарапынан қамтамасыз етілсе, Михаил VIII Палелог генуялық көпестерге біршама артықшылықтар беріп, соңғысының бәсекелесіне қарағанда басым болуына жағдай жасады. Византия осы кезеңде Ирандағы моңғол билеушілерімен достық қарым-қатынас орнатты. Сондай-ақ, империяның астанасын қайтадан Константинопольге көшіру Михаил VIII Палелог үшін маңызды сауда және қатынас теңіз жолын бақылауға мүмкіндік алды. Босфордағы саяси және коммерциялық революция іс жүзінде Алтын Орда мен Мысыр арасындағы қолайлы теңіз жолы екі мемлекеттің елшіліктерін қатынауына жағдай жасады [46, с. 159].

Мысыр мен Алтын Орда арасын жалғастыратын құрлық арқылы байланыстыратын қатынас жолы Хулагу иелігін кесіп өтетін еді. Сондықтан бұл құрлық жолы аса қауіпсіз болмады. Ал екі мемлекетті жалғастырып жатқан теңіз жолы арқылы, яғни Қара теңіздің тек Геллеспонт (Дарданеллы) және Босфор бұғаздары арқылы ғана байланысу мүмкіндігі болды, алайда екі бұғаз да Византия императорының бақылауында болғандықтан, мәмлүктер осы теңіз жолын пайдалану үшін Михаил VIII Палелогпен арнайы келісімге келу қажет болды. Осыған сәйкес, Мысыр сұлтаны Алтын Орда мен Мысыр арасындағы байланыстарын және саудагерлерін екі (Геллеспонт және Босфор) бұғаз арқылы еркін қатынауы үшін жылына бір рет арнайы елшілік аттандырып отырған [151 с. 467]. Осылайша, Михаил VIII Палелог Хулагулық Иранмен достық қарым-қатынас орнатқанына қарамастан, оның дұшпандары болып табылатын Мысыр және Алтын Орда кемелерінің еркін қатынауына жағдай жасаған. Бір жағынан алғанда, Михаил Палеологтың сыртқы саясатында оқыс бетбұрыс болғаны байқалады, бірақ императордың сол кездегі жағдайын талдайтын болсақ, онда бұл оның ең тиімді саяси қадамы еді. Осылайша, Алтын Орда Византия тарихында айтарлықтай маңызды рөл атқарған. Ол жөнінде Пахимердің мәліметіне сәйкес, сұлтан Байбарыс Мысыр жерінде билікке келген соң, қисынды пікірлері арқылы қыпшақ болғандықтан, өзінің туыстарына беруді мақсат етті. Ол үшін екі мемлекеттің арасын жалғастыратын теңіз жолын пайдалану үшін Византия билеушісімен ерекше мақсатта достық байланысқа түсуді көздеді деген еді [99, с. 1].

Сондай-ақ, Пахимер Византия билеушісінің бұл саясатын былайша түсіндіреді: «Патшаның пікірі бойынша, бұл өз мемлекетімізге пайда келтіру мақсатында жасалды. Мұндай саясат бейбіт кезеңдегі жағдайға байланысты түсінікті еді, ал басқаша жағдайда бұл аса үлкен қауіп-қатер алып келетін еді. Солтүстіктен тұтқынға түскен және құл ретінде сатып алынған жастарды алып келудің тұрақты түрде артуының нәтижесінде мысырлықтардың әскери күш-қуаты артты, сонымен қатар олардың батылдығы да артып, көрші орналасқан халықтарға қарсы шабуылдар жасап, христиандарға залал келтірді. Өйткені сол кезеңде батыс халықтары (авторда - итальяндықтар) Сириямен көршілес теңіз жағасындағы жерлерге билік жүргізді, Финикияға қожалық етті, тіпті

Антиохияға үстемдік жүргізді және өздерінің күш-қуатының арқасында Құтқарушының қасиетті жер ретінде тіршіліктің азап шеккен және туындысы болған Палестинаны азат етуге ұмтылыс жасады, ал бұл кезеңде мысырлықтар скиф (қыпшақ – А.Н.) жасақтарының есебінен күшейіп, христиандарды үлкен қалалардан ығыстырып, бұл елді шөлді аймаққа айналдырды. Қазіргі кезде даңқты Антиохия, Апамия, Тир, Бейрут және Сидон қирап, құлазыған далаға айналды. Батыс халықтарының атақты қалалары – Лаодикия, Триполь және Птолемаиданың жағдайы тым аянышты болып отыр», – деді [99, с. 3]. Осылайша, Пахимер Византия билеушісінің саясаты пайда алып келмегендігін, моңғолдар мен мәмлүк сұлтандары арасында байланыстар жасауына рұқсат беруі нәтижесінде христиан әлеміне дұшпан болған Мысыр мемлекетінің күшеюіне алып келіп, оларға залал келтіргенін айыптады. Автор соңында былай дейді: «Мысыр сұлтаны христиандармен күресінде біздің ақылсыздығымыз, қисынсыз есебіміз, негізсіз жоспарларымыз бен сараңдығымызды ұтымды пайдаланды», – деді [99, с. 3].

Келесі Византия тарихшысы Никифор Григор Константинополь билеушісінің Мысыр мен Алтын Орда арасындағы байланыс орнатуына қатысты олардың арасындағы теңіз жолын пайдалануы жөніндегі келісімді былайша сипаттайды: «Бұл уақытта патшаға (яғни Палелогқа - автор) Мысыр мен Аравия сұлтаны жүгінді, оның мәнісі гректермен достық қатынасқа түсу және біздің бұғаздарымыз (Дарданелла және Босфор) арқылы жылына бір рет мысырлық көпестерге сауда істерімен айналысу мақсатында еркін қатынауына рұқсат алу үшін келісім орнату еді. Бастапқы кезеңде бұл аса маңызды болып көрінбегендіктен, оған оңай рұқсат берілді. Уақыт өте келе, оның шынайы мағынасы белгілі болған соң, келісімді бұзуға болмайтындықтан, бұған қарсы тұру аса қиындыққа алып келді. Жылына бір немесе екі рет кемелер еуропалық скиф еліне қарай өтіп, Азов теңізі және Дон аймағында мекендеген ерікті босқындарды, бай-мырзалардан сатып алған құлдарды және ата-аналарынан сатып алынған балаларды жинақтаған бұл кемелер мысырлық Вавилонға (яғни, Каир - автор) және Александрияға қайтып оралды, осылайша мысырлықтарға скифтік әскери күштерді жеткізіп отырды. Өйткені мысырлықтар әскери іске қабілетсіз, аса қорқақ және қайрат жігерінен айырылған еді; сондықтан әскери қызметке жауынгерлерді шет жерліктер және жалдамалылар есебінен жинақтауға мәжбүр болды... Бірақ көп уақыт өтпей-ақ, мысырлық арабтардың аталған жағдайларға байланысты жинаған әскерінің қуаттылығы соншалықты, тіпті батыс халықтарына ғана емес, шығыс халықтарының өзіне аса қауіпті жауға айналды. Олар Африканы және бүкіл Ливияны Геркулес бағаналарына (Гибралтар бұғазының ежелгі атауы - А.Н.) дейінгі жерлерді иемденіп, бұдан кейін Финикия мен Сирия және бүкіл теңіз жағасындағы елді Киликияға дейін жылжып, бұл аймақтағы жергілікті халықты қырғынға душар етті. Осылайша, басқалармен де, әсіресе, батыстан келген және бұл аймақтар мен қалаларды игерген галаттар мен кельттар (әлбетте, француздық және итальяндық крестшілер) басына да осындай күн туды» [99, с. 5-6].

Осылайша, 1261 жылдың аяғы немесе 1262 жылдың басына қарай Байбарыстың тапсырмасымен оның елшілері император VIII Михаилмен

Алтын Орда және Мысыр арасындағы қатынас жасауда Константинополь арқылы өтетін теңіз жолын пайдалану және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзара келісімге келді. Мысырға 1263 жылы мамырда аттанған Берке елшілері де осы жаңа теңіз жолын пайдаланды. Алайда сол жылдың жазында VIII Михаил, шамасы, Хулагудың қысымымен бұл келісімді бұзып, Алтын Орда және Мысыр елшілерін тұтқынға алды [46, с. 169]. Бұл оқиға Алтын Орда мен Византия арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне алып келді.

Мысырдан 661 х.ж. рамадан айының 17-де (=27 шілде 1263 ж.) аттандырылып, ал 662 х.ж. рамадан айында (=27 маусым - 26 шілде 1264 ж.) Байбарыс сұлтан елшіліктің Византия императорының тұтқынында отырғаны жөнінде хабар алды. Байбарыс бұл жөнінде хабардар болған соң, өзіне патриарх пен епископты шақырып Византия императорының Мысырмен серт беру арқылы жасасқан достық келісім хатын көрсетіп, олардан Византия императорының бұл әрекеті жөніндегі пікірлерін сұрады. Олар императордың бұл әрекеті арқылы сертті бұзғандығы үшін шіркеуден аластатылуы тиіс екенін айтты [33, с. 125]. Ибн Абд аз-Захир мәліметіне сәйкес, олардан Мысыр сұлтаны серттен тайған Византия императорының әрекеті жөніндегі өз пікірлерін жазбаша түрде алып, оны императорға арнап жазған «ашу-ызасын білдірген» хатымен бірге қосып жіберді. Сонымен қатар, сұлтан бір мезгілде Алтын Орда ханы Беркеге де жағдайға байланысты арнайы хат жіберді [33, с. 62-63]. Ибн Абд аз-Захир бұдан кейін бұл оқиға жөнінде ешқандай мәлімет қалдырмаған. Бірақ келесі автор әл-Муфаддал өз мәліметтерінде ибн Абд аз-Захир мәліметтерін пайдаланған болса да, бұл оқиғаға қатысты біршама қосымша ақпараттар береді. Оның мәліметіне сәйкес, Мысыр елшілері және Алтын Ордаға қайтып бара жатқан Берке хан елшілерімен қатар, бір мезгілде Михаил Палеолог сарайына Хулагу-ханның елшілері де келген еді. Император Мысыр сұлтанның алдында өзінің әрекетін осы жағдайды айтып ақталған еді. Хулагу елшілерінің көзінше, өз иелігінен Мысыр сұлтанының елшілерін Беркеге өткізе алмайтынын айтты. Өйткені Хулагулық Иран мемлекеті оның иеліктерімен тікелей шектесіп жатқандықтан, өш алу мақсатында шекаралық аймақтарда олардың шабуылға тап болуы ықтимал еді. Бірақ осы оқиғаға байланысты Берке хан хабардар болғандықтан, Константинопольді қоршауға Ноғай қолбасшылығымен Алтын Орда әскерін аттандырған еді [42, с. 41-42].

Ноғай басқарған Алтын Орда әскерлері Константинопольге жақындаған сәтте император қаладан қашып шығып, алтынордалық әскердің қолбасшысымен байланысқа түсу үшін бітімгер ретінде Константинопольде тұтқында отырған Мысыр елшісі әмір Фарис ад-дин Акуш ал-Масудиді жіберген еді. Михаил Палеологтың өтініші бойынша әмір Константинопольде өз еріктерімен кідіргенін айту қажет болды. Алайда Алтын Орда әскерінің қолбасшысы оның мәлімдемесін жазбаша түрде растауын талап еткен соң, Мысыр елшісі қолбасшы Ноғайдың бұл талабын орындады. Византия императоры Алтын Орда қолбасшысына Мысыр сұлтанымен достық қарым-қатынаста болғандығын ескертіп, Византия императоры «өзінен жыл сайынғы беретін алым-салықтың қатарына 300 атлас киімдерін қосатынын, осылайша ол (Берке) оған одақтас болып, оның жеріне кірмеуін сұранды. Осыдан кейін,

Алтын Орда әскері кері қайтып, Мысыр және Алтын Орда елшілері дереу босатылды. Елшілік ешқандай оқиғаларға тап болмай, Қырымға дейін жетіп, содан кейін төменгі Еділ бойына Беркенің көшіп-қонып жүрген жеріне келген.

Фарис ад-Дин Акуш ал-Масуди Алтын Орда ханының алдында ұзақ кешігуін Византия императорының тұтқында ұстап отыруына байланысты болды деп ақталуға тырысты. Алайда Берке оған Константинопольде оның ерікті түрде кідіргені жөнінде Алтын Орда қолбасшысына берген жазбаша дәлелдемесін көрсетті. Берке бұл жағдайға байланысты қатты ашуланды. Беркенің ашулануы орынды еді, ол Мысыр сұлтанының жіберген сыйлықтарының елшіліктің Византияда кідіруіне байланысты біршама бөлігінің жоғалып кетуіне емес, елшінің өзіне жүктеген дипломатиялық миссиясына құрметсіздікпен қарауы мен оның екіжүзділігіне байланысты ашу шақырды. Алайда елшінің жеке басына қол сұғылмаушылық құқығы мен сұлтан Байбарыспен достық қатынасын құрметтегендіктен Алтын Орда ханы оны өзі жазаға тартпай сұлтанның қарауына қалдырды [33, с. 191]. Мысыр елшісі Фарис ад-Дин Акуш ал-Масуди Мысырға 1267 жылдың наурыз айында келген соң, сұлтан оны опасыздығы үшін жазаға тартты. Оның дүние-мүлкі мен алып келген 40 мың динарлық тауарлары тәркіленіп, өзін түрмеге отырғызды. Тәжірибелі әмір Фарис ад-дин Акуш ал-Масудидің опасыздығын дәлелдеу айтарлықтай қиындық туғызуы да мүмкін бе еді, бірақ қолбасшы Ноғай одан жазбаша түрде қолхат алып, алдын ала сақтық қамын жасағаны мәселені оңай шешкен еді.

Егер мысыр-араб авторларының мәліметтеріне сенетін болсақ, онда Константинополь Байбарыстың елшілерінің ішінен – Фарис ад-Дин Акуш ал-Масудидың бітімгерлік қызметінің арқасында жаулап алудан аман қалды. Михаил VIII Палеологтың өтініші бойынша, алтынордалық әскердің басшысына Византия, Мысыр және Алтын Орда арасында одақтық келісім бар екеніне сендіру оның қолынан келді. Осылайша, Берке Византия императорына өзінің әскери күш-қуаттылығын көрсетіп, оған Алтын Орда мүддесіне қарсы кез-келген әрекеттерінің соңы жақсылықпен аяқталмайтынын түсіндірді. Соңғы қалыптасқан жағдай Византия, Хулагулық Иран және Алтын Орданың арасындағы қарым-қатынасының мағынасын анықтап берді. Византия императоры бейбіт өмір сүру үшін алым-салық төлеп тұруға келісімін берді, яғни қалыптасқан жағдайда оның тек бейбітшілікті ұстанған бейтараптық саясаты жүйесінде болғаны байқалады, ол басқаша дипломатиялық немесе әскери блок құруға әрекет етуге қауқары да жоқ еді.

Византия өзінің сыртқы саясатында Алтын Орда және оның қарсыласы Ирандық моңғол билеушісі тараптарынан әскери қыспаққа алу мүмкіндігі біршама уақыт бойына табысты түрде тоқтатты. Бұл жөнінде Пахимер былайша сипаттаған: «Дегенмен моңғолдардың қысымына біз тойтарыс беріп отырдық, бірақ оны мүлдем әскери күш арқылы емес, ынтымақтастық шаралар арқылы туыстық байланыстар орнатып және жиі-жиі ең таңдаулы, бағалы сыйлықтар бере отырып, басқаша айтқанда құлдық құрбандығымыздың арқасында аман қалдық. Кейінгі кезеңдерде мұндай қатынас тексіз тайпалардан шыққан, бірақ орасан зор күшпен солтүстік аудандарын иемденген батыс тохарларымен де

(Алтын Орда моңғолдары - автор) қалыптасты. Олардың билеушісі Ноғаймен келісімге келудің нәтижесінде патша оған өзінің некесіз туылған келесі Ефросиния есімді қызын бере отырып, достық қарым-қатынас орнатты, бұл кездейсоқ соғыстардан сақтау үшін нәтижелі болды» [99, с. 3]. Мұндай матримониалдық келісім жасау сол кезеңдегі қалыптасқан жағдайға байланысты Константинополь билеушісінің моңғол қылышынан аман қалу үшін жасалған тығырықтан шығудың жалғыз жолы еді.

Мысыр мен Алтын Орда арасындағы қатынас жолында елшілерді Византия императорының тұтқынған алғаны жөніндегі 1265 жылғы оқиғадан кейін саяси жағдай күрт өзгерді. Бірақ, тарихи әдебиеттерде жүйелі түрде қалыптасқан Византия – «Хулагулық Иран одақтасы» ретінде, Мысыр – Алтын Орда альянсына қарсы бағытталуы нақты анық дәлелді емес [42, с. 194]. Кейбір ортағасырлық авторлардың шығармаларында Мөңке-Темірдің 1269-1270 жж. немесе 1271-1272 жж. Константинопольге әскери жорықтары жөнінде мәліметтер бар. В.Л. Егоровтың пікірінше, бұл оқиға Алтын Орда мен Иран арасындағы ұзақ күрестің бір эпизоды болып табылады және тағы да Константинопольдің Мысыр – Алтын Орда альянсына қарсы бағытталған жүйелі саясатын тағы да бір растайды [50, с. 194].

Мөңке-Темір әскерінің Константинопольге жорықтары жөнінде ан-Нувейри, Ибн Хальдун, әл-Макризи және әл-Айни шығармаларында бар, сондай-ақ барлық авторлар оны бірдей сипаттап жазған. Мөңке-Темір өз әскерін Константинопольге қарсы жорыққа Византия императорының әрекеттеріне «наразылыққа байланысты» жібереді. Мысыр сұлтанының елшісі Фарис ад-Дин Акуш әл-Масуди Алтын Орда әскерінің қолбасшысына (Ноғайға – А.Н.) жүгініп, Алтын Орда, Мысыр және Византия арасында одақтық келісімнің барына сендіреді. Мөңке-Темір әскері Константинопольдің маңын тонап, өздерімен бірге сұлтан Ияз ад-Динді алып қайтады. Мысыр елшісі Фарис ад-Дин Акуш әл-Масуди Мысырға сұлтан Байбарысқа барған соң, оны өзінің өкілеттілігін айқын асыра пайдаланғаны үшін қатаң жазалайды [33, с. 153-154, 380, 434, 511-512]. Бұл мәліметтің сипаттамасы Рукн ад-Дин Бейбарс, Шафи, әл-Муфаддал және Ибн Касир кітаптарында жазылған Берке хан әскерінің 1265 жылы Византияға барған жорығына мазмұны жағынан ұқсас екенін аңғару қиын емес [33, с. 103, 126, 191, 275]. Тек жекелеген фактілер ғана емес, оқиғаға қатысушы кісі атаулары да сәйкес келеді. Осы және бұрынғы оқиғада да, елші Фарис ад-Дин Акуш әл-Масуди және султан Ияз ад-Дин аталады, яғни авторлардың мәліметтеріне сенетін болсақ, ол екі рет тұтқынға алынып, мүмкін емес жағдай пайда болды. Демек, біздің қолымыздағы мәлімет бойынша аталған жорықтардың сипаттамасы бір мағынада, тек даталық тұрғыда дұрыс емес көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген деректі талдай келе, мынадай заңдылық анықталады. Ан-Нувейри, ибн Хальдун және әл-Макризи шығармаларында Константинопольге жорық Мөңке-Темір билігі кезеңіне жатады, ал Беркенің билігі кезеңіне арналған бөлімдерінде Алтын Орда әскерінің Византияға жорығына қатысты ештеңе айтылмаған. Рукн ад-Дин Байбарыс, Шафи, әл-Муфаддал және Ибн Касир шығармаларында керісінше, жорық Берке билігі жылдарында болған да, ал Мөңке-Темір билігі кезеңіне

арналған бөлімінде Константинопольге жорығы жөнінде ештеңе айтылмаған. Тек әл-Айни шығармасында ғана Берке жорығы да, Мөңке-Темір әскерінің жорығы да жазылған. Бірақ ескеретін жағдай – әл-Айни өзінің шығармасын XV ғ. басында, яғни Алтын Орда әскерінің Константинопольді қоршауынан 150 жылдан кейін жазылған. Шамасы, ол өзінің алдындағы көптеген авторлардың шығармаларын пайдаланып, біреулерінен 1265 жылы жорығы жөніндегі мәліметтерді, ал басқаларынан 1269-1272 жылдардағы соғыстың мәліметтерін пайдаланған. Берке әскерінің Византиядағы әскери қимылдары жөнінде ең жақсы егжей-тегжейлі баяндалған мәліметтері әл-Муфаддал шығармасында да бар. Оның шығармасында бұл жорықтың негізгі кезеңдері баяндаудың жалпы контекстінде қисынды түрде жазылып, ілгерідегі және одан кейінгі оқиғалармен жақсы үйлеседі. Ал ан-Нувейри, әл-Макризи және Ибн Хальдун мәліметтерінде тек Мөңке-Темірдің Византия императорына «наразылығы» ғана айтылған. Бұл «наразылықтың» себебі неде және ол одан кейін не болғаны түсініксіз қалып отыр. Константинопольге жорық Мөңке-Темір кезінде емес, Берке билігі кезеңінде ұйымдастырылды деген мәліметтерді басқа фактілер де растайды. Ең алдымен, Мөңке-Темір кезінде Алтын Орда мен Византия арасындағы қарым-қатынас ынтымақтастық немесе дұшпандық түрде болған жоқ. Осылайша, Константинопольге жорық 1265 жылы Берке ханның бұйрығымен ұйымдастырылды деп нақтылауға болады. Ал 1269-1272 жж., оқиғалар сипаттаған ан-Нувейри, ибн Хальдун, әл-Макризи және әл-Айни шығармаларындағы мәліметтерге келетін болсақ, олардың даталық тұрғыдан және кейбір мәліметтері қате, нақты емес екенін мойындауымыз қажет, ал Мөңке-Темір әскерінің Византияға жорығы мәліметін тарихи жаңылысу қатарына жатқызуымыз керек.

Алайда келесі жылы Беркеге бұл жорықты аяқтау мүмкіндігі туындады. 1265 жылы оның қолбасшысы Ноғай бастаған қол болгар патшасы Константин I Тихпен бірге одақтасып, Византияға басып кірді. Бірқатар қоныстарды талқандап, Михаил VIII Палеологтың өзін тұтқындауға аз қалды. Императорды тек астанасына қайтар жолында құрлықпен емес (онда орда-болгар торуылы бар еді), теңіз жолымен келуі құтқарды. Ноғайдың бұл жорығының мақсаты бұрынғы селжүк сұлтаны Изз ад-Дин Кей-Кавусты Византия тұтқынынан босату еді. Бұрынғы селжүк сұлтаны Изз ад-Дин Кей-Кавус өзінің бауыры Рукн ад-Дин Килич-Арсланның тақтан құлатуынан кейін, Михаил VIII Палеологқа баспана сұрап келген еді. Бірақ император оның серіктестерінен қауіптеніп, сұлтанды зынданға қамап қойды. Беркенің бұрынғы сұлтанның тағдырына алаңдаушылығының мәнісі, Алтын Орда билеушісі Кей-Кавусты таққа қайта отырғызып, Бату кезіндегідей Алтын Орданың Селжүк сұлтанатына саяси ықпалын қалпына келтіру еді. Ноғай жорығының нәтижесінде сұлтан тұтқыннан босаған соң, Беркеге келді. Берке өзінің қызы Урбай-хатунды қалыңдыққа беріп, Қырымдағы Солхат қаласын (қазіргі көне Қырым) жоғалтқан тағын алғанша, уақытша билеуді берген [67, с. 30] Алайда Берке қайтыс болған соң, оның бұл жобасы мұрагері Мөңке-Темір билігі кезінде жүзеге асырылған жоқ.

1271 жылы Ноғай Мысыр мен Алтын Орда арасындағы елшілік байланысын Босфор теңіз жолы арқылы еркін қатынауды қалпына келтіру үшін Константинопольге қарсы аттанды. Император жеңіліске ұшырауға тәуекелге бармай, бейбіт келісім орнату мақсатында Ноғайға достық қатынасын білдірді. 1273 жылы Михаил өзінің некесіз туылған қызы Ефросинияны Ноғайға қалыңдыққа берді. Осылайша, Палеологтар (некесіз туылған ханшайымдар арқылы) елхандармен де, қыпшақ даласының билеушілерімен де туыстық қатынасын орнатты [46, с. 170]. Бұл оқиғадан кейін екі жақтың да достық қатынастары қайта жандана бастады.

Ноғайдың Византия императоры Михаил VIII Палеологтың некесіз туылған қызы Ефросинияға үйленген соң, патша, Ноғайдың... көңілін табу үшін оған үлкен мөлшерде, киім түрінде, түрлі өнімдер түрінде және оларға қосымша жомарт түрде хош иісті шарап бөшекелерін жіберуді тоқтатқан емес. Ноғай ықыласпен ол жіберген өнімдер мен сусындарды алды, сондай-ақ алтын және күміс кубоктарын да қабыл алды [116, с. 120]. Ноғайдың императордың қызына үйленуі мен одан бағалы сыйлықтарды алуы оның Византияның саясатына орасан зор саяси ықпалының бар екенін айғақтайды. Бірақ бұл оның сарай билеушісіне оппозициялық көңіл-күйде екенін дәлелдей алмайды, сондай-ақ осындай сипатта Константинопольмен байланысқа түсуі заңсыз немесе дәстүрлі заңдылыққа қарсы деп айта алмаймыз. Сонымен қатар Пахимер шығармаларының үзінділерінде Ноғайды «патша» немесе «хан» деп атамаған, оны тек «архонт» түрінде көрсеткен. Сондай-ақ, Ноғайдың бақылауындағы территория тікелей Византия империясының шекарасына жақын маңда болды, сондықтан император жағынан оған аса назар аударуы түсінікті жайт.

Мөңке-Темір билігінің соңғы жылдарында Ноғай мен Византия арасындағы қарым-қатынас «болгар мәселесі» бойынша біршама шиеленіскен еді. Бірақ император Михаил VIII Палеологтың Мөңке-Темірмен тікелей байланысқа түсуінің арқасында бұл мәселе оң шешімін тапты. Мөңке-Темір қайтыс болған соң, Ноғай Византия императорымен достық қатынасын жалғастыра берді. Ол бүлікшіл Фессалия билеушісіне қарсы VIII Михаилге көмекке 4 мың таңдаулы моңғол жауынгерлерін аттандырды. Император бұған аса ризашылығын білдірді, бірақ бұл жорық VIII Михаилдің (1282 ж.) кенеттен қайтыс болуына байланысты жүзеге асқан жоқ [46, с. 182].

Алтын Орда билігіне Тоқта хан келген соң, ол да византиялық Палеологтармен достық қарым-қатынаста болды. Достық қатынаста Ноғай кезіндегідей некелік қатынас арқылы туыстастық орнады, император II Андрониктің некесіз туылған қызы Мария Тоқта хан әйелдерінің бірі болды [46, с. 196]. Ал Өзбек хан кезінде оның Византияға қатысты ұстанған саясаты Тоқта ханға қарағанда агрессиялық сипатқа ие болды. Ол 1324 жылы Византиядағы өзара күрес кезінде болгар-византия шиеленісіне араласып, болгар билеушісі Георгий II Тертерийді қолдады. Моңғолдардың қолдау көрсеткеніне қарамастан, болгар әскерлері Адрианополь түбіндегі шайқаста византиялықтардан жеңіліс тапты. Бірақ кейіннен Византия императоры III Андроник (1328 ж. өзі тақтан тайдырған Андроник II, немересі) Өзбек ханға өзінің қызын беру арқылы екі мемлекет арасында достық қатынас орнады.

Байалун-хатун есімімен белгілі Византия императорының қызы діни атфосфераның алмасуына байланысты ислам дінін қабылдауға тиіс болды. Шамамен, 1333 жылы Өзбек хан Байалун-хатунға Константинопольге барып әкесінің хал-жағдайын біліп келуге рұқсат берілді. Оны Константинопольге дейін араб саяхатшысы Ибн-Батута алып барған еді. Бірақ осыдан кейін Байалун-хатун Сарайға қайтып оралған жоқ [46, с. 203]. Сонымен қатар, Өзбек хан билігі кезінде Мысыр сұлтанымен некелік қатынас арқылы туыстық одақтасу жөнінде жоғарыда айтып өткен едік. Мысыр сұлтанына қалыңдыққа Тулунбия ханшайымды алып шыққан құдалық ретінде аттанған елшілік күз айы мен теңізде ілеспе желдің болмауына байланысты Ибн-Ментеши айлағы және одан кейін Византияның кеме жайында 5 ай бойына кідірулеріне тура келді. Византия императоры III Андроник бұл делегацияны жылы қарсы алып, үлкен шығындарға қарамастан, біршама уақыт бойы қонақжайлық көрсетті. Әл-Айни мәліметіне сәйкес, Византия императоры бұл қонақжайлығын Мысыр сұлтанымен достық қарым-қатынасына байланысты болды деген еді. Византия императоры Алтын Орда елшілігін күтуіне 60 мың динар қаржы шығындады. Мысырға бұл делегацияны аттандыру кезінде Византия императоры да олармен бірге өзінің елшілерін де жабдықтап аттандырды [33, с. 365].

Сонымен саяси жағдайы біршама тұрақсыз Византия империясы өзінің сыртқы саясатында моңғол факторының маңыздылығын түсініп, олардың әскери қыспағынан қауіптеніп, туыстық байланыстар арқылы, түрлі сый-сыяпат, тарту-таралғылар бере отырып, достық қатынастарға қол жеткізіп отырды.

4 АЛТЫН ОРДАНЫҢ XIV Ғ. 80-90-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

4.1 Алтын Орда билігіне Тоқтамыстың келуі мен оның сыртқы саясатының негізгі бағыттары

XIV ғ. 60-70-ші жылдары моңғолдар билік еткен бірқатар ірі мемлекеттердің ыдырауы мен тарих сахнасынан кетуінің нәтижесінде болған күрделі саяси өзгерістер әлемдік саясатқа айтарлықтай ықпал жасады. Бұл кезеңге дейін Орта Азиядағы Шағатай ұлысы ақырғы түрде Моғолстан мен Мәуераннахр тәуелсіз иеліктеріне ыдырады. Сол сияқты Хулагулық Иран мемлекеті де өзінің өмір сүруін тоқтатып, бір-бірімен өзара жауласқан шағын бөліктерге ыдырап кетті. Сондай-ақ, Қытайда моңғол билігіне қарсы ірі көтеріліс оты тұтанып, нәтижесінде 1368 жылы билікте болған моңғолдық Юань әулетінің күйреуіне алып келді.

Моңғол әлемінде болған күрделі өзгерістер тек саяси жағынан ғана емес, экономикалық жағынан да трансазиялық және трансконтиненталдық сауда-саттыққа кері әсерін тигізді. Ал трансконтиненталдық сауда-саттық дағдарысы халықаралық саудаға бақылау орнатқан бірқатар ірі мемлекеттердің ішкі саудасына да әсерін тигізетіні белгілі. Осы орайда, бұл жағдайдың Алтын Орда экономикасының тұрақсыздығы мен әлсіреуіне ықпал еткені байқалады. Сондықтан бір мемлекетте болған саяси тұрақсыздықтар бүкіл әлемдік саудаға өз әсерін тигізді. Ал ол өз кезегінде басқа мемлекеттердің ішкі қатынастарында әлеуметтік тұрғыдан саяси дағдарысқа алып келуіне септігін тигізді. Өйткені сауданың әлсіреуі тек қалалық қолөнершілер мен көпестерге ғана кері әсерін тигізіп қойған жоқ, сонымен қатар халықтың барлық әлеуметтік топтарына өз әсерін тигізді [64, с. 22].

Зерттеушілер бұл мәселеге қатысты ертеден ерекше назар аударып, оның себептерін түсіндіруге талпыныстар жасап келеді. Бұл мәселелерді түсіндіруде көп жағдайда Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясы, Э. Хантингтонның климатологиялық теориясы және А. Тойнбидің өркениет тарихы концепсияларына сүйенеді. Ал соңғы жылдары XIV ғ. моңғол мемлекеттерінде болған дағдарыстарға қатысты мәселелерді әлеуметтік табиғи тұрғыдан түсіндіруге тырысуда. Бұл жөнінде Э.С. Кульпиннің еңбектерін атауға болады. Әрине, саяси дағдарысқа оның физикалық факторлары, этностардың даму заңдылықтары, стихиялық апаттар мен климаттық ауытқулар, ландшафттың элементтерінің өзгерістері әсер еткен жанама себептер қатарында бола алады. Бірақ XIV ғ. екінші жартысындағы моңғол мемлекеттеріндегі ішкі тұрақсыздықтар саяси және әлеуметтік себептерге байланысты болған еді. Бұл себептердің қатарында билік етуші әулеттердің жекелеген топтары арасындағы тақ үшін күрес, ықпалды сарай әмірлері мен ірі феодалдардың мемлекет істеріне араласуы мен мемлекет билеушілерін тағайындауы, ірі жер иеленуші феодалдардың күшеюі мен олардың сепаратистік әрекеттері, жергілікті тұрғын халықтардың жаулаушыларға қарсы күресі (Юань империясындағы жағдай) және моңғол мемлекеттері арасындағы өзара ымырасыз соғыстары әсер етті [64, с.23].

Кейбір зерттеушілер XIV ғ. 60-70-ші жылдары Жошы ұлысында болған саяси дүрбелең кезеңінің алғышарты ретінде Өзбек, Жәнібек және Бердібек хандардың кезіндегі билік алмасудың күрделене түсуінен билікте орталықсыздандыру үдерісінің басталғанын атап өтеді [4, с. 263, 266, 271]. Әрине, бұл пікірмен келісуге болмайды. Өйткені Алтын Орданың билік институты алғашқы хандардың билігі кезінде негізі қаланды. Жәнібек және Бердібек хандар билігі кезінде Алтын Ордада ірі дүрбелең болмаған. Бұл хандардың билігін Алтын Орданың барлық территориясында мойындап, ал олардың қарсыластарының көзін құртуы, тек олардың билігін нығайтуға оң әсері болды. Бердібектің өлімінен соң, билеуші әулет тармағы бұрынғы хандардың тікелей ұрпағын отырғыза алмады, өйткені Бердібек-хан өзінің бастамасымен таққа отыруға лайықты өзінің туыстарының көзін құртқан еді [34, с. 129, 211, 214]. Сондықтан Алтын Орда ішіндегі саяси дүрбелең Бердібектің өлімінен кейін болған. Бірақ орталық билік берік болғандықтан қалыптасқан күрделі жағдайға қарамастан, оның қызметі жалғасын тапты. Бердібек билігінен кейін таққа отырған Алтын Орда хандары мемлекетте билік үшін өздерінің бәсекелестерін жою, дүрбелең мен мемлекеттің күйреуін тоқтатуға байланысты әрекеттер жасап отырды.

Саяси дүрбелең кезеңінде Алтын Ордадағы билік жолында таққа отырған хандар «калейдоскопты» жылдамдықпен бірін-бірі алмастырған, тіпті кейбір хандардың атын тек олардың атынан соғылған сирек кездесетін монеталар арқылы ғана білуге болады. Алтын Орда тарихындағы 20 жылдық дүрбелең кезеңін тарихшылар бірауыздан аса күрделі кезең ретінде билік дағдарысы болғанын сипаттайды. Кейбір зерттеушілер тіпті бұл кезеңді іс жүзінде Алтын Орданың ыдырау үдерісінің бастапқы кезеңі деп те сипаттайды. Бірақ В.Л. Егоровтың пікірінше, 1361 жылы Мамайдың жасаған бүлігіне дейін Алтын Орда біртұтастығы сақталған, тек аталған оқиғадан соң екі бөлікке бөлініп кеткен десе, И.М. Миргалеевтің пікірінше, Алтын Орда мемлекеті дүрбелең кезеңінде заңды тұрғыда Жошы ұрпақтарының біртұтас мемлекеті ретінде саналған. Тек Бату әулетінен шыққан билік етуші ұрпақтар бұрынғы хандардың тікелей ұрпақтарын таққа отырғыза алмаған, осының нәтижесінде мемлекетте қалыптасқан жағдайға байланысты тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған кепіл бере алатын тұлға тұрғысында билік вакуумы қалыптасқан. Сондықтан билік етуші Жошы әулетінің басқа да ұрпақтары бұл олқылықтың орнын толтыруға әрекеттенген. Егер бастапқы кезеңде мәселені шешуде астаналық әмірлер атсалысса, енді бұл жолы мемлекеттің жаңа басшысын тағайындауға басқа да аймақтардың ықпалды әмірлері атсалыса бастаған дейді [64, с. 27].

Жошы ұлысы ішіндегі билік үшін күресте Ақ Орда билеушісі Орыс-хан мен Тоқтамыстың белсенді әрекеттерін ерекше атап өтуге болады. Бірақ Орыс-ханның әрекеттері сәтсіздікке ұшырап, Тоқтамыс ханның (Tokhtamysh. fl. 1375-1405) Жошы ұлысының басын біріктіруге деген жоспары мен мақсаты жүзеге асырылды.

Тоқтамыс – Жошының он үшінші ұлы Тұқа-Темірдің ұрпағы еді. Зерттеушілер бұл жөнінде «Муизз» генеологиясына сүйене отырып,

Тоқтамысты Жошының он үшінші ұлы Тұқа-Темірдің ұрпағы болған деген мәліметіне сүйенеді [34, с. 61]. Сондай-ақ, бұдан басқа аса дәлелді нұсқасы да жоқ. Ал араб деректерінде Тоқтамысты тек Шыңғыс хан ұрпағы деп қана сипаттады [33, с. 452]. Тіпті кейбір араб тілді деректерде Тоқтамысты Өзбек ханның ұлы [33, с. 441-442] немесе Бердібектің ұлы [33, с. 389, 406] деген сияқты қате мәліметтерді көрсетеді. Оның себебі – саяси дүрбелең кезеңінде Алтын Орданың сыртқы қарым-қатынастары әлсіреген еді. Осыған байланысты, араб деректерінің мәліметтері осы кезеңдегі Жошы ұлысының ішкі саяси оқиғаларының шынайылығын нақты сипаттай алмайды.

Муин ад-дин Натанзи, Гаффари, Хайдер Рази және Өтеміс-қажы мәліметтеріне сәйкес, Тоқтамыс алғашқы кезде Орда-Еженнің ұрпағы және Ақ Орданың билеушісі Орыс-хан қызметінде болғаны сипатталған. Бірақ бұл авторлар Тоқтамыстың бұл әулетке жататындығы жөнінде ештеңе айтпайды. Сондықтан Тоқтамыс Тұқа-Темірдің ұрпағы, ал Орыс-хан Орда-Еженнің ұрпағы болып табылады.

Алтын Ордада билік жүргізген Бату әулетінен тарайтын ұрпақтарының билігі үзілуінен кейін саяси дүрбелеңге алып келген билік дағдарысы басталған соң, сарай әмірлері таққа жігерлі жаңа кандидатураны отырғызуға аса мүдделілік танытты. Осы кезеңде Жошы әулетінің билік иерархиясында оның үлкен ұлы Орда-Ежен ұрпақтары ең ықпалды және беделді болған еді. Сарай әмірлері де Ақ Орда билеушісі Шымтайды Жошы ұлысының тағына отыруға ұсыныс жасады. Бірақ Шымтай өзі барғысы келмегендіктен, өзінің бауырын жіберді [34, с. 130, 211]. Орда-Ежен ұрпағының Алтын Орда билігіне келуі әмірлердің барлығының көңілінен шықпады. Сондай-ақ, Муин ад-дин Натанзидің айтуынша, Орыс-хан өз әкесін Сарай тағына отыруға үнемі үгіттеп отырған, бірақ Шымтай оның сөзіне құлақ аспаған [34, с. 131]. Шымтай жасының қартайып қалуына байланысты болды ма, әлде басқа себептері болды ма, әйтеуір бұл мәселеге байланысты аса үлкен белсенділік танытпаған. Зерттеуші И.М. Миргалеевтің пікірінше, егер Шымтай хан тағына отыруға келісімін бергенде дүрбелең уақыты әлдеқайда ертерек аяқталатын еді дейді [64, с. 48]. Ал Орыс-хан өзіне дейінгілерге қарағанда аса жігерлі және табанды билеуші болған. Тарихи деректерде оны күш-қуатты билеуші болғанын сипаттайды [101, с. 258]. Мұхаммед Гаффари мәліметіне сәйкес, оның мақсаты екі ұлысты біріктіру болды дейді [34, с. 211]. Ал Бүркеншік Ескендір мәліметіне сәйкес, бұл жоба бірінші құрылтай кезінде-ақ бекітіліп, онымен барлық сарай маңындағы ақсүйектер мен мемлекет қайраткерлері де келіскен дейді [34, с. 131].

Ақ Орда билеушісі Шымтайұлы Орыс хан 1361 жылы Ақ Орданың тағына отырды, ал кейінірек 1375 жылы Сарай билігін өз қолына алған еді. Әкесі Шымтай өлген соң, Ақ Орданың ішкі саяси-экономикалық жағдайы да нашарлап, Ақ Орда Сырдария бойындағы бірқатар қалаларынан айырылып қалды. Орыс хан тек Сырдария бойы, Қыпшақ даласын ғана емес, ел іргесін Еділдің құйған жеріне қарай кеңейтіп, Үлкен Орданың билігін қолға алудың қажеттілігін, жоғарыда айтып өткеніміздей, әкесінің көзі тірісінде-ақ оның құлағына құя бастаған еді. Ал таққа келгеннен кейін ол өз жоспарын орындау

үшін елінің іргесін орнықтырып, өз мақсатына жету жолында іске жігерлі түрде кірісті. 1360 жылдың соңына қарай ол Аралдың солтүстік бойы мен Батыс Қазақстан жерлерін қайтарып алды. Ендігі кезекте Орыс ханның жолында Маңғыстау жерінің билеушісі, Тұқа-Темір әулетінен шыққан Түй Қожа тұрды. Орыс хан Жошы ұлысының қара шаңырағының (Орда Ежен) өкілі ретінде Түй Қожаны бірлікке, ымырашылдыққа шақырды. Бірақ Түй Қожа Ақ Орда ханының саясатын қолдаудан бас тартты және сол үшін Орыс хан қолынан өлім жазасына кесілген еді [34, с. 130, 141].

Муин ад-дин Натанзи мәліметіне сәйкес, Тоқтамыстың тым жас болуына байланысты оған тиіскен жоқ. Кейіннен осы Тоқтамыстың өзі Жошы ұлысының билігі үшін күреске белсене кірісіп кетті. Міне, осы әулеттік талас-тартыс жөнінде әл-Джаннаби (Та'рих ал-Джаннаби) мәліметі бойынша, Жәнібек хан қайтыс болған соң, әмірлер арасында шым-шытырық оқиғалар мен саяси дүрбелең күшейе түсіп, Дешті Қыпшақта бірнеше партиялар (топтар) құрылды. Бірқатары Орыс ханды қолдады, басқалары Тоқтамыс ханды қолдаса, кейбіреулері Абав'арабоғланға (мүмкін 'Арабшах?) арқа сүйеді дейді [100, с. 384]. Осы кезеңде бірқатар феодалдар беклербек Мамайдың қарамағына бірігіп, өздері жаңа хан сайлады. Шайбан ұрпақтары да өз ұлысын тәуелсіз түрде билей бастады. Сондай-ақ, Сарай тағына отыруға өз құқықтарын олар да білдіре бастады. Бізге қысқа ғана уақыт аралығында Сарай билігінде болған Қағанбек және Араб-оғлан Шайбан ұрпақтары болғаны белгілі [64, с. 49]. Осы мәліметке байланысты, Жошының ұрпақтарының үш әулеті арасында жоғарғы билік үшін күрес басталғанын көрсетеді. Билік үшін күрес қоғам өміріне барлық жағынан тұрақсыздықтар алып келіп, мемлекеттің күш-қуаттылығына ауыр соққы жасады. Осы кезеңде Алтын Орданың сыртқы саясаты да әлсіреп, әлемдік саясатта өз ықпалынан айырылды. Алтын Орданың ақсүйектері мен мемлекет қайраткерлері мемлекеттің бұрынғы қуаттылығын қалпына келтіруге тырысып, бұдан шығатын оңтайлы жолын іздеді. Бұл жағдайдан қарапайым халық та әбден қажып, саяси дағдарыстың ертерек аяқталғанын қалады.

Осы кезеңде дүйім Қыпшақ (қазақ) жұрты арасында Орыс ханның ықпал билігі арта түсті. Ол Сырдария бойы қалаларын қайтарып алып, ел іргесін батысқа қарай жылжыта түсті. Нәтижесінде шығыс Дешті Қыпшақ даласы түгелімен Орыс ханның басшылығындағы Ақ Орданың құзырына өтті. Осылайша, Жайық арқылы бөлініп жатқан Жошы ұлысының бұрынғы әскери қанатының (Орда Ежен бастаған сол қанат, Бату бастаған оң қанат) шекара шебі қалпына келді. Бірақ бұл кезде Ұлы Орда билеушілері билік үшін өзара қырқысып жатқан еді. Енді бұл іске мұрагерлік құқығы бойынша Орда Ежен ұрпақтарының араласуына мүмкіндік туды. Орыс хан 1372 жылы Ұлы Ордаға жорыққа аттанды. Ол 1374 жылы Еділге жетіп, осы жылдың көктемінде Сарайшықты ұрыссыз алды. Орыс хан ары қарай Жошы ұлысы державасының орталығы Сарайға келіп, 1375 жылы Ұлы Орданың хан тағына отырды. Бұл ұлы оқиғаның куәсі ретінде 775/776 х.ж. Сарайда Орыс хан атынан монета соғылды [2, 622-623 бб.]. Осы кезеңде Тоқтамыс та таққа отыруға деген мақсатын орындауға әрекет жасады. 1372 жылы Орыс-хан өз әскерімен Еділ бойына аттанып, Сарайды алған кезеңде Тоқтамыс өзінің қарамағына ханның өктем

саясатына қарсы ханзадалар мен әмірлерді топтастырып, шамасы сол кезеңнің өзінде-ақ, Ақ Орда тағын иемденуге ұмтылыс танытқан. Ол жөнінде Өтеміс-қажының «Шыңғыс-намесінде» былайша сипатталады: «Алланың рақымымен Тоқтамыс-оғланның бойында патшалық фәрр байқалды да, аталмыш оғланның нөкерлері мен басқа адамдар оған ықтиярымен тағзым етті. Осы себепті аталмыш хан Тоқтамыс-оғланды жек көріп кетті де, оның көзін құртуды ойластырды», – дейді [96, 190 б.].

Осы кезеңде Ақ Орданың күшеюі империялық амбициясы тұтана бастаған Мәуераннахр билеушісі Темірге ұнамады. Темір Моғолстанға қарсы жорықта жүріп, Алтын Орда ішіндегі болып жатқан саяси оқиғаларға көз тіге бастады. Бірақ оның қолында Орыс ханға қарсы қоярлықтай салмақты себеп, уәжі жоқ еді. Тура осы кезде Орыс ханның жоқтығын пайдаланып әкесі Түй Қожаның өлім жазасына кесілуі Тоқтамысты Орыс ханның қас жауына айналдырған еді. Әйтпегенде, Орыс хан мен Тоқтамыс бір Жошының ұрпағы, екеуі де Ұлы Орданың хан тағына мұрагерлер тобынан еді. Тоқтамыс Тұқа Темірдің немересі Күнчек оғлан әулетінен шыққан. Әкесінің басы алынғасын, өзінің келешегінен қауіптенген Тоқтамыс Ақ Ордадан қашып құтылуға бірнеше рет әрекет жасаған. Бірақ Тоқтамыстың бұл әрекетіне жоғарыда айтылғандай, оның жас шамасына байланысты кешірімділікпен қаралған. Бұл оқиға Ақ Ордаға қалай тиісерін білмей жүрген Темір үшін таптырмайтын себеп еді. Темір өз әмірлерінің бірі Түмен Темірді Тоқтамысқа әдейі жіберіп, Тоқтамыстың келуінің себебін анықтаған соң, Уйнардан (Моғолстан өлкесі) Самарқанға қайта оралып, Тоқтамысты ең ұлы мәртебеліге көрсетілетін тағлым ережесі бойынша қабылдап, той жасап, Ақ Ордалық оғланды сый-сыяпатқа бөлейді [2, 623-624 бб.]. Сонымен қатар, Темір Тоқтамысқа Отырар және Сауран аймақтарын бөліп беріп, оны сол жерге аттандырған [29, 98 б.].

Шереф ад-Дин Йездидің мәліметіне сенсек, Темір тіпті Ақ Орданың астанасы Сығанақты да Тоқтамысқа ұсынған дейді [34, с. 145]. Әрине, бұл жағдайлар Ақ Орда билеушілерін бей-жай қалдыра алмады. Бөгденің жерін біреуге сыйға тарту деген тым менменсіген басқыншылық саясат еді. Орыс хан осыған байланысты өзінің үлкен ұлы Құтлық-Бұға қолын 776 х.ж. (=12 маусым 1374 ж. - 02 маусым 1375 ж.) Тоқтамысқа қарсы аттандырды. Темір жасақтарымен күшейтілген Тоқтамыс әскерімен шайқас кезінде Ақ Орда әскерінің қолбасшысы Құтлық-Бұға көзінен жарақат алып қаза табады. Низам ад-Дин Шами мәліметіне сәйкес, бұл оқиға Ақ Орда әскерлерін қатты толқытқан және осыған байланысты ашу-ызаға булыққан әскер қаһарланған түрде Тоқтамыс қолына күшті соққылар береді. Шайқастан жеңіліс тапқан Тоқтамыс Темірге екінші рет қайтып келеді. Темір бұл жолы да Тоқтамысты ықыласпен қабылдап, оған бұрынғыдан да қауқарлы қол жасақтап беріп жауға қарсы қайта аттандырады. Бұл жолы Орыс ханның өзге ұлы Тоқтақия және Ақ Ордалық әмірлермен бірге Тоқтамысқа қарсы аттанды. Бұл жолы да Тоқтамыс жеңіліс тауып, өзі жан-саулығы үшін эзер қашып құтылады. Өлім аузынан эзер қалған Тоқтамыс Темірге қайта оралады. Орыс хан бұл жолы ашуға булығып, тікелей Тоқтамыстың қамқоршысы болып отырған Темірге былай дейді: «Ұлымды өлтірген Тоқтамыс сенің қолыңда отыр. Дұшпанымды өзіме қайтар

немесе соғысатын жерінді айт», – деген талабымен елшілік аттандырады. Темір бұл елшілікке төмендегідей жауап қайтарады: «Тоқтамыстың менің қолымда отырғаны рас, бірақ оны қайтарып бере алмаймын. Мемлекеттен баспана іздеп келген адамды жауының қолына ұстап беру билеушіге лайық па екен. Ал егер соғыс жайына келетін болсақ біз онда оған әзірміз», – деген еді [101, с. 211].

Осылайша, екі жақтың әскери топтары 1376 жылдың күзінде Сығанаққа жетіп, Отырардан 24 фарсах қашықтықта келіп жайғасады. Табиғаттың қатал қысымына байланысты аңдысу үш айға созылады. Ақыры Орыс хан майдан шебіне ұлы Темір-Мәлік пен Қаракесек оғланды қалдырып, өзі ел ордасына қайтуға мәжбүр болды. Орыс ханның аяқасты кері қайтуын Муин ад-Дин Натанзи «табиғаттың аязымен» байланыстырса, кейбір авторлар «Мамай қысымы», «Тұқа-Темір ұрпақтарының Сарай билігіне ұмтылысының» әсерінен болды деп пайымдайды. Қалай дегенмен де, алдағы уақыттағы шайқасқа Орыс ханның өзі қатыспаған. Үш ай бойы аңдысқан қаһарлы екі қолдың арасындағы шайқас 1376 жылдың қараша күзінде Сығанақ маңында болды. Темір Мәлік аяғынан жарақат алып, Темірдің екі бірдей хас батыры әмір Ярык-Темір және Қытай батырдың өлгеніне қарағанда, бұл ірі шайқас болған. Темір мен Тоқтамыстың біріккен қолы Темір-Мәліктің он мың қолын Сығанақтан шегінуіне мәжбүр етеді. Саяси ұпайын түгендеудің сәті түскенін сезген Темір Сауранда Тоқтамысты таққа отырғызып, оған «Бүкіл Дешті Қыпшақ (Ақ Орда – автор) патшалығы» мен әлі де толық жаулап алына қоймаған «Жошы ұлысын» беріп, өзі Самарқанға қайта оралады. Бұл 1376 жылдың күзі, 1377 жылдың басына қарай болған оқиғалар еді. «Бүркеншік Ескендір» мәліметіне сәйкес, осы оқиғадан кейін Орыс хан 9 жыл билік құрып, Алланың ажалынан (1377 ж.) дүние салады. Орыс ханның бір ұлы Тоқтақия да әкесінің артынан көп ұзамай қаза табады. Енді Ақ Ордаға Орыс ханның тағы бір ұлы Темір-Мәлік (1377-1379) таққа отырады.

Темір Мәлік хан тағына отырысымен күш жинап, 1377 жылы Тоқтамысқа тағы да бір рет соққы береді. Бұл жолы Тоқтамыс өзіне Темір сыйлаған тұлпарының арқасында қашып құтылып, Темірге қайта тағы да келеді. Темір бұл жолы да Тоқтамысты ілтипатпен қарсы алып, оны Ақ Орданың хан тағына отыруға бірден-бір лайық адам деп тауып Тұман-Темір, Урунг-Темір, Бияс ад-Дин Тархан, Бақты Қожа және Әмір Банғаны ертіп орасан көп әскермен 1378 жылы Сығанаққа аттандырады. Бұл кезеңде Темір Мәлік Қараталда қыстап отырған еді. Әскери екі топ арасындағы болған ірі шайқаста Темір-Мәлік жеңіліп, шегінуге мәжбүр болады. Темірдің тапсырмасы бойынша Тоқтамыс Сығанақта өзін Ақ Орданың ханы деп жариялайды. Кейбір тарихшылар бұл оқиғаны «Ақ Орданың құлауы» деп қарастыруға бейім. Бірақ бұл пікірмен келісуге болмайды. Ол жөнінде З. Қинаятұлының пікірі бойынша, біріншіден, Ақ Орданы билеген Орда Ежен әулеті ақсүйектері бұл жолы жеңілгені рас, бірақ әулеттік билікті өз еріктерімен ешкімнің қолына тапсырған жоқ. Екіншіден, Сығанақ билігі Жошыдан тараған бір әулеттен (Орда Ежен) екінші әулетке (Тұқа Темір) өткенін Ақ Орда мемлекетінің жойылуы деп қарауға негіз жоқ дейді [2, 625 б.].

Осыдан кейін Өтеміс-қажының «Шыңғыс-наме» мәліметі бойынша: «... [Тоқтамыс-оғлан] аттанып, Еділ дариясына келді. Сарай шәһарында хан да, сұлтан да жоқ еді. Келіп, Сарайды алды, ыңғайы болып тұрғанда, мешітке кіріп, [өзінің атына] құтпан оқыды да, хан болды», – дейді [96, 197 б.]. Шамасы, осы жерде 779 х.ж. Тоқтамыс атынан соғылған монеталарға байланысты Арабшах Тоқтамыстың Темір-Мәлікпен шайқасында жеңіске жеткеннен кейін оның билігін мойындаған. Сарайды Тоқтамыс шамасы, 1379 жылдың көктемінде басып алған. Осыдан кейін ол өз билігін нығайта бастады. 1379 жылдың жазында оның билігін Еділдің орта ағысы, Орал аймағы, Сібір территориясы мойындаған. 781 х.ж. (19 сәуір 1379 ж. - 6 сәуір 1380 ж.) Тоқтамыс өзінің билігіне Хорезмді де қаратты. Абд-ар-раззак Самарканди мәліметіне сәйкес, оның (Тоқтамыстың) билігі күшейе түсіп, өз туын биікке көтере түсті деп сипаттаған [34, с. 191]. Тоқтамыс хан Сарайды алған соң өзіне бағынбаған барлық әмірлерді заңсыз әрекеттері үшін айыптап, оларға қарсы күресін бастады. Бұл күрес жазба деректер мен нумизматикалық мәліметтерге сәйкес, 782 х.ж. (07 сәуір 1380 ж. -27 наурыз 1381 ж.) аяқталған сияқты [64, с. 57].

Араб деректері бойынша, Ибн Хаджар әл-Аскалани шығармасында, Тоқтамыс хан 782 х.ж. (30 сәуір 1378 ж. -18 сәуір 1379 ж.) Дешті Қыпшақтың жерін иемденіп, сол жерде 20 жыл билік құрған соң, ханның өлтірілгені жөнінде сипатталған [100, с. 325]. Бірақ көптеген орыс деректерінде Тоқтамыстың Мамайды 1380 жылдың күзінде жеңіске жетіп, билікке келгені сипатталған [64, с. 57]. Тоқтамыс Мамайға қарсы шығу үшін бүкіл Еділ бойында өзінің билігін нығайтуға шешім қабылдаған. Хорезмнің Тоқтамыс билігіне өтуі оның бұл саясатының соңғы кезеңі еді. Осыдан кейін Тоқтамыс Мамайға қарсы шықты. 781 х.ж. (19 сәуір 1379 ж. - 06 сәуір 1380 ж.) өзінде-ақ, Тоқтамыс Азак қаласын басып алған [147, с. 156, 172], ал Қырымды басып алуды шамамен 1380 жылдың көктемінде жүзеге асырған [64, с. 57]. Шамамен 1380 жылдың жаз айының соңында Тоқтамыс Мұхаммед-Бұлаққа алғашқы соққысын беріп, өзіне Қажы-Тархан және Маджарды қосып алды. Осылайша, Тоқтамысқа бағынбаған тек Мамай ғана қалды [64, с. 58]. Мамай орыс жылнамаларына сәйкес, қарсылық ұйымдастыруға ұмтылыс танытқан. «Хроника литовская и жмойтская» мәліметіне сәйкес, Мамай Куликова шайқасында жеңіліс тапқаннан кейін, Кафаға қашып сол жерде қала билеушілерінің қолынан қаза тапқан дейді [64, с. 58-59]. Бірақ Өтеміс-қажының «Шыңғыс-намесінде» Тоқтамыс пен Мамай арасындағы шайқас жөнінде оқиғаны былайша сипатталған: «...[Содан кейін ол (Тоқтамыс – Н.А.)] Қийат Мамайға қарсы жорыққа аттанды. Мамай да көп әскерімен қарсы шықты. Қырғын соғыс болды. Мамайдың әскері жеңілді, өзі қолға түсті. [Оны] өлтірді. Ел-жұртын Еділ дариясының бойына алып келіп орналастырды. Осы кезде Тоқтамыс хан Сарай шәһарында Сайын хан тағына отырып, ұлы хан болды. Жәнібек ханнан қалған елдерінің көбі Мамайда еді. [Тоқтамыс хан] Мамайды өлтіріп, ел-жұртын және нөкер сарбаздарын алып Сарай уәлаятына келген кезде, Дешті уәлаятындағы өз беттерінше серкеш болып, бас көтеріп жүрген кісілер шарасыздан өздері келіп, бағынып, нөкері болды», – дейді [96, 197 б.]. Шамасы, Тоқтамыс Мамаймен болған шайқаста жеңіске жетіп, оның ұлысына

қараған аймақтарды XIV ғ. 80-ші жылдарының соңына қарай толықтай бағындырған.

Жошы ұлысының ыдыраған аймақтарының басын біріктірген Тоқтамыс 1381 жылдан бастап, Алтын Орданың ішкі және сыртқы саясатын жүргізетін билік институтын қайта қалпына келтіру жұмыстарымен айналысты. Сол кезеңде Тоқтамыс өзінің жарлықтарында өз елін «Улуг Улус», яғни «Ұлы ұлыс» деп атаған [95, с. 38]. Сондай-ақ, мемлекеттің біртұтастығын сақтау және Алтын Орданың бұрынғы күш-қуатын қалпына келтіру үшін күрескен Тоқтамыс өзінің қабілетті және жігерлі көшбасшы екенін дәлелдей білді. Бүркеншік Ескендір мәліметіне сәйкес, Тоқтамыс шайқастарда аса қайратты батыл болған және қабілетті, аса жігерлі, сыпайы қатынасқа түсе алатын, көрікті патша болған дейді. Әділеттілігі мен жақсы мінез-құлқы жұртқа мәлім еді делінген [34, с. 132]. Тоқтамыс әскери табыстарға жете отырып, Алтын Орданың әлсіреген сыртқы саясатын белсенділікпен қайта жандандыра бастады. Тоқтамыс өзінің сыртқы саясатының батыс бағытында Ягайлоның Алтын Орда ішіндегі саяси дүрбелең кезеңінде иемденіп алған орыс және татар жерлері үшін алым-салық төлетіп тұруына қол жеткізді [4, с. 324]. Сондай-ақ, осы кезден бастап, Литва мен Польшаның Алтын Орданың вассалдық аймағы болған Русь жерлеріне экспансиясы тоқтатылды.

Сонымен, 1381 жылы жаздың соңына қарай Алтын Орданың бүкіл территориясында билік институты қайта қалпына келтірілді. Оның дәлелі ретінде 1381 жылы Тоқтамыс өзінің вассалдық аймағы болған Русь князьдеріне Сарайға келуін талап еткен елшілік жіберді. Шамасы, Тоқтамыс хан Русь жерінің жалпы саяси жағдайын талқылауға ұмтылыс танытқан және князьдердің мүддесіне сай келмейтін бірқатар экономикалық реформалар жүргізумен қатар, алым-салықтың мөлшерін ұлғайту сияқты мәселелер болса керек. Тіпті соңғы жылдардағы өтелмеген алым-салықтар есебінен қарыздарын өтеу мәселесі де көтерілуі мүмкін еді. Нижегородск және Рязань князьдері ханның талабын қабыл алды. Бірақ Мәскеулік Дмитрий Тоқтамыстың бұл талабына бағынғысы келмеді. Ішкі қайшылықтарға байланысты Алтын Орданың бақылауының әлсіреуіне байланысты, Мәскеулік князь көршілес князьдіктердің мүддесіне қайшы келетін әрекеттерге де шешімді түрде аяқ басты. Осыған байланысты, Тоқтамыстың әрекеті де Мәскеуге қарсы бағытталды. Тіпті вассалдық аймақтардың аз ғана бағынбаушылық әрекеттерінің өзі Алтын Орданың бұрынғы күш-қуатын қалпына келтіруге ұмтылыс танытқан Тоқтамыстың ашу-ызасын тудыратыны сөзсіз еді. Тоқтамыс шешімді түрде әрекетке көшті. Мәскеуге қарсы жорық күтпеген жерден болуы үшін, алтынордалық қолбасшылар Еділ бойында сауда-саттықпен айналысушы көпестердің көзін құртты және осыдан кейін Тоқтамыс әскері жылдам, әрі күтпеген жерден шабуылға шығуға аттанды [64, с. 61].

Мәскеулік Дмитрий бұл жорық жөнінде білген соң, шұғыл түрде Мәскеуді тастап, Костромаға кетіп қалды. Тоқтамыс әскері Владимир, Суздаль, Переяславль, Москва және тағы басқа бірқатар қалаларды басып алды. Кейбір орыс жылнамалық деректеріне сәйкес, Мәскеу қорғанысын ұйымдастыруды Ольгерд Литовскийдің немересі князь Остей қолына алған. Шамасы, қаладағы

қорғаныс та аса үлкен бола қоймаған. Тоқтамыс әскері қаланы талқандап, тонады және жекелеген бөліктерін өртеп жіберді. Тарихи деректерге сәйкес, бұдан кейін де Дмитрий ханға келіп жолықпаған, тек өзінің елшілері арқылы мәселені реттеуге тырысқан. Дмитрий Тоқтамыстың барлық талаптарын орындаған соң ғана Мәскеуге келуге мүмкіндік алды. Тоқтамыстың осы жорығынан кейін алым-салық көлемі екі есеге дейін ұлғайтылғаны жөнінде орыс жылнамалық деректерінде сипатталған [8, с. 393].

Сондай-ақ, Тоқтамыстың сыртқы саясатының негізгі бағыты Оңтүстік Кавказға да бағытталды. Нақ осы территория арқылы трансконтиненталдық сауданың оңтүстік бағытын бақылау дүрбелең кезеңінен кейінгі Алтын Орданың күш-қуатын қалпына келтіру үшін экономикалық жағынан маңызды аймақ болды. Осыған байланысты, Тоқтамыс мемлекеттің экономикасын қорғау үшін трансконтиненталдық сауданың оңтүстік бағытын бақылауды қолына алуға ұмтылған [64, с. 62].

Алтын Орданың әлемдік саясаттағы ықпалын қалпына келтіру үшін Тоқтамыс сыртқы саясатын мақсатты түрде белсенділікпен жүргізе бастады. Оның алғашқысы, басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын жақсарту және шекаралық аймақтарда орналасқан мемлекеттермен қарым-қатынасының бағытын айқындау еді. Сондай-ақ, мемлекеттің экономикалық жағынан күш-қуаттылығын қалпына келтіру мақсатында халықаралық сауданың ірі бағыттарын бақылауға алу және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету еді. Осы экономикалық мақсатты жүзеге асыру үшін Тоқтамыс үкіметі Дешті Қыпшақ территориясынан өтетін трансконтиненталды сауданың солтүстік бағытындағы Ұлы Жібек жолының маңызын қайта көтеріп, оны ары қарай дамыту мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздеді.

Тоқтамыстың сыртқы саясатының басты мақсаты – халықаралық аренадағы Жошы ұлысының бұрынғы күш-қуаты мен саяси ықпалын қалпына келтіру болды. Өйткені Алтын Орданың ішкі саясатындағы соңғы 20 жыл ішіндегі саяси дүрбелең салдарынан мемлекеттің әлемдік саясаттағы саяси ықпалының әлсіреуі, территориялық жағынан біршама ыдырауы, қуатты одақтастары мен вассал-сателлиттерінен айырылуы, ғасырлар бойы аса мүдделілік танытқан аймақтардағы саяси-экономикалық ықпалының әлсіреуіне алып келді. Еуразия даласында соңғы жылдары болған оқиғалар көрсеткендей, Тоқтамыс әкімшілігі үшін сыртқы саясатта дипломатиялық әдістермен қатар, тікелей әскери іс-қимылдарға көшуге мәжбүрледі. Әсіресе, XIV ғ. 80-ші жылдарына қарай Тоқтамыстың мүддесі қуатты қарсыласына айналған ортаазиялық билеуші Темір мүддесімен қарама-қайшы келген тұста оның тікелей әскери қимылдарға көшуіне тура келді.

Батыс көршілерімен қарым-қатынасын қалпына келтіру жолында Тоқтамыс хан Алтын Орда территориясын біріктіру жолында жүргізген күресі кезінде Мамай Ордасын талқандап, Мәскеуді жаулап, оның вассалдық қатынасын қалпына келтіру арқылы мемлекеттің әскери күш-қуатын көрсетудің өзі жеткілікті болған еді. Бірақ Тоқтамыстың сыртқы саясатының оңтүстік бағыты бойынша Кавказ жеріне қатысты саясатында Жошы ұлысының саяси және экономикалық мүддесі ортаазиялық билеуші Темірдің саясатымен қарама-

қайшы келген тұста Алтын Орда ханының онымен ұзақ уақыт соғысуына тура келді.

Сондықтан тарихнамада Тоқтамыс және Темір күресі жөніндегі мәселесінің басым болуының себебі бір жағынан алғанда, ақиқатында XIV ғ. 80-ші жылдардың ортасынан бастап, Алтын Орда ханының сыртқы саясатындағы барлық күш жігері Темір агрессиясына қарсы күреске бағытталған. Сондай-ақ, осы кезеңдегі бізге белгілі деректердің пайда болуының өзі де осы әлемдік деңгейде екі ұлы билеушінің қарсыласуының нәтижесінде пайда болған секілді. Ал Тоқтамыс ханның сыртқы саясатының басқа бағыттары жөніндегі деректер мардымсыз және оның себебі Алтын Орданың өзіндік құжаттарының жоқтығына байланысты болып отыр. Өтеміс-қажының «Шыңғыс-намесі» Тоқтамыстың билікке келу кезеңімен аяқталады. Тоқтамыс ханның XIV ғ. 80-ші жылдардың басындағы өзге бағыттағы саясаты жөнінде тек Алтын Орда хандарының хаттары, орыс жылнамалары араб деректерінде қысқаша ғана баяндалған. Тоқтамыс ханның сыртқы саясаты жөніндегі белгілі деректер қатарында өз маңызын жоғалтпаған Низам ад-дин Абд ал-васи Шами және Шериф ад-дин Али Йезди мәліметтері негізіндегі «Зафар-наме» Абд ар-Разақ ибн Исхак Самарқанд жылнамасы, Мирхонд шығармасы, «Бүркеншік Ескендір», «Түрік шежіресі» және тағы басқаларында сипатталған.

Тоқтамыстың Темірмен қарым-қатынасы жөнінде Батыс Еуропа тарихнамасында кеңінен қарастырылған. Й. Хаммер-Пургшталь Тоқтамыс Темірмен қарым-қатынасында оның барлық әрекеттері өз мемлекетінің мүддесі үшін жасағанын алға тартты [7, с. 339-343]. Сондай-ақ, Б. Шпулердің пікірі бойынша, Тоқтамыстың саяси ықпалы біршама орныққан соң, кезінде оның қамқоршысы болған Темірмен қарым-қатынасының шиеленісуіне байланысты оның оңтүстіктегі аудандарын қорғауына тура келді дейді [17, с. 129].

Тоқтамыстың сыртқы саясаты жөніндегі мәселе Кеңес зерттеушілерінің де назарынан тыс қалмады. XIV ғ. 80-ші жылдары Тоқтамыс пен Темір арасындағы қарым-қатынас жөнінде зерттеген А.Ю. Якубовскийдің пікірінше, Тоқтамыс бастапқы кезеңде, тіпті жыл бойы Темірдің көмегіне сүйенді, бірақ ол өзінің саясатын тәуелсіз түрде жүргізді, тіпті оның әрекеті Темірдің мүддесіне де қарама-қайшы келген еді дейді [4, с. 337]. Тоқтамыстың Кавказ жеріндегі саясаты жөнінде Әзірбайжан зерттеушісі А.А. Али-Заде еңбектерінде қарастырылып, Тоқтамыстың Кавказ жеріндегі әскери қимылдар жүргізуге деген ұмтылысы Темірдің Оңтүстік Әзірбайжанды иелену туралы жоспарынан асып түсу еді дейді [143, с. 343].

Г.В. Вернадскийдің пікірінше, Тоқтамыс пен Темір арасындағы шиеленістің жеке тұлғалар арасындағы қарама-қайшылық пен геосаяси аспектілері де болды дейді. Біріншісі, Тоқтамыстың күш-қуаттылығы артып өзін тәуелсіз хан ретінде саясат жүргізуі болса, екіншісі Алтын Орда мен Хулагулық Елхандар империясының арасындағы бітіспес дұшпандықтың қайта жаңғыртылуы дейді [46, с. 275]. Г.В. Вернадский зерттеулерінің көптеген аспектілері Л.Н. Гумилевтің еңбектерінде қолдау тауып, оның зерттеулерінде Тоқтамыс ханның сыртқы және ішкі саясатындағы тұлғалық рөліне аса назар

аударған [59, с. 654-655]. Өкінішке орай, Л.Н. Гумилевтің оқиғаларды сипаттауда деректі құжаттардың болмауы жиі кездеседі. Белгілі фактілерді Л.Н. Гумилев өзінің концепциясына сәйкес баяндаған. Автор Тоқтамыс ханның 1382 жылғы Мәскеуді басып алғанын кешіре алмайды. Сондықтан болар, Мәскеуді басып алуы мен Темірге қарсы күресуін Тоқтамыс хан және оның әкімшілігінің көреген саяси қадам жасамауының нәтижесі болды дейді [59, с. 654-655]. Сонымен қатар, Л.Н. Гумилев Тоқтамыс пен Темір арасындағы қарсыласудың негізгі себебін пұтқа табынушылық немесе көшпенділік дәстүр мен ислам арасындағы күресі ретінде қарастырады. Мұндай көзқарас ешқандай жазба деректер немесе басқа да деректермен расталмайды. Тіпті Темірлік тарихшылардың мәліметтері бойынша оның барлық қарсыластарын пұтқа табынушы немесе діннен тайған деп көрсеткеніне қарамастан, мұндай қорытынды жасай алмаймыз. Тоқтамыстың әрекетін Л.Н. Гумилев тек оны Жошы ұлысының заңды шекарасында қалпына келтіруге әрекет еткен деп ғана түсіндіреді [59, с. 676].

М.Г. Сафарғалиев өз зерттеуінде Тоқтамыс ханның әрекеттерінен бұрынғы Алтын Орда хандарының дәстүрлі саясатының жалғастырушы ретінде қарастырып, оның Кавказ жеріндегі саясатына үлкен назар аударған. Зерттеушінің пікірінше, Алтын Орда ханының мақсаты оңтүстік сауда жолының маңызына айналған Әзірбайжан және Иран жерін иемдену болды дейді [8, с. 405-406]. Келесі бір Кеңес зерттеушісі С. Закировтың пікірінше, Тоқтамыстың Мысыр сұлтандарымен қарым-қатынасын жақсартуға деген ұмтылысы Алтын Орданың бұрынғы күш-қуатын қалпына келтіріп, жандандыруға деген әрекеті екенін атап өтті [61, с. 93]. Сонымен, тарихнамада Тоқтамыс хан үкіметінің сыртқы саясатының сипаттамасы негізінен Алтын Орда ханының трансконтиненталдық сауданың оңтүстік бағытын иемдену жолында Темірге қарсы күресі мәселесі ретінде қарастырылған. Тоқтамыс ханның бұл стратегиясы негізінен геосаяси аспектілермен де байланысты болған еді.

Тоқтамыс ханның сыртқы саясатын жан-жақты қарастырмас бұрын, ең алдымен, Алтын Орданың саяси өміріндегі екі партияның айқын ерекшеленуіне назар аудару қажет. Бірінші партия – бұл Алтын Орда феодалдарынан құралған Тоқтамыс хан саясатын қолдаушы топ. Тоқтамыс жақтастары елде қатаң орталықтандыру жүйесін құруды қалады. XIV ғ. 60-70-ші жылдары ұлыстық жүйе мемлекеттің тұтастығы үшін үлкен қауіп тудырған еді. Орталық биліктің әлсіздігі ұлыстардың жік-жікке бөліну мүмкіндігін туғызды. Мұндай жағдай ұлыс әмірлер тарапынан дүрбелең кезеңінде анық байқалды. Осыған байланысты Алтын Орда феодалдарының бір бөлігі мемлекетті нығайту үшін елді басқаруды орталықтандырылған түрде жүзеге асыруды қалады. Ал келесі топ – бұл саясатқа қарсы шығып, бұрынғы ұлыстық жүйені сақтай отырып, билікті автономдығын сақтап қалуды қалады. Осы екінші партияның негізгі өкілдері жөнінде Тоқтамыс ханның Ягайлоға жазған хатында сипатталған [95, с. 21, 37].

Низам ад-дин Шами және Шереф ад-Дин Йезди мәліметтеріне сәйкес, маңғыт феодалдары бастаған топ Тоқтамыс ханға жүгінуге мүмкіндік тауып

оған «ақылға сыйымсыз ақыл-кеңестер» айта бастаған [34, с. 109, 152]. Ал Өтеміс-қажының «Шыңғыс-намесінде» Тоқтамыс ханды Шайбан ұрпақтары қолдағаны сипатталған. Ал маңғыт тайпасы Шайбан ұлысында да мекендеген. Демек, екі партияда да түрлі ұлыстардың феодалдары болған. Тоқтамыс жақтастары қатарында қоңырат, бахрин, маңғыт және тағы басқа тайпа өкілдері болған. Сонымен қатар, осы тайпалардың өкілдері арасында Тоқтамыстың қарсыластары да болған. Мысалы, Едігенің бауыры Исабек Тоқтамыстың ықпалды жақтастарының қатарында болса, Едіге қарсыластар қатарында болды. Тоқтамыстың идеологиясын барлық феодалдар қабылдамаған. Тоқтамыстың қарсыластары болса, өз көзқарастары бойынша бір тоқтамға да келмеген. Бұл жөнінде бұл партияның бірқатар бөлігі Темірмен бірігіп әрекет етуге қадам жасаса, екінші бөлігі ортаазиялық билеушімен байланыс жасауды қаламаған [64, с. 94]. Бірақ жоғарыда аталған екі партия сыртқы саясатта аса үлкен алауыздық танытпаған. Сыртқы саясатта Тоқтамыстың жүргізген саясатын Едіге және Шәдібек екеуі де жүргізді, яғни Дешті Қыпшақта өз билігін нығайтқан соң, Хорезмді және Ширванды қайтарып алуды мақсат етті. Бірақ XIV ғ. 80-ші жылдардың басына қарай Тоқтамыстың жақтастары күшейе түсті. Тоқтамыс үкіметі реформалар жүргізе отырып, орталық билікті нығайта бастады. Дегенмен, жазба деректердің аздығы бұл мәселе бойынша жан-жақты қарастыруға мүмкіндік бермейді, бірақ шамасы осы кезде ұлыс әмірлерінің билігі шектеле түскен. Бұған Тоқтамыстың Русь жеріне жүргізген саясаты дәлел бола алады, яғни 1382 жылдан кейін құқығы аса шектелген. Бұдан кейін ұлы князь ұлдары Сарайға кепіл ретінде аттандырылған [46, с. 274]. Ал орыс князьдерінің өздері Тоқтамыс ханның әскери жорықтарына қатынаса бастаған [50, с. 220].

Тарихи жазба деректерде Тоқтамыстың батыс бағытында жүргізген саясаты жөнінде мәліметтер мардымсыз, алайда Тоқтамыстың әрекеттеріне қарап Алтын Орда дипломатиясының белсенді рөл атқарғаны белгілі. Польша билеушісі Ягайло XIV ғ. 60-70-ші жылдары басып алған орыс жерлері үшін алым-салық төлеуге міндеттелді [8, с. 404]. Зерттеушілер Тоқтамыстың Ягайлоға жазған хатының мәліметіне сүйене отырып, Ягайлоны Тоқтамыстың вассалына айналды деп қорытынды жасайды. Шындығында, Тоқтамыс пен Ягайло арасында теңсіздік байқалады. Бұл Тоқтамыстың Темір-Құтлықпен күресі кезінде Витовттың Тоқтамысты толықтай қолдағанынан да байқалады. Литва Алтын Орданың сателлиті болуы әбден мүмкін және хаттың мазмұнына сүйене отырып, бұл жағдай Литваның Польшамен бірігуінен кейін де жалғасқан [64, с. 96].

Тоқтамыс ханның сыртқы саясаты Алтын Ордадағы дүрбелең кезінде оның бірқатар территориясын иемденген Молдавия князьдігіне де қатысты болды. Біз бұл бағыттағы саясаттың қол жеткізген нәтижелерін білмейміз, бірақ Тоқтамыстың саясаты мен мақсатын есепке ала отырып, оның үкіметінің татар территорияларын иемденген валахтар мәселесін жай ғана қалдырмауы мүмкін емес. Молдавия князьдігінің ол уақытта Литва тарапынан аса күшті саяси ықпалында болғанын есепке ала отырып, оның Алтын Орда мемлекетінің сателлитіне айналғанын шамалауға болады. Бұған жанама мәліметтер де дәлел

бола алады. Ворсклдегі шайқаста Тоқтамыс жағында молдавиялық жасақтар қатынасқан. XIV ғ. 80-ші жылдарының басына қарай Тоқтамыстың сыртқы саясаты белсенді және нәтижелі бола бастады. Бірақ 1385 жылдан кейін батыс көршілерімен қарым-қатынасының қалыптасқаны жөнінде нақты деректер жоқ. Дегенмен, Жошы ұлысы Темірден ірі жеңіліс тапқанына қарамастан, Тоқтамыс олардың тарапынан қолдауға ие болып отырған. 1385 жылдан бастап Тоқтамыс ханның сыртқы саясаты толық түрде Темірге қарсы күреске бағытталды. Литва бұл уақытта еуропалық саясатқа тартылып, 1385-1386 жылдары Польша-Литва униясы ретінде құрылды [17, с. 131].

Ал 1428 жылы Ұлық Мұхаммедтің түрік сұлтаны Ғази Мұратқа жазған хатында былайша: «біздің бабамыз Тоқтамыс хан сіздің бабаңыз Ғази Баязид-бикпен достық қарым-қатынаста болып, олардың арасында елшіліктер алмасып, тарту-таралғы және сәлемдеме жасалып отырған», – делінген [64, с. 97]. Мұның барлығы Алтын Орданың Османлы сұлтандарымен достық қарым-қатынаста болғанына дәлел бола алады.

Тоқтамыс билігі кезеңінде Алтын Орда бұрынғы Мысыр мәмлүктерімен тығыз достық қарым-қатынасты қайта жандандырды. Мысыр мемлекеті сол кезеңде де әлемдегі қуатты және жетекші державалардың бірі ретіндегі дәрежесінен айырылған жоқ еді. Тоқтамыс ханның Мысырмен достық одақтастығын қайта жандандыруға деген әрекетін Мысырға жіберген елшілігі растайды. Ибн Дукмак мәліметі бойынша, оның елшілігі Мысырға 786 х.ж. (1384/85 ж.) келген [33, с. 329]. Ал әл-Макризи мәліметі бойынша, Тоқтамыс елшілері Мысырға 1384 жылдың 24 қаңтарында келген еді. Бұл маңызды келісім жасауға аттандырылған елшілердің аты-жөні деректерде кездеспейді. Алтын Орда елшілерін күтіп алу үшін олардың алдынан сұлтанның билеуші өкілі әмір Судун және давадар әмір Жүніс шықты. Елшілерді арнайы орналастырған соң, олар сұлтан аудиенциясына дүйсенбі күні 1385 жылы 30 қаңтарда барды. Әл-Макризи мәліметі бойынша, олар өздерімен бірге сұлтанға арнайы сыйлық ретінде: жеті жыртықш қыран құс, жеті түк [түрлі] маталар мен бірнеше құлдарды тарту етіп, олардың алып келген хаттарын оқыған кезінде, «олардың Қырым билеушісінің елшілері екендігі белгілі болды», – дейді [33, с. 441]. Бұл фактілік мәліметтер әл-Калкашанди еңбектерінде де сипатталған. Осылайша, ең алғашқы елшілік Тоқтамыстың өзінен емес, оның билеуші өкілінің атынан барған. Алайда Ибн Хаджара әл-Аскалани мәліметі бойынша оқиға біршама басқаша сипатталады: «786 х.ж. (24.02.1384-11.02.1385) [Мысырға] Дешті Қыпшақтың сұлтаны Тоқтамыс хан елшілері келді. Олардың арасындағы шені жоғарысы Рамадан ұлы Хасан болды. Оның әкесі Қырымның билеуші өкілі болды. Олармен бірге Қырым билеушісі түрлі сыйлықтар жібергені екен, ол қабыл алынды», – деген [100, с. 325]. Шамасы, Рамадан толық аты Зайн-ад-дин Рамадан Тоқтамыс сарайында аса беделге ие болып, тіпті оның басқа мемлекеттермен келісім-шарт жасау құқығын да пайдалануына қарағанда, жеке өзі Мысыр сұлтанымен қарым-қатынасқа түсіп, оған сыйлықтар жіберген секілді. Әл-Калкашанди мәліметі бойынша, елшінің жеткізген хаты Алтын Орда ханының атынан келмегенін анықтаған әл-Бадр ибн-Фадлаллах атты шенеунікке өзінің қырағылығы үшін дәрежеге ие болып,

ал елшіні төменгі дәрежедегі билеуші елшісіне арналған жайға орналастырғаны жөнінде сипатталған [61, с. 94].

Тоқтамыс хан атынан оның арнайы ресми елшілігі Мысырға 1385 жылы көктемнің басында келіп, ол сұлтан тарапынан аса үлкен құрметпен қарсы алынды. Әл-Аскалани мәліметі бойынша, 787 х.ж. сафара айында (14 наурыз-11 сәуір 1385 ж.) Тоқтамыс елшілері келіп, өздерімен бірге Темірдің де жіберген сыйлықтарын бірге ала келді. Тоқтамыс елшілерінің Темірдің де сыйлықтарын алып келді деп ескертілуі, оның сол кезеңдегі Алтын Орда өміріндегі Темірдің ерекше рөлін сипаттайды. Шамасы Мысыр сұлтанына Темір өзінің Тоқтамысты таққа отырғызудағы тікелей қолдауы мен хан әкесі ретінде оның қамқорлығын көрсеткісі келген секілді. Бұған жауап ретінде Мысыр сұлтаны Алтын Ордаға 1386-1387 жылдары елшілігін жіберді. Мысыр елшілігін хаджиб Кадид және Бек-темир ал-Алаи бастап барды [33, с. 452-453].

Бұдан кейін ұзақ уақыт бойы Алтын Орда мен Мысыр арасында елшілік алмасу болмаған. Оның себебі Тоқтамыс пен Темір арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне байланысты болған еді. 1389-1391 жылдар аралығындағы Темірдің қуатты шабуылдары оның басқа мемлекеттермен байланыстарын тоқтатуға мәжбүр етті. Алайда Темір Мысыр мемлекетіне тікелей қауіп төндірген соң, Тоқтамыс жалғыз өзінің қуатты жаулаушыға қарсы күресудің қиын екендігін түсінгендіктен, Мысыр сұлтаны әл-Мәлік аз-Захир Сайф ад-дин Баркукқа оған да қауіп төндірген қуатты дұшпан Темірге қарсы бірігіп күресу туралы ұсыныспен елшілік аттандырды [33, с. 363]. Алтын Орда елшілігі Дамаскіге 1394 жылы 26 наурызында келді [33, с. 448]. Бұған дейін біраз уақыт бұрын Мысыр сұлтаны 1394 жылы ақпанда Темірден қоқан-лоқы сипатында ескерту хат алған еді. Темір одан бас иіп, оның билігін мойындауын талап етіп, егер оған көнбейтін болса, сұлтан әл-Мәлік аз-Захир Баркуктың иелігін талқандайтынын айтып қауіп төндірген еді. Бірақ Мысыр сұлтаны оның бұл талабын орындаудан бас тартып, Темірге тіл тигізе отырып, қарсы жауап қайтарды [33, с. 142-144]. Осыдан кейін Темір мен Баркук арасында соғыс басталу да ықтимал болды. Мысыр сұлтаны да соғысқа дайындыққа көшіп, Сирия жеріне қарай әскерін жібергені жөнінде тарихи деректерден белгілі.

Осы кезеңде жоғарыда аталған Алтын Орда елшілері де Каирге келген еді. Сондай-ақ, осы уақытта Османлы сұлтаны Баязидтен және Сивас билеушісі қазы Бурхан ад-дин Ахмадтан да елшілер келді. Мысыр сұлтаны әл-Мәлік аз-Захир Баркук қуатты үш билеушінің елшіліктерін және олардың Темірге қарсы одақ құру жөніндегі ұсыныстарын қабыл алды [33, с. 453]. Сұлтанның Тоқтамыс ұсынысына деген құптарлық жауабы Шамс ад-дин Мухаммед ибн Айастың жылнамасында сипатталғаны белгілі. Алайда 1394 жылы күткендегідей Мысыр сұлтаны мен Темір арасында әскери қақтығыс болған жоқ. Осы жылдың күзінде әл-Мәлік аз-Захир Баркук Темірдің өз иелігіне қайтқаны жөнінде хабар алды. Тоқтамыс жіберген алтынордалық елшілікке жауап ретінде Мысыр сұлтаны Тоқтамысқа да елшілік аттандырды. Тарихи деректер арқылы, Мысыр елшілігі Алтын Ордаға Темір мен Тоқтамыс арасындағы соғыста соңғысының талқандалған 1395 жылы оқиғаның қызған кезінде келгені белгілі [33, с. 330]. Алтын Орда астанасы Сарайға Тоқтамыс

әскерінің жеңілгендігі жөнінде хабар келген соң, Мысыр елшілері Темірдің қолына түсіп қалмас үшін кері қайтуға асығыстық танытты. Олар алғашында Қырымға (Солхат) келіп, одан кейін Кафаға барды. Осы жерде елшілерді Кафа билеушісі ұстап алып, тұтқыннан босату үшін құн төлеуді талап етті, олар үшін құн төленген соң босатылды. Бұдан кейін елшілік Самсунға барып Темірдің Қырымды жаулап алуына дейін сол жерде болды. Кафадағы хан билеуші өкілінің екіжақты саясат ұстанғанына қарамастан, Темір оған рақымшылық жасаған жоқ. Елшілік Мысырға тек 1395 жылы 18 наурызында ғана кері оралды [33, с. 363]. Бұл Мысыр сұлтанының Тоқтамысқа жіберген соңғы елшілігі еді. Бірақ бұл елшіліктердің саяси мәселе бойынша қандай да бір жетістікке жеткені жөнінде нақты мәлімет жоқ. Өкінішке орай, оның барлығы құпия түрінде қалып отыр.

Сонымен, Тоқтамыс билікке келген соң, оның үкіметі қысқа ғана уақыт ішінде сыртқы саясатта біршама жетістіктерге қол жеткізді. Тоқтамыстың халықаралық саясаты сол кезеңдегі Жошы ұлысының геосаясатында жетекші рөлге ие болғанын көрсетеді. Тоқтамыс хан жөнінде айтып өткен Клавихо сол кезеңде Алтын Орданың еуропалық мемлекеттер үшін қауіп тудырған Осман империясынан да қуатты мемлекет болғанына назар аударған [148, с. 340]. Мұның барлығы Жошы ұлысының халықаралық геосаясаттағы орны мен рөлінің маңыздылығын көрсетеді. Бастапқы кезеңде сыртқы саясаттағы Тоқтамыстың алғашқы қадамдары сәтті болып, Алтын Орда Еуразиядағы жетекші орынға қайта ие болды.

4.2 Тоқтамыс пен Темір арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуі, Қондырша (Құндызша) шайқасы

Тоқтамыс Жошы ұлысында билігін нығайтқан соң қысқа ғана уақыт аралығында мемлекет ішіндегі саяси жағдайды тұрақтандырып, үлкен әскери-стратегиялық жетістіктерге қол жеткізді. Тоқтамыстың Алтын Орданың бұрынғы күш-қуатын қалпына келтіру жолындағы державалық саясаты да жылдан-жылға күшейіп, осындай саясатты ұстанған Темірмен қарама-қайшылыққа тап болды. Темір бұл кезде әлемді жаулаушылық жолына түскені белгілі. Темір мен Тоқтамыстың саяси-экономикалық мүдделерінің бір бағытта түйісуіне байланысты, бастапқы кезеңде тікелей әскери қақтығыстар екі мемлекеттің де қиян-кескі соғыс алдында әскери-саяси позициясын мейлінше нығайту үшін жасалған дипломатиялық байланыстар нәтижесінде кейінге қалдырылып отырды. Әу баста, Тоқтамыс өз билігінің бастапқы кезеңінде-ақ, мемлекет ішінде қуатты қарсыластардың болғанына қарамастан, 781 х.ж. (19 сәуір 1379 ж. - 7 сәуір 1380 ж.) Темірдің Хорезм ұлысына қол сұғушылығына қарсы тұра алды. Тарихнамада бұл оқиға Тоқтамыс ханның сыртқы саясатындағы бетбұрыс ретінде сипатталады, бірақ хронологиялық түрде зерттеушілер біршама қателіктер жіберген. А.Ю. Якубовскийдің пікірінше, Тоқтамыстың Хорезмдегі билігі 1383 жылы қолына көшкен дейді. Бұл уақыт мерзімін басқа да бірқатар тарихшылар қайталаған. Зерттеушілердің барлығы мұны Тоқтамыстың Хорезмді жаулауға ұмтылыс танытқан Темірге қарсы қарсыласуының алғашқы қадамы ретінде мәлімдеді. Темірдің Хорезмге жасаған

төрт жойқын жорықтарынан кейін ғана 781 х.ж. Үргеніш қаласын басып алғаны белгілі. Ол жөнінде Хорезмде Сюргатмыш және Темір-гуркан атынан соғылған монеталар дәлел бола алады. Бірақ сол жылы, яғни 781 х.ж. (1379 ж. соңында) Тоқтамыс хан өзінің атынан монеталар соқтырған. Бұл оқиғаға қатысты ешқандай жазба дерек мәліметтерінде көрініс таппаған. Сондай-ақ, М.Г. Сафарғалиевтің Темірдің Хорезмді Тоқтамыстың басқаруына бергені жөнінде айтқан пікірі де шындыққа сәйкес келмейді. Егер Темір өзі төрт рет ірі жорық жасауға тура келген Хорезм ауданын Тоқтамысқа сыйлаған болса, онда Темір тарихшылары мұндай әрекеті үшін толықтай үлкен шығарма жазар еді. Бірақ жоғарыда айтқандай, Хорезмнің Темір қолынан Тоқтамысқа өткені жөнінде тарихшылар үнсіз қалып отыр. Сондықтан Хорезм Темірден Тоқтамысқа өтуі соңғысының қатаң талабы негізінде жүзеге асырылған. Егер Тоқтамыс ортаазиялық әміршінің қойған билеуші өкілі болса, онда ол мұндай саяси қадамға бармас еді. Ал Темірдің бұған жол беруін Тоқтамыс хан арасындағы қарым-қатынасының күрделенуін қаламағандықтан және Моғолстанмен соғысуына байланысты Мәуереаннахрдағы саяси жағдайдың тұрақсыз болуы мен Хорезм тұрғындарының өте-мөте дұшпандық күйге түскендігімен түсіндіруге болады [64, с. 92-93].

Ибн Арабшах мәліметі бойынша, Тоқтамыс пен Темір арасындағы жауластықтың басталуы соңғысының Хорезмге жасаған жорығынан кейін басталғанын былайша сипаттайды: «Дешті Қыпшақ пен Татардың сұлтаны Тоқтамыс хан Темір мен сұлтан Хусейн арасындағы болған жағдайды көрген соң, (Хусейнмен) туыстығы және көршілестігі үшін жүрегінің қаны қайнап, қатты ашуланды», – дейді [33, с. 456]. Бұл жерде мәселе тек Темірдің Хорезмге жасаған бірінші жорығы кезінде онымен ымыраға келмейтін Хусейн Суфидің өлімі жөнінде айтылған. Ал бізге мәлім Тоқтамыстың анасы суфидтерге жататын қоңырат руынан шыққан [34, с. 132, 211]. Шамасы, ол Хусейн Суфимен жақын туыстық қатынаста болған. Темірдің Хорезмді жаулауына Тоқтамыс хан бейтараптық таныта алмады. Тіпті Алтын Ордада өзінің саяси ықпалы толық нығаймағанына қарамастан, Темірден Хорезмді талап етті.

Кезінде Темір де 1378 жылы (кейбір мәліметтерде 1379 жыл) Алтын Ордаға ғасырлар бойы тиесілі болған Хорезмді басып алып, өзінің осы бір бай өлкеге мүдделі екенін аңғартты. Бірақ Хорезмді иемденуге Тоқтамыс та аса мүдделі болған. Бұл хақында белгілі тарихшы Т. Омарбековтің «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты еңбегінде былай деп көрсетілген: «Мамайдың қолынан билікті алған Тоқтамыс күллі Алтын Орда жерлерін қайта біріктірді. Мұнан Темірдің қол астына жақын Хорезм ғана сырт қалды», – делінген [80, 118 б]. Бұл мәліметтерге көз жүгірте отырып, Темірдің Хорезмді ашық түрде өз қол астына қаратқанын көруге болады. Кейбір деректер Хорезм толық түрде Темірдің қол астына тікелей бағынышты болмаған дейді. Темір Хорезмнің тек Шағатай ұлысына тиесілі саналатын Оңтүстік Хорезмді Қият пен Хиуа қалаларымен қоса өзіне қаратады. Бұл жерде ескеретін жайт, Хорезмнің екіге бөлінетіндігі: Оңтүстік Хорезм және Солтүстік Хорезм болып, Солтүстік Хорезм Үргеніш атты бас қаласымен Алтын Ордаға тиесілі саналатын. Дегенмен, Хорезм бастапқы кезеңде Темірдің ықпалында

болғаны айқын. Мәскеуді ықпалына түсірген, Қырымды қосқан Тоқтамыс хан үшін, енді атқарар екі мемлекеттік іс қалды: біріншісі, Алтын Орда тарихында орны ерекше, ірі өркениет ошағы саналатын Хорезмді, екіншісі, Батыс пен Шығыс арасындағы маңызды сауда жолдарының торабында орналасқан Әзірбайжанды Алтын Орда құрамына қосу міндеті тұрды.

Енді мәселенің түйінін шешіп, басын ашып алу үшін бірқатар мәселені қарастыру қажет. Хорезм – Алтын Ордаға сонау Жошы заманынан еншілес аймақ болып саналатын. Әзірбайжанды да Жошы ұрпақтары тартысқа толы болса да, заңды түрде өз иелігі санайтын. Әзірбайжан жерінің геосаяси мүдделік теке-тіреске апарардай, қандай артықшылықтары бар еді деген сұрақ туындайды. Жошы ұрпақтары үшін Хорезм мен Әзірбайжан жері геосаяси және геоэкономикалық жағынан маңызды аймақ болып саналды. Бұл екі өлкенің басты артықшылықтары ретінде географиялық орналасуының тиімділігі мен маңызды сауда тораптарының түйісуін атап өтуге болады. Өйткені бұл екі өлке солтүстік пен оңтүстіктің бір-біріне түйіскен жерінде орналасқан және қолайлы қоңыржай жылы климатқа ие болды. Азияның өнімдері осы аймақтар арқылы солтүстікке қарай шығатын. Солтүстік өлкелерінің сауда бағыттарының түйісетін жері Кавказдан болмаса, Қара теңіз порттарынан батысқа қарай жіберілетін. Бұл өлкелер әр заманда, талас-тартыс аймағы саналатын. Иран, Алтын Орда және Мәуераннахрға әр заманда билік жүргізген мемлекет билеушілері бұл екі өлке үшін ғасырға жуық уақыттар бойына соғысып келді. Оның бір көрінісі – Берке хан мен Хулагу билігі кезеңінен басталған талас-тартыстар Жәнібек хан билігіне дейін созылды. Ол араға уақыт салып, Тоқтамыс хан кезіндегі оның Темірмен күресі осы аймақтар үшін қайта күшіне енді. Бұл күрестер ағымы бітісімен, Османлы билеушісі Фатих Сұлтан Мехметтің Қырымды иеленуге әрекеттенуі, Ресей патшалығының Қазанды қолға қаратқаннан кейін, шұғыл түрде Қырымға көз тігуі, Қырымды иеленгеннен соң, жаулап алушылық саясатының Каспийге бағытталуы, барлығы бұл өлкелердің геосаяси және геоэкономикалық маңыздылықтарын айғақтап берді.

Темір бұрынғы Хулагу әулеті иелігіне тиесілі болған Иран және Кавказ жерлерін иемденуге ұмтылыс жасаған тұста Тоқтамыстың Темір экспансиялық саясатына қатысты сыртқы саясаты да шұғыл өзгере түсті. Оның екі себебі болды, біріншісі – саяси жағынан алғанда, егер Темір Иран және Кавказ жеріндегі мемлекеттерді басып алатын болса, онда Темір империясының шекарасы Алтын Орданың оңтүстік және оңтүстік-шығыс шекаралық аймақтарымен шектесіп жататын еді. Ал шекаралық аймақтарда аралық мемлекеттердің болмауы Алтын Орданың әскери қорғаныс қабілеттілігін әлсірететіні белгілі еді. Темірдің белсенді жаулаушылық экспансиясы Тоқтамыстан өз мемлекетінің мүддесін қорғау жолында қорғаныстық әрекетке көшуге мәжбүр етті. Ол әскери блоктар құру мен аралық мемлекеттерді жаулап алу арқылы Темірді Алтын Орда территориясына жақындатпау мақсатында белсенді түрде қорғанысқа көшуді таңдады; екіншісі – таза экономикалық сипатта, яғни Темірдің Иран мен Әзірбайжан жерін жаулап алуы Алтын Орда саудасы үшін үлкен соққы болатыны белгілі еді. Егер Темір мемлекеті

трансконтиненталдық сауданың оңтүстік бағытын толықтай бақылауды қолына алатын болса, онда көпестер үшін оңтүстік бағыты солтүстік бағытына қарағанда аса тиімді болды, өйткені шекаралық аймақтағы көптеген баж салықтарына шығындалмайтын еді. Бұл жағдай Алтын Орда мемлекетінің экономикалық күре тамырын қиятыны белгілі еді. Дегенмен, Тоқтамыс пен Темір арасындағы жауласудың бір біріне деген жеке тұлғалық қарама-қайшылығы да болды, бірақ олардың ымыраға келмей қарсыласуының басты себептері саяси және экономикалық аспектілеріне байланысты болды [64, с. 99]. Сонымен, Тоқтамыс Алтын Орданың ертеден территориялық талас-тартыс аймағы болып саналатын Әзірбайжан жері үшін (1385 және 1387), Хорезм және Сырдариядан төмен Бұхараға дейінгі аймақты (1388) иемдену мақсатында кезінде қамқоршысы болған Темірге ашық түрде қарсы шықты [31, р. 543].

Ибн Халдун мәліметіне сәйкес, 784 х.ж. (17 наурыз 1382 ж. - 5 наурыз 1383 ж.) Темір Ирандағы Мазендеран ауданын басып алған соң, оның билеушісі «Шейх Вели Тебризге қашып кеткен», – делінген [33, с. 392]. Бұл уақытта Иран шағын иеліктерге ыдырап кеткен еді, ал Ирак және Оңтүстік Әзірбайжан Жалайыр мемлекетінің құрамында болған еді. 1374 жылы Сұлтан Увейс қайтыс болғаннан кейін, оның ұлдарының арасында билік үшін күрес басталды [143, 339-340]. Ал Темір бұрынғы Хулагу әулетінің иелігі болған аймақтарды иемдену жоспарын XIV ғ. 80-ші жылдан бастап біртіндеп жүйелі түрде жүзеге асыра бастады [8, с. 405]. Осылайша, Алтын Орданың Кавказ жеріндегі шекарасына жақындай түсті. Темір Жалайырлармен соғысты бастаған кезде, Тоқтамыс та өзінің сыртқы саясатын Кавказ жеріне бағыттады. Алғашқы кезде Тоқтамыстың әрекетін аса сақтықпен жүзеге асырғаны байқалады. Алтын Орда ханы жоғарыда айтылғандай, Мысырға өз елшілерін аттандырды. М.Г. Сафаргалиевтің пікірінше, бұл елшіліктердің мақсаты Темірге қарсы одақ құру жөнінде болуы тиіс деп шамалайды [8, с. 405]. Бұл пікірмен келісуге болады. Өйткені Тоқтамыс Темірге қарсы әскери блок құруды көздесе керек. Сондай-ақ, Тоқтамыс Жалайырлық Ахмедпен одақтық келісім жасауға ұмтылыс танытқан, бірақ А.А. Али-Заденің пікірі бойынша, бұл әрекеті сәтсіздікке ұшыраған, өйткені Ахмед өз елінде көпшілікке аса ықпалды бола алмады, сондықтан Жалайыр мемлекетінің барлық территориясына өзінің бақылауын толық орната алмады және біртіндеп оның билігі әлсірей түсті дейді [64, с. 100].

1385 жылы Султания қаласының маңында Темір және Жалайырлық Ахмед арасында шайқас болып, соңғысының жеңілісімен аяқталды. Бұл уақытта Ахмедке аттандырылған Тоқтамыс елшілері Темір қолына түсіп қалған еді [64, с. 101]. Мұндай пікір айтуға осы уақытқа дейін зерттеушілердің назарына ілікпеген Фома Мецопскийдің мәліметі себеп болды, яғни Тоқтамыс Тебриз билеушісі Сұлтан Ахмедке достық және бейбіт келісім орнату мақсатында өз елшісін жіберген еді. Бірақ бұл елшілік Темір қолына түскен соң, ортаазиялық әмірші елшіге жымысқы әрекеттерімен тіл тигізді. Елші қайтып келген соң, Тоқтамыстың алдында өзінің киімінің жағасын жыртты. Ашуға булыққан Тоқтамыс әскер жіберді, алайда Фома Мецопскийдің айтуынша, Темір одан қашақтап қайтып кеткен. Темірдің кері қайтуының себебі тек

Мәуераннахрдағы «аса маңызды істеріне» ғана байланысты емес еді, сонымен қатар Темірдің Жалайыр мемлекетін толықтай талқандағанға дейін Алтын Ордамен тікелей әскери қақтығысқа баруды қаламаған. Осы кезеңде Ширван бейбіт түрде Тоқтамыс әскеріне «Аландар қақпасын» ашып, оны өз территориясы арқылы өткізді. Фома Мецопскийдің айтуы бойынша, татарлар олармен бейбіт келісім жасаған еді. Ширван 792 х.ж. соңына дейін (20 желтоқсан 1389 ж. - 08 желтоқсан 1390 ж.) Алтын Ордаға бағынышты болды және өз астанасы Шемаха, Шаберан және тағы басқа қалаларда Тоқтамыс хан атынан теңге соқтырған дейді. Сондай-ақ, Алтын Орда Жалайыр мемлекетінің солтүстік аудандарын өз бақылауына алып, Темір әскерінен қорғауды міндетіне алды. Нумизматикалық мәліметтерге сүйене отырып, Алтын Ордаға бұл кезеңде Шемаха, Шаберан, Махмудабад, Гуштаспи, Баку сияқты қалалар да бағынған [64, с. 101].

«Раузат ас-сафа» атты Мирхонд шығармасында Тоқтамыс хан Беке-оғлан және Бахши-қожаны 50 мың атты әскермен Дербентке барып бекінуге аттандырған. Шамасы, Дербент дүрбелең кезеңінде Алтын Орданың бақылауынан шығып қалған. Дербентте Тоқтамыс хан атынан теңге соқтыру да 787 х.ж. (12 ақпан 1385 ж.-1 ақпан 1386 ж.) басталған. Тоқтамыстың атынан соғылған Кавказ маңындағы монеталарда оның есіміне қосымша «Бахадир» сөзі қосылған, яғни батыр, қорғаушы, ел қорғаны ретінде аударуға болады. Ширван билеушісі ретінде Шах Ибрагим қалды. Бірақ Ширван Жошы ұлысының вассалдық аймағына айналды. Монеталық мәліметерге сүйене отырып, Ширван Алтын Ордаға 787-792 х.ж. (12 қараша 1385 ж. - 8 желтоқсан 1390 ж.) аралығында тәуелді болған. Шамасы, Ширванмен келісім 787 х.ж. соңында, яғни 1385 жылдың аяғы мен 1386 жылдың басында жасалған [64, с. 102]. Ширванмен келісім жасалған соң, Алтын Орда әскері Тебризге бағыт алып, қаланы басып алды [34, с. 97, 109, 151]. Жалайыр мемлекеті территориясын жаулап алудың себебін Мирхонд былайша түсіндіреді: «Сарай қазысы (Тоқтамыстан) Бағдатқа барып, елшілік сапарын орындады. Онымен бірге аса көрікті ұл бала болған, ал сұлтан (Жалайырлық Ахмед) оған ынтықтығын білдірді, ал бұл ақпарат жан-жаққа тарап кетті. Қазы бұған ренішті болып қайтып, бұл жағдай жауласудың себебі болып, оны Тоқтамысқа жеткізді. Ал Тоқтамыс осыдан кейін сұлтан Ахмедке қарсы соғысқа шығуға бұйрық берді», – дейді. Тебризді Алтын Орда әскерінің басып алғаны жөнінде Клавихо былайша сипаттайды, яғни Тоқтамыс «көптеген жерлерді тонап, қалалар мен мекендерді талқандады, бірақ біршама бөлігін өзіне арнап қайта қалпына келтірді», – деді. Бұдан әрі Клавихо Тоқтамыс «бұл тонаушылықты аяқтап, әсіресе Тамурбекке (Тотамих) тиесілі жерлерді тонап, Тарталияға қайтып оралды», – делінген [148, с. 340].

Бұдан шығатын қорытынды – Тоқтамыс әскері Жалайыр мемлекетінің Темір басып алмаған территориясына бақылауын орнатқан, ал Орта Азия әміршісінің басып алуға үлгерген жерлерін талқандаған. Мұның барлығы, Алтын Орда әскерінің Кавказ жеріне жасаған жорықтарының мақсаты – Темірдің Алтын Орда территориясына жақындауының алдын алу еді. Ал Темір бақылауында болған жерлерді Тоқтамыстың арнайы жорық жасап, талқандауы

мен тонауы оның Орта Азия әміршісінің экспансиялық саясатына қарсы әрекет еткендігін көрсетеді. Шамасы, 787 х.ж. Тоқтамыстың Мысырға аттандырылған елшілігі де осы жорықтар кезеңінде жүзеге асқан. Тебризді басып алған соң, Алтын Орда әскері Мерағаға қарай жылжып, ол жерден кері қайта бұрылып, қайтадан Тебриз арқылы өтіп, Маранд және Нахичеван аудандарын талқандаған [34, с. 98]. Осыдан кейін ол 200 мың тұтқынды және басқа да соғыс олжаларын иемденіп, Сарайға қайта оралды. Осыдан кейін Алтын Орда әскері кеткен соң, Темір де Тебриз және Нахичеванға шабуыл жасады [33, с. 392]. Шамасы, Тебризде Тоқтамыс шамалы әскери бөлімін қалдырған, өйткені Клавихоның мәліметі бойынша, қаланы өзі үшін қайта қалпына келтірген. Сондықтан Темірдің Тебризге жасаған шабуылы Тоқтамыс мемлекетіне шабуыл жасағаны деп бағалауға болады. Осыған байланысты Тоқтамыс әскер аттандырып, Самур өзеніне дейін жетіп, мұнда Темір әскерінен талқандалған. Темір тарихшылары мұны Алтын Орданың шабуыл жасауы деп бағалады [34, с. 110]. Бірақ Темір өзінің Алтын Ордамен қарым-қатынасының күрделенуін қаламағандықтан тұтқындарды босатты [34, с. 110-152]. Темірге аса сақтықпен әрекет жасау қажет болды. Өйткені бұл уақытта оған қарсы Бағдатта Ахмед әскери күш жинап жатқан еді [143, с. 387]. Ал Оңтүстік Әзірбайжанда Қара-Мұхаммед әскері орналасты, сонымен қатар Анатолиялық түрікмендердің билеушісі Қара-Қойлы Темірдің қас дұшпаны еді. Сондай-ақ, Сирияда мәмлүк әскерлері Жалайырлық Ахмедке белсенді көмек көрсетуді бастады және 788 х.ж. (2 ақпан 1386 ж. - 21 қаңтар 1387) Тоқтамыс ханға елшілік аттандырды [33, с. 453].

Темір Тоқтамыстан Тебриз, Нахичеван, Карабах жерлерін қайта басып алып, Ширван шекарасына дейін жақындап келді. Сонымен қатар, Ширван Алтын Орданың вассалы болған еді. 788 х.ж. Тебризде Сююргатмыш және Темір атынан монеталар соға бастады. Темір өзінің Тоқтамыспен арасындағы келісімнің бар екенін мәлімдеп, бірнеше ақымақтардың әрекетіне байланысты дүрбелең салудың қажеттілігі жоқ деп айтып [34, с. 110, 152-153], оның мәнісін Орталық Азия билеушісі Жалайырлық Ахмедтің әрекетіне байланысты меңзеді, өзінің тек Жалайыр мемлекетіне қарсы соғысқанын көрсетуге тырысқан секілді. Осыдан кейін Темір Ахмедпен соғысын жалғастырып, сондай-ақ Тоқтамыспен достық қарым-қатынаста болып, Алтын Орданың сателлиті болған Грузияны басып алды. Будак Казвини мәліметі бойынша, Тоқтамыс қауіпті ортада өмірге келіп, қамқоршылықты тіптен құрметтемеді және Темірге қарсы әскери науқанын бастады деген. Ибн Арабшах мәліметі бойынша, Тоқтамыс бүлік салған сұлтандар басшылығында бірінші болып, оған қарсы Түркістан жерінде қарсылық туғызды деп мәлімдеп, шайқасқа Сығанақ және Отырар бағытынан бет алды деген [33, с. 456-457]. Тоқтамыс Темірдің Кавказ жеріндегі әрекеттері үшін наразы болып [34, с. 153], Моғолстан билеушісі Камар ад-Динмен одақтасуға шешім қабылдады [33, с. 392].

1375 жылдан бастап Темір Моғолстан әмірі Камар ад-Динмен үздіксіз соғыстар жүргізген еді. Темірдің Моғолстанға жыл сайынғы жорықтарының мақсаты Ыстықкөл мен Кашғар аралығындағы Тянь-Шань маңы аймағын ортаазиялық билеуші өз империясына қосып алуды мақсат етті. Темір бұл жорықтарға шамалы ғана әскерлер жіберіп отырған. Сондықтан Моғолстанды

талқандауға ұзақ уақыт бойы әскери күш салуы ешқандай нәтиже бермеген еді. Осыны пайдаланған Тоқтамыс Моғолстан әмірі Камар ад-Динмен одақ құра отырып, Орта Азиядағы Темірдің өзінің иеліктерін жаулап алуға айтарлықтай қауіп туғызды. Егер қисынды түрде ойластырып көретін болсақ, Алтын Орда мен Моғолстан арасындағы бұл одақтастық келісім бір уақытта Мәуераннахрға екі жақтан: солтүстіктен және шығыстан соққы беруге байланысты жасалған.

Темір Ахмедті талқандаған соң, Алтын Ордаға бағынышты Ширван жеріне басып кіріп, ол жерден Жошы ұлысы территориясына шабуыл жасауы мүмкін еді. Сондықтан Тоқтамыс енді Орта Азия территориясында тағы да бір майданды ашуға шешім қабылдады. Тоқтамыс хан Моғолстан әмірі Камар-ад-динмен жасалған одақтастық келісім бойынша, Мәуераннахрдың солтүстігі мен шығысынан бір уақытта соққы беруді көздеді [8, с. 406]. Тоқтамыс хан өз әскерінің бір бөлігін Кавказ майданынан Сарай-Хорезм сауда жолы арқылы Хорезмге аттандырды [50, с. 219]. Зейн-ад-дин мәліметі бойынша, 789 х.ж. (22 қаңтар 1387 ж. -10 қаңтар 1388 ж.) Тоқтамыс хан әскері Бұхара және Самарқанд аудандарына келіп, астанада үлкен ойран салды [34, с. 98]. Камар-ад-дин әскері және оған көмекке жіберілген Алтын Орда қолбасшысы Ақ-қажы-оғлан басқарған Алтын Орда әскері Мәуераннахрға Түркістан территориясына шабуыл жасады [34, с. 153].

Тоқтамыстың ірі әскери науқаны 1387 жылдың күз айларында басталды. алтынордалық бірнеше әмірлер қолбасшылық еткен әскери күштер бірігіп, Сығанақ арқылы Сауранға келіп, оны қоршауға әрекеттер жасады [34, с. 153]. Шамасы, бұл Ақ Орда және Шайбан ұлысы түмендерінен құралған сол қанат әскері болған сияқты. Келесі Алтын Орда жасақтары сұлтан Махмуд бастаған хорезмдік әскермен бірге Мәуераннахрға Хорезм территориясы арқылы соққы берді [8, с. 112]. Тоқтамыс әскерінің жорық бағытында алғашқы қорғанысы мығым бекіністердің бірі Сауран тұрды. Алтын Орда әскерін басқарған әмірлер Бек-Ярык-оғлан, Илыгмыш-оғлан, Иса-бек және Садық-бахадур Сауранды қоршауға алды. Қала гарнизоны шабуылдарға қарсы тойтарыс берді, бірақ қала маңындағы қыстақтар қатты талқандалды. Тоқтамысқа қарсы Әндіжан жақтан Темірдің ұлы Омар-шейх әскерімен қарсы шықты. Тоқтамыс әскерімен оның шайқасы Отырар маңында болып, Омар-шейхтің жеңілісімен аяқталды. Тоқтамыс шабуылдарын үдете отырып, Мәуераннахрға таяу қалды. Карши қаласында Тоқтамыс Темірдің резиденциясы болған Зинджер-сарайды талқандап, өртеп жіберді [147, с. 142]. Сонымен, Тоқтамыс әскері Ташкент, Карши және бірқатар ірі қалаларын алып, Мәуераннахрдың екі ірі қаласы: Бұхара мен Темір астанасы Самарқандты қоршауға кірісті. Тоқтамыстың шабуылдары жөніндегі хабар Темірге келіп жеткенде, ол Батыс Ирандағы Шираз қаласында болған еді. Темір шұғыл түрде әмір Осман-и-Аббастың қолбасшылығымен 30 мың атты әскерін Самарқандты қорғауға жіберді. Көп кешікпей, 1388 жылы ақпанда Мәуераннахрға Темірдің өзі бүкіл әскерімен келіп жетті. Одақтастар әскері кері шегінді. Шереф ад-Дин Йездидің айтуынша, бірқатары Хорезмге кетсе, ал басқалары Дешті Қыпшаққа бағыт алды. Самарқандты қоршаған Алтын Орда әскері ол жерге келіп жеткен Темір әскерінен талқандалып, шегінуге мәжбүр болды. Темір олардың артына түсіп,

Хорезмге дейін келіп жетіп, қаланы талқандады, ал оның тұрғындарын құлдыққа алып кетті [34, с. 154-155]. Үргеніш қаласын талқандауы Алтын Орда үшін кері әсерін тигізді. Темірдің бейбіт тұрғындарға жасаған әрекеті нәтижесінде Тоқтамысты жаңа жорық жасауға мәжбүр етіп, 1388 жылдың күзінде қайта жорыққа шықты. Шереф ад-Дин Йезди, Будақ Казвини мәліметтеріне сәйкес, бұл жорықта Тоқтамыс ханның өзі қолбасшылық жасаған [34, с. 156].

Темір Тоқтамыстың келе жатқанынан хабардар болып, Фарсистан тауынан түсіп, әскерін жинақтай бастаған. Шереф ад-Дин Йезди мәліметі бойынша, Тоқтамыс әскері Сырдариядан өткен соң сейілген. Ал Будақ Казвини мәліметі бойынша, Тоқтамыс хан қарсыласының оған қарсы келе жатқанын біліп, оның жақындауына дейін-ақ, кері шегінген. Темір де Хорасан мен Моғолстанда бүліктің шығуына байланысты Алтын Орда ханымен соғысты жалғастыра алмады [8, с. 408-409]. Низам ад-Дин Шами, Шереф ад-Дин Йезди, Бүркеншек Ескендір және Абд-ар-раззаку Самарканди мәліметтеріне сәйкес, 1388 жылы Хорасанда Мулук-сарбадар және Хаджи-бек көтеріліс жасап, Тоқтамыс жағына шыққан. Сондай-ақ, Тоқтамысты Инга-төре қолдап 20 мың атты әскерімен Мәуераннахр жорығына шықты. Дегенмен, түрікмен тарихында Хорасан көтерілісі 1391 жылы болған дейді, бірақ Шереф ад-Дин Йезди және Абд-ар-раззак Самарканди мәліметі бойынша, бұл оқиға 791 х.ж. (31 желтоқсан 1388 ж. - 19 желтоқсан 1389 ж.) уақытымен даталанып, Тоқтамыстың Мәуераннахрға шабуылы кезінде, Хаджи-бек Джавун-курбан, Тоқтамыс Темірді талқандады деп ойлап, Мүлік сербедар мен Иса түрікменмен одақтасып, Туя қаласын нығайтып, Тоқтамыс атынан монеталар соқтырып, оның атымен құтба оқыған. Мұның барлығы Тоқтамыстың айтарлықтай нәтижеге жеткенін және Темірдің күрделі жағдайға тап болғанын байқатады. Бірақ бұл уақытта Алтын Ордада саяси жағдай күрделеніп, Тоқтамыстың Сарайға қайта оралуына мәжбүр етті. Сондықтан Тоқтамыс шешуші шайқасқа Алтын Ордадағы саяси жағдайдың күрделенуіне байланысты шығуға шешім қабылдамаған деп қорытындылауға болады. Бірақ бұл саяси жағдайдың күрделенуі жөнінде жазба деректерде мәліметтер жоқ, дегенмен нумизматикалық мәліметтер арқылы Қырымда Бек-Болат (Бек-Пулад) үстемдігін орнатқаны белгілі. Оның атынан соғылған монеталары Қырымда (Крым ал-Махруса), Азакта 792 х.ж. (20 желтоқсан 1389 ж. - 8 желтоқсан 1390 ж.) және 794 х.ж. (29 қараша 1391 ж. - 16 қараша 1392 ж.) даталанған. Тоқтамыс Бек-Болатпен күресіп жатқан кезеңінде, Темір Ширванды басып алған. Шамасы, бұл оқиға 1390 жылдың жазында болған, өйткені Ширван қалаларында соғылған Тоқтамыс ханның соңғы монеталары 792 х.ж. даталанған [64, с. 107].

Сонымен, Тоқтамыс Хорезмді де, Тебризді де қайта басып ала алмады. Керісінше, Тоқтамыс Ширван және бірқатар қалаларынан айырылып, Алтын Ордада саяси тұрақсыздыққа тап болды. Тоқтамыстың XIV ғ. 80-ші жылдарының аяғындағы сыртқы саясатының сәтсіздікке ұшырауының басты себебі өзіне қарсы Алтын Орда феодалдарының партиясымен күресуі болды. Тоқтамыс хан барлық күш-жігерімен халықаралық геосаясаттағы Алтын Орданың беделін қалпына келтіруге тырысқанымен, ішкі және сырты

факторлары оның мақсатын жүзеге асыруына мүмкіндік бермеді [64, с. 108] Тоқтамыс XIV ғ. 80-ші жылдарының басында мемлекеттің тұтастығын қалпына келтіру, экономикалық реформалар жүргізу және сыртқы саясатта белсенділік таныту сияқты ірі жетістіктерге жеткенімен, Темір секілді азулы қарсыласына ашық түрде қарсылыққа шыққанда ащы жеңіліске тап болды, ал оның ішкі жауларының әрекеттері Жошы ұлысындағы ішкі жағдайдың тұрақсыздануына алып келді.

Алтын Орда феодалдарының өзара күресі мемлекетке қауіпті XIV ғ. 80-ші жылдары аса қиындық алып келді. И.М. Миргалеевтің пікірінше, Тоқтамыстың Алтын Орда ішіндегі қарсыластары XIV ғ. 80-ші жылдардың екінші жартысында топтарға біріге бастап, өз қызметтерін жандандыра бастаған. XIV ғ. 60-70-ші жылдары болған дүрбелең кезеңінен соң, мемлекет шаруашылығы енді ғана қалпына келтірілді. Ал XIV ғ. 80-ші жылдардың басында жүргізілген экономикалық реформалар әлі де өз нәтижесін бермеді, өйткені ол реформалар жүргізілген соң аз ғана уақыт өткен еді. Ал Темірмен басталған соғыс материалдық және адам ресурстарын қажет етті, ал ең негізгісі, Тоқтамыс хан үкіметінің ішкі мәселелерін нәтижелі түрде жүргізуге кедергі келтірді. Тоқтамыс хан жақтастарының күшті идеологиялық саясатының жүргізілуіне қарамастан, экономикалық қиындықтар мен сыртқы саясаттағы басталған сәтсіздіктер оппозициялық топтардың күшеюіне себепші болды.

Тоқтамыс идеологиясын қабылдамаған, яғни оған қарсы топтар оның тұлғалық мәртебесін мойындамай түрлі мақсаттарды көздеді (жекелеген Жошы ұрпақтарының хан болуды қалауы, сыртқы және ішкі саясат бағыттарын өзгерту, қатаң орталықтандыруды әлсірету) және осы мақсаттарына жету жолында Темір көмегін пайдалануға шешім қабылдады. Билікті иеленуге деген аса ұмтылыс танытқандардың бірі Темір-Құтлық Тоқтамысқа қарсы саяси шиеленіс ұйымдастырмақшы болды, бірақ ол әрекеті сәтсіздікке ұшыраған соң, Темірге қашып барып, оның көмегі арқылы Жошы ұлысы тағын иемденуді мақсат тұтты. Ал Бек-Болат болса, Тоқтамыстың жоғын пайдаланып, тақты иемденуге немесе шеткі аудандардың бірінде билік орнатуға ұмтылыс танытты. Ал ханның қарамағындағы топтар ортаазиялық билеушіге кісі жіберіп, Алтын Ордаға басып кіруге шақырды, Тіпті басып кірген жағдайда бүлік шығаруға уәде берген [95, с. 37].

Сонымен, Алтын Орданың Темір империясымен Кавказ жеріндегі соғысы басталған соң, көп кешікпей Орта Азияда екінші майдан ашылды. Жазба деректер мәліметтеріне сүйенсек, 1388 жылдың басы мен 1389 жылы ортаазиялық майдан әскерін Тоқтамыс ханның өзі басқарған. Ал Кавказ жеріндегі қалған әскерді шамасы, кейін бүлік салған Бек-Болат басқарған. Тоқтамыстың 1389 жылдың көктемінде кері шегінуінің негізгі себептері ретінде жоғарыда атап өткендей, Алтын Ордадағы ішкі саяси жағдайды тұрақтандыру, астананы қорғау және бүлікті басу болды. Ибн Халдун мәліметінде, Оғлан-Болат Тоқтамыс ханның «туыстарының бірі» ретінде айтылған. Оның Жошы ұрпағы ретінде Тұқа-Темір әулетіне жатқаны сөзсіз. Шамасы, Мамайды жеңген соң, оның ұлысын алған. Оның екі жыл бұрын Қырым, Азак, Ордада «әділетті сұлтан» ретінде монета соқтырған мәліметіне сүйене отырып, Бек-Болат Мамай

Ордасын қайта жандандырған секілді. Сонымен қатар, Мамайдың бұрынғы жақтастары болған Ақ Орда феодалдары оның қарамағына біріккен сияқты. П.С. Савельевтің пікірінше, Бек-Болат 1390-1396 жж. аралығында билік еткен, бірақ жазба дерек мәліметтеріне сүйенсек, Бек-Болат 1392 жылы талқандалған [64, с. 111]. Оның соңғы монеталары 794 х.ж. (29 қараша 1391-16 қараша 1392) даталанған. Тоқтамыс бүлікті басумен айналысып жатқан кезеңде, Темір Ширванды басып алды, ал оның билеушісі Ибрагим Темірдің билігін ерікті түрде мойындап, сол үшін Ширванның билеушісі ретінде қалдырылды, тіпті 1395 жылы Алтын Ордаға қарсы жорыққа да қатысты [34, с. 124-187].

1390 жылдың соңына қарай Темір әскері Кавказдағы Алтын Орданың өз шекарасына дейін етене жақындап, Дербент қақпасын бақылауға алды. Әрине, мұндай қалыптасқан жағдай Тоқтамысты Кавказ майданына айтарлықтай әскерді шоғырландыруға мәжбүр етті. Нумизматикалық мәліметтерге сәйкес, Бек-Болаттың тек 794 х.ж. тиісінше, 1392 жылдың көктемінде ғана көзін жойған. Зерттеуші И.М. Миргалеев Тоқтамыстың поляк патшасы Ягайлоға жазған хаты және Ибн Халдун Шереф ад-Дин Йезди мәліметтеріне сүйене отырып, Бек-Болат Қондырша түбіндегі шайқаста Тоқтамыс жағында Темірге қарсы шайқасқан дейді. Сонымен қатар, зерттеушінің пікірінше, Бек-Болат Тоқтамыстың билігін мойындап, оның жақтасы ретінде шайқасқа қатынасты дейді [64, с. 112]. 1389 жылы Бек-Болат пен Темір арасында байланыс болған-болмағаны белгісіз, бірақ Тоқтамыстың поляк патшасы Ягайлоға жазған хатына сүйенсек, бүлікшілердің Темірмен құпия түрде қатынасқа түскені айтылған [95, с. 37]. Шамасы, мұндай байланыс 1389 жылы болған секілді. Өйткені Тоқтамыстың 791 х.ж. (31 желтоқсан 1388 ж. -19 желтоқсан 1389 ж.) жасаған жорығы кезінде Темірге қарсы көтерілген сербедарлар мен түрікмендердің көтерілісі ол үшін үлкен қиындық туғызып, жаңадан ғана бағындырған Иран жерінен айырылу қаупі туындады. Ал Бек-Болаттың осы кезеңдегі көтерілісі Темір үшін өте тиімді болды. Тоқтамыс ішкі мәселелермен айналысып жатқан кезеңде, Темір Хорасандағы көтерілісті басуға, Кавказ жерінде өзінің билігін нығайтуға және Моғолстанды ақырғы түрде талқандауға мүмкіндік алды.

Темір болса, бұл уақытта Тоқтамысқа шабуыл жасамас бұрын Моғолстан билеушілері Қызыр Қожа мен Камар ад-Дин соңына түсті. Темір жасақтарының бірі Қызыр Қожаны Түркістандағы Қарабұлақта қуып жетіп ұрыс салды. Қызыр Қожа жеңіліп, Шығыс Түркістанға қарай шегінді. Нәтижесінде Қызыр Қожа Моғолстандағы билігінен айырылды. Темір 1389 жылы өзі қол бастап Еңге-Төрені Қараталда қуып жетіп соққы берді. Камар ад-Дин қолы да осы маңнан табылады. Екеуі де Темірдің әскерінен жеңіліс тауып, Ертістің арғы жағына өтіп кетеді. Темір осылайша Тоқтамыс пен Моғолстан билеушілерінің күш біріктіру мүмкіндігінің жолын кесіп тастады. Осыдан кейін Темір Жошы ұлысына (Тоқтамысқа) қарсы ұлы жорыққа дайындалды [2, 627-628 бб.]. Сондай-ақ, Моғолстан жерінде таза геноцид жасалды, ал Хорасанда қан суша төгілді. Осыдан кейін, оның билігіне қарсы Орта Азия мен Иранда көтеріліс жасауға қабілеттілерді толық талқандаған соң, Темір Алтын Ордаға қарсы жорыққа дайындалуға бұйрық берді. Темірлік тарихшылардың мәліметтері

бойынша, Темір бұл жорыққа аса мұқияттылықпен дайындалған [34, с. 158-159].

1391 және 1395 жылдарда болған шайқастар Еуразия континентінің бұдан кейінгі тарихи бағытына аса үлкен әсері болды. Сондықтан Алтын Орда тарихына қатысты еңбек жазған барлық тарихшылар осы алапат шайқастардың нәтижесіне тоқталып өткен. Негізінен барлық зерттеушілер Темірдің Алтын Ордаға жасаған соққысы оның түбіне жеткен оқиға болған дейді. Отандық зерттеуші Т. Омарбековтің пікірінше, Темірді Тоқтамысқа қарсы жорыққа мәжбүрлеген негізгі себеп – Алтын Орданың бұрынғы күш-қуатының қалпына келіп, оның Моғолстан және Хорезм өңіріне, яғни Темір мемлекетімен шекаралас аймақтарға ықпалының күшейе бастауынан болды дейді [80, 114б.].

1391 және 1395 жылдардағы Тоқтамыс пен Темір арасындағы шайқастарға Батыс Еуропа зерттеушілері де үлкен назар аударған. Хаммер-Пургшталь өзінің шығармасында осы шайқастарға арнайы тоқталған [7, с. 341-364]. Оның еңбегінде негізгі дерек көздері ретінде Шереф ад-Дин Йезди және Мирхонд шығармаларына сүйеніп, конспектілік нұсқада сипаттаған. Сол сияқты Б. Шпулер де өз еңбегінде осы шайқасқа тоқталып, Темір үшін «өз қарсыласының негізгі билігін талқандау аса маңызды болған», ал оның бұл мақсаты 1395 жылы Алтын Орда «жауласушы топтар мен үміткерлердің күрес аренасына» айналған тұста жүзеге асты деген қорытынды жасаған [17, с. 135]. Сол сияқты орыс зерттеушісі М.И. Иваниннің шығармасында Темір әскерінің құрылымы, ұрыстарды жүргізу тактикасы мен әдістерін талдай отырып, оның Алтын Ордаға қарсы жорыққа әскери дайындығы жөнінде сипаттаған [150, с. 190-207].

1391 жылдың басына қарай Темірге бейбіт келісім жасау ұсынысымен Тоқтамыс елшісі келді [34, с. 112, 159]. Ол жөнінде Низам ад-Дин Шами мәліметіне сәйкес, Тоқтамыс елшісі келіп, оған сый-сияпат көрсеткен соң, Темірге оның нояндары арқылы ханның мына сөзін жеткізеді: «Темір маған әке орнына әке болды, менің өтінішім, ол тағдырдың тәлкегімен және нашар адамдардың арандатуымен батылым барып жасаған жаза басқан қадамдарым үшін күнәмді кешіруін сұраймын», – дейді. Мұнан әрі Темір тарихшысы ортаазиялық билеушінің Тоқтамысқа көрсеткен көмегін сипаттап, оның сөзіне сенбейтінін айтып, егер ол шынымен айтқан болса, онда әмірлерімен кеңес жасайтынын айтады [104, 262 б.]. Бірақ Темір өзінің әмірлерімен кеңескен соң, жорықты ары қарай жалғастыруға шешім қабылдап, елші Темір лагерінде жолсерік ретінде қалдырылды [34, с. 13]. Байқағанымыздай, Тоқтамыс Темірден Ақ Орда арқылы шабуыл жасайды деп күтпеген еді, шамасы Темір әскері орасан сусыз даланы кесіп өтуге батылы жетпейді деп ойласа керек. Сондықтан егер де әскери қорғанысқа дайындық жасаған болса, онда тек майданның Кавказ бағытында ғана жүргізілуге тиіс болды деп шешті [64, с. 119]. Міне, сондықтан Темірдің жолсеріктері әскерді іс жүзінде қорғаныссыз қалған Дешті Қыпшақтың шығыс шекарасы арқылы алып келді.

Темірдің жорық жолы Отырар – Яссы – Қарашық – Сауран – Сарысу – Ұлытау – Жыланшық – Тобыл – Сақмар – Орал (Жайық) басып өтіп Құндызшаға жеткен [2, 627-628 бб.]. Бірақ соған қарамастан, Темірдің жорығы

әскери көзқарас тұрғысынан түсініксіздеу, яғни оның жорығы астананы жаулап алуға бағытталған жоқ. Шамасы, Темір 1390 жылдың өзінде-ақ, Алтын Орданы толық талқандамай, Орта Азияда қуатты мемлекет құру мен экспансиялық саясатын белсенді жүргізе алмайтындығына көзі жеткен секілді. Сондықтан Темір Алтын Ордаға қарсы соққылар топтамасынан құралған басты жоспарын жүзеге асыруға шешім қабылдаған. Осыған байланысты, 1391 жылы әскери жорықтан кейін, оның артынша қуаттылығы одан кем емес екінші соққысын беруді көздеген және бұл соққысын мемлекеттің астанасы мен оның орталық аудандарына бағыттауды жоспарлап, ол жоспары кейінірек 1395 жылы жүзеге асты.

Алтын Орда әскері Кавказ жерінде толықтай бес жыл уақыт бойына әскери дайындықтар жасап, негізгі қорғаныс күштерін Кавказ территорияларына шоғырландырды. Бірақ Темірдің әскери логикасы Алтын Орданың ең осал жеріне соққы беруге бағытталды. Дешті Қыпшақтың шығыс шекарасы арқылы кірген Темір әскері тұрғылықты халықтың басым көпшілігі болған Жошы ұлысының құрамындағы көшпенді халықты талқандады. Алтын Орда әскері бұл уақытта Кавказ маңына шоғырланған еді. Сондықтан көшпенді тұрғындар Тоқтамыстың ең осал тұсы еді. Сонымен қатар, Темір Тоқтамыс ханның белсенді жақтастары болған Шайбанилер территориясы арқылы өтті. Жоғарыда атап өткендей, Темір бұл жорыққа аса мұқияттылықпен дайындалды. Жорыққа дайындық жұмыстары кем дегенде жарты жыл уақыт жүргізілді. Абд-ар-раззак Самарканди мәліметіне сәйкес, Темір өзінің орынбасарларына әскер санын көбейтуге бұйрық берген [34, с. 191].

Мирхонд мәліметіне сәйкес, Темір әскерді әскери дәстүрге сәйкес, азық-түлікті жылға жуық уақытқа қорландыруға бұйрық берген. Жоғарыда айтылған мәліметтерге байланысты, Темір өз әскерінің санын жорық алдында ұлғайтқаны байқалады. Әрине, бұл әскер сан мыңдаған болуы тиіс, бірақ Темірдің ресми хронистері оның санын нақты атамаған. Оның себебі ортаазиялық билеушінің әрекетін ақтап алуға ұмтылыс танытқан секілді. Бірақ Темір әскерінің саны жөніндегі мәлімет әмірдің бұйрығы бойынша Улу-Дагта аялдау кезеңінде қойылған «Темірдің Қарасақпай жазбасында» кездеседі [34, с. 113]. Осы «Қарасақпай жазбасына» сүйене отырып, А.Ю. Якубовский және М.Г. Сафарғалиев әскер санын 200 000 болған дейді. Басқа да зерттеушілер осы санды қайталайды. Осы жазба ескерткішті зерттеген Н.Н. Поппе оны «екі жүз мың» деп оқуды ұсынды. Бірақ бұдан кейінгі келесі бір зерттеуші А.И. Пономарев жазбаны сыни талдау арқылы ол санға күмән тудырып, ол жазбаны «УС» ретінде, яғни «үш жүз мың» деп оқуды ұсынды. Осыған орай, И.М. Миргалеевтің пікірінше, Алтын Орда секілді қуатты мемлекетке қарсы шыққан және Ескі дүниенің жартысына жуығын жаулап алушы Темір әскерінің саны 200 000 болуы біршама жеткіліксіз секілді, сондықтан «Қарасақпай жазбасындағы» әскердің саны 300 000 болды деген нұсқасы дұрыс секілді дейді [64, с. 121].

Низам ад-дин Шами мәліметіне сәйкес, Темір 1391 жылдың 22 қаңтарында жорыққа шықты [34, с. 112]. Тоқтамыс елшісін өзімен бірге алып, Темір Тоқтамыс қарсыластары қатарынан жолсеріктерді анықтап, Алтын Орда

территориясына басып кірді. Жолсеріктер қатарында әмір Едіге болған және Ибн Арабшах [33, с. 458-459] мәліметіне сәйкес, өзінің шақыруы мен өтініші арқылы Темірдің бұл жорықты ұйымдастыруына қол жеткізді. Бұл автордың мәліметі Тоқтамыс үкіметінің ресми құжаты арқылы да расталады, яғни Тоқтамыс ханның Польша королі Ягайлоға жазған хатында Тоқтамыс хан бүлікшілер арасындағы адамдар Идикгей (Едіге) деген адамды Темірге жіберіпті. Бұлардың талабы бойынша ол (Темір) жорыққа шыққан делінген [95, с. 37].

Темір әскері шапшаң қимылмен жылжи түсті. Алайда оның әскерінің жорыққа шыққаны жөніндегі мәліметті Тоқтамыс хан өз ақпарат көздері арқылы білген деп шамалауға болады. Жазба дерек мәліметтеріне сәйкес, ортаазиялық билеушінің шабуылға шыққаны жөніндегі хабарды Едігенің екі нөкері хабарлаған [34, с. 160-161], осылайша сатқын қожайынына бағынған гөрі, Отанына қызмет етуге ықылас танытқан. Темір кенеттен басып кіргені жөніндегі хабар жеткен соң, Тоқтамыс хан «сол мезетте жан-жағына ол хабарды білдіріп, оң және сол қанат әскерді жинады» [34, с. 164]. Бұдан кейінгі оқиғалар Тоқтамыстың әскери көзқарас тұрғысынан аса сәтті жоспарды таңдағанын көрсетеді. Оның барлаушылары мен күзет жасақтары қарсыласының еркінсуіне жол бермеді. Сонымен қатар, сансыз көп от алауларын қалдырып, Темірге ілгеріде көптеген әскер орналасқан секілді көрсетуге тырысты [34, с. 113]. Әрине, мұның барлығы Тоқтамыстың уақытты созу арқылы әскер жинақтау мақсатында жасалды. Сонымен қатар, Тоқтамыс қарсыласының далалық аймақ арқылы өтіп, Темірдің әскери күшін әлсіретуді көздеді. Шайқас далалық аймақтың ең шеткі солтүстік аймағында болды. Шайқастың болған жері Қондырша маңы да ерекше еді, яғни Қондырша өзені алқабы Еділ өзеніне құйылған жеріне дейін Сок өзенімен қосылып, үшбұрышты қалыптастырды. Сондықтан іс жүзінде шегіну мүмкіндігі болмайтын еді [8, с. 412]. Демек, Алтын Орда әскері шегіну қаупін тіптен жоспарламаған.

Шайқас 1391 жылдың, 18 маусымында болды. Шараф ад-Дин Али Йезди мәліметіне сәйкес, Темір Қондырша жерінде әскерді орналастыруға араласып, оны әскери тәртіпке тұрғызуға өзі тікелей кірісті. Ол бұрын-соңды ешкім естіп көрмеген 7 «корпус» (кул) жүйесін іске қосты. Оның құрамына семсерлесуді жете меңгерген жауынгер әрі батыр сарбаздар кірді. Оның тізгінін Сүлейменшах әмірге ұстатты. Бас корпусы таңдап, оны ханзада Мұхаммед Сұлтанға берді, ал оның қапталы мен шептерін арыстандай айбатты ержүректер мен жаудың қатарына қырғидай тиетін тәжірибелі сарбаздармен күшейтілді [104, 291 б.]. Алғашқы кезде басымдық Тоқтамыс жағында болып, оның әскері қос қанаттан жауды қыспаққа алып, жау тылына шығып, Темір әскерінің сапын бұзды. Бірақ қолбасшылардың опасыздығы Тоқтамыс жоспарын өзгертті. Саяси қастандыққа қатысы бар қолбасшылар қос қанаттағы әскери корпусарды басқарған еді, олар жауды қыспаққа алғанына қарамастан, кері шегінді. Ал қалған сенімді қолбасшылары жан-жаққа созылып кетті. Темір әскері автономды әрекет еткен жекеше корпусардан құралды. Темір әскерінің авангарды мен арьергарды жақсы қорғаныс ұйымдастырды, ал оның орталық және қос қанаттағы әскері Тоқтамыс әскерінің орталығына қуатты соққы беріп,

оны талқандады. Алтын Орда әскерінің нақты шығыны жөнінде Мухаммед бен Мухаммед Адрианопольский мәліметіне сәйкес, «жүз мыңға жуық адамдарынан» айырылды деген [64, с. 123]. Шайқас кезінде аса тәжірибелі Темір өз жауынгерлерінің рухын көтеру үшін, ал жау әскерінің рухын түсіру үшін психологиялық әдістерді де қолданды. Тіпті Темір қарсыласының жауынгерлік рухын түсіру үшін ту көтерушісін сатып алғаны жөнінде де мәліметтер бар [80, 116 б.]. Қырғын шайқас нәтижесінде Темір әскері жеңіске жетті. М.Г. Сафарғалиев жазба деректерге сүйене отырып, Темір осы шайқас кезінде 18 қолбасшы түмендерінен айырылды дейді [8, с. 414]. Демек, Темір әскерінің шығыны да айтарлықтай деңгейде болған.

Алтын Орда әскерінің шайқаста жеңіліс табуының негізгі себептері ретінде Тоқтамыс хан өзінің және одақтастарының әскери күштерін толық жинақтап, пайдалануға мүмкіндік бермеген Темірдің кенеттен шабуыл жасау факторы айтарлықтай рөлге ие болғаны анық. Ал Темірдің жеңіске жетуі, ең алдымен, оның әскери тактикасын оңтайлы пайдалануы, яғни шайқастың алғашқы кезеңінде белсенді қорғанысқа көшіп, ал кейіннен қарсыластың орталығына барлық күштерімен қарсы соққы берген еді. Темір өз әскерінің таңдаулы жауынгерлерден құралған арьергардының күшеюіне басты назарын аударды. Сонымен қатар, шайқас кезінде даңқты жаулаушы ретінде танылып үлгерген Темірдің қолбасшылық дарыны мен тәжірибесі жеңіске жету жолында маңызды рөл атқарғанын мойындау қажет.

Алтын Орда әскерін талқандаған соң, Темір әскері кері бұрылып, жан-жаққа бытырап, Жошы ұлысының жергілікті мекендерді тонап, өртеп, халқын тұтқындап алып кетті. Низам ад-Дин Шами мәліметіне сәйкес, «Олардың олжалаған малының саны көптігін соншалық, – деп жазады ол, – жаяу әскерлерінің өзі әрқайсысы 10-20 бас жылқылы, ал жалғыз аттылары 100 жылқылы болып оралады. Темірдің өзі де тәмам мал, мүлікке ие болды, тіптен олардың олжалаған уақ малының санында есеп жоқ еді [104, 269 б.]. Шамасы, Темір жорығының басты мақсаты да Дешті Қыпшақтың адами ресурстарына соққы беру болған секілді. Өйткені Темір жеке өзі 5000 жас қыздар мен жігіттерді тандап алған еді [34, с. 172]. Темір олжасын түгендеп, жеңіс тойын тойлаған соң Кавказға бет бұрып Дербент, Қайтақ жұртын шабады. Миран-шах және Мұхаммед сұлтан мырзаларды шеркестерге қарсы жорыққа аттандырып тонаушылық жорықтарын жасайды [2, 629 б.].

Осылайша, Алтын Орданың Темір империясымен 1385 жылы басталған соғысы 1391 жылы аяқталды. Соғыс үздіксіз толықтай алты жыл жүрді. Бұл Тоқтамыс пен Темір арасындағы соғыстың бірінші кезеңі болып, Қондырша өзені бойындағы ірі шайқастан кейін бірінші кезеңі аяқталды. Бұдан кейін 1395-1396 жылдары болған шайқастар да Дешті Қыпшақ территориясында болған еді.

4.3 Алтын Орда және Темір державасы арасындағы ақтық шайқастар

1391 және 1395 жылдардағы болған Темір мен Тоқтамыс арасындағы шайқастар Еуразия континентінің бұдан кейінгі тарихына үлкен әсері болды. Сондықтан Алтын Орда тарихына қатысты еңбек жазған барлық тарихшылар

осы алапат шайқастар нәтижесіне арнайы тоқталып өткен. Барлық зерттеушілер Темірдің Алтын Ордаға жасаған соққысы оның түбіне жеткен оқиға болған дейді.

Тоқтамыс хан 1391 жылы шайқаста жеңіліске ұшыраған соң, Еділдің орта ағысы маңында, яғни Бұлғар жерінің солтүстік шеткі жағында жасырынған секілді. Біршама тыныштық қайта орнаған соң, өзінің әскерін жинақтап, халқына үндеу арнап көмекке шақырды. Ол жөнінде Ибн-Арабшах мәліметінде сипатталғандай, Тоқтамыс шайқас үрейінен айығып, санасына ақыл-парасат қайта орнықты, сондай-ақ, дұшпан да келген жағына қайта кетіп, тыныштық қайта орнады. Осыдан кейін, Тоқтамыс әскерін қайта жинақтады және халықты көмекке шақырды, халқы да оған көмекке келді [100, с. 340]. Сондай-ақ, Тоқтамыс жігерлі түрде шекаралық аудандарға барып, ол аймақтарда орныққан опасыздарды жазалауға кірісті. 795 х.ж. басында-ақ (17 қараша 1392 ж. - 5 қараша 1393 ж.) оларды жазалап, қайтадан қырсық тигізбеу үшін өлім жазасына кесті. Тоқтамыс Темірдің жорығы кезінде ханды тастап кеткен басты опасыздардың бірі Бек-Болатты өлім жазасына кесті. Нумизматикалық деректерге байланысты, Тоқтамыс, Бек-Болаттың 794 х.ж. (29 қараша 1391 ж.- 16 қараша 1392 ж.) көзін жойған [49, с. 110-113]. Бек-Болаттың Тоқтамыс хан кезінде Қырым ұлысында соқтырған монеталарына қарап отырып, Қырым ұлысы ерекше статусқа ие болып, яғни автономия түрінде болғаны байқалады. Сондықтан Тоқтамыс Бек-Болаттың көзін жойған соң, Қырым ұлысының билігіне өз адамы – Таш-Темірді қойған. Оның Бек-Болаттан ерекшелігі ол монеталарды тек Қырымда ғана соқтырған. Оның соқтырған бізге жеткен монеталары 796-797 х.ж. (6 қараша 1393 ж.-15 қазан 1395 ж.) даталанған. Таш-Темір соқтырған монеталарының кері бетінде Тоқтамыс ханның атын белгілеп, «оның патшалығы ұзағынан сүйіндірсін» деген жазуы, Тоқтамыстың жоғарғы билігін мойындағанын айғақтайды. Тарихнамада Таш-Темір жөнінде мәселе туындамаған. Демек оның Тоқтамыс ханның белсенді жақтастарының бірі болып, Тұқа-Темір әулетіне жатуы тиіс [8, с. 521]. Жазба дерек мәліметтеріне байланысты, Таш-Темір Тоқтамыс ханның басты қолбасшыларының бірі болған және Темірге қарсы соғысқа белсенді қатынасқан [34, с. 168].

1392 жылдың жазына қарай Тоқтамыс хан Алтын Ордадағы өз билігін толықтай қалпына келтірді. Тоқтамыс хан Алтын Орданың халықаралық байланыстарын да қайта қалпына келтіруге тырысқан. Бұрынғы Алтын Орда мен Литва (бұл уақытта Польша-Литва униясы болған еді) арасындағы келісім 1392 жылы қайта бекітілді [95, с. 37]. Сонымен қатар, Османлы сұлтандарымен де біршама келісімдерге қол жеткізілді. 1394 жылдың басында Тоқтамыс елшілері Мысырға барып, біріге отырып, бүлікші-жауыз Темірге қарсы күресуді ұсынды [33, с. 363]. Мысыр сұлтаны ол ұсынысқа қанағаттанарлық жауабы ретінде Алтын Ордаға өз елшілерін аттандырды. Бұл елшілер 1395 жылы Темірдің кенеттен жасаған жорығы кезінде Алтын Орда территориясында болған еді [61, с. 96].

Тоқтамыс хан Темірдің екінші рет қарымта жорық жасау қауіпінің бар екенін жақсы түсінген, сондықтан оған қарсы тойтарыс беруге және Темірге қарсы әскери блок құруға бар күш-жігерін дайындыққа жұмсаған. Сивас

уалатының билеушісі Ахмед Бурханеддин Алтын Орда ханының жақтасы болған, тіпті Тоқтамыс ханға арнап өлең жолдарын арнаған. Алтын Орда, Осман империясы және Мысыр мемлекеті қалай да Темірге қарсы өз әрекеттерін біріктіруге ұмтылыс танытқан. Темірге қарсы одақ құру жөніндегі келісімдер осы державалардың қатысуымен жүргізілді. Ибн Тагрибирди жылнамасында, Темірге қарсы әскери коалицияның құрылғаны жөнінде айтылған. Араб жылнамашысының айтуынша, бұл әскери блокқа Алтын Орда ханы Тоқтамыс, Османлы сұлтаны Баязид, мәмлүк сұлтаны Баркук, сондай-ақ Сивас әмірі Ахмед Бурханеддин, Қарақойлы билеушісі Қара Юсуф, Жалайырлар, Мардин және Түркімен әмірлігінің билеушісі кірді. Бірақ тарихнамада бұған қатысты мәселе әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Сонымен қатар, жазба деректерде ибн Тагрибирди мәліметінен басқа деректерде ортаазиялық билеушіге қарсы одақ құру жөніндегі келісімдер туралы нақты мәліметтер айтылмайды. Кейінгі болған оқиғалар, егер ол одақтың құрылғаны рас болса, онда тек қағаз жүзінде ғана болғанын көрсетеді, ал іс жүзінде біріккен әскери қимылдар жүргізілмеген. Сондықтан зерттеушілердің басым көпшілігі Темірге қарсы одақтың құрылмағаны жөнінде пікірді қуаттайды. Бірақ бұл мәселе бойынша бірнеше жайтты есепке алу қажет етеді. Біріншіден, осы мемлекеттер арасындағы келіссөздер басталған 1394 жылы Темір өз шекарасын аталған елдердің шекарасынан біршама алшақтап кеткен еді. Екіншіден, бұл одақтың құрылуына жол бермеу үшін Темір аталған елдердің билеушілерімен жеке-дара келіссөздер жүргізіп, олардың қырағылығын бәсеңдетуі де мүмкін. Орта Азия билеушісі өзінің шебер саясатының арқасында өз қарсыластарын жеке-дара талқандауға мүмкіндікті жүзеге асырды. Темір стратегиясы аса ерекше болмаса да, нәтижелі болған еді. Үшіншіден, нақ осы одақтың құрылуы кезеңінде оның басты инициаторы болған Тоқтамысқа қарсы Темірдің жорығы (1395 ж.) басталып, Алтын Орда халықаралық саясатта өзінің белсенділігін бәсеңдетті.

Темірге қарсы одақтастар болашақтағы нақты әскери қимылдарын жасау жөніндегі келісімді жасауға толық үлгере алмағандықтан, олар бірігіп әрекет ете алмады. Сондықтан Темірге қарсы одақ жасауға келісім жасалған, бірақ тараптар өз қимылдарын дұрыс бағыттай алмағандықтан, Темір әскеріне қарсы жеке-дара соғысуға тура келді. 1394 жылы Алтын Орданың Кавказ жеріндегі шекарасындағы жағдай ушығып кетті. Темір әскері Дарял қақпасын басып алу мақсатында Грузияға басып кірді [64, с. 129]. Дарял қақпасын басып алу арқылы Темір Алтын Ордаға басып кіруді көздеді. Сондықтан Тоқтамыс хан Темірдің бұл әрекетінің жүзеге асуына жол бермеуге тырысты. Әрине, бұған жету үшін мәселені тек әскери жолмен ғана шешу қажет болды. Басқаша әрекеттер Темірге әсер етпеді. Алтын Орда әскері Дербент арқылы өтіп, жау тылына шығып, Темір әскерінің барлық қарым-қатынастарын үзіп, қоршауда қалу қаупін туғызды. Темір шегінуге мәжбүр болды, ал Алтын Орда әскері өз тапсырмасын орындап, кері қайтты [34, с. 173].

Темір Грузияға Сирия жорығынан кейін басып кірген еді. Осыған байланысты, оның қол астында айтарлықтай әскери күш болған еді. Дегенмен, Тоқтамыс хан қарсы соққы бере отырып, белсенді қорғанысқа көшкен әрекеті

арқылы оның дайындығын біліп, Темір Солтүстік Әзірбайжанда қыстап шығуға аялдады. Сонымен қатар, қосымша әскери контингент жинақтау жөнінде бұйрық берді [153, с. 46-47]. Темір уақытты созу және Тоқтамыстың қырағылығын бәсеңдету үшін, Шереф ад-Дин Йезди айтқандай, Тоқтамысқа бейбіт келісім орнату ұсынысымен елші аттандырды [34, с. 174]. Низам ад-дин Шами мәліметі бойынша, Тоқтамыс хан Темірдің бейбіт келісім орнату жөніндегі ұсынысына тоқтам жасап, оның елшісін сыйлап, кері аттандырды [34, с. 119]. Бірақ ортаазиялық әмірдің «негізгі ақтаушысы» болған Шереф ад-Дин Йезди Тоқтамыс ханның Темірге арнап жазған жауап хатында дәрекі сөздермен жауап қайтарды деп мәлімдейді [34, с. 174]. Бірақ бұл мүмкін емес жағдай, өйткені Тоқтамыс хан жауап ретінде өз елшілігін аттандырған және оны Низам ад-дин Шами мәліметі де растайды. Егер Тоқтамыс хан Шереф ад-Дин Йезди мәлімдегендей, дәрекі жауап қайтарған болса, онда ол аталған елшіні өзімен бірге алып, әскерімен Темірге қарсы бағыт алатын еді және жаңа соғысқа дайын болып оны қалайтын болса, онда тікелей жорыққа аттануы тиіс еді. Алтын Орда елшісі жаудың жорыққа шыққанын байқағандықтан, сол мезетте кері бұрылып, ханға болған жағдайды хабардар етті. Байқағанымыздай, Темір екінші жорығы кезінде де кенеттен шабуылға шығуды жүзеге асырған. Бірақ соған қарамастан, Тоқтамыс асып-саспай авангардтық әскерін Қойсу өзенінің өткелін қорғауға аттандырып, өзі бүкіл әскерін жинақтауға кірісіп кетті [34, с. 119, 175].

Тарихи деректерден байқағанымыздай, Алтын Орда әскері әрбір өткелді қорғап, фортификациялық бекіністерді орнатқан. Темір Алтын Орданың шекаралық әскерін талқандап, Терек өзеніне дейін жеткен уақытта Тоқтамыс өзінің негізгі әскерін жинап үлгерген еді. Бірақ сонда да бүкіл әскер кейінгі оқиғалар көрсеткендей, Кура өзені бойында жиналуға бұйрық алған еді. Тоқтамыс хан әскерімен Сарайдан шығып, Терек өзенінің сол жағасына бекініп, жаудың өзеннен өтуіне мүмкіндік бермеді. Алайда Клавихоның мәліметі бойынша Темір ерекше айлалы әдіс арқылы фортификациялық бөгеттерді талқандап, Терек өзенінен өткен [148, с. 341]. Шамасы, Тоқтамыс Темір әскерінің өзеннен өту кезінде тап беруді ойластырған, бірақ Темір әскері өзеннен өтудің жолын тапқан соң, Тоқтамыс әскер жиналатын орынға қарай кетіп, әскерін тәртіпке келтірді және ескі жауына қарсы шықты. 1395 жылдың 14 сәуірінде екі жақтың әскері бір-біріне қарама-қарсы келді. Әскер құрылымының тактикасы бұрынғы қалпында қалды. Дегенмен, Темір әскерінің арьергардының санын ұлғайтқаны байқалды [64, с. 131]. Темір мен Тоқтамыстың әскери ставкалары әрқайсысының орталығында орналасты. Бір-біріне қарсы келген екі жақтың әскер саны жөнінде нақты мәліметі жоқ. Х.А. Хизриев жалпылама түрде Темір әскерінің саны 300 мың шамасында болды деп шамалайды [153, с. 49]. Темірдің әскерінің жалпы және арьергард корпустары санын ұлғайтқанын, шайқастан кейін толықтай бір жыл уақытқа таяу Алтын Орда территориясында соғыс жүргізгенін ескере отырып Темір әскерінің саны 1391 жылғы шайқастан анағұрлым көп болғаны байқалады, сондықтан әскердің саны 350-400 мың шамасында болды деп шамалауға болады. Клавихо айтып өткендей, Тотамах (Тоқтамыс) саны жағынан орасан

зор әскер иемденген және бұл Тамурбектің (Темірдің) жеңіске жеткен ұлы және тамаша жеңістерінің бірі еді, тіпті бұл Түрікпен (Йылдырым Баязит) шайқаста жеткен жеңісінен де аса (маңызды) жеңістерінің бірі деп айтқан еді [148, с. 341].

Шайқас қарсаңындағы түнде қарсыластардың әскери лагерлерінде біршама оқиғалар орын алды. Темір түнгі шабуылдардан қауіптеніп, сақтық шараларын жасады. Оның бұйрығы бойынша лагердің айналасына ор қазып, оны қадаларға қалқандар салып қорғанысты нығайтты. Бұл әрекеттер де бекерден-бекер жасалған жоқ. Түнгі уақытта Тоқтамыс Темірдің тұрағында дүрбелең салу үшін қарсы жалған шабуылдар ұйымдастырды [149, с. 165]. Сонымен тарихи деректер бойынша, екі жақтың әскері арасындағы шайқас басталып, ол үш күнге созылған. Алғашқы екі күнде бастымдық Тоқтамыс хан жағында болып, қарсыласын қоршауға алып, тықсырды. 1395 жылы 15 сәуірде таңертең екі жақтың әскері қимылға көшіп шешуші шайқасқа шығу үшін жауынгерлік туларын көтере бастады. Темір мен Тоқтамыс әскерлері бұл жолы да жеті «корпусқа» бөлініп, 1391 жылғы шайқастағы әскери тәртіп бойынша орналасты. Темір әскерін сапқа тұрғызып үлгермей жатып-ақ, әскерінің сол қанатынан хабаршы келіп Тоқтамыстың Күнжек-оғлан, Актау, Давуд-Суфи және Удурка басқарған оң қанат әскері Темірдің сол қанат әскерінің авангардына шабуыл жасағанын хабарлады. Шайқас басталды. Кешікпей Тоқтамыс әскері айлалы әдіс арқылы кейін шегініп, қаша жөнелді. Темір олардың соңынан резервтегі әрбір «корпустан» 50 жауынгерден қуғынға жібергенімен, бұл оның тактикалық қателігі болды. Қашқынға түскен Алтын Орда әскері өз әскерлерінің орталығына жақындаған кезде күтпеген жерден қуғындаушыларға күшті соққы беріп, олардың соңынан Темірдің әскери ставкасына басып кіріп, тіпті оның өзін қолға түсіруге сәл-ақ қалды. Бірақ дер кезінде Темірдің қолбасшылары да келіп жетіп, оны осы қауіпті жағдайдан аман алып қалды. Темірдің жанында алғаш болып әмір Шейх-Нұр-ад-Дин Бахадур өмірін қатерге тіге отырып, билеушісінің жанына барды. Оның артынан Алладад келіп жетеді және Кошунда оған жетуге асықты; Осы сәтте үлкен «корпус» және Темірдің орталық әскерлері дабыл ұрып, келіп жетеді. Басқа қолбасшылар – Мұхаммед Азат, оның бауыры Әлишах және Тукел-бауыршы жаудың бір-бір арбасын қолға түсіріп, оларды Темірдің алдына қалқан орнына байлап қойды. Бефадар қосынымен Алладад да көмекке келіп, Шейх Нұр ад-Динге келіп қосылды. Бұл қалқанмен тосқауыл ретінде қойылған арбаларға Темір жасырынып тұрғанда басқа да әскери жасақтар келіп жетіп, қиян-кескі шайқас басталды [104, 271, 300-301 б.].

Ибн Арабшахтың мәліметі бойынша, үшінші күнгі шайқас алдында Тоқтамысты оң қанат әскердің қолбасшысы тастап кетті [34, с. 465-466]. Сол қанат әскер екі күн үздіксіз негізгі соққыны бере отырып, тым әлсіреп кетті. Егер Темір әскері оның айналасына шоғырланып, сақиналы түрде қорғанысқа көше отырып өз жағдайларын нығайтуға тырысса, Тоқтамыстың әрекеті тіптен басқаша сипатқа ие болды. Ол бастапқы кезден бастап-ақ, инициативаны өз қолына алып, үздіксіз түрде дүркін-дүркін Темірдің шоғырланған әскеріне қарсы соққы берді. Оның атты әскерінің шапшаң шабуылдары жаудың есін

жиғызбастан дүркін-дүркін соққы берді. Темірдің әскері жаудың алғашқы соққысын әзер тоқтатты. Сондықтан Тоқтамыс оң қанат әскердің кейбір түмендерін сол қанатқа жіберді. Олардың қатарында алтынордалық қолбасшы Әлібек Яғлы-бай, кері шегінбеу үшін өз атының аяғына шынжыр керуді бұйырды [34, с. 207]. Осылайша, Әлібек кері шегінбей шайқаста қаза болды. Шайқастың үшінші күнінің соңына қарай Алтын Орда әскері талқандалып, жан-жаққа бытырап кетті.

Шамасы, үшінші күні шайқас алдында бүлікшілер Тоқтамыс әскерін тастап кеткен соң, жеңіліске ұшыраудан қашып құтыла алмайтындығын түсінгендіктен шегіну жоспарын қабылдаған. Алтын Орда қолбасшылардың кері шегінуі, ол жоспардың жүзеге асқандығын көрсетеді. Өйткені не үшін қолбасшы Удурку талқандалуға тәуекел етіп, Темір әскерін басып озып, оның тылына Кавказ тауларына қарай шегінген. Шамасы, бұл қарсыласты кідірту амалы еді, осылайша Тоқтамысқа елге қарай кетіп үлгеруге мүмкіндік бере отырып, ол жерден әскер жинап, Кавказда екінші әскерді құруды көздеген. Темір алғашқы кезде Тоқтамыстың соңына түспекші болды, бірақ оның тылында қайтадан Алтын Орда әскерінің жасақталып жатқанын білген соң, Орталық Кавказға ат басын бұрып, Удурку әскерін талқандаған соң, қолбасшының өзін темір торға қамап Самарқантқа жіберді, ол сол жерде қаза болды. Өзінің тылының беріктігін қамтамасыз еткен соң, Темір жүйелі түрде Алтын Орданың қалалары мен қалалық орталықтарын талқандауға кірісіп кетті.

Түрік жиһанкезі Эвлия Челеби XVII ғ. бұрынғы Алтын Орда территориясын толықтай аралап шығып, Темірдің талқандаған көптеген қалаларын көрген. Ол өз жазбасында былайша атап өткен: «Бұл аймақты Темірхан қираған үйінділерге айналдырды, ал халқын отқа өртеген. Темір «бұл айбынды қаланы тонап, талқандаған, ал тұрғындарын кесекше турап тастаған». Ал Сарай қаласындағы қираған үйінді орны XVII ғасырдың өзінде-ақ, «екі күндік қашықтықтан байқалады», – деп қынжыла отырып баяндады. Эвлия Челебидің айтқандары көптеген археологиялық мәліметтермен де расталады [64, с. 134]. Э.С. Кульпин айтқандай, Темір Алтын Орданың саяси, экономикалық және мәдени орталығына өте үлкен соққы жасаған еді [152, с. 109].

Сонымен қатар, Маджар, Азак, Қажы-Тархан, Сарай әл-Джедид және басқа да қалалар талқандалған. Эвлия Челеби, шамасы алтынордалық бір деректерге сүйене отырып, тіпті нақты санын да көрсетеді: «...бүкіл Дешті Қыпшақ жерінде 170 қала болған. Бұл қалалардың барлығын құдіретті Темір талқандаған» [154, с. 143]. Археологтар бұл алапат оқиғаны 1395 жылмен байланыстырады, өйткені мұнда табылған соңғы соғылған монеталар 797 х.ж. (27 қазан 1394 ж. -15 қазан 1395 ж.) уақытымен даталанған. Жылға жуық уақыт бойына Темір әскері Алтын Орда қалаларын талқандаған, ал халқын қырып жойды. Алтын Орда халқының қарсылығын басып-жаншыды, бірақ толық тоқтата алмады. Олардың әрекеттері халықтың қарсыласын туғызып, мұндай қатыгез жауға қарсы партизандық соғысын жалғастырды. Темірлік тарихшылардың да мәліметтері бойынша, Темірдің әскері әлсіреп, жауынгерлік рухы бәсеңдеген [34, с. 185]. Сондықтан Темір 1396 жылдың көктемінде кері

кайтуға бұйрық беріп, өздерімен бірге тоналған соғыс олжалары мен тұтқындарды алып Кавказ арқылы Иранға кетті. Темірдің 1395 жылдың басы мен 1396 жылы Алтын Ордаға жасаған қуатты соққылары мен мемлекеттің экономикалық орталықтарын талқандауы кезінде Еуразия даласында аса қуатты болған мемлекеттің ыдырауының алғышарты болды. Осыдан кейінгі Ұлы жібек жолының негізгі трассасы Жошы ұлысы территориясынан оңтүстікке қарай Темір империясының территориясына ауысып, Орта Азия және Иран жері арқылы өтуі Алтын Орда қалаларындағы сауда және жалпы экономикалық өмірінің құлдырауына алып келді.

1395 жылы Темірдің жасаған жойқын жорықтары мен қуатты соққыларынан кейін, Алтын Орда мемлекеті бұдан бір жарым ғасырға жуық бұрынғыдай күш-қуатынан айырылған еді, дегенмен бұдан кейін де Алтын Орда бағындырылған халықтарына үстемдік жүргізді, бірақ державаның күйреу үдерісі басталған соң, біртіндеп оның басқа мемлекеттермен саяси-дипломатиялық байланыстарын үзген еді [61, с. 97]. 1395 жылы Алтын Орда әскері жеңіліс тапқан шайқастан кейін, Тоқтамыс хан Шереф ад-дин Али Йезди мәліметіне сәйкес, Бұлғардың орманды алқаптарына қарай қашып кетті дейді [101, с. 335]. М.Г. Сафаргалиевтің пікірі де Тоқтамыс Бұлғар уәлаятында жасырынған дегенге саяды [8, с. 422-423]. Темір, жоғарыда айтқандай, Тоқтамыстың соңына түсуді ойластырған, бірақ оның тылында Кавказдың таулы аудандарында алтынордалық қолбасшы Удурку жасырынған еді, сондықтан Темір бұл әскери қолды талқандауды жөн санаған. Темір әскері 1396 жылдың көктеміне дейін Алтын Орда қалаларын талқандаумен айналысты. Зерттеуші М.Г. Сафаргалиевтің пікірінше, Темірдің екінші жорығының мақсаты Алтын Орданы өзіне бағындыруды көздеген. Мұндай пікірді Темірлік тарихшылардың мәліметтері де растайды, яғни Темір Тоқтамысты жеңген соң, бұл аймақтар мен жерлерді иемдену, бұл аймақтың барлық халқы мен тайпаларын бағындыру және бағынбағандардың көзін жою болды [101, с. 336]. Сондықтан Алтын Орданың бірқатар қалаларында өзінің билеуші өкілдерін қойды, бірақ жергілікті халық оны мойындаудан бас тартты және сол үшін олар жазалауға ұшырады [101, с. 335]. Темір Алтын Орданы тікелей басқарудың мүмкін еместігін түсініп, қуыршақ хан тағайындауды шешті. Оған Темірге біршама уақыт бойы қызмет етіп келген, Орыс-ханның ұлы Құйыршық-оғланды тағайындады. Оған өзбек жасақтары мен ханға қажетті керек-жарақтарын беріп, Темір Жошы ұлысындағы хандық билікті табыстады [34, с. 178].

Бірақ жеңіске жетіп, үлкен соғыс олжасын иемденгеніне қарамастан, 1395-1396 жылдары қыс айларында басталған аштық Темір әскеріне әсер етіп, олардың жауынгерлік рухы түсіп әлсірей бастады [34, с. 185]. Жергілікті халықтың басқыншыларға қарсылылығы да толастамады. Сондай-ақ, солтүстіктің суығына үйренбеген ортаазиялық әскерлер партизандық соғыстарға қарсы тұруларына да тура келді. Темір халықтың Тоқтамыс ханды қолдайтынын жақсы түсінді. Шамасы, Тоқтамыс хан және оның жақтастары қалыптасқан жағдайға байланысты партизандық соғысты жалғастыруды қажет деп тапқан секілді.

Темір өз әскерін Дешті Қыпшақтан алып кететін болса, онда оның бұл аймақтағы билігінен де айырылатынын жақсы түсінді. Сондықтан ол мемлекетті мейлінше тонап, талқандауға тырысқан секілді. Қалаларды тонап, талқандау қысқа дейін жалғасын тапқан [101, с. 335-336]. 1396 жылы көктем келген соң, Темір әскерін Кавказ арқылы Иранға кетті. Шамасы, Темір Алтын Орданың қалаларын түбегейлі түрде талқандап, сан мыңдаған халқын қырып-жойған соң, мемлекет бұл дағдарыстан айығып, оған қарсы кек алмайды деп шешкен секілді. Темір Алтын Орданың адами ресурстарын да қиратуға көп күш жұмсаған. Оның бұйрығымен сан мыңдаған бейбіт халықты құртып, көптеген бөліктерін құлдыққа айдап алып кетті. Қалаларды тонап-талқандаудан кейін 1395 жылдың соңында-ақ аштық басталды. Бас амандығы үшін қарапайым халықтың көптеген бөлігі елді тастап кетті. Оқиғалармен замандас Ибн Арабшах мәліметіне сәйкес, халықтың көптеген бөлігі ортаазиялық әміршінің тұтқынына түсіп, соның ықпалында Темірдің орталығына күшпен алып кеткен. Келесі бөлігі, яғни Темірге бағынбаған топтары румдықтар мен орыстарға қарай босып кеткен. Ал қалған бөлігі азып-тозып, қиыншылықты басынан өткізіп өз жерлерінде қалды деген еді [100, с. 341]. Шамасы, Темір халық арасынан қолөнершілерді, шеберлерді және арнайы мамандарды күшпен өзімен бірге алып кеткен. Сондай-ақ, Темір жорық барысында Жошы ұлысы территориясы арқылы өтетін халықаралық сауда жолының маңыздылығын жою арқылы Алтын Орда мемлекетін экономикалық жағынан құлдыратуға ұмтылыс жасағаны да байқалады. Ол жөнінде А.Ю. Якубовскийдің пікірінше, Еділ бойындағы маңызы бар қала орталықтарын, Шығыс Еуропаны Орталық Азия және Қытаймен Алтын Орда арқылы өтетін сауда керуен жолында маңызды рөл атқарған Хорезм орталығы Үргеніш сияқты шығыстың ең ірі қалаларын қирату фактісі Темірдің шынайы әрекетінің көрінісін береді. Темір Еуропа мен Қытайды Қырым, Төменгі Еділ және Хорезм арқылы байланыстырып жатқан керуен сауда жолын мейлінше талқандауға ұмтылыс жасады. Тоқтамыстың жеңіліске ұшырауынан кейін бұл бай қуатты аймақтың экономикалық жағдайы құлдырауға ұшырады дейді [4, с. 376]. Сондай-ақ, XV ғ. Оңтүстік-Шығыс Еуропаны аралаған венециялық саудагер және дипломат Иосафат Барбароның мәліметі бойынша, Темірдің Астрахан жерін талқандауына дейін жібек және көптеген тауарлар осы қала арқылы өткен. Бұл жерден тауарлар Азовқа (Тана) барып, одан ары қарай галера арқылы теңізбен Италияға жеткізілген. И. Барбароның мәліметіне сәйкес, XV ғ. 30-40-шы жылдарында бұл жердегі сауда жолы тоқтатылып, Еуропадан Қиыр Шығысқа шығатын сауда жолы Сирия арқылы өтетін болды дейді [4, с. 377].

Темір Мәуераннахрға қайтқан соң, Алтын Орда территориясында билік үшін таласқа түскен үш саяси топ құрылды. 1396 жылдан кейін құрылған топтарды – Тоқтамыс, Құйыршық-оғлан және Темір-Құтлұқ басқарды. Соңғысын әмір Едігенің қолдағаны белгілі. Мемлекет аса күйзеліс жағдайында болды. Тоқтамыстың билігі Алтын Ордада номинальді түрде 1398 жылға дейін сақталған. Бірақ оның 1396 жылғы саяси қызметі жөнінде мәліметтер тарихи деректерде кездеспейді.

1395 жылғы ірі жеңіліске ұшыраған Тоқтамыс өзіне сенімді шағын ғана жасақтарымен бірге жасырынған. Шереф-ад-дин Али Иезди мәліметіне сәйкес, Тоқтамыс хан өз хандығын, мекенін, барлығын тастап, өзінің өмірін сақтап қалу үшін Булар (Польша - автор) жағына қарай кетті дейді [34, с. 178]. Осыған байланысты жеңіліске ұшырағанына қарамастан, Тоқтамыс қайта күш жинап, өзінің билігін қайта орнықтыруға тырысқан секілді. Ал XIV ғ. соңы мен XV ғ. бірінші жартысындағы араб-мысыр деректерінде Тоқтамыстың 1396 жылы Қырымға қарсы жасаған жорықтары сипатталған. Әл-Аскалани мәліметіне сәйкес, 799 х.ж. (5 қазан 1396 ж. - 23 қыркүйек 1397 ж.) Тоқтамыс пен генуялық франктер арасындағы үлкен шайқас жөнінде айтып өткен [33, с. 454]. Келесі автор Ибн әл-Форат Қырымдағы болған оқиғаның уақытын нақтылайды. Оның мәліметіне сәйкес, Тоқтамыс Кафаны 17 наурыз 1396 ж. қоршауға алды дейді [33, с. 364]. Бұл жөнінде А.Ю. Якубовскийдің пікірінше, сол кезеңде Кафа генуялықтарға тиесілі болғанын, Темірдің Алтын Ордаға жасаған жорығынан кейін саяси күйзеліс пен мемлекеттің басшысыз қалуына байланысты олар билікті иеленген болуы мүмкін дейді [4, с. 377].

Темір қайтып кеткен соң, Тоқтамыс хан әмір Едігенің көмегі арқылы өзін хан жариялаған Темір-Құтлұқпен күресуіне тура келді. Бірақ одан жеңіліске ұшыраған соң, литвалық ханзада Витовттан саяси баспана сұрауға мәжбүр болды. Витовт Тоқтамысты жылы қарсы алып, оны өзінің державалық саясатына байланысты өз мақсатына қолдануды көздеген секілді. Темір-Құтлұқ өзіне қарсы әрекет жасауды ойластырған Витовттан Тоқтамысты беруін талап етті. Бірақ Витовт одан бас тартып, тікелей соғысқа шығамын деп қоқан-лоқы жасады. Осыдан кейін Витовт әскер жасақтап, Темір-Құтлұққа қарсы жорыққа аттанды. Витовт әскерінің құрамына литвалық әскери күштер және Тоқтамыстың жасақтары болды. Тіпті Б. Шпулердің мәліметі бойынша, неміс орденінен толықтай дивизион көмегін алды. Бірақ оқиға барысы көрсеткендей, Темір-Құтлұқ пен Едіге басқарған әскер 1399 жылы 12 тамызда Ворсклы өзенінің бойында Витовт әскерін толық талқандады [4, с. 381-383; 46, с. 286-287].

Алтын Орда ханы болу мүмкіндігінен айырылған, Тоқтамыс өмірінің соңғы күндерін Дешті Қыпшақтың шалғай түкпірінде өткізді. Бүркеншік Ескендір мәліметіне сәйкес, Тоқтамыс 800 х.ж. (= 24 қыркүйек 1397-12 қыркүйек 1398) Түмен шебінде табиғи ажалынан қаза болды дейді [4, с. 377]. Бірақ Шереф-ад-дин Али Иезди мәліметіне сәйкес, Тоқтамыс Темірдің өлімінің соңғы күндерінде яғни, реджеб айы 807 х.ж. (= қаңтар-1405) оған өзінің елшісін жібергені жөнінде айтылған. Тоқтамыстың елшісі арқылы Темірден кешірім сұрағаны жөніндегі хат жіберген. Соңында Темір оның күнәсін кешіріп, жорықтан оралған соң, Жошы ұлысын қайта бағындырып, Тоқтамыс билігіне беремін деп уәде берген [34, с. 189]. Осы мәліметке сәйкес, жоғарыда айтылған Бүркенші Ескендір мәліметінің хронологиялық жағынан қате екендігі айқындалады. Ал араб авторы Ибн-Арабшах мәліметіне сәйкес, Едіге оны ұстауға бар күшін жұмсап, онымен он бес рет шайқасқан, ал он алтыншы рет болған шайқаста Тоқтамыс ажал құшқан [33, с. 470-471]. Бұл шамамен 1405-

1406 жылдары болған оқиға секілді. Осылайша, билік үшін күрескен Тоқтамыс пен Темір тағдыры бір кезеңде аяқталды.

Тоқтамыс хан өз мақсатына жету жолында ешнәрседен қаймықпайтын, аса жауынгерлік рухта тайсалмайтын билеуші болды. Алайда бітіспейтін қажырлы күресте өзінің бірқатар кемшіліктері нәтижесінде өзіне Темір секілді қуатты билеушінің дұшпандық ашу-ызасына тап болды. Осылайша, Алтын Орданы қайта қалпына келтірген билеуші өзінің қателіктері үшін оның күйреуіне алып келді. Осыдан кейін, уақыт өткен сайын әлсіреген Алтын Орда мемлекетінің хандары халықаралық деңгейде үлкен саясатқа араласқан жоқ.

Сонымен, Тоқтамыс Алтын Орданың мүддесі үшін Темірдің территориялық экспансиялық саясатын жүзеге асырмау мақсатында ғасырлар бойы талас-тартысқа толы Әзірбайжан жері үшін (1385 және 1387), Хорезм мен Бұхарадан төменгі Сырдария аймақтары үшін (1388) ашық күреске шықты. Сондай-ақ, осы кезден бастап оның сыртқы саясаты да осы аймақтарға бағытталды. Тоқтамыс пен Темір арасындағы алғашқы әскери қақтығыстар 1386 жылдан 1391 жылдың жазына дейін жалғасып, Тоқтамыстың Қондырша өзені бойындағы ірі жеңілісінен кейін ғана бірінші кезеңі аяқталды. Тоқтамыстың Темір агрессиясына қарсы күресінің екінші кезеңі – 1395-1396 жылдары жүргізілген ақтық шайқастарымен аяқталды. Темірдің жорықтары кезінде Алтын Орданы жүйелі түрде қиратып, оның саяси-экономикалық күш-қуаттылығын әлсіретіп, екінші деңгейлі мемлекетке айналдыруды көздегені байқалады. Осыған байланысты, Темірдің Дешті Қыпшақ территориясына жасаған жойқын жорықтары үлкен алапат алып келіп, мемлекеттің табиғи даму үдерісін үзіліске ұшыратты. Сондай-ақ, Еуразия даласына үлкен өзгерістер алып келе отырып, қуатты Алтын Орда мемлекетінің халықаралық аренада күш-қуатынан айырылып, ыдырауының алғышартын жасаған еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеу еңбегі XIII-XIV ғғ. әлемдік саяси үдерістер контекстінде Алтын Орда әскери-саяси державасының сыртқы саясаты мен халықаралық байланыстарын кешенді түрде зерттеу мақсатында жүргізілді. Тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық зерттеушілердің тұжырымдамалық ой-пікірлерін жүйелей отырып, тарихи деректерді талдау арқылы зерттеу жұмысында төмендегідей қорытындыға қол жеткіздік.

Алтын Орда әскери-саяси державасының сыртқы саясаты мен халықаралық байланыстарының тарихы моңғолдардың XIII ғасырда өз территориясынан тыс, сырт аймақтарға жасаған жойқын жорықтарының нәтижесінде иемденген ұлан-ғайыр территорияларды ұлыстық жүйеге бөлінуінің негізінде Жошы ұлысының құрылуы кезеңінен басталады. Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошы өз енші иелігін алғашқылардың бірі болып иемденді. 1224 жылы Хорезм жорығынан кейінгі жаңадан ғана бағындырылған Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігі, Хорезм жері Жошы ұлысының құрамында бөлініске түсіп, ұлыстың қара шаңырағы тарихи деректер бойынша алғаш Ертіс бойында көтерілді. Жошы ұлысы фронт жағдайындағы Моңғол империясының батыс аймағын реттеу мақсатында әскери мемлекеттік жүйе ретінде құрылды. Яғни, Шыңғыс ханның әскери-стратегиялық жоспары бойынша моңғолдардың батысқа қарай келешекте ішкерілей жасайтын масштабты жорығы үшін осы аймақты мекендеген түрік халықтарының материалдық және адам ресурстары есебінен әскери плацдарм ретінде маңызды стратегиялық аймақ болып есептелді. Сондықтан Жошы ұлысының сыртқы саясаты да бастапқы кезеңде орталық Қарақорым билігінің шешімімен жүзеге асырылды.

Шыңғыс хан осы аймақты басқаруға өзінің билеуші өкілі (даруга) ретінде тұңғышы ұлы Жошыны тағайындады. Осыған орай, Жошы – Қыпшақ даласындағы алғашқы, бірақ әлі де тәуелсіз емес моңғол билеушісі болды. Жошыға жүктелген басты міндеттердің бірі – моңғол билігіне бағындырылмаған батысқа қарай жатқан жерлерге жорық жасауға тапсырма берілген еді. Бірақ Жошы әкесінен бұрын ерте қайтыс болуына байланысты, әке аманатын оның ұлы Батудың атқаруына тура келді. Дегенмен, Шыңғыс хан және одан кейінгі Өгөдэй қаған кезінде Жошы ұрпақтарының батысқа қарай жатқан бағындырылмаған аймақтар есебінен өз ұлыстарын кеңейтуге мүмкіндік берген жомарт шапағаты аса күрделі мәселе болды. Өйткені батысқа қарай ұлысты кеңейтуге әлі де болса жаңа масштабты жорық жасауды қажет етті, өйткені Еділ бойы, Қыпшақ даласының қалған бөлігі, Русь пен Еуропаны бағындыруға тек Жошы ұлысының ғана әскери күші жеткіліксіз болды. Басқа моңғол ұлыстар есебінен жалпы империялық жорыққа әскер аттандыруды тек моңғол ақсүйектерінің құрылтайында ғана шеше алатын еді. Осылайша, көптен күткен құрылтай 1235 жылы ұйымдастырылып, оның қорытындысы бойынша жалпы моңғол ұлыстар есебінен әскер жинақтап, Батудың қолбасшылығымен батысқа қарай жорыққа аттандыруға шешім қабылданды.

Батудың қолбасшылығымен батысқа қарай аттанған моңғол әскерлері орасан зор күш-қуаттылығын көрсете отырып, жеті жылдық жорық барысында

(1236-1242) орасан зор аймақтарды бағындыра отырып, Еуразия континентінің саяси картасына үлкен өзгерістер енгізді. Батыс жорығының нәтижесінде Жошы ұлысы батысқа қарай кең қанат жайып, империя құрамындағы мемлекеттік құрылым (ұлыс) болғанымен, іс жүзінде өзінің сыртқы саясатын тәуелсіз түрде жүргізу мүмкіндігін иемденген Ертістен – Днепр, Батыс Сібірден Жетісу, Сырдарияға дейінгі кең өлкені алып жатқан империя ішіндегі кіші державалық деңгейге жетті.

Еуразия континентінің ауқымды территориясында құрылған Алтын Орда көптеген тайпалар мен халықтардың басын біріктірген күрделі саяси-этникалық мемлекеттік құрылым болды, оның ішкі өмірінде тайпалар немесе халықтар арасында өзара саяси-этникалық, экономикалық-әлеуметтік және мәдени байланыстарының қарқынды үдерісі жүріп жатты. Сонымен қатар, бұл аймақтағы моңғол шапқыншылығының зардаптарына қарамастан, держава территориясы арқылы өтетін Батыс пен Шығысты байланыстырған халықаралық сауда жолдары өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Сондықтан Алтын Орда билеушілерінің саясатындағы белсенді әрекеттері ретінде экономикалық жағынан табысы мол сауда бағыттарына бақылау орнату, бағындырылған аймақтарда моңғол билігін нығайту, вассалдық аймақтарға деген моңғол үстемдігін нығайту мен оны экономикалық жағынан тиімді пайдалану болған еді. Осы мақсаттарға жету жолында және мемлекеттің шекаралық аймақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Жошы ұрпақтарына әлемдік саясат контекстінде көп векторлы саясат ұстануларына тура келді.

Батыс жорығының соңына қарай, Өгөдэй қағанның қайтыс болуынан кейін тақ мәселесі төңірегінде саяси мәселелер күрделене түсті, өйткені осы кезеңде Шыңғыс хан ұрпақтары арасында екі тарапқа бөлініп, өзара қарама-қарсылықтары да байқала бастаған еді. Осы мәселелерге байланысты Батыс жорығы аяқталған соң, Алтын Орда билеушісі Батудың саясаты да шығыстағы болып жатқан саяси оқиғаларға бағытталды. Осыған орай, Бату өзінің өмірінің соңғы 13 жылында сыртқы саясатында жаңа жорықтар жасау мәселесіне тым ұстамдылықпен қарады. Бұл мәселеде ешқандай белсенді әрекет жасаған жоқ. Шамасы, Бату өз иелігінің ішкі саясатын нығайтуға күш салумен қатар, империя ішіндегі қалыптасқан күрделі саяси жағдайларды реттеуге тырысқан секілді. Соның нәтижесінде ұлы қаған тағында төрт жыл ғана отырған Өгөдэй ұлы Гуюктің қаза болуынан кейін империядағы тақ мұрагерлігі мәселесіне тікелей араласа отырып, Төле ұлы Мөңкені ұлы қаған тағына отырғызып, Бату Моңғол империясындағы хан әкесі ретінде ұлы қаған Мөңкемен тең билеуші (соправитель) болды. Сонымен қатар, Жошы-Төле ұрпақтарының іс жүзінде жеңіске жетуінің арқасында империя ішіндегі азаматтық соғыстың алдын алған еді. Бірақ Қытай жорығында жүрген Мөңке қағанның 1259 жылы қайтыс болуынан кейін Моңғол империясы ішінде кезекті талас-тартыстар қайта басталды. Бұл кезеңде Алтын Орда билігінде алғашқы мұсылман дінін қабылдаған моңғол билеушісі Берке хан отырған еді. Беркенің саясаты да шығыстағы болып жатқан саяси оқиғаларға бағытталды. Моңғол империясының ұлы қаған тағы үшін тартыс бұл жолы Төле ұрпақтары арасында орын алып, оның ұлдары Арық-Бұға мен Құбылай арасында өрістеді. Осы

кезеңде із жүзінде өз тәуелсіздіктеріне біршама қол жеткізген моңғол ұлыстарының екі кандидатура арасындағы талас-тартысқа араласуының маңыздылығы зор болған еді. Қытайдағы моңғол ақсүйектері мен моңғол әскерлері Құбылайды ұлы қаған деп сайласа, Қаракорымда Арық-Бұғаға да жақтастары адалдыққа ант берді. Осылайша, империяда екі қаған, екі орталық, бірінен-бірі өзгеше екі билік жүйесі пайда болды. Бұл күресте Берке хан бастаған Жошы ұрпақтарының негізгі бөлігі Арық-Бұғаның ұлы қаған тағына отыруын заңды екенін мойындаса, Алтын Ордаға бұл кезеңде дұшпандық қатынаста болған Иран жерінде моңғол билігінің негізін қалаған Хулагу бастаған топ Құбылайдың билігін мойындады. Батыс зерттеушілері Шыңғыс хан ұрпақтары арасындағы бұл кезеңдегі талас-тартысты екі жүйенің арасындағы: көшпенділік пен отырықшылықтың арасындағы күрес дейді, яғни Арық-Бұға мен Беркені көшпенділік байланыстырса, Құбылай мен Хулагу арасын отырықшылық пен қала мәдениеті байланыстырды дейді. Моңғол империясының ұлы қаған тағы үшін Арық-Бұғамен күресте жеңіске жеткен Құбылайдың империя орталығын Қытай жеріне көшіруіне байланысты Алтын Орда орталық биліктен тым шалғайда жатқан еді, сондықтан Сарай-Пекин қарым-қатынастары державаның тарихында маңызды орын алғанымен тарихи оқиғалар көрсеткендей аса үлкен ықпалы бола алмады. Моңғол әлеміндегі болған саяси шиеленістер бұдан кейінгі кезеңде толастамады, нәтижесінде Жошы ұлысында Мөңке-Темір билігі кезеңінде біртұтас Моңғол империясы толықтай ыдырап, Алтын Орда ресми түрде өз тәуелсіздігіне қол жеткізді. Моңғол әлеміндегі кейінгі болған оқиғалардың барлығында Жошы ұрпақтары белсенділікпен араласып, өздерінің шығыстағы саяси бағыттарының біріне айналды.

Бату қазасынан кейін Алтын Орданың сыртқы саясатын жандандырған Берке хан билікке келген уақытқа дейін-ақ, Таяу және Орта Шығыстың мұсылман мемлекеттерімен достық қарым-қатынастарға түскен алғашқы моңғол ханзадасы ретінде танылып үлгерген еді. Ал Алтын Орданың оңтүстігінде саяси және экономикалық мүддесі жағынан бәсекелес Иран және Ирак жерінде Төле ұлы Хулагудың моңғол билігінің негізін қалаған соң басталған талас-тартыстар Беркенің бұл бағыттағы саясатын да белсенділікпен жүргізуіне ықпал етуші факторға айналды. Сондай-ақ, Алтын Орданың сыртқы саясатының батыс бағытында Еуропа мемлекеттерімен саяси қарым-қатынастар да Беркенің саяси назарында болған еді. Беркенің мұндай саяси қадам жасауына Шығыс және Орталық Еуропаға Рим Папасының саяси ықпалы, оның бұл аймақтағы вассалдарының моңғол сюзерендігіне қарсы шығуға итермелеуі әсер етті. Өйткені Рим Папасының уәдесіне сүйенген Оңтүстік Русьтегі ықпалды князь Даниил Галицкий моңғол сюзерендігіне қарсы шықты. Осыған байланысты Русьтің бұл аймақтарында Алтын Орда билігінің әлсірегенін түсінген Берке хан 1258 жылы Оңтүстік Русьтегі даругач Куремсаның орнын тәжірибелі қолбасшы Бурундаймен (Боролдаймен) алмастыруға шешім қабылдады. Бурундай Литва және Русь жеріндегі князьдердің талас-тартысын тоқтату мақсатында ең алғашқы жорықты біршама күшейіп келе жатқан Литва жеріне жасауға шешім қабылдады. Көптеген әскермен (кейбір деректер

бойынша 60 мың жауынгер) Бурундай Галицкіге келіп, Папаның қолынан король титулын иемденген Даниилді өзіне шақырды. Даниил Алтын Ордамен әскери қақтығысқа түсуден қауіптеніп, оған өзінің бауыры Василько мен үлкен ұлы Левті жіберді. Алайда Даниил және оның қарамағындағылар күткендегідей, қоқан-лоқы көрсету арқылы Оңтүстік Русь князьдерін жазалауға емес, Литва және Польшаға жорыққа шығуға олардың атсалысуға шақырған еді. Мұндай жағдайды күтпеген Галицкілік князь оған дайын емес еді, егер Даниилге қарсы соғыс ашқанда ол амал жоқ қарсы тұрар еді. Бірақ қантөгіссіз мәселені шешудің жолын түскендіктен, Даниил інісі Василько мен ұлы Левті литвалықтар мен поляктарға қарсы шыққан Бурундай әскерімен жорыққа аттандыру туралы шешім қабылдады. Бурундай үлкен әскери күшпен Литва, Польшаның біршама аймақтарына шабуылдар жасап, бұл аймақтарды талқандауға алып келді. Ол жөнінде сол кезеңдегі венгриялық, польшалық және орыс жылнамаларында сипатталған.

Бұдан кейінгі Еуропаға ірі жорықтарды XIII ғ. 80-ші жылдарында Ноғай мен Төле-Бұға ұйымдастырып, еуропалық тарихи жазбаларда бұл моңғолдардың «Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропаға екінші жорығы» ретінде сипатталды. Бірақ Алтын Орда әскерінің католиктік Еуропаның шығыс аудандарына (Венгрия, Польша) жасалған сәтсіз (Төле-Бұға мен Ноғайдың) жорықтарынан кейін де, бұл аймақтарға оқтын-оқтын жортуылдар ұйымдастырылғаны болмаса, масштабты жорықтар болған жоқ. Бірақ Шығыс және Орталық Еуропаның мемлекеттері Венгрия, Польша, Литва және Русьтің өзара саяси қарым-қатынастарында моңғол-татарлар маңызды факторға айналды. Бастапқы кезде Жошы ұрпақтары Венгрия, Польша территорияларын Еуропаға ішкерілей масштабты түрде жасалатын жорықтың плацдармы ретінде қарастырған секілді. Бірақ кейінгі кезеңде болған тарихи оқиғаларға байланысты бұл аудандарға жалғасын тапқан жорықтарды талдайтын болса, онда бұл жорықтар тек тонаушылық сипатта ғана болғаны байқалады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Алтын Орда мен өзінің оңтүстіктегі бәсекелес көршісі болған Хулагулық Иран мемлекеті арасындағы талас-тартыстар бір жарым ғасырға созылды. Бұл екі моңғол билігіндегі мемлекеттер арасын бөліп жатқан шекараның нақты межелеңбеуіне байланысты территориялық келіспеушіліктен, яғни Әзірбайжан және Арран жері үшін талас-тартыстан басталды. Екі мемлекет арасындағы Кавказ жерінде түйісетін шекаралық аймақтағы Әзірбайжан және Арран жері географиялық орналасуы, жайлы климаты мен шөбі шүйгін жайылымы Жошы ұрпақтарының да, Хулагулықтардың да қызығушылығын туғызды. Сондай-ақ, бұл аймақтың басты маңыздылығы қазіргі зерттеушілер көрсеткендей, бұл аймақтардан өтетін түсімі мол трансконтиненталды сауда жолының оңтүстік бағыты өтіп, Әзірбайжан жерінің билеушісі экономикалық жағынан табыс көзі ретінде аса тиімді пайдаланатын еді. Соғыстың себептері қатарында болған әулетаралық келіспеушіліктер, Жошы ұлысының ханзадаларының өлімі, Иран жерін жаулау нәтижесінде соғыс олжасының дұрыс бөлінбеуі сияқты жанама себептер де әсер еткен еді. Соғыс ұзаққа созылды және бұл Ирандағы моңғолдық Елхан мемлекеті құрылып, оның құлауына дейін жалғасты, тіпті бұл мемлекет

жойылғанына қарамастан, Жошы ұрпақтарының сыртқы саясатында Кавказ жері үшін күресті жалғастырды. Талас-тартыс объектісі болған Әзірбайжан жерін иемдену тек Алтын Орда ханы Жәнібектің кезеңінде жасалған жорықтың нәтижесінде жүзеге асқан еді. Бірақ бұл аймақтағы Алтын Орда билігі ұзаққа созылмады. Бердібектің билікке деген қанағатсыздығының нәтижесінде Алтын Орданың Кавказ жеріндегі билігі әлсіреп, бұл аймақты бақылау қайтадан жергілікті әмірлер қолына көшті. Бердібектің өлімінен кейін Алтын Ордада саяси дүрбелең басталды. Ал ішкі саясаты әлсіреген мемлекетте сыртқы саяси мәселелер екінші кезекке қалатыны белгілі. Сондықтан Алтын Орда ішінде билікке таласқан монархтар Кавказ жеріне қатысты саясат жүргізген жоқ. Кавказ бағытында мемлекеттің сыртқы саясаты тек Тоқтамыс билігі кезінде жандана түсті.

Алтын Орданың сыртқы саясатында қол жеткізген жетістіктерінің бірі Берке билігі кезеңінен басталған Мысыр мәмлүк мемлекетімен бір жарым ғасырға созылған тұрақты саяси-дипломатиялық байланыстар орнатуы еді. Өзінің тарихи дамуы жағынан да, географиялық орналасуы жағынан да бір-бірінен шалғайда орналасқан мемлекеттердің арасындағы тығыз және ұзаққа созылған одақтасудың сол кезеңдегі әлемдік тарихи маңызы бар оқиғалармен байланысты болғаны күмән тудырмайды. Хронологиялық жағынан да екі мемлекеттің саяси өмірінде болған тарихи оқиғалар арасында параллелизмнің болғаны байқалады: Алтын Ордада Жошының үшінші ұлы, ислам дінін алғаш қабылдаған мемлекеттің көрнекті қайраткер билеушісі болған Берке билікті қолына алып, орталық Қаракорым билігінен тәуелсіз түрде сыртқы саясатын жүргізуге қол жеткізсе, Мысыр жерінде Қыпшақ даласының тумасы Бейбарыс билікті қолына алды және Аббасидтер халифатын қалпына келтірді, Шығыстан төнген моңғол жаулауына, Батыстан төнген крест жорықтарына қарсы тұрып, мұсылман мемлекеттерінің қорғаушысына айналды және Мысыр мемлекетінің шекарасын Сирия, Палестина, Хиджаз, Солтүстік Африка мен Кипр жерлерінің есебінен кеңейтті. Бұл екі державалық мемлекет ұзақ жылдар бойы әскери-саяси альянс құрып, бірқатар факторлар екі мемлекеттің тұрақты байланыс жасауының стимулына айналды. Саяси тұрғыдан екі мемлекет арасындағы байланыстарды екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – 1261-1262 жылдардан басталып, XIV ғасырдың екінші жартысына дейін созылды. Бұл одақтастық Иран жеріндегі моңғол династиялық билігінің негізін қалаған Хулагу әулетіне қарсы бағытталды. Сондай-ақ, бұл жауластық жоғарыда айтып өткеніміздей, Хулагу әулетінің билігінің орнауы мен құлауына дейін жалғасты, тіпті Хулагулықтар билігі құлағанына қарамастан, Жәнібек ханның Әзірбайжан жерін жаулап алуымен аяқталды. Екінші кезең – саяси дүрбелеңнен соң күллі Жошы ұлысының басын біріктірген Тоқтамыстың билікке келуінен оның билігінің аяқталуына дейін жалғасты. Бұл жолы да екі мемлекет арасындағы саяси байланыстар ортақ жауы Темір агрессиясына қарсы бағытталды.

Алтын Орда моңғолдар құрған басқа мемлекеттерге қарағанда өміршеңдігін көрсетті. XIV ғ. ортасына қарай Шыңғыс хан ұрпақтары билік еткен моңғол мемлекеттерінде басталған саяси тұрақсыздықтар, ал XIV ғ. 60-70-ші жылдары Алтын Орда ішінде болған әулеттік талас-тартыс әсерінен

саяси дүрбелең басталған еді. Бұл саяси дүрбелең Жошы ұлысының біртұтастығы мен күш-қуатына айтарлықтай әсер етті. Саяси дүрбелең тек XIV ғ. 70-ші жылдарының соңына қарай аяқталып, Тұқа-Темір әулетінен шыққан Тоқтамыс басшылығымен оның қарамағына ықпалды әмірлер мен феодалдар бірігіп, мемлекетке қарсы сепаратистік талас-тартысты тоқтатып, Алтын Орданың бұрынғы шекаралық аймақтарын қалпына келтіруге қол жеткізді. Бұл мәселе өзінің сипаты жағынан Жошы ұрпақтарының саясаты мен мемлекетте билігін сақтап қалуы нәтижесінде мемлекеттік державалардың бірі ретінде рөлге ие болуымен ерекшеленеді. Тоқтамыс билікке келген соң, XIV ғ. 80-ші жылдарының басына қарай Алтын Орданың заңды территориялық шекаралық аймағында мемлекетті қалпына келтіріп, оны нығайтуға бағытталған әрекеттермен қатар, сыртқы саясатында белсенді іс-әрекеттерге көше бастады. Бірақ Тоқтамыс Алтын Орданың сыртқы саяси, территориялық және экономикалық мүддесіне қарсы әрекет етуші Темірге белсенді түрде 1385 жылдан бастап қарсы тұра бастады. Темірдің жасаған жорықтары 1391 жылы Қондырша өзені бойында, ал екіншісі 1395 жылы Терек өзені бойында болған еді. Бұл жорықтардың қасіреті аса ауыр болды. Алтын Орда жүйелі түрде талқандалып, саяси және экономикалық күш-қуатының әлсіреуімен қатар, державаның ыдырауының алғышартын жасаған еді. Осылайша, ғасырлар бойы Еуразия даласында құрылған күш-қуатты және халықаралық саясатта аса үлкен рөл атқарған Алтын Орда мемлекеті біртіндеп әлсіреп, әлемдік саясаттағы беделі мен ықпалынан айырылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Миргалеев И.М. Золотоордынское государства в системе международных отношений // Вестник Челябинского государственного университета. - 2009. - Вып. 31, № 12 (150). - С. 94-98.
- 2 Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 728 б.
- 3 Рашид ад-Дин. Сборник летописей / пер. с персидского О.И. Смирновой, ред. А.А. Семенова. – М.-Л., 1952. – Т.І, Кн. 2. – 316 с.
- 4 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – 473 с.
- 5 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық.– Алматы: Атамұра, 2010. - 2 т. – 640 б.
- 6 Д'Оссон К. История монголов от Чингиз-хана до Тамерлана / пер. и предисловие проф. Н. Козьмина.– Алматы: Санат, 1996. - 2 изд. – 255 с.
- 7 Hammer-Purgstall J. von. Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak, das ist: der Mongolen in Russland. – Pesth: C.A. Hartleben's Verlag, 1840. – 683 s.
- 8 Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды // Ученые записки Мордовского гос. университета.– Саранск: Мордовское книж. изд-во, 1960. – Вып. 9. – 276 с.
- 9 Гатин М.С. Проблемы истории Улуса Джучи и постордынских тюрко-татарских государств Восточной Европы в немецкой историографии XIX-XX вв. [Электронный ресурс]: дис. ... канд. ист. наук. – Казань, 2006. – 257 с.
- 10 Howorth H.H. History of the Mongols from the 9th to the 19th Century: Part 2 the So-Called Tartars of Russia and Central Asia. – New York: Cosimo, Inc., 2008. – 664 p.
- 11 Erdmann F. von. Temudschin der Unerschütterliche. – Lpz.: F.A. Brockhaus, 1862. – 655 s.
- 12 Wolff O. Geschichte Mongolen oder Tataren besonders ihres Vordringes nach Europa, so wie ihrer Eroberungen und Einfälle in diesem Welttheile. – Breslau: Verlag von Carl Dülfer, 1872. – 429 s.
- 13 Bachfeld G. Die Mongolen in Polen, Schlesien, Böhmen und Mähren. Ein Beitrag zur Geschichte des grossen Mongolensturmes im Jahre 1242. – Innsbruck: Verlag der Wagner'sehen Universitäts Buchhandlung, 1889. – 89 s.
- 14 Strakosch-Grassman G. Der Einfall der Mongolen in Mitteleuropa in den Jahren 1241 und 1242. – Innsbruck, 1893. – 227 s.
- 15 Schmidt F.M. Über Rubruk's Reise von 1253-1255. – Berlin, 1885. - S. 161-253.
- 16 Spuler B. Die Mongolen in Iran. Politik, Verwaltung und Kultur der Ilchanzeit. 1220-1350. 2., erweiterte Auflage. – В.: Akademie-Verlag, 1955. – 579 s.
- 17 Spuler B. Die Goldene Horde. Die Mongolen in Rußland, 1223-1502. 2., erweiterte Auflage. – Wiesbaden: Otto Harasowitz, 1965. – 638 s.
- 18 Гатин М.С. Шпулер Бертольд // Ислам на европейском Востоке: Энциклопедический словарь. – Казань: Магариф, 2004. – С. 371-372.

- 19 Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. Археологические памятники. – М.: Изд-во МГУ, 1966. – 276 с.
- 20 Spuler B. Geschichte der islamischen Länder, ein Überblick. Die Mongolenzeit. – В.: Wissenschaftl. Edionsges, 1948. – 76 s.
- 21 Prawdin M. Tschingis-Chans. Der Sturm aus Asien. – Stuttgart; В.: Deutsche Verlags, 1934. – 237 s.
- 22 Prawdin M. Dschinghis-Khan. Herrscher der Mongolen. – Bergisch Gladbach: Lübbe, 1979. – 494 s.
- 23 Prawdin M. The Mongol Empire: Its Rise and Legacy. – New Brunswick: Transaction, 2006. – 347 p.
- 24 Grousset R. L'Empire des Steppes. Attila, Gengis-Khan, Tamerlan. – Paris: Editions Payot, 1965. – 648 p.
- 25 Boyle J.A. The Mongol World Empire 1206-1370. – London, 1977. – 316 p.
- 26 Halperin C.J. Russia and the Golden Horde: The Mongol Impact in Medieval Russian History. – Bloomington, 1985. – 180 p.
- 27 de Rachewiltz I. Papal Envoys to the Great Khans. – London and Stanford, CA, 1971. – 230 p.
- 28 Sinor D. Inner Asia and its Contacts with Medieval Europe. – London: Variorum Reprints, 1977. – 392 p.
- 29 Jackson P. The Mongols and the West, 1221–1410 / – (Nachdr.), 3. (print.). – Harlow, England (u.a.): Pearson Longman, 2006. – 414 p.
- 30 Ruotsala A. Europeans and Mongols in the Middle of the Thirteenth Century: Encountering the Other. – Helsinki, 2001. – 169 p.
- 31 Christopher P. Atwood. Encyclopedia of Mongolia and the Mongol Empire. – New York: Facts On File, Inc., 2004. – 678 p.
- 32 Карамзин Н.М. История государства Российского / коммент. А.М. Кузнецова.– Калуга: Золотая аллея, 1993. - Т. V-VIII. – 576 с.
- 33 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В.Г. Тизенгаузена. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884. - Т.I. – 563 с.
- 34 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л., 1941. – Т.II. – 308 с.
- 35 Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Соч.: в 9 т. - М.: Наука, 1963. – Т.1. – С. 43-597.
- 36 Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии // Соч.: в 9 т. - М.: Наука, 1968. – Т. 5. – С. 19-192.
- 37 Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1965. – Т. 2, ч. 1. – С. 21-106.
- 38 Бартольд В.В. Батый / из «Энциклопедии ислама» // Соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1968. – Т. 5. – С. 496-500.
- 39 Бартольд В.В. Беркай / из «Энциклопедии ислама» // Соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1968. – Т. 5. – С. 503-508.

- 40 Бартольд В.В. Менгу-Тимур / из «Энциклопедии ислама» // Соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1968. – Т. 5. – С. 557-559.
- 41 Бартольд В.В. Токтамыш / из «Энциклопедии ислама» // Соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1968. – Т. 5. – С. 564-568.
- 42 Насонов А.Н. Монголы и Русь: История татарской политики на Руси. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 178 с.
- 43 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда. Очерк истории Улуса Джучи в период сложения и расцвета в XIII-XIV веков / под ред. В. Быстрицкого. – Л.: Соцэкгиз, 1937. – 201 с
- 44 Трубецкой Н.С. Наследие Чингисхана. – М.: Эксмо, 2007. – 736 с.
- 45 Савицкий П.Н. Континент Евразия. – М.: Аграф, 1997. – 464 с.
- 46 Вернадский Г.В. Монголы и Русь / пер. с англ. Е.П. Беренштейна, Б.Л. Губмана, О.В. Строгановой. – Тверь: ЛЕАН, М.: АГРАФ, 1997. – 480 с.
- 47 Вернадский Г.В. Два подвига Александра Невского // Евразийский временник. - Берлин, 1925.- Т.4.; Наш современник. - 1992. – №3. - С. 151-158.
- 48 Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. – Алма-Ата: КРАМДС. Ахмед Яссауи, 1992. – 272 с.
- 49 Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. – М.: Наука, 1973. – 180 с.
- 50 Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. – М.: Наука, 1985. – 246 с.
- 51 Греков И.Б. Восточная Европа и упадок Золотой Орды. – М.: Наука, 1975. – 520 с.
- 52 Каргалов В.В. Конец ордынского ига. – М.: Наука, 1984. - 2 изд. – 152 с.
- 53 Каргалов В.В. Монголо-татарское нашествие на Русь. – М.: Просвещение, 1966. – 136 с.
- 54 Каргалов В.В. Внешнеполитические факторы развития феодальной Руси. Феодальная Русь и кочевники. – М.: Высшая школа, 1967. – 264 с.
- 55 Пашуто В.Т. Монгольский поход в глубь Европы // Татаро-монголы в Азии и Европе: сб. статей. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1977. - С. 210-227.
- 56 Черепнин Л.В. Татаро-монголы на Руси (XIII в.) // Татаро-монголы в Азии и Европе: сб. статей. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1977. - С. 186-209.
- 57 Тихвинский С.Л. Татаро-монгольские завоевания в Азии и Европе. Вступительная статья // Татаро-монголы в Азии и Европе: сб. статей. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1977. - С. 3-22.
- 58 Гумилев Л.Н. От Руси до России: Очерки этнической истории. – М.: Рольф, 2001. – 320 с.
- 59 Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая Степь. – М.: Эксмо, 2007. – 864 с.
- 60 Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу: «Пірәдар Иоанның мемлекеті» туралы аңыз / аударған Ә. Жұмабаев, П. Бейсенов. – Алматы: Ғылым, 1991. – 448 б.
- 61 Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. – М.: Наука, 1966. – 160 с.

- 62 Али-Заде А.А. Борьба Золотой Орды и государства ильханов за Азербайджан // Известия АН Азерб. ССР. - 1946. – №5. - С.16-38.
- 63 Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в.: Проблема исторической преемственности. – М.: Наука, 1993. – 168 с.
- 64 Миргалеев И.М. Политическая история Золотой Орды периода правления Токтамыш-хана. – Казань: Алма-Лит, 2003. – 164 с.
- 65 Миргалеев И.М. Войны Токтамыш-хана с Аксак Тимуром. – Казань: Институт истории АН РТ, 2003. – 88 с.
- 66 Почекаев Р.Ю. Батый. Хан, который не был ханом – СПб.: Евразия, 2007. – 350 с.
- 67 Почекаев Р.Ю. Цари ордынские. Биографии ханов и правителей Золотой Орды – СПб.: Евразия, 2010. – 408 с.
- 68 Почекаев Р.Ю. Право Золотой Орды – Казань: Изд-во ФЭН АН РТ, 2009. – 260 с.
- 69 Храпачевский Р.П. Военная держава Чингисхана. – М.: АСТ: ЛЮКС, 2005. – 557 с.
- 70 Kamalov I. Mogollarin Kafkasya politikasi. – Istanbul: Kakmus yayınları, 2003. – 152 s.
- 71 Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. - Алма-Ата, 1983. - С. 106-165.
- 72 Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV - начале XVI веков (вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата: Наука КазССР, 1977. – 288 с.
- 73 Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата: Наука Каз.ССР, 1989. – 294 с.
- 74 Кумеков Б.Е. Об этнонимии кыпчакской конфедерации Западного Дешт-и Кыпчака XII - начала XIII века. // Известия НАН Республики Казахстан. Серия общественных наук. – 1993. - № 1. - С. 58-70.
- 75 Кумеков Б.Е. Кыпчаки: этнос и этноним // Право и государство. – 2002. - №1 (24). - С. 18-20.
- 76 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеттілігі және Жошы хан (тарихи-сараптаулық зерттеу). - Астана: Елорда, 2004. – 344 б.
- 77 Қинаятұлы З. Шыңғыс хан // Бірінші кітап. – Алматы: Арда, 2008. – 432 б.
- 78 Жумагулов К.Т. Проблемы изучения всемирной истории в Республике Казахстан // Отечественная история. – 2001. - №3. - С. 77-80.
- 79 Жумагулов К.Т. Казахстан в Евразийском пространстве (история и современность) // Материалы международных Бекмахановских чтений. – Алматы, 2002. - С. 5-10.
- 80 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
- 81 Батырша-ұлы Б. Мысыр Мамлук мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ.: зерттеу. – Алматы: Экономика, 2005.– 351 с.

82 Ускенбай К.З. Восточный Дашт-и Кыпчак в составе улуса Джучи в XIII - первой трети XV века. Аспекты политической истории Ак-Орды: автореф. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2003. – 28 с.

83 Кушкумбаев А.К. История военного дела кочевников Золотой Орды XIII-XV вв: автореф. ... д-ра ист. наук. – Алматы, 2010. – 46 с.

84 Чойсамба Ч. Завоевательные походы Бату хана. – М.: Идея-Пресс, 2006. – 168 с.

85 Цолмон С. Монголын Алтан Ордон Улс. – Улаанбаатар: Адмонб, 2006. – 170 х.

86 Моңғолдың құпия шежіресі // Көне моңғол тіліндегі түпнұсқалық транскрипциясын, ғылыми-мағыналық аудармасы мен түсіндірмелерін, көрсеткіштерін жасаған Н. Базылхан. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 400 б.

87 Лубсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 364 б.

88 Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы: Ғылым, 1993. – 248 с.

89 Книга Марко Поло / пер. старофран. текста И.П. Минаева, вступит. ст., коммент. М.Б. Горнунга // Путешествия в восточные страны. – М.: Мысль, 1997. - С. 190-380.

90 Матфей Парижский. Великая хроника / пер., коммент. М. И. Матузовой // Русский разлив / Арабески истории. Мир Льва Гумилева. – М., 1997. - С. 264-301.

91 Фома Сплитский. История архиепископов Салоны и Сплита / вступ. ст., пер., коммент. О.А. Акимовой. – М.: Индрик, 1997. – 319 с.

92 Из «Письма венгерского монаха Юлиана» // История Золотой Орды. Сборник материалов / сост.: Б.Г. Вовина, АЛ. Кожанов, Т.В. Никулина. – СПб.: Европейский Дом, 2003. – С. 23-25.

93 История монголов по армянским источникам / пер. и объяснения К.П. Патканова. – СПб., 1874. – Вып. 2. – 140 с.

94 Армянские источники о монголах. Извлечения из рукописей XIII-XIV вв / пер. с древнеармянского, предисловие и примечания А.Г. Галстяна. – М., 1962. – 155 с.

95 Березин И.Н. Ярлык хана Золотой Орды Тохтамыш хана к польскому королю Ягайлу // Ханские ярлыки I: Издан Кн. Оболенским М.А. – Казань: Типография И. Коковина, 1850. – 72 с.

96 Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме / Факсимеле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В.П. Юдиндікі. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған М.Қ. Әбусейітова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б.

97 Әбілғазы. Түрік шежіресі / Көне түрік тілінен аударған Б. Әбілқасымов. – Алматы, 1992. – 228 б.

98 Кычанов Е.И. Сведения из «Истории династии Юань» («Юань ши») о Золотой Орде // Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). – Казань: Институт истории АН РТ, 2001. – 428 с.

99 Успенский Ф.И. Византийские историки о монголах и египетских мамлюках // Византийский временник. – 1926. – Т. 24. - С. 1-16.

100 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем / Подготовка к новому изданию, введения, дополнения и комментарии Б.Е. Кумекова, А.К. Муминова. – Алматы.: Дайк-Пресс, 2005. – Т. I. – 709 с.

101 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным / подг. нов. изд., введ., пер., коммент. М.Х. Абусеитовой, Ж.М. Тулибаевой. – Алматы, 2006. – Т. II. – 620 с.

102 Рашид ад-Дин. Сборник летописей / пер. с персидского Ю.П. Верховского, примеч. И.П. Петрушевского. – М.-Л., 1960. – Т.2. – 248 с.

103 Grousset R. The Empire of the Steppes: A History of Central Asia. - New Brunswick: New Jersey and London, 2000.

104 Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: он томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. – 3 т.– 512 б.

105 Из Новгородской первой летописи // История Золотой Орды. Сборник материалов / сост.: Б.Г. Вовина, А.Л. Кожанов, Т.В. Никулина. – СПб.: Европейский Дом, 2003. - С. 12-14.

106 Гёкеньян Х. Западные сообщения по истории Золотой Орды и Поволжья 1223-1556 // Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556. – Казань, 2001. – 428 с.

107 Карамзин Н.М. История государства Российского / Комментар. А.М. Кузнецова.– Калуга: Золотая аллея, 1993. - Т. I-IV. – 560 с.

108 Rüss H. Das Reich von Kiev / H. II Handbuch der Geschichte Russlands. Bd.1. – Hbd.1. Bis 1613. Von der Kiever Reichsbildung bis zum Moskauer Zartum. Hrsg. von M.Hellmann. – Stuttgart: Anton Hiersemann, 1981. - S.199-431.

109 Rühl L. Russlands Weg zur Weltmacht. - Düsseldorf; Wien: ECON, 1981. – 623 s.

110 Арсланова А.А. Остались книги от времен былых... Персидские исторические сочинения монгольского периода по истории народов Поволжья. – Казань: Татар, кн. изд-во, 2002. – 239 с.

111 Плетнева С.А. Половцы. – М.: Наука, 1990. – 208 с.

112 Juvaini Ata-Malik. The History of the World Conqueror / Transl. from text of Mirza Muhammad Qazvini by J.A. Boyle, introduction and bibliography by D.O. Morgan. – Manchester: Manchester University Press, 1997. – 832 p.

113 Schuselka F. Russland im Joche der Tataren, im Kampf gegen und um die Krim in Demütigung und Übermuth gegen die Türkei. – Dresden: Verlag von Robert Schaefer, 1854. – 300 s.

114 Воинские повести Древней Руси. – Л.: Лениздат, 1985. – 495 с.

115 Из Галицко-Волынской летописи // История Золотой Орды. Сборник материалов / сост.: Б.Г. Вовина, А.Л. Кожанов, Т.В. Никулина. - СПб.: Европейский Дом, 2003. - С. 14-22.

- 116 Мыськов Е.П. Политическая история Золотой Орды (1236–1313 гг.). – Волгоград: Издательство Волгоградского государственного университета, 2003. – 178 с.
- 117 Chambers J. Devil's Horsemen: The Mongol Invasion of Europe. – New York: Atheneum, 1979. – 190 p.
- 118 Paul D. Buell. Historical Dictionary of the Mongol World Empire. – Maryland and Oxford: The Scarecrow Press, Inc. Lanham, 2003. – 335 p.
- 119 Аннинский С.А. Известия венгерских миссионеров XIII-XV вв. о татарах и Восточной Европе // Исторический архив. – М.- Л.: Изд-во АН СССР, 1940.- Вып.3. – С.71-113.
- 120 Камалов И.Х. Отношения Золотой Орды с хулагуидами / пер. с турец. яз. и науч. ред. И.М. Миргалеева. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2007. – 108 с.
- 121 Der Mongolensturm. Berichte von Augenzeugen und Zeitgenossen. 1235–1250. Übers., einkl. u. erl / von Göckenjan H.; Sweeney J.R. – Graz – Wien- Köln: Styria, 1985. – 335 s.
- 122 Из анонимного продолжения «Истории царства французского» // История Золотой Орды. Сборник материалов / сост.: Б.Г. Вовина, А.Л. Кожанов, Т.В. Никулина. – СПб.: Европейский Дом, 2003. - С. 22-23.
- 123 Феннел Д. Кризис средневековой Руси. 1200-1304. / пер. с англ. В.В. Голубчиков; вступ. ст., общ. ред. А.Л. Хорошкевич, А.И. Плигузова. – М.: Прогресс, 1989. – 291 с.
- 124 Юрченко А.Г. Францисканская миссия 1247 г. во владениях Бату хана // Тюркологический сборник 2001: Золотая Орда и ее наследие. - М., 2002. - С. 110-120.
- 125 Беделова Г.С. XIII ғ. Еуропа мен Азия байланыстары (Марко Поло мәліметтері бойынша): тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 136 б.
- 126 Груссе Р. Империя степей. Аттила, Чингисхан, Тамерлан / пер. с франц. Х.К. Хамраева / сост. Б.М. Сужиков. – Алматы: Санат, 2005. - т. II. – 336 с.
- 127 Порсин А.А. Политика Золотой Орды в Восточной и Южной Европе в 50-70-х годах XIII века // Золотоордынская цивилизация: сб. статей.– Казань: Изд-во: Фэн. АН РТ, 2010. – Вып. 3. - С. 155-165.
- 128 Иштван Вашари. Татарские походы венгерского короля Лайоша Великого // Золотоордынская цивилизация: сб. статей.– Казань: Изд-во: Фэн. АН РТ, 2010. – Вып. 3. - С. 22-31.
- 129 Жақыпов Е.Қ. Шыңғыс хан және ол құрған империяның жаулап алу жорықтары (XII-XIII ғ.): тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2002. – 138 б.
- 130 Пашуто В.Т. Очерки по истории Галицко-Волынской Руси. – М.: Изд. АН СССР, 1950. – 330 с.
- 131 Веселовский Н.И. Хан из темников Золотой Орды. Ногай и его время. – Пг.: Российская Государственная Академическая типография, 1922. – 61 с.
- 132 Романив В.Я. Бату хан и «центральное монгольское правительство»: от противостояния к соправительству // Тюркологический сборник 2001: Золотая Орда и ее наследие. – М., 2002. - С. 84-101.

- 133 Гандзакеци К. История Армении / пер. с древнеарм., предисл. и коммент. Л.А. Ханларян. – М.: Наука, 1976. – 358 с.
- 134 Далай Ч. Борьба за великоханский престол при Хубилае и его преемниках // Татаро-монголы в Азии и Европе: сб. статей. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1977. - С. 323-334.
- 135 Хафизов Г.Г. Распад Монгольской империи и образование Улуса Джучи. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2000. – 94 с.
- 136 История монголов инока Магакии, XIII в. / пер. и объяснения К.П. Патканова. – СПб., 1871. – 96 с.
- 137 Рашид ад-Дин // Сборник летописей / пер. с перс. А.К. Арендса, ред. А.А. Ромаскевич, Е.Э. Бертельс, А.Ю. Якубовский. – М.-Л., 1946. - Т.3. – 316 с.
- 138 Гальперин Ч. Россия и Золотая Орда. Вклад монголов в средневековую русскую историю / пер. с англ. Д.М. Костиной / сост. М.К. Койгелдиев. – Алматы: Санат, 2005. – 264 с.
- 139 Хеллер К. Золотая Орда и торговля с Западом // Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556. – Казань, 2001. - С. 111-128.
- 140 Федоров-Давыдов Г.А. Золотая Орда и Монгольский Иран // Вестник МГУ. Сер. 8. История.- 1978. – № 6. - С. 25-37.
- 141 Петрушевский И.П. Иран и Азербайджан под властью Хулагуидов (1256-1353) // Татаро-монголы в Азии и Европе: сб. статей. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1977. - С. 228-259.
- 142 Грумм-Гржимайло Г.Е. Джучиды. Золотая Орда // Мир Льва Гумилева. «Арабески» истории. Русский взгляд. – М., 1994. - Кн. I. - С. 100-148.
- 143 Али-Заде А.К. Социально-экономическая и политическая история Азербайджана XIII-XIV вв. – Баку, 1956. – 420 с.
- 144 Амин аль-Холи. Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв / сокр. пер. с арабского / АН СССР ин-т народов Азии. – М: Восточная литература, 1962. – 39 с.
- 145 Византия между Западом и Востоком. Опыт исторической характеристики. – СПб.: Алетейя, 2001. – 544 с.
- 146 Васильев А.А. История Византийской империи. – От начала Крестовых походов до падения Константинополя. – СПб., 2000. - Т. 2. – 581 с.
- 147 Федоров-Давыдов Г.А. Клады джучидских монет // Нумизматика и эпиграфика. - М., 1960. - Т. I. - С. 94-192.
- 148 Клавихо Г. История Великого Тамерлана // Тамерлан: Эпоха. Личность. Деяния / сост., обраб. и подгот. текста Р. Рахманалиева. - М.: Гураш, 1992. - С. 299-344.
- 149 Ибяттов Ф.М. Тохтамыш и Тимур (Значение болгаро-татарского фактора в крупнейшей военной эпопее XIV в.): дис. ... канд. ист. наук. – Владикавказ, 2002. – 226 с.
- 150 Иванин М.И. О военном искусстве и завоеваниях монголо-татар и среднеазиатских народов при Чингис-хане и Тамерлане. – СПб., 1875. – 254 с.

151 Федоров-Давыдов Г.А. Некоторые итоги изучения городов Золотой Орды на Нижней Волге // Татарская археология. - Казань, 1997. - №1.- С. 88-100.

152 Кульпин Э.С. Золотая Орда: Проблемы генезиса Российского государства. – М.: Московский лицей, 1998. – 240 с.

153 Хизриев Х.А. Нашествие Тимура на Северный Кавказ и сражение на Тереке // Вопросы истории. - 1982. – № 4. - С. 45-54.

154 Книга путешествий. Турецкий автор Эвлия Челеби о Крыме (1666-1667 гг.) / пер. и комм. Е. Бахревский. – Симферополь: Дар, 1999. – 144 с.